

Анастасия НОВЫХ



# СЭНСЭЙ IV



Барлық оқиғалар мен кейіпкерлер автордың қиялынан туындаған. Кейіпкерлердің есімдерінің, тегінің және лауазымдарының тірі немесе өлі адамдардың шын есімдерімен сәйкес келуі, сондай-ақ өмірде кез келген адамның басынан өткен оқиғаларға ұқсастығы мүлдем кездейсоқтық және әдейі жасалған жоқ.

Дүниенің азғыруы өзіне еліртеді, иә Жаратушы одан сақтайды. Мәнін білмеушіге оның азғыруына ерік бермеу қиын болмақ. **Ақиқатты** білген, оны жасыруға тырысқан жерден де мәнін көреді. Шындықты іздеушіге Ақиқат Нұры қалың түнек тұманын жарып өтеді, тіпті барша қара түнек осы Нұрға қарсы тұрса да. Өйткені ғасырлар бойы жасырылғанды **ашатын уақыт келді. ҚҰПИЯСЫН** айтатын уақыт таяды!

*Кітап 1991 жылдың жаз айларындағы оқиғаларды бейнелейтін бұрынғы оныншы сынып оқушысының жеке күнделігіндегі естеліктеріне сүйеніп жазылған.*

Бұл кітап нағыз интеллектуалды бестселлер! Ол әлем мен адам туралы көптеген сұрақтарға жауап береді. Кітапта бүгінгі әлемде болып жатқан оқиғаларға көзіңізді ашатын бірегей тарихи деректер келтірілген. Әлемді кім және қалай басқарады? Неліктен жаһандық соғыстар, дағдарыстар және басқа да әлемдік оқиғалар орын алады және шын мәнінде бұл кімге пайдалы? Басты кейіпкер Сэнсәйдің бұл әлемнің тылсым сырлары туралы, қызықты, танымдық деректер, кейбір көрнекті адамдардың өмірі мен нақты қызметі, әлем халықтарының мифологиясы, мемлекеттер, діндер мен ордендердің тарихы туралы таңқаларлық әңгімесі. Грааль құпиясы туралы таңғажайып ақпарат!

# Анастасия НОВЫХ



СЭНСЭЙ IV

## Пролог

Дауыс басылып қалды. Бірақ лезде қараңғылықтан жаңа күшпен сөздер естілді.

— Оның ұлы қолымен  
Әлем жаратылған.  
Жасампаздықтың асқан шеберіндей  
Түрлі түстермен қанықтырған.

Көк матадай өзенің,  
Табиғат қанық түстерде,  
Көкпеңбек ұлы тауларың,  
Даланың әсем гүлдері де.

Бірақ Оны көбірек алаңдатады  
Рухтардың көзге көрінбес ұшқаны  
Құдайға жақын, Оған баратқанның да,  
Үрейсіз жас пен кәрінің назары.

Ұлы жолда оларға кедергі емес  
Үрленген дүние ауыртпалығы,  
Қас қағымда шабуыл жасайтын  
Қажеттілік пен шарасыздық және ауруы.

Өйткені оларды ұлы Ерік күшімен  
Болмысы Махаббат болған жетелейді.  
Таңдау берілді және ол — Еркіндікте,  
Білімнің құпиялылығы  
Тек төрт жаратылыс бетінде.

Егер ашсаң сол жамылғыны  
Шекті Лотостың көрерсің шегін,  
Ұғынаарсың үш рет қолмен жазылғанды

Өсиет қылғанды Құдайдың Үнін.  
Сол Ақиқатта әлем жасырылған,  
Құпия мөрі бар оның.  
Оны бұзып мәнін жоғалтарсың  
Ойлап табылған адами құндылықтың.

Ол жерден тапқаның әлемнен құнды болар,  
Шегінің де бағасы жете алмайтын,  
Берілген сөздің кілті осы болар,  
Әлдеқашан жоғалған деп ойлайтын.

Құдайға ұмтылғанды — тоқтата алмассың,  
Жол ашық әлемді билеуге құмарларға да!  
Қай жолмен жүруді, өзің таңдарсың,  
Бәрін жасаушы 12 Сөзді айтқанға.

Бірақ, есіңе түй, билік сенде ендігі  
Әлем менен адамдардың тағдыры.  
Қырағы бол және болшы әділетті  
Өлшеммен тия біліп тілегіңді.

Ол сеніп тапсырды қаламды уақытша,  
Ғайыптан ғаламды жаратуға.  
Бірақ бұл да қас қағымда өте шығар  
Және Арыңмен лайық бол  
Оның көзіне қарауға!

Бұл құпия көбісін түсіндірер,  
Жүрегі пәк Ақиқат іздеушіге,  
Мүмкіндік пен таңдауды аяп қалмас,  
Құдайына адал, Оған жүрушіге!

— Вершит творенье мироздания  
Его великая рука.  
И как искусный Мастер созидания  
Он вводит разные цвета.  
Природа в ярких красках,  
И голубой реки канва,  
И полевых цветов охапок,  
И гор великих синева.  
Но более Его волнует  
Души невидимый полёт  
В бесстрашном взгляде молодца и старца,  
И Того, кто к Богу близок и к Нему идёт.  
И не преграда им в Пути великом  
Навеянное бремя бытия,  
Что в сём мгновенье атакует  
Как боль, отчаянье и нужда.  
Ибо ведёт их огромной Волей  
Тот, чья Сущность есть Любовь.  
Выбор дан, и он — в Свободе,  
В том, что есть Знание тайны той  
Лишь в четырёх творениях покров.  
И коль покров тот приоткроешь  
И Крайнего Лотоса увидишь ты предел,  
Познаешь то, что трижды начертано рукою  
Того, кто Голос Бога воплотил в завет.  
В той Истине сокрыто мироздание,  
На ней секретная печать.  
Сорвав её, ты обесценишь пониманье  
Людской ценности надуманную стать.  
Но то, что там найдёшь, ценнее мира,  
Ценней того, что за пределами его,  
И что считается давно забытым,  
Ведь он есть ключ к Слову, что дано.  
Стремящегося к Богу — не остановишь,

И жаждущему власть над миром — путь открыт!  
Тебе решать, какой идти дорогой,  
Озвучивающему Слово из 12-ти, что всё творит.  
Но помни, что отныне в твоей власти  
Судьба миров, судьба людей.  
Будь бдителен и бесстрастен  
В желаньях меру ты имей.  
Ведь Он доверил кисть на время,  
Что мир творит из небытия.  
Но закончится и то мгновенье.  
И будь достоин с Честью  
Взглянуть потом Ему в глаза!  
Эта тайна много проясняет,  
Даёт шанс и избранность тому,  
Кто с чистым сердцем Правду знать желает,  
Кто верен только Богу и идёт к Нему!

Өмір таңғаларлық, соншалықты көпқырлы, сан алуан және оның толық бір халықтар үшін де, жекелей әрбір адам үшін де болашағы болжамға келмейді. Ондағы оқиғалары, жасырылғаны да, белгілісі де таңғаларлық әрі тез өрбиді. Бұл оқиғалардың адам жадында қалдыратын көрінбес ізі де құпияға толы. Және тек жәй ғана із қалдырмай, өз кезегінде жекелей адамның, халықтардың да өздерінің жеке таңдауына байланысты білдіртпестен болашақ тағдырын өзгертеді.

Өзімнің күнделігімді жетілген ерікті позициядан қайта оқып, сол жылдарды есіме алған кезде, бәрібір де сол кездегі Сэнсэй бастаған біздің жас тобымыздың теңіздегі демалысының соңғы күні менің өмірімдегі ең маңызды күндердің бірі болды деген тұжырымға келемін. Жәй ғана айтып жеткізе алмайтын таңғалысымыз ғана емес, менің дүниелік көзқарасыма терең әсер еткен, бұл әлемнің ғаламдық құрылымына түсінік берген, өмірімнің мәнін нақтылы анықтаған сол күн. Және менің бұл үшін Сэнсэйге алғысым шексіз, өйткені тұлға ретінде жетілуімнің кейінгі жылдарында, сол кездегі оның айтқан сөздерін терең ұғынуға мүмкіндік берді.

\* \* \*

Өркениеттен алыста теңіз жағалауындағы біздің шатырлы «қалашығымызға» Ариман есімді күтпеген қонақтың келуінен кейін, маған бәрібір де тыныш ұйқы бұйырмады. Түні бойы мені кешегі оқиғалармен байланысты қорқынышты түстер азаптаумен болды. Құлдар, тобыр, Архонттардың билігі, Велиардың өткір көзі, Ариманның әдепті жымиысы. Және осының барлығы қандай да бір ішкі өзін-өзі жеу, басылу мен амалсыздық фонында. Түпсанамнан түсіме келген бұл қорқынышты сериалың аз болғандай, ол таңға дейін созылып әрі шатырдағы көршім — Татьянаның салған сыртқы «спецэффектілерімен» бірге жүрді. Айта кету керек, оның да түні бойы мазасы болмады: біресе ыңыранып, біресе бар тәні



селкілдеп, енді бірде қатты қолдарын лақтырумен болды. Ал біздің шатырымыз екі адам үшін тарлық еткенін ескеретін болсақ, әрине мен Татьяна ұйқысының бар дыбыстық-қол сермеу процестерін сергек сезініп, менің «қорқынышты кино-фильмімді» толықтырған осындай «спецэффектілерден» қорқынышта оянумен болдым. Жалпы түн біршама «көңілді» болды.

Әйтеуір таңға таман тыныш ұйықтауға мүмкіндік туды. Бірақ түсімдегі кино-фильмнің соңғы сериясындағы тыныштығым ұзаққа созылмады. Соңында, «көрермен» осы «қорқынышты киноның» әсеріне тұтқын болып қалсын дегендей, бәрібір біртүрлі үрейлі түс көрдім. Қорқынышпен ұйқымнан шошынып, тіпті көздерімді ашсамда бәрібір де түсіне алмадым: осының барлығы өңімде болды ма? Ал қорқынышты «шынайылық» жәй ғана түсім екенін ұғынған кезде, арқамнан құдды бір тау түскендей жеңіл дем алдым. Расында адамға бақытты болу үшін шыныменде аз нәрсе — жәй ғана өзіне бөтен шынайылықтан оянса жеткілікті екен.

Мен өзіме-өзім үнсіз күлдім. Кешегі Ариманның сандырағына сонша назарымның күшін жұмсап, «ақымақ» болғанымды қарашы. Енді мұның барлығы бұлжымас нәтижеге әкелді. Қызық, ал өз ұйқыңды бақылауда ұстап, ең жақсысы — оны басқаруға болады ма екен? Мен бұл туралы сәті келгенде Сэнсэйден мұқият сұрап алу керек деп ойладым. Себебі біздер ұйқыға тәуліктің жоқ дегенде сегіз сағатын жұмсаймыз емес пе! Және бұл ұйқының өзі ме? Бір кездері мамандығы психотерапевт болған Николай Андреевич айтқандай, ұйқы — бұл сананың жәй ғана өзгерген күйі. Ал егер бұл солай болса, демек оны Рухани негізіне пайдалы қылып басқаруға болады деген сөз. Тәуліктің сегіз сағатын Хайуани негізіңнің билігіне беріп, бекерге жіберудің не қажеті бар?! Бұған жол беруге болмайды! Ұйқы сағаттарын анағұрлым рациональды пайдалануға болатын жолдың бар екендігіне мен сенімдімін. Өмір онсызда қысқа және ондағы Руханиятыңа пайдамен өткізген әрбір минутың құнды.

Бірақ өз ойларымды енді ғана салыстырмалы түрде ретке келтіре бергенімде, басқа мәселе пайда болды. Кенеттен аузымда бір түрлі ащы-қышқыл дәм пайда бола бастады, бұдан менің лимонның үлкен тілімін тістегендей, сілекейім шұбырды. Мен үшін үйреншікті емес бұл сезім өз кезегінде кешегі күн туралы жарқын естеліктерді шақырды. Сол кезде Ариман (өзінің қымбат яхтасымен жүзіп келіп, біздермен күні бойына бірге болған шақырусыз қонақ) біздің топпен пансионат жолымен серуендеп келе жатып, біздерге өз түпсаналарымыздың күшін байқап көру туралы ұсынысын жасаған. Бұл ұсынысына тек ұжымнан артта қалып, бір нәрсе туралы әңгімелесіп келе жатқан Николай Андреевич пен Сэнсэйден басқаларымыз бірден қуана келіскенбіз. Ариман сөзбен қысқаша «сеанс» жүргізіп, біздерге жинақталуға көмектесті де, кейін әрбіріміз неге екенін қайдам, ауыздарында белгісіз пайда болған лимонның дәмін сезінді. Ариман болса, таңертеңгісін біздер ұйқымыздан ояна бере, Ариман біздермен болған бар уақыттағы айтқан сөздерін түпсанамыз сол күйінде сөзбе-сөз еске түсіретініне уәде берген. Біздер әрине бұл сөзіне сенген жоқпыз. Ал Женька тіпті өзінің «бөгеті мен дамбасынан сол күшті ағынның тек тамшысы ғана өтеді» деген. Бұл сөзіне біздің қонақ жымыып, жігіттің көзіне мұқият қарады да, оған сарқыраған көктемгі тасқын судың болатынына уәде берген. Әрине ол кезде біздер сөзін салмақты қабылдаған жоқпыз. Бірақ қазір...

Ойымда кешегі сюжет естеліктері лезде жарқ еткен кезде, қайталанған радиотрансляция секілді Ариманның сөздері ағындай құйылды. Және ең таңғаларлығы шыныменде барлығы сөзбе-сөз есіме түсті. Басында мен тіпті біртүрлі қорқашақтап, абдырап қалдым. Бірақ кейін, өз күнделігімді тез алдым да, ешнәрсені ұмытып қалмау үшін, барлығын бірден жазуға кірісіп кеттім. Бірақ кейін ұмытып қаламын дегенім бекер болып шықты. Жазуға біршама уақыт жұмсап, еш нәрсе қалып қоймасын деп, тағы да оқып шығуға шешім қабылдадым. Және жадым сол негізгі мәтінді ойыма салып, шайналған пластина

секілді оны қоймастан қайталай берді. Осы кезде мен шыныменде үрейленіп кеттім, өйткені мен ақыры, өзімнің аңғалдығым мен ақымақтығымнан, күр құсы секілді (тетер), Ариманның әдемі алдау сөздерімен сәнделген, түпсанамның жымысқы байланған түсініксіз тұзағына түсіп қалғанымды ұғындым. Өз жадымды кешегі бағаламағаным бекер болды! Өзімнің надандығымнан «күлкі үшін байқап көрейін» деп ойладым. Иә саған, байқап көрдің! Енді біреудің күліп жатқаны анық, бірақ ол тек мен емес. Біздердің, адамдардың осыншалықты жақсы емес мінезін айтсаңшы! Үнемі күмәндана, үнемі өз Эгомызды көтеріп біліммен ойнап, оны танымаймыз. Және нәтижесінде осындай: «Қарауыл! SOS! Көмектесіңдер!» деп айқайлаймыз. Бірақ дауысың қарлығып қанша айқайласаңда, көбіне суға батқандардың құтқарылуы өздерінің ісі болып қала береді. Менде де солай болды.

Енді қалай болмақ өзім кінәлі екенмін, қателіктерім мен жаңсақтықтарымды өзім дұрыстауым қажет. Тез арада ойларымды тәртіпке салу керек болды. Осындай «қатты ағыннан» көңілімді бөліп, «алғашқы көмек» ретінде ойымды «Лотос гүлі» медитациясына аударуға тырыстым. Басында қолымнан ешнәрсе шықпады, себебі Ариманның әңгімесінің қайта-қайта сөздері менің ойымды алаңдатумен болды. Және осы мәжбүрлеп таңылғаннан, яғни осы ойлар ағыны менің назарымды аудармағанын, қайта өзіне баурап тартқанын түсінгенімше, құтыла алмадым. Демек бұларды тыңдауды өзім қалағанмын, ал дұрысырақ айтатын болсақ мен емес, менің Хайуани негізім. Ендеше мәселе неде? Себебі менің тілегім (ниетім) менің қолымда емес пе! Өз қателіктерімнің себебін ұғынып, ендігі мен «Лотос гүлі» медитациямды мақсатты орындай бастадым. Өйткені менің бар тілегім мен ниетім бір ғана ойымды жинақтау арнасына түсіп, қалғандарын мүлдем елемеді.

Ариманның сөздері тынышталса да, бірақ бәрібір де белгісіз екінші ой деңгейінде көрініп тұрды. Иә, Ариманның аты Ариман! Осы кезде мен «соққы артиллериясы» ретінде жаңа

«Лотос гүлі» медитациясын жасауды шештім. Ол туралы көп емес уақыт бұрын Сэнсэй біздерге «Лотостың» шексіз сан түрлі болатынын айтқан (вариабельности). Осыған дейін жаңа медитацияны меңгеруге деген талпыныстарым анық сәтсіз болған еді, дегенмен Сэнсэй барлығы адамның тікелей өзіне, оның ішкі болмысына байланысты деп бірнеше рет атап айтқан. Бірақ бұл жолы менің ниетімнің тазалығы мен шынайылығынан «Лотос гүлі» өзін мүлдем ерекше көрсетті.

Мен назарымды көкірек тұсыма (на солнечном сплетении) нақты аударған кезде, кенеттен түсініксіз ішкі көру қабілетіммен Лотос гүлін көрдім! Және әдеттегідей өзіме елестеткен жоқпын, нақты көрдім. Лотос гүлі сондай әдемі болды. Мен мұндайды өмірімде көрген емеспін! Қардай аппақ гүлдері өте жұмсақ, бірақ соншалықты сәулелі жарық шашады. Гүл ортасы алтын түстес жарқырайды. Және ең таңғаларлығы бұл руханият гүлі тірі болды! Мен оған өзімнің жұмсақтығым мен махаббатымды қаншалықты көп берсем, гүл де соншалықты менің шын сезімімді сезініп, өзінің нәзік, тап-таза гүлдерімен тербелетінін бақыладым. Басында бұл тербелуі білінер-білінбес, ерекше тірі, мен «дем алғандай» деп айтар едім. Ал кейін гүл дәл бір оянғандай, өзін одан әрі көбірек көрсете бастады. Және белгілі бір кезде маған жәй ғана тербелген гүлдерінің бірінен өте жағымды дыбыс шыққандай естілді, құлды бір самал желдің салған әніндей. Кейін ол дыбыстарды анық естідім. Артынан тағы бір гүлі маған таныс дыбыстардың ешбіріне ұқсамайтын таңғаларлық вибрациялы (дірілдеген) ерекше дыбыс шығарды. Және кішкене уақыт өткен кезде, мен жанды баурап алатын Лотос гүлінің үйлесімді, нәзік, құлаққа өте жағымды симфониясына толық еніп кеттім. Бұл әуен өзінің құдайы сазымен жанымды баурап алды. Және мен оған қаншалықты енсем, ішкі жан дүниемде үлкен бақыт (всеобъемлющей, барлығын қамтыған) пен шексіз еркіндіктің сезімі соншалықты күшейе бастады. Бірақ ең таңғаларлығы Лотостан шыққан осы тамаша әуез, мені жан-жағымнан қаумалай қоршап, жанымды өзінің кіршіксіз

тазалығымен толтыра бастаған жұмсақ сәулелі жарыққа айналды! Және ол айтып жеткізе алмас рахатқа еніп, толықтай еріп кеткен тұтас бір бақыттың көрінбес сезімін тудырды. Мен тәніммен қоса жоқ болғандаймын. Тек Лотос пен орасан зор тылсым Махаббатты түйсіну.

Медитация күйімен шығып, мен өзімді керемет сезінгенім соншалықты, жаныммен бар әлемді құшақтағым келді. Көңіл-күйім керемет. Және ең таңғаларлығы ойымда абсолютті қанықтық пен санамның тазалығы тұрды. Ариман сөздерін «қайталаумен болған пластинканың» ізі де қалмады. Бойым оптимизмге толып, өз Хайуани негізіммен таңғы қайта күресте мен үшін соншалықты маңызды болған жеңіске, сәтті болған медитацияға шаттанған сезіммен, шатырымнан шықтым. Және ең бірінші көргенім — біршама күлкілі картина болды.

\* \* \*

Жағалаудан алыс емес жерде, қамыс жанында басына шелек киіп, «лотос» позасында Женьканың отырғанын көрдім. Ол әлсін-әлсін жалғыз түйір қамыс шошайып шығып тұрған шөптердің түйінімен өзін желпітіп қояды. Жанында досына ойлана қарап тұрған Стас орындықта жайғасқан. Виктор өз шатырының қасында табақта жуынып жатыр. Рахаттана жуынғаннан су жан-жағына шашырайды. Бұл кезде Сэнсэй мен Николай Андреевич жағалау бойымен, серуендеген қадамдарымен біздің шатырлы қалашығымызға қарай келе жатты. Араларымыздағы біреулері теңізге таңғы шомылуға алысқа кеткені соншалықты, тек бастары ғана көрінеді. Осындай алыс жүзуге Сэнсэй мен Николай Андреевичтің (Володядан кем түспейтін) жағалауда жүргенін ескеретін болсақ, тек Володя ғана бара алатын еді.

Мен Стасқа жақындап амандасып, одан Женьканың осыншалықты ерекше түрін сұрайын деп оқтала бергенімде, өз шатырынан Костя шықты. Кішкене керіліп, азды-көпті жаттығу

жасай бергені сол еді, Женьканың басына шелек киген түрін көріп сол бойда тоқтай қалды. Басында жүзінде шын таңғалысы пайда болды да, онысы лезде келеке жымыысына ауысты. Жаттығуын ұмытып, Костя Стасқа еріне барды да көңілді айтты:

— Бұл не, Женька таң атпай Сусаниннен шаманға ауысайын деген бе? Болмаса жат ғаламшарлыққа ұқсағысы келгені ме? Ал керек болса, өзіне тіпті антенна тауып алыпты! Бұл не үшін? Ақпараттарды «тарелкаға» беру үшін бе?

— Бұл антенна емес, сыпыртқы (метёлка), — деп Стас Костяға өзіне осы сұрақты бірінші қойған адам еместей сабырмен жауап берді.

— Сыпыртқы?! — деп Костя, Женьканың өзін осы «антеннамен» кезекті желпуіне қарап күлді. — Ал шелектің не керегі бар?

— Сыпыртқы — шыбындарды қағу үшін, ал шелек — ойларды экрандау үшін, — деп Стас салмақты әрі монотонды үнімен сөйледі.

— Немене, немене? Ойларды экрандау үшін?! — деп Костя одан әрмен күлді.

Оның күлкісіне қызыққан болуы керек, Андрей шатырынан шықты. Ұйқылы көздерін сүртіп, біздің көңілді топқа келіп қосылды.

— О, бұл жерде не ойлап тауып жатсыңдар? — деп ол Женькаға түсінбеген көздерімен қарап, Костядан кем емес таңғалды.

Стас мырс етті.

— Немене, көрмей тұрмысың? Дұшпанның агрессивті ойларына төтеп берудің, ерекше жайсыз жағдайларда жақсы ойлардың шыдамдылығы мен өміршеңдігіне дайындықтың жылдамдатылған курсың өтіп жатырмыз. Қысқасы, ариманщинамен күрес.

— Қандай мағынасында ариманщинамен күрес? — деп Андрей түсінбеді.

Стас Женькадан назарын алып, ұйқылы-ояу Андрейдің бетіне қарады.

— О-о-о, барлығы қалай өз бетіне кеткен! Сіздің әлі ұйқыдан оянбағаныңыз көрініп тұр, жақсы мырзалар. Алаңдамаңыз, сізде барлығы әлі алда!

— Үміт күттірерлік бастама! — деп Андрей жымыды.

Костя болса өзінің сүйікті классиктерінің сөзін айтып, жеңімпазша:

— «О жоқ, сөздеріңіз ұятыма тимейді:

Кемеңгер сәтсіздікті елемейді!» — деді.

— Иә, иә, — деп Стас күлді де тағы Женькаға қарады.

Есесіне Костяның сөздеріне лезде жауап беріп, Андрей күлкімен сұрады:

— Иә, сонымен өзіңнен түні бойы даналықтың белгілерін қандай лупамен қарап тауып алдың?

Бұл сөздеріне Костя лепіріп (высокопарно) жауап берді:

— Құрметті Андриан Батькович, сіз білесіз бе. «Үш қайтара Ұлы мәртебелі атағы бар менің Ұлылығым», яғни біздер даналықты кейбір алысты көрмейтіндер үшін түнгі сергектігіне аса қажетті болған заттар арқылы емес, тек өзіміздің прагматикалық көзқарасымызбен ғана бағалаймыз. Өйткені ақылды мен дана адамның айырмашылығы, ақылды қиын жағдайдан шығудың жолын біледі, ал дана адам ол жағдайға түспейді.

Костяның осындай сөздеріне тіпті Женьканың өзі шелегін көтеріп, балаға өз «қымтауынан» қарады да таңғала:

— Ал, қатырдың! — деді.

Біздің топ күлкіге қарқ болды. Ал Женька есін жиып сол бойда шелекті басына киюге асығып, өзінің тәжірибиесін жалғастырды.

— Жоқ, енді шелектің бұл жерде не қатысы бар? — деп Андрей Стастан күле сұрады.

— Ерекше түсінбейтіндер үшін түсіндірейін. Ариман барлығымызбен өте күшті телепатиялық байланыс орнатқанға

ұқсайды. Сондықтан таңертеңгісін Николай Андреевич айтпақшы, әркім қолынан келгенше қорғанады. Өздерің білетіндей адам ойы материалды және белгілі бір толқын. Ал ми қабылдағыш қызметін атқарады. Тұрақты байланысты ұзу үшін осы толқындарды жіберетін шығу көзін оқшаулау қажет. Шығу көзі қол жетпес алыста, сәйкесінше қабылдағышты оқшаулау қажет. Міне Женька да шелектің көмегімен осы әсер етуден өзін оқшаулауға тырысып жатыр.

— А-а-а, түсінікті, — деп Андрей сөзін күле созды. — Бұл демек Женьканың төзім кесесі толып, оны шелекпен алмастырғаны ма?

— Бұл жерде кімнің сабыры таусылды?! — деп Женька дәл металды робот секілді шелек астында күңкілдеді. Кейін басынан шелекті шешіп: — Менде шыдам-төзім емес, нағыз темір Феликс! Ал артық сақтану әлі ешқашан ешкімге кедергі болмаған. — Және ендігі Стасқа қарап: — Жоқ, шелек көмектеспейді екен, — деді.

— Сонда қалай радиотолқындарды темірмен оқшаулайды ма?! — деп әңгімеге үлкен жігіттердің тәжірибиесінің «мәнін» ұғынуға тырысқан Костя араласты. — Менің білуімше бұған тек қорғасынның ғана шамасы жетеді.

Бұл сөзіне Женька сол бойда әзілмен қарсы шықты.

— Үш есе ұлғайған патша бет, сен сонда не, менің жақсы басымды аккумуляторға тыққың келіп тұр ма?!

— Аккумулятордың не қажеті бар?! — деп Костя барлығымен бірге күлді. — Сүлгіні жәй ғана ылғалдап, басқа ораса болады.

— Дәл айттың! — деп бұл идеяны Андрей іліп әкетті. — Сол кезде миға да жеңіл, оқшаулау да жақсы болады.

Женька бұл екі кеңес берген жұпқа қарады да, кейін айтарлықтай күлімсіреп шелекті құмға қойып, Викторға қарай батыл қозғалды. Ол шомылуын аяқтап, Женьканың клоундасын бақылап, сүлгісімен жақсылап сүртініп жатқан.

Женька Викторға келді де сүлгісіне жармасты:



— Осы ысқылағаның да жетер! Онсызда жылтырап тұрсың. Ашкөзденбей сүлгіні бермен әкел.

— Ала бер, ала бер, — деп біздің сэмпай күлімдеді. — Өзіңе мәңгілікке ала берсең болады! Досым үшін ештеңе аямаймын.

— Әрине оған «не жалко», — деді Стас наразы үнімен, — әсіресе бұл менің сүлгім болса!

Біздің топ тағы да күлді. Бұл кезде Женька түкті сүлгіні алып, суға салды да, сүлгіні сықпастан басына сәлде секілді орай бастады. Бұдан оның түрі көктемгі күннің жылымығына еріген мұз сүнгісіне (сосульки) ұқсап кетті.

Осы кезде біздерге Сэнсэй мен Николай Андреевич келді.

— Не болды, басың ауырып тұр ма? — деп Николай Андреевич қамқорлықпен сұрады.

— Жоға, ол радиотолқындарды экрандауға тырысып жатыр, — деп Андрей, Женька ойын жинақтаймын дегенше түсіндіріп үлгерді.

— Енді кім радиотолқындардан ылғал сүлгімен қорғанады? — деп дәрігер күле айтты.

— Міне, міне! — деп Виктор өзінің ырыққа көнбеген кекілін тарап әңгімеге араласты. — Мен оған осы туралы айтқым келген, ал ол тіпті аузымды ашуға мүмкіндік бермеді! Су — бұл керісінше өткізкіш. Диэлектрик ретінде құрғақ материал алынады.

Айтылған осы сөздерде Женька, Костя мен Андрейге «біртүрлі-мейірімді» көзқарасымен қарап, басындағы сүлгіні алып, оны барлығына көрсете қамшы (шыбыртқы) секілді бұрай бастады. Женьканың осындай іс-әрекетіне Андрей мен Костя жылпыстана қарады да, балалардың күлкісімен бәлесінен әрмен дегендей қамыс жаққа қарай тез тығылып үлгерді.

Біздер Сэнсэймен бір шеңберде тұрдық. Стас осы сәтті пайдаланып, Сэнсэйге:

— Ал егер еш әзілсіз айтатын болсақ, Сэнсэй сен бізді кешір! Біздер кеше барлығын дұрысынан құрттық. Шын сөзім,

бұл соншалықты жаман әрі ұялып тұрмыз, — деп жігіт қолын жүрегіне қойып шын ниетімен айтты.

— Иә, Сэнсэй, — деп Викторда іліп әкетті. — Кешір! Шынымды айтсам, өзімнен осыншалықты ариманщина мен бос эгоцентризмнің бар екендігін күтпедім. Ақымақ қой секілді оның жүгенінде кетіппін. Өзімнен-өзім жиіркеніп тұрмын!

«Бұл нақты, — деп осындай үлкен жігіттердің ашық әңгімелерін тыңдай ойландым. — Менің де жетісіп тұрғаным шамалы! Сэнсэй біздерге тек соқыр сенумен болмасын, керісінше өздерінің таңдауларын саналы жасап, руханиятты бағаласын, өмірдің не екенін ұғынсын деп қаншама уақытын сарп етті. Ал біздер торайларша іс жасадық! Ариманға біздерді Хайуани негізіміздің бітпес материалды тілектерінің батпағына батыруға жарты күн артығымен жетті! Ариманның біздің сенімімізді ақылды жаулап алуының өзі неге тұрады, осы бар фарс, жымысқы таңылған кеңестеріне біздердің Хайуани жағымыз құдды Иесінің ысқырығына аш иттей жүргіргенін айтсаңшы. Және ең бастысы біздің руханиятқа ұмтылысымызды, өзіміздің армандарымызға жету жолында «өту» керек болғанды, материалды әлемнің батпағына қаншалықты нәзік аударып білген».

— Ал керек болса, кеше біздерді материалды қалай жаулап алды десеңші, — деп Стас менің ойларыммен бір жерден шыққандай мұндана айтты. Нағыз алдау! Мен мұны түсінген кезімде... Түні бойы ар-ұжданым маза бермеді! Оның үстіне жанымда жатқан мына... страуста.

Жігіт Женька жаққа басын изеді. Біздер де ол жаққа қарадық. Женька болса бұл кезде тізерлей футболкасын басына тартып, басын құрғақ құмға бар күшімен көміп жатты. Ұжым Женькаға қарап еріксіз күліп жіберді. Өзіне Виктордың айтқан «толқындарды өшірудің» жаңа әдісін меңгеріп жатқаны анық. Бірақ кейін байсалды көзқарастар қайтадан Сэнсэй жаққа қарады.

— М-да, — деп Виктор күрсінді, — рухани жолдан біздерді ешкімде алаңдата алмайды деп ойлаған едік. Ал бұл жерде сүмелектерше артынан еріппіз... шыныменде, кешірші...

— Ештеңе етпейді, балалар, — деп Сэнсэй мейірлене айтты. — Сіздер жәй ғана адамсыздар. Барлығын түсінсеңіздер, осының өзі жақсы. Демек, ол (Ариман) босқа келмеген... — Сэнсэй кішкене үнсіздіктен кейін, біздерге біртүрлі мейірлене, ойлана қарады да, кейін көңілді: — Жарайды, мына страусты құмнан шығарыңдар, кеттік шомылуға! — деді.

Біздің ұжым тіріліп сала берді. Балалардың жүздері жарқырап, қорқыныш пен ішкі азаптың таңбасы жоғалған. Бұл адами қарапайым сөздер біздер үшін шынымен де маңызды еді. Осымен мені Сэнсәйдің Болмысы қаншама рет таңғалдырумен келеді. Қалай десекте тіпті осындай жағдайдың өзінде адамгершілігі зор Адам болып қала берді. Өйткені егер дұрыстап қарайтын болсақ, кеше біздер өзіміздің ісімізбен, ақымақ армандарымызбен Сэнсәйді жәй ғана сатып кеттік, өзімізді, рухани негізімізді сатып кеттік. Бірақ соңғысы өз ар-ұжданыңмен татуласуға байланысты болса, Сэнсәйге келгенде, осындай ерекше Рухты адам алдында шыныменде ыңғайсыздық сезілді, тіпті өзіміздегі осындай эгоцентризмнің көрінуі мен «шошқалығымызға» жаның (рухың) ауырады екен. Және бұл жанның сыздауы, ішкі шиеленістен де үлкен болды.

Ал Сэнсэй жәй ғана алды да кешіре салды. Дұрысырақ айтсақ тіпті ерекше жағдай орын алып, ол ренжігенін болмаса бір нәрсеге наразы болғанын да көрсетпеді. Оның орнында басқа адам болғанда, ең жақсы дегенде біздерге үш сағат мораль оқып, ал ең жаман дегенде — біздердің әрлі-бері теңселулерімізбен және ирелеңдеулерімізбен (завихрениями) өзінен алысқа қуып тастар еді. Және онысы дұрыс болатын еді! Осылай қарапайым адам жасайтын шығар, бірақ тек Сэнсэй емес! Ол керісінше біздерге құдды бір тентек сәбиіне қамқорлығын көрсеткен ата-анадай, түсіністікпен қарады. Ол біздерге тек бірнеше мейірімді, жылы сөздерін ғана айтты. Бірақ жіберген қателіктеріміздің

мәнін түсінуге мүмкіндік берген, сонымен бірге әрбіріміздің жанымызды жылытқан қандай сөздер десеңші. Осындай үнсіз кешірімінде оның Ұлы Рухы жасырынған еді.

Үлкен балалар Сэнсэйдің «страусты құмнан шығару» өтінішін ерекше шабытпен орындауға кірісті. Олардың бітпес әзілінен ұжым тағы да күлкіге қарқ болды. Басында Виктор мен Стас құмға бұралып енген Женьканы «жұлып» алуға тырысты. Бірақ Женька өзін тезірек құмнан айырып жатқанын сезіп, күлкі үшін қарсылық танытты. Бұдан үшеуі де өздерінің қарқынды қимылдарының кесірінен құлап, біздердің қатты күлкімізді тудырды.

Орнынан тұрып, Женька өзінен құмды қағып жатып әзілмен назын айтты:

— Мына шырмауды қарашы! Барлығы босқа кетті. Құрғақ құм да, бос шелек те, ойлар «өртінде» еш көмектеспейді екен!

Бұл сөздеріне Николай Андреевич күлді де:

— Енді осылай дұрыс. Өрт сөндірушілер айтпақшы, өрт сөндіретін шелек дегеніміз не? Бұл жәй ғана шелек формасындағы «өрт сөндіруші шелек» деген жазуы бар өрт сөндіруге арналған бос ыдыс, — деді.

— Және бұл жердегі мәні, өртті бос шелекпен емес, сумен сөндіретінінде, — деп Сэнсэй жымыып нақтылады.

— Дұрыс! — деп Стас әзілді іліп әкетіп, Женькаға қарап әзілдеді: — Шелек — іші бос зат. Ал оны іші бос нәрсемен толтыра алмайсың!

— Іші қуысты бос нәрсемен толтыра алмайсың, — деп балалар күлген кезде Женька да оны мазақтады. — Сен босты қайдан көріп тұрсың? — Ол күлкілі басын соқты. — Мына қазанда барлығы қайнап жатыр және таңатқаннан бері. Бұл сорпа менің де зығырымды шығарды! — Женька өзінің «шағымына» мойынсымады. — Жоқ, шыныменде, бұл ойдың ағыны мені... әбден шаршатты! Және одан қалай құтыламын?

— Қалай құтыламын деймісің? — деп Николай Андреевич күлді де, сол бойда кеңесін берді. — Склероздан құтылғандай.

— Склероздан? Ал нақтырақ? — деп Женька бір алдаудың жатқанын сезген болуы керек абайлай сұрады.

— Енді қалай, склерозды емдеп жазу қиын, бірақ оның көмегімен ол туралы ұмытуға да болады.

Біздер күліп жатқан кезде Женька дәрігермен келіскендей көңілді басын изеді.

— Мен өзімнің бақытым, Кощей Бессмертный секілді екендігін сезгем...

— Жұмыртқада ма не? — деп Стас жігіттерді одан әрмен күлдіріп, сөзін бөліп жіберді.

Викторда әзілімен сөзін қосты:

— Сен тағы ұшында... деп айтсаңшы, мен инені меңзеп тұрмын.

— Тьфу, ұятсыздар! — деп Женька әзілімен наразы болды. — Мен бақытым күшті денсаулықта деп айтқым келген... және Кощей Бессмертный секілді нашар есте сақтауда.

— А-а-а, — деп досы соза айтты да иығынан ауыр жүк түскендей дем алды. — Фуф, әйтпесе мен сен үшін алаңдай бастап едім.

Бұл сөзіне Женька қулана күлді де даусын өзгертіп шал секілді:

— Байқа, өз алаңдауыңды қатты жұмсама! Әйтпесе денсаулық мұндай толғағына жетпейді, — деді.

Ұжым жақсы көңіл-күйден бе, әлде жігіттердің әзілінен бе, күрс етіп жарылғандай күліп жіберді. Рахаттана күліп болғасын, жігіттер теңізге қарай қозғалды. Ал мен өзімнің таңғы серуендеуіме (моцион) бағыт алдым. Және сәл кейінірек ұйқыларынан оянған балалармен шомылғандарға қосылдым.

\* \* \*

Біздер теңізге түскен кезде, Володя өзінің алысқа жүзуінен келіп қалған екен. Ол суда осыншалықты күшті физикалық жаттығудан кейін тыныққаны анық, Сэнсэймен бір нәрселер

туралы әңгімелесіп тұрды. Жандарынан өтіп бара жатып мен кездейсоқ Володяның сөздерін естіп қалдым.

— ...тіпті реинкарнация туралы ой пайда болды.

— Енді, эвтаназия болмайды, алаңдама, — деп Сэнсэй өзінің қалыпты әзіл үнімен айтты.

— Рақмет, әрине, — деп Володя көңілді жауап берді. — Жолшыбай өзімде бәрібір оның жағымсыз сәттері бар екендігі туралы ойлағанмын. Біріншіден, мен өзімнің бұрынғы өмірімді, ондағы болған бар нәрсені есімде сақтай алмайтын боламын. Ал екіншіден, жынысың ауысып кетуі мүмкін! — деп күлді. — Ал дұрыс (дәстүрлі) көзқарастағы мен үшін, ол түкке де керек емес. — Ер адамдар күліп жіберді. — Бірақ шынымды айтсам, керемет болды!

Мен барлығын естісемде, әңгіменің не туралы болып жатқанын түсінбедім. Кешегі күннен кейін біздің үлкен жігіттерді мазалаған ойлар Володяны да қинаған шығар деп ойлаймын. Тек әркім оны өзінше еңсерді. Ең қызықтысы, бұл жерде достардың үлкен ұжымы жиналып, жанымызда Сэнсэй болса да, бәрібір де әркім өзінің ішкі ұрысына жалғыз түсіп, өз Хайуани негізіне тойтарыс беріп, қорғанысын жеке ұстады. Және бұл табиғи. Себебі Сэнсэй айтқандай әрбір адам өзінің жеке жолымен жүреді және дүние есігін ашқаннан өлім кебісін кигенге дейін тек бір өзі ғана. Әркім жолындағы өз тәжірибиесін жинайды. Басқалары тек кеңесін ғана бере алады, бірақ онымен бірге жолға шықпас.

Володя туралы ойға батып, мен байқамай өз ойларыма ауып кетіппін. Және мен қанша дегенмен барлығына жақсы жағынан қараудың маңызды екендігі туралы ойладым. Тіпті өмір саған лимон тілімін ұсынса, оның қышқыл дәміне жүйкеңді құртудың қажеті жоқ, керісінше бұл ащы тілімді дәмді әрі пайдалы лимонадқа айналдыру керек. Өзіңе де жағымды, денсаулыққа да пайдалы, әсіресе рухани денсаулығыңа. Тіпті Ариманның келуін алып қарайық. Егер осының барлығына рухани жағынан қарайтын болсақ — бұл деген біздер үшін ақ

пен қараның, жақсы мен жаман шекарасының соншалықты контрастылы құнды сабағы болды емес пе. Дұрыстап талдап қарайтын болсақ егер осындай ариманщина ағындары болмаса, өзімнің Хайуани негізіме осындай тойтарыс беріп, жаңа медитацияға байыптылықпен әрі талмай ойымды жинақтай алар ма едім, кім біледі. Және ең бастысы осындай ғажайып нәтижеге жете аламын ба, жоқ па! Жаман айтпай, жақсы жоқ деп дұрыс айтқан.

— Қараңдар, дельфиндер қонаққа келе жатыр! — деп Стас менің ой-толғанысымды үзіп, барлығына айқайлады.

Жігіт біздерге жақындап келе жатырған екі таныс дельфин жұбын меңзеді. Бұл жолы біздер оларға еш қорқынышсыз қарсы шықтық. Барлығымыз жақсы көретін дельфиннің бірі бірден Сэнсэйге қарай бағыт алды. Оған жүзіп барып, түсініксіз көңілді дыбыстар шығарып, арқасын қаратып, сипау үшін Сэнсэйге қарнын (бүйірін) берді.

— Ах, тентек! — деп Сэнсэй оны сипап күліп жіберді.

Маған дельфин ләззат алғаннан көзін жұмғандай көрінді. Екінші дельфин жақсы райымен тек біздерді айналып жүзіп жүрді.

Кейбіреулеріміз, оның ішінде менде бармын, Сэнсэйге жақындадық. Осы кезде Сэнсэй күтпеген жерден маған ұсыныс тастады:

— Самал желмен серуендеп қайтқың келеді ме... дельфинмен бірге?

— Қалай сонда? — деп мен түсінбедім.

Балаларда Сэнсэйге таңғала қарады.

— Өте оңай! Бері кел. Арқа жүзбеканатынан ұстайсың, міне былай... Бары осы! Дельфин сені қуана қыдыртатын болады.

— Қуана? Дельфин? — деп Костя күмәнданды.

— Ал егер ол оны теңізге алып кетсе? — деп Андрей әзіл үнімен айтты.

— Алып кетпейді, — деп Сэнсэй күлді. — Бұл дельфин кейбір гомо сапиенстерге қарағанда анағұрлым ақылды. — Сэнсэй ендігі маған қарады да: — Ал батылырақ! — деді.

Біздің жақсы көретін дельфин әңгіме кезінде біздердің не туралы айтып жатқандарымызды түсінгендей, суда айналып, асау аттай күтіп тұрды. Әрине осындай ерекше серуендеуді ойлаудың өзінен қорқынышым болды. Бірақ оны балалардың алдында айту ұят еді, оның үстіне ұсынысты Сэнсэйдің өзі айтып тұрса. Сондықтан мен мүлдем алаңсыз адамның түрін салып, дельфинге жүзіп келдімде, арқасын сипап менің ойымша оған ыңғайсыз әрі ауырмасын деп абайлап жүзбеқанатынан ұстадым.

Бірақ менің «қорықпаған адам» маскам ұзаққа жетпеді. Мен жүзбеқанаттан ұстағаным сол еді, Сэнсэй ойнағандай суды соғып қалды. Ал дельфин сол бойда оқша атылып жағалау бойымен зымырай жөнелді. Мен қорыққанымнан жүзбеқанатынан бар күшіммен ұстағаным соншалықты, суда батқан кемедегі бұл менің соңғы үмітім болғандай. Бірақ дельфин таңғалысыма орай өз жүзбеқанатын судың үстінен түсірмей, тек күшті құйрығымен маневр жасап тіке жүзді. Ал менің денем бүйірінде, торпеда секілді суды кесіп өтіп, айналаға көпіршіктер мен су шашырауларын қалдырып келе жатты. Қорыққанымнан көздерімді жұмып, тек сақтық үшін көздерімді сығырайттым. Біздер қатты жылдамдықпен жүзгеніміз соншалықты, шынымды айтсам қатты қорықтым. Кім біледі ақылды дельфин қанша дегенмен жануар, келесі сәтте басына не келеді? Оған артқа бұрыл деп қалай «өтінішіңді» айтасың? Ал ол шыныменде теңізге салып, мен артқа қарай жүзе алмай қалсам! Жалпы Хайуани негізімнің осындай дүрбелең сезімдер коктейлінен және осындай «судағы пилотаждан» егер шаштарым су болмағанда тікесінен тұрып кетер еді.

Дельфин болса мені, адам түріндегі «жүгін» арқалап теңіз кеңістігінде шапшаң ирелеңдеп, зырғытып келеді. Бірақ ең қызықтысы әлі алда еді. Менің ең жаман ойларым тез іске аса бастады. Бірнеше ара қашықтық жүзгеннен кейін, дельфин



біртіндеп теңізге беттей бастады. Менің лезде өзін-өзі сақтау инстинктім іске қосылды. Жүзбеқанатты жіберіп, қалған бар күшіммен жағалауға қарай жүзе бастадым. Бірақ торпеда жүзумен салыстырғанда, менің жылдамдығым құрлықтағы күннің қызған шағындағы жалқау тасбақаның тырбаңдаған жылдамдығына ұқсас болды.

Дегенмен дельфин мені тағдыр тәлкегіне жалғыз қалдыруды ойламаған екен. Сэнсэй жаққа бұрылды да, күшті жылдамдықпен маған қайта келіп, өзінің көмегін ұсынғандай оң бүйірлеп тұрды. Суда тырбаңдаған мен бір қолыммен оның жүзбеқанатын ұстадым. Дельфинде құдды бір бұйрық берілгендей тағы да ойнай менімен бірге Сэнсэйге қарай ұша жөнелді. Маған лезде екінші қолыммен ұстауға тура келді. Және дельфинде осыншама күш қайдан?! Саяхатымыздың бастапқы нүктесіне келіп, менің бар қорқынышым сиіліп, осындай жылдам серуендеуден және достық ниеті бар ерекше жануардан үлкен ләззат алдым.

Таңғаларлық, менің қорқыныштарым кеткен кезде, өзімнің Хайуани негізімнің сайранында байқамағандарымды түсініп, сезіне бастадым. Мен дельфинге адам секілді қарайтынымды байқадым. Мен оны түсініп, оның қимылын түсініксіз түрде алдын-ала сезіне бастағандаймын. Мысалға, жолдың ортасында дельфин жүзуін баяулатып, біртіндеп тереңге ене бастады. Мен жүзбеқанатын жібердім, бірақ мүлдем қорқынышсыз, түпсана деңгейінде қазір не болатынын біліп, бірақ санам оны түсінбегендей. Дельфин болса сол бойда күлкілі айналып, маған қарнын көрсетіп, бүйіріндегі (жанындағы) екі жүзбеқанатты құдды бір адам қолдары секілді ұсынғандай. Мен олардың түбінен ұстадым. Осындай жағдайда дельфин жылдамдығын күшейтіп, менімен бірге Сэнсэйге жүзді. Осы кезде біздерді екінші дельфин «күтіп алды». Ол да ойнай біздерге бүйірлеп қосылды. Осылай біздер тобымызға жеттік. Мен дельфиндерден қатты таңғалыста болдым. Сондай мейірімді, достық сүйгіш жануарлар!

Біздің ұжымда көргендерінен қатты таңғалған.

— Ол бұрылған кезде сен неге оны тастап кеттің? — деп Костя мен Андрей маған тиісе бастады.

Оларға қорқып кеткенім туралы шынымды енді ғана айтқым келген кезде, Женька маған «араша» түсіп:

— Енді адам абдырап қалды! Алдыңғы күні желбезектері өсіп, су астында он минут отырғаны есінен шығып кеткен. Ал дельфиндер одан бірден бауырын сезген! Көрмеймісің горизонталды қандай жарыс ұйымдастырғанын! — деді.

Біздер күліп жібердік, ал балалар менен алған әсерлерім туралы сұрап, әзілдей бастады. Арамыздағы кейбіреулері осылай сырғуды қалады, бірақ бұл кезде дельфиндердің назары басқа ойын түріне ауысып кетті. Мен суда тырбандап жатқан кезде, шомылуға кедергі болмас үшін шаштарымды байлаған ленталардың бірі байқаусызда түсіп кеткен сияқты. Оны кішірек болған әлгі дельфин өзінің бүйіріндегі жүзбеканатына іліп алды да, айнала жүзе бастады. Ал екінші дельфин оны қуып, лентаға ойнай ұмтылды. Тіпті мен оларға екінші лентамды (шаш бауымды) «күрбан еткен» кезде (пожертвовала), олар бәрібір оларды бір-бірінен тартып алуға тырысып, біздің ұжымды күлдіртіп жіберді.

Балалардың бір бөлігі дельфиндердің ойынын бақылып, тіпті ойындарына қатысуға тырысып жатса, басқалары жәй ғана шомылуға кірісті. Әсіресе Женька тіпті суға түскен кезде де айналасынан қаумалап кетпей қойған мазасыз шыбын-шіркейден қашып, ерекше ынтамен суға сүнгіді. Және ең қызығы олар (шыбын-шіркей) Женькадан басқа ешкімге тиіскен жоқ.

— Бұл немене тағы! — деп Женька күлкімен наразы болды. — Түнімен маса жеді, таңертең — шыбындар. Бұлар қайдан пайда болды өзі, пәлесінен аулақ!

Қасында жүзіп жүрген Володя оған:

— Мен әрине шыбын-шіркейге еш қарсылығым жоқ, бірақ олар көрінгенге қона бермейді! — деді.

Стас лезде осы әзілді іліп әкетіп оны дамыта бастады.

— Мда-а-а, бұлай өзіне назар аудартып тарту үшін белгілі бір консистенциядан тұруың қажет.

— Сонда сіздер мені суға батпайтын әлгі немене деп тұрсыздар ма?! — деп Женька күле наразы болды.

Әңгімені тыңдап тұрған Виктор балалармен бірге күліп, ұсынысын айтты:

— Ал мұны тексеру оңай!

Ол сол бойда балалық құмарлықпен Женьканы суға батыруға тырысты. Женька лезде қолдарынан сытылып шығып, бір шетке гүмп етіп (плюхнулся) айқайлап жіберді:

— Өтірік айтасың! Былш ететін шығарсың (Вляпаешься), бірақ ала алмайсың! Қолға түскеннің бәрі отта батып, суда жанбайды!

Жігіттер Женьканың кезекті каламбурынан күлкіге қарқ болды.

Дельфиндермен ерекше шомылуда, оның үстіне осындай көңілді достар арасында уақыт зымырап өте шықты. Ойындары қанғанша ойнаған дельфиндер бірнеше рет айналды да Сэнсэйге бір лентаны қалдырып, екеуі де теңізге жүзіп кетті. Біздер де судан шыға бастадық.

— Иә, ақылды тіршілік иелері! — деп жүзіп бара жатқан дельфиндерге қарап Виктор таңдана айтты.

— Және олардың қаншалықты ақылды екенін сен тіпті елестете де алмайсың, — деді Сэнсэй. — Олардың «әлеуметтік» ойлаулары таң қалдырады. Олар бағдарланған инстинкт стандарттарына жәй еріп қоймайды, өздерінің іс-қимылын популяциясының пайдасына, оның тұрақтылығы мен өзін-өзі сақталуымен үйлестіреді (келіседі). — Және күлкімен: — Айтпақшы оларда адамдардың *demos kratos*-на қарағанда, шын демократия, — деп қосты.

— Қандай мағынасында? — деп Виктор түсінбеді.

— Оларда жетекшілері (вожак) мен бағынушыларының (қоластындағылардың) ерекше айырмашылығы жоқ.

Көшбасшысы тек қиын жағдайларда өзіне жауапкершілік алумен ғана ерекшеленеді.

— Сонда қалай? — деп тыңдап тұрған Костя қызыға сұрады.

— Енді қалай... Мысалға дельфиндерге кеме жақындады делік. Дельфиндердің бір-екі жетекшілері кемеге жақындап, объектіні мұқият тексереді, ал қалғандары қауіпсіз ара қашықтықта тұрып сақтану керек пе, әлде еш мән бермеу керек пе және сол сияқты жетекшілерінің шешімін күтеді.

— Демек көшбасшы (вожак) — қиын жағдайда өзінің артын бәйгеге тігуші ме? — деп Володя күлкісімен нақтылай сұрады. — Иә, шыныменде демократия екен. Біздерде бірінші жетекшілер түгелі, нақтылы ведомства басшылары олай жасамайды.

— Бұл анық, — деп Сэнсэй күле басын изеді. — Адамдарға дельфиндерден үйренетін нәрсе көп. — Және кішкене іркілістен кейін: — Олардың шыныменде өте ұйымдасқан қауымдастығы бар. Және дельфиндердің әлеуметтік ұйымдасуы (ұйымы), қазір адамдар өте аз білетін және білімнің жоқтығынан қарапайым матриархат деп атайтын адамзат қоғамының кейбір мағынасындағы алғашқы құрылымының көшірмесі секілді.

— Ал қандай білім? — деп сол бойда Николай Андреевич қызығушылық танытты.

— Кейін тағы бірде айтып берермін, — деп Сэнсэй жауап берді. Және жағаға шығып, ұсынысын айтты: — Ал қалай, таңғы аспен күш жинап алсақ жаман болмас еді. Қалай ойлайсыздар?

Тобымыз бұл идеяны іліп әкетіп, ерекше ықыласпен кеш қалған таңғы асты дайындауға кірісті.

\* \* \*

Тамақ дайындауда ұжымдық еңбегімізге қарамастан, тамақты тек Сэнсэй, Николай Андреевич және таңғалысыма

орай мен ғана шын тәбетпен жедік. Менің тәбетімнің күшті болғаны соншалықты, мені тура бір апта аштықта ұстағандай. Маған қалғандары тағамды еріксіз жеп, үстел басында тек ұжымды қолдау үшін отырғандай көрінді. Олардың әзілдерінің шегі болмады. Женьканың өзі неге тұрады. Айтпақшы ол мүлдем отырған жоқ, біресе жеміс-жидектерді шайнап, біресе тәтті нанды жеп біздерді айналумен болды. Ортақ үстел басына еш отыра алмады. Бір жерге отыра қалса болғаны, сол бойда жанында жасыл шыбындар пайда болып, тағамға барынша қонуға тырысты. Сондықтан балалар оған тәттілер салынған пакетті беріп, ортақ үстелден әрмен болсын дегендей «алыс жаяу саяхатқа» жіберді.

— Женька, сонымен Припятьке барамыз ба? — деп Стас кулана сұрады.

— Не үшін? — деп ол түсінбеді.

— Қалай не үшін? Шаяндар үшін.

— Фу, өтініп сұраймын, оларды менің есіме салмашы. Әйтпесе менің миым сенің ұсынысыңды дұрыс түсінбей, осы сөз импульсына сілтеп асқазандағының барлығын тітіркендірушіге қайтару туралы дабыл берер.

— М-да! Сен тіпті басқаша сөйлейтін болыпсың, — деп Стас күлді. — Шамасы Ариман сенің жеріңді скальпті топырағына дейін тазалағаны-ау.

— Айтпа, — деп Виктор күлімдеді, — бірден маңызды күс секілді сайрап қоя берді.

Бұған Женька шалдарша ыңыранып, қарт кісінің қарлыққан даусымен:

— Дык, өмір қысса, фальцетпен ән салатын боласың! Оның бауырмал кенелерінен қайда қашып құтыласың?! Қанша дегенмен менің туған Тағдыршағым (Судьбинушка) емес пе.

Ұжым қарқылдап күле жөнелді, ал Стас:

— Демек сен бізде тағы да мазохист екенсің?! Білмедім, білмедім. Міне осылай демалыста досыңның жеке бар қасиеті көрінеді, — деді.

— Жоқ шыныменде, Женька өзінді қалай сезініп тұрсың?  
— деп Николай Андреевич турасын сұрады. — «Ауыр таңертеңгіден» кішкене болса да жеңілденіп қалдың ба?

— Бәрі жақсы дәрігер. Симптомдар ендігі кетті, — деді де, өзін айнала ұшып жүрген жасыл шыбынды епті ұстап алып: Тек клиникалық белгілері ғана қалды, — деп қосты.

Үлкен жігіттер бұл туралы әзілдеп жатқан кезде, біздің жас тобымыз бір-бірлерімен тыныш басқа тақырыптағы әңгімелерді айтып жатты. Тамақтарды жеп мен қолым жетпеген жаңа піскен қызанақты, біресе қиярды достарыма алып беруді сұрап жаттым. Ал олар керісінше ешнәрсе жеген жоқ, Татьяна «отқа май құйғандай»:

— Эх, қазір Ариман үстеліндегі алтын ыдыстағы уылдырық болса шіркін! — деді.

— Немесе сол үстелдегі салаттардың бірі болса, — деп Костя да армандады.

— Немесе ақуладан жасалған кәуап, — деп Андрей де қосты. — Иә Ариманда бірінші сортты тағамдар болды, біздердікі секілді емес.

Бала үстелге жиіркене қарады.

— Айтпа, — деп Татьяна сөзін іліп әкетті де, бетін тыжырайтып маған: — Сен осының бәрін қалай жеп отырсың? — деп сұрады.

— Мен? — деп таңғалдым. — Ерекше тәбетпен! Ал бұл тағамның сендерге несі ұнамайды? Барлығы балғын, барлығы дәмді.

— Хм, дәмді, — деп тәкәппар ақсүйек үнімен маған мысқылдады. — Кеше мүмкіндік болып тұрған кезде сол тағамдардан ауыз тию керек еді. Сол кезде айырмашылығын түсінер едің!

— Бұл жерде де бізді жаман емес тамақтандырады! — деп көңілді жауап бере, достарымның арасында пайда болған наразылық атмосферасын басуға тырыстым.

— Әлгі, — деп кешегі естеліктерін қайта ойына алып, Костя міңгірледі. — Яхтасы қандай екендігін көрдіңдер ме?! Менде бір кездері сондай яхта сатып аламын.

— Ага, арманда, — деп Слава күлді. — Ол үшін қанша ақша табу керектігін білесің бе?!

Костя оған тәкәппарлана қарады да:

— Өзіңді құлдық ойлау деңгейіне түсірудің қажеті жоқ! Өзіңе сен! Сол кезде саған мүмкіндіктер де ашылады, — деп жауап берді.

Шынымды айтсам, мен Костядан осындайды естимін деп ойлаған жоқпын. Күлкімен:

— Иә, сен Ариман философиясын тез қабылдапсың, — дедім.

— Философиясын? — деп Костя қоқырайды. — Егер сен әлі түсінбесең, бұл өмір! Нағыз шынайылық! Әзір тірі тұрған кезінде оны пайдаланып қалуың керек. Ал қалғандары — міне, сол философия!

Мен ол әлі де әзілдеп тұрған шығар деген оймен Костяның көздеріне қарадым. Бірақ сондай салқын әрі өткір көздерді көрдім де, ештеңе деп жауап берген жоқпын. Дегенмен ол өзінің наразылығын шығарғысы келіп, менен жауапты сөздерді күткені көрініп тұрды. Бірақ мен бір ғана сөз айтатын болсам, бұл босқа жанжалдасу мен ашуға әкелетінін сездім. Оны ұрындырудың не қажеті бар? Себебі Костя жаман жігіт емес. Ол тек өзі ақымақ торғай секілді шырмалып үлгерген Ариманның қақпандарын әлі толығымен түсініп үлгерген жоқ. Оны қазір қайта иландыру — бос шаруа, себебі ол әлі өзінің еркін құс екендігіне сенеді. Ақыр соңында әрбір адам өзі жауап беретін бұл өмірде жеке таңдауын жасайды.

Мен назарымды өз тарелкеме аударып, тамақ жеуімді үнсіз жалғастырдым. Костя болса менің жауабымды күтпестен, тағы да нақтылай қайталады:

— Иә, сол философия!

Қарсы сөз ақыры айтылмады. Татьяна болса армандап күрсінді:

— Ах, оның яхтасы неткен керемет еді! Ішкі сәнін айтсаңшы!

— Жақсыға тез үйренесің, — деді Андрей.

— Ой айтпа, — деп Татьяна басын изеді. — Осындай сән-салтанаттан кейін мынадай үйсіздің затына қалай қарайсың...

— Үйсіздің заты деп дөп бастың, — деп Костя айналасына және үстелге жақсы емес қарап, өзіне риза болғандай мырс етті.

— Кеттік ең болмағанда шомылып келейік. Әйтпесе осы тамақтардың өзінен жүрегім айнып тұр.

Балалардың барлығы сөзіне келісіп бастарын изеді. Және біздердің импровизиацияланған үстел басынан тұра бастады.

— Кеттік?! — деп мені Татьяна шақырды.

— Жоға, мен дұрысы қалайын, — деп жымия жауап бердім. — Костядан ерекшелігім менің сібірлік мықты денсаулығым бар.

Біздер еш жанжалсыз тарасып кетсекте, бәрібір жанымда біртүрлі жағымсыз күй қалып қойды. Дегенмен осындай ұсақ-түйекке босқа шашылуға өзіме жол бермедім. Бар жаман ойларымды алысқа жіберіп, печенье мен конфеттің дәмін көремін деген ниетіммен алақанымды ысқыладым. Қайта-қайта қолымды созбас үшін тарелкемді әртүрлі тәттілермен толтырып, Сэнсэй бастаған үлкен жігіттерге жақын отырдым.

Николай Андреевич қаншалықты көп тәттілер алып келгенімді көріп, мені тіпті үлгі қылды:

— Міне көріңдер, қалай тамақ жеу керектігін! Ал сіздер... қаламаймын, мерси пардон дейсіздер!

— Дұрыс, — деп сөзіне Стас көңілді келісті. — Оған жеу керек! Оны онсызда жел ұшырып әкетеді! Ал мұнда дельфиндер соңғы килокалориясын құртып жіберді.

Жігіттер тағы да күлді. Дегенмен Николай Андреевич камкор ата-анадай жігіттердің «дұрыс» бір нәрсе жеулерін айтып жатты. Бұған Виктор барлығы үшін әзіл үнімен жауап берді:



— Жоға, дәрігер, бізді зорламаңыз, енді қинамаңыз мағынасында. Мүлдем тәбетіміз болмай тұр! Біздер кеше аримандық дәмге тойғанымыз соншалықты, бүгін бізде Женьканың шаяндарға реакциясы сияқты, тамақ та кереғар реакция шақырып тұр.

— Немене, немене?! — деп Женька лезде селк етті де, сөздерді бұрыс естіген болуы керек, денесінің бесінші нүктесін ұстап, ұжымды күлкіге қарқ қылды.

— Мен сөздерді бөліп айтып тұрмын «ша-ян-дар-ға», — деп Виктор күліп, жігітке сөздерді буындап түсіндірді.

— А, — деп жігіт өзінің шапшаңдығын «басты». — Ал мен сені ең ауру жерімді айтып жатырма десем! О зұлым деп ойладым! Түні бойы ауырды, ал ол өзінің флюидтерімен кемсітеді.

Жігіттер репликаларымен алмасып жатқанда, Стас Сэнсэйге қарап:

— Иә, кешегі спаррингтен кейін... Ариман оған мөрін оқсатып қойған екен, көкпеңбек!.. — деп жаны ашыды.

— Жақпа май жағу керек, — деп сол бойда Николай Андреевич кеңесін берді.

Ал Женька Сэнсэйге еңкейген Стасты көріп, оған күлкілі-наразы болған үнімен:

— Сен немене әскери құпияны ашып жатсың! Шпийон! — деді.

— Мен бе тыңшы? Мен ол үшін біздің ержүрек гвардияның бар медициналық-құтқарушы қызметін қинаймын! Ал ол маған тыңшы, тыңшы дейді...

Стастың жанында отырған Виктор оны шынтағымен бүйірінен түртіп әзілмен сұрады:

— Ал сен оның әскери құпиясының көлемін қайдан білесің?

— Енді қалай, мен оның досы емеспін бе! — деді Стас. Және әлгінің күліп отырғанын көріп, жоққа шығарғандай саусақтарын сілтеп, күлкімен:

— Жәй ғана досы, одан артық ештеңе жоқ, — деді.

Халық әзілдеп болған кезде, Володя ауыр әңгімесін бастады:

— Дегенмен кешегі біздің миларымызбен болған аримандық Олимпиада мықты болды.

— Ага, — деп лезде Женька өзінің әсерлерімен бөлісті. — Менің туннельім лабиринт комплексімен әлі азапталып жүр.

— Бұл анық! Бұдан артық Чемпионат болған жоқ, — деп Стаста Володямен келісті.

— Айтпа, — деп Викторда жымыды. Жаттықтырушы Ариманның ләззат иллюзиясынан, тек жеңілістердің жалғыз шынайылығы қалды деп айтпақшы...

— Угу... көгерулерді есептемегенде, толған ауырсынулар, — деп Женька арызданған үнімен сөйледі. Және сол бойда саусақтарын шығарып, санай бастады: — Асқазанның қорытылмауы — бір, ойлар ағыны — екі. Ал негізінде... рух күшінің толық түсіп, плиттустан төмен болуы! Үш!

Женька сөзін ерекше қол қимылымен үзіп жіберді. Сэнсэй болса күлімдеп:

— Өзінің Хайуани негізі мен Рухани негізінің ортасында маятник секілді теңселіп жүрген адамның әдеттегі симптомдары, — деді.

Володя басын изеді:

— Барлығы әлгі әзіл әңгімедегідей: «Мылжың мен маятниктің не ұқсастығы бар? Екеуінде кей кездері тоқтатып тұру керек».

— Тоқтатып тұру керек?! — деп Виктор қайталады. — Хм, біздің жағдайда тежегішті түбіне дейін басып, тоқтату кранын жұлып алу керек.

— Міне, міне! — деп Стаста растады.

Сэнсэй жігіттерге қарап:

— Иә, жарайды, өз-өздеріңді жеуді тоқтатындар. Не болса, сол өтті. Адамға қателесу тән, — деді.

— Қателесу тән, — деп Женька келісті. — Бірақ менің тұяқты гомосапиенс табиғатым үшін бұл шешілмес мәселе болды: мен бұл құбылысты жиі әрі ерекше ықыласпен пайдаланамын! — Және жігіт осыны айтып, өз сөздеріне өзі таңғалды. — А! Менің аппақ таза Ар-Ұжданымның кіретін-шығатын жолдарын жауып жүрген өт-бүйрегімнің ұсақ жаман тастары қайда десем, мына жерде отыр екен!

Женьканың осындай талдау сөздеріне ұжым рахаттана күліп алды. Және бәрінен Сэнсэй мен Николай Андреевич қатты күлді.

— Женька! Өт-бүйрек тасы болмайды, — деп Николай Андреевич күлкіден шыққан көзінің жасын сүртті. — Өт пен бүйрек — бұл екі бөлек ағза, сондықтан тас өтте де, бүйректе де болуы мүмкін, бірақ жекелей.

— Солай ма? — деп Женька таңғалып, лезде өз сөздеріне «түсіндірме» тауып алды. — Бірақ бұл Ар-Ұжданы жоқ... кәдімгі адамдар үшін. Ал мені бұл ариман синдромы өзінің симптомдарымен әбден ығыр қылды.

Сэнсэй мен Николаем Андреевич таңғала қарады. Ал Женька талдауын жалғастыра берді.

— Эх, өмір-өмір ай! Мен кеше өз басым... шыбыннан қашып, денеңнің басқа жерлерін тістегенше, кей кездері тілінді тістеп қалған пайдалы екендігін түсіндім.

Стас ойнай таңғалды:

— Ал керек болса! Сэнсэй, қарашы, шыныменде ғажап! Женьканың көзі ашылды!

Жігіттер сол бойда бұл туралы әзілдей бастады. Күліп болған соң, топ кешегі алған әсерлері туралы талқылады.

— Иә, Ариманның ертегісіне балаша алданыппыз, — деді Володя.

Бұған Николай Андреевич әзілмен:

— Енді қалай, ертегі де — өзінше бір тәжірибие. Себебі ертегі дегеніміз не? Бұл балаларды заманауи баспасөзге мәпелеп дайындайтын қорқынышты әңгімелер.

— Бұл дұрыс! — деп Сэнсэй күлді.

— Иә, «барлығына бірдей мүмкіндік бар қоғам» туралы ол бізге әдемілеп сурет салып берді, — деп Володя әзіл аралас сөздерін айтты.

— Әркім өмірден барлығын алған кезде! — деп Викторда қосты.

— Енді иә, бұл: барлығының мүмкіндіктері тең, бірақ кейбіреулері одан да теңірек (артығырақ) деп аталады, — деп Стас қорытындылады.

— Ал сіздер қалай қалап едіңіздер? — деп тағы да Володя жуан даусымен айтты. — Ариман біздерге сайлау құқығын (таңдау) берді. Ал оның сайлауында бір ғана ұран: «Байларға — шын билік! Кедейлерге — дәлелдер мен фактілер (Бедным — аргументы и факты)»!

— Ага, — деп Стас күңк етті. — Және ол сайлауда бір ғана кандидат — Ариман! Қарсы дауыс беріп көр — фальцетпен әндететін боласың.

Жігіттер қайта күлді, бірақ кейін өздерінше ойға батқан секілді, үнсіз қалды. Олар өздерінің әзілімен мені осы әлемнің екіұдайлы құрылымы туралы ой-талдауыма әкелді. Бірақ мен енді ғана ойларыма бойлай бергенде, Виктор тағы да мұңды күлкісімен:

— Иә, мен өзімді рухани жолымда ешкім де, ешнәрсе де алаңдата (тоқтата) алмайды деп ойлағам. Ал бұл жерде...

— Ариман біздерге дұрыс қақпанын құрған екен, — деп Стаста онымен келісті.

— Мен оған қалай түсіп кеттім, өзім де түсінбеймін?!

— Менде, — деп Женькада Викторды қолдады. — Тыңдасам, біздің руханиятымызды айтып жатқан секілді. Ал мен ақымақ басым, өз локалаторларымды тоса қойыпшын.

— Эх, егер жалғыз сен ақымақ болсаң, — деп Стас достарша айтты, — онда жарасы жеңіл еді. Ал бұл жерде Ариманнан кейін, басымызда толық бір джунгли пайда болды емес пе.

— Дәл, — деп Володя күле басын изеді. — Және адам өте алмас!

— Ендеше өз ойларыңды өте алмастай жөніне жіберудің не қажеті бар? — деп Сэнсэй әзіл шыны аралас айтты. — Құралдарды алыңдар да бұл джунглиді әдемі баққа айналдырыңдар. Өз ойларыңды тәртіпке салыңдар. Себебі соңғы күндеріңді еңсерілмес джунглиде банан іздеген маймыл секілді адасып, болмаса өмірлеріңді күтіп-бапталған саябақта серуендеген кемеңгер секілді өткізуді өздерің шешесіңдер. Өйткені бұл джунгли тек еңсерілместей көрінеді, себебі осы джунгли патшасы Ариман Иесі болған сіздердің Хайуани негіздеріңіз солай көрсетеді. Бірақ сіздер болған жәйтті Рухани жағынан бағалап, өз ойларыңызды ретке келтіретін болсаңыз, ұстаз ретінде ең рахымсыз (беспощадный) және еш мәмілеге келмейтіннің іске кіріскенін, оның бар кедергілерін еңсеріп, емтихан тапсырып, түпкілікті реинкарнация шынжырынан тек жетілген, үйге қайтуға деген тұрақты тілегі мен шын ниеті бар жарық рухтар ғана шыға алатынын көресіздер.

Біздер Сэнсэйдің сөзіне ойланып, үнсіз қалдық. Осы кезде Юрамен бірге тек тыңдап, әңгімеге қатыспаған Руслан, жалпы күлкіні қолдап, өз ойларын айтуға шешім қабылдады.

— Солайы солай... Бірақ менде Ариман біздердің руханиятымызды ойлайды деп ойладым. Ол басында бақытқа жету, жетістік, рухани даму туралы айтты емес пе. Сэнсэй айтқандарды қайталаған секілді.

— Олай емес, Сэнсэй айтқандардан біраз алысты айтты, — деп Виктор наразы болды. — Менде кеше солай ойлағанмын. Ал кейін ненің не екенін түсіндім! Ол жерде нағыз бұрмалау жатыр!

Сэнсэй жігіттердің талқысына жәй ғана күлімдеді де:

— Ал сіздер таза білім неліктен жоғалған деп таңғаласыздар. Міне сіздерге шын білімді дінге айналдырып, ақиқат мәнін бұрмалап, рухани ұмтылыстарын Хайуани негізінің арман-тілектеріне аударып жіберетін шын мысал, — деді.

— Демек, бәріне кінәлі Ариман болғаны! — деп Руслан біртүрлі агрессиялы және наразы үнімен тұжырым жасады.

— Бұл жерде Ариманның не қатысы бар? — деп Володя ойлана айтты. — Ол жәй ғана өз жұмысын жасады. Ариман біздерге тек кеңесін берді, бірақ күшпен таңған жоқ. Ал біздер оны өз еркімізбен тыңдап, өз таңдауымызды жасадық.

Сэнсэй оның жауабына келісіп басын изеді:

— Мәселе адамдардың Ариманның айтқандарын қалауында жатыр. Адам деген атқа лайықты екенінді Құдайға дәлелдеп, Оған ұмтылып және өз рухынды ойлаудың орнына (қорғап), адамдар бұл материалды әлемде, басқаларының алдында маңызды болып, өздерінің Хайуани негіздерінің амбициясын қанағаттандыруға тырысады. Осы жерде дәл қазір кез келген шектеуден шығып, мейлі қандай жолмен болса да маңызды емес, өз мақсаттарына жетіп, супер бай, атақты болғылары келеді. Олар басқаларынан кем емес, ал мүмкіндік болса олардан жақсырақ өмірді сүру үшін өмір кешеді. Көпшілігі көшбасшы болуға тырысады. Тіпті әрбірі, егер осы әлемге келген екен, демек барлығынан жақсы өмір сүріп және мансап, қоғамдағы дәреже, материалдық жағдайы мағынасында белгілі бір шыңға шығуы міндетті деп санайды.

Николай Андреевич Сэнсэйге қарап соңғы сөзіне қатысты болуы керек, бір нәрсе туралы сұрағысы келген. Бірақ ол бөгеліп, үнсіз қалды.

— Эх, — деп Виктор күрсінді. — Барлығы дұрыс. Өз ойларыңның бекетінде сақтанып және тілек-қалауларыңда абай болуың қажет.

— Жоқ, бекетте жәй ғана сақтықпен күзетсең мен келісер едім, — деді Стас. — Ал егер сенің бекетіңді «еркіндік», «тең мүмкіндіктер» деген ұран шақыруларымен көміп (лақтырып), саған бұл туралы барлық жағынан иландырып, сені жәй ғана құл ретінде пайдаланса ше?

Сэнсэй жауап берді:

— «Еркіндік», «теңдік» — бұл Ариманның баурап еліктіретін қақпан-сөздерінің бірі, себебі адам ол сөздерге өзінің

рухани қажеттілігінен құлақ асады. Ал кейін Ариманның «демократия» сөзін ақылды интерпретациялауынан соң...

— ...материалдыққа... белшесінен батады, — деп Володя жымыды.

— Міне, міне.

— Сонда демократия — бұл өзіңе құл иеленушіні таңдау болғаны ма? — деп Виктор әзілдеді.

— Енді соған ұқсас, — деп Сэнсэй басын изеді. — Себебі Ариман бүгінде «еркіндік» деген сөздерімен адамға оған ақша арқылы, жеткілікті капиталың болғанда ғана жетуге болады деген түсінік енгізеді. Байлық пен билік — адамдар санасын басқарудағы негізгі қарулар. Бірақ шын еркіндік дегеніміз — бұл адам осы әлемнен жоғары, материалдық қалауларынан биік, адам әр күнін, әр сағатын рухы үшін сүріп, оның қазынасын игі істерімен, ойларымен, айналасына қамқорлығымен толтыруы. Адам өзінің маңыздылығы мен тәкаппарлығы үшін емес, Жаратушы атымен басқа адамдар үшін өмір сүруінде.

— Алтын сөздер! — деп Женька байсалды басын изеді. — Мен, мысалға бар жан-тәніммен жақсы істер, ойлар мен көмекке «иә» деймін. Бірақ өз ойларыңмен күресу қолыңнан келмесе не істеу керек? Егер шынымды айтсам, мені бұл ойлар әбден мезі қылды! Оларға шыдауға ендігі күште қалмады.

Жігіт осы сөздерін шын ниетімен айтқаны соншалықты, менің оған жаным ашыды. Кейбір мағынасында біздерге қарағанда оған Ариманнан көбірек таяқ тиді. Бірақ оның ішкі күресі мен бұл туралы алаңдауларын ескеретін болсақ, өз-өзімен ішкі қақтығыстан арамыздағы кейбіреулер секілді айналасына агрессивін көрсетпей, керісінше мойымай, тіпті кеше спаррингте біршама жарақаттар алса да, тәнінің ауырсынғанына да шағымданған жоқ. Бірақ жігіттің өз «шағымдарын» айналаға зиянсыз бітпес әзілдері призмасы арқылы ғана шығарып, шыдамының шегінде тұрғаны көрініп тұрды.

Мен оған қарадым да, шын жүрегіммен ұсынысымды айттым:

— Женька, ал сен жаңа «Лотос гүлі» медитациясын байқап көр. Мен бүгін жасадым. Сондай керемет! Жаныңды жейтін ойлар да кетті, көңіл-күйде керемет болып қалды!

Бұл сөздеріме Женька:

— Мен бұл тәсілді бірнеше рет байқап көрдім, — деді де, ендігі Сэнсэйге қарап сұрады: — Айтпақшы Сэнсэй, мәселенің неде екенін түсінбедім? Осы тәсілді қанша жасауға тырыссамда, бәрібір ештеңе шықпады. Барлығы тек бастағы елестету деңгейінде ғана.

— Бұл шыныменде күрделі медитация, — деп Сэнсэй жауап берді. — Және онда жетістікке жету үшін табандылығың, талмай еңбек пен ерекше ерік күйі болуы қажет. Сол кезде сенің «нудизмнің» жоғалып, мүлдем басқа шынайылық пайда болады.

— Қызығарлық келешек, — деп жігіт күлді. — Бірақ менде өсумен мәселе бар сияқты. Бар күшіммен талпынсамда келесі деңгейге қолым жетпейді, тек жәй шектен тыс күш салудың салдары ғана көрінеді. Мүмкін мен сияқты ерекше уайымшылдар үшін қосымша көмек ретінде әлде бір «көмекші құралдар» бар шығар? — Женька тіпті осындай маңызды сұрақтарда да әзілінсіз қалмады. Ауыр күрсініп, жігіт жалынған үнімен: — Сэнсэй, менің Хайуани негізімнің осы бір тулаған мұхитына, суға батушы үшін ең болмағанда бір тал құтқарушы ағашыңды лақтыршы! Әйтпесе менің Буян аралымды сарайы мен алтын жаңғақтары бар тиінімен (белка) бірге су шайып кетті. Жарайды сарайы құрсын, Сэнсэй, бірақ ең болмағанда бейбақ тиінді (белка) құтқаршы!

Біздер жігіттің осындай шын жүрегімен мойындауына күлкімізді тия алмадық. Сэнсэй болса күлкімен:

— Иә, жануарға обал. Солай болсын, көмектесейік. Құтқарушы ағашымызды лақтырайық, әйтеуір бір кездері мүмкін Адам болып қалар, — деді. Кейін кішкене ойланды да, баяу сөйледі. — Демек құтқарушы ағаш деймісің... Ондай бар. — Ендігі біршама байсалды қалпымен айтты: — Бұл медитацияда «Лотосқа» жатады. Осындай жағдайларда өте



пайдалы әрі тиімді. Ал ең бастысы — Хайуани негізінің мұхитына кеткен кез келген «батушы» үшін қол жетімді. Оның мәні келесідегідей. Басында әдеттегідей көкірек тұсына ойыңды жинақтап, ол жерде лотос гүлін көрсетіп, оны бар махаббатыңмен өсіруге назарыңды аударасың, яғни «Лотос гүлі» медитациясын жасайсың. Сен осылайша ойларыңды біршама тыныштандырған кезде, назарыңды жақсыға аударып, тәніңнің көптеген ұсақ шарлардан болмаса атомдардан немесе клеткалардан тұратынын, жалпы өзіңнің қиялың жеткенінше елестетесің. Өз ағзаңның құрылымын көру, әрбір клетканы елестету өте маңызды. Осы жинақталғандарды көріп, өзіңе қалай ыңғайлы, сен әрбір шарды немесе клетканы алып, оған визуалды ойша әрбір әріпті енгізіп, екі қарапайым сөзден тұратын өте қуатты рухани формуланы: «Махаббат пен Шүкіршілікті» (Любовь и Благодарость) жазасың. Және бұл екі сөзді қай тілде жазғаның маңызды емес. Бастысы — олардың мәні. Бұл формула Грааль принципі бойынша жұмыс жасайды. Себебі Махаббат пен Шүкіршілік (Любовь и Благодарость) — бұл адамның Жаратушыға беретін жалғыз-ақ нәрсесі.

Осылайша медитация кезінде сен біртіндеп өз ағзаңның миллиардтаған клеткаларын осы жазумен толтырасың, нәтижесінде осы қуатты формулаға ойыңды жинақтап, тәніңді физикалық жағынан сауықтырып қана қоймай, рухани жағынан да сауықтырасың. Сен бұл жазуды қалдырған клетка, ендігі мәңгілікке сол күшті формуланың, құдды бір тұмар, таңба-белгінің қорғауындағыдай қорғаныста болады. Өзіңді осы формуламен толтырып, сен өзіңді жаман ойлардан тазартып қана қоймай, осы клеткалардан шыққан ішкі жарығыңды көрсетесің, көптеген кішкене шамдар сәуле шашып, ішінде жарық болғаны соншалықты, көлеңке түсетін жер қалмайды... Және бұл медитацияны орындау кезінде, сенің тек осы екі сөзге ғана назарыңды жинақтап, басыңда басқа ойлардың болмауы өте маңызды.

— Бөтен ойлар?! — деп Руслан өзіне-өзі жауап берді ме, әлде Женькаға тікелей айтып жатқан Сэнсэйге сұрағын қойды ма белгісіз, сұрағын айтты.

— Енді иә. Біздер тіпті бір нәрсе туралы ойлап жатқан кездің өзінде, басымызда бірінен екіншісіне ауысатын бірнеше ойлар қайнап жатады. Медитация кезінде әрине бұл процесс тежеледі, бірақ әркімде әрқалай. Ойыңды нашар жинақтаған кезде бақылаусыз ойлар артқы планда шығып жатуы мүмкін және сен медитация орындау кезінде байқаусызда бөтен нәрселерді ойлауға ауысып кетуің мүмкін. Бұл медитацияда мақсатты түрде ойыңды жинақтап, ешқандай бөтен ойдың болмауы маңызды.

— Түсіндім, — деді Женька разы болғандай. — Демек, жақсылап ойыңды жинақтап әрі елестету қажет.

Руслан иығын көтеріп, медитацияның мәнін түсінбегені анық:

— Хм, барлығы осыншалықты оңай ма? Қиялыңды іске қосасың сонымен бітті ме? — деді.

Оған Сэнсэй:

— Бұл медитация бір қарағанда Руслан айтқандай «қиялыңды іске қосасың сонымен бітті» дегендей өте қарапайым (оңай) болып көрінуі мүмкін, бірақ... бұл жерде барлығы қарапайымдылықтан алыста жатыр. Себебі осы күшті формуланың әсерінен бөлек, адам қиялының арқасында ой күші де іске қосылады. Ой күші — бұл адаммен анықталған бағдарламаны орындаудағы өзінше бір серпіліс секілді, нәтижесінде бұл оның физикалық әрі рухани денсаулығында көрінеді. Ал көпшілік адамдар үнемі өздерінің Хайуани негіздерінің толқынында болатындықтан, олардың көптеген мәселелері, оның ішінде психологиялық, физикалық мәселелері де бар, ең бірінші кезекте олардың жаман ойлауының салдары. Ал бұл медитация тек өзіңнің ішкі жан дүниенде тәртіп орнатып қана қоймай, әртүрлі сықаттармен ауырып жүрген адамдар үшін пайдалы. Себебі аурулардың сексен пайызы —

психологиядан. Адам ауруды қаншалықты көп ойласа, соншалықты ауыр өткізетін болады.

— Бұл дұрыс, — деп біздің психотерапевт растады. — Адам өзіне ойша ауру тауып алып, кейін ол сырқатынан арыла алмайды, өзінің жағдайында бұл сырқат жазылмайды деген ойды басына соншалықты күшті шегелеп тастайды. Бұл жерде Сэнсэй сенімен келісемін. Бұл медитация жүйкесі жұқарған адамдар үшін заманауи тиімді деген ең күшті дәрілерді қоса алғаннан да анағұрлым пайдалы болмақ. Өйткені химиямен адам ойын емдеп жаза алмайсың. Химия тек ағзаға алғашқы жедел көмек ретінде ғана пайдалы, одан артығы емес. — Және кішкене үнсіздік жасап жалғастырды: — М-да, адам миы әлі күнге дейін құпия және аз зерттелген болып қала береді. — Және жымиысымен: — Таңғаларлық, бағзы заман кейбір жекелей сұрақтарда қазіргі адамзатқа қарағанда анағұрлым көпті білген, — деді.

— Және қаншалықты көп білгенін сен тіпті елестете алмайсың! — деп Сэнсэй нақтылады.

Біздер біршама уақыт үстел басында үнсіз отырдық. Тыныштықты Володя бұзды.

— Иә, қызықты медитация екен. Қызықты формула... Айтпақшы, осы формула туралы есіме түсті. Ариманда арнайы дыбыстардың көмегімен эзоосмос арқылы ой шынайылыққа трансформацияланатын, белгілі бір алтын формула туралы айтты емес пе. Оны Агапиттің өзі пайдаланыпты – мыс. Бұл шын ба?

— Иә, бұл шындық, — деп Сэнсэй растады.

— Ал Агапит әлемге Грааль әкелген бе?

— Ол да болған.

Жігіттер сергіп барлығы бірден сұрай жөнелді.

— О! Ал неліктен Ариман Грааль-ды — биліктің билігі деді?

— Сэнсэй айтып берші!

— Иә, иә, Грааль туралы...

— Ал ол не?

Сэнсэй бұл сұраққа қызығушылық танытқан ұжымға қарады да ұсынысын айтты.

— Жігіттер, бұл туралы сәл кейінірек сөйлесейік.

Барлығы үнсіз қалды. Тек жалғыз Руслан ғана қуана:

— Демек Ариман айтқанның барлығы — өтірік емес екен!  
— деді.

Сэнсэй оған шаршаңқы жауап берді:

— Ариман шыныменде маңызды білімдерді біледі. Бірақ оның жұмысының спецификасын ескеретін болсақ, ол бұл білімдерді көп өтіріктерімен қосып береді. Сондықтан ненің ақиқат, ненің өтірік екенін, руханиятты дүниеліктен тек таза, жетілген рух қана ажырата алады. Ал дүниеге батқан қалғандары барлығын еш талдаусыз сенімге қабылдайды да, өтірікке тойып, сәйкесінше аримандық қақпанға түседі. Бірақ шын іздеуші (қалаушы) тіпті оның қолынан да шындық дәнін таңдап, ашыққанын баса алады.

Бірақ Русланға кешегі «естеліктері» ағын секілді құйылғандай, ол асығыс дабырлап сөйлей бастады:

— Ариман мегаполистерді қирататын тағы бір формула туралы айтып берді. Меніңше ол: «IED SUEM SULAM» деп айтылады, — деп Руслан әрең айтты да, мақтана: — Біртүрлі ежелгі сияқты... сондай күрделі сөздер, — деп қосты.

Сэнсэй күліп жіберді.

— Күрделі деймісің? Ал сен ол сөйлемді керісінше оқып көр.

Руслан қиналып жатқан кезде, Николай Андреевич бұл тапсырманы оңайлықпен орындады:

— MALUS MEUS DEI?! Бұл сөздер латын тілінен аударғанда егер мен қателеспесем, «Шайтан менің Құдайым» деген мағына береді емес пе.

— Қателескен жоқсың, — деп Сэнсэй растады.

— Қалай... шайтан? Бары осы-ақ па? — деп Руслан абдырай сұрады.

Жігіттің сондай көңілі түскен жүзінен жігіттер еріксіз күліп жіберді.

— Ал сен не күтіп едің?! — деп Юра күңк етті.

Виктор Русланға достарша:

— Міне осылай, Руслан, егер ежелгіні қопарғың келсе латын тілін үйрену қажет, — деді.

— Көңілді шаруа, — деді Женька кезекті рет шыбындарға қолын сермеп. — Бұл қай латын екенін білмеймін, бірақ бұл сөздерді Ариман айтқан кезде, шыныменде жер сілкінісі болғандай ішкі жан дүнием сілкінгендей күйде болдым.

— Және әрине нақты мысалын да көрсетті, — деп Сэнсэй Ариманың бұл әдісі өзіне бұрыннан таныс болғандай айтты.

— Иә, ол Атлант мұхитындағы бір нәрсе туралы айтты, — деп Женька қабағын түйіп есіне түсірді. — Және қандай да бір... қаланы...

— Жаңа Орёл! — деп Руслан іскерше айтты.

— Қайдағы Жаңа Орёл? — деп Юра сөзін бөліп жіберді. — Жаңа Орлеан! — Ендігі Сэнсэйге қарап асығыс сөйлей бастады. — Бастысы бұл орын алған кезде, ол жерде барлығы қалай қирайтыны туралы егжей-тегжейлі айтып берді...

— Және Жапония туралы да айтты, — деп Володя есіне салды. Мен таңғалғанмын: бұл жер сілкінісін Рихтер шкаласы бойынша айтқаны аз болғандай, қашан болатыны туралы нақты уақытын да айтып берді.

— Енді, барлығы түсінікті, — деді Сэнсэй.

— Не түсінікті? — деп Виктор абайлап сұрады.

— Ариман солай айтқан екен, демек ол жер сілкінісі болып қойды.

— Қандай мағынада? — деп Руслан түсінбеді. — Қалай? Ол болашақ емес пе!

Сэнсэй жігіттің осындай аңғалдығына тек ауыр күрсінді де жауап берді:

— Түсінесің бе, күш иесі үшін, бұл әлем жалпы адамдық қабылдаудан біршама басқаша көрінеді. Ол айтқан кездегі

сіздердің сезінгендеріңіз — сол оқиғаға салынған күштің өзі. Яғни бұл жер сілкінісі болашақта болатын болса да, орындалып қойған. Оның үстіне бұл сұрақ табиғат апатына байланысты болса.

— Ал керек болса! — деп жігіттер таңғалды.

Сэнсэй мұңды жымыды да:

— Адам ойы табиғатқа әсер етпек түгелі ғаламшарларды қозғауға қабілетті, — деді. Және кішкене үнсіздіктен кейін: — М-да, егер ол айтса, демек бұл туралы миллиондар білетін болады, — деп қосты.

— Сэнсэй, өзіңнен осындайды бірінші рет естіп тұрмын, — деп Николай Андреевич жымыды. — Қалайша миллиондар біледі, егер біздер ешкімге айтпасақ?

— Мәселе сіздерде емес, оның осы сөздерді дауыстап айтуында. Бұл механизмнің іс-әрекетіне бас ауыртпай-ақ қойыңыз. Не болса, сол болады.

— Иә, бұл әлемдегі ең қиыны — Ариманды тыңдамау шығар, — деп Виктор өз тұжырымын жасады.

— Адам үшін бұл әлемдегі ең қиыны — өзінің Хайуани негізінің арандатуына берілмеу. Ал ең бастысы — өз-өзінді жеңуің, — деді Сэнсэй.

— Ариманда бұл туралы айтқан секілді, — деп Руслан ыңғайсыз сөзін айтып қалды.

Сэнсэй жәй ғана келіспей басын шайқап, түсіндірді:

— «Өз-өзінді жеңуің» Ариманың трактовкасында — бұл материалдық байлықты жинап, ақша үшін еш нәрседен тайсалмай, билік пен көшбасшылық үшін басқа адамдардың өмірінен аттап, өмір сүру. Бірақ бұл шын мәнінде сенің рухыңның толық жеңілісіне әкелетін, бұрмаланған, алдамшы иллюзия. Себебі адам Ариман жолымен жүріп, осы әлемнің патшасы болғысы келеді. Ол тіпті өзін өлімнен кейін не күтіп тұрғаны туралы да ойламайды. Ол үшін рух әлемі, қайда екені белгісіз әйтеуір сол жақта. «Және жоғарғы руханият әлемінің өзі бар ма?» — Ариманның арқасында бұл адам үшін үлкен сұраққа

айналады. Ал бұл материалды әлем — міне осында және дәл қазір. Ол үшін бұл шынайылық тәрізді. Бұл бұрмалаудың барлығы адам Құдай әлемінің, жоғарғы әлемнің сұлулығын білмеуінің себебінен. Оны тек нирванаға, яғни жоғары рухани күйге түскен кезде ғана есіне түсіре алады. Бірақ адам ол күйге жетіп, өзінің Хайуани негізін аттап өтпесе, ол өмірін иллюзияда өткізіп, өзінің бұл әлемдегі маңыздылығы туралы армандап, уақытын текке кетіреді. Өйткені ол бұл әлемде қаншама биіктерді бағындырса да, уақыт өте бұл жетістіктері түкке тұрмай қалады.

Ал өз-өзіңді шын жеңуің — бұл дегеніміз өзіндегі өзімшілдікті, осы әлемнің «патшасы» болу тілек-қалауыңды жеңу деген сөз. Бұл әлем иллюзияны шынайылық деп қабылдайтын осылай өз рухын азапталу мен қиналуға беретін ақымақ адамдар үшін жәй ғана қақпан.

— Ал Архонттар туралы айтқаны шындық па? — деп Стас сұрады.

— Иә, — деп Сэнсэй жауап берді.

— Демек бұл шамандар, балгерлер (сәуегейшілер), діни басшылар ма?

— Жоға, бұл тек өте ежелгі замандарда солай болған, онда да барлығы емес. Ал қазір бұл адамдар өздерінің жасырын қауымдастықтары мен ложаларында әлемдік капиталды, саясат пен дінді байлап ұстаушылар.

— Әлемдік банкирлер ме? — деп Володя өзінің болжамына таңғалды.

— Оларды басқаратындар, — деп Сэнсэй нақтылады.

Женька осындай ақпараттан тіпті ысқырып жіберді.

— Қызықты, ал ол қандай жасырын (күпия) қауымдастықтар? — деп Володя қызыға сұрады.

— Енді, әр замандарда олар әртүрлі аталған. Мысалға Архонттардың алғашқы ықпалды шеңберінің бірі ежелгі дәуірден-ақ «Еркін тас қалаушылар» (Вольные каменщики) деген атпен белгілі. Бұл дінгектен көптеген тармақтары бастау

алады. Тағы «Жылан Бауырластығы», «Айдаһар бауырластығы», «Иллюминаттар», «Масондар» деп аталатын («Братство Змеи», «Братство Дракона», «Иллюминаты», «Масоны») және тағы басқа құпия қауымдастықтары бар. Тарихшылар әлі күнге дейін қайсысы қайсысынан бастау алатынын анықтаумен әлек. Бірақ одан сайын шатаСУДА. Неліктен? Себебі Архонттардың мақсаты осы құпия қауымдастықтардың шын мәніне жетіп, білетіндердің аз болуы үшін барлығын араластырып, шатастырып жіберу. Ал мәні қарапайым. Көптеген құпия қауымдастықтар Ариманның манипуляциясы үшін, Архонттардың қолындағы жәй ғана пешкілер.

Ариман жәй ғана адамдардың әлсіздігімен ойнайды. Және адамдардың осындай әлсіздігінің бірі түпсана деңгейінде құпияға қызығушылығы. Және бұл жерде адамның құпия білімдер арқылы реинкарнация шынжырын үзуге талпынған рухани ұмтылысы ғана емес, көбіне — осы білімдерді иелену арқылы өзі секілділерге билік ету мақсатындағы қарабайыр өзімшіл амбициялары жатыр. Себебі құпия қауымдастықтардың басым көпшілігі Архонттардың қол астында. Ал адамдар құпия білімдерді жәй иеленіп қана қоймай, айналасына өзінің «империясын» құруды қалайтынын есептесек, бүгінгі күнде барша әлемді жасырын әлемдік үкімет — Архонттардың басқаруына келеміз.

Сэнсэй үнсіз қалды, ал Володя ойланып:

— Шынымды айтсам, тіпті менің бар білімім мен ұрыс офицері тәжірибиемді есептесекте, мен осыған ұқсасты, тіпті сондай деңгейдегі жасырын қауымдастықтар туралы ешқашан естіп көрмеппін. Бұл сұраққа біздердің аздап көзімізді аша аласың ба, — деді. Және Сэнсэйдің екіұдайлы болып тұрғанын көріп: — Дұшпаныңды білмей жүргенше, жүзін танығаның жақсы демекші, — деп қосты.

Сэнсэй оған:

— Архонттар қайдағы дұшпандар? Олар уақытшаны мәңгілікке алмастырған бақытсыз пенделер. Олар материяны,



дұрысы Ариманды тандады. Адам үнемі өзіне белгісіз бір жауларды табумен болады, себебі түптеп келгенде өзінің Хайуани негізі мен Руханиятының ішкі қатығысын (жанжалын) шеше алмайды. Адамдар тобы мен мемлекеттер арасындағы қарым-қатынас — осы жанжалдың жәй ғана үрілген, үлкен көшірмесі ғана. Ал шын мәнінде адамның ең зұлым дұшпаны — оның өзі, дәлірек айтсақ Хайуани негізі. Онымен әдеттегідей күресе алмайсың, өйткені қаншалықты текетірес болса, Хайуани негіздің соншалықты агрессиясы да күшті болады, себебі сен бұл жанжалға өзіңнің назарыңды саласың. Оны тек Хайуани негіздің арандатуы мен алдауына түскін келмеген шын ниетіңмен, сонымен бірге рухыңа пайдалы руханиятқа назарыңды жинақтаумен ғана жеңуге болады. Міне сол кезде ішкі мығым позицияда тұрып, шын ниетіңмен сол жолда жүретін болсаң, сол кезде сыртқы әлемде де сенің ешқандай жауың болмайды, ал өмір ерекше қызықты ойынға айналады. Ақыр соңында біздер бұл жерде уақытша ғана өмір сүреміз, қонақпыз деп айтуға болады.

— Иә , бірақ бұл Ариманның әлем қақпаны емес пе?! Егер Еркін болғың келсе онда қалай өмір сүруге болады? — деп Юра толқи сұрады.

— Бұл жерде қандай жағдайға тап болсаңда, тағдыр қаншалықты кедергілерін қойса да, бас әрішпен жазылған Адам деген атқа лайықты өмір сүруің керек. Яғни өзің Адамға айналып, айналандағы адамдарға көмектесу. Бұл өмірдегі ең бастысы — ішкі жан дүниенде, Рухыңда еркін болу, материя әлемінен еркін болып, Құдайға жүру және сол жолдан бұрылмау. Сол кезде сыртқы өмірде адамдарға максималды пайдалы іс жасап, Адам деген атқа лайықты өмір кешесің. Және мұнда үлкен құпия жасырылған! Осы өзімшіл, материалды әлемде осы жерде, дәл қазір Адам бол (немесе Адамға айнал). Батпақтағы лайдан өсіп шығып, ешнәрсеге қарамастан мінсіз тазалыққа жететін Лотос гүліне ұқса! Сен Адамсың және сенде Оның дәні бар!

Біздің ұжым Сэнсәйдің осы сөздерін демдерін ішке тартып тыңдады.

— Иә, бұл әлемде Адам болу үшін шыныменде осы батпақтың ластығына ойларыңды былғамай тазалықта ұстау үшін орасан ерік күші мен батырлық (ерлік) керек, — деп Николай Андреевич келісті. — Адамды негізінде осы әлемнің көпшілік адамдарының өмір сүру салтына қарай тартып тұрады. Сондықтан да оны көбіне өзімшіл істерді жасауға итермелейді, сондықтан да «барлығы солай жасап жатыр», «барлығы солай өмір сүруде» деген сөздерімен өз Ар-Ұжданын тыныштандырып, лайда шомылуда. — Және кішкене үнсіздіктен кейін: — Ал Архонттарға келетін болсақ... Шынымды айтсам осы жасырын қауымдастықтар туралы ақпараттарды есту маған да біршама қызықты. Жәй ғана білу үшін емес, ненің қайда екенін талдап, шындықты өтіріктен айыра білу үшін.

— Енді, осындай тілектерің бар екен, — деп Сэнсэй жымыды. — Не әңгімесі бар. Бірақ бұл тарих тым күрделі. Сондықтан басында оның шынайылығына енбестен бұрын — асымызды аяқтап, теңізге сергіп бір шомылып алсақ, міне содан кейін әлемдік тарихқа ене берсек болады.

\* \* \*

Бұл ұсынысқа ұжым «екі қолын көтеріп келісті», әсіресе үстел басында ешнәрсе жемегендер. Олар бірден шомылуға кетті. Үстел басын аздап реттеуге мен қалдым, Володя мен Сэнсәйде шайларын ішіп іркіліп қалды. Бірақ Сэнсэй үстелден енді ғана көтеріле бергені сол еді, Володя әзілмен оған ұсыныс тастады:

— Шомылу — бұл әрине керемет! Бірақ соңын аяқтап, басын бастау үшін мына «таңқурай тосабын» жеп бітірейік, — деп тәттінің атауын әрең айтты. — Құнды азық босқа кетеді емес пе!

Және Володя үстел басында өзінің бар дәмді түрімен тұрған жарты банка тосапты көрсетті.

— Хм, таңқурай тосабы деймісің?! — деп Сэнсэй іркіліп, банкіге ықыласпен қарады. — Және қайтадан өз орнына жайғасты. — Енді тосаптан ауыз тиюге болады.

Ол қолына банканы алып, маған да осы тәтті жеушілердің «астыртын ісіне» қосылуға ұсынысын жасады.

— Кел, қосыл!

— Ой, жоқ, рақмет! Мен тәттіге қарным жарылғанша тойдым, — деп ыдыстарымды жинауды жалғастырып, күлкімен бас тарттым.

— Енді қалауың білсін, — деп Сэнсэй иығын көтеріп қасыққа қолын созды.

Сэнсэй алаңдап тұрған кезде Володя мені көндіре жатып сол құралмен жабдықтанып, Сэнсэй ұстап тұрған тосап банкасынан бірінші порцияны алып үлгерді.

Ал Сэнсэй болса қолына қасықты алып таңқурай тосапқа салып үлгерместен, оған бірнәрселер туралы дауласып Андрей мен Костя келді.

— Сэнсэй өзің талдап көрші, — деп Андрей бір деммен айтты. — Біздер медитациялармен жұмыс жасаған кезде, сен бізге айтқаныңдай түпсанамызбен де жұмыс жасайтын болғанамыз. Шығыс ұрыс өнерінде де Шебер деңгейінде түпсана жұмысы қолданылады деп айтқансың. Бірақ сонымен бірге Ариманда түпсана туралы көп нәрселерді айтты. Демек түпсана және оның күші — зұлымдық тудырушы болғаны ма? Демек осының барлығы Ариманнан деп айтуға болады ма?! Демек түпсана — зұлым (жаман) болғаны ма?!

— Түпсана неліктен — зұлым? — деп Сэнсэй таңғалды. — Түпсана — бұл жәй ғана құрал. Тіпті одан да дәлірек айтайын. Түпсана — құрал жасалатын материал. Ал бұл материалдан адам не жасауды қаласа және ол құралды қалай пайдалануы — бұл енді әрбір адамның жеке ісі, таңдау еркінде. Мысалға бір металдан ниетіңе қарай өзің секілділерді жоятын қару жасап

алуға болады. Немесе керісінше күнделікті тұрмыста біршама қажетті, мысалға қасық жасауға болады. — Сөздерін айтып ол балаларға қасығын көрсетті. Осы кезде Володя тағы да Сэнсэй ұстап тұрған тосап банкісінен білдіртпей тосапты алды. — Бұл металдан жасалған қасық тәнді өмірлік қажетті, ал кей кездері біршама тәтті тағамдармен азықтандыру үшін ойлап табылған.

— Мда, — деп Володя бір сермегеннен-ақ өз қасығындағыны жұтты да, кейін Сэнсэйдің қайта сөз бастауын күтіп, келесі порциясына білдіртпестен қолын соза бастады.

— ...Ал Калашников автоматы, ол да металдан жасалды емес пе, адамдарды өлтіру үшін жасалған. Бірақ онымен сорпа іше алмайсың, тосапты да жеу аса ыңғайлы емес.

— Угу, — деп Володя өзінің кезекті «жасырын шабуылын» сәтті аяқтап, разы болғандай басын изеді.

— Түпсана да сол сияқты. Барлығы адамның ниеті мен қалауына байланысты, — деп Сэнсэй тұжырым жасады.

— Иә, бірақ Ариманда түпсананы руханиятқа жету жолында пайдалануға болады деп айтты емес пе және біршама сенімді, — деп Андрей қолдарымен сермеп, мойымады. — Және тіпті медитацияларды мысал ретінде келтірді! Демек ол да Калашников автоматын емес, қасықты пайдаланған. — Және наразы болған үнімен: — Ендеше айырмашылығы неде?!

— Айырмашылығы неде деймісің? — деп Сэнсэй осындай көрініп тұрған шындықты түсіндіруге шаршағандай үнімен айтты.

Және осы кезде орындықта бір қолымен тосапты, басқа қолымен қасықты ұстап отырған Сэнсэй, лезде Андрейдің аяғын шалып түсіргені соншалықты, оның аяқтары аспанға ұшып кетті. Лезде шошынған бала құмға түскен кезде көзіне күшті соққы имитациясын жасады. Оның өте жылдам болғаны соншалықты, Сэнсэй ұстаған қасықтың ұшы Андрей көзіне бірнеше миллиметр ғана жетпей қалды. Барлығы тез болып, есеңгіреген бала тіпті жауап қайтара алмады. Ол тек қорқыныштан көздерін қатты жұмды. Және бұл оның бар «ұрыс әдіс-тәсілдеріне»

қарамастан осындай кенеттен болған шабуылға жалғыз қорғанышы болды.

Сэнсэй болса Андрейге қарап анық айтты:

— Қалай ойлайсың, егер мен осы заттың траекториясын өзгертпей отыз келі күшімді салатын болсам, не болады?

Андрейді айтпай-ақ біздер Костя екеуміз болған жағдайдан абдыраған күйі не ойларымызды да білмей мелшиіп қатып қалдық. Оның жүзі Сэнсэйдің осындай сөздерінен үрейлі қорқыныштан лезде өзгеріп, қатты қобалжығанынан тіпті бірнеше тер тамшылары да пайда болды. Володя болса ыңғайлы сәтті пайдаланып Сэнсэйден тосап банкасын тездетіп алды да, ешнәрсе болмағандай тәттісін жеуді жылдамдатып, жуан даусымен сабырлы сөйледі.

— Қасық оң жақ көздің орбитасы арқылы оңай еніп, мидың маңдай-париетальды аймағын зақымдайды (лобно-теменную область головного мозга). Қорытынды: өлімге әкелетін нәтиже.

— Дұрыс, — деп Сэнсэй айтылған сөздер өзінің жауабы болғандай Андрейден көзін алмай айтты.

Және оны достарша иығынан қағып, құмнан көтерілуге көмектесті. Андрей осындай күтпегеннен, шошынудан, гипс постаменті секілді көрінеді. Сэнсэй ешнәрсе болмағандай үстелге жайғасып әңгімесін айтты.

— Қасық — бұл жәй ғана құрал. Сондықтан тіпті осындай пайдалы құралдың өзін біршама қауіпті қаруға айналдыруға болады. — Және ауыр күрсінді де, Володяның арқасында босап қалған банкiге өкiнiшпен қарады. — Ал не, тосап ендiгi қалмады ма?

— Жоға, — деп Володя өзінің қасығын жалап күлді. — Сенің қайдағы-жоқтыға назарың ауып кете беретініне мен кінәлі емеспін ғой. Ал тосап — бұл «тез бұзылатын өнім»: оны ашып үлгерместен шыбындар жиналып оны бүлдіре бастайды. Сондықтан кім үлгерсе, сол жейді.

Сэнсэй жымыды да:

— Володя, сонда «өле жегенше, бөле же» деген қайда кетеді? — деп сұрады.

— Жақыныңмен бөлісу керек. Бірақ үлкен отбасында, е... — деп маған көзінің қиығын салды да, лезде: — Енді, жалпы көзіңді жыпылықтатпа, басқа нәрсеге алаңдама деп айтқым келген, сол кезде жейсің.

— Ааа, — деп Сэнсэй шын рахаттана күлді де, тосап үшін дайындаған қасығын қойып, жайдары қолын сілтеді. — Ал жарайды, тосапты жеп болған екенбіз, ендеше кеттік шомылуға.

Сэнсэй мен Володя бір-бірлеріне тез таусылып қалған тосап банкасы туралы әзілдеп, теңізге қарай кетті. Костя мен Андрей қарама-қарсы үстел басына есіңгіреп отырды.

— Керемет! — деп Андрей маңдайындағы терін сүртіп енді ғана сөйледі. Және кішкенедеп кейін: — Ал керек болса Сэнсэйдің шындықты айтқанын! Фуф, тіпті тер бұрқ ете қалды!

— Айтпа, енді болмағанда менің тіпті шалбарым су болатын еді, — деп таңғалысымызға орай Костя өзінің әдеттегі пафос маскасын кимей сөйледі. — Және бұл Сэнсэйдің қолынан қалай келеді? Бар-жоғы оның бірнеше секунд назары, ал ми қалай тазарады десеңші! Ал біздер екеуміз кімнің дұрыс екендігі, кімнің бұрыс екендігі туралы бір сағат бойы дауласып едік.

— Айтпа, — деп Андрей онымен келісіп басын изеді. — Екі секундта-ақ екеуміздің де меңіреу екендігіміз анықталды!

— Сенің бірінші болып сұрағыңды қойып, мен сұрағымды қоя алмай қалғаным қандай жақсы болды, — деп Костя арқасынан ауыр жүк түскендей дем алды.

— Ендеше әлі де кеш емес, барда сұра, — деп Андрей сылбыр күлді.

— Ага, кейін Володяның табанының көмегімен суда қарқынмен жүгіріп үйрену үшін бе?! Жоқ, ұсынысыңа рақмет. Мен өз тежеуішіммен өзім-ақ бірнәрсе қылармын. Оның үстіне Сэнсэйді біршама түсінікті айтып берді. Сондықтан бұл сұраққа қажеттілік жоғалды.

— Енді иә, — деп Андрей күлді, — сенің бүлінген шалбарыңды есептейтін болсақ...

Балалар тыныш күлді. Осы кезде Слава мен Татьяна келіп олардың бәстері немен аяқталғанын сұрай бастады. Оған Андрей қолын сілтеп:

— Немен, немен?! Сұйықтықтың көп бөлінуі және өз ақымақтығымызды түсінумен! — деді. Және толық айтқысы келмей, артында тұрғандардың барлығын шақырды: — Барлығымен кеттік шомылуға!

Балалар күліп, бірге суға қарай жүгіріп кетті. Татьяна үстел басын жинастыруға қалып, бір жағынан осының алдында бәстесіп, әркім өз сөзін «шындыққа» шығарып енді болмағанда төбелесуге аз қалған Костя мен Андрейдің қайтадан ескі, жан достарға айналатындай не болғанын сұрай бастады.

Мені бұл оқиға біздер даусымыз қарлыққанша біреумен дауласқанда, кей кездері қаншалықты қателесетініміз туралы ойға әкелді. Ал кейін осыдан тәуліктеп азап шегеміз, осы дауды ойымыздан бірнеше рет өткізіп, қарсыласымызға қаттырақ, тағы да «ақылдырақ» және сенімдірек жаңа жауаптарды ойлап тауып, кездескен кезде оған осының барлығын ашумен айтып тастауды аңсаймыз. Ал өзіміздің «керемет» ойларымыз бен дәйектерімізді ұмытып қалмас үшін, болашақ кездесуіміз қайтадан айналдырып, ескі әңгімені жаңаша ойға аламыз. Бірақ біздер шын мәнінде біздің кездесуіміз болады ма және болашақ күннің бізге қандай тосын сый дайындап қойғанын білмейміз.

Егер бұл бәске бір шетке шығып таза адами тұрғыдан қарайтын болсақ, бойында билеусіз ашуды өсіріп, Хайуани негізіңнің ең жаман бөлігі — эгоизм шегін шерткен, басқаға өз «шындығыңды» дәлелдеу тұрарлық іс пе. Оған назарыңды салып, кейін одан азап шегуге ше?! Бірақ түптеп келгенде біздің ойымызша басқа адам «жаман» болғанынан емес, өзіміздің эгоизмге тиіп кеткенінен қиналамыз. Өйткені шын мәнінде біздің рухымыз қиналады, себебі ең бірінші кезекте біздер өзіміздің назар аудару күшімізді Махаббатқа емес,

Жеккөрушілікке бағыттадық. Осыдан жанның (рухтың) ауруы дүниеге келетіндей. Ал оның негізінде осы ауырсырудың шын мәні мен тереңін түсінуге мүмкіндік бермейтін біздің эгоцентризмнің бос реніші гүлденеді. Міне осылай өз отымызда өзіміз жанып, әбден ашуланғанша дауласамыз. Және дауласудың тақырыбы маңызды емес, Ариман туралы болсын, адамдар арасындағы қарым-қатынас, философия, дін, саясат. Бастысы — дауласуға адамның қалай қарайтынында.

Егер екі досқа, Ариман секілді адам өзінің жасырын мақсатымен өз көзқарасын таңса және достар осының кесірінен бір-біріне ашуланып, жеккөрушілікке толса, басында сәл басылып, «ал екеуміз де дұрыс айтып тұрмыз ба?» деп ойлану керек емес пе. Және олардың жанжалының себебі осы жеккөрушілік негізінде жатыр ма? Өзімшіл мақтаныш сезімі бар тәтті нан секілді қатып қалған дүрдиген Хайуани негізіміз емес пе? Рухани адам өзінің жақынын кешірмеуі мүмкін бе?

Біздерге адамдарға бір-бірімізбен дауласудың не қажеті бар, егер бұл әлем Ариманға тиесілі болса және бұл жерде біздер уақытша өмір сүріп, мейман ғана болсақ? Бұл жағдайда біздер тек көрінген фактілерді жәй ғана сабырмен белгілеп (констатировать), бір-бірімізге моральдық қолдау ғана көрсете аламыз. Себебі ерте ме, кеш пе бәрімізге бұл әлемнен кетуге тура келеді! Және бұл мызғымас факт барлығымызды біріктіріп, дауласуымыздың кез келген тақырыбын бос етеді. Өйткені мәңгілік алдында тек сенің ізгі істеріңмен күшейген руханиятыңның ғана мәні болады. Ал жылдар бойы өз ақымақтығымыздан жинаған, қалған негативті қоқыс жанымызды жегідей жеп, жердегі жаңа тозақ шеңберіне итермелейді. Ендеше салдары осыншалықты қорқынышты болған кез келген дауласуды бастаудың қажеті бар ма?!



Ой толғанысымды біздің импровизацияланған үстеліміз тазалықтан жарқыраған сәтте мені шомылуға сүйреген Татьяна бөліп жіберді. Балалар ендігі рахаттана шомылып жатыр екен. Олар «кім алысқа секіреді» деген акробатикалық номерлері бар ойынды ұйымдастырыпты. Оның мәні келесідегідей, екі бала қолдарын айқастырып, ал үшіншісі осы өзінше бір «қолдардан» жасалған трамплинге мініп, балалардың иығынан демеп, олардың лақтыруларымен суға секіріс жасайды. Және Костя мен Юра секілді «тыныш» балалар жәй ғана ұшып, ұшу процесінен ләззат алса, «құмарпаз» Андрей, Женька, Стас секілділер ауада түсініксіз акробатикалық трюктер жасауға тырысты. Әрине, су көпіршіктері мен күлкінің шегі болмады! Оларға қарап Татьяна екеумізде «батыр» болғымыз келді. Басында «трамплин» ретінде біздерде Костя мен Андрей болды. Бірақ кейін ұзын әрі күшті Стас пен Женьканың арқасында балалар қаншалықты алысқа әрі қатты ұшқанын көріп, біздер де осы ұшу алыстығын сынап көруді шештік.

Бірінші болып бұл күшті «трамплинге» мен шықтым.

— Сен тек күшпен серпіл, — деп Стас маған кеңесін берді.

— Иә! Ал ұшқан кезде аяқтарыңды бүк, жинақталып лезде ауада айнал, кульбит болады, — деп Женька екінші жағынан дабырлады.

— Және жарты жолда тоқтап қалма, бірден айналып кет, — деп менен кейін «дайындалып тұрған» Викторда қосты.

— Сонымен түсіндің бе, үш дегенде — секіресің! Және кетесің! — деп Стас есіме салды.

Қысқасы, «әккілердің» бар кеңісін тыңдап, мен балалардың айқасқан қолдарына мініп, құлап қалмас үшін олардың иықтарынан ұстадым. Мені суда жоғары-төмен теңселтіп, балалар бірдей бұйрық сөздерін айта бастады:

— Бір! Екі! Үш!

Және мені биікке теңіз жаққа қарай лақтырғандары соншалықты, жүрегім аузыма тығылды. Шынымды айтсам

осындай күтпеген алысқа ұшудан қорыққанымнан барлық айтқан кеңестерді, оның ішінде бірден айнал деген кеңесте бар, жәй ғана ұмытып қалдым. Ал кейін есімді жинақтаған кезде бір нәрсе жасауға тырыстым, бірақ ендігі кеш еді — терезеге соғылған шыбын-шіркей секілді суға гүмп еттім. Ішіммен (қарныммен) су бетіне ауыр соғылғаным аз болғандай (құдды бір отқа күйіп қалғандай), салқын суға батқаннан жүрегім аузыма тығылып, аяғыммен су түбіне жете алмадым. Қорқыныш пен дүрлігу сезімі балаларға қарай таяз суға тездетіп жүзуіме итермеледі.

— Ал қалай? — деп Татьяна бірінші болып күтіп, көңілді сұрады.

— Еш жақсылығы жоқ, — деп жауап бердім. — Мені құдды бір қарны суға тигеннен көздері шарасынан шығып кетердей болған бақа секілді суға лақтыра салғандай сезімде тұрмын.

Мен өзімнің ішіме қарадым. Ол осындай «көңілді» жерге түсуден, дұрысы суға құлаудан толық қызарып кетіпті.

— Ал керек болса! — деп Татьяна менің зардап шеккен тәнімді көріп, жанашырлықпен айтты. — Міне саған! Қатты соғылдың ба?!

— Олай болмағанда! Күйдіріп барады...

Осы кезде Николай Андреевич келді. Және маған қарап, қапалана сөйледі.

— Ой қыздар-ай, өздеріңді неге сонша аямайсыңдар?! Жарайды бұлар өздерінің тентектігін қайда жіберерін білмей жүр, ал сендерге бұл не үшін қажет?!

— Енді осылай болатынын кім білген? — деп кінәлідей иығымды көтердім. — Мен судың осындай жасай алатынын білген жоқпын...

— Енді иә, барлығы тәжірибиемен келеді, — деп біздің психотерапевт күлді. — Судың кернеу қабаты болады (Вода имеет плёнку натяжения). Үлкен биіктіктен секірген кезде суға арнайы дұрыс түсу техникасын білмесе соқтығысуға да болады. Бұл әзіл емес!

Бізден алыс емес жерде Николай Андреевичтің «ақыл-кеңесін» тыңдап тұрған Руслан түсінбей сұрады:

— Суға қалайша соқтығысуға болады?

— Соқтығысқанда қандай! — деп Николай Андреевич растады.

Және маған қайта бұрылып ауырсынуды басу үшін қандай жақпа майды пайдалану керектігін, дәрі-дәрмек қобдишасы қайда жатқанын айтты.

Біздер Татьяна екеуміз дәрі-дәрмек қобдишасын іздеуге кеттік. Кейін «емдеу шаруамыз» біткен кезде жағалауға қайта оралдық. Бізге қарсы іші қызарған, жаңа ғана Татьяна екеуміз дәрі-дәрмек қобдишасына барған маршрутпен Руслан да келе жатыр екен. Ол Николай Андреевичтің сөзіне және менің ащы тәжірибиеме сенбей, Женька мен Стастың «трамплинінен» өзі «бақа» секілді секіріп көрген екен. Және секіргені соншалықты тек ішімен ғана суға ұрылмай, аяғын да ауыртып алыпты. Сондықтан Татьяна екеуміз қайтадан өзінің «тексеруші» тәжірибиелерінен зардап шегушіге алғашқы көмек көрсетуге бұрылды. Русланның жарақатынан кейін Сэнсэй мен Николай Андреевич теңіз кеңістігінде қауіпсіздік ережелерін сақтамағаны үшін балалардың барлығын теңізден қуып шықты. Ал Сэнсэй әзіл үнімен барлығымызға суда өзімізді қалай ұстау керектігі туралы толық бір лекция оқыды.

\* \* \*

Халық теңізден шыққылары келмей, өз төсек-жаймаларын жағалауға төсеп, қарқынды шомылудан кейін күнге қыздырына бастады. Бірақ «теңіз мысықтарының» жатысына он минут өтпей жатып-ақ, Володя өзінің жаймасын Николай Андреевичтің жанында қыздырынып жатқан Сэнсэйге әкеліп, есіне түсірді:

— Сэнсэй, сен бізге құпия қауымдастықтар туралы айтуға уәде бергенсің.

— О, дәл! — деп олардан алыс емес жерде тұрған Виктор да өз төсек-жаймасын Сэнсэйге жақындатып сөзді іліп әкетті.

Оларға қарап сол бойда Женька мен Стас та өздерінің төсек-жаймаларымен Володя мен Викторды итермелеп, бауырластарының ортасына кірген торайларша ортаға килікті. Ал арттарынан қалғандары да тез қосылды. Нәтижесінде Сэнсәйдің жанына төсек-жаймалардың массалы орын ауысуы орын алды.

— Иә, Сэнсэй, айтып берші! — деп балалар сөзді іліп әкетті.

— Енді уәде берген екенмін, ендеше тындандар... — деп Сэнсэй жайдары айтты да кішкене үнсіздіктен кейін өз әңгімесін бастады. — Жасырын (құпия) қауымдастықтардың мақсатын, олардың қандай білімдер мен әдіс-тәсілдерді қолданатынын түсіну үшін, Жақсылық пен Зұлымдықтың бір-біріне қарсы тұрудағы алғашқы қайнар көзіне терең үңілу қажет. Ежелгі заманнан бері Шығыста, Жердегі түнек күштері мен Зұлымдыққа қарсы тұрушы негізгі орталық, үлкен орасан зор рухани күштің және білімнің қайнар көзі деп Шамбала есептеледі. Бірақ айта кетейін, Шамбала осы қасиеттердің барлығына ие болса да, дегенмен ол адамзат қоғамына жалпылай алғанда бейтарапты, адамдарға таза білімді беріп, Жақсылық пен Жамандық күштерін таңдауда толық өз еркіне береді. Сондықтан Шамбала ілімдерін адамзат қоғамында таратып және тікелей Зұлымдыққа қарсы тұру, әдетте рухани жолмен жүруші адамдардың өз қолдарында.

Әрине белгілі бір уақыт арасында адамзат қоғамына Шамбала Бодхисатвалары келетіні түсінікті. Бірақ олар негізінде ең бірінші кезекте жоғалған рухани білімдерді, бағзы заманда адамдармен жоғалтылған немесе көпшіліктен жасырылған болмаса өздерінің биліксүйгіш мақсатында жеке бас пайдалары үшін өзгертілген адамзат өркениетінің шын тарихы туралы білімдерді қалыпқа келтірумен айналысады. Сонымен бірге Бодхисатвалар өркениеттің ғылыми даму деңгейіне қарап әлем

туралы қосымша ақпаратта береді. Яғни олар адамзат қоғамына бейтарап позицияда тұрып адамдарға еш қосындысыз ғасырлар бойы ластанусыз және пенделік амбициясыз таза ақпаратты мүмкіндігінше беруге тырысады. Бұл ақпаратты қабылдау немесе қабылдамау — бұл енді әлемнің алпауыттары иеленуді қалаған Шамбала білімдерін білу бақыты бұйырған адамзат қауымдастығындағы әрбір адамның жеке таңдауы. Және сәйкесінше осы ақпараттармен Зұлымдыққа қарсы тұрып, осы әлемде шын Жақсылық жасау болмаса осы білімдермен өз мақтанышыңды күшейту — бұл әрбір адамның да, адамдарды жалпылай алғанда да жеке ісі. Бірақ тағы да қайталап айтамын, адамзат қоғамының ішінде Зұлымдық пен Архонттарға рухани жолда жүрген адамдардың өздері қарсы тұрады. Айтпақшы ондай адамдарды ежелден Архаттар деп атаған.

— Архаттар? — деп Виктор қайталап сұрады.

— Иә. Санскриттен аударғанда «архат» сөзі — лайықты деген мағына береді. Қазір бұл сөзді буддистер өз терминологиясында Нирвана күйіне жақын келген адамды сипаттау үшін пайдаланады. Бірақ негізінде ежелгі замандардан бастап әлемге Шамбаланың рухани ілімдерін әкелуге лайықты адамдарды Архаттар деп атаған. Бұл адамдарға ежелгі славяндар Вежа, Сокровенник, Межандар деп атаған адамдар да жатады.

— Ал керек болса, Архаттар және Архонттар! Айырмашылығы сәл ғана, бірнеше қарпінде, ал қандай кереғар мақсаттар! — деп Стас таңғалды.

— Иә, бірақ осы «сәл-пәл» белгілері қарама-қарсылыққа айналдырады, — деді Сэнсэй. — Ал осындай атауындағы болмашы өзгешелік, адамдар сөздерінің арқасында. Өйткені басында рухани білімдерді тарататын Архаттар болған. Кейін ежелгі грек кеменгерлері Архонттар деп атағандар пайда болған, олар Архаттардың арқасында адамдар арасында танылғанды өзгертіп бұрмалап, өздерінің сүйікті әдісіне салады. Бұл екі жақты адамдар қалай атаса да, бұл қарсыласу шлейфы адамзаттың бар өркениетінде созылып келе жатыр.

Архонттар Ариман принципі бойынша жұмыс жасайды. Ал Ариманның принциптерін кеше өз көздеріңмен көруге мүмкіндіктерің болды. Шамбала Бодхисатвасы айтқанды ол да айтатын сияқты, бірақ ақиқатты материя жағына асқан шеберлікпен бұрып жіберетіні соншалықты, көбіне адам жол бағытының қарсы бағытқа ауып кеткенін, ғаламдық алдауын тіпті байқамай да қалады. Бірақ бойында руханияты көбірек адам бұл алдауды түсініп әшкерелейді. Ариман қандай әдемі сөздермен әрлесе де жәй ғана пенделік әлсіздіктерге, Хайуани негіздің тілек-қалауларымен ойнайды. Мінекей адамда толық конфуз пайда болады. Өз Иесінің осындай принципімен Архонттар да жүреді.

— Ал Архонт сөзі нені білдіреді? — деп Юра сұрады.

— «Архонттар» сөзі гректің «archontes» сөзінен шыққан, «ақсақалдар», «ата-бабалар» (прародители), «басшылар», «билеушілер» деген мағыналарды білдіреді. Анағұрлым кейінірек ортодоксальды христиандар оларды «шайтан қызметшілері» деп трактовка жасай бастаған. Ал гностиктер ежелгі білімдерге негіз артып, тек рухани адам ғана еңсере алатын Архонттарды материалды ғарышты пайда қылған әлемді билеуші-рухтармен бейнелеген. Бірақ жалпылай алғанда олар Архонттардың билігі Жаратушының ойымен өте қиын қарым-қатынаста деп есептеген. Егер Архаттар мен Архонттардың мыңдаған жылдар бойғы күресін есептейтін болсақ, олардың кейбір сөздері шындық.

Жоғарғы Архонт немесе оны тағы «бүкіл әлемнің Архонты» деп те атайды, бұл «бар әлемнің патшасы» деген мағынаны білдіреді, ол Ариман... Бірақ ежелгі замандарда Жоғарғы Архонттың есімі қазір — «ғарыштық тұтастықтың рухы, мүлдем зұлым болмаса да, өзін абсолютті Құдайға санап, надандықта (невежестве) болған» деп трактовка жасайтын Абраксас болған. Бұл аңызды ертегі деп әлем құрылымы туралы білмейтін адам ғана санай алады. Ал ақылдылар үшін бұл тұспалдау, ой түйетін сөздер.

Осы сәтте Николай Андреевич сөйледі:

— Соңғысының орын алуының себебі, адамдар бұл туралы жарытып ештеңе білмейді немесе ақпаратты мүлдем білмегендіктен болатыны анық. Ал білім жоқ жерде, түсінбеушілік пен қорқыныш дүниеге келеді.

— Өте дұрыс. Адамдар мысалға Ариман туралы не біледі? Түптеп келгенде Архонттардың арқасында оларға алты жастағы баланың даму деңгейіне сай, «Біліс — мүйізі мен тұяғы бар, сені өзінің түнек патшалығына сүйреп әкететін, егер біздің айтқанымызды тыңдамасаң сені қарашайырмен қазанда қайнататын бұл жаман, бабай» деген сияқты ақпарат беріледі. Айтпақшы Архонттар осындай ақпарат беру техникасын тек дінде ғана емес, барша әлем саясатында да қолданады. Және мұның барлығының болу себебі, адамдар өзінің көпшілігінде күрделі ақпаратты, әсіресе саяси маңызы бар ақпараттарды қабылдай алмауында жатыр. Парадокс пайда болады: әрбір тұлға өзін ақылды, байқампаз санайды, ал көпшілікпен күрделі ақпараттар кішкене сәбиге примитивті түсіндірулер деңгейінде қабылданады. Және бұл ежелгі заманда да, қазіргі заманда да өзгерген жоқ. Сондықтан Архонттар өздерінің адамдарын тілмаш (толмачей) ретінде көтеріп осыны әлі күнге дейін пайдаланады.

Володя күмәнмен сөйледі:

— Адамдардың барлығын осылай қабылдауының себебі олар саяси қазанда қайнап жатқаның бар шындығын білмеуінде шығар. Ал шындықты әрине ешкім ешқашан айтпайды, себебі осы бейберекетсіздікті жасаушылардың жәй ғана абыройын шашады.

— Дәл, дәл солай, — деді Женька. — Егер шұжық пен саясатты жақсы көрсең, олардың қалай жасалатынын білмегенің дұрыс деп айтпақшы.

Балалар күлді. Ал Стас Сэнсэйге қарап әзілмен:

— Сонда қалай болғаны? Сол дінге байланысты да Архонттар ар-ұяттары еш қиналмастан өз Иелеріне жала жауып, адамдарды «қорқынышты бабайлармен» қорқытатыны ма?!

— Енді олар үшін бар мүмкіндік жақсы, тек мақсатқа жетсе болғаны. Ал мақсат қарапайым — адамның назарын ішкі руханиятынан сыртқы материалдыға аудару. Адамның өзінде жатқан, оның Хайуани негізінде жатқан жамандықтың шын себебін жасыру. Және олар үшін ең бастысы — адамдарға шексіз билік етуге қол жеткізу. Архонттар қоғамға өз ережелерін таңып, соғыстар ұйымдастырып, адамдарда хайуани жыртқыш инстинктерін оятуға ұмтылады. Оларға адамдарды қорқыныш пен білместікте ұстау тиімді. Өйткені егер адам шындықты білсе, қорқуын тоқтатып тіпті көзі ашылатын болады. Ол бұл алдауға жәй ғана түкіреді де, рухани жаққа бұрылып кетіп қалады. Сондықтан Архонттар осыған жол бермес үшін барлығын жасайды. Сондықтан балалар қанша айналдырсаңда, бұл әлемде құлақты үнемі түріп жүру қажет. Және бұл жерде уақытша, Ариманның үйінде қонақта екендігімізді ұмытпау қажет. Осының барлығы оның Сатрапиясы.

— Немене? Сатрапия?! — деп Андрей түсінбеді. — Бұл қалай?

Женька оған өзінше түсіндірді.

— Енді бұл жаналғыштар (жанқинағыштар) басқаратын жер мағынасында.

— Шын ба?! — деп Андрей аңқаулықпен Сэнсәйден сұрады.

Сэнсэй Женькаға күле қарады да, жауап берді:

— Солай дерлік. Сатрапия — бұл сатраптың билігіндегі өлке. *Satrapēs* — грек сөзі. Және ол ежелгі парсының *sitrap* сөзінен шыққан. Осылай Ежелгі Парсы елінде шексіз билік құрған облыс басшысын (сатрапия) айтқан.

— Мінекей, менде Сатрапия — халық үшін таза жан қинаушы деп айтып тұрмын! — деп әзілкеш Женька сөзді іліп



әкетті. — Ешкімнің Сатрапияда өмір сүргісі келмейді, — деді де, сол бойда қулана қосты: — бірақ әркімнің Сатрап болғысы келеді.

Балалар Женькаға таңғала қарады. Бұл кезде Володя Сэнсәйден құпия қауымдастықтар туралы сұрап жатқан.

— Демек, жасырын қауымдастықтар — бұл Архонттардың ісі болғаны ма?

— Неліктен? Жасырын қауымдастықтар Архаттарда да, Архонттарда да болған, — деп Сэнсэй нақтылады.

— Енді Архонттармен түсінікті, — деп Николай Андреевич келісті. — Кез келген билік жеке басының арамза мақсаты үшін манипуляция жасайтын құпия ақпаратқа иеленудің арқасында тұрады. Ал Архаттарға құпия қауымдастықтар құрудың не қажеті бар, егер олар рухани жолда болса?

Бұл сөздеріне Сэнсэй:

— Мен айтып кеткенімдей бұл әлем Ариманға тиесілі. Сондықтан Архаттар ежелгі замандардан бері адамдарға максималды көмектесуге тырысып, жасырын қауымдастықтарға біріккен. Осылай болғаны оларға ұнағаннан емес, берілген білімдерді тазалықта ұстау үшін, олардың көмегімен Архонттарға қарсы тұру үшін. Бірақ Архонттардан айырмашылығы осындай құпиялылық Архаттарға таяқтың екі ұшы секілді болды. Себебі кей кездері көптеген адамдар үшін Архаттардың көмегі рухани жағынан айтарлықтай салмақты болып, қарапайым адамдардың жадында осындай құпия қауымдастықтарға деген атақ пен құрмет тудырған. Бірақ адамдар осындай сөздерімен өздері түсінбестен Архаттарға зиянын тигізген. Олардың құпия қауымдастығы адамдар арасында атағы шығып біршама белгілі бола бастаған кезде, қарапайым сөзбен айтатын болсақ ол туралы көпшілік білген кезде, Архонттар сол бойда өз күштерін сол ұйымды жәй ғана құртуға емес, одан анағұрлым жаманды, сол ұйымға өздерінің адамдарын енгізіп, ұйымның ішкі идеологиясын өзгертіп және оны басқарған Архаттарды құртуға жұмсаған. Яғни, жасырын

ұйымның ішкі шаруасынан бейхабар қарапайым адамдар үшін ұйым сырттай жұмыс жасап жатты, бірақ рухани мәні ендігі бос болды. Ұйымның танымалдылығымен ойнап, тіпті өздері құртып жіберген Архаттардың есімдерін пайдаланып, Архонттар өздерінің қалауларымен ендігі адам санасына манипуляция жасаған, — деп жауап берді.

— Ал сен еске түсіріп кеткен Архонттардың алғашқы ықпалды шеңберінің бірі «Еркін тас қалаушылар» ( Вольных каменщиков) қандай ұйым? — деп Володя қызыға сұрады.

— О, бұл енді Архаттардың күшті «Азат тас қалаушылар» (Свободных каменщиков) ұйымы уақыт өте Архонттардың «Еркін тас қалаушыларына» (Вольных каменщиков) айналғандығы туралы классикалық мысал.

— Солай ма?! Бұл мысалды тыңдау біршама қызықты болар еді, — деп Николай Андреевич ыңғайлы жайғасып, қызыға айтты.

— Әрқашан мархабат, — деп Сэнсэй басын изеді де өз әңгімесін бастады. — «Азат тас қалаушылар» қозғалысы Ежелгі Мысырда дүниеге келеді. Басында ол Архаттармен позитивті, адамдардың рухани ұйымы болып құрылған. Ежелгі замандарда Мысырды Та-Камет деп атаған және ол Шамбала үшін ерекше жер болған. Бірақ қазір әңгіме ол туралы емес. Бұл қозғалысты дүниеге әкелген инициаторы, ежелгі орыс тілі терминологиясымен айтқанда Сокровениктің шәкірті — Вежа (Вежанин) болған Имхотеп есімді адам.

— Ал Имхотеп бұл кім? Фараон ба? — деп Слава Сэнсәйді мұқият тыңдап, қызығушылықпен сұрады.

— Жоқ, Имхотеп фараон болмаған. Бүгінде ол көптеген адамдарға алғашқы сатылы пирамиданы салған Сәулетші (Зодчий) ретінде танымал. Ол пирамида сол кездегі біздің заманымызға дейінгі 2778 жылы III династияның негізін қалаушы Джосердің құрметіне аталған...

— Ага, екі мың жеті жүз... бұл жалпақ тілмен айтатын болсақ біздің заманымызға дейінгі үшінші мыңжылдық па?! —

деп жартылай нақтылаған, жартылай сұраған Костя сол бойда санай жөнелді. — Бұл біздің заманымыздың екі мыңжылдығын, әлгі біздің заманымызға дейінгі үш мыңжылдыққа қосатын болса... Демек жалпылама жобамен бес мың жыл бұрын болғаны ма?

— Өте дұрыс, — деп Сэнсэй нақтылады.

— Ежелгі еркек! — деп осындай сандарды естіп Андрей күлкімен қосты: — Әйтпесе мен ол туралы қалай естімегенмін деп ойласам?

— Естідің! Мектепте. Ол туралы тарих сабағында айтылды емес пе, — деп Татьяна есіне түсірді.

— Андрейдің тарих сабағында тыңдаудан басқа маңызды шаруалары болды, — деп Костя әзілдеді.

— Мұны кім айтып тұр, — деп Андрей селк етті. — Дегенмен шынымды айтсам, сабақ ретінде тарихты жақсы көрмеймін. Сұмдық іш пыстырады. Оның үстіне мұғалімде, көздерің «өздері – ақ жұмылатындай» қылып оқиды.

Костя осыған байланысты бір нәрсе айтқысы келіп еді, бірақ Николай Андреевич әңгімені қызықты тақырыптарға епті аударып білді.

— Маған белгілі болғандай, Имхотеп өз заманында ерекше аты шыққан дәрігер де болған.

— Иә және тек дәрігер ғана емес, — деп Сэнсэй нақтылады. — Имхотептің маңызды Тұлға болғаны соншалықты, менің сіздерге ол туралы толық айтып беруіме лайықты...

Сэнсэй үзіліс жасап, Виктордан қолындағы минералды су бөтелкесін сұрап, кішкене ішті де, қайта берді. Ал кейін әңгімесін жалғастырды.

— Имхотеп сол кездегі Ежелгі Мысырдың астанасы Мемфиске жақын жерде дүниеге келді. Ол қарапайым адамнан шыққан, асқан тас шебері Кнофердің ұлы еді. Ол кездері мектеп деген болмаған. Және балалардың білім алуы отбасында болды. Әдетте ата-аналары қандай мамандық иесі болса, ұрпақтары да сол мамандықты меңгерген. Жалпы, мамандық отбасы ісі болды

және ұрпақтан-ұрпаққа беріліп отырды. Имхотеп әкесінен тас қалаушының шеберлігін өте жас кезінен үйренген. Солай болып қала берер ме еді, егер жолында оның талапты ақылы мен адами қасиеттерін лайықты бағалаған Сокровенник кездеспегенде. Имхотеп Сокровенникті кездестіріп өз өмір жолында Адам деген атқа шын лайықты таңдау жасаған кезде жасы он екіде еді.

Кейін Имхотеп Сокровенник шәкірті болып «Беляо-Дзы» ғылымының негізімен таныса бастайды. Сокровенник оған грамматика, математика, физика, геометрия, астрономия, медицина секілді жаратылыс ғылымдарынан бөлек, ішінде «Лотос гүлі» практикасы да бар адам туралы алғашқы рухани білімдерді де айтады. Және Имхотеп бар жауапкершілікпен өз бетімен айналыса бастаған кезде, бойындағы болып жатқан өзгерістерге таңғалады.

Костя таңғалғанынан тіпті аздап ысқырып жіберді:

— Ого! Сонда «Лотос гүлі» практикасы біздің заманымызға дейінгі үшінші мың жылдықта белгілі болғаны ма?.. Сонымен, сонымен, сонымен... Бұл Мысыр... Ал Будда біздің заманымызға дейінгі алтыншы ғасырда дүниеге келген... Ал керек болса! Қандай интервал, екі мың жылдан артық уақыт!

— Бұл жерде Будданың не қатысы бар? — деп Андрей түсінбеді.

— Енді қалай? Оны үнемі лотос гүлінде отырғанын суреттейді.

Костя бұл сөздерді ерекше таңғалыспен айтты, құдды бір Андрей біздің Философтың анық «логикалық тізбегін» түсінбегендей. Ал Женька балаларды тыңдап мырс етті де, осындай болашақ әңгімелерді болдырмас үшін Костяға асты сызылған сыпайылықпен:

— Құрметті Эйнштейно-Сократо! Жұртшылыққа таза білімнің жемісін татып көруге кедергі болмас үшін, ой тұжырымдарыңызды үнсіз жасайсыз ба, — деді де, сыпайы даусын ескерткен үнге айналдырып: — сіздің қиындататын ақылсынуыңызсыз! — деп қосты.

Ал Сэнсэй балалардың осындай «тактикалы» келіссөздеріне жәй ғана күлімдеп, Костяға сабырмен түсіндірді.

— «Лотос гүлі» практикасын адамдар ежелгі замандардан бері білген. Және ол туралы тек сол адамзат өркениеті ғана емес. Мен сіздерге бұл практика өте ежелгі, адам бар кезден бері болған деп айтқанмын. Тек уақыт өте ол туралы білімдер жоғалып отырған немесе адамдармен аңыздарда жасырылған. Себебі Архонттар да қол қусырып жатқан жоқ.

Мысырға бұл білімдер ежелгі мысырлықтар «жерде Құдайлар билік еткен» деп санаған, «алтын ғасыр» деп аталған замандардағы адамдармен берілген. Бірақ Имхотеп заманында бұл білімдер жартылай жоғалып, діни жоралғы формасына оранған еді. Лотос қасиетті гүл деп есептелді. Және көбіне бұл примитивті символдық тағзым етуге келіп және егіс алқаптарындағы егіннің көп болуымен байланыстырылды, себебі лотос гүлі Ніл өзенінің тасуында көптеп өсті (өзен суы егіс алқаптарына қара лайды әкеледі, осының арқасында мысырлықтар жылына бірнеше түсім алып отырған). Бірақ негізінен лотос гүлі рухани тазалықтың символы ретінде қастерленген. Жаны кіршіксіз таза адамға бұл әлемнің ешқандай жамандығы жоламайтындай, лотоста үнемі таза әрі еш ластанбастан батпақтан өсіп шығады. Оның үстіне бұл қасиетті гүл Ежелгі Мысырдың жоғары құдайлары туралы аңыздарымен байланысты болды. Мысалға Осириспен, оның жұбайы егіншілік (плодородия) құдайы Исидамен, олардың ұлы — лотос гүлі тағында отырғандығы суреттелетін жарық құдайы Гор немесе «лотоста дүниеге келіп» лотоста отырған, жаңа туылған Ра құдайы және сол сияқты. Лотос сакральды символдармен, космогогиялық аңыздармен (олардың бірінде бастапқы хаостан пайда болған төбе басында гүлі жайқалған лотос гүлінен «түнекте болған жерге жарық шашқан» күн баласы шықты деп айтылады) байланысты болған. Айта кету керек лотос гүлінде отырған осындай сәбидің суреті, рим замандарына дейін жалғасып келген.

Дегенмен «алтын ғасырдың» көптеген білімдері жоғалып, ал сол заманның шын болған оқиғалары аңыздармен көмкерілсе де, тұтастай алғанда Имхотеп өмір сүрген уақыттарда заманауи адамдарға қарағанда мысырлықтар, біздің тілмен айтқанда «рухтың» бар екендігіне көбірек сенген. Мысалға ежелгі мысырлықтар бұл әлемді уақытша, күндізгі уақытты түннің басатыны секілді, өмірден кейін өлім келеді деп есептеген. Және өлім жәй ғана күрделі өмір ағысының бір ғана этапты нүктесі деп қаралған. Яғни, біздің тілмен айтқанда реинкарнация процесіне сенім болған.

Юра қызыға сұрады:

— Сэнсэй, ал сен неліктен мысырлықтар «біздің тілмен айтқанда «рухтың» бар екендігіне сенген» деп айтасың. Оларда немене «рух» деген сөздер болмағаны ма?

— Оларда осыған мағынасы ұқсас сөздер болды. Ал «рух» (жан, душа) — бұл көптеген еуропалық халықтарға белгілі славян сөзі. Славяндық «душа» (яғни рух) сөзі, ескі славяндық «доуша» деген, ал «дух» (рух) сөзі «доухъ» сөзінен шыққан. Бүгінде оларды «дых-», «дух» түбірінен шыққан деп есептейді. Дем алудың тоқтауы өмірдің де тоқтағанының белгісі. Адам үшін өлу деген нені білдіреді? «Жанды шығару» (испустить дух). Дегенмен айта кетуім керек, славяндар үшін рух ажалсыз, байқасаңыз ақыл да, ерік күші де берілген рухани болмыс. Бұл олардың ойларында денесіз, яғни тәнсіз тылсым болмыс. Жан сонымен бірге жеке дара, яғни тән мен рухтан бөлек адамның өмірлік маңызы бар болмысы деп те трактовкаланған. Және славяндарда «душа» сөзі (жан, рух) — өзінің сакралды мағынасында (ол туралы сіздерге кейінірек айтып беремін), әйелдік негіздің біріншілігін (алғашқылығын) көрсетеді. Ал «дух» сөзі — мужской родқа жатады. Және жанмен бірігіп үйлесімділікте болады.

Славяндарда «дух» сөзі (рух) көптеген мағынаға ие. Бұл тәнсіз тылсым, рухани әлемнің тәнсіз тіршілік иесі, көлеңке, елес, аруақ. Және бұған көру (болжау, сәуегейлік, видение) де

жатады. Дух сөзі сонымен бірге рухтың күші, шешімділік, батылдык, ерлік және қамал дегенді де білдіреді. Осыдан «духовный» сөзі пайда болған, яғни жан мен рухтан тұратын тәнсіз рух (то есть дух без плоти, не телесный, состоящий из души и духа).

Мен бұлардың барлығын неліктен сіздерге толық айтып жатырмын. Себебі сіздер менің әрі қарайғы әңгімелерімді түсініп, славян халықтарының жадында қаншама алғашқы білімдердің қалғандығын түсіну үшін... Жалпылай алғанда рух (жан) түсінігі, әр заманда да әртүрлі халықтар арасында болған және адам жаны (рухы) әртүрлі атаумен аталған. Мысалға үнділерде санскриттегі индуизмде бұл «атман» деп естіледі. Нақтырақ айтатын болсақ рухты «Атманның бір бөлшегі» (яғни Әлемдік Рухтың бір бөлшегі) тек интуитивті деңгейде ғана жетуге болатын адамның шын «Мені». Парсыларда (зороастризмде) адамның ажалсыз рухы (жаны) «фраваши» деп аталған (айтпақшы бұл авестиялық таңбалануында «*fra-vart*» — «таңдауды іске асыру», және «*pra-vart-ti*» — *предсуществовать* (тіршілік етудің алдында болу) деген сөздердің туынды сөзі), яғни адам дүниеге келуінің алдында бар және оның өлімінен кейін де өлмейтін деген мағына. Және фраваши сөзі рухты (жанды) бейнелеуде әйелдік (женского пола) екендігі айтылады. Ал ол қанатты диск (фароар) ретінде суреттелген. Айта кету керек, бұл символ ежелгі мысырлықтарға да белгілі болған. Ізгі құдай Ахура-Маздаға көтерілген кезде, фраваши үш этаптан — хумат, хукхт және хваресттен өтеді деп саналған, ол сөздер ежелгі парсы тілінен аударғанда «ізгі ой», «жақсы сөздер», «игі істер» дегенді білдіреді.

Гректер рухты (жанды) түбірінде «дем алу» дегенді білдіретін «психе» (*psyche*) сөзімен атаған. Ал оларда дем алу түсінігі самал желмен, қанатпен жақындалған. Және олар рухты (жанды) тек мысырлықтар секілді ұшқан құс кейпінде ғана емес, көбелек бейнесінде де сипаттаған, себебі рух «Психея» сөзіне

сәйкес болған. Кейінірек бұл грек түсіндірмесі латын тіліне көшіп, «анима» (anima, animus) деп атала бастаған...

Николай Андреевич қызыға сұрады:

— Демек, латынның «реанимация» сөзі, жәй ғана «қайта тірілту» деген мағынаны білдірмейтін болғаны ма?

— Өте дұрыс. Түптеп келгенде бұл рухты қайтаруға тырысу.

Бірақ біздің Костяны басқа сұрақ аландатқандай. Сэнсәйдің жауап беруін күтіп, бала қызығушылықпен сұрағын қойды:

— Ал ежелгі мысырлықтар рухты қалай атаған?

— Ба, — деп Сэнсэй жауап берді.

Костя толық түсінбеген болуы керек таңғалып қайта сұрады.

— Ба? Бары осы-ақ па? Жәй ғана Ба?!

— Иә, — деп Сэнсэй абдыраған Костяның түріне қарап жымыды, — жәй ғана «Ба».

Женька бұл сөздерге сол бойда өзінше ой түйіп, Стасты бүйірінен түртті:

— Міне көріп тұрмысың, мен сені құшағымды кең жайып бар жаныммен «Ба! Қандай адамдар!» деп қарсы алғанда, сен маған «Не деген жөнсіздік?!» дейсің. Ал мен түпсана деңгейінде ежелгі мысырлықтар тілінде сенің рухыңа (жаныңа) сәлем беріп жатырмын.

— Түпсаналы... — деп Стас оны мазақтады. — Сенде түпсана қайдан бола қойсын? «Ішінде» болу үшін «сыртына» ие болу керек!

Бірақ Женька досына енді ғана қарсы сөз айтқысы кеп аузын аша бергені сол еді, Костя Сэнсәйге сұрақтарын қоюға кірісіп кетті.

— Жоқ, шыныменде жәй ғана «Ба» ма?

— Әрине, — деп Сэнсэй басын изеп нақтылады. — Дәлірек айтсақ «Ба» — бұл рух (жан) мағынасына барынша жақын термин. Ежелгі мысырлықтарда «Ба» сөзі адам болмысын құрайтын бес элементтің бірін білдірген. Ба-ны — екі әлем



арасын: жер мен басқа әлем (потусторонним) араларында ұшып жүрген адам басты сұңқар ретінде бейнелеген. Ба рух ретінде барша адамдардың олардың өлімінен кейін де өмір сүруін жалғастыра беретін өмірлік күші ретінде есептелген.

— Ал адам болмысын құрайтын қандай бес элемент? — деп ендігі Виктор қызыға сұрады.

— Бұл алғашқы білімдердің адамдармен біршама өзгертілгені. Яғни, түптеп келгенде бұл бес элемент адам құрылымының сипаттамасы, оның Рухани және Хайуани негізі.

— Біршама қызықты екен, — деді тағы да Николай Андреевич.

Сэнсэй мұқият тыңдап отырған ұжымға қарады да айтты:

— Енді бұл сұраққа осыншалықты қызығушылық бар екен, ендеше мархабат... Элементтердің біреуін ежелгі мысырлықтар өздерің білетіндей Рухани негіздің негізін құраушы рухты (жан) Ба деп атаған. Ба-ны көбіне адам басы бар және Ба-ның аспанға тиесілі екендігін білдіретін алдында жанған сәулеше (лампадка) орналасқан сұңқар түрінде бейнелеген. Халық арасында жұлдыздар нұрға бөленген Ба — жұлдыздар анасының рухы Нуттың кішкене сәулешелерінің жиналуы деген сенім болған (В народе жило поверье, что звёзды есть скопление маленьких лампадок блаженных Ба — душ матери звёзд Нут). — Сэнсэй іркіліс жасады да анық қайталады. — Жұлдыздар анасы! Осыны есте сақтаңыздар, әрі қарай не үшін екендігін түсінесіздер. Оның үстіне ежелгі мысырлықтар өз құдайларына Ба-ны сыйлаған. Мысалға Орион шоқжұлдызын Осирис құдайының рухы деп атаған. Сотисті немесе бізше Сүмбілені (Сириус) Осиристің сенімді жұбайы Исида құдайының рухына теңеген... Мұны да өздеріне түртіп алыңдар.

Сэнсэй біздер естігендерін ой елегінен жақсылап өткізсін дегендей кішкене үнсіз қалды да, кейін әңгімесін жалғастырды:

— Адам болмысын құрайтын екінші элемент ежелгі мысырлықтардың сенімі бойынша — бұл «Ах» немесе оны тағы да «Аб» деп те атайды. Ах «рух», «бақытқа бөленген»

(блаженный), «ағартылған» (просветлённый) деген мағынада, яғни мысырлық лексикалық негізінде «ах» — «жарқырау, сәуле шашу» дегенді білдіреді. Ах адам мен сәуле шашқан өмірлік күшті жалғаушы тізбек ретінде қаралған. Адам өлгеннен кейін жұлдыздарға қосылу үшін Ах тәннен шығып кетеді деп есептелген. Тіпті «Ах — аспанда, тән — жерде» деген сөзде болған.

Ах жарық қауырсынды тырнақұтан (ибис) құс түрінде бейнеленген — оны мысырлықтар «аху» яғни «жарқыраған» деп (сәуле шашқан) атаған. Оның үстіне Ежелгі Мысырда Тот — таным құдайы (және құдайы күш пен рухты тасушы) қастерленген, ол басы адам секілді немесе толық тырнақұтан бейнесінде суреттелген. Оның әйелі Сешат әрбір адамның өмірін бүге-шегесіне дейін Аспан Ағашы жапырақтарына жазып отырады деп есептелген.

Женька өзінің эзілді пікірін білдірмеуге шыдай алмады:

— Ал керек болса, толған қанаттылар: сұңқар, тырнақұтан (ибис)!

Оған Сэнсэй:

— Қанаттылар — ішкі мағынасын емес, тек сыртқы пішімін көретіндер үшін ғана... Ах сөзі сонымен бірге тұлғаның еркі мен тілек-қалауын білдіретін рух ретінде де трактовкаланған. Кейін осы «рух» жүрек «рухымен» (хати) ассоцияланған. Осыдан адам өлімнен кейін Осирис алдында қабір сотына түскен кезде, адамның Ах-ы емес (ерік пен тілектің рухы) оның адами істерге жауап беретін жүрегі Ба рухының болуымен (қатысуымен) таразыға тартылған, тепе-теңдік ретінде әділдіктің, ақиқат пен тәртіптің құдай патшайымы — Маат тұрған деген шатасулар аңыздарда пайда болған.

— Ежелгі Мысырлықтарда да қабір соты болғаны ма? — деп Андрей таңғалды.

— Әрине, — деп Сэнсэй жауап берді. — Олар өзінің өлімінен кейін қабір әлемінің жоғарғы соты болған Осиристі жарық шашқан құдай деп есептеген. Олардың сенімі бойынша Ол

адам рухының әрі қарай қайда баратынын шешкен: Иәлу алқабына (немесе оны тағы Иару деп атайды) яғни біздіңше «жұмаққа», ол ежелгі мысырлықтардың ойынша шығыс аспанында орналасқан немесе құбыжықтың жалмауына, яғни «тозаққа».

Сонымен шын білімдердің бұрмалануы орын алып іс осыншалықты абсурдқа жеткен кезде, діни қызметкерлер (басшылар) өздерінің маңыздылығын көтеріп, адамдарды келесідегідей иландыра бастайды: адамға қабір әлеміндегі «таразы» сынынан құтылу үшін және адам өлімінен кейін оның мүрдесін анатом пәктеп жатқан кезде (препарирую) кездейсоқ жүрегін бүлдіріп немесе тіпті осы маңызды ағзаны тәннен бөліп алуына алаңдамас үшін, діни қызметкерлерден сыйқырлы формула жазылған «жүрек-скарабей» деп аталатын резервті жүректі алу керек болған.

— Анекдот! — деп Володя балалармен бірге күлді.

— М-да, анекдот, — деп Сэнсэй мұндана айтты. — Адамның ақымақтығы одан да зорын ойлап табар, кейін көзіңнен жасыңды сүртіп күлу ғана қалады.

Николай Андреевич ойланып тұжырымын жасады:

— Демек, бұрмалау сол кездің өзінде орын алған. Мұны христиандар мысырлықтардан қабылдағаны анық... Ал бастапқы білімдер қандай болған? «Ах» түсінігінде не жасырылған?

— Барлығы өте қарапайым, — деді Сэнсэй. — Адамның әртүрлі тілек-қалауларын орындауға алғашқы серпіліс беретін «ерік» деп атайтын күші тек отыз пайыз ғана материяға тәуелді болады, яғни ми жұмысымен байланысты процестерге. Оның қалған көрінісі нәзік материяға көбірек байланысты болады, қарапайым сөзбен айтатын болсақ адамның энергоматериалды әлеміне, яғни аурасына, рухына, агатодемон және какодемон орталықтарына. Бұл күш жалғаушы түйін ретінде ерекше қасиетке ие: оны қаншалықты бір нәрсеге жинақтасаң, ол соншалықты сенің таңдауыңа байланысты энергоматериалды

құрылымдарды (ойда солардан құралады) нақтылы іске, оқиғаға немесе материалды болмаса рухани жағынан түрлену потенциалын күшейтеді. Айтпақшы өзіңнің еркінмен жасампаздықты осы спецификалық қасиетіне байланысты ежелгілер бұл күшті сана (ақыл) үні деп, «сендегі құдай» деп атаған. Кейін оны қалай атамады десенші: ақылдың (сананың) жинақталуы, тіл мен ерік күшін тасымалдаушының бірлігін құратын сана сақтаушысы.

— Жоқ, ал неліктен оны жүрекпен байланыстырған?

— Бағзы заманнан-ақ ерік күшінің (силы воли) жинақталған орталығы көкірек тұсы (солнечное сплетение) деп есептелген. Және бұл тағы «Лотос гүлі» рухани практикасымен де байланысты болды. Себебі осы жерде адамның нәзік энергоматериалды құрылымымен байланысты, бірақ ағза материясымен тікелей еш байланысы жоқ рух (жан) орналасқан. Енді былай, адамның ерік күші мен рухани тілегі қосылған күйі (демек мақсатты оларды жіберуі), адамның рухани жетілгені туралы білдіреді деп есептелген.

Оның үстіне ежелден ерік күшіне біздің тілмен айтқанда сезімдер мен эмоциялар әсер етеді деп саналған. Тағы да бұл ықпал ету осы аймаққа таңылған. Және бұл кейбір мағынасында шындық. Ал жүрекке келетін болсақ... Жүрек — ағзаның қанын айдап тұратын орталық сорабы (насос) секілді. Ал қан — бұл өте ерекше, мүлдем қарапайым емес сұйықтық және бүгінгі заманауи білімдерге қарамастан өте аз зерттелген. Қосылыстары осы сұйықтықтың материалды құрылымын жасауға әкелетін энергия деп айтуға болатын әлгі негізгі күштер, Аримандық жүйедегі, қарапайым тілмен айтатын болсақ жүйедегі негізгі элементтер болып саналады... — Сэнсэй керекті сөздерді ойлағаны анық, — енді барынша түсінікті болу үшін «материяны бағдарлау» жүйесінде, — деді.

— Қызықты ақпарат, — деп Николай Андреевич серіге түсті де лезде құмарпаз ғалым секілді шыдамсыздықпен сұрады. — Ал бұл туралы толығырақ білуге болады ма?

— Ақпарат қызықты, — деп Сэнсэйдә сөзімен келісті. — Бірақ қазір бұл сұраққа толық ақпарат болмайды. Сіз оған әлі дайын емессіз.

Шынымды айтсам Сэнсэйдің осындай үзілді-кесілді жауабына біршама таңғалдым. Өйткені арамыздағы жәй қызығушылық үшін емес, ұзақ уақыт ғылыммен айналысып жүрген және бұл білімдер жұмысында анық кәдеге асатын адам сұрады емес пе. Бірақ Сэнсэй үзілді-кесілді жауап беріп, бұл туралы қарсы сөздерді де естігісі келмегендей шорт кесті. Және мен: егер ол солай жауап берсе, оның маңызды себебі болғаны, демек бұл білімдер өте маңызды және арнайы рухани жетілуді тіпті Николай Андреевичтей ақылды және білімді адамның да дайындығын қажет етеді деп ойладым.

Сэнсэй дәрігерге жауап беріп, кішкене үнсіздіктен кейін ешнәрсе болмағандай ежелгі мысырлықтар туралы әңгімесін жалғастыра берді.

— Енді, жүрек жайында... Білім Ежелгі Мысырда болған, бірақ осының барлығы дінге айнала бастаған кезде, діни қызметкерлер (басшылар) оларды әдейі бұрмалаған. — Және әзілімен қосты: — Өйткені нейрондарды қалыпты көзбен көру мүмкін емес, ерік күшін қолыңмен ұстап көре алмайсың. Осылай діни қызметшілер «Ах» түсінігін жүрекке таңуды шешеді, оның үстіне халық арасында сезімді жүрекпен көркем байланыстырған әртүрлі сөздер жүрді. Қанша дегенмен біршама сезілетін және тәннің ортасында болған ағза. Қарапайым адамдар арасында бұл бұрмалауды кім байқайды дейсің? Есесіне мінекей, «адами тілек-қалаумен ерік күшінің көрінісінің» анық материалды дәлелі. Адам өлгеннен кейін ерекше қызығушылар көзбен көріп, ұстай алады. Кейін көп уақыт өтпей діни басшыларға үлкен кіріс әкелген таңғаларлық жарнама деп айтуға болады. Осылай бұрмалауды жаппай көшіру басталып кетті.

— Иә, пенденің аты пенде, — деп Николай Андреевич күрсінді.

— Айтып тұрғанымда осы.

— Мысырлықтар да қатырады! — деп Слава мысқылдады.

— Білімдерді осылай материализациялау көптеген халықтарға тән, — деді Сэнсэй.

— Түсінікті, — деп созды Андрей. — Бұл — Ариман сапалы жұмыс жасайды деп аталады!

Костя әңгіме өзін қызықтырған бағыттан тағы да ауытқып бара жатқанын көріп, Андрей жаққа қолын сілтеді:

— Сен тоқтай тұршы! — Ендігі Сэнсэйге қарап қайтадан сұрағын қоюға кірісті: — Сонда не болғаны... Ежелгі мысырлықтардың адам болмысын құрайтын бес элементі: Ба — рух (жан), Ах — ерік күші мен тілек-қалаулар... Ал қалғандары?

— Қалғандары? Енді бұл Ка — элементі, адамның рухани сыңары деп есептелген, адамға туылғаннан бастап берілетін («дем алу», «рух») және физикалық өлімінен кейін дүние салған адамды қабір патшалығына өткізетін, ал кейін оны тастап шығатын өмірлік күші. Ка адаммен бірге туылып, оның жақсы-жаман қасиеттерін бойына сіңіріп бірге жетіледі деп есептелген. Ка тәннен тәуелсіз өмір сүре алады, мысалға аспанға көтеріліп сол жерде құдайлармен әңгімелесіп болмаса жер бетінде жәй ғана қозғала алады. Ка белгісін шынтақтары иіліп, қолдары жоғары көтерілген екі қол белгісімен (көбіне бұл белгіні сыңарының басына орналастырған) суреттеген, кейбір жағдайда «құшақтау, қапсыру» деген мағыналы иероглифті еске түсіреді. Адамда Ка-ның көптілігі (множественность) туралы айтылған немесе оны тағы Кау деп те атаған.

— Адамның астралды тәніне ұқсас екен, — деп Николай Андреевич болжамын айтты.

— Енді неліктен ұқсас? Дәл өзі. Тек ежелгі мысырлықтар бұдан бөлек Ка-ның көпшілдігі туралы және аураның қорғаныш функциясы туралы түсініктерді де қосып жіберген. Бірақ бұл маңызды емес. Жалпылама азды-көпті дұрыс бағытқа қарай трактоваланған. Адамның астралды тәні ретінде мысалға «Ба» «Ка»-да мекен етеді және тәнсіз немесе тәнде болу қасиетіне ие

деп саналған. Дегенмен Ба құрылымы бойынша эфирлі субстанцияға көбірек жатады...

— Ал бұл мысырлықтар соншалықты ақы... — деп Слава лезде өз ойын өзгертті.

Сэнсэй болса өз әңгімесін жалғастыра берді:

— Адам болмысын құрайтын тағы бір элемент адамның физикалық тәні — Хат деп аталды.

— О! — деп Костя қуана айқайлап жіберді. — Мен енді болмағанда оларда тән деген түсінік бар ма, жоқ па деп уайымдай бастаған едім.

Сэнсэй білінер-білінбес жымиды да:

— «Хат» сөзімен ежелгі мысырлықтар тек физикалық тәнді ғана емес, ыдырау (разложение) тән болған барлық нәрсені атаған... Және Ка мен Хат триадасын қалыптастырушы элементтің бірі Ху болған, — деп қосты.

— Ху?! — деп үлкен жігіттердің күлкісімен Женька таңғала сұрады.

— Иә, Ху, — деп Сэнсэй күле растады. — Ху ежелгі мысырлықтарда өзінің тәнге ықпалында Ба түсінігімен тең болатын ақыл (сана) күшін білдірген. Кейін бұл термин Хат пен Ка-ның арқасында өмір сүріп, физикалық тәнмен бірге өлетін, яғни Хат-қа «рухтың жақсы емес бөлігі» деп трансформацияланған. Біздің тілмен айтқанда бұл Хайуани негіз.

Костя таңғала:

— Сонда қалай болғаны, Хайуани негіз туралы түсінік ежелгі замандарда-ақ белгілі болғаны ма?! — деді.

Үлкен жігіттер шыдай алмай осындай сұрақтан ба, әлде баланың таңқалған күлкілі жүзіне ме күліп жіберді, ал Женька болса «отқа май құйғандай»:

— Ал сен қалай қалап едің? Барлық замандар мен халықтар арасында Ху-дың аты Ху! Ху қалай болса, солай қалды, одан ешқайда қашып құтылмайсың, — деді.

Осындай сөздерден кейін ұжым күлкіге қарқ болды. Және бәрінен қатты «көзден жас аққанша» демекші Сэнсэй күлді.

Николай Андреевич әңгімені қалпына келтіргенше балалар Костяны әзілдерінің астына алды.

— Маған «рухтың екіжақтылығы» туралы түсінік бір жерде кездескен сияқты, бірақ қай жерде екендігі есімде жоқ.

— Ой, мұндай ұғымдар әртүрлі халықтардың сенімдерінде толып жатыр, — деді Сэнсэй. — Мысалға, Үнді елінде джайнизм дінін ұстанушы адамдарда, джива — яғни рух, рухани негіз және аджива — яғни материалды негіз деген түсініктер бар. Бұл адамдар қоршаған әлемде джива әрқашан адживамен байланыста және жәй байланысып қоймай, ол жерде (адживада) қамақта отыр әрі оған тәуелді деп есептейді.

Немесе ежелгі қытайлықтардың адам туралы түсінігін алып қарайық. Оларда адамда басқа рухтардан бөлек екі ерекше рух: Хунь және По бар деп есептеледі. Хунь рухы олардың ойынша адамның «Ян» күшімен байланысты рухани негізін басқарады – мыс. Тәннің өлімінен кейін бұл саналы негізі мейірімді рух Шэньге айналып, бірнеше уақыт өткеннен кейін аспанға ұшып кетеді. По рухы адам тәнін басқарады, яғни оның материалды, «Инь» күшімен байланысты хайуани негізін. Бұл төменгі сезім негізі тәнмен бірге өліп және Гуй бейнесінде толық ыдырағанша (шірігенше) мүрдеде болып, кейін жерге (кетіп) сіңіп кетеді. Және тірі адам тәні Хунь мен По-ны байланыстыратын жалғыз жіп болып есептелген. Тәннің өлімі олардың бөлінуіне әкеледі. Айтпақшы, ежелгі қытайлықтарда өз заманында көптеген көктемгі жоралғылар болған, онда олар Хунь мен По-ны шақырған. Бұл жоралғылардың негізі Хунь мен По-ның қосылуы өмір және жақсы егін береді деген сенімде болған.

— Ал бұл екі рухтан бөлек тағы қандай рухтар айтылған? — деп Виктор сұрады.

— Мысырлықтар сияқты, тек біршама басқа интерпретациясында. Мысалға ежелгі қытай наным-сенімі бойынша Лин барлық тіршілік иелері мен заттарда болатын рух (жан); ци — өмірлік күш. Бар ішкі ағзалар мен тәннің



бөлшектерінің де рухы бар. Сонымен бірге сіздер білетіндей (тыңдағанда), — Шэнь — өлген адамның жақсы рухы, Гуй — өлген адамның жаман рухы.

— Түсінікті, — деп Виктор басын изеді.

Ал Женька мырса етіп әзіл үнімен:

— Ал мен қытайлықтардың осындай Хунь Линь, Хунь По деген аттары не үшін десем?! Осылайша айқайласып, бір-бірін әке-шешеден боқтайтын шығар деп ойласам. Адамға осындай есім беру үшін оны қаншалықты жақсы көру керек! А, істің мәні осында екен! — Және Стасқа көз қиығын салып күлкімен қосты: — М-да-а... Міне солай, егер Стас Қытайда дүниеге келгенде — қазір анағұрлым жақсы есімге ие болар еді, мысалға Стас Хунь По!

— Әй сен естимісің, Хунь Жень По, сен мені өзіңнің тарихи Отаныңды агитациялаумен шаршаттың! — деп Стас күлді.

— Менің тарихи Отаным?! — деп славяндық дене бітімі «Аспан асты елінің» тұрғынына мүлдем келмейтін Женька патриоттық сезімімен селк ете қалды. Бірақ жігіт сол бойда менмендігін басып, көздерін сығырайтып Стасқа құрметпен тағзым етіп басын изей бастады:

— Қош келдің...із, дегенмен...

— Дегенмен?! А-а-а, сен чукча болдың ғо! Енді ренжіткенім үшін кешіріп қой бауырым. Ал мен сені қытайлық деп ойласам, — деп Стас барлығымен бірге күлді.

— Ал сен таппа-дин, яғни дурыс айтпа...дын! Мен — қытайлық цюкцямын!

Женька тағы да өзінің әзілімен біздің ұжымды күлдіртті. Оған көптеген әзілдер жауды, бірақ жігіт оларды өзіне ұнаған «қытайлық чукча» образымен еш дарытпады. Көңілді бес минут кенеттен басталғанындай, лезде аяқталып та қалды. Николай Андреевич Сэнсэйден рухани негіз туралы бір нәрселерді сұрап жатты. Өкінішке орай Женьканың кезекті жауабына күлген балалардың шуылынан, қандай сұрақ қойылғандығын ести

алмадым. Бірақ оған жауап бере Сэнсэй келесідегідей сөздерді айтып жатты:

— Дұрысы мен бұл тақырыпқа кішкене уақытымды бөліп, осы туралы бір қытайлық тәмсіл (өсиет әңгіме) әңгімені айтып берейін...

Балалар тынышталып, қызығушылықпен тәмсіл әңгімені тыңдай бастады (притча).

\* \* \*

— Баяғы бір өткен замандарда Қытай елінде Танг-Ця-О есімді бір кемеңгер адам өмір сүріпті. Ол көптеген жылдар өмір сүріп, жер бетінде және жұлдыздар арасында болып жатқанның көбісін біліпті. Бірақ ол адамдар арасында, адамның ішкі жан дүниесінде не болып жатқандығы туралы көп білетіндігі үшін ең дана адам саналған екен. Бірде оған шәкірттері келіп, қызықты жұмысының үстінен түсіпті. Бақшасында өзі жиі тынығатын және ой толғанысына кететін тал жанында өзіне қабір қазып аяқтап қалған екен. Шәкірттері шошынып, аспанмен белгіленген өлім уақытынан бұрын неге олай жасағанын сұрайды. Кемеңгер: «Тыныштықты есте сақтау үшін» деп жауап беріпті. Шәкірттері таңғалып, Танг-Ця-О-дан даналық сөздерінің мәнін түсіндіруді сұраған. Және ол шәкірттеріне бір тарихты айтып берген. «Бүгін мен тал жанына отырып осы жер бетіндегі сүрген өмірім туралы ойлана бастадым. Және терең ойға кеткенім соншалықты, менің Хунь рухымнан мейірімді рух Шэнь бөлінгенін, ал менің По рухымнан жаман рух Гуй бөлінгенін көрдім. Олар бір-біріне қарама-қарсы отырды да әңгімелесе бастады.

Гуй мақұлдаған даусымен Шэнь-ге ұсыныс жасады:

— Тағы бір мәрте өмір сүру жақсы болар еді!

— Не үшін? — деп Шэнь рухы таңғалды. — Өзінің шаршататын әрі ауыр жолын аяқтап, үйінің есігіне келіп, осы бар жолды қайтадан еңсеру үшін кері қайтатын тек ақымақ қана.

— Сонда да тағы бір мәрте өмір сүру жақсы болар еді! — деп Гуй көңілді айтты.

— Не үшін? — деп шаршаған Шэнь тағы қайталады. — Суыр секілді іннен атып шығып қабірге тығылу үшін бе? Жоқ, бұл сұмпайы өмір кешу тезірек аяқталса екен.

Гуй рухы мұндана күрсініп:

— Бірақ сонда да тағы бір мәрте өмір сүру жақсы болар еді! — деді.

— Түсіндірші, не үшін? Қайтадан азап шегудің, ауру мен айырылудың не екенін тану үшін бе? Бірақ өмір дегеніміз — бұл мәңгілік шөл мен айтып жеткізе алмас азап емес пе!

Гуй рухы тіпті жылап жіберді:

— Тағы бір мәрте өмір сүрсек жақсы болар еді!

Оларды тыңдай отырып, менің бір сәтке Гуй рухына жаным ашыды, өйткені ол тәнмен бірге өліп, мәңгілік жерге сіңіп жоқ болады. Және мен бір сәтке: «Иә, тағы бір мәрте өмір сүру жақсы болар еді!» деп ойладым. Және сол бойда талықсып кеткендеймін. Гуй рухы мені іліп алып түнек арқылы жаңа өмірге көңілді ала жөнелді, құлағыма сыбырлады: «Иә, иә, иә! Тағы бір мәрте өмір сүру жақсы! Мен сенің жастық шағыңды қайтарып, сенің өміріңді қуанышпен толтырамын, біздің өміріміз сән-салтанат пен ләззатта өтетіндей саған сондай білімдерді беріп, сені кәсіпке, өнерге үйретемін».

— Ал осының барлығына қандай төлем сұрайсың? — деп мен абайлай сұрадым. — Менің Хунь рухымды емес пе?

— О, жоқ! — деп Гуй рухы қуана айтты. — Хунь рухы өзіңдікі! Ол туралы еш алаңдама. Ол онсызда сенің артыңнан ілеседі және сен өміріңді еш қорқынышсыз әрі қауіптенусіз кешесің. Бірақ менің бір ғана шартым бар: мен сенен үнемі бір қадам алда жүремін.

Мен ойландым да бұдан еш жамандық көрмей келістім:

— Жақсы.

Және біздер бірден ит тұмсығы кірмес қалың орманда ояндық. Гуй рухы батыл алдыға кетті, мен үшін тікенекті


бұталарды ашып еркін қозғалғаным соншалықты, тіпті бірде-бір рет жарақат алғаным жоқ. Және мен: «менің Гуй рухым қандай ақымақ. Алдымда жүрсе жүре берсін. Бұл мен үшін тіптен жақсы. Мен үшін қара жұмысты жасай берсін, ал мен өмірден ләззат аламын» деп ойладым.

Біздер құдіретті айдаһардың мекеніне келдік. Оған бірінші болып Гуй рухы барды және оған айдаһар өзінің тікенегін тигізіп сол бойда күшпен толтырды. Менің рухыма жаман еш нәрсе жасамағанын көріп, менде айдаһарға бардым. Өзінің шанышқысымен менің тәнімді түйреп ол лезде жасарып шыға келді. Айдаһар құйрығымен жерді соғып, біздермен бірге жасарған әлемде ояндық, ол жерде таңғаларлық гүлдердің мас қыларлық хош иісі шығып, ерекше құстар ғажап ән салып жатты. Өмірдің толыққандылығына шаттанып мен адамдарға бардым.

Барлығы Гуй уәде бергендей болды. Ол маған өзінің танымдарын (білімдерін) берді. Мен лезде кәсіптегі және өнердегі шеберлігіммен, барлығын біліміммен таңғалдырып, адами бостық қуанышының ортасында көтеріліп шыға келдім. Бірақ өз Гуй рухымның басыбайлы қызметшісіне айналдым. Өйткені мен не ойласамда, тіпті ойларымда да Гуй рухым басымдыққа ие болды, мен не айтсам да Гуй рухымның сөздері бірінші болып шықты. Және мен не жасасам да, істі бастаушы менің жаман Гуй рухым болды. Мен өзімнің жақсы рухым Хунь үшін еш нәрсе жасай алмадым: оймен де, сөзбен де, іспен де. Тіпті өзімді және өз жолымды табу үшін онымен оңаша да қала алмадым. Барша әлем көз алдымда сұр түске енді. Мен гүлдердің хош иісі мен құстардың ғажап әнін естуді қойдым. Өзімді жаман Гуй рухы алдағанын түсіндім, өйткені мен оған алдымда жүруге мүмкіндік беріп, оның басыбайлы құлына айналдым, осылайша өзімнің Хунь рухымды оның билігіне құлдыққа салдым. Және жасаған ісіме қатты өкініп, жылап жібердім. Себебі сол кезде ағаш жанында өзімнің Хунь рухымның Тыныштық пен Үйлесімділікке жетуі үшін бір ғана қадам қалған еді.

Осы сәтте оянып, мәнін түсініп, көзім ашылды. Күректі алып тән мен Гуй рухы үшін қабір қаза бастадым. Осы жерге келген әрбір күн сайын, өзімнің өлетін күніме дейін Хунь рухы туралы және оның Ұлы Тыныштық Үйі туралы есте сақтау үшін».

Шәкірттері оның жүрек жарды әңгімесіне таңқалады. Және Танг-Ця-О оларға даналықты айтып береді: «Адами қарбаластың (әбігершілік) еш жемісі жоқ. Адамдар асығады, По таңған қорқыныш пен ашудан азап шегеді. Бұл уақытта Ұлы Дао құдайы тыныштықта болады. Кімнің тілек-қалауы болса және ол туралы ойласа, өзінің тілек-қалауының арқасында ол бұл әлемге қайта туылады. Тек рухы мінсіз, тілек-қалаулары мен қорқыныштан еркін (ада) адам ғана, Ұлы Дао құпиясын танып бұл әлемді мәңгілікке тастап шығады. Кемеңгер адам Ұлылыққа жету жолында өзінің жан дүниесіне терең бойлап, рухани тазару жолымен жүріп, оны бір қадам алдыда өзінің Хунь рухы жетелейді. Өйткені барлығы да Жоғарының заңдылықтарымен шартталған. Жоғарғы барлығын басқарады және барлығын (барлық тіршілік иесін) мінсіздікке жетелейді. Ал мінсіздік түпкі мақсатқа — Тыныштыққа (Покой) жетуді білдіреді. Өйткені Тыныштықтың өзі қазыналы руханияттың қайнар көзі».



«Өзіңнен бір қадам алда»  
Анастасия Новых суреті

Және Танг-Ця-О ғасырлар бойы есте қалған даналық сөздерін айтады: **«Ұлы Дао Тыныштығын иеленгің келсе, есінде болсын, туылуың өлімге әкеледі, бірақ тек өлім арқылы ғана өмірге келуге болады».**

Осы тәмсілді (притча) айтып, Сэнсэй біздердің таңғалған жүзімізге көзін салды. Ал біздер оған үнсіз қарадық. Және тыныштық орнағанымен менің құлағымда Сэнсэйдің соңғы айтылған сөздері әлі де жаңғырып тұрды: «...есінде болсын, туылуың өлімге әкеледі, бірақ тек өлім арқылы ғана өмірге келуге болады». «Бұл сөздер қалайша дөп басып айтылған десеңші, — деп ойладым. — Себебі тіпті менің өмірімді алып қарайық: егерде Тағдыр мені Өлімге осыншалықты жақындатпағанда, мүмкін мен шын өмірдің қандай екендігін түсінбей қала беретін едім. Бұл сөздер рухани жолмен жүруші үшін әмбебап ақыл-кеңестер (подсказка) емес пе! Мысалға, егер менің материалдық тілек-қалауларымды қарайтын болсақ, олар менде пайда болған кезде, ерте ме, кеш пе мен бұл тілек-қалаулардың еш маңызы жоқ бостық екендігін түсінетін болып шығамын, яғни шындығында бұл тілек-қалауларым бойымда өле бастайды. Ал мен осындай ақымақтықтарды қалауды тоқтатқан кезде, менің назарым өмірдегі анағұрлым маңызды құндылықтарға жинақтала бастайды. Немесе «тілек-қалауларымның» орнына менің «қорқыныштарымды» алып қарайтын болсақ. Және тағы да бойымдағы туындаған әртүрлі қорқыныштар соңында мені осы қорқыныштардың себебін және олардан құтылудың жолдарын өзімнен іздеуге әкеледі. Ақыр соңында бұл ерте ме, кеш пе мені өзімнің қорқыныштарымның «өліміне» әкеледі. Ал қорқыныштан арылған соң, Сэнсэй айтпақшы адам қорқыныштардан еркін болады, демек ол шын өмірдің не екендігін түсіне бастайды. Иә, егер адам болмысына ғаламдық көзбен қарасақ: өз Хайуани негізінді нөқталамай, рухымыздың нені қалайтынын және бұл өмірдің біздерге не үшін берілгенін сезіне алмай өтетін болып шығады. Бұл мысал (притча) қалайша дәл айтылған десеңші: рухани жолмен жүру

үшін, сені өз рухың жетелеу үшін, үнемі өзіңнен, өз Эгоннан (тәкаппарлығыңнан) бір қадам алда жүру керексің, сол кезде бағытыңда жаңылмай, ерте ме, кеш пе қасиетті мақсатыңа жетесің».

\* \* \*

Менің ой-толғанысымды өз әңгімесін жалғастырған Сэнсэй үзіп жіберді:

— ... Міне ежелгі Қытай елінде рух туралы және басқа адам болмысының элементтері туралы осындай түсініктер болған... Немесе түркі тілдес Сібір халықтарының, алтайлықтардың түсініктерін мысалға алып қарайық. Олар да адамды бес элементке жіктейді: «көрмәс», бұл сөз тура мағынасында «көрмейтін» — өлген адамның рухы дегенді білдіреді. Және ол «ару-көрмәс», яғни «таза» (жақсы) және «дьяман-көрмәс», яғни «жақсы емес, зұлым» болуы да мүмкін. «Көрмәстен» басқа адамның ажырамас бөлігі «тын» — тыныс (дем алу), «сюр» — тәннен ажырай алатын (шыға алатын) елесі, егізі; «кут» — өмірлік күш, ол ұрланса өлімге ұшыратады... — Және кішкене ойланып: — Гректерде де «тән-рух» дихотомия түсінігі болған, — деді.

— Немене? — деп Андрей естімей қалды. — Тихотомия?

— Жоқ, дихотомия — деп Сэнсэй қайталады да сол бойда түсіндірді. — Бұл сөз гректің *dicha*, «екі бөлігі» (екі бөліктен тұрады) деген және «*tomē*?», — «қима» (қимасы, сечение) деген сөздерінен пайда болған. Яғни, бүгінгі біртіндеп екіге бөлінуі, ал кейін әр бөлігі қайтадан екіге бөлінеді, сол сияқты.

Николай Андреевич Сэнсэйдің сөздерін растағандай басын изеді де, қайта өзінің жалпылама қорытындысын айтты.

— Енді, неліктен «Ескі Өсиетте» (Ветхом завете) рух дем алумен байланыстыратыны (отождествлялась, салыстыру, ұқсастыру) азда болса түсінікті болды. Мысырлық (ежелгі) дереккөздер анық көрініп тұр.



— Айтпақшы, — деді Сэнсэй. — Байқасаңыздар, ежелгі еврейлерде рух пен тәнді бөлінбейтін біртұтастылық санайтын түсініктері болған.

— Солай ма? — деді Николай Андреевич білінер-білінбес жымысымен. — Енді, осындай түсінікті толық бір халыққа таңу, біреулерге өте қажет болғаны анық.

— Оған еш күмән жоқ, — деп Сэнсэй сөзіне келісті.

— Тоқтаңыздар, мен дұрыс түсінбедім, — деп Виктор сұрыптай (разбираться) бастады. — Мысырлық (ежелгі) дереккөздер анық көрініп тұр дегені қалай? Бұл сонда ежелгі еврейлер ежелгі мысырлықтардан көшіріп алып, бұл жазбалардың дереккөзін көрсетуді ұмытқан болып шыққаны ма?!

Сэнсэй бұл сөздеріне:

— Енді, біріншіден ежелгі еврей халқының өзі «көшірген» жоқ, өйткені олар сол замандарда негізінен мал шаруашылығымен айналысатын жабайы көшпенді халық болатын. «Көшіріп алушылар» сол замандардың өзінде халқын құлша пайдаланып, (еврейлерді) басқарған еврей дін басшылары болды. Ал екіншіден, олар тек ежелгі мысырлықтардан ғана көшіріп алған жоқ, — деп жауап берді.

— Жоқ, енді олар бәрібір де көшіріп алды емес пе! — деді Виктор.

Сэнсэй жәй ғана күлді де жымысымен жауап қатты:

— Есесіне сенің қазір «Ескі Өсиетегі» (Ветхом Завете) ежелгі халықтардың әртүрлі аңыздары (преданиями), тарихи құжаттар, шежірелерімен, діни-философиялық бағыттағы шығармалары, шығыстық дінді ұстанған сол ежелгі мысырлық, шумерлік, аккадтық (аккадцев), парсылық, ежелгі гректік және басқа да халықтардың догмаларымен (догма) танысуға мүмкіндігің бар.

— Ал керек болса! — деп Стас таңғала айтты. — Мен үшін бұл үлкен жаңалық! Ал мен еврейлерді осындай әлемді түсінуге өздері жеткен, сондай ақылдылар деп ойлап жүрсем.

— Әрине ақылды, — деп Сэнсэй басын изеді. — Себебі анағұрлым (өздерінен) дамыған өркениеттің ежелгі білімдерін осыншалықты өзгеріске ұшыратып, өз діні секілді көрсету үшін шыныменде өте ақылды болу керек. Және тек көрсетіп қана қоймай, адамдардың көпшілігін басқа халықтар ішінде еврей халқының ерекше «таңдаулы» екендігіне сендіру үшін, қалған басқаларына тек өздерінің сенімдері ерекше құқыққа ие деп (дәмеленіп) соңында өз идеяларын барша әлемге нақтылап бекітті. Демек бұл бірінші кезекте әлемдік үстемдікке ұмтылған өздерінің жеке мүддесі үшін өз халқын қалқан етуші, еврей дін басшылары қауымының (клан), ұрпақтарының «таңдаулы» екендігіне үлкен мән береді. Діни басшылықтың шыңында тұрғандардың өздерінің жүгенсіз биліксүйгіш мақсаттарының кесірінен ғасырлар бойы сол қалқанға (еврей халқына) барлық тастар лақтырылуда. Өкінішке орай халқы олардың жекеменшік құлдары болды және солай қала берді, осы «діни басшылардан» тоқтаусыз бас аурынан басқа ештеңе алған жоқ.

Енді былай, өздерінің арам мақсаттары үшін әртүрлі халықтардың дәстүрлі ілімдерін осыншалықты өзгеріске ұшыратып, кейін осы тақырыпты талдағысы келуші ең алдымен еврей халқының тілін, тарихы мен мәдениетін зерттеуге мәжбүрлейтін, тіпті олардың ішкі құрылымын қайта құру үшін жәй ғана ақылды емес, өте ақылды адамдар болу керек еді. Ал ол дегенің бірінші кезекте діни жағынан жақсартылып негізінен бастап өзгертілген еврей дін басшыларының пайда болуы және олардың барша адамзаттың дамуындағы «орасан зор» рөлі туралы «тарихпен» танысу деген сөз.

— Бұл дәл! — деп Николай Андреевич күліп жіберді. — Інжілде кім-кімнен туылды және барша халықтар кімдерден пайда болғанын оқысаң болды, өзіңнің ұлттық болмысыңа күмәнмен қарай бастайсың.

Сэнсэй ұжыммен бірге көңілді күлді. Женька сол бойда өзінің көңілді қағытпа сөздерін айтпауға шыдай алмады.

— Енді сонымен кім жазғаны?! Жаппай таланттылар мен самовыродкилар!

— Самовыродкилар емес, самородки (саф, таза, сомтума), ауылбай! — деп Стас күлкімен сөзін түзетті.

— Енді менде осыны айтып тұрған жоқпын ба, өздері бастап, сол былыққа өздері батты, — деп Женька досына түсіндірді.

Стас балалардың күлкісімен үмітсіз қолын сілтеді.

— Мен оған нені түсіндіріп жатырмын? Тек екі көзі ғана, бірақ олар да мұрнының артында.

Күлкілі диалогтарына Володя өзінің жуан үнімен түсінік берді:

— Енді әлгі мақалдағыдай: «Соқыр жетігенін (музыкалық аспап, гуси) саңыраудың айнасына ауыстырып алыпты».

Көңілді күлкі теңіз бойына таралды. Балалар басылған кезде, Виктор Сэнсэйден сұрады:

— Қызықты, ал Инжілде өзгеріске ұшырағандар нақты қайсысы? — Және шын ниетімен сұрады: — Сэнсэй, менің шел басқан көздерім ашылу үшін ең болмағанда бірнеше мысал келтірші.

— Ага! Менің де миғұла басым іске қосылсын, — деп Стаста әзілмен қосты.

— Әрқашан мархабат, — деп Сэнсэй жауап берді де, түсіндіре бастады: — Мысалға, өздерің де оңай таба алатын ең қарапайымын алып көрелік. Инжілдегі («Бытие» кітабында) әлемнің алғашқы сулы хаос (водного хаоса) күйі туралы бейнелеуі, бір кездері әлемдік алғашқы жаратылыстың (первозданной стихии) әйел-құдайы, хаос бейнесі — Тиамат туралы аккадтық аңыздан алынған. Ал аккадтықтар бұл аңызды шумерліктерден алған. Жердегі ғажап Эдем жұмағы (бақтары) туралы әңгімелер — бұл ежелгі шумерліктердің Дильмун аралы туралы аңыздарының қайта өңделуі немесе кейінірек оны аккадтықтар — Тильмун деп атаған. Дильмун — бұл жұмақ аралы, алғашқы (первозданная) ел, «таза», «нұрлы»,

«бұзылмаған» (бейкүнә), ауруды да, өлімді де білмейді. Онымен ежелгі шумерлік Энки құдайы мен әйел-құдайы — Нинхурсаг туралы аңыз байланысты болған. Айтпақшы, ежелгі осы аңыздан, мағынасы дұрыс аударылмағанның кесірінен мәні бұрмаланып және барлығы өз білгендерімен өңделіп, еврей «тілмаштары» інжілдік Адам ата, тиым салынған жеміс, жұмақтан қуылу, әйелдің еркектің қабырғасынан жаратылғаны туралы әңгімелерді жасап шығады. Дегенмен шумерлік аңызда барлығы мүлдем басқаша сипатталды және оның негізінде еркектік емес әйелдік негіз алғашқы еді... Дильмун аралына су тасқынынан кейін Зиусудра орналасады, ол есім шумерлік аудармадан тура аударғанда «көп күндердің өмірін табушы» дегенді білдіреді («нашедший жизнь долгих дней»). Аккадтық нұсқада бұл адамның есімі «Ут-напишти» деп естілді, бұл «демді (демалу, тыныс алу, дыхание) тапқан адам» дегенді білдірді.

— Барлығы айқын, ал еврейлік нұсқада — бұл Нұх (Ной), — деді Виктор жымия.

— Өте дұрыс, — деп Сэнсэй басын изеді. — Және оның есімі «тыныштандыратын» (успокаивающий) деп түсіндіріледі.

Костя қызыға сұрады:

— Ал ежелгі шумерліктерде су тасқыны (ғаламдық) туралы қандай аңыз болған?

— Қазір айтамын... Еврейлік діни басшылар бұл әңгімені вавилондық аңыздардан тек өздерінің кейіпкерлерінің есімдерін және кейбір өзгертулер қосып көшіріп алған. Ал аңыздың өзі былай еді. Шумерлік аңыздарға сәйкес Зиусурда қала билеушісі, құдайшыл (діншіл) және аты шыққан кеменгердің ұлы болған. Адамдарға қамқоршы-құдай (жебеуші) Энкиден, ол құдайлардан адамдарға жібергелі жатқан су тасқыны туралы біледі. Энкидің кеңесімен сол адам «өмірді сақтаушы, ладья» (ладья, сохраняющая жизнь) деп аталатын үлкен кеме жасайды, жеті күн, жеті түнге созылған су тасқынын еңсереді. Және кейін «адамзат тұқымын сақтаушы ретінде», «құдайлар секілді өмірді»

және «мәңгілік тынысты» алып, өзінің жұбайымен бірге Дильмун жұмақ аралдарына орналасады... Кейін бұл аңыз су тасқыны туралы вавилон аңыздарының негізін құрайды, тек ендігі басты кейіпкерлер есімі басқаша аталды. Яғни ендігі Зиусудра Атрахасис («даналығымен озық», «превосходящий мудростью») және Гильгамеш («батыр-баба», «предок-герой») деп аталды.

Ал негізінде ғаламдық су тасқыны және ғаламдық тал (ғалам ағашы) туралы егіз (ұқсас) аңыздар, тек Шумерлерден басқа ежелгі өркениеттердің ошағы болған Үнді, Қытай, сол баяғы Мысыр елдеріне, әлем бойынша таралған. Және осы аңыздардағы кейіпкерлерге әр халық өз есімін беріп отырған. Тіпті егер әлем ағашын алып қарайтын болсақ, онда шумерлер оны хулуппу деп атаса, ал ежелгі вавилондықтарда — бұл ақиқат ағашы және өмір ағашы. Ежелгі мысырлықтарда бұл таным ағашы — жемісі өмір болған тамаша сикомор, онда болған құдайға айналады деп саналған. Дүние салушы, құс бейнесінде осы ағашқа қонуға шақырылған. Ағашта оған мәні өзінің құдайы болмысын таныған және өзінің тегі жоғарғы құдайлардан болғанын білдіретін ұлы құпия ашылған. Ал негізінде Ежелгі Мысырда өлім адамды өзінің жердегі өмірінде қуылған сол құдайы елге қайтарады деп есептелген.

Мен тіпті Авель, Каин, Иаков және Исав туралы аңыздардың жасалуы егіз аңыздармен байланысты болғанын, әсіресе диқаншы Энкимду және бақташы Думузидің Инаннаға атастырылуы туралы шумерлік аңызды, Осирис пен Сет туралы аңызды, ол жерде Сет өзінің көреалмаушылығынан өзінің жетпіс екі сыбайластарымен мейірімді Осиристі өлтіретін мысырлық бауыр-құдайлар туралы аңыздарды сөз етіп тұрғаным жоқ.

Жалпылама осыған ұқсас кете береді. Және бұл тек аңыздарға ғана қатысты емес. Анағұрлым дамыған халықтардан, ежелгі еврей тайпалары қабылдаған көптеген салт-жоралғылар, дәстүрлер, ырымдарға да қатысты. Мысалға

сол баяғы Ежелгі Мысырды алып қарайық. Жемісті, егінді (көп шығуы) болу ол жақта Осиристің сыйы деп саналған және қоғамда жоғары бағаланған. Мысырлықтар үлкен отбасылы болуға тырысқан, себебі ол замандарда бала өлімі біршама жоғары болатын. Ер балаларды сүндетке отырғызу да Мысырда ежелгі замандардан бері болған, тек баланы сәби кезінде емес, алты мен он екі жас аралығында сүндетке отырғызатын болған. Және бұл гигиеналық тазалық үшін ғана болған, себебі бұл адамдар біршама ыстық климатты аймақтарда өмір сүрді. Одан артығы емес. Тағы да ежелгі мысырлықтарда шошқа жануары таза емес (лас) болып есептелген және оны Сет патшалығына жатқызған. Сондықтан олар шошқа етін жемеген. Және осылай ұзақ тізіп шығуға болады.

— Иә, білмедім, білмедім, — деп Виктор қызықты айтты.

Руслан Сэнсэйды тыңдап, тіпті біртүрлі наразы болған үнімен:

— Бұл туралы неліктен ешкім білмейді?! — деп сұрады.

Сэнсэй оған біршама сабырлықпен жауап берді:

— Неліктен «ешкім білмейді»? Көп адамдар біледі, әсіресе осы сұрақпен айналысатын мамандар. Тек кейбір «білетіндер» сыпайылық үшін үнсіз қалады, ал қалғандары — солардың қатарында болғандықтан. — Үлкен балалар күлді. — Сондықтан кім қаласа, ақиқатқа жетеді деп айтпақшы. Ақпарат бар, тек ниет болса...

— Таңқаларлық, бұл ежелгі еврейлер әртүрлі халықтардан осыншама барлығын қай уақытта қабылдап үлгерген? — деді Стас мысқыл үнімен.

— Енді мен сіздерге олар көшпенді-бақташылар болды деп айттым емес пе, — деп Сэнсэй тағы қайталады. — Басында еврей діни басшылары өз халқын бөтен жерлерді жаулау үшін айдап салады, кейін сол жерлерде олардың халқы өздерінен анағұрлым күштілердің тұтқыны болды. Тіпті бейбітшілік замандарында да оларға өздеріне өмір сүру үшін жақсы жерлерді іздеуіне тура келген. Ежелгі Мысырда олар қанша жыл өмір сүрді? Ал

кейбіреулері тіпті жергілікті халықпен туыстық қатынаста болды. Мысалға сіздерге таныс есімдерден «еврей халқының атасы», «Ескі өсиеттің алғашқы патриархтарының бірі» сол баяғы Авраамды алып қарайық.

— Патриарх-бабасы? Бұл дегеніміз, еврей діни басшылар қауымдастығының алғашқыларының бірі деген сөз бе?! — деп Стас байқампаздықпен айтты.

— Сіздің мәнін түсіне бастағаныңызға мен қуаныштымын, — деді Сэнсэй.

Николай Андреевич күлді де сөз бастады:

— Бір кездері мен біршама қызықты сұраққа тап болғанмын. Мемлекеттер туралы энциклопедия анықтамасынан бір елді іздегенмін және кездейсоқ көзіме Израил мемлекеті туралы ақпарат түсіп қалды. Енді былай, бұл ел және оның жерлері туралы тарихи жазбалар «біздің заманымызға дейінгі 2000 жылы еврей халқының атасы Авраам, Месопотамидан Палестинаға келеді» дегеннен бастау алады. Ал Палестина туралы бірде-бір сөз жоқ. Тек жай Израил картасындағы «Палестина территориясы» деген кішкене санмен жазылған белгі ғана. Және осымен бітті! Осыған дейін Палестина жерлерінде кімдердің өмір сүргені туралы тіпті тұспалдың да болмауы мені таңғалдырды. Ал менің білуімше ол жерлерде ежелгі мемлекеттердің бірі болған.

— Енді сен нені қалап едің, — деп Сэнсэй иығын көтерді. — **Өкінішке орай бұқара халық үшін тарих, өзінің «фактілерінің» көпшілігінде, әлемдік саясаттың асханасында фаршталып және оны осы «аспаздар» әшекейлеген табақшада, былайша айтқанда «жалпы қабылданған тарихи концепция» формасында беріледі.**

— Иә, дегенмен осындай ас әзірлеуге олар шебер екен!

— Мен дұрыс түсінген жоқпын. Сонымен Авраам кім болды, еврей діни басшылары қауымдастығының алғашқыларының бірі немесе Исаның әулие (просветлённым)

шәкірті ме? — деп Костя түсінуге тырысып сұрады. — Сэнсэй, сен бір кездері біздерге айтып бергенсің...

Андрей оның сөзін асығыс бөліп жіберді:

— Бір кездері ол қашан?

— Енді есінде ме, біздердің жаттығуға бір сектанттар келгені...

— А-а-а, — деп Андрей соза айтты. — Бұл олардың журналист жігіті Сэнсэймен кездесуді іздеген уақытта емес пе?

— Иә, — деп Костя басын изеді де тағы да Сэнсэйге қарады. — Ол кезде әңгіме тағы Мұхаммед туралы болып жатқан. Және сен Сэнсэй, Жебірейіл періште Мұхаммедті кеңістік пен уақыттан Иерусалим қаласына алып өтіп, ол жерде Исаның әулие шәкірттері Авраам және Мұсамен (Моисеem) жолықтырды деп айтқансың.

— Өте дұрыс, — деп Сэнсэй растады. — Аңыз осылай дейді. Бірақ аңыз бен шын тарих — біршама екі басқа дүние... Діни тұрғыдан Авраамнан «патриарх», «баба», «сенімді насихаттаушы», тіпті өзінше бір «азап шегушіні» жасады. Жалпы алғанда Яхва құдайдың өзімен «мәңгілік өсиетке» (вечный завет) келіскен, бұл «өсиеттің» құқығы мен міндеттерінің мұрагерлері әйелі Сарадан туылған Авраамның (Ыбырайымның) ұрпақтары болады және сенімдегілерге «өсиет» белгісі ретінде барлық ер жынысты сәбилердің сүндетке отырғызу болатын, аты аңызға айналған, жартылай аңыз тұлға бейнесін жасап шығарады. Бірақ егерде барлық діни жамылғысы мен асыра көтермелеуді алып тастайтын болсақ, онда сенушілерге табыну үшін жасалған Авраам бейнесі бос жерден жасалмаған.

Шыныменде, біздің заманымызға дейінгі XVIII ғасырда (қазір солай көрсетуге тырысатын «біздің заманымызға дейінгі XX ғасыр шамасы емес») есімі «'a-bu-ra-mu» деп аталатын адам өмір сүрген. Бұл сол замандарға тән месопотамдық есім. Еврейлік нұсқада ол «'abraham» деп естілетін. Ол есім екі буыннан тұратын «Аврам» есіміне діни себептерге байланысты



қосымша тағы бір буын қосылып, сіздерге таныс Авраам есіміне трансформацияланды. Енді былай, Аврам Оңтүстік Месопотамидың Ур қаласының тумасы еді (қазіргі Ирак мемлекетінің оңтүстігі), яғни шумерліктерді солтүстік көршілері семит-аккадтық көшпенділер «тыныш әрі бейбіт» жаулап алып, олардың мәдениетін өздеріне ыңғайластырып қабылдағанға дейін, ол жерлерде өте ежелден-ақ шумер мемлекеті болған. Інжілде бұл қала Ур Халдейский деп аталады. Дегенмен, «Халдейский» сөзі біздің заманымызға дейінгі 626 жылдан 539 жылдар аралығында парсылар жаулап алғанша өмір сүрген, біздің заманымызға дейінгі VII ғасырда Халдей патшалығының құрамына кірген кезде аталғанын айта кетейін. Немесе оны тағы да Жаңа-Вавилон патшалығы деп атаған (Ново-Вавилонского царства).

Ежелгі Ур қаласы (шумерліктер ірге тасын қалаған) Вавилоннан алыс емес жерде орналасты. Аврам өмір сүрген замандарда ол діни орталықтардың бірі еді. Айтпақшы, әлі күнге дейін Урдың үлкен «зиккураты» сақталған (өзіне тән қиық сатылы мұнара-пирамида түрінде салынған басында храм орналасқан мінәжат ғимараты). Ол замандарда да қазіргідей дін саясатпен тығыз байланыста болған. Және айта кету керек, ол замандар саяси өзгерістердің уақыты болды. Сол кездерде Вавилон күшейіп саяси орталық Месопотамиге (Двуречья) ауыса бастайды. Оған дейін Ур өзінің саяси және сауда-саттық ықпалында Вавилонға қарағанда анағұрлым маңызды қала болды (ал сол аймақта ол үнді және араб сауда-саттығының негізгі орталығының бірі болды). Және Архонтардың негізгі тірекерінің бірі еді.

— Тірек? Қандай мағынасында? — деп Андрей түсінбеді.

— Сабыр етіңіздер. Сәл кейінірек мен бұл туралы айтып беремін... Аврамның әкесі — Фарра (Терах) өзінің қолына рухани және зайырлы өкілеттілікті ұстаған жергілікті діни басшы болған (сәл кейінірек яхудей(лер) оны «пұт салушы (мүсінші)» (ваятелем идиолов) және «пұтқа табынушы»

(идолопоклонником)) деп атап кетеді. Және діни ғалым ретінде астрология, астрономия, математика және эрине грамматиканы біршама жақсы білді. Бұл білімдерді ол өз балаларына берді. Фарра билік басындағы адамдарға манипуляция жүргізу арқылы «әлемдік саясатты» құпия басқаруға тырысқан, яғни Архонттар шеңберімен тікелей байланысты шағын (яғни саны аз) ауқатты дін басшыларының бірі болған. Бұл кланның (топтың) қатарында болу әкеден балаға өтіп отырды, яғни тек ер адам жағынан. Енді былай, сол жерлерге (сол аймақтарға) Фарраның ұрпақтары ықпал етеді деген келісім бойынша, осы Фарраға Архонттардың көрсеткен аймақтарына «жаңа тіректерді» құруды бақылауда ұстау тапсырылып, ұлы Аврамды Ханаанға жібереді.

— Иә, алысқа жіберген екен, — деп Женька көңіл білдіре айтты.

Сэнсэй үлкен балалармен бірге күлді де жалғастырды:

— Ханаан деп еврейлер атап кеткен сол аймақта (ол кезде Палестина жерлерін де алып жатқан), көркеюі шумерлік өркениеттің заманында болған, ежелгі өркениеттің қала-мемлекеттерінің бірі болған. Мен астын сызып айтып тұрмын, сол жерлерде қазір дәлелдеуге тырысатын егіншілікпен айналысқан «отырықшы ханаан тайпалары» емес, өркениетті қала-мемлекеттер болған. Және сол жерлерде өмір сүрген жергілікті халық өздерінің тікелей тектік байланысында, ежелгі өсиет аңыздарында көрсетуге тырысатындай: ханаандар пайда болған-мыс «Нұхтың немересі және Хаманың ұлы — Ханаанмен», еврей тайпаларымен ешқандай да байланысы болмаған. «Ежелгі Өсиетті» (Ветхий завет) жазған еврейлік діни басшылар жәй ғана түбірін өзгертіп жіберді.

— Шумер заманынан бері Палестина жерлеріндегі ежелгі өркениет? Ал неліктен осы уақытқа дейін ол туралы ешбір ақпарат жоқ? — деп Николай Андреевич таңғалды.

— Ал сен картаға қара, бұл аймақтар кімнің бақылауында. Бұл жерлер туралы тарихи жазбалар неден басталатынын сен өзің оқыдың емес пе. Сен еврей діни басшыларының

ұрпақтарына өздеріне дейін болғандарды сыртқа шығару тиімді деп ойлаймысың? Керісінше, олар барынша өз халқын осы жерлермен байланыстырады, себебі бұл бірінші кезекте олар үшін тиімді. Олар ежелгі яхудейлер (еврейлер), жаңа заманға дейінгі IV, III мыңжылдықтар аралығында Сирияны, Финикияны, Палестинаны мекен қылған батыс семиттік халықтарға жатқан деген тұжырымды еріксіз тықпалайды. Бірақ шын мәнінде осы халық шыққан сол уақыттардағы тайпа, Месопотамиямен шекаралас солтүстік-батыс аймақтарында көшіп-қонып жүрді. Бірақ қазір бұл шындық кімге керек?

Николай Андреевич күліп жіберді:

— Иә, қаншалықты ұзақ өмір сүрген сайын, ғылымның адал ит секілді, қаншалықты өз иесі — Саясаттың алдында жүрсе де, бәрібір оның қысқа шылбыры мен тұмылдырығына байлаулы екеніне барған сайын көзім жетуде.

— Ал неліктен Архонттарға Хана..., қысқасы осы аймақ керек болды? — деп Андрей қызыға сұрады.

— Бұл аймақ ежелгі әлемде ерекше маңызды еді. Ол Африка, Азия, Еуропаның қиылысында, сәйкесінше осы әлем аймақтарында орналасқан ежелгі мемлекеттерді байланыстыратын негізгі құрлық сауда жолдарының торабы болды. Бұл сауда жолдарының алтын қиылысы еді.

— Хм, сауда жолдарының қиылысы? Мен оны қалайша көрмей қалдым екен, — деді Володя. Енді түсінікті. Сауда — бұл пайда. Ал үлкен сауда — бұл үлкен пайда. Оны бақылау — билік пен ықпал ету.

— Өте дұрыс. Бұл саясат... Енді былай, Аврам ол жерге өзінің отбасымен, інісі Лотпен, өзінің бай мүлкі, көптеген адамдары, құлдары мен мал-мүлкімен барады. Және тыныш, бірақ үнемі бейбіт емес өзінің осы аймаққа ықпалын енгізуге тырысады. Бұл туралы кейін «көшпенді малшы рулардың патриархалды басшысы болды» деп мақтап жазады.

— «Ұрыспен барлауға» ұқсайды екен, — деп Володя жымия айтты.

— Солай десекте болады... Кейінірек, діни нұсқасында, Авраамның осындай аяқ астынан жолға шығуы, «Бытия» кітабында (12-1): «мен нұсқаған жерге бар» деп жазылғандай Құдай алдындағы жанқиярлығы (берілгендігі) және сенімімен түсіндіріледі. Яхваның таңдаулысы — Авраам — әлеміндегі ең жоғарғы және ең құдіретті негізді іздеуі және оның Құдайдан басқа барлық нәрсенің шегі бар деген жоғары рухани шындықтар аясындағы ақырғы сенімі туралы аңыздармен сәндейді.

— Біршама сенімді, — деп Николай Андреевич иығын көтерді.

— Дегенмен айта кету керек, еврейлер Яхваны Құдай ретінде анағұрлым кейін, Авраамнан бес жүз жыл өткен соң санай бастады, — деді Сэнсэй сөзін жалғастырып. — Және Яхва бейнесі көбіне бұл тайпаларда Финикияда кең таралған Йево құдайына табынуға байланысты дамыды. Ал Авраам және оның ұрпақтары Ханаанға келгесін, жергілікті халықпен жақындасу мақсатында Хеврон қаласында Эль-Шаддая деп аталған жергілікті ханаандықтардың құдайына табына бастайды. Ханаандық құдай Эль («Аса құдіретті»), жергілікті халықтың сеніміне сай, барша құдайлардың басында тұрды және барлық құдайы әрі адами істерде жоғары мәртебелі болып есептелген. Ханаандық әртүрлі қалаларда оны өздерінше атады. Мысалға, Эль-Шаддай («Аса құдіретті»), Эль-Олам («Мәңгілік»), Салим қаласында (кейінірек оны еврейлер Шалем деп, артынан Иерусалим деп атап кеткен) — Эль-Эльон («Жаратушы», «Всевышний») деп атаған.

Бірақ әңгіме тіпті бұл жерде де емес. Діни аңыздарында еврейлік діни басшылар баршаға жоғары рухани ақиқат туралы уағыздарын айтып, бірақ өздерінің адамдарын мүлдем басқа нәрсеге үйретті. Әсіресе, алдыға қойған мақсатқа жету жолында барлық нәрсені жасаудан тайсалмау керек дегенді айтты. Мүмкіндік болса ұқсастықтарды «Бытия» кітабының 12-тарауынан оқуға болады. Ханаан жерлерінде аштық болған кезде, Авраам Мысыр жерлеріне кетіп, өзінің арам пиғылымен әйелі

Сараны қарындасы деп, фараон гареміне сатып жібереді. Және осының арқасында Ханаандағы аштық жылдарында Мысырда шалқып өмір сүреді. Немесе әрі қарай оның немерелері туралы оқыңыздар. Жасы кіші Иаков өзінің ағасы (бауыры) Исав аш болған кезде өзінің бірінші (тұңғыш) болуы үшін бір тілім нан мен тәрелке жасымықты (чечевица) сатып алуын ұсынады. Немесе сол Иаков, әкесінің Исавқа арналған батасын арамдықпен алып алғаны туралы. Болмаса «Бытия» кітабының 32 тарауында түнде Некто Иаковпен күресіп жатқан кезде, оған батасын беріп, Иаковқа Израиль деген есім береді, ол «құдайға қарсы шығушы» (богоборец) деген мағынаны білдіреді. Аңызда дәл сол Иаковтың еврей (израил) халқының ру басы (атасы, бабасы) екендігі асты сызылып тұрып жазылған... Айтпақшы сіздер «еврей» сөзінің қандай мағына білдіретінін білесіздер ме?

— «Еврей»? Бұл туралы ешқашан ойланып көрмеппін, — деп барлығымыз үшін Николай Андреевич жауап берді. — Ал ол қандай мағына береді?

— Бұл сөз қазір біздерге тықпалауға тырысатын «бөтен жерлерден келушілер» деген мағына емес, «аттап өту», «кесіп өту» (переходить через) деген сөз тіркесінен пайда болған. «Уақыт көпірінен өтушілер» — Архонт кастасына жататын яхудейлік жоғарғы діни басшылар өздерін осылай атаған. Қысқаша бұл «еврей» деп естілді. Және «еврей халқы» сол «еврейлерге», яғни діни басшыларға тиесілі халық деп есептелді.

— Қалай тиесілі? Зат секілді ме? Олардың құлдары сияқты ма? — деп Стас сұрады.

— Енді, осыған ұқсас, — деді Сэнсэй.

— Ал керек болса!

— Енді былай... Немесе Иаковтың ұлдары, өздерінің бауырларының бірі — Иуданың айтуымен, әкелері жақсы көргені үшін, өздерінің бауыры Иосифты Мысырда қайта құлдыққа сататын көпестерге жиырма күміс теңгеге сатып жібереді және оған жала жапқан (жаман) сөздерін айтады.

— Иә, барлығы «жақсы» адамдар екен, — деп Володя күлді.

— Иуда?! Бауырларын жиырма алтынға сатып жіберген?!  
— деп Виктор таңғалды. — Демек тарих қайталанады!

— Енді ол сонысымен тарих, — деді Сэнсэй. — Айпақшы, Иосифқа келсек... Еврейлердің ежелгі халықтардан алған білімдері туралы әңгімемізге оралайық. Тіпті сол кездегі ең жақсы деген саяси ахуалды қозғамай-ақ, тек аңыздарға сүйенетін болсақ, сол баяғы Иаковтың ұлы інжілдік Иосиф, Мысырда болған кезде, Інжілдегі «Он» деп аталатын қалада, қаланың текті, есімі Потифер атты діни басшысы болған адамның қызы Асенефке үйленеді. Ал Інжілдегі «Он» қаласы — бұл ежелгі әлемдегі атақты мысырлық қала Иуну немесе оны гректер — Гелиополь (Күн қаласы) деп атаған. Ол замандарда бұл қала мысырлық діндердің үлкен орталығы болған. Бұл жерлерден әлемнің пайда болуын сипаттайтын, ең кең таралған космология, күн құдайы Ра-ға табынушылық бастау алған.

— Ал Ежелгі Мысырда бұл қала қай жерде орналасқан? — деп Костя сұрады.

— Қазір бұл жер Каирдың шеткі аймақтары.

— Түсінікті.

— Ал Иосиф бейнесі — бұл шыныменде тарихта болған тұлға ма? — деді Николай Андреевич қызыға.

— Иә. Тек ол жерде барлығы анағұрлым жұпыны. Әрине ешбір адам оны құлдыққа сатқан емес. Тек бұл Мысыр мемлекетінде гиксостардың билік етіп тұрған дәуірі болатын. Ал ол хабиру кланының бірінен — мемлекетте (Мысырда) сол уақыттарда саяси салмақ жинай бастаған, шығу тегі семиттік болған келімсек еді. Сондықтан тарихи бейнесі сол адамнан жазылды. Қалғандарын әртүрлі ертегілермен толықтырды, айтпақшы мысырлық екі бауырлар туралы ертегі (Бат және Анупис) және опасыз әйел туралы, онымен қоса шумерлік құдай әйел Инаннаның Думузиге жоқтауларының символикасы және

тағы басқалары. Осылайша еврейлік дін басшыларымен Мысырдан көп нәрсе алынды.

— Ал Мұсамен (Моисеem) болған тарих ше?

— Иә болды... Бірақ қазір біздерге айтатын әдемі жағынан емес. Бұл тақырыппен сіздерді кішкене шаршатқанымға қарамастан, мен бұл тарихқа бәрібір де толығырақ тоқтайын, өйткені ол мен сәл кейінірек айтып беретін тарихпен ұқсас және біршама сабақ болады. Бұл сіздер ол кезде де, қазір де тарихтың қалай жазылып және діннің қалай құрылатынын түсіну үшін... Мұса (Моисей, Моше) Мысырдың шығысында, Қызыл теңізден алыс емес жерде дүниеге келген. Діни аңыздарда айтылғандай фараонның қызы оны теңізден, дұрысы су жанынан себеттен тауып алып өсірген. Бұл әрине басты кейіпкерге діни жағынан үлкен маңыздылық беру үшін ойдан шығарылған. Және осы ойдан шығарылған әңгіме Мұса (Моисей, Моше) есімінің әртүрлі трактовкаланғанына байланысты: еврейлік машаһ етістігі «шығарып алу» (вытаскиваю) дегенді, ал мысырлық тілде, сол баяғы копт тілінде (коптский язык) mose «сәби» дегенді білдіреді. Онымен қоса бұл аңыз Мұсаның шын ата-анасын жасыру үшін де қажет болды. Себебі қазір айтпақшы Мұса жартылай ғана еврей болатын. Туып өскен мекенінен алыс емес жерде Қызыл теңіз арқылы Синай түбегінде мадиамандар жері орналасқан болатын. Мұса ержеткен кезде діни басшы болған Мадиянның қыздарының бірі — Иофорға үйленеді (немесе оны тағы да Рагуила деп атайды). Ол қайын атасымен бірге тұрып, оған жұмыс жасайды. Және айта кету керек Мұса шешендігімен ерекшеленбеген. Керісінше ол мүкіс болған (косноязычен). Бірақ бақылауға келетін (көнгіш), әрі айтқанды орындаушы болған. Әрі қарай осы мінезі үшін діни басшылар оны еврейлер тобының жұрт алдындағы көшбасшысына ұсынады.

Ол замандар әлемдік «шахмат тақтасындағы» Архонттардың саяси өзгерістер ойынымен байланысты болды. Архонттардың жоспарын іске асыру үшін көптеген адамдар

жұмылдырылды. Және олардың арасында ендігі сіздерге таныс жоғарғы діни басшы Иофор мен дін қызметкері Аарон болды. Олар Мысыр жерінде өмір сүріп, еврейлер қауымында белгілі бір беделге ие еді. Кейін Ааронды жазбаларда «алғашқы пірәдарлар қатарындағы біріншісі» (первым в чередe первосвященников), «діни кастаның атасы» (родоначальником священнической касты) деп атайды. Ал діни аңыздарда оны Мұсаның бауыры ретінде көрсетеді, әрине оған Мұсаның жанындағы «екінші деңгейдегі рөлді» берді, жәй Мұсаның «көмекшісі», тілмаш пен хабаршысы болыпты – мыс. Бірақ шын мәнінде барлығы анағұрлым басқаша болған. Аарон өздерін «таза еврейлер» деп санайтын діни басшылардың ұрпағы. Және Мұса секілді жарты қандыларды (таза еместерді) қатты жек көрді, тіпті бауырлары деп санамақ түгелі оларды адам қатарына қоспайтын. **Бірақ Архонттардың принципiне сай, Архонттар ісiне қызмет ететiн идеялық ұйымдастырушылар және іс жүзіндегі басшылар, ешбір жағдайда кез келген істе, жұрт алдында өздерінің басшылық рөлiн көрсетпеуі тиіс. Көзге көрiнбеу (Скрытность), құпиялық, басшыларды жұрт көзінен таса басқару — Архонттардың кез келген істеріндегі үш алтын ереже. Және бұл принциптерді олар әлі күнге дейін қолданып келеді, бұл сөздерді түртіп алыңыздар.** Осы принципке сай діни жазбаларда жұрт алдындағы көшбасшы ретінде Мұса есімі көкке көтеріледі және «бітімгер, момындық және жұмсақтық» мінездерімен Ааронға «қарапайым рөл» беріледі. Ал Иофор діни басшы туралы мүлдем айтылмайды десе болады.

Бірақ дәл сол Аарон мен Иофор бөтен жерлерді жаулап алу туралы Архонттардың саяси ойларын іске асыра, «өмір сүруге анағұрлым ыңғайлы жерлерге» Мысырдан еврейлердің (және тек оларды ғана емес) бір бөлігін көшіруді ұйымдастырған былықты жасағандар еді. Қарапайым яхудей (еврей) халқына діни басшалардан әдеттегідей көп нәрсе уәде етілді: бостандық, жақсы өмір және жақсы жерлер. Көбісі кемпірқосақ секілді әдемі



көрінген өзгермес осы алдаулардың қақпанына түсіп, өздерінің отбасымен бірге ерікті түрде арттарынан ерді, бірақ олар шын мәнінде Архонттардың саяси амбициясы үшін өздерін соғыс пен өлімге апара жатқанын тіпті де білген жоқ... Ол адамдардың артынан фараон әскерінің қууы, әрине болған емес.

— Болған емес? — деп Костя таңғалды. — Ал Мұса Қызыл теңізді «қақ жарып», «өз халқын» басқа жағаға өткізіп, ал арттарынан қуған фараон әскері сол теңізде қаза тапты деген аңыз ше?

Сэнсэй жәй ғана күлімдеді де:

— Бұл еврей діни басшыларының анағұрлым ежелгі Мысырлық мағлұматтардан алған жәй ғана қайта өңделген ақпарат, кейбіреулері әлі күнге дейін сақталған, — деді. — Мысалға, ежелгі Весткар папирусында (осы папирусты бірінші болып иеленген мисс Весткардың құрметіне осылай аталған, ол оны Мысырда алған) «көк (жасыл) тас туралы тарих» деп аталатын тарау бар. Ол жерде фараон ең сұлу деген қыздарды ескекке отырғызып, өзен бойымен серуендеген кезде, қыздардың бірі байқаусызда шашын сәндеген жасыл түсті асыл тасты суға түсіріп алады. Және олармен бірге шыққан бас хат жазушы фараонның өтінішін орындау үшін, яғни сол асыл тасты алу үшін өзінің (сиқырын) дұғасын (тылсым күшін) жасайды. Су екіге бөлініп, өзен түбі құрғақ жерге айналады. Сиқыршы төмен түсіп тасты табады да қызға қайтарып береді. Міне осындай тарих, еврей дін басшыларының өз діндерінің сюжетін дайындаудағы дереккөзге айналды.

Айтпақшы, осы папирус шиыршығында ғажайыптар жасаушы дана-қария Деди, Ра құдайының бас діни басшысының әйелі дүниеге әкелетін үш сәби, кейін олардың патша тағына отыратыны туралы сәуегейлігін Хуфу патшаның қалай білетіні туралы айтылған әңгіме де бар. Хуфу осы балаларды іздеуге әрекеттенеді. Және кейін сол діни басшының үйінде қызметші бір қыздың патшаға осы «астыртын әңгімені» жеткізуге тырысқаны, бірақ Ніл жағалауында «қолтырауындарға тап

болып, олардың жемтігіне айналып, қаза тапқаны» туралы да айтылады. Бірақ ең қызықтысы, дәл осы жерінде басындағы секілді папирус шиыршығы жыртылған (жұлынған).

Николай Андреевичтің есіне түскендей:

— Тоқтай тұр, осы ақпараттың негізінде «Жаңа Өсиеттегі» Ирод патша және оның сәбилерге «жорығы» туралы сәуегейлік сюжеті туғаны ма?! — деді. — Сэнсэй жәй ғана күлімдеді. — Осындай «тарихи» сәйкессіздіктің туындауы енді түсінікті.

Сэнсэй басын изеп, толықтырды:

— Осы папирустағы жазылғандар Ежелгі Мысырдағы V династияның қалыптасу уақыты, яғни Имхотеп салып кеткен рухани негіздерді Архонттардың жоюға тырысқан Бірінші өтпелі кезең туралы екендігін айтқым келеді. Бұны белгілеп алыңыздар. Ол туралы сәл кейінірек айтатын боламыз... Оның үстіне, Мұса туралы аңызға келетін болсақ... «Ескі Өсиет» еврейлік діни басшылармен толықтырылып және қайта өңделген кезде (замандарда), оларға гректік географиялық дәстүрде сипатталған Сирбон теңізінің феномендері туралы аңызда белгілі болған.

Ал шын оқиғаларға келетін болсақ... Еврейлер (Яхудилер) ұзақ уақыт мысырлықтар арасында өмір сүргенімен, бәрібір шетелдік (келімсек, бөтен) болып қала берді және бізге тарихпен дәлелдегісі келетін мысырлықтармен салыстырғанда халық саны көп ел болған емес. Оның үстіне олар ешқайда қашқан жоқ. Басында «жақсы өмірді» аңсаған еврейлердің барлығын Мұсаның туған жеріне жинап, алдағы келе жатқан оқиғаларға дайындайтын мәтіндері аралас діни өндеуден өткізеді. Халықты өз Құдайларына абсолютті мойынсұнуға дайындайды, демек бірінші кезекте оны басқарған діни басшыларға. Және бұны бөтен көздерден жасыру мақсатында Синай тауларынан алыс емес шөлді (кұмды) жерде жасайды.

— Бұл Мұса еврейлерге атақты он өсиетті айтқан жер ме? Қалай еді, «өлтірме», «ұрлық қылма», «өз ата-ананды құрметте» және сол сияқты, — деп Стас байқампаздық танытты.

— Олай болған емес! Еврей халқы бұл өсиеттерді білді және басқаларын да! Мысырлықтар арасында өмір сүрген еврейлер (яхудейлер) олардың мәдениетін ішінара қабылдаған. Ал бұл елде Ежелгі Мысыр заманынан бері жас ұрпақты адамгершілікке тәрбиелеуге ерекше назар аударылған, өйткені мысырлықтар арасында балалары жерлеу рәсімін жасау арқылы өз ата-аналарына қабір әлемінде жаңа өмір бере алады деген терең сенім болған. Олар Сиристің қайтыс болғаннан кейінгі сотына келген әрбір адам, өзінің адал өмір сүргенін дәлелдеу үшін, қазір діни қызметкерлер «ауыр күнә» деп атайтын, қырық екі күнәдан бас тартатын «Марқұмның ақталу сөзі» немесе «Мойындамау тәубесі» (Исповедь отрицания) сөзін айту керек болған. Енді былай, олардың санына бүгінде баршаға белгілі өсиеттер ғана емес (бұл өсиеттер Мұсаға аян болып келіпті – міс), саудадағы адалдыққа байланысты спецификалық өсиеттерде болған.

Бұл адам өз істерін ақтауға тырысып, қырық екі мысырлық құдайдың есімдерін атайтын «тәубе етудің» (ақталудың) толық және жеңілдетілген нұсқасы болғанын ескере айтамын. Жеңілдетілген нұсқасы жобамен келесідегідей. Екі Ақиқаттың Иесі деп аталған ақірет Сотшысы Сириске кішкене сәлемдесуден кейін, адам: «Мен адамдарға зұлымдық жасаған жоқпын. Мен жануарларға қатыгез болған жоқпын. Мен Ақиқат Жерінде өтірік куәлік еткен емеспін... Мен күпірлік жасамадым (құдайға тіл тигізу)... Мен адамдарды ашықтырған жоқпын және оларды жылатпадым... Мен өлтірген жоқпын... Мен ешкімге азап шектірмедім... Мен зина жасамадым... Мен боқтық айтқан жоқпын... Мен ұрлық жасамадым...» және сол сияқты. Тағы ол жерде: «Мен таразыға алдап қосып, азайтқаным жоқ... Мен жарты-арураға алдаған емеспін. Мен таразы тасына өтірік салмақ қоспадым. Мен өлшегішпен алдамадым» және осыған ұқсас сөздер айтылған...

— Ал керек болса! — деп Виктор күлді. — Демек еврейлік діни басшылар осыдан тек өздеріне пайдалыны ғана алғаны ма!

— Мен сіздердің тек тыңдап қана емес, түсіне бастағандарыңызға қуаныштымын, — деп Сэнсэй тағы да қайталады.

— Қызықты, біршама қызықты! — деп Николай Андреевич таңғала айтты. — Ал толық нұсқасында ол қалай айтылады?

— Енді, жобамен осылай:

«1. О Усех-немтут, Гелиопольдегі, мен ешкімге зұлымдық жасамадым!

2. О Хепет-седежет, Хер-ахадағы, мен ұрлық қылмадым!

3. О Денджи, Гермопольдағы, мен ешкімге қызғанышпен қарамадым!

4. О Акшут, Керерттегі, мен қарақшылық жасамадым!

5. О Нехехау, Ра-Сетаудағы, мен өлтірмедім!

6. О Рути, аспандағы, мен таразыдан салмақты алдап алмадым!

7. О Ирти-ем-дес, Летополядағы, мен екіжүзді болған жоқпын!»

Және әрі қарай: «мен өтірік айтқан жоқпын», «мен мүлік үшін жанжалға бармадым», «мен ұятсыз ешнәрсе айтқан жоқпын», «мен ашуланбадым»... Осы барлық ақпаратты сен біздің уақытымызда да таба аласың. Ежелгі мысыр әдебиетінің фолиантын оқы — «Өлілер кітабы», 125 тарауында бұл ақпаратпен толық танысасың... сондықтан мысырлықтар бала кезінен осы «ақталу сөздерін» жатқа оқыған. Себебі бұл сөздерді адам өзін ақтап алу үшін ақіретінде толық дәлдікпен айту керек деп саналған, бұл процесте таразының бір шетіне сіздерге белгілі болғандай оның Ах-ы (өмірінде жасаған шаруасы мен істері туындаған адамның еркі мен тілек-қалауы), ал екінші таразы жағына «тәртіп кодексі» (кодекс поведения), «маат» (әлемдік тәртіпті білдіретін «перо богини Маат») қойылған. Егер таразы тепе-теңдікте болса, қайтқан адам қабір әлемінде өмір сүре алады деп есептелген. Ал егер таразы адамға жақсы емес тепе-теңдіктен шықса, қабір патшалығындағы өмірдің орнына оны ғайып (болмыстың, өмірдің жоқтығы, небытие) күтіп тұрады деп

саналған. Ал мысырлықтар ерте бала күнінен өздерін ойларымен де, жасаған істерімен де акіретке дайындайтынын ескеретін болсақ, — бұл тепе-теңдіктің бұзылуы олар үшін ең ауыр жаза болған. Сондықтан жоғары адамгершілік тәрбие ата-аналарымен балаларына, бала кезінен бастап сіңірілген және лайықты мысырлық оны өмір бойына ұстап өткен. Мысырлықтардан кейбір адамгершілік тәрбие негіздерін осы елде өмір сүрген қарапайым еврейлерде қабылдаған. Сондықтан бұл өсиеттерді Мұса өз халқына жаңалық етіп ашқан жоқ, оны Мұсаға дейін көп уақыт бұрын мысыр мәдениеті арқылы өзіне ашқан еврей халқы! Айтпақшы, қарапайым халық осындай адамгершілік негіздерін өмірде жанымен қабылдайтынын көріп, еврей діни басшылары кейінірек мысырлық ілімдерден көбісін көшіріп, қалауларынша өңдеп, жұртқа өз еврей патриархтарының ілімі деп береді.

— Әрине, — деп Николай Андреевич күлді, — абыройлы болу, өзінді атақты қылу үшін не істемейсің!

— Сөзді ұзартпас үшін мен сіздерге бірнеше мысал келтіре аламын. Мысырлық «Аменемоп ілімі» («Поучения Аменемопе») мәтінінде («Сүлейменнің нақыл сөздері» (Притчей Соломоновых) кітабы құрастырылған негізгі дереккөз болған): «Құлағыңды тос, мен айтқанға (сөздеріме) назарыңды сал, оларды түсінуге өз жүрегіңді аудар» деп жазылған. Және міне сіздерге «Сүлейменнің нақыл сөздері»: «Құлағыңды түр, менің айтқандарыма назарыңды сал және оларды түсінуге жүрегіңді бері қарат». Айтпақшы, өз заманында Сүлеймен патшаның мысырлық патшайымға үйленуі оны танымал әрі атақты етті... Әрі қарай «Птахотеп Ілімінен»: «Ертеңгі күнге жоспар құрма, себебі не болатынын білмейсің». Және бұл ілімнің жаңғырығы «Нақыл сөздерде» (27:1): «Ертеңгі күніңмен мақтанба, себебі бүгінгі күнің саған не әкелетінін білмейсің». Тағы да «Птахотеп Ілімінен»: «Үстемге (мықты) өзіне пайдалыны үйрет» (Научи превосходящего тому, что является полезным для него). Және «Нақыл сөздерде» (9:9): «Кемеңгерге жөн сілте және ол одан аса кемеңгерлене түседі; шыншылды үйретсең, ол білімін

арттырады». «Птахотеп Ілімінен»: «Егер соңғы ұрпақ сиё сөзін сақтаса, олар ешқашан ұмытылмайды» (Если каждый последующий род будет хранить слово сиё, то они не канут в лету). Інжілдік «Псалтырь» (77:5-6): «Ол Иаковте жарғыны қойды және Израилде заң қойды, онда біздің ата-бабаларымызға өз балаларына жариялауды бұйырды, келер ұрпақ, туылатын балалар білсін және оларда өз заманында өз балаларына айтсын (даңқын жаю, мадақтау)» (Он поставил устав в Иакове и положил закон в Израиле, который заповедал отцам нашим возвещать детям их, чтобы знал грядущий род, дети, которые родятся, и чтобы они в своё время возвещали своим детям). Және осылай ұзақ тізіп шығуға болады.

Женька мырс етті:

— Иә, еврей діни басшылары ақылды кө... — бұл сәтте Стас Женькаға қарап, айыптағандай басын шайқады. Женька сол бойда жауап қатты, — көшірушілер... деп айтқым келген!

Үлкен балалар Сэнсэй және Николай Андреевичпен бірге қарқылдап күліп жіберді.

— Иә, осындайға олардың қолы епті, — деп Сэнсэйді сөзімен келісті. Және күлкі басылған кезде, әрі қарай жалғастырды: — Егер олар жәй ғана көшірсе ешнәрсе емес, олар халқын құлдық байлауда ұстап қалу үшін, ең бірінші кезекте діни басшылар кланына ыңғайлы көптеген қоспаларды қосып өзгертті. Мұса беріпті – міс деген «заңдарды» қараңыз (тіпті кейбіреулер барлығын өзі жазған деп сендіруге тырысады). Өйткені ол жерде «он өсиеттен» басқа қарапайым бақытсыз еврейдің жүріс-тұрысын ретке келтіретін, діни қызметкерлермен істеуге міндеттелген, себебі олардың ойынша осылай болуы керек, міндетті, осыны «Құдай қалайды» деген көптеген тиым салулар мен әмірлер бар (кей кездері тіпті абсурдқа дейін жеткен).

— Енді дұрыс, — деп Николай Андреевич басын изеді, — соңғы инстанция сенуші үшін нанымды дәлел деп айтпақшы.

— Өте дұрыс. Енді былай, дін басшылары Мұсаның үстінен қойған адамдарға келетін болсақ... Өздеріңізге мына жағдайды түртіп алыңыздар, яһудей дін басшылары әрқашан өз халқының алдына, көпке танымал көшбасшыларды қоюға тырысқан, кейін бір жағынан ол адамды қолқуыршақ ретінде басқаруға болса, ал екінші жағынан халық ашуы туындай қалса анық кінәліні жасау үшін. Ал шын мәнінде билік тізгінін ұстаған дін басшылары әрқашан билік басында қала берді.

Сонымен жыл бойы сол жерлерде дін басшылары «жақсы өмірді» аңсаған еврей халқын жинайды. Архонттардың ниетінің орындалуына сенімді болу үшін, Аарон Мұсаның қасына тапқыр (өнерлі) әрі қатыгез әскери басшы Иисус Навинді қосады. Кез келген қауіпті жағдайлар үшін және «жақсы жерлерге» көшу барысында бөтен халықтардың шабуылынан сақтану үшін, ол еврей отбасыларынан шыққан жас, мықты ер адамдардан отрядтар құра бастайды. Шын мәнінде әлгі әскер басшысы өз «әскерін» басқыншылық соғыс жүргізу мен маневрлеріне үйретеді. Оның үстіне көшу басында дін басшылары діни қажеттілікке сілтеп, алдау жолымен еврей отбасыларының бар алтынын тартып алады. Дін басшылары еврейлерді тура өлімге бастап бара жатқандарын білді, ал өлілерге алтынның еш қажеті жоқ екені белгілі.

— Міне фашистер! — деп Стас шыдай алмады.

— Енді фашистер кімдердің әдіс-тәсілдерін қолданды, — деді Сэнсэй. — Бірақ бұл туралы сәл кейінірек.

Николай Андреевич ойын айтты:

— Демек, Аарон адамдардан: «әйелдерің мен қыздарыңның құлақтарындағы алтын сырғаны шешіп маған әкеліндер» деген, алтын бұзау (золотой телец) туралы осы бар тарих ешқандай ойдан шығарылмағаны ма?

— Алтын бұзау (золотой телец) — бұл жәй ғана символикалық байланыстыру. Айтпақшы осы саяси «рокировканың» артында кімдердің тұрғанын өзінің адамдарына көрсету үшін — бұның артында вавилон кланынан шыққан

еврейлік діни басшылар тұрды. Ал Вавилон қаласының символдарының бірі «алтын бұзау» еді.

— Демек, Мұса (Моисей) қырық күн, қырық түн тау басында болмағаны ма?

— Әрине жоқ. Тек дін басшылары осы оқиғаларды суреттей отырып, әрине тағы да мысырлық бейнелеу тұрғысынан, Мұсаны «еврей пайғамбар» «рухани жоғары» бейнесінде суреттеуге тырысып, оны еврей дінінің негізін қалаушы және тәлімгері, саяси көсем ретінде бейнелегісі келді. Себебі қырық күн, қырық түн сол баяғы мысырлық түсініктер бойынша — бұл жоғары рухани дамыған адамдар шөл далаға болмаса тауға кетіп, жалғыздықта өзін-өзі дамыту үшін рухани практикалармен айналысуға кететін уақыт мерзімі болған.

Және Мұса өз халқын шөл далада қырық жыл бойы көшбастап жүрді деген де болған емес. Барлығы анағұрлым қарапайым болды. Негізі яһудейлерден (иудеи) құралған Аарон «тобы» дайын болған кезде, оларды Қызыл теңіз арқылы Синай түбегіне бағыттап, ол жерде Иофор жинап дайындаған әртүрлі тайпалардан тұратын адамдар тобымен қосады. Осы адамдарды Мұса және дін басшылары мен әскери басшылар бастап, түпкі мақсаты «ханаан жерлері» болған, Архонттардың нақты көрсеткен бағытына қозғайды. Әрине бұл бағыт туралы тек әскер мен дін басшылары ғана біледі.

— Керемет ойластырылған, — деді Володя жуан даусымен.  
— Демек бұл олар шын мәнінде ешқандай мемлекетке бағынбайтын әскери күшті жинаған болып шығады. Бірақ оның күшімен провокациялар, әскери қақтығыстар ұйымдастырып, сәйкесінше белгіленген аймақтарда саяси ауыс-түйістер жасауға болады, солай ма?!

— Өте дұрыс.

— Дегенмен олар нағыз «ақылды» сұмпайылар екен!

— Енді былай, біршама алыс қашықтықты еңсерген қарапайым халық арасында, уәде етілген «жақсы жерлердің» орнына шын мәнінде қайда алып бара жатыр деген сұрақтары



туындайды. Өйткені шын мәнінде оларды мықты әрі жақсы қорғалған қалаларда өмір сүретін халықпен бетпе-бет соғысқа, тура өлімге апара жатқан еді. Әрине адамдар өздерінің ресми көшбасшысы Мұсаға қарсы тұрып, өз мекендерін тастап кеткен күнге лағінет айтумен болды. Ал дін басшылары әдеттегідей егер адамдар «Құдайдың еркін» орындамаса, «наразы болғандардың» барлығы, олар басып өткен шөл далада қаза табады деп қорқыта бастайды... Мен сіздерге тіпті Инжілге енген (16 тарау «Чисел») өте маңызды сәттердің бірі туралы айтып берейін... Барша еврей халқын қорғауға Корей, Дафан және Авирон бас көтереді (оларды абыройлы азаматтар қолдайды), олар Мұса мен Ааронды барлық жаманшылық үшін кінәлап, халықты алдау жолымен мысыр жерлерінен көшіріп ендігі сусыз шөл далада азап пен өлімге байлап, оның үстіне биліктерін жалғастыра бергісі келеді деп айыптайды... Осы «шопандарға» сенуден және тыңдаудан бас тартып, оларды: **«Тек сендер ғана емес — барша қоғам да әулие, өйткені олардың арасында Құдай бар. Неліктен сіздер өздерінді Құдайы халықтан жоғары қоясындар?»**, — деп айыптайды (Не вы одни — всё общество, все святые, ибо среди них Господь. Почему же вы ставите себя выше народа Господня). Айтпақшы адамдар арасында таралған, әр адамда Құдай болады деген сенімді де еврейлер Мысырдан алған. Бұл сенім мысырлықтар арасында Имхотеп заманынан бері бар тұғын. Бірақ бұл туралы сәл кейінірек. Сонымен қарапайым халықтың көтерілісінің соңы — көтерілісшілерді қырумен аяқталады. Және оны өздерінің көшбасшыларының «күдіретінің» алдында барлығы үрейленсін деп барша «халық» көзінше жасайды. Сол күні өз кезегінде дін басшыларына бағынған әскер басшыларының адамдарымен, тек халық «көтерілісінің көшбасшылары» және олардың отбасыларымен бірге (еш аяусыз сәбилерді де, әйелдер мен қарт адамдарды да), оларға жаны ашыған он бес мың адамды да өлтіреді. Енді осындай ащы шындықтың бетін кім ашады? Ол адамдарды «Құдайдың өзі» қаһарына алды деп жазу оларға тиімді емес пе.

**Себебі үрейлендіру арқылы адамдарды мойынсұнуда ұстау — Архонттардың негізгі және тиімді құралдарының бірі, өйткені олардың принципі бойынша «өз қожасынан өлімнен де бетер қорқатын құл ғана іске ыңғайлы». Осыны түртіп алыңыздар, бұл әлемде осы принциппен әлі талай жолығатын боласыздар.**

Осындай көрсетілімді өлім жазаларынан кейін, дін басшылары әскери қолбасшылармен бірге қалған елді Архонттардың жоспарына сәйкес сауда жолдарының «алтын торабына» әкеледі. Және баса-көктеп ол жерлерде (Иисус Навиннің басшылығымен) басқыншылық соғыстар жүргізеді. Архонттардың жоспары қаншалықты жүзеге асқан сайын, дін басшылар арқылы Мұсаның көшбасшы ретіндегі маңыздылығы да барған сайын төмендетілді. Ақыр соңында дін басшылары көзі тірісінде-ақ Мұсаны нөлге түсіріп, «барша израильдік халық алдында» оның «ізбасары» ретінде Иисус Навинді тағайындайды. Мұсаның өмірі біршама қайғылы аяқталды. Ханаан жерлеріне қоныс аудару жолында ол сырқаттанып қалады. Оны кедей шопанның лашығында қалдырады, кейін ол дін басшыларына қажетсіздігінен сол жерде қаза табады.

**Сондықтан бұл соғыстардың барлығы жайдан жай болған емес. Архонттардың амбициясы үшін өте көп қарапайым халық зардап шекті және бұл соғысушы жақтан да, соғыс еріксіз таңылған екінші жақтан да болды. Дін басшылары «жақсы өмір мен еркіндік» деген ұрандарымен «тамақтандырған», алданған қарапайым халық, мүсәпір бір топ саясаткерлердің биліксүйгіштік фантазиясының кесірінен уәде етілгеннің орнына ұрыс алаңында мындап қырылып, тура өлімді алды.**

Еврей дін басшылары келесі ғасырларда өз халқын қалай басқарғаны туралы да бір-екі сөз айтып кеткен дұрыс шығар деп ойлаймын. Оған Саул мысал бола алады. Оның есімі еврей тілінен аударғанда «сұралған» (тіленіп алынған, өтіну, сұрау, «испрошенный») дегенді білдіреді. Оны израиль-яһудейлік

мемлекеттің (біздің заманымызға дейінгі XI ғасырдың соңы) бірінші патшасы деп есептейді. Ескі өсиет мәтіндерінде ол Құдайдың еркімен қойылған патша, бірақ кейін оған «ұнамсыз» (лайықсыз) ретінде көрсетілген. Саулдің патшалық құруының алдында жоғары билікті сотшылар басқарған. Бейбіт кезеңдерде әрбір еврейлік қауым өзінің ішкі өмірімен өмір сүрген. Бірақ басқа халықтармен соғыс қаупі төнген кезде, жоғары басшылық сотшыларға берілген. Ал еврейлердің басқа халықтармен (әсіресе көрші халықтармен) жиі соғысуының себепкері сол сотшылар болған, себебі олар өздеріне толық билікті иелену үшін соғыстардың басталуын жасырын арандатып отырған. Әсіресе осындай әскери жанжалдар филистимляндармен көп болған (айтпақшы, «Палестина» атауы ежелгі еврейлік «плиштим» сөзінен шыққан, сол замандарда еврейлер филистимляндарды солай атаған). Және осындай қарапайым адамдар үшін көптеген қан-төгіс жанжалдардың артында не тұрғанын білесіз бе? Кейбір израильдік «сотшылардың» кейбір аса бай филистимляндық діни басшыларымен құпия ауыз жаласуы еді.

Николай Андреевич айыптай басын шайқады.

— Бұл кез келген әскери қақтығыста «тамырына қара» деп аталады. Қарапайым адамдар қайғы-қасіреттен, көбінде болып жатқанның ішкі мәніне үңілмей, соғыстың сыртқы жағдай-себебіне қарап баға береді.

— Енді оларға кім бар мәнін ашады? — деді Володя. — Қайдағы бір ет турағышқа лақтыра салады, міне саған сәлем! Еңбекші халық еркіндігі үшін соғысқан сияқты едің, ал бірнеше жылдан кейін интервент болып шыққаныңды білесің.

Бұл сөздеріне Сэнсэй байқампаздықпен жауап берді:

— Барлығы адамдардың өздеріне байлынысты. Сыртқы жағдайлар (оқиғалар) адамның ішкі әлемінен туындайды. Адам қаншалықты Адам болған сайын (Бас әріппен жазылған), ол өз ойлары мен тілек-қалауларын бақылауда ұстайтын болады, соншалықты рухының еркіндігіне жетіп, бұл әлемнің нағыз

шынайылығын түсінеді, өз санасымен саясаткер Архонттардың иіріміне азырақ түсетін болады. Ал осындай рухани еркін адамдар әлемде көп болса, соншалықты Архонттардың адамдарға билігі әлсіреп, адамзат өзіне «алтын мыңжылдықты» жасайтын болады. Сондықтан барлық жақсылық тазалықтан, ең бірінші кезекте, өз ойларыңнан басталады!

— Бұл әрине солай, бірақ сен жаңа ғана кейбір жақсы еврейлер дін басшыларына қарсы тұрып, ал дін басшылары оларды қырып салғаны туралы адамдарға мысал келтірген жоқсың ба, — деп Николай Андреевич қарсылығын айтты.

— Бұлай болу себебі, қалған халық көтеріліске шыққандарды қолдауға жасқанды, дегенмен олардың шындығы мен дұрыстығын түсінсе де... Бұл қорқыныш сезімі халыққа дін басшыларымен осы жағдайға дейін енгізілген. Ал шын мәнінде бұл қорқыныштың артында бостық, ештеңе жоқ... Әлгі Архонттар дегеніміз кім? Олар жәй ғана пенделер. Олар толық бір халықтармен салыстырғанда мүсәпір болмашы тобыр ғана. Және адамдарда Архонттардың құйыршықтарымен жасалған қорқыныш иллюзиясы жоғалған кезде, олар қорқыныш өздерінің фантазиясымен болғанын және оның негізі — бостық екенін түсінеді.

Сэнсэй үзіліс жасады, кейін сөзін жалғастырды:

— Иә, Саул туралы әңгімемді аяқтайын... Соңғы «ұлы Израиль соты» Самуил пайғамбар деп есептелді. Ол қартайған кезде, орнына екі ұлын қояды. Ал олардың қолдары билікке жетіп, біздің тілмен айтар болсақ, «пара» алып және қате үкімдер шығара бастайды: оларға кім көп берсе, сол адам дұрыс. Және Израиль ақсақалдары Самуилдан ұлдарын биліктен шеттетіп және басқа халықтардағыдай, елге патша болуға лайықты адамды қоюды сұрайды. Енді Ескі өсиетте жеткен аңыздар бойынша Самуил «Құдайдан кеңес сұрай бастайды». Құдай оған «жауап беріп», бұл халықтың сұрауы бойынша жаса деген — оларға патшаны бер, олар әлі-ақ өткен жақсы күндерін еске алып, сұрағандарына өкінетін болады депті-міс. Келесі күні Самуилға

жоғалған есегін қайдан табуға болады деп ақыл сұрауға жас Саул келіпті. Нәтижесінде ол, Саулді еврей халқының «билеушісі» деп жариялапты.

Үлкен балалар күліп жіберді, ал Стас оларға наразы болған әзіл аралас үнімен:

— Сендер не? Ол оған даналықпен жауап берген. Қандай сұрақ, сондай жауап!

— Енді жалпы, осы сияқты әрі қарай кете береді... Егер сіздер Ескі Өсиетті әрі қарай оқитын болсаңыздар, патшалар және қалғандары туралы, саяси билік пен ықпал үшін болған бар тарихты, халықты үнемі қорқытуды көресіздер. Бұның барлығы дүниелік, пендешілік істері еді, дегенмен еврей дін басшылары «өздерінің бар тарихындағы» бұл істерін «Құдай істері» деп көрсетуге біршама күш салды. Архонттардың барша сөздерін сенімдеріне қабылдап, олардың таңған қорқыныш пен иллюзиясында үреймен өмір кешкен қараңғы адамдар үшін, талмудтағы әр бір сөз (сөйлем) қасиетті болып саналады. Ал сөздерден (сөйлемдерден) ақиқатты көрушілер үшін... — Сэнсэй ауыр күрсінді де: — Жаратушы жарық (нұр, сәуле) бар жерде, — деді.

Сэнсэй ойға батып, үнсіз қалды. Балалардың кейбіреулері таңырқаған жүздерімен, кейбіреулері түсінбеген түрлерімен, ал Костя мен Слава сияқтылары тіпті немқұрайлықпен үнсіз тұрды. Осы сәтті өзінің өткен өмір тәжірибиесіне және ойларының тазалығына сәйкес Сэнсэйдің сөздерін әркім өзінше түсінгені анық еді. Мысалға мен үшін бұл өзінше бір тамаша жаңалық болды! Өйткені шын мәнінде мен Інжілдегі «Жаңа Өсиетпен» (Новый Завет) жақсы таныс едім, әсіресе Иса Мәсіх туралы, Оның Таудағы уағзымен. Ал «Ескі Өсиетті» (Ветхий Завет) оқуға тырыстым, бірақ шынымды айтсам ол кітапта жазылған есімдердің ауырлығынан, маған белгісіз жерлер мен атаулардың күрделілігінен жарытып ешнәрсе түсіне алмадым. Бірақ қазір өзімнен мәтінді түсінудегі осыншалықты шатастырулар мен ауырлығына қарамастан, тіпті ол жерде не жазылғанын

білместен менде «Ескі Өсиетті» (Ветхий Завет) қасиетті кітап санап, оны «құдайы адамдар» жазған, демек ол кітаптағы әрбір сөз Құдайдан деп сенгенімді байқадым. Осындай «түсінік» (наным) менде қайдан пайда болғанын білмедім. Осы уақытқа дейін оқып үлгерген әлгіндей жалпы әдебиеттің қысымынан болғаны анық. Демек мен сол кітаптарды көрместен бұрын, тіпті ол жерде не жазылғанын білмей жатып-ақ, маған осы түсініктерді таңған болып шыққаны ма?! Бұл мен үшін шыныменде естен тандыарлық жаңалық болды. Ал керек болса! Міне саған адам санасын епті өңдеу (улау)! Дейтұрғанмен бұл өмірде сауатты әрі ойшыл адам болу қаншалықты маңызды! Сэнсәйдің бұл жаңалықтары бойымда өз күшіммен ақиқатқа жетіп, тарихқа терең үңіліп, салыстырып, тексеруге деген ниетімді оятты. Және ақыр аяғында тәтті сәбіз туралы өтірік сөздерге «еріп», жүгін көтеріп, ақымақша жүре беретін есек болғанша, адамзат тіршілігінде болып жатқанның барлығын түсіну керек екен.

Николай Андреевич айтылған тарих туралы өзінше ойға батқан болуы керек:

— Иә, дегенмен тарихты білудің маңыздылығы үлкен, — деді.

— Сөзсіз, — деп Сэнсэй басын изеді, — әсіресе Архонттардың жалшылары жазғанды емес, шын тарихты.

— Иә, егер ғаламдық масштабта ойлайтын болсақ... Өйткені бүгінгі күнде негізгі екі ғаламдық діннің тамыры ежелгі еврейлердің діні — иудаизмнен (яһудизм) бастау алады емеспе. Миллиардаған сенушілер өздеріне таңылған категориямен ойлайды...

— Сенің сөзіңді бөлгенім үшін кешір, бірақ тағы бір маңызды факті туралы айтып өткім келіп тұр, — деді Сэнсэй Николай Андреевичке. — Архонттардың жалшылары әртүрлі ұйымдары туралы айтқан кезде, өздерінің ісбасарларының (артынан ерушілер) саны өте көп екендігін астын сызып жиі айтады. Не үшін? Себебі нақтылы бір адамға өздерінің көп

екендіктері, егер көпшілік олармен болса, демек оларда жақсы деген сөздері арқылы психологиялық ықпал ету үшін. Әрине бұл адамдардың қалай «зомбиға айналатын» механизмдері және ұйымдарының шын түпкі мақсаты қандай екендігі туралы үнсіз қалады. Бірақ бұл миллиардаған сенуші адамдардың өздеріне де байланысты, себебі олардың көбі әлем діндеріне Құдайды іздеу арқылы, рухани кемелдікке жету жолында келеді. Және шумерлік, ежелгі мысырлықтар, басқа халықтардың аңыздарында сақталған рухани ілімнің осындай дәндері көрініс берген мысалы Інжілді алайық, бұлар адамдарды өзіне тартады. Олардың арқасында рухани ізденістегі адам сол немесе басқа бір дінді ұстанады. Бірақ бұл әлгі адам сол діннің басшыларына толық тиесілі деген сөз емес. Құдайды іздеген адамның тану процесі кезінде өзінің «дін ұстаздарына» көптеген сұрақтары пайда болады. Ол сұрақтарға олар жауапты білмейді немесе өздерінің діни ұйымының саясат шеңберінен аса алмай адал жауап бере алмайды. Архонттардың жалшылары артымызда миллиардтаған сенушілер тұр деп жар салғаны, сол миллиардтаған адамдардың барлығы әлгі Архонттардың жалшылары сияқты дегенді білдірмейді.

— М-да, менде әртүрлі адамдармен, олардың өмірге деген көзқарастарымен кездесіп, бұл туралы сан мәрте ойға баттым, — деп Николай Андреевич мойындады да, үзілістен кейін: — Менің айтқым келгені... Сенің айтқандарыңнан кейін, мені неге соншалықты Інжілге тартып тұратынын түсіндім! Өзің айтып кеткен ежелгі мысырлық нанымдармен байланысты жерлері, — деді.

— Олай болмағанда, бұл дәндер қарапайым болса да әлі күнге дейін мықты масақтар (колосья), жақсы өнім беруде! — деп Сэнсэй мақтанышпен айтты.

— Иә, бірақ құл иеленуші мемлекетте осындай рухани дәндер қайдан? — деп Костя түсінбей иығын көтерді.


— Ежелгі Мысыр Архонт жалшылары тарихшыларға осылай көрсеткісі келетіндей бастапқыда құл иеленуші мемлекет

болмаған, — деді Сэнсэй. — Мен бұл туралы айтып бергенмін және тағы да айтамын. Бұл айтарлықтай рухани прогреске жеткен қоғам болатын. Тіпті кейінгі ғасырларда осы мемлекеттің рухани құрылымын бұзуға Архонттар білек сыбана кіріскен кезде де, ежелгі мысырлық әдебиетте, халық арасында, ерте аңыздарда болған ежелгі ілімдер туралы естеліктер әлі сақталған болатын.

— Ежелгі мысыр әдебиетінде? — деп Руслан таңғалды. — Ол жерде қайдағы әдебиет болсын? Тек папирустар ғана!

— Мен «әдебиет» сөзінің астарында қағаз дегенді меңзегенім жоқ, — деп Сэнсэй күлді. — Мен Ежелгі Мысыр заманында тасқа, папирусқа және адамдардың да жүрегінде сақталған жиегі кең, адамгершілігі аса тереңге жайылған мәдениет, жоғары көркемдік құндылықтар туралы айтып тұрмын.





«Ариман майшамы»  
Анастасия Новых суреті

Кішкене үнсіздіктен соң, Сэнсэй әзіл үнімен Николай Андреевичтен сұрады:

— Айтпақшы, сен қазір мақтаулы болған Каббаланың тамыры қай бұлақтан бастау алатынын білесің бе?

— Каббала?! — деп ол қайта сұрады. Бұл Израильдің құпия докторинасы, масондық эзотерика мен розенкрейцерстваның кілті ме? Жоқ.

— Ал қайдан? — деп Володя қызыға сұрады. — Мен шынымды айтсам Каббала — бұл әлемде соңғы кездері танымал бола бастаған құпия білімдерді иеленуге тырысқан қандай да бір еврейлік ілім екендігін ғана білемін.

— Бұл сабын көпірігі әлі ұзақ уақыт ол жерде ұлы құпия мен орасан зор күш жасырылған деп барша әлемге айқайлап үрленумен болады, — деп Сэнсэй күлді. — Ал шын мәнінде оның іші бостықтың бостығы. Каббала ежелгі еврей тілінен тікелей аудармасында «qabbālah» аңыз (предание) дегенді білдіреді.

— Аңыз (Предание)?! — деп Виктор жартылай әзілмен қайталады. — Ал мен кабала — бұл біздерді институтта оқытқандай «борыш міндеттемесі, аса ауыр экономикалық тәуелділік» деп ойласам.

— Жоқ, бұл кабала. Дегенмен Каббала ілімін тарату қозғалысын бастаушылардың жасырын мақсаттар мен міндеттерін алып қарайтын болсақ, кей жерлерінде ол солай. Ал «кабала» сөзі түрікше kabala сөзінен шыққан, ол өз кезегінде арабтың «qabala» сөзінен...

Сэнсэй бір нәрселерді айтқысы келіп терең тыныс алып, бірақ сәл ойланып кідіріп қалды.

— Енді мен айтып тұрмын емес пе, кабала — ол Африкада да кабала! — деп Виктор да Сэнсэй секілді естілуі ұқсас сөздердің мағынасын түсініп көңілді айтты.

Сэнсэй ұжыммен бірге күліп, әзілмен:

— М-да, осындай «сәйкестіктерде» болады екен-ау! — деді. — Енді былай, бұл шыныменде бір кездері болған аңыз (предания) еді, бірақ ежелгі еврейлік емес, ежелгі мысырлық.

Және ол одан да анағұрлым ежелгі алғашқы күші мен жолды ашатын, оның көмегімен біздің тілмен айтатын болсақ, рухтың қайта туылу шеңберінен шығуға болатын ежелгі мысырлық «Ка-Ба-Ах» білімі негізінде құрылған. Ка, Ба, Ах, яғни астральды дене, рух және ерік күші-рухы — бұлар осы ілімнің үш негізі болды. Үшбұрыштың басында Ба рух деп саналған. Ол жерде тек рухани кемелдік жолы ғана қарастырылған және осы материалды әлемге ықпал ету туралы бірде-бір сөз болмаған. Бұл ілім кез келген даналық секілді рухани жолмен жүруді қалаған барша адам үшін қолжетімді әрі қарапайым болды.

Және бұл ілім туралы бейнелеген аңыздың кейбір «ерекше дарынды» еврей дін басшыларының көзіне түсуін қарашы. Бұл ежелгі ілімді өздеріне ыңғайлы етіп өзгерткендерімен қоймай, жемқор, «жақынынан құпия негізін» жасыратын билік сүйгіш табиғаттарын ескере отырып, олар ұрпақтар сабақтастығында бұл ілімдерді жоғалтып алды. — Сэнсэй алдына құм төбешігін үйді де оның шыңын көрсетті. — Және еврей дін басшылары осы жеткен аңыз туралы аз да болса бірнәрсе білсе, ал мыналарға, — деп Сэнсэй пирамиданың төменін көрсетіп, — осы білімнің мүсәпір философия қиындылары қалды, — деді. — Бүгінгі күнде түп-тамыры мысырлық болған осы философия Каббала іліміне адамдарды тартады (қызықтырады). Ал пайда болған олқылықтар мен бостықты, ешкім түсініп қалмауы үшін, еврейлік дін басшылары жақсы көретін математикамен, оның үстіне еврей тілімен араластырып жіберді. Нәтижесінде біздің заманымыздың IV ғасырында, тағы да еврей дін басшыларының жоғарысында отырған адамдардың мақсаты мен алдыға қойған міндеттерінен «Сефер Иецира» («Книга творения») кітабы пайда болды. Ол жерде барлық нәрсенің негізі Құдай деп айтылғаннан бөлек, дүние (мироздание) ондық сан мен еврей алфавитінің... жиырма екі әріпіне негізделген деп айтылады (ол өз кезегінде ғаламның отыз екі элементін құрады).

Үлкен балалар осы сәтте шыдай алмай күліп жіберді. Ал Володя:

— Иә, қытымыр деген осы! — деп қосты.

Бірақ Сэнсэй олардың күлкісіне назар аудармастан әңгімесін әрі қарай жалғастыра берді.

— Еврей ілімінде осы ежелгі еврей алфавиті Ғаламның жасампаз күшімен байланысты, ондағы әрбір әріп өзінің орнына сай арнайы сандарға сәйкес келеді, өзінің формасы бойынша — құпия мағынасы бар иероглиф, ал басқа әріптерге қатысты — толық математикалық символдар болады деп саналған. Әріптерді комбинациялап және олардан сөз құрап, тіпті әлемге ықпал етіп, дамудың жаңа заңдарын ашып, алда келе жатқан оқиғаларды есептеп шығуға болады екен-мыс және сол сияқты. Осы «кілтке» иелік еткен «мәртебелі» (посвящённый) басқалардан жасырылған Білімдерді, еврейлік Тор мәтіндерінен құпиясын аша алады деп сендірілген. Жалпы бұл тағы да құпия білімге ие болу, пенделік ерекше таңдаулы болу ойыны.

— Ал Тор бұл... бұл.., — деп Слава ұмытынқырап қалды.

— Тор (Таурат) — бұл Мұсаның Бескітабының ежелгі еврейше атауы, яғни Ерте «Ескі Өсиеттің» алғашқы бес кітабы: Жаратылыс, Мысырдан шығу, Леуіліктер, Сандар, Заңды қайталау (Тора — это древнееврейское наименование Пятикнижия Моисеева, то есть первые пять книг Ветхого завета: Бытие, Исход, Левит, Числа, Второзаконие). Айта кетейін өз араларында Мұсаның Бескітабы Алтыкітап деп аталады. Осы сұрақтың мәнін түсінгісі келетіндер үшін Мұсаның Бескітабы Ескі Өсиеттің алтыншы кітабы, сіздерге белгілі Иисус Навиннің кітабының мәтінімен бірге бес жүз жыл бойына жинақталған деген ресми «тарихи нұсқасы» ұсынылады. Шын мәнінде Бескітап — бұл бұқара халық үшін. Ал ұрпақтары осы халықты ұзақ уақыт басқарып келе жатқандардың өз араларындағы шеңбері үшін бұл «қасиетті Алтыкітап» (Шестикнижие) (бұл ақпаратты естерінде сақтаңдар, кейінгі ақпараттармен салыстырасыздар), жаңа ғасырға дейінгі 440 жылы Вавилондағы құпия жиналыстарында еврей дін басшыларымен осылай шешілген.

Айтпақшы, сол жиналыстағы дін басшыларының маңызды шешімдерінің бірі кітабы Ескі өсиетке енгізілген Ездра болды. Оның міндетіне еврей халқына арналған заңдар жинағына заңдарды біріктіру, жүйелеу, редактурадан өткізу кірді. Ездра Вавилоннан Иерусалимге қоныс аударып, нәтижесінде Неемиямен бірге Яхва культін қайта жаңғырту мен дін басшыларының өз халқына арналған тиым салулары мен жарлықтарын қайта қалпына келтіру жұмысына қызу кірісіп кетеді.

Жақын жолдасы Неемия, оның да кітабы Інжіл құрамына енді, басқа халықтарға деген жеккөрушілікпен шектесетін төзімсіздігімен, анық шовинист, айтарлықтай агрессивті еврей саясаткері болатын. Ол уақыттарда парсы патшасы Артаксеркс (Артахшассе I) оны Яхудей халқына басшы (патша өкілі) етіп қойған. Оның басшылығымен және Ездраның қосшылығымен Иерусалим храмы қайта қалпына келтірілді. Еврейлік дін басшыларының жоспарларын іске асырушы осы екі адамның арқасында, сәйкесінше өңдеуден өткен халыққа арналған «Заң» — Бескітап Ездрамен жарияланды. Барлығына дін басшылардың ережесі жарияланып және халықты үйлеріне таратып жібереді.

— Тағы да саяси іс-қимылдар, — деді байқампаздықпен Николай Андреевич.

— Өкінішке орай, — деп Сэнсэй басын изеді. — **Архонттардың өз қызметінде жиі қолданатын қағидаларының бірі — бұл Архонттарға бағынышты, бақылауға келетін қоғамды қалыптастыру мақсатында әртүрлі діни ұйымдарды құру.**

Және кішкене үзіліс жасап, әңгімесін әрі қарай жалғастырды.

— Иә, каббалашылар туралы. «Сефер Иецира» («Книги творения») кітабынан кейін барынша көп оқылатын (құрметтелетін) кітап — ол біздің заманымыздың XIII ғасырында Испанияда өмір сүрген еврей диаспорасынан шыққан автормен жазылған «Зогар» («Книга сияния») кітабы.

Бұл датаны өздеріңізге түртіп алыңыздар — **XIII ғасырдың соңы**, кейін салыстырып бір нәрселерді түсінетін боласыздар. Енді былай, «Зогар» кітабында айтуға келмес ғажап (неизречённое) Құдайы болмыс Энсоф (шексіз) деп, ал заттар әлемі (мир вещей) — эманация, құдайы күштің шығуы ретінде қаралады. Ол жерде жасампаз құдайы күштің ортасында болатын (делдал) осының арқасында ол танымында ашылатын он сефироттар туралы да айтылады. Және рухтың енуі (көшуі) туралы да өзінше интерпретацияланады.

— Тоқтай тұр, ол жерде ежелгі мысырлық ілімдердің қандай қалдығы қалғанын мен еш түсіне алар емеспін? Түсінуім үшін бірнеше мысалдарыңды айтып жіберсең, — деп Володя сұрады.

— Иә, әрине. Мысалға каббалистердің Інжілден алған Құдайдың қасиетті айтуға келмес ғажап есімі туралы идеяны алып қарайық. Ал ол Інжілге ежелгі мысырлық ақпараттардан алынып, Жаратушының құпия есімі туралы түсінікті өздерінің түсінгеніне қарай өзгерткен еврей дін басшыларының арқасында түсті. Ежелгі Мысырда адамның шын есімі (олар адамның жеке есімін «Ран» деген түсінікпен атаған) оның жеке даралығын ашудағы кілті (олардың түсінігі бойынша тіпті өлген адам үшін де, қабірде өз есімін ұмытпау маңызды болған), ал Құдайдың шын есімі — шексіз билік беретін орасан үлкен құпия күштерді ашатын кілт деп саналған. Және сәйкесінше адамның шын есімін білу арқылы оның иесіне жақсы немесе жаман ықпал етуге болады. Сондықтан шын есімнің қауіпсіздігі үшін, мейлі ол адам болмаса Құдай есімі болсын, терең құпиялықта жасырылуы керек деген түсінік болған.

Бұл түсінік көптеген аңыздар мен жеткен сөздердің негізі болды. Мысалға бүгінгі күнде белгілі Исида мен Ра құдайы жайындағы аңыздар. Бұл аңызға сәйкес жылан шаққан Ра құдайының сауығуы үшін Исида құдайға өзінің құпия есімін айтуына тура келеді. Және құпия есімінің арқасында Исида құдайлар патшасының үстінен билік алады.

— Қызықты, — деді Николай Андреевич, — егер Ежелгі Мысырда бұған осындай үлкен мән берілсе, бұл ақпараттардың барлығы бос жерден туындамаған деп тұжырымдауға болады ма?

— Сөзсіз, — деп Сэнсэй басын изеді.

— Ал негізінде қандай білімдер жатты?

— Адамның шын есіміне байланысты... Бастапқыда материалды әлемде рух пайда болған сәтте Құдай оған есім берді, ал рух оны құпия түрде барлық реинкарнациядан алып өтеді деп саналған. Рух жетілген кезде Жаратушы онымен осы есімі арқылы сөйлесіп, оны өзіне шақырған. Және егерде біреу қандай да бір жолмен адам рухының шын есімін біліп қалса, оны пайдалану арқылы адамның өзіне әсер ете алған. Бірақ әдеттегідей бұл білімдер Бодхисатвалардан бөлек, тек өзінің жердегі реинкарнация циклын аяқтағалы жатқан рухани жоғары адамдарға ғана қол жетімді болған. Ал адамдар арасында сирек болса да туылған кездегі есімі шын есімімен сәйкес келетін оқиғалар болып тұрады. Бірақ бұл туралы адамның өзі әдетте тіпті де білмейді. Және осындай «сәйкестіктер» ерекше жағдайларда орын алып, жайдан-жай болмайды.

Өкінішке орай қазір бұл білімдерді «фантастика» қатарына жатқызады. Дегенмен есім туралы бұл ілімнің жаңғырығы, болмысындағы алғашқы элементті, адам болмысына енгізілетін әлдебір ішкі терең болмысынды түсіну түрінде әртүрлі халықтар арасында таралған. Мысалға есімнің үнді-еуропалық — n-men — яғни «ішінде» сөзі. Немесе орыстық диалекті «во ймя» — «имя». Үнділерде, брахмандық концепцияда адамның шын есімі осы есімнің иесінің табиғатын сипаттайды деген түсінік бар, яғни «есім мен форма» үйлестігі (тождество) — nāmaṅrūpa (айтпақшы оның ведийлік прототипі nāman: dhāman — «есім және форма»). Көптеген тарихи-мәдени дәстүрлерде мынадай түсінік бар — туылған сәбиге есім қоюда оның ішкі болмысын болжау. Зулустарда егер сәби көп жыласа оған дұрыс емес есім

қойылған деген сенім бар. Фин-угро халқында егер адамға есімі сәтсіз қойылса, бұл оның өміріне бірнеше қиындықтар шақырады деген түсінік болған. Бірақ мұның барлығы жәй жаңғырықтары ғана.

Өте ежелгі замандарда білуші адам өз есімін мазаламас әрі қауіпсіз ету үшін өзінің мінезінің сыртқы пішімін сипаттайтын немесе «қалқанға (қорғанысқа) ие болу үшін» қандай да бір құрметтелген құдайы болмыстың трансформацияланған есімін «лақап ат» етіп алған. Бірақ уақыт өте білім жоғалып ата-бабаларының салт-дәстүріне еліктеген адамдардың тек сыртқы пішімі қалды. Сондықтан өзімшіл мақтаныш сезімі гипертрофияланған кейбіреулер адам есімімен байланысты «білім» сиқырын білемін деп қорқытып мақтанған кезде — бұл күлкілі көрінеді, себебі қазіргі есімдер — жәй ғана әлгіндегі «трансформация» ғана. Мысалы ежелгі орыстың Святогор немесе немістің Siegfried есімі — бұл «жеңіс+қорғаныс» дегенді білдіреді. Немесе Андрей, Иван, Мария, Ксения және сол сияқты заманауи есімдерді алып қараңыз — бұл христиан әулиелерінің есімдері және оларда өз кезегінде «жүрегінде құдайы бар» (божьего человека) адамның түрлі қасиеттерін сипаттайтын трансформациясынан алынған. Сондықтан шын білімдердің жоғалуы қарапайым адам есімдерімен манипуляция және спекуляция жасаумен есім иесіне «ықпал етуге» үміттеніп, шын мәнінде адами «параноя» туғызды. Істің насырға шауып абсурдқа жеткені соншалықты, сол Мысырдың өзінде кейінгі замандарда дін басшылары арасындағы соғыс өрті мен ежелгі ескерткіштерді басып алу, жай ғана пендешілік эгоцентризм себебінен, сол ескерткіштерді салушылардың есімдерін жойып және сол жерге өз есімдерін «мәңгілікке» қалдыру үшін болды. Себебі ежелгілер : «Есімің өмір сүрсе, есім иесі өлмейді» деп айтқан. Сол баяғы Ежелгі Қытайда ешкім зиян келтіре алмауы үшін билік етуші императордың есімін атауға тиым салынған. Еврейлерде ежелгі уақыттарда «зұлым рухқа шын есімді табу



қиын болуы үшін» болмашы себептерге өз есімдерін ауыстырып отырған.

— Енді дұрыс, — деді Женька күлкімен, — өздеріне қарыз беруші тауып алмас үшін.

Барлығы шын күліп жіберді.

— Бұл анық! — деді Николай Андреевич.

Ұжым басылған кезде Сэнсэй:

— Сондықтан бұның барлығы пендешілік, — деді. Және кішкене үзіліс жасап: — Адамның реинкарнациясындағы осындай есімнің көптігіне байланысты «Упанишадахта» жазылған мынадай ескі үнді даналығы бар: «Атауы мен бейнесін жоғалтып Теңізге ағып жоқ болатын өзендер секілді, есім мен формадан арылушы да құдайы Пурушаға көтеріледі»...

— Пуруша? Бұл алғашқы адамға ма? — деп Николай Андреевич нақтылай сұрады.

— Иә, — деп Сэнсэй жауап берді де барлығымызға түсіндірді. — Пуруша — осылай ежелгі үнді мифологиясында алғашқы адам деп аталатын, одан ғарыш элементтері, ғалам рухы пайда болған... Ал Құдайдың құпия есіміне келетін болсақ... Айта кету керек, еврейлер кейін «пұтқа табынушылар» (языческими) деп атаған көптеген ежелгі халықтарда, тіпті «қарапайым пенде» үшін құдайлар секілді билікке қол жеткізу мүмкіндігі туралы түсініктер болған. Және бұл артында Жаратушының құпия есімі жасырылған құпия Сөзді білумен байланысты болды. Айта кету керек осындай түсініктер мифология мен мистикаға терең оранса да, бірақ негізінде қазіргі заманда Грааль деп аталатынның принципі жатыр. Сәл кейінірек мен бұл туралы анағұрлым толық айтып беремін.

— Тыңдау біршама қызықты болар еді, — деп Николай Андреевич шыдамсыздана айтты.

— Әр нәрсенің өз кезегі бар, — деді Сэнсэй жұмсақ үнімен. — Бірақ «Зогар» кітабына, ондағы алынған ақпараттарға келсек... Мысалға «Оның жасампаз энергиясын алып жүретін сәулесі» және шуақ жарығына сезіммен емес, ақылмен жететін

каббалашылар Құдайдың атрибуты деп ұлықтайтын он сефиротты алып қарайық. Сефирот есімдері: Жоғарғы Құдірет, Даналық, Ақыл, Мейірімділік, Әділдік, Сұлулық, Жеңіс, Мәңгілік, Өнімділік және Шынайылық (Патшалық) (Верхование Могущество, Мудрость, Разум, Милость (или Доброта), Правосудие (Справедливость), Красота, Победа, Вечность, Производительность и Действительность (Царство)). Бұлар қайдан алынып өңделген? Ежелгі мысырлықтардың Ка туралы түсінігі мен оның құдайлармен байланысынан. Ежелгі мысырлықтарда баланы қамқорлығына алып қорғайтын сиқырлы күш — Ка таңбасымен белгіленетін ер құдайы күші (жоғары көтерілген қол таңбасы) және бастарында жебе белгісін тағып жүретін Хемсут («няньки») деп аталатын әйел құдайлар. Әдетте олар жеті жұптан тұрды (ал жеті саны ежелгі мысырлықтар үшін қасиетті саналды). Және олардың барлығы он төрт есіммен аталды: Күш, Билік, Өркендеу, Тағам, Қадір, Мәңгілік, Нұр (Сәуле), Жарқырау, Атақ-даңқ, Сиқыр (Хека), Нақыл (жасампаздыққа деген Ерік), Көру, Есту, Сана (Сила, Власть, Процветание, Пища, Почитание, Вечность, Сияние, Блеск, Слава, Магия (Хека), Изречение (Воля к созиданию), Зрение, Слух, Сознание). 14 Ка мен 7 Ба жоғары Құдайға жатқызылды. Енді қорытынды жасай берсеңіздер болады.

Немесе мысал ретінде каббалашылардың рух туралы түсіндірмелерін алып қарайық. Олар адам әлемі макроғарышқа ұқсас микроғарыш болғандығы шығыс халқына ежелден белгілі болғанды қайталайды. Микроғарыштың ортасында айналасы сыртқы қабыршақпен қоршалған өлмейтін құдайы субстанция орналасқан. Ал осы қабыршақты олар: «нешама» (рух) деп атайды, бұл ежелгі мысырлық Ах-қа сәйкес келеді, сіздер ол туралы ендігі білесіздер; «руах» — бұл ежелгі мысырлық рух — Ба-ның өзі. Тек «руах-та» каббалашылар адамның жеке тұлғасы және оның еркі орын алған жер деген түсініктерді енгізген. Жұмсақ тілмен айтатын болсақ мысырлық Ах және Ба түсініктерін бір қазанға қайнатып жіберді. Және олардың түсінігі

бойынша үшінші қабыршақ (оболочка) — бұл «нефеш», яғни ежелгі мысырлық Хат-қа сәйкес келеді. Олар әрбір қабыршақ үш қабаттан тұрады деп көрсетеді. Мысалға сол «нефеш» өзіне тек тән қауызын қосып қана қоймай, «нефеш-тің» ажалсыз бөлігін де қосады...

— Ху ли? — деп Женька жымысқылана айтты.

Сэнсэй жәй күлімдеді де өз әңгімесін жалғастыра берді:

— ... және «сүйек рухы» (дух костей) — кейінгі қайта тірілуге оның формасын сақтайтын бұзылмайтын физикалық тәннің бейнесі. Яғни «сүйек рухы» ежелгі мысырлық тілмен айтатын болсақ Ка немесе біздің тілде «астральды егіз». Және осы қатты бұралған каббалашылармен шимайланған үштік түсінігінде ежелгі мысырлық білімдер мен сенімдер өте жақсы көрінеді.

Ежелгі мысырлықтар адамды бес элементке жәй ғана бөле салған жоқ, осы элементтер арасындағы негізгі үштік байланысты көрсетті.

Мысалы сіздерге белгілі үштік байланысы. Ка-Ба-Ах — бұл жерде рухтың адамның астральды егізімен (тәнімен) және оның ерік-рухымен тығыз байланыста екенін көрсетеді. Немесе Ка-Ху-Хат үштік байланысы, бұл жерде Хайуани негізі (Ху) адамның астральды егізі (Ка) және физикалық тәні (Хат) тығыз байланыста екені айтылған. Және осы үштік байланыстар туралы айтылып қоймай, осы құрылымдармен жұмыс, эффектілері, нәтижелері туралы толық бір ілімдер жазылған. Сонымен бірге белгілі бір өзін-өзі дамытудың деңгейіне жеткен кезде, мысалға Сах-Ба-Шу секілді ерекше үштік байланыстар туралы да көрсетілген. Бұл туралы сіздерге сәл кейінірек айтып беремін. Және бұл білімдер каббалашылар секілді жәй жеміс ағашынан жұлынып алынған жоқ. Бөтеннің жемісін ұрлағаннан бөлек, каббалашылар өздерінің спецификалық ақылдарына салып, быламық жасап, ендігі адамзаттың көп бөлігінің одан дизентериясы басталды. Ежелгі мысырлықтар болса білімдерді барлығы түсінікті әрі қарапайым таза қайнар бұлағынан алды.

Сенде алып пайдалансайшы! Жоқ, барлығын өз білгеніңе салып айналдырып, шектен асыра қиындатып, барлық жерге өз атауларың мен мақсатыңа жеткізетіндей қылу. Иә... ең күлкілісі, каббалашылардың «ілімінде» ақылды оқырман көзінен жасыра алмайтын ежелгі мысырлық тамырлардың анық көрінуі болғандықтан, олар Каббала ілімі Адам Атаның өзінен Нұхқа және кейін «Құдайдың досы» Ыбрайымға (Авраам) өткен деген аңызды кең тарата бастайды. Бұл «құпия білімдерді» Мұсада біліпті және осы білімге жетпіс ақсақалды таныстарған, ал кейін олар өздерінің «таңдаулыларына» құпия түрде ауызша айтыпты-мыс.

— Тура мысырлық Сет және оның жетпіс екі қастандық жасаушылары (заговорщики) туралы аңызға ұқсайды екен, — деді байқампаздықпен Володя.

— «Құдайдың досы» Ыбрайымға (Авраам)? — деп өз кезегінде Женька таңғалды. — Демек, Ыбрайым — досы екен де, ал қалғандары — құлы болғаны ма? Иә, олар жақсы жайғасып алған екен.

— Енді, «еврейлердің» ойы бойынша басқа қалай болу керек, мен дін басшыларын меңзеп тұрмын, — деді Сэнсэй. — Енді былай, олар осы Ыбрайым арқылы бұл білімдер Мысырға келіп, осы «мистикалық білімнің» «шығып кетуі» орын алған деп жаза бастайды. Және осылайша мысырлықтар «Каббаланың кейбір білімдерін» біліпті-міс, ал шығыс халықтары «тіпті Каббала элементтерін өздерінің философиялық жүйелеріне енгізген».

— Хм, жігіттер ебін табады екен, — деді тағы да Женька. — Өздері осы білімдерді шығыс халықтарынан ұрлайды екен де, ал кейін сол халықтарды ұрлады деп айыптайды.

— Өте дұрыс, — деді Сэнсэй. — Бұл олардың принциптерінің бірі: басында біреудің білімін ұрлау, ал кейін оларды өздерінікін ұрлады деп айыптау. Және идеясынан бастап жобасына дейін өздерімен «ойдан шығарылғанды». Олар каббалаға шын мәнін бұрмалап шығыстық қаншама

символдарды енгізді! Мысалға мына белгі нені естеріңізге түсіреді? — Сэнсэй алыс емес жердегі шыбықты алып, құмға үшбұрыш салды. Үшбұрыш ішіне — шеңбер, ал шеңбер ішінде тағы да үш кішкене шеңбер сызды. Үш шеңбердің ортасындағысы екеуінен үлкенірек. Үш шеңберден төменге қарай үш кішкене сызық сызып және оларды төменде бір сызықпен қосты. — Қандай нұсқалар бар?

Николай Андреевич белгіге (таңбаға) қарап:

— Бұл жерде қандай нұсқа болсын? Шеңбер ішіндегі үш шеңбер — бұл Шығыста танымал Шамбала белгісі екені анық. Тек астындағы Ш әріпінсіз, — деді.

— Сен не, қайдағы Шығыс?! — деді Сэнсэй күлкімен. — Каббалашылар оны «Еврейлік үштік» (Ерейской триада) деп ұлықтайтын «жасампаз үштік» (творящей триада, шығармашылық) деп атайды. Ол жерге олар алғашқы үш Сефориттың үштік екендігін білдіретін «шин» әрпін кірістірген: ортаңғы шеңбер — бұл Кетер, Ақ Бас (белая Голова), Тәж (Корона), ал екі шеңбер — Хокма (Әке) және Бина (Ана).

— М-да, — деп Женька балалармен бірге күлді. — Бұны қандай Ақ Бас ойлап шығарғанын білмедім, бірақ нағыз Хохма болып шыққан екен! — деді.

— Бұл ештеңе емес! Мысалға Энсоф (каббалашылар үшін «шексіз Дүниелік күй» (вечного состояния Бытия) «шексіз», «ежелгінің ежелгісі», «өзінен заттар шығаратын» және сол сияқты түсінігі болған) символы болып жұмылған көз саналады.

— Жұмылған көз? — деп Стас таңғалды.

— Токтай тұр, ашық көз — бұл Құдай символы емес пе, — деді Виктор.

— Енді дұрыс, — деп Женька нақтылады. — Ал жұмылған көз Құдай ұйықтап жатқан кезде, Архонттар жұмыс жасауда дегенді білдіреді!

— Түсінікті, — деп Николай Андреевич басын изеді. — Жалпы саусағыңмен қай жерді түртсеңде Архонттардың қақпаны.

— Енді олар мыңдаған жылдар бойы қақпан торды токумен болды, — деп Сэнсэй қынжылыспен айтты. — Сонымен «Зогар» кітабында Інжіл аллегориялық түсіндірілді, оның үстіне ол жерде неоплатонизм мен гностицизмнің сан түрлі элементтерін де былықтырып жіберген. Осының барлығы теориялық рухынды көтеру мен тазалауға шақыратын нұрлы ағынмен жабылады. Және Құдай жасай алмаған «еврей» халқына мессияндық уақыт пен мінсіз идеялды әлем келеді деген басты идея мен мессияндық күтулерге толы.

— Алысқа шапқылары келген екен! — деп Виктор күлді.

— Ал іс жүзінде Каббала белгілі бір арнайы каббала ритуалдары, арнайы «дұғалар» және ішкі ерік (күші) актісі арқылы, адам тарихтағы «құдайы-ғарыштық (ғаламдық) процестерге араласып және олардың «білімдері мен құпия күші» көмегімен барлығына, Ғаламдағы баршаға ықпал ете алады-мыс.

— Тьфу саған, қайдағы бір ариманщина екен! — деп Володя күңк етті.

Руслан болса керісінше, Сэнсэйдің айтқандарына қызығып, ысқыра таңғалған даусымен:

— Олар шыныменде осындай орасан зор күш пен құпия білімдерге ие ме?! — деп сұрады.

Осындай балалығына үлкен жігіттер тіпті күліп жіберді. Ал Сэнсэй құмнан көтерілген пирамида басына жақын жерде жатқан құс қауырсынын қойды да, пирамидаға меңзеп:

— Егер әлемдегі барлық каббалашыларды жинайтын болсақ, олардың мақталған «күдіретті күші мен білімдері» тіпті мына құс қауырсынын үрлеп құлатуға да жетпейді, — деді.

Үлкен балалар күлгендерін тиып, біздермен бірге құм пирамидасының төбесінде тұрған ақ мамық құс қауырсынын қарай бастады.

— Солай ма?! — деді де, Женька сәл жақындап қауырсынды үрлеп жіберді. Ол пирамидадан жеңіл ұшып кетті. Өзіне риза болғандай: — Э-э-э, мен барлық кабелистерден күшті екенмін ғой, — деді.

— Өзің кабелист! — деп Стас жеңіл желкесінен салып қалды. — Ал негізі адамға тыңдауға кедергі болма.

Ұжым тағы да көңілді күлді.

— Міне осындай шаруа, — деп Сэнсэй қорытындылады. — Бостықтың аты — бостық!

— М-да, — деп Николай Андреевич созыңқырай айтты, естігенін ойға салғаны анық еді. — Жағдай қиын екен. Және кішкене үнсіздіктен кейін: — Сонымен ежелгі мысырлықтарда «Сах-Ба-Шу» үштігі нені білдірді? — деп сұрады.

— О, бұл біршама қызықты, — деді Сэнсэй. — «Шу» — бұл ежелгі мысырлықтарда шын мәнінде Ка-ның көріністерінің бірі адам «көлеңкесін» білдіретін термин болған. Ал «Сах»... Былай айтайық, ежелгі мысырлықтарда «Сах» сөзі бірнеше мағына берген. «Сах» «түйсіну» (просветление) дегенді білдірген. Бұл сөзбен олар жұлдыздар патшасы деп санаған Орион шоқжұлдызын (жұлдыздар тобын) атаған. Айтпақшы Орионды Осирис, ал оның жұбайы Исиданы — Сотис (жерге ең жақын жұлдыз Сириус) деп жиі атаған. Адамның жоғары «түйсіну» (просветления) жағдайындағы ерекше күйді «Сах» деген. Кейін «бақыт нұрына бөленген ата-тектерді» («блаженных предков»), «ежелгінің атақты адамдарын» да осылай атай бастаған. Ал кейін «Сах» деп мөр ұстап жүруге құқығы бар сарайдағы ақсүйектерді атаған. Енді білім дінге соншалықты терең көміліп, уақыт өте көбісі ұмтылған соң, «Сах» ежелгі мысырлықтардың жерлеу нанымдарына сәйкес өлген адамдардың қамқоршысы, «рухани жетілген» (просветления) ритуалына сәйкес тәнді — мумияны білдіретін терминге айналды. Бірақ осыдан кейін де діндер «Сах-ты» анағұрлым ежелгі замандармен — «қамтамасыз етілген рухани жетілген адаммен («обеспеченного просветлённого»); аспан патшалығында берілетін басқа тәртіптегі сапа мен қадір-қасиет; сонымен бірге ұлы билік «құдайылықпен» байланыстыра берді.

Көріп тұрсыздар ма, адами өзгертулер мен болжамдардың қаншалықты ұзын тізбегі пайда болғанын? Ал басында барлығы қарапайым болып еді. «Сах» — бастапқыда ежелгі мысырлықтарға рухтандыратын (жігерлендіретін, животворящая) энергия ретінде түсіндірілді. Ежелгі мысырлықтар «Сах-Ба-Шу» деп атайтын күйде немесе біздің тілімізбен айтатын болсақ арнайы рухани практикалардың көмегімен «жоғары рухани жетілудің» ерекше күйіне жеткен. «Рухани тану» (рухани жетілу, просветления) күйіне жету үшін жасалатын осы практиканың орындалу талаптарының бірі ретінде пирамидалық құрылым аса үлкен рөл атқарды. Басында ол тастан тұрғызылған пирамидалды формалар немесе төмпешіктер болды. Айтпақшы, кейінірек бұл пирамидалды формадағы қасиетті тас «Бен-бен»-ді ежелгі мысырлықтардың кастерлеуінің себептерінің бірі болды.

Және де бұл рухани практика тек Ежелгі Мысырмен ғана шектеліп қалған жоқ. Бүгінгі күнге дейін заманауи адамдармен ашылған жасанды салынған көптеген пирамидалар және әлі күнге дейін «ашылмағандары» және табылмағандары бар — бейберекетсіз салынған құрылымдар емес. Олар әртүрлі замандарда салынса да, пирамидалардың орналасуы нақты координаталарға, құрылыс кезіндегі арнайы жұлдыздарға тура бағыттталып салынған. Ғаламдық масштабта — бұл өзінше бір карта. Осындай пирамидаларды салу бастамасын, осы білімдерді білетін адамдар жасаған (ұсынған). Оның ішінде Имхотепте болды. Ол бұл әлемдік масштабтағы ғаламдық архитектуралық (сәулет) жобасы туралы ақпаратты (ол Имхотеп заманына дейін көп уақыт бұрын құрастырылған) Сокровенниктен көп жылғы білім алудың аяқ жағында, басқа білімдермен бірге алады.

Бірақ шыныменде маңызды адами Тұлға болған Имхотеп туралы әңгімеміздің басына оралсақ. Ол бала күнінен-ақ ата-анасы бойына дарытқан ең бірінші кезекте адами қасиеттерінің тазалығымен рухани ниетінің (оянуының) шынайылығымен ерекшеленген. Сондықтан да Сокровенник оны шәкірттікке



алады. Архонттармен материалды дүниенің артықшылығына басы айналған заманауи адаммен салыстырғанда, Имхотепке Сокровенник білімдерін қабылдау анағұрлым оңай болды.

Бірақ ілімді алу — істің жартысы ғана. Оны лайықты пайдалана білу анағұрлым маңызды! Себебі практикасы жоқ теория өлі деп айтылғандай. Имхотептің Тұлға ретіндегі артықшылығы неде? Ол өзінің рухани дамуында пайдаланған осы білімдерге жауапкершілікпен қарап қана қоймай, адамдарға пайдалы өте көп іс жасады. Және тырысқаны соншалықты, Шамбала Сокровеннигі білімі арқасында сол замандарда Имхотеп қалдырғанды, тек мысырлықтардың ұрпақтары ғана емес, Азия, Африка, Еуропа халықтары да пайдаланды. **Рухани мықты, еркін Тұлғаның әрекетінен Архонттардың осыншалықты қорқатыны бекер емес, өйткені оның толық бір халықтардың санасына әсер етіп, қаншалықты болжауға келмейтінін олар біледі.**

Сэнсэй кішкене үзіліс жасап, аздап минералды су ішті. Осы сәтті пайдаланып Андрей сұрай бастады:

— Сэнсэй, сен пирамидаларға байланысты әлемдік масштабтағы жоба Имхотеп заманына дейін жасалған деп айтып кеттің. Ал оны Имхотеп заманына дейін кім құрастырып шығарған? Жоқ, Шығыс — өркениет бесігі екендігі түсінікті. Бірақ егер ғалымдарға сенетін болсақ оған дейінгі замандарда өркениет емес... Ол жерде тек аңшылар мен терім терушілер ғана болған емес пе, яғни ең қарабайыр адамзат болған.

— Жаңа тіршілік бесігі туралы айтқаның дұрыс. Шыныменде солай болған. Бірақ ол замандарда Жерге қазіргі заманауи «тарих» концепциясы шеңберіне мүлдем сыйғыза алмайтын өркениеттер келген... дегенмен олардың іздерін бүгінгі күнге дейін тауып жатыр. Мысалы «қондыру жолағы» ретінде үлкен плиталары бар Баальбекті алып қараңыз. Немесе бұл өркениетке дейін анағұрлым бұрын «гүл негізінен» алыс емес жерде орналасқан, бүтін жартастан жасалған, ішкі жерасты

бөлмелері бар Үлкен Сфинксті алып қараңыз. Айтпақшы тас мүсін су тасқынынан аман қалды.

— Үлкен Сфинкс?! — деп Слава мен Юра қатар сұрады.

— Иә, үлкен Сфинкс — басынан иығына дейін өзіне тән жамылғысы бар басы адам бейнесіндегі, денесі жатқан арыстан түріндегі үлкен скульптура, — деп Сэнсэй әдетінше түсіндірді. — Айтпақшы, «Сфинкс» — бұл құрылымның шын атауы емес. Негізінде бұл сөз гректің «қысу», «қылқындыру» етістіктерінен шыққан «түншықтырушы» деген мағына береді. Мысырға келген гректер бұл ескерткішті осылай атаған, себебі оны өздерінің ежелгі грек аңыздарындағы — Сфинга (Сфинкс) кейіпкерімен ұқсастырған. Сфинга гректерде басы мен төсі әйелдікі секілді, денесі арыстан, қанаттары құстыкіндей ертегідегі жануарды білдірген. Аңыз бойынша бұл мақұлық Фив-ке жақын құздарда мекен етіп, ол жермен өтушілерге шешімі жоқ жұмбақ жасырған және жауап бере алмаған кезде оларды қылқындырған. Олардың аңыздары кейбір жерлерде ежелгі мысырлық Ра құдайының қызы Сахмет құдай патшайымы (бет-жүзі адам болған арыстан) бағынбайтын адамдарды жазалағаны туралы аңыздармен ұқсас болғандықтан, атауы осылайша тарихта қалып қойды.

Бірақ грек аңызы Фикион тауындағы Беотияда мекен ететін өз жемтігін жұтып қоюға қауқарлы жауыз құбыжық — Фикс жыртқышы туралы анағұрлым ескі нұсқасынан туындағанын айта кету керек. Қанды шайқаста оны Эдип жеңеді. Ал Сфинга бейнесінің өзі гректерде малоазиялық қанатты жартылай бикеш-жартылай арыстан образының ықпалынан туындаған.

Ал Үлкен Сфинкске келетін болсақ шын мәнінде оны Мысырда қайта тірілу мен Шығыста шығатын күнмен теңеп Хармахис деп атаған. Бірақ бұл түсініктер де одан әрі ертеректегі «құдайлар үйі сақшысы» деген Үлкен Сфинкс туралы түсініктен туған. Және бұл кездейсоқ емес. Себебі бұл құрылым (ғимарат)

осы жердегі ең ежелгі жерасты құрылысы — Лотос Храмына баратын жолды күзетіп тұр.

— Ал керек болса! — деп біздің жігіттер таңғалды.

— Түсінбедім? — деді Николай Андреевич. — Ал толығырақ...

— Ал «гүл негізінен алыс емес жерде орналасқан» Үлкен Сфинкс деген нені білдіреді? — деп Николай Андреевичпен бірге Виктор сұрады.

Сэнсэй жауап беруге асықпады.

— Енді Лотос Храмы туралы сіздерге тағы бірде айтып берермін. Ал «гүл» туралы толығырақ айтуға болады. Мен сіздерге өте ежелгі замандарда Та-Камет Шамбала үшін ерекше жер болғанын айтқан болатынмын. Тіпті оның Жер шарындағы географиялық аймағын және оның ғарыштан қарағандағы бейнесі, координаталарын ескеретін болсақ, географиялық орналасуы да қарапайым емес.

— Ғарыштан қарағандағы бейнесі?! — деп Стас қызыға қайта сұрады. — Ал бұл аймақта соншалықты қызықты не бар? Ол жердің көп бөлігін құмды шөл алып жатқан жоқ па.

— Тек құмды шөл ғана емес, — деп Сэнсэй қарсы сөзін айтты. — Айтпақшы, ол жерлерде үнемі құмды шөл болмаған. Жиырма мың жыл бұрын Еуропаның үлкен бөлігін мұздықтар басып жатқан кезде, Африканың Солтүстігі жер бетіндегі айтарлықтай гүлденген өлке болған. Ал кейін мұздықтар кетіп, климат құрғақ болған кезде шөлді период басталған. Бірақ қазір біздер ол туралы айтып жатқан жоқпыз. Егер Африка континентінің солтүстік-шығыс аймағына ғарыштан қарайтын болсақ, құмды шөл арасынан Ніл өзенін құрайтын (айтпақшы егер біреу білмесе, қазіргі таңда Ніл өзені әлемдегі ең ұзын өзен) әдемі жайылған (кұлпырған) лотос гүлін көруге болады. Жерорта теңізіне шығатын үшбұрышты-кесе тәріздес кең дельтасының және өзеннің ирелеңдеген лентасының арқасында, Ніл өзені ұзын сабақта гүлдеген лотос гүліне ұқсайды. Ал он екі мың жарым жыл бұрын осы дельтаның жағалау сызығының арқасында лотос

гүлі сабақтарымен (гүлімен) ұқсастығы мінсіз болды. Ол замандарда «гүл негізінде» Шамбала, нақтырақ айтсақ Шамбала Есігі (табалдырығы, Преддверье Шамбалы) орналасқан еді. Оның бұрынғы жері қазір Қара теңіз орналасқан жерде, ғажайып көлдің жағасында болды. Ал әлі күнге дейін орналасқан кейінгі жері Беловодье тауларында.

Енді былай, құдайларға байланысты сюжеттерде ежелгі мысырлықтар үш сабақты, яғни жас, гүлденген лотостарды жас (жаңарған) адамзат символы ретінде жайдан-жай бейнелеген жоқ. Оның үстіне Ніл құдайы ретінде символы лотос гүлі болған ғарыштық құдайы болмыс Хапи да бекерден-бекер саналмаған (анағұрлым кейін (символы) папирус болды, ал Хапи-дың өзін дін басшыларының бірінің ойдан шығаруының арқасында, әйел төсі мен үлкен қарны бар семіз адам түрінде бейнелей бастайды). Және Гор (Хор) құдайының төрт ұлының бірі деген Хапи туралы түсінікте кездейсоқ пайда болған жоқ. Айта кетейін Гор есімі аудармадан «биіктік», «аспан» дегенді білдіреді, ал оның ежелгі замандардан бергі символы қанатын кеңге жайған күн дискісі болды. Және тағы да айтарым бастапқыда Гор-дың балалары Солтүстік аспанындағы «Сиыр жамбасы» (Бедра коровы) (Үлкен Аю) жұлдыздар шоғырының серігі, астралды құдайлар деп саналған. Осы ұлдары Осиристің нөкерлері болған деп есептелген. Гор олардың әрқайсысына Осирис тағының айналасындағы орындарды таңдаған. Гор ұлдарының ең басты міндеті Осиристі күзету, оны дұшпандарынан қорғау болған. Және әрқайсысы арнайы белгілі бір шетінде (жарықтың, әлемнің) күзетіп тұрған (Хапи — солтүстік жағынан). Сіздер осының барлығын біріктірсеңіздер және жақсылап ойласаңыздар, біраз нәрсені ұғынатын боласыздар.

— Біріктіру? — деп Костя абдырай айтты.

— Хм, қызықты, — деді Николай Андреевич.

— Бұл дегенің миды жақсылап шайқау емес пе! — деп Андрей көңілді айтты.

— Ал не үшін? Неліктен? — деп Руслан түсіне алмай сұрады. — Бұл жерде жасырылған не бар?

Бұл сөздеріне Володя жуан даусымен:

— Саған айтып тұрған жоқ па, жақсылап ойлансаң түсінесің, — деді.

— Ага, — деп Женька Сэнсәйдің құпия үнсіздігін көріп Русланды мазақтады, — ал егер түсінбесең, ендеше саған сол жаққа!

Балалар Русланмен бірге көңілді күлді. Ал Николай Андреевич біздерге қарағанда басында бірнәрселерді ойға салып кейбір салыстыруларын жасап, Сэнсәйге:

— Бір минут тоқтай тұр, сен осының алдында «гүл негізінде» Шамбала Есігі болған деп айтып па едің?! Демек бұрындары Шамбала Есігі (Преддверье Шамбалы) өркениет ошағының ортасында болғаны ма. Ал бұл менің түсінгенім бойынша Бодхисатвалардың адамдармен жиі байланысқа түсуіне мүмкіндік беретіні ме?



«Ніл лотосы»  
Анастасия Новых суреті

— Енді өркениеттің құрылуының басында ол қажеттілік болған. Сондықтан Бодхисатвалардың адамдар арасында болуы таңғаларлық емес. Оның үстіне ол замандарда барша адамзат кішкене шағын топтардан тұратын болған, әрине оларды жердегі, сыртқы және ғарыштық факторлардан қорғау табиғи жайт.

— Бірақ егерде Шамбала Бодхисатвалары адамдарға қорған болса, демек кейбір ежелгі мысыр аңыздары — жай аңыз емес болғаны ма?

— Сен нені меңзеп тұрсың? — деп Сэнсэй сұрады.

— Бірде менің көзіме династиялық Мысырға дейін елді басқарғандар туралы аңыз түсті. Студент кезімде мен оларға мнемотехниканы жаттықтырғанмын, әсіресе сандарды есте сақтауды. Ал қазір сен Бодхисатвалар туралы айтқан кезде, бұл хронология өздігінен жадыма түсе қалды. Ол жерде Мысырды 12300 жыл ұлы жеті құдай билегені туралы айтылады: Птах — 9000 жыл, Ра — 1000 жыл, Шу — 700 жыл, Геб — 500 жыл, Осирис — 450 жыл, Сет — 350 жыл, Гор — 300 жыл. Кейін он екі құдайы болмыстағы билеушілер, оның ішінде Тот және Маат. Олар 1570 жыл билік құрған. Ал 3650 жыл билеген 30 жартылай құдайлардан кейін... Ең қызығы жартылай құдайлардан кейін Мысырды адамдар басқара бастайды. Бірақ олардың әлдебір шаруасы үйлеспей, 350 жыл Мысыр хаосқа еніп, бірде-бір билеуші болмаған араздық пен түсініспеушілікке тап болады. Бірігу Менес тұсында ғана болады.

Николай Андреевич Сэнсэйге сұрақ көздерімен қарады, ал Сэнсэй:

— Енді дәл солай емес, дегенмен...

— ...адамдарға осылай да барады, — деп Женька Сэнсэйдің сөзін аяқтады.

— Бұл «хронологияны» біздің заманымызға дейінгі үшінші жүзжылдықта, гректердің билігі жүріп тұрған уақыттарда Мысырда өмір сүрген мысырлық діндар (діни басшы) Манефон жазған. Манефон папирустарда тіркелген анағұрлым ежелгі

ақпараттарға сүйеніп Мысырдың тарихын, патшалар мен династиялардың тізімін қағаз бетіне түсірген. Ол шын мәнінде көп уақыт бұрын ұмытылған әдебиеттер мен әртүрлі аңыздар, жеткен әңгімелерді қайта жаңғыртып, жүйелеуге тырысты. Бірақ бұл жерде әңгіме қазір мысыртанушылар дауласатын сандар мен даталарда емес. Ең қызығы ол Мысырдың тарихындағы саяси шынайылықты ақылды көрсете білгені соншалықты, Архонттар оның жұмысының түпнұсқасын (адамдар арасында біршама танымал болған бұл еңбек оларға жеткен кезде) Александр Македонский әскері Мысырды жаулап алу кезінде жойып жіберді деген жалған қауесет таратып, тез арада тәркілейді. Сол себепті Манефон жұмысы қазіргі адамдарға ақыры жетпеді. Ол оның бар екендігін тек басқа авторлардың пікірлері (комментарий) мен цитаталарынан ғана біледі. Заманауи әлемде бұл еңбек туралы Юлия Африкан, Евсевия және Иосиф Флавия еңбектерінде сақталған үзінділермен бағалайды. Тіпті бұл авторлар кімдер болған, қашан өмір сүрген, кімге жұмыс жасаған және оларда өздеріне дейін жүздеген жыл бұрын өмір сүрген осы діндар (дін қызметшісі, дін басшысы) туралы ақпаратты оларда қалай пайда болғаны туралы тіпті де ойланбайды. Және бұл ол замандардағы әрбір тарихшы анағұрлым ескі еңбектерді өз қалауынша еркін өзгертуіне болады деп есептеген «ұсақ-түйекті» айтпағанның өзінде. Сондықтан осының барлығы «тамыры жоқ аңыздар», «анық ойдан шығарылған», «шатастыратын ақпарат» деген ғылыми ортада осы еңбектің алыс жаңғырығы туралы таңғалдыратын, түңілетін және айыптайтын қарама-қарсы пікірлердің болуы да осыдан.

— Иә, егер дауласу осыншама ғасыр бойына басылмаса, демек әлгі адам түбіне дейін қопарғаны анық, — деді Володя.

— Олай болмағанда, — деп Сэнсэй басын изеді. — Мысалға, бүгінде кейбіреулер «шатастыратын ақпарат» дейтінді алып көрелік. Манефонның бүгінде Бірінші өтпелі кезең деп атайтын (Имхотеп заманынан кейін, Архонттар Мысырды жақсылап қолға алып, саяси тұрақсыздық пен аштық, толқулар



белең алған кез), Мысырды «жетпіс күн ішінде жетпіс патша басқарған» кездері туралы естеліктері сақталған. Және бұл шыныменде солай болған! Бірақ ол замандарға да, сол оқиғаларға да біздер қайта ораламыз.

Манефон еңбегі арқылы Архонттар тарихта «көрініп» қалды және ең бірінші кезекте өздерінің құрылымымен. Бұл жағдай алғашқы рет емес еді. Сет туралы аңыздарда жетпіс екі қастандық жасаушылар туралы босқа айтылмаған. Нәтижесінде еврейлік дін басшылары өз халқына «алғашқы пірәдарлар» басқарған жоғарғы сот — синедрионды жайдан-жай жасаған жоқ. Синедрион құрамындағы мүшелердің саны (егер сіздердің естеріңізде болса өз уақытында Иса Мәсіхті тергеп соттағандар) жетпіс бір адам болуы да кездейсоқтық емес. Себебі жетпіс (плюс бір-үш), отыз (плюс бір-үш) және он (плюс бір-үш) — бұл Архонт адамдарының негізгі сандық құрылымы.

— Ал неліктен «плюс бір-үш» қосымшасы? — деп Виктор түсінбеді.

— Бұл шеңберлердің Архонттарға маңыздылығына байланысты ол жерге бір адамнан үш адамға дейін қосылып отырады. Бұл күш шеңберлері. Ол туралы кейінірек айтамыз.

— Бұл Архонттарың желікпе жігіттер екен! — деп Стас білінер-білінбес күлкісімен айтты.

— Олай болмағанда! Сол себепті тура ақпараты жоқ адамдарға аңыздар мен ертегі әңгімелерге (онда да құлақты мұқият түру қажет) арқа сүйеуден басқа амал қалмайды. Өйткені табиғат артефактілермен аз еркелетеді. Мысалға Дельта аймағын алып көрелік. Ол жердегі жауын-шашынның тез жиналуына байланысты, адамдардың ойынша ең ежелгі мәдениет қабаты терең жер астында жатыр. Және оларды қазып алу үшін аз емес ақша керек.

Сэнсэй кішкене үзіліс жасады.

— М-да, барлығы ақшаға келіп тіреледі, — деді Николай Андреевич.

— Ал қаржы Архонттарға келіп тіреледі, — деп Виктор мұңдана қосты.

Бұл сөздерге Женька түр бермей:

— Ендеше «олар» қаржыларымен қырсық жерлерін Архонттарға қоймасын! — деді.

Барлығы Женьканың кезекті каламбурына күлді. Ал Стас әзілмен:

— Үлкен ақымақтыққа Нобель сыйлығын бермейтіні өкінішті! Сен бұл салада сөзсіз алдыда болатын едің! — деді.

— Маған сол Шнобель сыйлығының қажеті қанша? Мені онсызда жақсы тамақтандырады, — деп Женька қарсылық танытты.

Балалар тағы да жігіттің репликасын қатты күлкімен қарсы алды. Біздің көңілді әзілге тек осы сәтте өзімен-өзі ойға кеткен Николай Андреевич қана қатысқан жоқ. Балалар басылған сәтті күтіп, Сэнсэйге қарап сөзін бастады:

— Демек барлығы жайдан жай емес болғаны... Сол кездерде Бодхисатвалар адамдармен жиі байланыста болғаным. Ал адамдар оларды құдай санаған...

Осы сұраққа қызыққан болуы керек, балалар да лезде тыныштала қалды...

— Бодхисатваларды адамдардың құдаймен ұқсастыруы қалыпты құбылыс, — деді Сэнсэй пайда болған тыныштықта. — Себебі олардың білімдері мен материаны басқара алуы (оның ішінде қандай да бір «техникалық құрылғысыз» табиғатты басқаруы және басқа да ерекше тылсым мүмкіндіктері) осы адамзат өркениетінің пайда болу заманындағы адамдарды айтпағанның өзінде, «ең озық» технологиялар туралы ақпарат жүгі бар заманауи адамның өзін таңғалдырар еді. Оның үстіне байланыс жиі болған. Өйткені Шамбала Бодхисатвалары тек адамдарды қорғап қана қоймай, оларға білім де берген: қарапайым білімдерден бастап (бидайды қалай егу керек, үй салу және сол сияқты) рухани практикаларға дейін. Адамдармен байланыс орнату үшін

құдайларға адам кейпіне ену керек деген түсінік (адамдарда) қайдан пайда болған. Мысалға Птах және Осирис — бұлар аңыздағы ойдан шығарылған емес, шыныменде бір кездері адамдар арасында өмір сүрген Бодхисатвалар. Ал олардың өмір тарихы жалпылай алғанда адамдармен қатты мифологияға айналып және адами түсініктің деңгейіне шейін қарапайымдатылған. Оның үстіне нақтылы бір географиялық аймаққа таңылған. Бірақ осындай деңгейдегі Бодхисатвалардың қызметі тек Ежелгі Мысыр жерлерін ғана қамтымаған.

— Мұны қалай түсінуге болады? — деп Костя қызыға сұрады.

— Енді мысалға... Өте ежелгі замандарда адамдар Осирис деп атаған Бодхисатва қызметі, тек Ежелгі Мысырмен ғана емес, қазіргі Алтай, Вольга бассейні, Днепр-Дунай аймағы деп аталатын жерлермен де байланысты болған. Бодхисатва және оның адамдарының арқасында үлкен жұмыс жасалған, нәтижесінде осы өркениет ошақтарында мәдениеттің өрлеуі орын алған. Тіпті қазірдің өзінде қызығушы адам бұл айтылғандарға Днепр-Дунай аймақтарында жеті мың жыл бұрын пайда болған трипольдық мәдениеттерден дәйек таба алады...

— О, ал бұл қандай мәдениет? Ол туралы бірінші рет естіп тұрмын, — деп Костя таңғалды.

— Трипольдық?! Бұл мәдениетті Киевщинаға алыс емес жердегі Триполье ауылынан алғаш рет ерекше мекенді қазып тапқан археологтардың берген атауы. Олар осы мәдениеттің адамдары мегаполис-қалалар салуды, металлдарды балқытып, керамика жасауда ерекше технологияларды игерген, жайлы әрі молшылықта өмір сүргеніне таңғалған. Олар біршама мейірімді, тыныш, бейбітсүйгіш халық болған. Және әлі күнге дейін археологтарға тіпті саздан жасалған өрнектелген ыдыс-аяқ және саздан күйдіріліп жасалған мүсіндер секілді ұсақ-түйектің өзіне бейнеленген ерекше идеология үлкен құпия. Осы халықтың өнерінде бұл жерлерден алыста жатқан ежелгі Қытай, Үнді,

Мысыр мәдениеттерінде маңызды болған сөздерді символдармен жеткізгені құпия болып қалды. Бұл ежелгі мысырлықтарға тән киімдердің элементі болған, «инь-ян», свастика, әлем ағашы, ерекше «жолақты» бейнелі символдары. Бірақ заманауи археологтар әлі «қазып алмаған» ең қызығы: бұл халық жай «киелі қорғандарды» (курганы-святилища) салып қана қоймай, пирамидалды құрылымдар және олармен байланысты рухани практикаларды да білген. Біліп қана қоймай осындай «пирамидаларды» арнайы жұлдыздық бағдарға сәйкес белгілі бір жерлерде салған. Және осындай «құрылыстар» әлі күнге дейін бар.

— Солай ма? — деп Костя біздермен бірге таңғалды. — Демек, бұл пирамидалар әлі ашылмағаны ма?! Ал неліктен?

— Әдеттегідей, ақпарат пен мүмкіндіктің жоғынан. Бірақ барлығына өзінің уақыты болады деп айтпақшы... Енді Осирис болған жерлер туралы. Вольга өзенінің ежелгі атауы — Ра деп аталуы кездейсоқтық емес. Және ол жерлерге өсетін гүлдерге тән емес (табиғи емес) лотос гүлі секілді өсімдіктердің де келуі жайдан-жай емес. Қазір «алтай ханшайымдары» деп аталатын, шын мәнінде «Білім бикештері» ежелгі замандарда өздеріне символдардан татуировканы әдемілік үшін салмаған. Осының барлығы өзінің шығу тамырында бір білім қайнар көздерінен бастау алады. Сондықтан кім қаласа, сол таниды... — Сэнсэй қызыға тыңдап отырған балалардың көзіне мұқият қарады да, өз әңгімесін жалғастырды. — Енді былай, Бодхисатвалар әлемде болған кезде тек адамдарға бесіктегі сәбиге қарағандай қамқорлық етіп қана қоймай, басқа да өркениет өкілдерімен қарым-қатынаста болғаны табиғи құбылыс... Және онда тұрған ерекше тылсым ешнәрсе жоқ. Жалпы алғанда адамзат жақын жүз жылдықта өзінің даму деңгейінде басқа әлемдерге еркін баруға мүмкіндігі бар. Ал ол замандарда осындай Бодхисатвалардың басқа әлем өкілдерімен байланысы қалыпты болған. Бұл табиғи құбылыс, себебі материалды өркениет қаншалықты жоғары болса да, ол бәрібір анағұрлым жоғары болмыстармен қарым-

қатынаста болуға ұмтылады, оның үстіне мен айтып кеткенімдей әлемде Бодхисатвалардың біршама ұзақ болуы орын алса.

— Бұл басқа әлем өкілдері үшін өздері білгеннен көп танудың қандай да бір ерекше мүмкіндігі болды ма? — деп Виктор ойын айтты.

— Өте дұрыс, — деп Сэнсэй басын изеді. — Айтпақшы әлі күнге дейін сақталған қазіргі Ливия территориясындағы Мысырдан алыс емес жерде космодром (ғарыш айлағы) бар (сақталған)...

— Космодром?! — деп барлығымыз хормен сұрағандай болдық.

— Енді иә, — деп Сэнсэй иығын көтеріп біздің жалпылама таңғалғанымызға салмақты жауап берді. — Қазір оны ғалымдар «Баальбек дәлізі» (Баальбекской верендой) деп атайды. Бұл әрбірінің салмағы 360 тонна болатын аса үлкен блоктардан салынған, платформалардың жандарында арнайы тесіктері бар, орасан үлкен платформа. Археологтар әлі күнге дейін оның не үшін салынғанын іздеп бастарын қатыруда. Бірақ өткен дәуірдің адамдарының көзқарасынан ерекшелігі, оның космодромға ұқсайтынын түсіне бастады, — деп Сэнсэй күлді. Олардың аңғалдығы таңқалдырады! Жанған ғарыш кемесінің жанармай қалдықтарын іздейді, әрине бүгінгі күнге дейін белгілі жанармай мен оның компоненттерін. — Және Сэнсэй таңғала айтты. — Бұл дегенің мысалға Сириусқа ұшып кері қайту үшін осындай жанармай сиятын қаншалықты үлкен жанармай бағы болуы қажет?! Күлкілі, олар әлемді басқа да альтернативті анағұрлым шығыны аз, экологиялық қауіпсіз көптеген энергия көздері бар екендігін тіпті де болжамастан, жанар-жағармай материалдарының қалдық іздерін іздеуде. Енді, кімде қандай ақпарат бар, соған сүйенеді демекші.

«Баальбек дәлізінен» бөлек осыншалықты ұшып-қону аумағын қажет етпейтін космодромдар да (ғарыш айлақтары да) болған. Ондай ғарыш кемелері үшін ніл «гүлінің» негізі (түбі) пайдаланылған. Әрине осындай интенсивті қозғалыс

адамдардың көзінен тыс бола алмаған, сондықтан ұрпақтар жадында сол замандар туралы біршама қызықты аңыздар қалған.

— Мысалға қандай естеліктер? — деп Николай Андреевич қызығушылық танытты.

— Мысалға, Нілдің Розет тармағының батыс жағасында «гүл негізінде» орналасқан, кейінірек гректер Летополис деп атап кеткен ежелгі Кхем қаласы туралы. Өте ежелгі замандарда оны «найзағай соғатын қала» (городом удара молнии) деп атаған аңыздар сақталған, ал Кхем діни ақпарат көздерінде «Осиристің аспанға жолын көрсететін жол белгісі» деген атпен белгілі. Бұл қаланы Сириустың жердегі көрінісі деп санаған. Оны Гор құдайының есімі туралы ежелгі естеліктермен байланыстырған — оның бейнесі ретінде сіздер білетіндей қанатты диск және сұңқар, басы сұңқар адам бейнесі алынған.

Немесе ежелгі замандарда Иуну (сіздердің естеріңізде болса, бұл Інжілдік Он немесе гректік нұсқада Гелиополь, яғни «Күн қаласы») деген атаумен танымал Кхемнен алыс емес (географиялық бір ендікте дерлік) «гүл негізінде» орналасқан басқа қала. Ол туралы да осындай аңыз сақталған, өте ертедегі бір кездері Иунуда Күн алғаш рет көтерілген қасиетті төбе (дөң) болған. Кейін бұл орынға өткенді ұмытпас үшін қасиетті колонна тұрғызылады, кейінірек қасиеттілігі одан кем емес ежелгі реликвия — конус формасындағы жиіктері дөңгеленген Бен-бен тасымен (кейінірек аңыздарда гректің «пирамидон» сөзіне трансформацияланған) алмастырылады.

Ежелгілер бұл тастың шығу тегі жерден емес деп есептеген. Адамдардың ойынша ол «ертеде жоғалған» деп саналған. Қасиетті белгі-таңбаларда осы тастың үстінде отырған Феникс құсымен бейнеленген. Бір қарағанда осы тарихтардың барлығы ертегі сияқты естіледі. Қазіргі заманғы ғалымдар, ежелгілер қайдағы бір аспаннан құлаған кәдімгі метеоритті «қасиетті тас» деп қабылдап, өздері қиялдап шығарып алған деп қана айта алады. «Бен» тамырын қопарып

оның «дән», «ұрықтандыру» (оплодотворение) деген мағынаны білдіретінін біліп, белгілі бір мерзім аралығында адамдарға Шығыстан келіп, жаңа цикл тудыратын Феникс туралы аңызбен байланыстырады. Ең жақсы дегенде осының барлығын өнім культімен байланысты діни жұпынылыққа жатқызып, осымен тынышталады. Ал шын мәнінде барлығы анағұрлым алыста жатыр...

Сэнсэй аспандағы күннің орналасуына қарады да ұсыныс жасады:

— Дұрысы... қане кішкене үзіліс жасайық. Шомылып алсақ сіздер қарсы емессіздер ме, балалар?

— Дұрыс, дұрыс, — деп біздің топты көзімен шолып өткен Николай Андреевич келісе айтты, — әйтпесе барлығы бәліш секілді қызарып кетіпті.

— Эх, барлығы баяғыша ең қызықты сәтте! — деп Женька басқа балалармен бірге уһілеп орнынан тұра бастады. — Айтпақшы, бәліш туралы... Бізде жүрек жалғауға тәтті бір нәрселер бар ма?!

Және бұл сұрақты Женька Татьянаға бағыттаған соң, ол:

— Табамыз! — деп көңілді жауап берді.

\* \* \*

Біздер басында шомыламыз деп шештік. Дегенмен жарытып ешкімде суға шомылған жоқ. Бірер мәрте ғана сүңгігені болмаса, себебі күнде осыншалықты ұзақ болудан кейін су өте салқын секілді көрінді. Ал біздер Татьяна екеуміз тек суға түсе бергеніміз сол еді, лезде атып шығып азық-түлік шатырына қарай бағыт алдық. Ұзақ дайындау керек түскі асты ешкімнің жасағысы келмегендіктен, біздер жеңіл қолға, барлығына тез жасалатын бутербродтарды дайындадық. Балалар бұл сәтте Николай Андреевичтің бастамасымен біздің жағажайды барлығымызды күйдірер күн сәулесінен қорғап әрі қарай жайлы демалысымыз үшін үлкен қылып тент (шатыр) тартып жатты.

Өте жақсы шықты десе болады. Тент (шатыр) көлеңкесінде анағұрлым «салқын» сезілген жеңіл жел есіп тұрды. Біздер астымыздағы төсегімізге минералды су мен бутербродтары бар импровизацияланған үстел жасадық. Барлығы жүрек жалғап алған соң, Сэнсэй өзінің қызықты әңгімесін жалғастырды. Бұл жолы мен өзімнің қойын дәптерім мен қаламымды алып, Сэнсэй әңгімелерін мұқият тіркей бастадым.

— Енді, Имхотеп жайлы, — деп бастады Сэнсэй. — Бұл адам өзіне Сокровенник ашқан білімдерді лайықты, ақылды пайдалана білді. — Көп уақыт өтпей өзінің тоқтаусыз еңбегінің арқасында адамдар арасында өнерлі (жақсы, білгір) дәрігер атанып, бүгінгі күнде Джосер деген атпен белгілі (Бірақ ежелгі Мысырда оның есімі басқаша естілетін), өз астанасын Мемфис қаласында құрған, үшінші династия патшасы фараон сарайына шақырылады. Нақтырақ айтатын болсақ, мысырлықтар бұл қаланы да басқаша атаған — «Хет-Ка-Пта», «Пта құдай рухының палатасы» («палата души бога Пта») (немесе «Пта құдай рухының сарайы») дегенді білдірген. Себебі бұл қаланың құдайы болып қолөнерші-құдай Птах есептелген. Ал бұған дейін қала жай ғана «ақ қабырғалы Қала» деп аталған. Мемфис — бұл кейінгі мысырлық «Менефер» («Жақсы айлақ») сөзінің гректік интерпретацияланған атауы. Егер заманауи картаға қарайтын болсақ, қала Ніл дельтасының стратегиялық маңызды жерінде, қазіргі Каир қаласына жақын жерде орналасқан. Бүгінде қалың құм астындағы қаланың тек қирандылары ғана қалған. Айтпақшы Ескі өсиетте бұл қала Ноф деп аталған.

Имхотеп өзін тек білгір дәрігер ретінде ғана емес, жаратылыстану ғылымдарын да (бүгінде осы ғылымдарды астрономия, математика, химия, физика, геометрия деп атайды) жақсы білетін, оның үстіне сөзге шешен әрі жақсы ұйымдастырушы да болады. Көп ұзамай Джосер фараон оны өзінің жоғары сановник лауазымына тағайындайды, бұл мемлекеттегі фараоннан кейінгі бірінші адам, уәзір секілді немесе қазіргі Батыс елдеріндегі премьер-министр лауазымы.



Бұл ол замандарда бұрын-соңды болмаған жағдай еді, себебі бұл лауазымға ақсүйек тұқымынан шыққан адамдар ғана тағайындалатын болған. Ал Имхотеп өз ақылы мен еңбегі арқасында көтерілген деп айтпақшы қарапайым халық арасынан шыққан.

— Угу, оған Сокровенник берген білімдердің арқасында, — деді Андрей.

— Иә, бірақ білімді алу бір басқа. Оны тағы да дұрыс пайдалана білу керек, — деді Сэнсэй. — Бұл Адамның адамдарға жасаған игі істерін сіздер жақсы бағалау үшін, Имхотеп билік басына келмей тұрғандағы фараон Джосер басқарған мемлекеттегі жағдаймен таныстырайын.

Мемлекет басшысы өз билігін күшейтумен басы қатып жатты. Ол өзінің солтүстіктегі позициясын күшейтуге тырысты, оңтүстік шекараларында соғыс жүргізді. Өзіне дейінгі билік басындағылар ие болған Синай түбегіндегі мыс кен орындарын бақылауда ұстады. Жалпы алғанда халықтың қамын емес, өзінің «стратегиялық» мәселелерін шешуден қолы босамады. Қасындағылар да оны қайталады.

Дін басшылары өздерінің теологиялық концепцияларының басым болуы үшін бір-бірлерімен күреске түсіп, саяси интригаларымен басы қатып жатты. Өйткені ол кездері әрбір «септе» (сепе), немесе кейін оны гректер — «номе» (яғни біздіңше мемлекеттегі облыстар) деп атағанда, айта кету керек сол баяғы ежелгі ілімдерге негізделген өздерінің құдайлары мен діни концепциялары болды. Дегенмен мемлекеттегі орталық (негізгі) құдай болып, сол сәтте астана болған нома құдайы жарияланған. Ал үлкен билікке таласқан ықпалды дін басшыларының барлығы да жақсы өмір сүргісі келді. Осылай әркім билік үшін күресте өз комбинацияларын айналдырумен болады. Тіпті егер бәсекелес діни концепцияның доктринасы адамдарға көбірек әсер ететін болса, дін басшылары сол концепцияның басты сәттерін өз жүйелеріне енгізіп қана

қоймай, «бәсекелес» құдайдың атрибуттарын «өздерінікіне» қосып алатын еді.

— М-да, дін басшылары билік басында тұрғанымен, бәрібір қарапайым халықтың көзқарасына бағыт жасаған, — деді Николай Андреевич байқампаздықпен.

— Әрине. Және сіздерге қаншалықты парадоксальды естілседе, олардың барлығы да қарапайым халықтың көзқарасына бағынышты болды. Бұл деген дін басшыларының наны емес пе! Олар өздерінің сенушілерінің кез келген діни жағдайы (ұстанымы), осы діннің жоғарғы билігінің шешіміне байланысты деген өздерінің иллюзия билігін сырттай қорғайды. Ал шындығында егер адамдардың көпшілігі өздерінің көзқарасын өзгертетін болса, билігінен айырылып қалудан қорқатын мүсәпір кішкене топ ғана. Өйткені билікпен бірге олар өздерінің құдай мен адамдар арасындағы «делдалдық» маңыздылығын жоғалтады, ал бұл деген тек саяси ықпалды ғана емес, оларға осы билігі қамтамасыз етіп отырған біршама жайлы алаңсыз өмір сүруінен де айырылады деген сөз.

— Бұл дұрыс, — деді Николай Андреевич.

— Сондықтан сол кездері дін көбіне саясат еді және дін басшыларына өзінің отарын мойынсұнуда ұстаған пайдалы болды... Енді сол номаларда фараонның өкілдері биледі, негізінен уақытын босқа өткізген жергілікті аристократия. Және кейбір сұрақтарда халықтың қолдауына мұқтаж болса, тағы да дін басшыларының көмегімен қол астындағылардың қолдауын алатын. Кейбір номо билеушілері фараонға туыс болып келетін, себебі ол кездегі монархтарда өзіне әйелдікке номо билеушісінің қыздарын алу немесе өздерінің балаларымен атастыру салт-дәстүрі болған.

— Иә, — деп Николай Андреевич күлді. — Дегенмен бұл «салт-дәстүр» өлмейтін болып шықты.

Сэнсэй жай ғана жымыды да әрі қарай жалғастырды.

— Бірақ осындай саяси некелер жергілікті аристократия үшін әрқашан көптен күткен басқарушы отбасымен байланыс

әкелді деп айтуға болмайды. Кейбір кездері бұл бітіспес дұшпандық пен бәсекеге ұласып жатты. Ал фараонда әртүрлі әйелдерінен бірнеше мұрагерлер пайда болған кезде, өз кезегінде ұлдарын немесе жақын туысын номалар билеушісіне жақындатуға мүдделі, дін басшылары мен ақсүйектердің жасырын қолдауымен астыртын сөз байласулар мен қастандықтарға дейін асқынып кететін.

Соңғы сөздерінде Николай Андреевич одан әрмен күліп жіберді:

— Жоқ, ештеңе де өзгермеген екен!

— Жалпы фараоннан бастап жоғары шенді дін басшылары, вельмож, номо билеушілері және қарапайым салық жинаушыларға дейін маңызды мәселемен айналысты: бір жерден бір нәрсе ұрлап, өзіне барынша көпті жинаумен, өз ықпалын күшейтуден қолдары босамады. Ал қарапайым халық жалпылама биліктегілердің назарынан тыс, өзімен-өзі болды. Әркім өз бетінше күн көруге тырысты. Мемлекеттің коммерциялық қызметін ірі қалалар бақылауда ұстады, нақтырақ айтсақ оларды басқарушылар. Тіпті сол кездегі мемлекеттің қолөнер және сауда орталығы болған, халық саны үлкен, көп ұлтты Мемфистің өзі жеке өмірін сүріп жатты. Қысқасы, барлығы әдеттегідей. Әркім өз мәселесімен: біреу тоңып секіреді, біреу тойып секіреді.

Сондықтан Имхотепке алдыңғыларынан «мұралыққа» қалған мемлекеттің жағдайы маз емес еді. Оның үстіне ол Білім адамы болғандықтан, айналадағы болып жатқанның себептерін білетін. Ол Мысырдың негізгі сауда орталықтары Архонт адамдарымен жасырын бақылауда болғанынан хабардар болды және мемлекеттегі осындай жағдай мен адамдардың өз мәселелерімен бас қатыруы — олардың оң жамбасына келетінін де түсінді. Осыны түсінген Имхотеп өте ақылды әрекет жасады.

Ол аз уақыт ішінде елде тәртіп орнатты. Ең бірінші кезекте ол Архонт адамдарын биліктен алып тастады. Олардың орнына өз ісінің маманы, өзі сенім артқан жауапкершілігі мол адамдарды

тағайындады. Шенеулік аппаратын қайта ұйымдастырып, оларды жұмыс жасауға мәжбүр етті. Қатаң тәртіп орнатады: кез келген ұрлық, өтірік алдау, парақорлық, өз мансабын арам ойына пайдалану қатаң жазаланды. Ол фараонды мейлі үлкен болсын, мейлі кіші болсын барша қол астындағылардың қорғанышы деп жариялады. Имхотептің арқасында сөзсіз орындалатын әділ заңдар енгізілді. Бұл елдегі кез келген адам, жапа шеккен кедей де, өзін ренжітуші билік басындағы адам болса да, оны сотқа беріп және сотты жеңіп шыға алатын мүмкіндігі болды. Имхотеп халықтың арыз-шағымын тез әрі нәтижелі тексеретін топтар жинақтады. Және бұл арыз-шағымдар расталса шенеулік дереу жазаға тыртылатын болған. Осының арқасында Имхотеп қарапайым халық арасында «кедей адамдардың Мейірімді досы», «барлық заң бұзушылардың Жауы және Ақиқаттың нағыз жанашыры», «кұнды ақыл-кеңесін беріп, орнына ешнәрсе дәмеспейтін Кемеңгер», «ең лайықты адамдар құрметтейтін Тұлға» деген есімдерге ие болады. Кейінірек осы халықтық эпитеттерді (Имхотепке арналған) кейінгі династия фараондарына жазады.

Осылармен бірдей уақытта Имхотеп суару жүйесін де қалыпқа келтіре бастайды. Жауапты әрі өз ісінің мамандарын канал құрылысы жұмысына қойып, мысырлықтардың ең маңызды мәселелерінің бірі, фараонның «иығына» шешілмес ауыр жүк болған — тұрмыстық және ауыл шаруашылығы қажеттіліктері үшін суды бөлу және тұтыну мәселесін қысқа уақыт ішінде шешеді. Себебі жылдық орташа температура отыз бес градус аралығында болатын Мысырдың құрғақ әрі ыстық климатында судың жетіспеушілігі аштық пен халық толқуларын туғызатын. Суару жүйесі бұрында да болған, бірақ апатты жағдайда еді. Тәртіп орнағаннан кейін, нәтижесінде қарапайым халықтың жағдайы көтеріліп қана қоймай, егін өнімі де айтарлықтай өседі. Астықтың көптігінен басқа мемлекеттерден көпестер келе бастайды. Қосымша кіріс түседі. Фараон қазынасы жылдам толады (және бұл еш соғыссыз бейбіт күнде!).

Имхотептің бастамасы мен қамқорлығының арқасында «Өмір үйлері», «Кемеңгерлік Үйі» деп аталатын мектептер ашылады. Білім тек шектеулі мүмкіндігі барларға ғана емес, қалғандарына да қол жетімді бола түседі. Басында Имхотеп фараон сарайында арнайы мектептер ұйымдастырады, ол жерде өзінің көмекшілерімен қолынан іс келетін жастарды (негізінен шенеуліктердің балаларын) осы сәтте мемлекетке тәртіп орнатуға қажетті мамандықтарға — хатшылар, есепшілер, әртүрлі жұмыстарды ұйымдастырушыларға оқытады. Оларды оқуға, санауға, хат жазуға және басқа да өздерінің мамандықтарына қажетті ғылымдар мен мамандықтарға оқытады... Айтпақшы ол кездері иероглифтерді саз балшықтан жасалған тақташаларға, теріге, әктас сынықтарына жазатын болған. Бірақ Имхотеп Ніл жағасында көп өсетін батбақты өсімдік папирустың арнайы өңделген сабақтарын жазу материалы ретінде қолданысқа енгізеді.

Енді былай, талантты жастарды оқытуға кеткен қаржы мен уақыттың өзін-өзі ақтағаны соншалықты, кейін Имхотепке болашақ шенеуліктер мен заңшылар, дәрігерлерді дайындап шығаратын осындай мектептерді храмдар аясында көптеп ашуға қолы жетеді. Және таңғаларлығы ол жерге халықтан шыққан қолынан іс келетін талантты балаларды ала бастайды. Ал кейін кейбір мемлекеттік ұйымдарда, қолынан іс келетін (тіпті кедей отбасының баласы болса да) балаларды, өздерінің қалауы бойынша мүсінші, саудагер, тас қалаушы және сол сияқты нақтылы мамандықтарға дайындайды.

Және жастар қаншалықты талантты әрі іскер болса, оны соншалықты терең (озық) ғылымдарға берген. Имхотеп жастардың өзі мықты әрі сапалы білім іргетасын алуға тырысатындай етті. Неліктен? Себебі адам қаншалықты іскер әрі талантты болса, мемлекет өмір деңгейін көтеруге мүмкіндік беретін соншалықты мансаптық өсудің мүмкіндігін ұсынды. Және революциялық болатын мейлі сенің қандай отбасынан (кедей болсын, бай болсын) шыққаның маңызды емес, ең

бастысы сенің іскерлігің мен жоғары адами қасиетің деген ұстаным болды. Ақыр соңында осындай саясат адамдарға өздерінің ең жақсы қасиеттері мен іскерлігін көрсетуге мүмкіндік берді. Мысалға тіпті қарапайым хатшының өзі, егер жоғары адами қасиеті мен іскерлігі, ұйымдастырушылық қабілеті болса, қандай да бір қаланың билеушісі (патша губернаторы сияқты) тіпті нома билеушісі бола алатын еді, яғни жоғары тапқа еруге мүмкіндігі болды. Қысқасы таланты арқасында өзін Тұлға ретінде ашуға мүмкіндік алды.

**Не болғанын түсінесіздер ме?! Қабілетті іскер адамдар биліктің жоғарғы эшелонынан бастап ең төменгі сатысына дейін, мемлекеттің басқару құрылымынан бастап, ғылым, білім, медицина және өнерде алдыңғы қатарға тез қойыла бастайды. Қоғамда адамгершілік тәрбиесі, сыпайылық, ақылды болу, сауатты болу, алдыға үлкен мақсаттар қою сәнге айналады. Ал неліктен деп ойлайсыздар? Себебі мемлекет өз азаматтарының моралды және интеллектуалды жетістіктерін белсенді түрде ынталандыра бастады.**

Бірақ Имхотеп одан әрі кетті. Ол адамның өз мамандығын жоғарылатуға (өсіруге) қызықтырып қана қоймай, оны басқа адамдардың алдындағы мәртебесін көтерді. Ол әрбір мамандықты сыйлы қылды, осылайша әлеуметтік баспалдақтың қандай сатысында тұрса да адамдардың өз еңбегі мен мамандығын құрметтеуге итермеледі. Осының арқасында ең бірінші кезекте адамдардың бір-бірімен қарым-қатынас мәдениеті көтерілді. Қоғамдағы барша класс іскерлік дисциплинаны ұстана бастады, заң мен тәртіпті құрметтеді. Имхотеп ендігі адамдар өз еңбек сапасы мен адами қасиетін жақсартумен көбірек шұғалданатын жағдай жасады. Ал нәтижесінде күні бойы қоғамдық жұмыстармен айналысқан фараоннан бастап, барлығы мемлекет пайдасы үшін қызмет етті... Айтпақшы фараон Имхотептің арқасында соғысуды тоқтатты, өйткені Имхотеп «сөз қарудан күштірек» деп айтқан... Тіпті Имхотептің мемлекеттік жұмыспен

қамтуында (госзаняности) әрбір ханзада, өз міндетін сапалы атқару сұралатын нақтылы қоғамдық лауазым алды. Өйткені фараонмен (Имхотептің ой салуынсыз емес) оның орнын тек лайықты мұрагер басады деп жарияланады. Ал бұл өз кезегінде фараон әйелдері өз ұлдарына қоғамдық жұмысына белсенді көмектесулеріне итермеледі, өздерінің ұлдары тақ орнына лайықты болу үшін. Осындай қоғамдық салмақ пен фараон әйелдерінің күнделікті жұмысбасты болуы мемлекет үшін тек жақсы болды. Өйткені жұмыссыз ми — шайтан шеберханасы екені белгілі. Ал бұл жерде интригалар мен қастық (арам ой), іскерлік дұрыс бәсекелестікке орын берді.

Сонымен фараоннан бастап қарапайым адамға дейін барлығы жұмысты болды. Және бос жұмыссыз жүргендер, жалқаулар және ұрыларға бұл елде орын болмады, себебі олардың ойран салуына жағдай болған жоқ әрі қоғам да оларды қабылдамады. Осындай Имхотептің дана саясатының арқасында бұл елдің халқында қарыштап ілгерілеу дәуірі басталды.

Бірақ бұрын-соңды болмағаны, Имхотептің арқасында қоғамда орныққан идеология еді. Және Имхотеп оны халыққа жаппай енгізумен айналыспаған. Ол жай ғана адамдар үлгі тұтуды қалайтын Тұлға болды: қарапайым өмір сүрді, дана сөйлеп әрі әділ, адамгершілікпен жасады. Осының арқасында оның көзқарасы халық арасында кең танымал болады.

Имхотептің атағының кең жайылуының арқасында ежелгі мінсіз мысырлықтың образына, Имхотептің бейнесі санала бастайды. Яғни аз сөзді, кемеңгер, тағдырдың ауыр соққыларына шыдамды, гуманистік көзқарастағы, адамгершілігі терең, тән өлгеннен кейінгі рухтың өмір сүретініне деген абсолютті сенімі бар адам. Кейінгі ұрпақтың көптеген адамдары (оның заманында өмір сүргендерді айтпағанның өзінде) кең тараған Имхотептің мынадай сөздері мен мақал-мәтелдерінде тәрбиеленді:

**«Адамдар арасында бай болып, бірақ рухың бос болып өмір сүргенше, шөл далада кедей болып, бірақ рухыңдағы лотоспен өмір сүрген артық»;**

**«Адамға еркіндіктен пайда жоқ, егер өз рухына көзі соқыр болса»;**

**«Еңбегіңіз жасаған ісіңізбен өлшенеді»;**

**«Қиналған сағатында дос іздеме, дұшпаныңды қарғама, тек Құдайға ғана тәуекел ет»;**

**«Құлдықты тек өзіне еркіндік берген патшаны құлатуды ойлаушы ғана аңсайды»;**

**«Өзінен басқаларды корқытатын адам емес, көмек керек кезде адамдарға қол ұшын берген адам ғана гүлденеді».**

Және Имхотептің басқа да айтқан нақыл сөздерін кейінгі буынның дін басшылары мен уәзірлері өздерінің «ілімдерінде» қолданған, себебі Имхотеп сөздері халық арасында ұрпақтан-ұрпаққа, ауыздан-ауызға таралып айтарлықтай танымал болған.

Имхотеп мемлекеттегі барша дін концепцияларына жақсы қараған. Ол тек фараонның шексіз құрметіне ғана емес, түрлі діндердің ықпалды дін басшыларының да құрметіне ие болған, себебі тіпті дін басшыларына қатысты саясатында да ол өзін аса нәзік әрі дана ұстаған. Ал өзі Білімге негіз артқан позицияда нық тұрған. Оның бойында көптеген дін басшылары мен уәзірлерде білініп қалатын айтқан сөзіне деген күмән, екіжүзділік деген болмаған. Оның Білім Адамы екендігі сезіліп тұратын. Сондықтан осындай көзге көрінбес, бірақ сезілетін сенімнің іргетасын тапқан көптеген адамдарға, Имхотеп Ақиқаттың есігін ашады. Оның өмір салты мен дүниеге деген көзқарасының арқасында мысырлықтарға бұл өмір уақытша және ол адамға өзінің тура жолымен, Құдай алдындағы ісі мен ойының адалдығымен (керісінше адамдарға емес) қабір әлеміндегі жақсы өмірге лайықты болу үшін берілген деген абсолютті сенім кіргізеді. Қоғамда келесі (қабірдегі) дүниедегі өмір туралы сенім басымдыққа ие болады.



Әрине осындай сенім аяқ астынан пайда болған жоқ. Қабірдегі өмірге деген сенім мысырлықтарда ежелгі замандардан болған және мен сіздерге айтып кеткенімдей алғашқыда білімдердің негізінде дүниеге келген. Тек уақыт өте білімдер жартылай жоғалып, бұл сенімдер шатасқан, діни түсініксіздік формасына өткен. Сондықтан көптеген адамдар діннің өзіне еніп түсінбестен инерциямен ежелгі құдайларға табына берген. Бұл олар үшін ата-бабаларының салт дәстүрі еді, одан артығы емес. Дегенмен Имхотептің көрінбейтін жұмысының арқасында барлығы өзгерді.

— Көрінбейтін жұмысы? Қандай мағынада көрінбейтін? — деп Сэнсәйді қызыға тыңдап отырған біздер секілді Костя да сұрағын қойды.

— Бір минут шыдаңыздар, қазір бұл туралы айтамын. — Сэнсэй минералды суын ішіп әңгімесін жалғастырды. — Имхотептің айтып шыққан бар жақсылығы — ол өз өмірінде жасап үлгерген үлкен жұмысының көрінетін бөлігі ғана. Ең құнды әрі маңызды болған әлгі көрінбейтін жұмысы, бөтен көздерден мұқият жасырылды. Имхотептің жоғары лауазымы, алыс болашақта адамзатқа айтып жеткізе алмайтын көмегін тигізетін, Сокровенник оған сырын ашқан әлемдік масштабтағы ғаламдық сәулет жобасын іске асыруға өз септігін тигізуге шын мүмкіндік берді.

— Қандай жүрегі кең адам болған десеңші, — деп Николай Андреевич ойлана айтты. — Билік шыңында тұрып ол ең бірінші кезекте қарапайым адамдар туралы ойлады, адамзаттың болашағы үшін қам жеді. Осындай адамгершілігі мол адамды қазір билік басынан қалай іздейсің?

Сэнсэй басын изеді, бірақ бұл сөздеріне назарын аудармай әңгімесін жалғастыра берді.

— Имхотеп бұл қиын сұрақты шешуде де өте ақылды жасады. Шын мәнінде оның жұмысының көзге көрінер бөлігі — негізгі жұмысына деген дайындық еді. Өйткені Имхотеп құрылысын бастағысы келген тек жоғары ұйымдасқан қоғамда

ғана мүмкін еді. Енді оның қалай кіріскенін айтайық. Билеуші элитаның — дін басшылары, әсіресе фараонның психологиясы мен мінез қасиеттерін толықтай мұқият зерттеп, олардың әлсіз тұстарын өз жоспарының орындалуында пайдаланды. Нәтижесінде бұл көптеген адамдарға баға жетпес рухани көмек болды. Имхотеп Джосерге ол замандарда құлақ естіп көз көрмеген, бас тарта алмайтын үлкен жоба ұсынады. Фараонда басқа мысырлықтар секілді өзінің сенімінде, басқа билеушілер жасағандай бірінші кезекте тірі кезінде-ақ өзіне қабір мазарын салуы керек болатын. Имхотеп оған ерекше мазар (усыпальница) көтеру туралы өз ойын айтады. Ерекшелігі сол бұл жай ғана мастаба болған жоқ...

— Мастаба? Ал бұл не тағы? — деп Юра сыпайы сұрады.

— Басында олар тікбұрышты формадағы мысырлық ағаш мазарлар болған. Кейін мазарларды қабірлер жерленген жерді көрсететін сәндік (декоративті) қуыстары бар толық бір комплекстерге айналдырып кірпіштен сала бастады. Дегенмен «мастаба» — мысырлық емес, «тас орындық» (каменная скамья) дегенді білдіретін арабтың сөзі. Бұл құрылыстарды ХІХ ғасырда Мысырдағы археологтармен жұмыс жасаған арабтар осылай атап кеткен.

Енді былай, Имхотеп Джосерге әдеттегі мазардың орнына сатылы пирамида салуды ұсынады, ол кездегі кең таралған құрылыс материалы өңделмеген кірпіштің орнына мазардың ұзақ жыл беріктігін қамтамасыз ететін қашалған тастан салуға ұсынысын жасайды. Бұл ол замандардағы Мысыр үшін революциялық шешім болды. Имхотептің «фараонның көкке көтерілуі үшін аспаннан лақтырылған баспалдақты» салу идеясы Джосерді шабыттандырғаны соншалықты, құрылысты Имхотептің өзіне жеке тапсырып, ешқандай қаржыны аямастан дереу құрылысты бастау туралы бұйрық береді. Және бұл фараондарды дәстүрлі көметін жер — Абидоста Джосерге арнап кірпіштен үлкен мастаба салынғанына қарамастан құрылысы басталады.

— Енді иә, бұл Имхотеп бастама көтеріп еді, оны өзіне тапсырды, — деп Стас күлді. — Бастама әрқашан жазаланады деп айтпақшы (Говорят же, инициатива всегда наказуема)!

— Бірақ тек бұл жолы емес, — деп Сэнсэй қарсылық танытты. — Имхотеп барлығынан артық осы жобаның іске асырылуына мүдделі болды. Ол тек фараонды ғана емес, ықпалды дін басшыларында қызықтыра білді, себебі бұл жоба фараонға арналған ерекше мазардан бөлек, храмдары да бар толық бір комплекс болды. Оның үстіне құрылыс фараон қазынасынан салынса. Ал сәйкесінше бұл дін басшыларын осы храмдардағы қызметімен байланысты болашақ пайдамен қамтамасыз ететін еді. Оның үстіне құрылыс жоспары мемлекеттік деңгейде деп айтуға болатын үлкен астық сақтау қоймасын (қамба) да қамтыды. Және айта кету керек сол жердегі жиналған астық қорының үлкендігінің арқасында, егін өнімі аз және құрғақшылық жылдарды мысырлықтар біршама ауыртпалықсыз, жеңіл өткізеді.

Имхотептің осы қиық пирамида (усечённой пирамиды) салатын орынды таңдауы да кездейсоқтық емес. Ол солтүстікке қарай бірнеше шақырым жерде Ұлы Сфинкс болған үстірттің шетінде орналасқан. Имхотеп фараонға, дін басшылары мен уәзірлерге құрылыс жоспарын түсіндіре, осы құмды шөл платосының таңдалуы Мемфиске анағұрлым жақын орналасуы мен сол жерден қаланың әдемі көрінісі ашылатынымен байланыстырады. Ал шын мәнінде бұл орын кезінде өзіне Сокровенник көрсеткен «жұлдызды картадағы» географиялық координаталардың бірімен дәл сәйкес келетін еді. Сол уақыттан әлдеқайда бұрын салынған Ұлы Сфинкс (және қазір болжайтындай Имхотеп дүниеден өткеннен кейінгі үлкен пирамидалар құрылысы кезінде салынған емес) осы қиық пирамиданың дәл орнын нақтылау үшін маңызды бағдар болды.

Енді былай, бұл үлкен құрылыс бірнеше ондаған жылға әдейілеп созылды. Неліктен? Себебі бұл объектіні салып шығу жеткіліксіз еді, оны тағы да «іске қосу» керек болды. Ал ол үшін

бұл істегі ең бастысы — жоғары рухани адамдар керек еді (әйелдер де, ер адамдар да). Олардың тәрбиесі мен білім алуына Имхотеп көптеген жылдарын жұмсады, осы себеппен құрылыс уақытын созып, элитаға кешігу себебі оны өз сәулет жобасының жақсартылуы әрі модернизациясымен түсіндірді.

— Демек Имхотепке бастапқы әрі маңыздысы бұл адамдардың өздері болғаны ма, — деп Николай Андреевич нақтылады.

— Сөзсіз. Енді Имхотептің қалай жасағанын айтайық... Ол барлық Мысырдан өз ісінің ең мықты мамандарын жинады, ал оларға көмекші ретінде — адамгершілік қасиеті жоғары адамдарды (ерлер де, әйелдер де) қойды. Оларды тек тұрақты жұмыспен қамтамасыз етіп қоймай, мемлекет алдындағы әлеуметтік маңыздылығын көтеріп, ең жақсы тұрмыс деңгейін де ұйымдастырды. Имхотеп жәй ғана құрылыс бастаған жоқ. Бұл қазіргі замандағы адамның дүниелік мәселелерінен бастап сапалы медициналық қызмет көрсетуге дейінгі барлық әлеуметтік жағынан қамсыздандырылған мемлекеттік өндіріс іспетті. Және бұл орасан зор кәсіпорында наубайшылар, дәрігерлер, хатшылар, есепшілер, мүсіншілер, тас қалаушылар және басқа да мамандық иелері, мейлі ол әйел болсын, ер адам болсын жұмыс барлығына жететін еді.

— Ол жерде барлығы құлдар мен күндер болды емес пе! — деп Костя таңғалды. — Әсіресе әйел адамдар.

— Олай емес, — деп Сэнсэй қарсылық білдірді. — Бұл комплексті еркін адамдар салған. Және бүгінгі түсінікке қарамастан Ежелгі Мысырда әйел адамдарды ерекше құрметтеген. Олар қоғамда маңызды орындарда болған, ең бірінші кезекте ана және ұрпақ жалғастырушы ретінде әрі қоғамда ер адамдармен бірдей теңдік құқығы болған. Әйел адам өзіне ұнаған кез келген мамандықты таңдай алатын. Талантты әйелдер жоғары дін басшылары, дәрігер тіпті сәулетші (зодчий) де бола алған.

— Бір секунд, — деп Николай Андреевич бұл сұраққа қызығушылық танытты. — Демек ежелгі Мысырда жоғарғы ер және жоғарғы әйел дін басшылары болғаны ма?

— Иә, мысалға сол Иунуда, жоғарғы ер адам дін басшысы Ур Маа деп аталған, ал жоғарғы әйел дін басшысы — Ур-т Текхент деп аталған. Олардың статусы мен білім деңгейі жоғары ғылыми дәрежесі бар адамдардың мәртебесі мен деңгейіне тең болды.

— Сен оларды ғылым адамдары деп айтқың келеді ме, оның ішінде әйелдерді де?! — деп Николай Андреевич одан бетер таңғалды.

— Ал сені не мазалайды? — деп өз кезегінде Сэнсэй сұрады.

— Жоқ, мен бірде ежелгі замандарда егер әйел белгілі бір діни рәсімге қатысатын болса, әдетте ол тек салтанатты билерді орындауға, ең көп дегенде әуендік сүйемелдеуге ғана қатысады деп оқығанмын. Бірақ тек құдайы егін өнімімен байланысты болған храмдарда, олардың жасайтын шаруасы «қасиетті жезөкшелік» («священная проституция») деп аталатын болған.

— Бұл шыныменде болған, бірақ Имхотептің әйелдер маңызды рөл атқарған шағын шеңберлі құпия ұйымында өтетін «құдайы күштің актысы» деп аталатынға адамдардың жәй ғана еліктеуі. Имхотептің осындай құпиялы адамдарын «қасиетті күшке ие» ер абыз Ур Хеку және әйел абыз Ур-т Хекау деп атаған, себебі «күш актысы» кезінде олар алған құдайы күшті Хека деп атады. Бұл адамдар осы құдайы күшті жинап, сақтаушылар ғана емес, оны заттарға да бере алатын болған («қасиетті қылатын»). Сонымен бірге оның көмегімен науқас адамдарға емделуінде көмектескен. Сол себепті олар жай ғана қарапайым дәрігерлер емес, ежелгі емшілер арасындағы ең білікті универсальды адамдар болды. Дегенмен олар жай ғана таза Білімді пайдаланды. Бұл туралы саған тағы бірде толығырақ айтып беремін.

— Кешіріңіз, дәрігерлер иерархиясында Білімге деген осыншалықты шектеудің болуы неліктен? — деп Николай Андреевич ресми үнімен айтты.

— Себебі бұл Білімдер тек рухани таза адамдарға ғана сеніп тапсырылды. Және Күшті алуды аса құпиялықта сақтады. Себебі Күштің аты — Күш. Ол құрылыс балғасы секілді, оны жасампаздық үшін қолдануға болады немесе қирату үшін. Барлығы осы балғаны ұстаған Шеберге байланысты.

— Ақылға қонымды, — деді Николай Андреевич.

— Ал ол замандардағы ғылым адамдарына келетін болсақ — иә, осы салада талантты әйел адамдар да айтарлықтай жетістікке жете алған. Сол медицинаны алып қарайтын болсақ, «жана эраға дейінгі III жыңжылдықта Мемфисте жұмыс жасаған тарихтағы алғашқы Песечет есімді әйел-дәрігер» туралы естеліктерді таба аласың. Дегенмен ол алғашқы әйел-дәрігер емес еді, тек археологтар бұл туралы жалғыз ежелгі құжатты тапқан және сол себепті ол әйелді алғашқы деп атаған... Ол замандарда Медицинаны қасиетті ғылым санап оны храмдарда зерттеген. Адамның ауруынан жазылуы тек практикалық дәрігерлік білімдерге ғана емес, құдайдың еркіне де байланысты деп санаған, сол себепті дәрігерлер медициналық білімдерден бөлек қасиетті мәтіндерді де оқыған (зерттеген). Діншіл-дәрігер науқасты дұға оқымай емдеуге құқығы болмаған.

— Дұға? — деп біздің психотерапевт тағы да сөзге ілікті. — Бірақ маған белгілі болғандай Ежелгі Мысыр діндерінде бақсылық пен сиқыр пайдаланылған.

Сэнсэй жымыды да, бұл ойынға «ресми үнімен» ене айтты:

— Дәрігер, Сізде сол заманның шындығы туралы қате түсініп отырсыз. Және кейін неліктен екенін түсінесіз, — деп жауап берді. — Тек түсініп қана қоймай ол замандар туралы Сіздің күмәніңізді жоқ қылатын шындыққа жеткізетін керекті нұсқауларды да табасыз. Әзірге Ежелгі Мысырда сиқыршылыққа тиым салынғанын айтайын. Ежелгі адамдардың білімінде, құлшылыққа және Құдайға қызмет етудегі қажырлы

рухани еңбекке негізделген құдайылық мистицизм мен негізінен қарапайым адамдар өздерінің пайдакүнемдік ниеттерімен айналысатын бақсылық, сондай-ақ сиқыршылар немесе белгілі бір білімге ие болған және оны басқа адамдарға қарсы пайдакүнемдік мақсатта пайдаланған «қара сиқыршылар» деп аталатындармен арасында айқын айырмашылықтар болды. Оның үстіне, сиқыр адамның рухани денсаулығына зиян келтіреді деген нық сенім болған. Тіпті қара сиқыршылардың қызметін «нейтрализациялайтын» Уаб Сехмет деп аталатын діни қызмет те болған. Бұл діни мамандықтың жаңғырықтарын қазіргі заманнан да байқауға болады. Осыған ұқсасты экзорцизммен айналысатын қазіргі пірәдарлар да жасайды.

— Жақсы, бірақ сен Ежелгі Мысырда болашақты сиқырлы болжау мен ақыр соңында астрологияның болғанын жокқа шығармайтын шығарсың?! — деп Николай Андреевич дес бермеді.

— Шығарамын, — деп Сэнсэй нақты, бірақ жымия жауап берді. Және сол бойда түсіндірді: — Бұл құбылыстар болған, бірақ қазіргі трактовкасынан мүлдем басқаша еді. Мысалға мына болжамды алып қарайық. Мысырлықтардың «өсиеттерінің» бірінде адамға болашақты білуге тырысуға және көріпкелдердің қызметіне жүгінуге тыйым салынғаны айтылған. Ал діни қызметкерлерге арналған ережеде былай деп жазылған: «Әлі болмағанды білуге тырыспа». Оның үстіне ең жоғарғы діни титул Ур Маа (кейін Имхотепке де осы атақ беріледі) деп аталған, яғни ол «Ұлы көріпкел» дегенді білдірген («Великий провидец»). Бірақ бұл лауазымдағы дін басшысының қызметі бақсылық болжаумен байланысты болмаған. Оның мақсаты «болашақ тәуелді болған Құдайдың еркін түсіну үшін» болып кеткен оқиғаларды дұрыс түсіндіру (талдау) еді. Себебі мысырлықтар қандай да бір болған маңызды оқиғалар, «белгілер» мен түстерге мұқият қараған, олар арқылы Жаратушы адамдарды бір нәрселерден сақтандыруға тырысуда деп санаған.

Және айта кетейін ежелгі мысырлықтар осындай сенімінің нәтижесінде табиғат құбылыстарына болсын, әлеуметтік жағдайларға болсын біршама байқампаз адамдар болды. Ұқсастықтар (аналогия) мен заңдылықтарды табу «болжамдар» түрінде еді. Бұл астрологияға да қатысты. Ол заманның астрологиясы «сәуегейлік» болған емес. Жалпы осының барлығын аграрлық, астрономиялық, медициналық сұрақтардағы ғылыми болжау деп айтуға көбірек келеді. Өйткені ол замандарда ғылымды дамытумен дін қызметкерлері шұғылданған.

— Сонымен дін қызметкерлері (басшылары) кімдер болған — дін өкілдері ме, әлде ғалымдар ма? — деп Виктор сұрады.

— Екеуіде. Ал негізінде олардың ерекше діни құрылымы болды. Жоғарғы дін басшылары дін, саясат, ғылым сұрақтарымен жалпылай айналысқан дін қайраткерлері еді. Және бұл құрылымда ғалым-дін қызметкерлері, дәрігер-дін қызметкерлері, хатшы-дін қызметкерлері, шаруагер-дін қызметкерлері, пірәдар-дін қызметкерлері, уағызшылар (насихатшылар) болған. Айтпақшы, соңғылары ғибадатхана қызметінде сенушілерге «құдайы заңдарды», діни «білімдерді» оқып, нұсқаулар берген.

— Хм, бүгінгі діндермен қандай ұқсас, — деді Виктор байқампаздықпен.

— Енді сен қалай ойлап едің, — деп Сэнсэй жымыды.

Николай Андреевич болса күмән үнімен:

— М-да, елестетіп тұрмын, егер заманауи әлемде ғылыми білімі басымырақ дәрігер науқасты емдер алдында дұға оқитын болса. Сәйкесіздік орын алады...

— Сәйкесіздік?! — деп Сэнсэй күлді. — Ал сізге дәрігер тіпті әлемдік медицинада ең прагматикалық деген адамдардың өзі, мен жұмысы тірі материямен байланысты болған хирургтарды меңзеп тұрмын... жай хирург емес, атақты хирургтардың өздері.., ота жасауға дейін де, ота жасау кезінде және отадан кейін де дұға оқиды. Және әлі күнге дейін өз



пациенттерінің денсаулығы үшін дұға етеді. Өйткені өз тәжірибиесінде дәрігер қаншалықты мықты маман иесі болса да, көп нәрсенің Жоғарыға байланысты екенін біледі.

— Солай ма? — деп Николай Андреевич шын таңғалды, кейін ойлана: — Білмеппін, білмеппін... — деді.

— Бірақ біздер Имхотептің негізгі басты ісінен аздап ауытқып кеттік, — деп Сэнсэй негізгі тақырыпқа оралды. — Осындай орасан үлкен, бұрын-соңды болмаған құрылысты және осы жобаны іске асыру үшін Мысырдағы ең жақсы адамдарды тартудың арқасында, Имхотепке адамгершілігі жоғары әрі рухани дәні бар, ерлерден де, әйел адамдардан да ең жақсылардың жақсыларын таңдауға мүмкіндігі туады. Имхотептің өзі үйретуді қолға алған топқа әртүрлі мамандықтағы адамдар кірді, бірақ алғашқы негізін тас қалаушылар құрған еді. Сондықтан Имхотеп өз тобын шартты «Азат тас қалаушылар» (Свободные каменщики), яғни рухының азаттығына ұмтылған және тас секілді мықты сенім мен білімді алушылар деп атады.

Біртіндеп Имхотептің «Азат тас қалаушыларының» таңба-белгісі де (символика) пайда бола бастайды. Кейін оны Ариманның «Еркін тас қалаушылары» көшіріп алады: тас қалаушы алжапқышы, тас, балға, барлығын көруші көзі бар пирамида (Шамбаланың ежелгі белгісі, ал Имхотептің тас қалаушылары үшін рухани, жарық күштеріне жататынын білдірген), Финикс, Сфинкс (ал «Еркін тас қалаушыларда» кейін орнына арыстан болады), Сфинкс табаны (арыстан табаны), 3, 5, 7, 13, 33 сандары (бұл белгілі бір күш шеңберін құратын адамдардың саны) және басқалары. Олар бір-бірлерін белгілі бір сөздер, таңба-белгілер және қол беріп сәлемдесу кезінде таныған. Және бұны кейін өздеріне «Еркін тас қалаушылар» көшіріп алады. Айтпақшы «Еркін тас қалаушылардағы» (Ариманның) танымал болған пентаграмма белгісі — тең бес бұрышты жұлдыз «Азат тас қалаушылардың» (Имхотептің) маңызды басты символдарының бірі болды және трактовкасы

мүлдем басқаша еді (Ариманның «Еркін тас қалаушыларының трактовкасымен салыстырғанда). Басында «Беляо-Дзы» ілімінде (ғылымында) — бұл әйелдік құдайы күшті, ал шеңбер дүниені, Ғаламды білдірген. Шеңбердегі жұлдыз — бұл әйелдік құдайы күштің дүниелік шеңберінде болғанын көрсеткен. Оның үстіне әйелдік негіз реинкарнацияға арналған ыдыс (сосуд) ретінде қаралған, ал әйел — өмір мен күш беруші ретінде. Ежелгі Мысырда адам рухының қайта тірілетін патшалығы Дуат-ты шеңбердегі жұлдыз белгісімен таңбалаған.

Енді былай, Имхотепке қайта оралсақ. Ол ядросы мықты «Азат тас қалаушылар» деген құпия ұйымды жасақтайды, яғни осы әлемнің материясынан рухани азат, еркін адамдарды. Олардың қозғалыстарының негізгі мақсаты кемелдіктің рухани сатыларын түсіну болды. Осыған дейін бұл адамдар әртүрлі құдайларға сыйынған еді, себебі мен айтып кеткенімдей Мысырдың әрбір қаласында, әрбір ғибадатхананың өз құдайы болды, яғни бір сөзбен көп құдайшылдық. Бірақ оларға құпия білімдерді ашқан Имхотептің арқасында бұл адамдардың барлығы сыртқы бейнесінде өз құдайларына тиесілігін сақтай отырып, ал жасырын, шын мәнінде «Әлемнің Ұлы Сәулетшісі» («Великим Зодчим Мироздания») деп атаған Жалғыз Бір Жаратушыға ғана құлшылық жасады.

Рухани практикалармен күшейіп Ілімді алып, шәкірттері Имхотепке оның рухани жұмысында сенімді көмекшілеріне айналды. Олар адамдарға әртүрлі көмек көрсете бастаған кезде, Имхотептің атақ-абыройы одан әрмен Мысырға жайылды, өйткені оның шәкірттері адамдардың ойынша ғажайып болғандарды жасады, жазылмас ауыр сырқаттарды емдеуден бастап, адамдарға, тіпті табиғатқа ерекше әсер етуге дейін. Және бұл құпия ұйым туралы ақпарат халық арасында тарап кеткен кезде, көптеген адамдар алдарына Имхотептің шәкірті болу мақсатын қояды. Дегенмен Имхотептің өзі осындай құпия ұйым туралы сан түрлі әңгімелерді, оның үстіне басқа адамдарды қандай бір «құпиялыққа» үйретуді жокқа шығарды.

— Ал неліктен? — деп Татьяна таңғалды.

— Енді, біріншіден өзінің рухани «балаларын» Архонттар мен өзінің еш жазасыз ұрлық жасаған замандарын армандаған, Имхотеп саясатының қарсыластары болған кейбір ықпалды адамдардан қорғау үшін. Ал екіншіден, Имхотеп адамдардың табиғатын, олардың тілек-қалауларының өткінші екенін өте жақсы білді: бүгін олар рухани серпіліспен жанып, біраз уақыттан кейін қайтадан өздерінің Хайуандық табиғатының қалауларын жүзеге асыруға бейім. Ал Имхотепке Шамбала Сокровеннигі таныстырған Ілімдер, адамның рухани ниетінде тұрақтылық пен мызғымас беріктікті талап етті және ең бастысы — ойы мен тілек-қалауының тазалығы. Оның үстіне көптеген адамдар осы құпия білімдермен басқа адамдарға билік жүргізу мен күшке ие болып, өзінің пенделік, өзімшіл мақсаттары мен істерін жасау үшін Имхотептен дәріс алғысы келді. Сол себепті Имхотеп өткінші, бір сәттік серпілісімен білім алуды қалағандарды ешқашан өзіне алмаған. Ол осындай «ниеті барларды» «сыпырғышпен» деп айтпақшы, мейлі ол осы сәтте шын рухани ниетімен келген жақсы адам болсын, өзінің «өзімшіл» комплекстері бар жаман адам болсын, бірдей қуып жіберген. — Сэнсэй жымыып нақтылады. — Дұрысында сыпырғышпен емес, ол қолынан тастамаған асатаяғымен (посох).

— Асатаяқ?! — деп үлкен балалар бірден қозғала қалды.

Сэнсэй растай басын изеп, жігіттердің толық қойылмаған сұрағына жауап берді:

— Бұл адам қазір «Ескі лама» деп аталатын ұрыс өнерін аса жетік меңгерген.

— Иә, оған тиіскендерге анық жақсы болмаған екен, — деп Володя көңілді айтты.

— Енді солай, асатаяқ шекер емес, — деп Сэнсэй жауап берді. — Ал егер салмақты айтатын болсақ, Имхотептің адамдарды таңдауындағы осындай сақтығы бекер болмаған. Негізінде Білім Адамын адамдар белгісіз күйде сезінетініндей, Білім Адамы да адамдардың тілек-қалаулары мен сезімдерін

«көреді»... рухани жағынан жетілу деп айтсақ болады. Бұл істе негізгі атқарушы фактор — бұл екі жақтан да болатын ішкі таңдау. Егер ол сәйкес келсе, демек бұл адам Білім Адамымен бір бағытта жүреді деген сөз.

— Түсінбедім, бұл қалай? — деді Андрей.

— Мысалға Имхотепке адамдар келіп, білім алуға ниеттерін білдірген кезде, ол барынша бас тартып, олардың бұл шешімге деген реакциясын бақылаған. Көбісінің: «Мінекей, Мен тұрмын! Менің құпияны білгім келеді! Мені үйрет!» деген ойлары пайда болған. Ондай адамдар әдетте өзінің үлкен менмендігімен өздері байқамастан жақтырмау (жиіркеніш) мен қабылдамау (отторжение) тудырған. Бірақ сөздері ақылынан емес жүрегінен, рухынан шыққандар да болған. Оларға Имхотеп назарын салып жүрген, бірақ сонда да белгілі бір уақыт бойына өзіне қатты жақындатпаған, себебі адамның шын жүректен болғанын, оның таңдауы тұрақты екенін, адамның шешімі жетілген және біршама саналы түрде болғанын тексеру үшін. Және ол адамдар мұның барлығын түпсана деңгейінде сезініп, Имхотептің көз алдында болуға тырысып, бар жан-тәнімен Білім есігін қағумен болған. Ақыр соңында олар өз дегеніне жеткен. Өйткені егер табанды қағатын болсаң, ашылмайтын есік жоқ деп айтылған.

— Оған шәкірт болудың қиын екендігі түсінікті. Егер ол мемлекеттегі осыншалықты жоғары лауазымда болса, оған жетудің өзі қиын, — деді Николай Андреевич.

— Енді сіз бұл жерде қателесіп тұрсыз, — деп Сэнсэй қарсылық білдірді. — Имхотеп өзінің жоғары лауазымына қарамастан қоғамда болып жатқан оқиғалар мен процестердің шын жағдайын әрқашан білу үшін, адамдарға жиі шығып, қарапайым халықпен әңгімелесіп тұрған. Және асатаяғы оның жалғыз «ерушісі» болды.

— Тоқтай тұр, сен Имхотеп мемлекеттегі фараоннан кейінгі бірінші адам бола тұра, халыққа өзі шығып тікелей

сөйлескен дегің келіп тұр ма? Нөкерлеріңсіз? — деп Николай Андреевич таңғала сұрады.

— Өте дұрыс, — деп Сэнсэй растады. — Және ол тек ірі қалаларды ғана емес, біршама алыс елді-мекендерде болып, мемлекеттегі шын жағдайды біліп отырған.

— Ал оның көмекшілері мемлекеттегі шын жағдай туралы оған есеп бермегені ме?

— Неліктен есеп бермеген? Есеп беріп отырған және күніне бірнеше мәрте. Бірақ сонда да Имхотеп адамдарды жақсы білгендіктен көптеген ақпараттарды жеке тексерген. Осының арқасында оны белгілі бір сұрақтарда алдау немесе шатастыру мүлде мүмкін болмаған, тіпті — осындай іске қадам басуға барған оның «көмекшісіне» бұл зардапты болса да.

Тіпті қарапайым адамның өзі оған келіп шешілмеген мәселелер туралы әңгімелесе алатын болған. Сондықтан Имхотеп мемлекеттің бас уәзірі ретінде халық арасында сыйлы болып қана қоймай, онымен сөйлесуге де біршама қол жетімді болды... Енді менің оның асатаяғы туралы не айтқым келіп еді. Имхотеп өзінің қарапайым таяғын ешқашан қолынан тастамаған. Бірақ «Азат тас қалаушылардың» құпия жиналыстарында ол ежелгі замандарда Бодхисатва Птах пен Осиристе болған мүлдем басқа асатаяқпен болған. Бұл асатаяқ жоғары көтеріліп бір-бірлерімен байласқан (өрілген) екі жылан секілді көрінді, ал таяққа сұңқар қанаттары бар дөңгелек дискі тағылды. Екі жылан адам миының ежелгі құрылымы мен рухани жолдағы Күзетшілерді (Стражей) білдірсе, қанатты диск Жер бетіне рухани білімдерді әкеліп және оларды адамдарға ашқандардың символикасы еді. Дискіде ерекше кристалл орнатылған Шамбала белгісі болған.

— Ерекше кристалл? Ал ол қандай кристалл? — деп Николай Андреевич қызыға сұрады.

— Бұл әрине қызықты сұрақ, бірақ бұл туралы мен тағы бірде айтып берермін, — деп Сэнсэй құпиялы жауап берді де әңгімесін жалғастырды: — Енді сол асатаяққа келетін болсақ.

Кейін Ариман Архонттардың көмегімен Имхотеп құрған осы ұйымның толық рухани негізін құлатқанға дейін, асатаяқты Имхотептің рухани мұрагерлері иемденген. Архонттар «Азат тас қалаушылар» ұйымын аримандық құрылымға жылдам айналдыра бастаған кезде, Имхотептің соңғы ізбасарларының бірі «Еркін тас қалаушылардың» қолына асатаяқ түскенге дейін әлгі кристалды алып үлгереді. Ал кейінгілер жеке символика ретінде «Азат тас қалаушылардың» таңба-белгілері мен заттарын сәл өзгертіп, толық қолдана бастағанда, бұл асатаяқ жиындарда пайдаланылып және оның иесінің жоғарғы билікке ие екенін білдіретін ерекше символ ретінде болған. Бірақ бұл жай ғана бос атрибутика еді, одан артығы емес. Ал «Еркін тас қалаушылардың» ұйымы айтарлықтай үлкейген кезде, басшылары адамдарға осы асатаяқпен шыққан ложа деп аталатын жасырын ұйымдар құрыла бастайды. Және білетін адамдар үшін бұл «асатаяқ» иесі «жоғарғы діни басшы» екендігі түсінікті болады. Дегенмен бұл символ білмейтін адамдардың да назарын аударады. Және соңғыларының артық сұрағы туындамас үшін, бұл асатаяқтың шығу тегі туралы әртүрлі аңыздар ойдан шығарылады. Осылайша Гомерлік Гимнға сәйкес олимпияда құдайларының жаршысы, Зевстің ұлы, қойшылардың, сауда мен кірістің қорғаушысы Гермес, Аполлонның өзінен асатаяқты («кадуцей») алды деген антикалық аңыздар пайда болған...

— Бұл Гомерде айтылған ба? — деп Костя өзіне таныс автор есімін естіп нақтылай сұрады. Және мақтанған үнімен: — О! Ал менде, үйде оның «Илиада» және «Одиссея» поэмалары бар, — деді.

— Айтпақшы Гомердің өзіне келетін болсақ, — деді Сэнсэй. — Осындай есімдегі поэт адам шын өмірде болмаған. «Гомер» — бұл лақап ат. Сөздің өзі гректің *homilia* сөзінің түрленуінен шыққан «әңгіме», «жақсылық сипатындағы діни уағыз» деген мағынаны білдіреді. Оның үстіне басқа гректік диалектикада бұл сөз бірнеше мағына береді — «тұтқын»,

«поэт», «соқыр». «Гомер» лақап атын жамылып Архонттардың басшылығымен толық бір топ жұмыс жасаған. Олардың мақсаты ежелгі танымал аңыздарды, белгілі тарихи фактілерді жамылып осындай шығармалар шығару арқылы Архонттарға ынғайлы психологияны адамдардың санасына енгізу, сәйкесінше Архонттардың діни әрі саяси үстемдігіне алып келетін халықтардың белгілі бір дүниетанымның туындауына ықпал ету болды.

— Ал керек болса! — деп Виктор таңғалды.

— Демек олар «Ескі Өсиет» секілді «қасиетті кітаптарды» жасап шыққаны ма? — деп Николай Андреевич екіұдайлы айтты да, лезде байқампаздықпен: — Айтпақшы, шыныменде ұқсас техника: танымал ежелгі аңыздар және тарихи материал... — деді.

— Соқырлар үшін дін?! — деп Женька күлді.

— Сен біздің Байқампазсың! — деп Виктор мысқылдады.

— Міне көріп тұрсыздар ма, кішкене назар мен бақылау жасайтын болсаңыздар сіздер де не үшін екенін түсіне бастайсыздар, — деп Сэнсэй тағы да осы сөздеріне акцент жасады. — «Гомер» шығармалары «Ескі Өсиетпен» бірдей уақыттарда жазылды деп айтсақ болады. Тек біріншісі психология үшін, «батыс адамына» десек, ал екіншісі — «шығыс адамы» үшін. Дегенмен екеуі де бір ұйымның басшылығымен, бірдей тәсілмен, тек кішкене өзгеше көзқараспен және осы барлық психологиялық ерекшеліктерді ескере отырып материалдың берілуімен ғана өзгешеленеді. Ал осындай кітаптардың шығу негізін жарияламас үшін, бізге қазіргі тарих айтатын біздің заманымызға дейінгі VI ғасырда гомерлік поэмаларды жазу туралы толық бір комиссия (осыған дейін гомер шығармалары ауызша таралыпты-мыс) құрған афина тираны Писистратқа арта салған.

— Солай ма?! — деп Николай Андреевич таңғалды. — Бұл біршама қызықты болмақ.

Бұл ақпараттың тіпті Николай Андреевич үшін де таңғаларлық жаңалық болғаны көрініп тұрды.

— Ал Гомер поэмаларында нендей жаманшылық бар?! — деп Костя түсінбей сұрады да, лезде сол кітаптарды мақтай бастады. — Ол жерде ешкімге зияны жоқ құдайлар мен батырлар туралы ежелгі аңыздар. Тіпті Платонның өзі Гомерді Грецияның тәрбиешісі деп атаған!

— Платон?! — деп Сэнсэй күлді де жайдары жүзімен қолын сілтеді. — Жарайды, Платонға тиіспей-ақ қоялық, қолдарың бос кезде ол туралы оқып барлығын түсінесіздер. Ал «зияны жоқ» аңыздарға келетін болсақ... Атақты ерлердің жарнамасын қайталайтын қарапайым оқырман үшін бұлар тек «зияны жоқ» қана емес, егер оларды өмірінде оқымаған болса тіпті «жарқын» поэмалар секілді көрінеді. — Бұл сөздерде Костя біртүрлі ыңғайсызданып, жанарын Сэнсәйден жасырды. — Бірақ шын мәнінде бұл шығармалар егер олардың адамның түпсаналық жүріс-тұрыс стиліне қандай идеологияны таңатынын ескеретін болсақ, зиянды еместен әлдеқайда алыста жатыр. Егер байқасаңыздар ол жерде олимпияда құдайларының отбасына байланысты көрсетілген, арнайы белгілі адамның мінез-құлқы моделдері туралы баяндалады. Айтпақшы, ондағы кейбір Зевс, Гера, Афина, Артемида секілді кейбір құдайлар, жобамен микен мәдениетімен бірдей уақыттарда өмір сүрген ежелгі криттік мәдениетте (біздің эрамызға дейінгі 3000-1200 жылдар), яғни бұл шығармаларға дейінгі ұзақ уақыт бұрын болған. Және сол ежелгі аңыздарда ертегіге (аңызға) айналып жасырылған кейбір құнды білімдердің болғаны рас.

Бірақ «Гомер» лақап атымен осы жұмыстарды жасаған топ барлығын өз білгенінше қайта жасағанымен қоймай, анағұрлым ежелгі аңыздарда сипатталған кейіпкерлерді емес, бұл құдайларды сипаттауда адамдар бейнесін алады. Және жай емес, бойында ашу, қатыгездік, ұсақ-түйекшіл, адамгершіліктен ада көптеген әлсіз тұстары бар біршама шектеулі адам типін алған. Яғни, шын мәнінде олар құдайлардың бейнесін қайта жасақтап,



ежелгі аңыз кейіпкерлерінің рухани негізін жоюға тырысқан. Жаңа пайда болған осы «гомерлік» құдайлардың адамдардан жалғыз айырмашылығы — тек «ғажайып сусынмен» болатын олардың ажалсыздығы ғана болды. Байқасаңыздар, қабір әлемі және адамның осы өмірдегі сауапты істері үшін дүниеден өткеннен кейін ол жаққа баруына ұмтылуы туралы танымал мысырлықтардың түсінігін, бұл топ қабір әлемі туралы қара түстермен суреттейді. Олардың қабір әлемі (аид) қара түнек пен шарасыздық, құбыжық өмір сүретін және қылмыскер титандар жазаланатын жартылай саналы көлеңкелер мекені. Осының барлығы не үшін жасалды? Өлім алдында адам қорқыныш сезініп, осы туралы ойдың өзінен-ақ шарасыздыққа түсу үшін. Яғни қарапайым адамдар үшін архонттық әлемдік тәртіп бойынша сәйкесінше пір тұтатын (кумир) «идеалдар» суреттеледі. Өйткені алғашқыда идеологияның өзгерісі, көпшілікке енгізіп және танымал ету жүреді, ал нәтижесінде — жалпылай қоғам бағытының өзгерісіне алып келеді.

Николай Андреевич Сэнсэйді мүқият тындап, жаңалық ашқандай даусымен:

— Ал негізінде сен шыныменде дұрыс айтасың! Бұл туралы мен бұрын қалайша ойламағанмын! Өйткені Гомер гректердің діни көзқарасына орасан зор ықпал еткен! Яғни бұл өзінше бір «гомерлік» дін секілді және бұл кітаптар адамдар үшін қасиетті кітап секілді болған. Өйткені антикалық аңыздарды көптеген халықтардың, әсіресе еуропалықтардың мәдени дамуына ықпал ету деңгейін Інжілмен бірдей дәрежеде салыстырады. Римдіктер де өз уақытында бейнелерді және сюжеттерді өздерінше трактовка жасап Эллада аңызынан көп нәрсені алған. Және ең таралған тіл латын және ежелгі грек тілі болғандықтан, барлық Еуропада антикалық аңыздар кең таралып қана қоймай, зерттеліп (оқылып) сурет салу, мүсіндеу, музыка, проза секілді жанрларда өнер мен мәдениетке енгізілген!

— Міне, міне, — деп Сэнсэй растады. — Сен «енгізілген» және толық бір халықтың, яғни гректердің дүниелік көзқарасына

жатқызылған деп дұрыс айттың! Дегенмен шын мәнінде Архонттармен жасалған «олимпшілдердің» адами «идеалы» грек халқының рухани құндылығын дискредитациялағаны соншалықты, шығармаларды Архонт адамдарымен біршама белсенді жарнамалаудан кейін, бұл еңбек гректердің өздерінде наразылық пен күлкі (келеке) тудырды. Бірақ бүгінгі әлемге қараңызшы, әлі күнге дейін Гомер шығармаларын көкке көтеріп, оларды грек халқының «ұлы эпосы», «қол жетпес үлгісі» деп жазады. Және бұл шығармалардың қарсыластары туралы қарапайым және көбіне жақсы емес сипатта айтады.

**Бұл жақсы мырзалар, қорытынды жасаңыздар деп аталады! Ол кезде де, қазір де Архонттарға осындай қасиеттерді қоғамға енгізу тиімді. Оларға адамдардың алдына әкелген «кумирлерінің» мәнін ұғынбай, жай ғана ақымақша оларды көшіргені жақсы, себебі қоғамды ойсыз, жеңіл басқаруға болатын адамдар ету үшін...**

— Мәңгүрттер жасау! — деп Женька сәл алға еңкейіп айтты.

Жігіт Стастың «көру аймағын» жауып тастағасын, Стас досын лезде орнына қайтаруға тырысты:

— Орныңа отыршы желпілдек! — Және айтқан сөздеріне күлкімен: — Алаңдама, бұл саған қауіпті емес, — деп қосты.

— Бұл жағдай ұжымды күлдіртіп, Сэнсэй Женьканың репликасына жайдары жауап берді:

— Адамдар болып жатқанның мәнін түсінуге тырыспай, оларға насихаттағанды оңай қабылдауы үшін.

— Ага, демек жарнамаға құмар болғаны! — деп Женька өзіне қайта тұжырымын жасады.

— Енді Аполлоннан кадуцей алған гомерлік құдай Гермес және оның Ариманның «Еркін тас қалаушыларымен» байланысы туралы айтқым келгені, — деп Сэнсэй оқиғаларды әрі қарай қалпына келтіруге кірісті. — «Гомер» шығармалары халыққа тек «қасиетті кітап» ретінде ғана емес, «өз адамдарына» арналып жасырылған ақпарат ретінде де

жасақталды. Герместің қалай бейнеленгенін қараңыздар. Айтпақшы бұл құдай бейнесі гректің емес, малоазиялық аңыздан алынған. Осыны ұмытпаңыздар. Оның есімі Архонт адамдарымен тектен тек алынбаған. Гермес — бұл гректің «герма» яғни бір кездері жерленген жерлерді белгілейтін тас үйінділері немесе тас бағананы білдіретін «герма» деп айтылатын сөзден алынған. Және ертеректе гермалар жол белгілері ретінде де қызмет еткен және жол, шекара, есік сақшысы деп саналған. Айтпақшы Герместің — «қақпашы» (дарбазашы, есікші, «привратный») атауы қайдан шыққан. Наным бойынша герм-ді бүлдіру үлкен күнә болып саналған.

— Мен түсіне бастаған сияқтымын, — деді Николай Андреевич. — Егер осының барлығын «Еркін тас қалаушыларды» құрған Архонттардың «тіліне» аударатын болсақ...

— Өте дұрыс, — деп Сэнсэй басын изеді. — Герместің негізгі қасиеттерінің бірі айлакерлік (қулық), өтірік пен ептілік болды, осының арқасында оны ұрлық пен өтіріктің (плутовства) қорғаушысы деп санаған. Осы орайда мен Рим мифологиясында да бұл мәселеге Архонт адамдарының қатысуымен гомерлік құдайларының пантеоны дәлме-дәл көшірілгенін бұл халық үшін аздап өзгертіліп, қосылғанын атап өткім келеді. Ол жерде Гермес бейнесі сауда құдайы болған, сауда кірісін қамтамасыз ететін — Меркурии бейнесіне айналған. Mercurius сөзі merx — «тауар», mercare — «сауда жасау» сөздерінен шыққан. Бұл құдай өнер мен қолөнердің қамқоршысы, құпия сиқыр мен астрологияның білгірі, құдайлардың хабаршысы және қызметшісі болып есептелген. Енді былай, біздің заманымызға дейінгі 495 жылы... Ал сіздер кейінірек Вавилонда, басқа сұрақтармен бірге Таяу Шығыс үшін «қасиетті кітап» ретінде «Ескі өсиетті» енгізу де болған еврейлік дін басшылардың құпия жиналысы туралы ұмытпаған шығарсыздар деп сенемін. Және бұл жиналыс шешімі Езра болды, нәтижесінде (кейінірек)

яхудейлік саясаткер Немии арқылы кең «халық жиналысын» жинап, ездрамен халыққа арналған «Заң» жарияланды.

Енді одан ертерек біздің заманымызға дейінгі 495 жылы Батыста, Римде «халық жиналысы» деп аталатынның шешімімен, дәлірек айтсақ жақсы төленген «жиналыспен» Ұлы цирктегі ғибадатхана Меркурииге арналды (бұл орынды өздеріңізге белгілеп алыңыздар, кейін оны кейбір тарихи фактілермен салыстырасыздар). Бірдей уақытта осы құдайдың «қамқорында» болған ерекше саудагерлер коллегиясы құрылды. Әрі қарай Римде және Италия қалаларында «Меркурииді пір тұтатын коллегиялар» (коллегии почитателей Меркурия) (плебейлер мен құлдардан жасақталған) деп аталатындар жылдам көбейе бастайды, нәтижесінде императорлық культ коллегияларына айналады.

— Тіпті солай ма! Бұл қазіргі әртүрлі партиялардың құрылуына ұқсайды екен, — деп Николай Андреевич өз түйінін айтты. — Архонттар ақылды қимылдаған екен...

— Енді оған кімнің күмәні бар, — деп Сэнсэй жымыды. — Сонымен Гермес туралы аңызға келсек. Оның алтын қанатты сандалииясы және алтын таяғы сиқыр күші жинақталған орын деп саналған. Кадуцей (латын тілінің «caduceus» — «асатаяқ», «таяқ» дегенді білдіреді) нәтижесінде «құдайы» билік, құпия ғылымдар мен оккультизм символына айналады. Дәл осы таяғымен «адамдарды ұйықтатып оятатын» (және Гермес таяқтың көмегімен кейде адамдар құдайы ерікті көретін адамдардың түсіне аян береді деп те санаған) ол өмір және өлім әлеміне бірдей кіріп (еніп), өлілер патшалығына барар жолдағы рухтар үшін көмекші әрі жол көрсетуші делдал қызметін атқарған. Бірақ айта кетейін, ендігі бұл аңыздардың барлығы — «Еркін тас қалаушылар» қоғамдағы өз дәрежелерін көтеру үшін өздеріне таңып алған Ежелгі Мысырдағы Имхотептің ғажайып асатаяғы туралы аңыздың интерпретацияланған түрі еді. Айтпақшы кейінгі антикалық замандарда, сол баяғы «Еркін тас қалаушылардың» арқасында «герметикалық» деп аталған

окультты ғылымдармен байланыстырған, яғни құпия, тек «таңдаулыларға» ғана қол жетімді (ғылым), «үш есе ұлы» деген мағына беретін табынуға жаңа Гермес Трисмегист образы пайда болады.

— Тағы да халықты алдап соқты! — деді Женька.

— Өте дұрыс, — деп Сэнсэй басын изеді. — Құпия адамдарды әрқашан өзіне тартып тұрады. Және Архонттар адамдардың осындай әлсіздігін пайдаланып, оларды өз діндері, секталары, оккультты ұйымдарына жиі кіргізген, осылайша олардан өздерінің құлдарын жасаған. Және ең өкініштісі «Еркін тас қалаушылар» кезекті рет құлдарына жасаған кісенге, Имхотептің сөздерін, қоғам алдындағы жасаған игі істерін, Мысыр және білімдерді осы елден алатын басқа халықтар үшін қолданды. Олар біздің заманымызға дейінгі IV мыңжылдықта Мысырда Гермес Трисмегист деген өмір сүрді деп жазды. Ол Жоғары діни басшы болды және мемлекеттегі ұлы билік иесі болған, Мысыр халқына әділ заңдарды, жазуды, есептеуді, көптеген ғылымдарды берді. Оны көзі тірісінде пір тұтып, ал дүниеден өткеннен кейін Тот құдайымен ассоциялаған. Яғни шыныменде ол кезде көп адамдар білген Имхотептің ұлы игі істері жайлы жариялаған. Ал кейін түпкілікті «адастырулар» үшін бұл аримандық итаршылар осы «Гермес» 42 кітап (саны кез келген мысырлыққа жақсы таныс мысырлық дін — «Исповеди отрицания» қырық екі «әсиетке» ұқсастырылған) жазған деп қанық бояуларымен бояйды, «Гермес гимнастикасы» деп аталған энергия жинаудың трансный әдістемесін және кейін «герметизм» деп аталған құпия ғылымды ойлап шығарады. Олардың «Гермесі» транс күйінде ерекше ақпаратты алып, оны адамдарға берген. Өзінің физикалық тәнінен шығуды үйренген. Ең атақты әрі ең құпияға толы өз кітабын — «Тот Кітабын» жазған. Ол жерде мәңгілік өмір сүру мен тылсым күшке ие болудың құпия әдістемелерін және бұл әлемге арнайы церемониялар (рәсімдер) арқылы ықпал етудің құпияларын ашқан. Кейін нәтижесінде оның әдіс-тәсілдерін мыңдаған

жылдар бойы мысырлық дін басшылары пайдаланған. Және біздің заманымызға дейін сақталған «Изумрудная скрижаль» мәтінін де ол жазыпты-мыс. Гермес мәңгілік (өлмес) саналы негіздің бөлшегі туралы айтқан деп саналады... Айтпақшы, «саналы», «Ұлы Сана» (разумное, Высший Разум) сөзі — бұл «Еркін тас қалаушылардың» ежелгі гректік мәдениет арқылы енгізген арнайы жаңашылдығы еді, себебі адам осындай философияларды оқып, өзінің рухы және Жоғарыны құдайы негізбен емес, түпсана деңгейінде «сана», «ақылмен», яғни адамдағы Хайуани негіздің басты тағымен ұқсастыру үшін (теңестіру)... Енді Гермес өлмейтін «сананың» негізінің бір бөлшегін арнайы жаттығулармен бөліп алуға болады деп айтқан (өлімге ұқсас терең транс күйінде). Ал кейін тіпті ерекше білімдердің көмегімен қараңғы-тозақтан Құдай-жарығына шығуға болады-мыс. Және тағы бір сипаты: Гермес бірінші болып адамды «микрокосмос» деп атаған және егер адам Ғаламды танығысы келсе, бірінші өзін тану керек. Яғни шын мәнінде олар дәлелдеуге де, жоққа шығаруға да келмейтін ақпаратты берді, себебі Имхотеп, оның «Азат тас қалаушылар» құпия ұйымымен қызметіне байланысты шыныменде ерекше әңгімелер жүрді. Бірақ Архонттар не жасады? Осындай ақпараттан кейін олар ертеректе шыныменде танымал атаулары болған, бірақ ішкі мағынасы өздеріне тиімді кітаптарды адамдарға береді.

— Яғни олар ежелгі замандарда танымал болған кітаптардың аттарын ұрлап өздерінікін осы атпен атағаны ма? — деп Виктор жалпылай айтты.

— Иә.

— Ал адамдар Имхотептің фолиантын ұстап тұрмыз деп ойлаған! — деп Володя қосты.

— Таныс жазу, — деді Николай Андреевич. — Демек Имхотептің бірінші дұшпандары оның атақ-даңқын қалталарына басып, кейін осының арқасында өз империясын құрған болып шығады.

— Өте дұрыс, — деп Сэнсэй нақтылады. — Айтпақшы есте сақтаңыздар, **бұл адамдардың тілек-қалауын иллюзияға алмастыратын Архонттардың сүйікті әдіс-тәсілдерінің бірі.** Архонттардың жақсы сөздерінің артында адамның бағытының өзін кері материяға бұратын өзгерістер тұрады. Адам бұл алдауды рухани жолмен келе жатырмын деп ойлап білімінің аздығынан байқамай қалуы мүмкін, мысалға көп мақталған «герметикалық ғылым» (сияқты). Өйткені ол бұл процестің ұйымдастырушысы кім, олардың қандай архонттық ұйымдарға кіретінін (ол ұйымдардың шын мақсаты қандай) және осындай көзқарасты адамдар арасына жаппай таратудың оларға не үшін қажет екенін тіпті де білмейді.

— Сұмдық! Ал жетеді енді мен Гомер кітаптарын тіпті қолыма алмаспын! — деп Костя қатқыл айтты.

— Босқа жасайсың, — деді Сэнсэй. — Адам қаншалықты көбірек оқыса соншалықты бұл әлемнің құрылымын түсінеді және оны алдау Архонттарға соншалықты қиындай түседі, демек оның санасын адастыру да қиындай бермек. Кітаптарды оқу керек! Оның ішінде Гомер де бар. Не үшін, адам ешкімнің көмегінсіз және таңылған пікірінсіз өзінің тәуелсіз қорытындысын жасау үшін, басқа адамдар алдында мақтанып болмаса дауласу үшін емес, өзінің ішкі дамуы мен танымының кеңеюі үшін.

— Ал бұл кітаптар маған қандай да бір бұрыс ықпал етсе? — деп Костя күмәндана айтты.

— Барлығы сенің қолыңда! Өз ойларыңды бақылауда ұста, бойыңда жамандықтың басым болуына жол берме, рухани адам позициясынан оқы. Және сен бұл кітаптарды өзіңе зиянсыз жай оқып қоймай, оларға мүлдем басқаша баға беретініне сенімдімін. Оның үстіне ол жерде барлығы жағымсыз деп те айтуға болмайды! Анағұрлым ежелгі аңыздардан көшірілген, бірнеше ұрпақтың назарын аударған білім дәндері бар біршама қызықты сәттер де жетерлік. Ал негізінде осындай оқулар — бұл да өзінше бір адамның өз-өзімен жұмысы сияқты, оның ішкі тілек-

қалаулары мен ұмтылысының тексеріс емтиханы секілді. Сондықтан **рухани адам үшін пайдасына жармайтын кітап болмайды!**

— М-да, — деп Женька мақұлдады да, ендігі Костяға қарап жымыып: — Түсіндің бе, балам! Сондықтан өз фильтрлеріңді дұрыстап, денсаулығың үшін Гомерді еркін оқи бер, — деді.

— Ауылбай, Гомерді де! — деп Стас күле Женьканы дұрыстады.

— Енді иә! — деп Женька балалардың күлкісімен дәл солай дұрыс айтқандай түрімен басын изеді.

Стас толық үмітін үзгендей оған қарап қолын сілтеді, ал балалар одан сайын күлді.

Осы кішкене минуттық демалыс уақытында, өз қолжазба дәптеріме Сэнсэйдің әңгімелерін жазып жатқан мен, қаламның пастасы біткенін қорқынышпен білдім. Шатырға барып қалам пастасын іздеймін, оны тауып қайтып оралғанша көп нәрседен қалып қоямын деп ойладым. Сэнсэйдің айтқандарының ешқайсысын жібермеуді қаладым. Бірақ бір амалы табылды.

— Шай ішкілеріңіз келмейді ме?! — деп ерекше энтузиазммен айттым.

— Сен не, осындай ыстықта ма? — деп Татьяна таңғалды.

— О, ал мен ерекше ықыласпен, — деп Сэнсэй мені қолдады.

Үлкен жігіттер де Сэнсэймен келісе бастарын изеді. Сонымен біздің кішкене үзіліс кезінде халық шайға әбігерленіп жатқан кезде, мен бірінші кезекте өз шатырыма жүгіріп, тез қаламсаптарды тауып, өз қолжазбама керектінің барлығын дайындап, «шай церемониясына» келіп қосылдым.

\* \* \*

Сэнсэй рахаттана шайын ішті де, темекісін тұтатып өз әңгімесін жалғастырды:



— Енді былай, барлығы Имхотеп заманынан анағұрлым кейін болды. Дегенмен Архонттармен көтермеленген «кадуцейяның» (кадуцей) шын шығу тегін көру үшін аса үлкен ақылдың қажеті жоқ. Имхотептің өз заманында салған сәулет жұмыстарына, сол ғибадатханадағы бейнелер мен мүсіндерге, әсіресе Саккардағы комплекстерге назар салудың өзі жеткілікті... Айтпақшы, Саккардағы Джосер пирамида комплексін қоршаған қабырғаның өзін де Имхотеп ерекше мағынамен ойластырған. Ол ақ әктастан жасалған он метрдей болатын биік болған, мұнаралармен нығайтылған және жалпақ кертпелермен бөлінген. Оның он төрт қақпасы болды, оның он үші жалған және тек шығыс жағындағы бір ғана қақпа дұрысы болған. Және кешеннің ішінен осы қақпаларға қарасаң олардың барлығы ашық тұрғандай көрінген. Бұл қабырғалардың қалай көрінетіні, осының барлығы адамдар үшін ұсақ-түйек секілді көрінуі мүмкін. Бірақ Имхотеп ол жерге де білімді салудың ретін тапқан. Ол замандардағы рухани философиядан бөлек (егер естеріңізде болса жоғары құдай күшке жатқызылған он төрт Кау мен жеті Ба) өте күшті қорғаныш күшіне ие жеті жұпты құдайы болмысты естеріңе түсіріңдер — жеті ер және жеті әйел. Тек Имхотеп шеңберінде «Азат тас қалаушылар» ядросында бұл білімдер аңыз болмаса дін емес, шын рухани практика болған.

— Кешір, мен дұрыс түсінбедім, шын рухани практика деген не? — деп Николай Андреевич сұрады.

— Мен саған кейін тағы бірде айтып берермін., — деп Сэнсэй жауап берді. — Сондықтан «Азат тас қалаушылардың» қозғалысы дүниеге келген «символдарды», оның ішінде кейін «Еркін тас қалаушылардың» белгісіне айналып өзгертілген Шамбаланың қанатты диск күзетші-жыландар белгісін де Имхотептің сәулеттік жұмыстарынан көруге болады. Кейінірек танымал болған Имхотептің кезінде тұрғызылған көптеген капители колонналары лотос бутонына немесе ашылған лотос гүліне, папирус байламдары секілді болуы бекерден-бекер емес. Айтпақшы, «білім», «ілім» (учения) және «түйінді» бір

иероглифпен белгілеуді Имхотеп ұсынған. Ғибадатханының бар архитектурасы басты символиканы — бұл лотос гүлінен туылатын құдайы болмыс үйі дегенді білдіріп тұрды. Қанатты күн дискісі бұл Білімдерді кімдердің әкелгенін еске түсіретін, әдетте нілдің жағалауындағы өсімдіктерден шығып келе жатқан бейнесінде есік үстіне суреттелген. Қарапайым адам үшін бұл өткеннің жай ғана өнері, ал Білім Адамы үшін — белгілер мен шын тарих.

— Бірақ тағы да бұл шын тарихты тіпті Имхотеп заманында да білгендер аз болып шыққан емес пе, — деді Николай Андреевич.

— Бұл табиғи құбылыс, — деп Сэнсэй растады. — Себебі сол кезде де, қазірде де Архонттармен тек тарихты ғана емес, шын білімдерді де өзгерту қатері болған. Өйткені соңғылары адамдарға ішкі еркіндікке жетіп, осы әлем алдындағы қорқыныштан ада болуға көмектескен. Ал бұл өз кезегінде Архонттардың адамдарды жаппай өздеріне бағынышты қылып, басып аламыз деген мақсаттарына кедергі келтірді. Сол себепті Архонттар осындай бұқара халық арасына кез келген шындық түсе салысымен өздеріне ыңғайсыз тарих пен білімді барынша бұрмалауға ұмтылған. Сол себепті Білім адамдарымен осының барлығы ол замандарда да құпия сақталған. Имхотеп және оның тобының үлкен ерлігі бұл «құпия», осыған мұқтаж болған көптеген адамға қол жетімді болды және тек қол жетімді ғана емес, олардың рухани дамуына да көмектесті.

— Демек Имхотепке шәкірт болғандардың барлығы осы білімдер мен тарихтың иегерлері болғаны ма? — деп Костя сұрады.

— Енді бірден емес және барлығы емес. Әрбірі Имхотептен сол кезеңдегі рухани даму деңгейіне сай өзінің ойлау шыңы жететін ақпаратты алған. Және бұл дұрыс еді, әйтпесе адамға өзі қорыта алатыннан артықты берсе, ол бұл білімдерді түсінбейді, қабылдай алмайды да. Және Имхотептің сөздері ол адамның тек жанын ғана толқытатын санасы үшін бос сөздер болып қала

беретін еді. Сондықтан Имхотеп өзінің дос-шәкірттерін біртіндеп (жүйелі) тәрбиеледі. Басында ол адамдарға қарапайым білімдер мен рухани техникаларды берді. Және сол адамның өз-өзімен жұмысын қаншалықты жауапкершілікпен жасайтынын бақылаған.

— Яғни Имхотеп оларға «Лотос гүлін» бергені ме? — деп Костя тағы да нақтылай сұрады.

— «Лотос гүлін де» және Ка-ны қалпына келтіру денсаулық медитациясын да...

— Денсаулыққа пайдалы? — деді де Николай Андреевич лезде сыпайылығымен сұрады: — Бұл туралы толығырақ естуді қатты қалар едік.

— Иә, әрине, — деп Сэнсэй жылы жауап берді. — Имхотеп, Ка туралы Білімнің негіздерін айтып... Яғни егер заманауи тілмен айтатын болсақ бұл адамның энергетикалық құрылымы (энергетической структуре человека) туралы білім, оған адам биоөрісі, оның аурасы, астральды егізі туралы түсініктер кірген. Енді былай, Имхотеп адамды Ка Білімімен таныстырып, адамдарға практикалық сабақ ретінде адамның Ка-сын қалпына келтіретін «куаттау» деп айтсақ болатын ежелгі медитацияларды берген. Мәні неде? Мен сіздерге барынша түсінікті болу үшін заманауи терминдерді қолданып түсіндіріп берейін.

Адам — үнемі жұмыс жасайтын және әрбір секундта көптеген күрделі операциялар орындайтын жәй ғана химиялық зауыт емес. Бұл әртүрлі формадағы өмір көрінетін және сәйкесінше энергетикалық, толқынды күйде болатын толық бір Ғалам секілді. Және осының барлығы өзара байланыста, бір-біріне тәуелді, өзара әсер етуде болады. Химия энергетикамен өте тығыз байланысты, яғни терең физикамен. Қарапайым сөзбен айтатын болсақ, химиялық процесстер — бұл дегеніміз энергиялардың өзара әрекетінің салдары, ал химиялық элементтердің өзі — тіркелген толқынды күйдегі анағұрлым тығыз, материалды энергиялардың арнайы бір «жазылған бағдарламасы» (программная запись) секілді. Яғни егер бұл

«жазылған бағдарламаға» белгілі бір күштердің әрекетімен қандай да бір өзгерістер енгізілетін болса, онда бұл химиялық элемент жәй ғана осы формада өмір сүруін тоқтатып, басқа «бағдарланған» күйге ауысады. Өртүрлі энергиялармен белгілі бір өзара байланыста болатын химиялық элементтердің өртүрлі комбинациясы арқасында материяның «тірі» немесе «тірі емес» формасы туады. Бұл жерде химиялық элементтерді осы формамен байланыстыратын энергия түрлері негізгі рөлді атқарады.

Мысалға өсімдіктің құрамына кіретін кішкене ғана негізгі химиялық элементтер — көміртегі, сутегі, оттегі, азот, калий, кальций, фосфор, күкірт, магний және темір, — біздің планетамыздағы көк мұхитымызды толқытады. Бұлар құрылыстағы негізгі кірпіштер. Ал кішкене өскен шөптен орасан зор талдарға дейінгі өсімдіктердің алуан түрлігі, өртүрлі энергиялардың көптүрлі типінің арқасында пайда болған формалар мен өмірлер. Немесе тағы бір мысал, сіздер білетіндей адам ағзасы 65% — оттегі, 18% — көміртегі, 10% — сутегі, 5% — азот және 2% өртүрлі химиялық элементтерден тұрады. Тағы да сол кірпіштер, бірақ ендігі өсімдіктердің «каркасынан» айырмашылығы, басқа энергия түрлерімен байланыста жұмыс жасайды. Яғни өсімдікте де, адамда да бірдей химиялық элементтер іске қосылған, бірақ өмір сүру формасы өртүрлі энергияға байланысты сантүрлі... Айтпақшы кеше біздер талқылаған сұраққа келсек, — деп Сэнсэй Николай Андреевичке қарады. — Адам ағзасы мен жануарларда ақуыз молекуласын құруға қажетті аминқышқыл молекуласының тек сол жақты (левый) формасының болуы кездейсоқтық емес. Яғни осындай дұрыс еместігі. Ал сен біздің әңгімемізден білетін шығарсың, жер бетінде арнайы бір бағыты бар, мысалға Жердің өз өсінен айналу немесе кейбір желдердің бағыты секілді табиғат құбылыстары өте сирек кездеседі.

— «Сол жақты формалар» дегеніміз не (левые формы)? — деп Виктор қызыға сұрады.

— Аминқышқыл молекулалары оң және сол деп аталатын формада болады. Қарапайым сөзбен айтатын болсақ, олар бірдей элементтерден тұрады, тек басқа үйлесімде, мысалға сенің оң және сол қолың секілді, — деп Сэнсэй Викторға түсіндірді.

Николай Андреевич өз кезегінде Сэнсэйге біздерге біршама құпиялы жауап берді:

— Иә, енді мен түсіндім.

Сэнсэй басын изеп әрі қарай жалғастырды:

— Енді былай, өмір формасын және кез келген материалды құрылымдағы өмірдің өзін алғашқы анықтаушы энергетикалық каркас болады, фантом, астральды тән, биоөріс, бұл құбылысты қалағандарыңызша атаңыздар. Қысқасы бұл арнайы бір энергиялардың қосындысының «матрицасы». Және бұл «энергетикалық матрица» немесе Ка қандай күйде болғанына сай, осы форма өмірінің физикалық күйінің жағдайы тікелей байланысты болады. Бұл түсінікті деп үміттенемін.

Николай Андреевич үлкен балалармен бірге басын изеді. Біздің жас топтың жүзінде осындай ақпаратқа түсінбеушілік орын алды. Егер шынымды айтсам, менде де басымды изедім. Дегенмен мәнін түсінген болсам, тек үштен бірін ғана шығар. Мүмкін бұл диалогтың мәнін емес, оны жазып алуға назарымды салғасын болар.

— Өмір, оның ішінде біздің ағзамыз да — нәзік энергиялардың арқасында жұмыс жасайтын шексіз көп молекулалардың орасан зор еңбегі, — деп Сэнсэй әрі қарай әңгімесін жалғастырды. — Сіздер химиядан білетіндей зат молекуласы реакцияға түсу үшін оған әрқашан энергия қажет — ішкі серпіліс (эзоосмос), қозғалысқа түсу үшін автокөлікке энергия қажет секілді, — деп Сэнсэй транспорт жақты көрсетті. — Тіпті сіздің аз ғана толқынысыңыз — нәзік энергиялардың (тонких энергий) белгілі бір толқынысының, өзара байланысының нәтижесі және сәйкесінше ағзадағы химияның жұмысы — ағзамыздағы реакцияларға жауапты молекулалардың. Адам өз алдына әртүрлі энергиялар мен оларға

сәйкесінше өрістердің генераторы болып табылады. Энергетикадағы бұзушылықтар физикалық тәндегі химиялық бұзылуға сөзсіз алып келеді.

Сондықтан адамның физикалық тәні ең бірінші кезекте оның ағзасының энергетикалық күйіне байланысты. Физикалық тән дәрекі байланыс деп аталатын механикалық зақымданулардан қорғау функциясын атқарады. Ал энергетикалық тән, жағымсыз энергетикалық байланыстан және бөтен энергиялардың шабуылы мен араласуынан қорғайды деп айтсақ болады. Сіз өз тәніңізді сау физикалық формада сақтау үшін күн сайын тәніңіздің тазалығына көңіл бөлетініңіз секілді, дене шынықтыру зарядкасы, ауруларға қарсы әртүрлі профилактика, энергетикалық тәнде өз деңгейінде осындай күтімді қажет етеді. Оның күтіміне тәнге қарағанда тіпті анағұрлым мұқият қарау қажет. Неліктен? Себебі физикалық тәндегі көптеген сырқаттар бөтен энергиялармен байланысу және пайда болған энергетика жұмысының бұзылу салдарынан болады.

Тәнің мен энергетикалық тәніңізді сау, үйлесімділікте ұстап тұру үшін, ежелгі замандардан бері келе жатқан өз Ка-ды қалпына келтіретін өте тиімді медитация бар. Және бұл медитация, медитацияның алғашқы негіздерімен таныс кез келген адам үшін қолжетімді.

— Алғашқы негіздерімен? Бұл «Лотос гүліме»? — деп Слава қайталай сұрады.

— «Лотос гүлімен» де болады, — деп Сэнсэй басын изеді. — Енді былай, мәні неде? «Лотос» позасына отырасыз. Медитация күйіне енесіз, сіз әдеттегідей осыларды орындайсыз: өз ойларыңызды тыныштандырып, кезекпен аяғыңызды, ішіңізді, кеудеңізді, қолдарыңызды, басыңызды босаңсытасыз. Медитацияның өзін орындауға ойыңызды жинақтайсыз. Медитацияның мәні келесідегідей. Жамбастың түбінен немесе қарапайым сөзбен айтатын болсақ вегетативті жүйелердің төменгі тармағы аймағынан жасанды тітіркену (қоздыру)

тудырасыз. Және осы тітіркенудің толқынын құйымшақтың ішкі жағына көтересіз, сегізкөзден омыртқаға, яғни парасимпатикустың төменгі жүйке түйіні ганглий және жұлынның ат құйрығы жүйке шоғырына (Жылқы құйрығы (конский хвост) – жұлыннан бел деңгейінде шығып, тоқ ішек пен тік ішектің, жыныс мүшелерінің, перинэяның және төменгі аяқтың жүйкеленуіне қатысатын жүйке түбірлерінің шоғыры. Ол 10 жұп жұлын нервтерінен тұрады және шын мәнінде ат құйрығына ұқсайды). Ал әрі қарай тітіркену омыртқаның симпатикалық (симпатический) және парасимпатикалық (парасимпатический) жүйесі арқылы көтеріліп, сіздерге ендігі белгілі бас миының ежелгі құрылымдарына жетеді. Және тітіркенуді «плюстен» «минусқа» баратын электр тоғы секілді елестетесіз. Бұл бейнелі түрде атаған «электр тоғы» толқыны бас миының ежелгі құрылымдарын іске қосады. Ал бұл өз кезегінде Ка-ның жауапты реакциясын тудырады. Ежелгі мидың тітіркенуінде Ка-ны сезіну анағұрлым жеңілдей түседі, яғни ол біршама оңай сезілетін болады. Кейін бұл «электр тоғы» толқынын адам тәнін он сантиметрден отыз сантиметрге дейінгі қашықтықта қоршайтын Ка қабықшасына таратасыз (кейбір адамдарда бұл қабықша елу сантиметрге дейін жетеді). Және медитацияны жасайсыз, яғни вегетативті жүйенің төменгі тармағынан жаңа «электрлі» толқындарды сіздің Ка біркелкі және тығыз болмайынша жиі әрі күшейте жібере бересіз. Бұл сіздің фантазияңыз немесе галлюцинация емес, шын физикалық сезінулерге жеткізу қажет.

Егер жүйелі жаттығатын болса, бұл медитация денсаулықты және жұмсалған күш-қуатты қалпына келтіруде сіз үшін аса тиімді көмекші болады. Бұл медитацияны күніне ең болмағанда екі рет жасау қажет: таңертең және кешкісін. Және оны адамдар көп жиналған жерлерге барғаннан кейін де жасаған жақсы, әсіресе басымдық материалдық құндылықтарға берілген жерлерге барғанда. Яғни ол базарлар, дүкендер, қоғамдық көлік, халықтық шаралар өтетін орындар және сол секілді. Неліктен?

Себебі дәрекі айтатын болсақ, адам тобыр арасында болғанда бөтен өрістермен, бөтен Ка-мен үнемі жанасатын (байланысатын) болады. Ол өзі басқа адамның кеңістігін бұзып қана қоймай, «Ка территориясы» деп аталатын оның жеке кеңістігі де бұл туралы тіпті де білмейтін басқа адамдардың шабуылына ұшырайды. Әрине материалды құндылықтарға басымдық берілген жерлерде өрістердің өзара байланысы болатыны табиғи және ол Ка алғашқы жұмысының бұзылуына, сәйкесінше ағза жұмысының бұзылуына әкеледі. Мысалға адам базарға жақсы күйде барады, ал ол жақтан келген кезде біреу «бар күшін тартып алғандай» сынып, шаршап қайтады. Бас аурулары мен жалпылай күштің әлсіреуі пайда болады. Бұл бөтен Ка-мен байланысудың нәтижесі. Ағза жұмысы мен күшті қалыпқа келтіру үшін Ка-ны қалпына келтіру қажет. Бұл табиғи өз-өзін реттеу жолымен болады, яғни түнгі демалыс (ұйқы) кезінде немесе анағұрлым тиімді жасанды жолмен — осы медитациямен.

— Біршама қызықты, — деді Николай Андреевич. — Ал бұл медитацияны қазір байқап көруге болады ма?

— Енді осындай ниеттеріңіз болса, әрқашан мархабат!

— Ниеттерің болса?! — деп Женька таңғалды. — Сэнсэй, сен сұрап тұрмысың! Оны бастауға шыдамым жетпей тұр!

Ұжым да Николай Андреевичтің ұсынысын «қуана» қолдап кетті. Біздер «лотос» позасына отырып Сэнсәйдің басшылығымен бұл медитацияны орындай бастадық. Мен жамбасымның түбінен омыртқама дейін қиялдаған толқынның көтерілгенін елестете бастадым. Бірақ менде ешқандай қозғалыс болмады, ешнәрсе болған жоқ. Және Сэнсэй акцентті осының барлығын сезінуге қойғандықтан, мен Сэнсэй айтпақшы «ішкі жамбас бөлігіндегі өзінші бір әлсіз разрядты «электр тоғын» мақсатты сезімдерді шақыруға (сезінуге) тырыстым. Бірақ тағы да еш нәтижесіз. Осы кезде Сэнсэй егер кімнің қолынан келмей жатырса, ол өз ойының концентрациясын сол нүктеге күшейту



керек деген сөзі естілді. Мен дәл солай жасадым. Және бірнеше сәтсіз әрекеттерден кейін, менің қолымнан келді!

Жамбасымның түбінен (в глубине таза) біртүрлі жеңіл тітіркену (қысым) пайда болды. Пайда болған тітіркенуді ерік күшім мен бұлшық еттерім арқылы жоғары көтере бастадым. Бірақ бұл кішкене толқын құйымшағыма жетер-жетпестен лезде «сөніп» қалды. Мен назарымды күшейттім. Екінші рет жаңа толқынды табанды тудыруға кірістім. Ендігі жақсырақ қолымнан келді. Әрине ол омыртқамен сәл ғана қозғалды, сезінулерім тез жоғалды. Бірақ үшінші рет назарымның концентрациясын анағұрлым күшейткен кезде, менің ойыма рухани сабақтардың бірінде «Кундалини жыланын» оятуға бағытталған медитация есіме түсті. Келесі пайда болған толқындарды сол көтеріліске ұқсас түрде жасауға тырыстым. Бұл толқын омыртқамнан жоғары қарай «Тысячелистник» (чакран, адамның энергетикалық аймағы) басымның төбесіне дейін анық өткені соншалықты, мен тіпті оның жолында қалдырған «тітіркенулерін» теріммен сезіндім. Қандай да бір Қақпа ашылғандай ерекше ғажап сезім пайда болды! Келесі толқындармен бұл «тітіркенулер» аяғым мен ішіме, бар тәніме таралды. Физикалық бұл сезінулер аймағы біртүрлі үлкейгендей. Және бұл толқын басыма жеткен кезде, менде қандай да бір ләззат пен жартылай ұйқының тыныш күйі пайда болды, мен одан бетер босаңсып медитация күйіне түстім. Және осы сәтте мен өмірімде алғаш рет кенеттен өзімнің био өрісімді сезіндім! Ол аз ғана (бөлікпен) білінсе де біртүрлі ерекше тығыздықтың, жеңіл қысымның сезімі сезілді.

Мен толқындарды барған сайын көбірек өз Ка-ма таратып, жоғары көтеруді жалғастыра бердім. Неге екенін білмедім, мүмкін бұл қолымнан жақсы келгендіктен, мүмкін осындай тыныштық (умиротворения) пен қауіпсіздіктің жағымды күйінен бе, маған бұл толқындарды шақырып оларды сыртқы Ка-ға жіберудің ұнағаны соншалықты, бұл күйден шығып медитацияны аяқтауды мүлдем қаламадым. Бірақ аяқтауға тура

келді. Дегенмен барлығымен бірге медитацияны аяқтаған кезде де бұл тыныштық күйі толық жоғалған жоқ, біртүрлі жақсы шабыттандыратын нәрсеге айналды. Шынымды айтсам оны сипаттауға сөзім жетпеді. Бір сөзбен айтқанда керемет!

— Керемет! — деп медитациядан кейін Виктор бірінші болып айтты.

— Ага! — деді Женька да. — Батарейкаларым қуатталып қалғандай!

— Дұрысы үлкен көлемде электр энергиясын бергендей, — деп Николай Андреевич өз ойымен бөлісті. — Өте қызықты. Шыныменде жақсылап бір демалып қалғандаймын... — Ендігі Сэнсэйге қарап: — Қызықты, мен өз өрісімнің біртүрлі әртекті (неоднородность) үзіктігін (прерывистость) сезіндім. Ал парасимпатикустың осындай бірнеше жаттығуларынан кейін мен біртектілік пен жалпылай тітіркенуді байқадым. Бұл магнит өрісі біртүрлі күшейгендей немесе оны қалай дұрыс атайтын еді... Және мені ең таңғалдырғаны жалпылай тітіркену кезінде сана (сознание) сөне бастағаны. Соншалықты жайлы болды! Керемет, мен өзімді он бес жылға жасарғандай сезініп тұрмын!

Женька оған шыдамсыздана басын бұрып:

— Таңғалып тұрғаным жоқ, дәрігер сіз өзіңізді демалып әрі жасарып қалғандай сезініп тұруыңыз жастар ұжымымен теңізде бір апта демалуыңыздан кейін! — деді.

Ұжым Николай Андреевичпен бірге күлді.

— Жоқ, сен енді мені зейнеткерлерлікке шығарып жібердің, — деп дәрігер күлді. — Ал мен әлі де жаман емеспін!..

Женька сол бойда осы туралы Сэнсэйден сұрады.

— Ал бұл медитация кездейсоқ ешқандай жанама әсерлер тудырмайды ма?

Үлкен жігіттер Сэнсэй және Николай Андреевичпен бірге күле жөнелді.

— Нормально, — деді Женькаға жуан даусымен Володя. — Менде өзімді солай сезініп тұрмын!

— Түсінікті, жанама әсерлері таңдап әсер етеді екен — жасы 30-дан асқандарға, — деп Женька өз ойын айтты.

Оның сөздері барлығымыздың күлкімізді тудырды.

— Жоқ, ал еш ойынсыз айтатын болсақ, — деп Николай Андреевич Сэнсэйге қарап қызыға сұрады. — Осындай мидың жұмысына әсері тек медитация күйінде ғана болады ма?

— Әрине, — деп Сэнсэй жауап берді. — Медитация кезінде психика мен энергетика да, барлығы күнделікті адам күйіне қарағанда мүлдем басқаша жұмыс жасайды. Осындай ұйқылы-ояу медитация күйінде (гипноз емес, өзін-өзі сендіру болмаса басқа күйде емес, тағы да қайталап айтамын медитация күйінде) Ка-ның осындай көріну эффектісі болады, яғни бас ми қыртысының тежелуі арқылы (мидың жас құрылымдары) мидың ежелгі құрылымдарының белгілі бір энергиялары оянады (возбуждаются). Бұл дегеніміз шығу тегі белгісіз кілтпен өз Ка-ның басқару пультіне есікті ашумен бірдей.

— Қызықты, — деді Николай Андреевич. — Сонда да медитация күйін зерттеу туралы ғылыми ақпараттарды қаншалықты білгенменен, тіпті ұйқыны алып қарасақта, бірақ осындай таңғаларлық эффектіні ешқандай жерден кездестірген емеспін. — Және кішкене ойланды да: — Тек... осыған аздап қана ұқсайтын Павлов еңбектерінде болмаса. Есінде ме, оның емдік...

Николай Андреевич сөзін аяқтамай жатып Сэнсэй басын изеп оның ойын жалғастыра кетті:

— ... қорғаныш тежелуі (охранному торможению). Әрине есімде. Иван Петрович Павлов тамаша физиолог болған және ол бас миындағы белгілі бір процестердің, әсіресе ұйқының маңызды екендігіне біршама жақын келген. Айтпақшы ұйқы методикасымен әртүрлі психикалық ауруларды біршама сәтті емдеген, оның ішінде эпилепсияда бар. Дегенмен ол дәстүрлі әдістерді қолданған. Бірақ, егер ол осындай адам ағзасын басқару мүмкіндіктері туралы сол кезде білсе, сөзсіз өз зерттеулерінде анағұрлым алға кететін еді.

Өйткені мәні неде? Ұйқы адамға өзінің энергетикалық құрылымын тепе-теңдікте ұстап, қалпына келтіру үшін қажет. Себебі біздің күнделікті өміріміз — бұл үнемі ақпарат, тітіркену, басқа адамдармен, жануарлармен байланысу және сол сияқты. Бұның барлығы адамның энергетикалық құрылымына өзінің белгілі бір таңбасын қалдырады. Ағза демалатын ұйқы кезінде, олар қалпына келеді, яғни «аккумулятордың қуатталуы» жүреді. Сол себепті де ұйқы процесі маңызды және ағзаның толық демалысына берілетін уақытты азайтпаған абзал.

Бірақ ұйқы кезінде «автоматты» қуаттау жүрсе, бұл медитацияда — жасанды, яғни адам өзі реттей алатын «қолмен» қуаттау жүреді. Және осындай «қолмен» қуаттау анағұрлым тиімді, өйткені ағзаның резервті күшін емес, сыртқы қуатты пайдаланады.

— Сыртқы қуатты? Ал бұл қандай сыртқы қуат? — деп Николай Андреевич қызыға сұрады.

— Хм, — деп Сэнсэй күлімдеді. — Әлі ашылмаған қуат көздері. Қазіргі адамдардың шын мәнінде электр тоғының не екенін жарытып білмей пайдаланатыны секілді, бұл энергияларды да олардың шын мәнінде не екендігін білместен мыңдаған жылдар бойына медитацияларда пайдаланып келеді. Және байқасаңыз бұл жетілуге ешқандай кедергі емес.

— Бірақ сонда да, — деп Николай Андреевич табанды сұрады.

— «Бірақ сонда да» бұл туралы сізге тағы бірде айтып берермін, біршама ұзақ тақырып. — Николай Андреевич өз дегеніне жетіп разы болып басын изеді, ал Сэнсэй әрі қарай әңгімесін жалғастырды. — Енді былай, өз резервіңнен автоматты қуатталғаннан айырмашылығы бұл жерде сіз қолмен сыртқы альтернативті қуат көзінен қуатталу мүмкіндігіне ие боласыз. Сондықтан бұл медитация оны жүйелі орындағанда жақсы қалыптағы күшті биоөрістің, Ка-ның тез әрі тиімді қалпына келуіне жағдай жасайды. Ал бұл өз кезегінде мықты денсаулық, тамаша иммунитет... өйткені кез келген ауруды қоздырғыштар,

бактериялар, вирустар — оларда арнайы жиелікте жұмыс жасайтын өз өрісі бар тірі ағзалар. Бірақ егерде сіздің күшті энергетикалық өрісіңіз болса, бөтен энергетика осындай күшті қалқаннан (заслон) өте алмайды. Және бұл жерде тылсым ештеңе жоқ. Бұл жәй ғана заңдылық... тереңдетілген физика деп айтсақ болады.

Оның үстіне бұл медитация әртүрлі ауруларды емдеуде өте пайдалы әрі тиімді. Шын мәнінде әмбебап деуге болады. Медицина тілімен айтатын болсақ, оны қолдануға ешқандай қарсы көрсетілімдер (противопоказаний) жоқ. Өйткені ол бірінші кезекте энергетика арқылы химияға (ағзаның) әсер етіп иммунитетті және ағзаның ішкі резервін қалпына келтіреді. Бастысы — бұл медитацияға ойынды нақты жинақтап, сезімдеріңді материализациялап және осы рухани практикамен жүйелі түрде жұмыс жасау. Барлығы қарапайым.

— Ал жарақаттан кейін (посттравматических) көмектеседі ме? — деп Николай Андреевич қызыға сұрады.

— Сөзсіз. Және созылмалы (хронический) жарақаттан кейінгі сырқаттарда да көмектеседі. Балалардың церебральды сал ауруында өте тиімді жәрдемдеседі. Және де гипортония, гипотонияда өте жақсы көмектеседі, ағзаның инсульт, инфарктен кейінгі қалпына келуіне де септігін жақсы тигізеді, себебі қан тамырларының жұмысын дұрыстайды. Бірақ ең бастысы ол әрине адам иммунитетін өте жақсы қалыпқа келтіреді, артық қысымнан (стресс, напряжение) арылтып, кеткен күшті толтырады. Бұны тек қандай да бір аурудан зардап шегіп жүрген адамдарға ғана емес, оларды емдеп жүрген дәрігерлердің өзіне де ұсынар едім, — деді Сэнсэй Николай Андреевичке қарап, — яғни сырқат адамдармен жиі байланысқа түсетін адамдар үшін. Адам сырқат болған кезде, оның Ка-сы бұзылған. Әдейілеп болмаса да ол сау адамның Ка-сына кедергілер жасайды. Сондықтан өз уақытында болған Ка профилактикасы біршама пайдалы болады. Николай Иванович

Пирогов айтқандай: «Ауруды емдегеннен алдын алған оңай» демекші.

— Солайы солай. Мен мысалға бұл білімдерге абсолютті күмәнім жоқ. Ал менің скептик-ұжымдастарыма бұны қалай түсіндіремін.

— Бірақ сенде әрқашан «абсолютті күмәнім жоқ» болған жоқсың ғой, — деп Сэнсэй жымыды. — Сенде тек ендігі бұл істе практикалық тәжірибиең бар, ал адамдарда — жоқ. Оларды түсінуге болады. Өйткені бүгінгі күнде әртүрлі шарлатандар мен «жабысқақ» экстрасенстермен «биоэнергетика» дискредитацияға ұшырағаны соншалықты, атының өзі дәрігерлердің күлкісі мен күмәнін тудырады. Ал шын мәнінде адамдар өзінің массасында қоңырау үнін естиді, тек қайдан шығып жатқанын білмейді. Сондықтан кейбіреулері осы күнге дейін надандықтан, ал басқалары бұл өмірде абсолютті бәрін білемін деген елестен зардап шегеді.

— Бұл да дұрыс, — деп Николай Андреевич келісті.

\* \* \*

— М-да біздер тақырыптан кішкене ауытқып кеттік, — деді де, Сэнсэй әрі қарай Имхотеп туралы ерекше әңгімесін жалғастырды. — Енді былай, Имхотеп басында өзінің шәкірт-достарына алғашқы ең қарапайым білімдер мен рухани практикаларды берді. Имхотеп Ілімінің іргетасы, ең бірінші кезекте адамның өз физикалық тәнінің өлімінен қорқуын жеңу болды. Адам бұл қорқыныштан шын ада болған кезде, ол іштей еркін адамға айналды. Және ойымен де, сөзімен де, ісімен де расталып, оны ендігі рухани жол мен Жаратушыға шын қызмет етуге ешкімде ұстай алмайтын. Неліктен Имхотеп осы алғашқы негізге осыншалықты көп уақыт бөлді және тілек-қалауында күшейіп, өзінің өлімнен Хайуани қорқуын жеңбейінше күрделі практикаларды адамға бермеді.

Өлімнен қорқу қорқынышын жеңу бір мезгілде қиын әрі оңай. Неліктен? Себебі Ариманның міндетіне «шын әрі жалғыз» өмір осы жерде және дәл қазір деген түсінікті адамға таңу кіреді. Әрі қарай не болады — адам үшін белгісіз қара түнек. Сол себепті аримандық көмекшілер саған өмір бір-ақ рет беріледі және осы «шексіз» өмірде толық дүниеліктен ләззат алу керек дегенді насихаттайды. Яғни, олар адам санасын өзінің материалды өмірінің иллюзиялы салыстырмалы «мәңгілігіне» енгізеді. Сондықтан адамдар өздерінде ертеңі, бүрсікүні, жылы, отыз жылы бар деп сенімді болжайды. Өзінің жақын және алыс болашағына жоспар құрады, осы уақыт аралығында қаншама дүниелік істерді жасау керекпін дегенді үлестіреді. Бірақ адам кездейсоқ басқа адамның өлімімен кездескен кезде, әсіресе жақын туысы болса, бұл оны жақсылап қорқытады. Сонда бұл қалай? Өмір сүрді, қартайғанда емес еді, дені сау. Алды да, тіпті өмірінде жарытып та ештеңе жасамастан өлді де қалды! Адам еріксіз оянып бұл өмірдің қаншалықты сағым әрі әп-сәтте өтетінін түсіне бастайды. Өйткені адамдар көбінде жерлеу рәсімі кезінде өлген адамды жоқтап жыламайды. Олар өз өлімдерінің алдындағы қорқыныштан, бұл процестің сөзсіз болатынын түсінуден, ерте ме, кеш пе оларға да өлім дәмі келетінін ұғынғандықтан жылайды. Бірақ жерлеуден кейін белгілі бір уақыт өткен кезде адам бұл «сөзсіз болатынды» ұмытып қайтадан өзінің иллюзиясына «мәңгілік, жалғыз әрі қайталанбас» материалды өміріне түсіп кетеді. Өйткені адамды қоршаған барлық аримандық құндылықтар жүйесі осы иллюзияны қолдауға қызмет етеді.

Дегенмен шынайылығында уақыт жеткілікті тез өтеді. Бірде-бір адам алдағы бір минутында өз жолының жақын бұрылысында тағдырдың не дайындап қойғанын білмейді. Адамзат технология мен медицинада айтарлықтай жетістікке жетіп, адам өмірін ұзартатындай деңгейге жетуі мүмкін. Бірақ бұл сұрақтың мәнін өзгертпейді. Өйткені адамға осы өмірді

үрлеп Енгізгеннің (Жаратушының) жоспарын ешкімде алдынала болжай алмас.

Сондықтан Имхотеп әрбір адам өз өліміне әрқашан дайын болуы керек, дәл қазір осы сәтте деп үйреткен. Себебі рухани жолға тұрған (ол кезде де, қазір де) көптеген адамдардың қателігі олар әдеттегі дағдылы ойлауларына салып өздерінің физикалық тәндерінің өлу факторын белгісіз «кейінге» ығыстырып, олар үшін ешқашан келмейтінге жасырын үмітпен болады. Тіпті өздерінің рухани еркіндікке жетуін тәндегі өмірлерін әрі қарай жалғастырумен елестетеді, себебі рухтың не екенін білмейді және өзінің тұлғасын тек физикалық тәнімен ғана байланыстырады. Бірақ тән, адамның шын Тұлғасы мәңгілік рух үшін — өлім дәмін тататын жәй ғана қабыршақ. Сондықтан бұл адамдар сырттай руханиятқа ұмтылғанымен, болар-болмас тәнінің сырқаты немесе дүниелік қиындықтарда өз Хайуани негізінің қорқынышты (сұмдық) паникасына (дүрбелеңіне) түседі. Неліктен? Себебі олардың санасы оларды билеп-төстейтін, Хайуани негізінің шын мәнінде әлі де күшті құшағында жатыр.

— Ал маған оның манипуляция жасамауы үшін не істеу қажет? — деп Руслан сұрады.

— Ең бірінші кезекте өз ойларыңды ретке келтіру керек. Бұл процесс туралы тек қалаумен және жарытып ешнәрсе жасамай армандап емес, өзінді жақсы жаққа өзгертіп рухани жолмен жүру. Ал ең бастысы дүниеге келген сәтіңнен бастап тәнің өлім дәмін тататынын ұғыну, өйткені материалды әлемде барлығының соңы бар. Адам бұл дүниеде өмір сүргенде қарапайым тұрғынның трактовкасындағы «еркін» (азат, бостан) бола алмайды. Не үшін? Себебі қоғамда қаншалықты әлеуметтік жағдайы биік болсын, қаншалықты байлығы көп болса да, микробтан бастап ғаламдық табиғат апаттарына дейінгі жағдайларға тәуелді және әлсіз (осал), себебі ол өлім дәмін тататын жәй ғана адам.



Және тек өзінің Рухани негізін шылбырдан босату арқылы ғана адам шын еркіндікке жетіп, бұл материалды әлемнің шетінен шыға алмақ. Өйткені осы барша әлем сағым. Ондағы қозғалыс пен өмір бір күнде дүниеге келіп, сол күні өлетін көбелекке ұқсайды. Дегенмен көбелектің өзіне ол ұзақ-ұзақ өмір сүретіндей, алдында әлі көп уақыты бардай көрінеді. Материалдық әлемде барлығының шегі болады. Тіпті Ғаламның да шегі бар, себебі шын мәнінде ол да — иллюзия. Ал иллюзия шексіз болуы мүмкін емес. Иллюзиялы әлемнің әрқашан да шекарасы бар.

Енді, адам мәңгіліктің бір бөлшегі — оның рухы, шын өзі екені оның өмірі шыныменде шексіз, бұл шекараның (грань) артында мәңгілік тұрғанын және оның осы дүниелік тұтқыннан босап шығып, сол мәңгілікке кіруге мүмкіндігі бар екендігін түсінген кезде, ол сол шынайылықты иллюзиясыз түсініп, ояна бастайды. Сол кезде осы әлемнің бар байлығы (құндылығы) — ешнәрсе емес екендігін түсінеді. Сенде қандай күшті денсаулық және көп дүниелік байлығың болмасын — бұның барлығы бір сәттік сағым ғана. Және бұл жұмақ болудан әлдеқайда алыста. Себебі бұл жерде өмір сүру үшін саған үнемі өз материянды қамқорлыққа алу қажет, ол демалу керек, тамақ жеуі, ол қажеттіліктерін қанағаттандыруы керек, оның үстіне ол ауырады, климаттық факторларға, әртүрлі магнитті, физикалық өрістерге, Айға, Күнге, басқа тіршілік иелеріне тәуелді және сол сияқты. Ал бұл өмір ме? Бұл тіршілік үшін күрес, қысқа бір сәттік иллюзияға күшінді босқа сарп ету. Рухыңды осы «тозақ» шеңберінен азат етуге болатын құнды күшінді.

— Менің түсінгенім «коконнан көбелекті» бөлу, адамға өлім алдындағы қорқынышы жоғалған кезде келеді ме? — деп Николай Андреевич нақтылай сұрады.

— Иә, — деп Сэнсэй басын изеді. — Және бұл өмір шынайылығын түсінеді.

— Демек осы өмірдің шынайылығын түсіну үшін қандай да бір альтернативті салыстырулар қажет және басқа өмірдің

тәжірибиесі керек. Ал оны осы өмірден шықпай ала алмайтын болып шығады.

— Бірақ коконда жетілген көбелек тіпті ұшу тәжірибиесі болмаса да коконды жарып шығып ұшуға ұмтылады, өйткені ұшу инстинктісі оған генетикалық деңгейде салынған. Адамда рухани практикаларды орындап, өзінің осы өмірдегі саналы тәжірибиесіне қарағанда көбінде рухының білімімен (сезінуімен) кокон қашан өзі ашылады деп күтпейді, ол өзінің ұмтылысымен, рухани практикалар тәжірибиесімен материя коконын жарып шығады.

— Хм, бұл да дұрыс, — деді Николай Андреевич ойлана.

— Сондықтан да Имхотеп адам тәжірибие жинап және өз түсінігінде жетіліп піскенше сабырлықпен күткен. Және тек осыдан кейін ғана адам рухани жолда нық тұрғанын көрген кезде анағұрлым маңызды рухани практикаларды сеніп тапсырған. Адамдардың осындай саналы рухани жетілуінің нәтижесінде адами (қарапайым) өлшеммен керемет ғажайыптар жасаған жақын шәкірттерінің күшті ядросы пайда болған... Ал шын мәнінде олардың жасағандарында тылсым ерекше еш нәрсе болмаған. Себебі бұның барлығы рухани жетілудің жанама көрінісі еді... Енді былай, нәтижесінде Имхотептің соншалықты күшті шәкірттерінің пайда болуының арқасында, олардың көмегімен тек ғаламдық жобаларды іске асырып қана қоймай, осындай рухани көзқарасты халыққа тарату қолынан келеді. Халық оның іліміне бұрыла бастайды, себебі оның ақиқат екендігін сезінеді. Ал дін басшыларына бұл ілімге назар аударып, онымен өз концепцияларын толықтырудан басқа амал қалмайды...

— Ага, аштан өлмес үшін, — деп Женька мысқылмен қосты.

Балалар күлді, ал Сэнсэй әрі қарай жалғастырды...

— Имхотеп ілімі бұқаралық (халықтық) болғаны соншалықты, Архонттар оған басымен кірісіп кетті. Өйткені

адамдар бұл өмірден қорқуды доғарды, олардың жердегі өмір сүрудегі қорқыныштары жоғалды және ұмтылыстары шын рухани жолға бұрылды. Бұл дүниетаным барша әлемге таралып кетпес үшін, Архонттарға біршама күш жұмсауға тура келеді. Дегенмен, Имхотептің бұл ілімі, Архонттар Имхотептің «Азат тас қалаушыларын» (Свободных каменщиков), Аримандық өздерінің «Еркін тас қалаушылары» (Вольных каменщиков) ұйымымен алмастырып, осы құрылымды жоюдың жолдарын тапқанға дейін екі жүз жылдан астам уақыт бойына шыдас берді.

— Екі жүз жылдан астам уақыт? — деп Николай Андреевич түсінбей қайта сұрады. — Токтай тұр, егер Джосер үшінші династия билеушісі болса... Бұл деген IV династия кезеңін — Гизадағы ұлы үш пирамида Хеопс, Хефрен және Микрен салыну уақыттарын қамтиды!

— Өте дұрыс, Хуфу, Хаеф-ра және Мен-кау-ра фараондары, — деп Сэнсэй разы болғандай басын изеді. Және де дәл осы пирамидалар Имхотептің сызбасы бойынша «жұлдызды картаның» дәл координатасына сәйкес оның шәкірттерімен салынған. Мен айтып кеткендей тағы да бұл істе басты бағдар (ориентир) Үлкен Сфинкс болған.

— Демек, Джосердің қиық пирамидасы, Гизадағы үшкірлі (остроконечные) үш ұлы пирамида — әлгі дәл сол пирамидалар болғаны ма?

— Иә, бұлар Білім адамдары әлемінде «шын пирамидалар» деп аталатындардың бірі.

— Ал не, «өтіріктері де» бар ма? — деп Костя қызыға сұрады.

— Иә, толып жатыр. Еліктеушілер әрқашанда болған, — деді Сэнсэй. — Енді былай, «Еркін тас қалаушылар» (Вольные каменщики) ұйымы туралы шын тарихты сіздерге айтпас бұрын, олардың кесірінен адамзат тарихында қандай былықтардың (беспредел) болғандығы туралы, назарларыңызды тағы бір маңызды сәтке — Архонттардың өздеріне ыңғайсыз ұйымдармен, тіпті толық бір мемлекеттерді қалай құлататыны,

адамдарға қалай манипуляция жасайтынына бұрғым келеді. Осыған мысал ретінде Ежелгі Мысырды алсақ болады.

Мысыр Имхотептің арқасында күшті, дамыған державаға айналды. Экономика жоғары деңгейде болды. Адамдар негізінен (көбісі) жақсы өмір сүрді. Білім жалпыға бірдей қолжетімді болды, сондықтан интеллектуалды жағынан мысырлықтар айтарлықтай дамыған еді. Адам бойында өзінің адами қасиеттерін дамытуға, өлімнен қорықпауға және осы әлемде жақсылық жасауға өте күшті стимул берген орныққан діни дүниетаным арқасында қоғамда жоғары этикалық ұстанымдар үстемдік ете бастады.

Архонттар үшін осындай жәйсіз жағдайда Имхотептің «Азат тас қалаушылар» идеологиясын жою үшін, күшті орталықтандырылған мемлекетті ішінен іріткі салып құлату біршама қиын іс болды. Сондықтан Архонттар **бұл мемлекетті құлату үшін, Мысырға деген сыртқы агрессияны күшейте бастады.** Әсіресе олардың бастамасымен Мысырдың солтүстігіне әскериленген азияттық тайпалардың (азиатских орд) шапқыншылығымен арандатылды, Дельта аймағына; оңтүстікте мысырлықтардың тағы да нубийліктермен (нубийцами) мәселелері пайда болды; Синайда «аяқ астынан» мысырлықтар өндіріп жатқан (жер асты) қазба байлықтарға әртүрлі бәсекелестер шыға келді. Осының барлығы «кездейсоқ» орын алғандай болады. Бірақ IV династияның бірінші фараоны біршама ақылды, талантты Снофр сыртқы сұрақтарда аса шеберлікпен тәртіп орнатқандықтан, Архонттарға өз тактикаларын лезде өзгертулеріне тура келеді.

Күшті орталықтандырылған билікті әлсіретіп және мемлекетті сыртқы факторлар әсерімен күйретуге күштері жетпегендіктен, Архонттар ол мемлекетте діни алауыздық негізінде төңкеріс жасауға тырысады. Өйткені ол замандарда дін, саясатқа қарағанда адамдар үшін үлкен маңызға ие болған және негізгі электорат дінге байлауы еді. Өздерінің «артподготовкalarını» (алғашқы дайындықтарын) олар кез

келген жерден емес, он үшінші нома астанасы, ежелгі Мысырдың мәдени орталығы — Гелиопольда жүргізеді. Заманында өзінің діни концепциясында көшбасшы қалалардың бірі болды, ал Имхотеп заманында өзінің теологиялық концепциясында мемлекет астанасы Мемфистен кейінгі маңызды екінші қала еді. Архонттар екі фактормен ойнады: халық арасында осы мәдени орталықтың танымалдылығы және осы қаланың кейбір жоғары діни басшылары мен вельмождарының (билік басындағылар) байлыққа деген ашкөздігімен.

— О, біздің (қазіргі) әлемдегі саяси жағдайдың таныс факторлары, — деп Николай Андреевич жымыды. — Архонттар бұл Хайуани негіздің шегімен бірнеше рет ойнаған секілді.

— Олай болмағанда, — деп Сэнсэй күлді. — Енді былай, бұл сыбайлас-адамдардың көбісінің тамыры азияттық еді және олар азияттық күнге табынуға ұқсас, Күнге табынушылықты (мысырлық Ра) ұстанушылар болған. Архонттар оларды осы елдегі ең жоғары билікке шығарамыз және діни концепциясын үстем етеміз деп уәде беріп, оларға бәстерін тігеді. Басында Архонттар қолдау көрсеткен шеңбері шектеулі, жоғары лауазымды сыбайлас-адамдардан тұратын кішкене құпия ұйым құрылады. Ал кейінірек бұл ұйым мемлекеттік деңгейде белгілі бір ықпалы бар, тек ер адамдар ғана кіретін «Еркін тас қалаушылар» (Ариманның) құпия ұйымына айналады.

Архонттар осы ұйымға әртүрлі қолдаулар мен ынталандырулар жасау арқылы, **қоғамдағы діни екіге бөліну (алауыздық) процестерін белсенді түрде қолдай бастайды.** Және ұлы пирамидалардың бірін салған Хуфу фараон кезінде-ақ (Хеопс есімінің гректік формасы)... Хуфу алдыңғы фараон Снофру және кейінгі фараон Хафра (Хаеф-ра немесе гректік Хефрен есімі) секілді Имхотеп құрған «Азат тас қалаушылар» ұйымының ядросына кірді. Бұл адамдардың басты мақсаттарының бірі «жұлдызды картаға» сәйкес және Имхотептен қалған құрылыстың толық сызбаларымен пирамида құрылысы жоспарын іске асыру болған...

Енді фараон Хуфу кезінде, архонттық құпия ұйымға кіретін **Архонттармен оқытылған дін басшылары, халық көтерілісін жасауға талпынып көреді.** Олар өздерінің ғибадатханаларында бұл мемлекетте олардың құқықтары тапталып жатыр, көптеген адамдарға шектен асатын әділетсіздіктер болып жатыр деп үгіт-насихат жүргізе бастайды (ал бұл үгіт-насихат алдында әдетте Архонттар осындай «шектен шыққан әділетсіздіктерді» қолдан жасайтын). **Бұл апофеозды қоздырудың соңында олар әр заманда да күшінде болған Архонттардың ұранына шақырды: «Бостандық және Әділдік!».** Ал шындығында бұның астарында халықтың шын жағдайының жақсаруы емес, белгілі бір билікке ие кейбір біршама ауқатты бай азаматтарға айтылған «еркіндік» пен «әділдікті» меңзеді. Дегенмен қарапайым адамдар «шопандары» (пастыри) дәл сол өздерінің «еркіндіктері» мен күшейген «әділеттілік» сезімдері (сол дін басшыларымен қоздырылған) туралы олар ойлайды деп сенді. Сол себепті олар өз мүдделерін және үкімет «алдаған» халықтың мүддесін қорғап жатырмыз деп ойлап, осынау «әңгіменің аяғы қайдан өсетінін» ой елегінен өткізбестен олардың соңынан ерді.

Бірақ Архонттардың қулық істеріне біршама қанық болған Хуфу фараон, шын мәнінде Архонттармен оқытылған, өз отарын Архонттардың ұзын шылбырында ұстаған «қойшы-дін басшылармен» ұйымдастырылған «халық көтерілісі» деп аталатынның барлығын күшті қолымен (басқарумен) тоқтатты. Хуфу жай ғана осы Архонттардың ғибадатханаларына апаратын жолды жауып тастады. Өздерінің «шопандарынсыз» қалған халық, жолда тұрған фараон сақшыларының тосқауылының алдында күнге пісіп, бұл іске түкірді де тарасып кетті, бірісі өзінің күнделікті ісімен айналысуға, енді бірі көрші ғибадатханаға әдеттегі «құлшылығына» кетті. Ал осы «шопан-дін басшыларын» оларға жанашырлық танытқан кейбір вельмождармен қоса фараон Синай түбегіне аравийлық тауларға (аравийских гор) тас өндіруге, олар еңбек ету

**арқылы өздерінің «жаман ойларынан» арылу үшін жер аударып жібереді. Ал кейбіреулерін тіпті кемелерге жүк тасушы қылады. Көркейген ел үшін жұмыс күші кез келген жерде қажет еді! Өмірінде саусағын көтермеген дін басшылары мен вельмождар үшін осындай жер аудару өлімнен бетер болды. Есесіне мемлекетте қайтадан белгілі бір уақытқа бейбітшілік пен тыныштық орнап, әркім өз ісімен айналысты.**

Ең күлкілісі көптеген ғасырлар өткен соң, осы оқиғадан анағұрлым кейін кейбір мысырлық күнге табынушы дін басшылары біздің заманымызға дейінгі V ғасырда Мысырда болған грек тарихшысы Геродотқа, сол фараон (Хуфу) туралы, «өз халқына тирандық жасады», «барлық ғибадатханаларға жолды жауып, жақсы мысырлықтар үшін құрбандық шалуға мүмкіндік бермеді», «өзіне құлша жұмыс жасатты» деп шағымдарын айтады. Жалпылай айтқанда оны ең қара бояумен айғыздап, жауыз, өзімшіл және «шектен тыс азғындыққа түскен» жаман адам түрінде сипаттауға тырысады. Синай түбегіне жер аударылулары және қарапайым халықпен бірдей жұмыс жасаулары дін басшыларына осылай есте сақталып қалады! Тіпті сол дін басшыларының ұрпақтары да бұны қатты қорқынышпен еске алған!

Балалар күлді, ал Женька:

— Иә, темір көтеру бұл саған тіліңді бұлғақтату емес! — деді.

— Бұл анық, — деп Володя келісті.

— Ал мен Ұлы пирамида салған осы фараонды неліктен мектептегі оқулықтарда тиран деп атайды деп ойланып жүрсем, — деп Виктор күлді. — Ал шыныменде заманауи тарих — тарихшы Геродоттың жазбаларына сүйеніп жазылған емес пе! Ал ол шын мәнінде болғанды емес, сол дін басшыларынан естігенді жазған.

— Өте дұрыс, — деп Сэнсэй растады да әрі қарай жалғастырды. — Енді былай, Архонт адамдарының мемлекетті осындай тұрақсыздандыруға деген ойларын қатты кесіп тастаған

кезде, Архонттар басқа анағұрлым айлалы, жоспарлы тактикаға ауысады. Имхотептің шәкірттері жасаған керемет ғажайыптар, «Азат тас қалаушылар» (Имхотептің) құпиялы қоғамы, бұл адамдардың рухани дамуында ерекше жетілген деген сияқты және шын ақпараттың көпшіліктен құпиялығын, қарапайым халық арасындағы атақ-даңқ пен кең тараған әңгімелерді пайдаланып, анағұрлым жиі таралған өсек-әңгімелер негізінде, ежелгі күнге табынушы Гелиопольдық дінімен толықтырған, жай толықтырып қоймай, өз ыңғайларына сай өзгертіп, өздерінің жаңартылған діни концепциясын ұсынады.

Шын мәнінде олар Имхотеп шәкірттері жеткен барша атақ-даңқты өздеріне иемденеді. Нәтижесінде қарапайым адамдар үшін айтарлықтай қызықты (тартымды) және онымен қоса Архонттардың талаптарына сай келетін дін пайда болады. Мен бұл бұрмалау туралы сіздерге шын мәнінде әлемде Архонттардың істерімен не болып жатқанын сіздер түсініп, талдай алу үшін толығырақ айтып берейін.

Мәні неде? Ежелгі мысырлық мемлекеттегі (ал Имхотеп кезінде, сіздер оның орталығы Мемфисте екендігін білесіздер) дәстүрлі дінде этикалық құндылықтар басым болған. Яғни ең қарапайым адамның өзі, бұл өмір уақытша, тән өледі, рухтың бары және оның энергетикалық қоршауы (қауызы) (әлгіндегі Ка және сол сияқты) бар деген түсінікті өзінің ойлау формасына сай ұғына білген. Тіпті кейбір мағынасында заманауи тілмен айтатын болсақ, реинкарнация процестері туралы да хабардар болған. Тек ежелгі мысырлықтар үшін бұл түсінік жұмақ алаңқайына (райские поля) немесе рухы әртүрлі Дуат, дуаттың әртүрлі сағаттық бөлімдері арқылы оның жан дүниесінің саяхаты түрінде және уақыт өте ол басқа өмірге түскен алғашқы сағаттық бөлінуге қайту сияқты түсінікте болған. Адамдар өлімнен қорықпаған, олар сеніммен дүние салып өз дұғаларында: «Осирис, мен дүние салып, қайта тірілемін», «Мен Осирис секілді өмір сүремін. Ол өлгенде жоғалып кеткен жоқ және менде өлгеннен кейін жоғалып кетпеймін», — деп айтқан.



— О, бұл бүгінде Христиандар Иса Мәсіх туралы айтқанға ұқсайды екен, — деді байқампаздықпен Николай Андреевич. — Мен Оған (Исаға) сенемін және мен қайта тірілемін!

Сэнсэй басын изеп әрі қарай жалғастырды.

— Яғни адам бұл дүниеде өмір сүріп, өзінің жақсы, түзу жолымен (ал шын мәнінде өз Хайуани негізін басып және Рухани негізін жетілдіру) келесі өмірінде өзіне жақсы жағдай жасауға тырысқан. Шын мәнінде дәл солай болған, тек адамдар өздеріне елестеткеннен гөрі реинкарнация процесі басқаша формада өткен. Бірақ бұл маңызды емес. Бастысы, адам өмірінде қалайша Адам болмақ! Имхотеп және шәкірттері кезінде осындай рухани ұмтылыс максималды түрде таралған (танымал болды).

Архонттардың дін басшылары не істеді? Басында олар өздерінің құпия діни ілімін жасап, ақиқатында адамның өмірлік ұмтылысын Руханиятқа емес, өзінің Хайуани негізіне байлап, барлығын аса шеберлікпен төңкеріп жібереді. Себебі Мысырда жаңа дін негізінен Азиядан шыққан адамдармен қалыптасқандықтан (ол замандарда Месопотамияда Архонттардың күшейген ошақтары болған), оның негізгі көп бөлігін этикалық сенім емес, сиқырлық құра бастады. Яғни олар адамның қабірдегі болашағы оның өмірдегі дұрыс жүруімен емес, сиқырлы формулаларды, өздері күрделендірген діни рәсімдерді сақтау мен орындауына байланысты қылды. Оның үстіне осындай «бостықтың» қандай да бірін адамға ашу (беру) үшін, адам оларға ұзақ әрі адал қызмет ету керек болған. Нәтижесінде бұндай концепцияның көпшілікке енгізілуінен, дін басшылар бұл дінді сиқырлы формулалармен саудаласатын, біршама кіріс келетін бай кәсіпорынға айналдырды. Оны «сатып алушылар» үшін тартымды ету мақсатында, дін басшылары өздерінің қабірдегі жұмақ концепциясын халық арасында таралған Имхотептің шәкірттері жеткен рухани жетістіктері туралы танымал өсек-әңгімелермен сәндеп қойды.

— Қандай? — деді Николай Андреевич қызыға.

— Енді, мысалға Имхотептің кейбір күшті шәкірттері қарапайым адамдар секілді өлмеген, дүние салуларынан кейін нұрлы рухтарға айналған, қазір «Құдай әскерін толықтырған» деп айтпақшы, ал ежелгі мысырлықтардың түсінігінше Құдайларының қауіп-қатерлі түнгі саяхатында ілісіп жүрген деген әңгіме таралған. Олар Құдаймен бір болған (қосылған), бірақ сонымен бірге өз даралығын жоғалтпаған. Уақытша өмірлерінде Нұрлы патшалықтың мәңгілік өміріне лайықты болғандар. Негізінде солай болған, бірақ адамдардың айтқан осындай ертегі формасында емес.

Енді, Архонттардың дін басшылары не істеді? Олар егер адам Мысырдағы қайдағы бір басқа дінді емес, тек өздерінің дініне сеніп, оны ұстанатын болса, ендеше діндеріне сенуші кез келген адам, өзінің өлімінен кейін өлілер арасында таңдаулы болады деген концепцияларын жазады. Ол өзінің өлімінен кейін нұрлы рухқа айналып, Ра құдайының Дуаттағы саяхатында бірге жүреді-міс. Бірақ оның қабір әлеміндегі бақытты өмірі, қабір әлеміндегі қандай бөліктерге жетуіне рұқсат беретін, осы өмірінде сол адамның дін басшыларынан қандай формула алғанына тікелей байланысты болған.

— Иә, — деп күлді Виктор. — Бұл алдау деп айтатын ұсақ су бизнесі емес, бұл анағұрлым маңызды ауа сату бизнесі екен...

— Разбздун! — деп Женька анықтамасын айтуға асықты.

Бұдан кейін ұжым күлкіден гүрс ете қалды. Ал барлығы басылған кезде, Сэнсэй әңгімесін жалғастырды:

— Және әдеттегі **Архонттардың дәстүрлі саяси формуласы, кімде-кім бізбен болмаса, ол біздерге қарсы** дегені айтылды. Ра-ға жерде құлшылық жасамаған адамдардың барлығы, дүшпандары болып жарияланды. Бұл адамдарды дін басшылар «мәңгілік отты көлде» азап шегушілер деп атады!

— Ал керек болса, заманауи көптеген діни секталармен ұқсастықтары көп екен! — деді Николай Андреевич.

— Ал сен қалай ойлап едің?! Адамдар басын көреді, бірақ тамырына бойлай алмайды (көре алмайды). Ал сәл терең қазсаң

болғаны, тамыры архонттық екенін көресің. Дегенмен байқампаз адам өсімдіктің тамырына тереңдемей-ақ, жапырағындағы зеңді де байқайды.

— Бұл дұрыс, — деп Николай Андреевич келісті.

— Демек, сол ежелгі замандарда да «мәңгілік отты көл» аңызы пайда болғаны ма? — деп таңғалды Костя.

— Сол кездегі түсінік бойынша, дін басшылармен өзгертілген, — деп Сэнсэй оған жауап берді. — Оның үстіне, кейінірек Мысырда Ра күнге табынушылардың діні үстемдік ете бастағандықтан, копттар (христиан дінін ұстанушы мысырлық халық) да сәйкес идеяларды «мұраға алды». Олардың көзқарасы бойынша тозақты бастары жылан, арыстан, қолтырауын секілді болған эзәзілдер мекендеген, олар өлімнен кейін бейшара рухты тәннен суырып алып және асқан қатыгездікпен оны шаншып, кесіп, «бүйірлеріне» садақ оғын түйреп және оларды отты өзенге айдап, сол жерге лақтыратын болған. Кейін, олардың түсінігі бойынша азап шеккен рух қатты салқыннан «тістері бір-біріне тиіп», сыртқы түнекке лақтырылған. Бірақ осындай азапқа қарамастан өзінің өмір сүруін тоқтатпаған және бірнеше уақыттан кейін алғашқы Дуат бөлінулеріне қайта түскен.

— Ал мен қорқынышты фильмдерде осындай «зорлық-зомбылық» сценалары қайдан шығады десем?! — деп Женька күле айтты.

— Байқасаңыз, тіпті осы көріністерінде рухты тәнмен байланыстырады, ол «қабырғаларымен», «тістерімен» дейді. Және осының барлығына қаншама адами қорқыныш енгізілген! — деп Сэнсэй біздің назарымызды аударды. — Енді былай, басында бұл жаңартылған діни концепция Архонт дін басшыларымен өздерінің құпия ұйымының қалған өкілдеріне сыналды. Және бұл сәтті болды. Олардың ұйымын атақты «Азат тас қалаушылар» (Имхотептің) деп ойлап, осы ұйымға барған жаңа адамдар бұл дінге (концепцияға) қызыға бастады. Сол кезде Ра дін басшылары өз жұмыстарын одан әрмен күшейтіп, жаңа сенімге әртүрлі номадан ықпалды ақсүйектер мен вельмождарды

тартып, патша отбасының мүшелеріне жақындай бастайды. «Азат тас қалаушылар» (Имхотептің) ұйымын іздеген көптеген адамдар, «Еркін тас қалаушылар» (Ариманның) ұйымына — жаңартылған Ра культі ықпалына түсті. Ра культі күшейе бастады. Өздерінің жымысқы саяси манёврларының арқасында, бұл дін басшылар келесі фараон Хафраның кезінде-ақ, оған «Күн ұлы» деген титулды беріп, біртіндеп басқа діндерге (культтерге) ықпалын таратып, өздерінің ұйымын ресми дінге айналдыра бастады.

Айта кету керек, Хафра фараон жеткілікті жігерлі әрі күшті болған, мен айтып кеткендей «Азат тас қалаушылар» (Имхотептің) ұйымының ядросына кірген. Айтпақшы тіпті біздің күнге дейін жеткен оның мүсінінде (диоритовая статуя) «Азат тас қалаушылардың» (Имхотептің) белгілерін табуға болады. Бұл фараонның артында орналасқан, өзінің қанаттарымен оның басын қорғап тұрған сұңқар (сокол), фараон отыратын тақтағы лотос гүлі орнаменті және арыстан табандары мен бастары. Бұлардың барлығы қазір «патша билігінің символдары мен сәндігі» деп ойлайтындай, жәй белгілер емес. Олар «Азат тас қалаушылар» (Имхотептің) үшін маңызды жерлерді көрсетеді және өткен шақтағы Білім адамдарының кейбір өзгешілігін меңзейді.

Хафраға Архонттармен ең күшті теке-тіресу үлесі тиеді. Хафра олардың қайта жанданған әрекеттерін тоқтату үшін қолынан келгеннің барлығын жасайды. Нәтижесінде, кейін Хафра фараонның дүние салуынан соң, күнге табынушы дін басшылар оны адамдар «жек көрген», «күдайлар теріс айналған» фараондардың қатарына жатқызады. Хуфу мен Хафра Архонттардың билікке келмеуі үшін және осы Деструкторлардың адамдарынан мемлекетті сақтау үшін көп игі іс жасағаны соншалықты, дүниеден өткеннен кейін де Архонттық дін басшылары олар туралы естеліктерді барынша ластауға тырысқан. Тіпті сол фараондардың пирамидаларын

есімдерімен емес, жандарында қой баққан Филитис шопанның атымен айтуға мәжбүрлеген.

Ал билікке Менкаура (Микерине гректік формасы) фараон келгенде, дін басшылар ол туралы ұрпақтарына ең «жақсы естеліктерді» сақтаған, оны «жүкті жеңілдеткен», «тек шенеуліктерге айтылған арызды тыңдаушы ғана емес, әрқашан әділетсіздікті жоюға дайын болған», «әділетті монарх» деп атаған. Тіпті «құдайларына құрбандық шалу үшін адамдарға ғибадатханаларды ашуға рұқсат берген» деп қалдырды. Ал шын мәнінде меланхолды типтегі (меленхоличный тип) бұл тұлға, Ра дін басшыларына тәуелді еді. Оның қызы «Еркін тас қалаушылар» құпия ұйымында болған, кейін Ра құдайының құрметіне көтерілген «үш ескерткіштің» (трех обелисков) діни басшысы болған, жоғары биліктегі вельможға тұрмысқа шығады. Кейін дін басшылары фараон қызы кенеттен дүние салатындай қылып жасайды. Сүйікті қызынан айырылып, қайғыдан басы айналған фараон, «Еркін тас қалаушылардың» дін басшыларына одан бетер тәуелді әрі көнгіш болады. Және осы фараон кезінде әлі де билікте болған Имхотептің «Азат тас қалаушыларына» біршама қиын соғады, оның ішінде Орион белдеуіндегі үшінші пирамиданы салу да бар. Бірақ қанша қиындық болса да олар бұл құрылысты аяқтай алды.

Менкаура фараон уақытында Архонттық дін басшылар билікті түпкілікті басып алуға дайындалады. Бірақ Имхотеп шәкірттерінің ядросы да күшті еді және қолдарынан келгенше оларға қарсы тұрды. Сол себепті фараон дүние салғаннан кейін, Архонттар билікке Ра-ның жоғарғы дін басшысы (Усеркафа) бастаған, «Еркін тас қалаушалар» құпия ұйымында болған Гелиопольдық ықпалды адамдарды әкелуге тырысты. Осы адамдар IV династияның таққа отыру мүмкіндігін лезде үзіп, бесінші династия билігінің бастамасын салды. Дәл осы адамдар ары қарай Мысырға Архонттардың толық билік етуіне мүмкіндік ашқан мемлекетте діни төңкеріс жасайды.

Бұл мысалмен сіздердің назарларыңызды **Архонттардың мемлекетті қалай бөлшектеп, оны кішкене бөліктерге талқандап және нәтижесінде қирауға әкелетініне** назарларыңызды аударғым келеді. Бұл олардың сүйікті әдісі. Осы туралы есте сақтаңыздар және әлемде болып жатқан оқиғаларға сізге қазіргі Архонттар таңуға тырысатын қисық призмамен емес, ашық көзбен қараңыздар. Діни революция алдында, Гелиопольдық діни басшылар таққа отырған кезде, олар мемлекетте өз биліктерін ашық таңа алмады, себебі Мемфистегі фракция әлі де біршама күшті болған. Биліктерін нығайту үшін, Мемфис фракциясынан Птах құдайының бас діни қызметкерін уәзір етіп, ымыраға келеді. Бірақ дәл осы уақытта халық үшін жеңілдетілген әрі бейімделген діни көзқарастарын насихаттауларын белсенді жүргізеді. Яғни, шын мәнінде олар елді қарқынды түрде екіге бөліп, адамдарды осы діни-саяси дауға мәжбүрлеп, өздеріне таңылған «пікірді» қорғауға мәжбүр етті. Назар аударыңыз, бұл адамның не болып жатқаны туралы жеке пікірін емес, діни қызметкерлер жасанды таңғанды, өзінікі секілді қорғауға мәжбүрлеген нәрсе.

Оның үстіне номо билеушілері және ақсүйек вельмождар әкімшілік кең мүмкіндіктерге ие болады: біреулері осы саяси төңкеріске қатысқаны үшін сый ретінде алса, ал басқалары болашақтағы Архонт күштерін саяси қолдауы үшін осылай сатып алынды. **Мемлекетті құлатуға бағытталған Архонттардың осындай саясаты неге әкеліп соқты? Жергілікті билеушілердің күшінің өсуіне әкелді.** Архонттардың көмегімен өз провинцияларында кішкентай патша-фараондарға айналып шыға келді. Ал бұл өз кезегінде Мысыр орталық билігінің (децентрализация) әлсіреуіне әкеледі. Және бірінші кезекте қарапайым адамдар зардап шекті, өйткені мысырлықтар үшін өмірлік маңызды суды бөлу бұрынғы орталық билік басқаруында емес, ендігі қара бастарының

ауқатын ойлаумен бастары қатқан жергілікті ақсүйектердің көңіл-күйіне байланысты болды.

Бұл сәтте Стас күліп:

— Естеріңде ме, «Бриллиантовая рука» фильміндегі: «Ал егер олар лотерея билеттерін сатып алмаса ше?» «Егер олар лотерея билеттерін сатып алмаса, газды айырамыз» дегені сияқты екен, — деді.

Балалар күлді.

— Бұл рас. Ол кезде де солай болған: «Кім алса билет пәшкілеп, соған тиер водакәшкіде» (Кто возьмёт билетов пачку, тот получит водокачку), — деп Сэнсэй осы танымал фильмдегі халық арасына кең жайылған нақыл сөзді (цитата) айтты. — Әзіл әзілімен, ал ол кезде су — қазіргі газ, мұнай және электр тоғы секілді маңызды сұрақ болған. **Бұл ресурс кімнің қолында болса, сол өз саясатын жүргізген...** Енді вельмождардың патша сарайындағы өмірлері шын мемлекет басқару ісіне емес, қайтадан әдейі (жасанды) түрде жұмысы жоқтық, сән-салтанат пен ләззатқа батырылады. **Интрига тоқу сәнге айналады** (Плетение интриг стало модным занятием). Бұл уақытта халық үшін ең үстем дінде Архонттық дін басшылары адамдардың дүниетанымында Хайуани негізін қоздыратын және өмірлерінде материалдық құндылықтарға басымдық беруге бағытталған аса нәзік (епті) радикалды, революциялық өзгерістерді жүргізіп жатты. Бұл жерде сіздердің назарларыңызды ежелгі танымал құдай есімдері қалай пайдаланылғаны және білімнің өзі қалай бұрмаланғанына аударғым келеді.

Ертеректе Ра, сол Гелиопольда күндізгі күннің «жетілген» құдайы ретінде құрметтелген. Архонттық дін басшылар күндізгі Ра құдайының атына өздерін қызметке қойғанға дейін, Гелиопольда кешкі күн құдайы және әлем жаратушысы — Атум құрметтелген. Бірақ ең қызықтысы Атум — ежелгі сенім бойынша Нуна алғашқы суларынан (барлығы болған су хаосы) дөң (төбе, холм) түрінде пайда болған Атама әйел-құдайының анағұрлым кейінгі өзгертілген атауы. Осы төбешікте лотос гүл

жарып, одан түнекке жарық сәуле түседі. Және Атама әйел-құдайға әлемдік тәртіпті ұстап тұрудағы басты рөл берілген. Лотос гүлдерінен тұратын оның тәжінде осы әлемде болып жатқанның барлығын көруші Око (Көз) жарқырып тұрған. Бұл Око-ны (Көзді) кейін аңызды патриархальды мотив стилінде қайта өңдеп, Атум қолына — әйел-құдай Иусатқа жатқызған (киелі саналған акация — «өмір мен өлім» ағашы болған). Бұл әйел-құдай (богиня) күнді туған аспан сиыры деп құрметтелген аспан әйел-құдайы Хатхормен (тура мағынасында — «Гор үйі») теңестіріле (бірдей деп саналу, отождествляться) бастайды. Оның маңдайына осы Око (Көз) орналасады. Кейін одан Ра-ның қызын жасайды. Ал содан соң Око-ны (Көзді) Ра тәжіне жабыстырады. Барлығы әдеттегідей. Енді былай, бұл әйел-құдай Атама туралы осы алғашқы аңызды естеріңізге сақтап алыңыздар. Кейін басқа да фактілермен салыстырып, бір нәрселерді түсінесіздер.

Иә, бұл ақпаратқа қосымша ретінде... Сіздердің назарларыңызды ежелгі аңыздағы келесі сәтке аударғым келеді. Сіздер білетіндей Мемфисте үстем құдай Птах болған. Негізінде бұл бейненің туындауы бір кездері адамдар арасында өмір сүрген есімі Птах деп аталған Бодхисатва прототипінен туған, яғни шын өмір сүрген, адамдарға білім әкелген тұлғадан алынған. Ол туралы аңыздарда «ақиқатты ашушы, адамдарға адал және жақсы өмір сүруді үйретуші» деп айтылған. Және тіпті оны тәнін толық оранып жауып тұрған бейнеде (тек қолдары ғана ашық), «уас» асатаяғымен бейнелеу де, сол замандардың жаңғырығы еді. Бірақ бұның барлығы маңызды емес. Кейін Птахты құдай дәрежесіне көтеріп оның бейнесіне жоғарғы құдай ретінде құлшылық жасай бастаған. Қызықты, адамдар арасында әлі күнге дейін сақталып қалған бір ерекше аңыз бар. Ол жерде Птах басқа құдайларды туған деп айтылады (осы әлемді жаратқан құдай ретінде ассоцияланған). «Птах жүрегінде Атум туралы ой (Птахтың алғашқы жаратылысы (порождение Птаха)), ал тілінде «Атум» есімі пайда болады. Ол



бұл сөзді айтқан бойда лезде алғашқы хаостан Атум дүниеге келеді». Осыны есте сақтаңыздар, кейін салыстырасыздар.

— Ал бұл жерде қайдағы білім? — деп Костя иығын көтеріп түсінбей сұрады. — Аңыздың аты — аңыз.

— Сабыр ет досым, сабыр, — деді Сэнсэй жымыып. — Әр нәрсенің өз уақыты бар. — Және әңгімесін жалғастырды: — Мемфистік аңызға сәйкес, алғашқы заманда Птах өзінің көмекшілері сегіз Хнумдар (қалыпшылары) көмегімен жерді, аспанды, адамдар мен мақұлықтарды жаратады. Гелиопольдық концепцияға сай бұл функциялардың барлығы Атум мен Ра-ға ауысқан. Және бұл тоғыздыққа семиттік құдай Сет-ті де қосып жібереді. Ол қара түнек пен зұлымдықты білдіретін құбыжық Апоп жыланынан Ра-ны құтқарып қалды деп жазған. Жаңа Ра табыну діні адамдарға зорлықпен таңылды және көбінде тек Азиядан шыққан сарайшылармен ғана қабылданды. Онымен қоса Архонт көмекшілері жаңа діннің қиын діни рәсімдерін сылтау қылып сәйкесінше оның дін қызметкерлері штатын кеңейтеді. Ал шын мәнінде өз дін қызметкерлерінен (діни басшылар) тұратын әскерін үлкейтіп жатты. Мысалға Ра культіне табынушылық басымдыққа ие болған кезде, сол Гелиопольда олардың саны он екі мыңға жетті.

— Ого-го-го, — деп Володя күлді, — жақсы штат екен!

— Енді, адал электораты бар толық бір саяси партия, — деп Сэнсэй мысқылмен қосты. — Оның үстіне осындай бар өзгерістердің фонында, адамдар Имхотептің арқасында рухани жетілуге өркениетті жолмен жүрген алыс емес өткен екі жүз жылдық тарих белсенді түрде қайта өңделе бастады. Тарих қайтадан жазылды. Өткеннің құнды қағаз шиыршықтары (свитки) жойылды, әсіресе рухани кемелденген адамдардың жазып қалдырғандары. Мәтіндері ендігі халық арасында нақыл сөз (мақал-мател) түрінде кең таралған басқа қағаз шиыршықтар (кітаптар, свитки) жәй ғана өз мәнерлерінде өзгертілді. Түпнұсқалар жойылды, ал адамдарға қалған жалпы моральдық білім фонында, адамды анағұрлым материалдық дүниетанымға

бағыттаған өзгертілген көшірмелері берілді. Бұл жаңа нұсқаулықтар негізінде өсіп келе жатқан ұрпаққа арналды. Әсіресе ғибадатханаларда орналасқан мектептерде, оқушыларға осы жалпы моральдық нақыл сөздерді жазбаша көшіріп, толық жаттап алуға мәжбүрледі. Мұндай практика Имхотеп кезінде де болған, бірақ біршама өзгеше, руханиятқа анағұрлым тереңдеген бағытта еді.

Имхотептің ізбасарларымен қалдырылған тарихи жазбаларды құртудағы Архонттардың бұл бассыздығы, тіпті қабірлерден адамдардың (оның ішінде танымал, атақтылар да бар) мумияланған тәндері алынуға дейін жетті. Және ол мүрделердің Архонттарға бір кездері «Азат тас қалаушылар» (Имхотептің) ұйымында болғаны белгілі еді. Бұл мумиялар жәй ғана алынып қоймай, бөлшектеніп (жұлынып), құртылып отырған. Осының барлығы «халықтың ашуы» деп көрсетілді, бірақ ол жерде халық тіпті де жақын тұрмады. Бұл істі құпия білім жазбалары, Имхотеп ілімінің мәтіндерін іздеу тапсырылған, арнайы дін қызметкерлері (дін басшылары) жасады. Мүмкін жазбалары сол адамдардың мумиясында жасырылған шығар деп Архонттар бұл білімдердің кездейсоқ әлемге шығып кетуінен соншалықты үрейленді.

— М-да, Имхотеп өз ісімен оларды дұрысынан қорқытқан екен, — деді Виктор.

— Олай болмағанда, — деп Сэнсэй басын изеді. — Осы әлемнің иллюзиясын бұзып және Архонттардың торынан шығарып, адамдарды руханиятқа бұру, — бұл ауқымды (маңызды, серьезно)...Енді осы барша тарих немен бітті? **Архонттар түпкілікті өз адамдарын Мысырдағы билікке орнықтырып алғаннан кейін** ол жерде «Азат тас қалаушылар» ұйымы мен Имхотептің ілімін құртудағы жасырын жұмыстарын жүргізді, сонымен бірге қарапайым адамдардың дүниетанымын қайта өзгерткен мемлекеттік саясаттың бағытын енгізгеннен кейін, олардың Мысырға деген қызығушылықтары жоғалады.

**«Еркін тас қалаушылардан» өз тіректерін қойып, Архонттар қирау мен адамдардың қайғысынан пайда көре бастады.**

Бесінші династия құрдымға байланды. Ақсүйек вельмождар ең лас деген саяси тәсілдерді пайдаланып жиіркенбестен таққа таласты. Жергілікті «патшасымақтар» бір-бірлерімен бәсекеге түсіп, тіпті қарулы қақтығысқа дейін жетті. Номо дін басшылары осындай тұрақсыздықты пайдаланып өздерінің діни культін одан әрмен уағыздап, ықпалын кеңейтіп тез күш жинай бастайды. **Нәтижесінде Гелиопольдық дін басшыларының (олардың қолымен өз шаруаларын бітіргесін, Архонттар оларды жәй ғана лақтыра салады) саяси ықпалы айтарлықтай төмендейді. Халық арасында үлкен толқулар орын алады, нәтижесінде көтерілістер болады. Билікке келген алтыншы династия әскери агрессия саясатын жүргізу арқылы тәртіп орнатуға тырысты, бірақ бұл ендігі буырқанып келе жатқан балшық пен су ағысына жіңішке ағаш бұталарынан кеме жасап қарсы тұрумен бірдей еді. Мемлекет саяси тұрақсыздық күйінде болды. Алтыншы династияның билігінің аяғында Мысырда екі жағдайдың қатар келуімен қатты ашаршылық басталады: осындай саясат және судың төмен келуінің толық бір сериясын тудырған климаттық өзгеріс.**

Алтыншы династия билігі біткеннен кейін елде толық анархия орын алды. Ақсүйек вельмождар өздері кезекпен маңызды қызметке отыратын уақытша үкімет құруға тырысты. Бірақ әрқайсысы тек өзінің номосының дамуына ғана мүдделі болғандықтан, әрине бұдан жарытып ешнәрсе шықпады. Жетінші династия билікте ұзақ отыра алмады: онда «жетпіс күн басқарған, жетпіс патша» болды. Ал осыдан кейін Мысырда **бір кездері күдіретті, күшті, гүлденген мемлекетті бірнеше кішкентай, әлсіз, ірі жер иеленуші династиялар басқарған, қорғансыз мемлекеттерге айналдарған азаматтық соғыс басталды. Осылайша Архонттар өздерінің деструктивті**

**жұмысымен толық бір ұрпақтарды ғасырлар бойы әлемде тек тірі қалудың қамын жеу мен қайғы-азапқа байлап кетті.**

Сэнсэй әңгімесіне үзіліс жасады. Біздерде Сэнсэйдің осы әлемнің шынайылығы туралы ашық әңгімесіне таңғалып, үнсіз отырдық. Бірінші болып шыдай алмаған Виктор эмоция ағынымен айта салды:

— Олардың шешелерін... Архонттар немене мәңгілік өмір сүреді ме өзі? Оларды сол кезде-ақ құрта салуға болмас па еді? Ал халық неге үнсіз болған?! Себебі адамдар арасында екі жүз жыл рухани идеология болды емес пе! Қалайша барлығын осылай басын аяғына қаратып төңкере салуға болады?

— Иә! — деп оны Володя қолдады. — Адамдардың өздері Архонттардың билікке келуіне жағдай беріп қойғаны қалайша мүмкін болған?! Төңкерісті кішкене адамдар тобы жасады емес пе. Ал халықтың еркі қайда?

— Халықтың еркі?! — деп Сэнсэй көңілсіз жымыды. — Жақсы сұрақ. Және бұл сұрақтың жауабын қаншалықты білгім келетінін сіздер тіпті елестете алмайсыздар... — Сэнсэй ойға батып, өз-өзімен сырласқандай: — Дегенмен, тарих адамдарды ешнәрсеге үйретпейтін секілді. **Сыртқы әлем жай ғана ішкі әлемнің айнасы... Адамдардың бойында материя және оны жоғалту қорқынышы әлі де тым үстемдік етуде, сондықтан да олар Архонттардың берген қалдығына разы болып, өз әлемдерін өзгертуге қорқады. Тек шын Еркін (адам) ғана өз-өзін ұрысқа шақырар... Ішкіден (жан дүниеден) сыртқы (әлем) туар...**

Сэнсэй үнсіз қалды, ал кейін есін жинағандай Володьяның сұрағына жауап бере бастады.

— Архонттар, әрине мәңгілік емес. Бұл сорлы өмір сүріп, басқалар секілді өлетін бейшара он екі адам ғана. Бірақ ең қайғылысы олардың орны ешқашан бос болмауында. Өйткені «өзінің жалғыз өмірінде осы жерде абсолютті билікке» қол жеткізуді аңсайтындар үшін Ариманның құрған торына түсуді қалаушылар әрқашанда табылған. Тек Ариманның

қақпанындағы ірімшік тегін емес... Ал халықтың еркіне келер болсақ... Дегенмен жақын аралықта барлығын өз көздеріңізбен көресіздер. Қанекей, көңілсіз әңгіме айтуды доғарып үзіліс жасайық. Кеттік шомылуға!

Және Сэнсэй бірінші болып тұрғаннан кейін артынан басқа балаларда тұра бастады. Дегенмен мен «жақын аралықта барлығын өз көздеріңмен көресіңдер» деген сөздерін білуге құмарттым. Біздерді осы планетада қандай ерекше оқиға күтіп тұр екен? Бірақ бұл оқиғалар алдында менде қорқыныш болмады, себебі «ол жерде» не болса да мен бәрібір де барлығын күдіретті мемлекет, көптеген бауырлас халықтардың достығы — Кеңес Одағы, осы «қауіпсіз аралдан» (тыныш мекеннен, тихой гавани) бақылаймын деп ойладым.

\* \* \*

Сэнсэй, Николай Андреевич, Володя, Стас және Женька алысқа жүземіз деп шешті. Ал қалғандары таяз суда — тырбандап, суды шылпытты да шатырларына тарасты. Татьяна екеуміз аспаздық ұсақ-түйектерді реттеп, әркім өз ісімен кетті. Ол шатырға, ал мен жағалауда қалып тент астында өз жазбаларымды ретке келтіре бастадым. Көп ұзамай біздің бес жаужүрек алыс жүзуден оралды. Бұл топ судан күлкімен шықты, Володяның айтқан әзіл әңгімесі секілді. Кейін Стас сүлгіге, Женька мен Володя минералды суға кетті. Ал Сэнсэй Николай Андреевичпен тент жаққа қарай бет алды. Жол барысында араларында әңгіме басталып кеткен секілді, мен тек жақындаған кезде ғана ести алдым.

— Жоқ, сонда да осының барлығы менің басыма сияр емес... — деді Николай Андреевич. — Қалайша бұлай болуы мүмкін? Бар жоғы он екі адам ғана және әлемде осындай сұмдықтарды жасаған!

— Неге жасаған? Олар қазірде «жасап жатыр». Мысал ретінде алыс емес өткен шақты алып қарайық. Сен қалай

ойлайсың, Америка секілді «Бостандық (Азаттық)» мемлекеті қалай пайда болды? Немесе Бірінші және Екінші дүниежүзілік соғыстар неліктен орын алды?

— Енді қалай неліктен? — деп Николай Андреевич біршама сасқалақтап қалды. — Оған өзінің тарихи, саяси жағдайы, ақыр соңында кездейсоқтық себепші. Соғысқа келер болсақ шыдамның шегі үзіліп, болмашы ұшқын өз халықтарын осы соғысқа тартқан саясаткерлердің арасында дұшпандық өртіп тудырды. Мысал ретінде Сараеводағы Австро-Венгрия тағының мұрагері эрцгерцогтың өлтірілуін алайық. Дәл осы оқиға Бірінші дүниежүзілік соғыстың себепкері болды.

Сэнсэй жай жымыды да:

— Басқа жауапты естимін деп те күтпедім. «Тарихи себептері», «саяси жағдай», «кездейсоқтық», «шыдамның шегі» — бұлардың барлығы болған оқиғалардың шындығына жетуге ешкімнің де ниеті пайда болмас үшін, Архонттардың адамдардың бастарына басқан жай ғана штамптары. **Тарих, құрметті дәрігер, (өздігінен) болады емес, ол жасалады (История, дорогой доктор, делается, а не случается).**

Осыны айтып Сэнсэй өзінің көлеңке астындағы ескі орнына жайғасты. Оның сөздері тек менің ғана емес, жақын жерде жүрген үлкен жігіттердің де назарын аудартып, сеансқа кешіккен көрермендер өздерінің орындарына келуін жылдамдатты. Өз шатырларынан тент астындағы осындай сапырылысты көріп, қалған балалар да ширақ қимылдайтын жануарлар секілді «індерінен» атып шығып, ұжымға қосылуға асықты. Бұл кезде Сэнсэй ешнәрсе болмағандай Николай Андреевичпен диалогын жалғастырып жатқан.

— Мінекей, Америка Құрама Штаттарын алып қарайық. Сен қалай ойлайсың, бұл мемлекет қалай пайда болды?

Николай Андреевич кішкене кідіріп және біршама сенімсіз даусымен жауап берді:

— Маған белгілісі, бұл мемлекет он сегізінші ғасырдың аяғында Солтүстік Америка тәуелсіздігі үшін болған соғыс

барысында құрылған. АҚШ-тың алғашқы президенті болып колонистер әскерінің қолбасшысы Джордж Вашингтон болған.

— Ал саған бұл соғыс қандай себеппен басталғаны және осы мемлекетті құру мақсатында бұл адамға кімнің манипуляция жасағаны белгілі ме?

Николай Андреевич білмейтінін көрсетіп басын шайқады. Ал Руслан таңғала тіпті біршама қарсылық танытып:

— Ал «бұл адамға манипуляция жасаған» деген немене? Бұл Америка Құрама Штаттары президентінің өзі емес пе! — деді. — Дербес тұлға (Неприкосновенная личность)!

Женька мырс етіп, күлкімен:

— Ал не болды? Ол жай ғана адам. Менің кішкене түсінігім бойынша бацилла, шыбын және Архонттардың алдында барлығы бірдей! — деді.

Оның сөздері отырғандардың гүрс ете қалған күлкісін тудырды.

— Енді, демократия емес пе! — деп Стас досымен келісті.

— Демократия екені дәл... — деп Сэнсэй де күле басын изеді. — Сондықтан сұрақтың мәніне бойландар: бұл «дән» кімдермен отырғызылған, қандай мақсаттар үшін, кімдердің «құлдарымен» және бұл «жемісті» қандай «плантацияларда» өсірген, — деді де, Сэнсэй толығырақ айта бастады. — 1492 жылы Христофор Колумб Америка жағалауларын ашқаннан кейін, Солтүстік Американы еуропалық отарлау процесі қарқынды басталды. Испандықтар, ағылшындар, голландықтар, шведтер, француздар жаңа жерлерді — сөзсіз байлық көзін қарқынды жаулап ала бастайды. Жергілікті халық қуылып, аяусыз қырылды. Мақта және темекі (табак) плантацияларындағы жұмыс үшін тарихта Африкадан келген «құлдар» деп аталған, қара нәсілді адамдар әкелінді.

Және жаңа жерлер үшін болған осы күресте «Еркін тас қалаушылар» ең соңғы орында болған жоқ. Тек басқаларынан айырмашылығы олар анағұрлым қулықпен әрекет жасады. Солтүстік Американы жаулап алған мемлекеттер бір-бірімен

бәсекеге түсіп, қоныс аударушыларды (көшіп келушілерді) «өзіміз» және «бөтен» деп бөлсе, «Еркін тас қалаушылар» мүлдем басқаша жасады. Мемлекеттегі өздерінің құпия ұйымдары арқылы, сол немесе басқа да белгілі бір мемлекеттің бақылауында болған, өздеріне ұнаған кез келген отар территория аумағына өз ұйымдарын орналастыра білді. Ол жерлерде тек өз ложаларын орналастырып қана қоймай, сол территориядағы билікті басып алу үшін, «дін» деген желеумен жергілікті тұрғындардан «өз адамдарын» (еуропалық ұлтқа қарамастан) жасайды (құрады). Әрине бұл істі масондық дәрежесі ең төменгі «болғандар» (посвящённые) жасаған. Ал осының барлығы Еуропадан басқарылған, нақтырақ айтатын болсақ сол кездегі масондар үшін өзінше бір пана мемлекетке айналған Англиядан.

— М-да, — деп Николай Андреевич соза айтты, — сол баяғы, мейірімді Англия. Олардың панасына қалайша айналған?

— Жай... Әдеттегідей (қарапайым). Архонттардың айла-тәсілдері өзгермейді, — деп Сэнсэй қосты да, кішкене үнсіздіктен кейін: — Қысқа сәтпен өмір сүретін қарапайым адамдардан айырмашылығы, Архонттар өз жоспарын (ісін) жүз жылға алдыға есептеп қояды. Және бұл олардың ұзақ өмір сүретініне байланысты емес. Жоқ, олардың өмірі барлығы секілді қарапайым, жердегі адами өмір. Тек олардың ұйымдарының мақсаттары мен есептері осылай. Англиядағы оқиға — олардың деструктивті қызметінің әдеттегі мысалы... Дұрысы, әлемдегі оқиғалардың түп тамыры қайдан шығып жатқанын сіздер түсіну үшін мен бұл тақырыпқа кішкене артық уақыт бөлейін.

Жер шарының халқы қарқынды көбейе бастаған шақта, барынша негізгі әлемдік билік тізгінін басып алуға және қолдарынан келгенше көп адамдарды бақылауда ұстау үшін, Архонттар белсенді түрде әртүрлі көптеген ұйымдар, құпия қауымдастықтар, мистикалық ағымдар, діни секталар құра бастайды. Архонттар құрған ең ықпалды ұйымдардың бірі біршама ауқатты еврейлер тобы еді, нақтырақ айтсақ әртүрлі



елдерде өмір сүрген, еврей халқы үшін діни және саяси қайраткерлері (көшбасшылары) болған біршама ауқатты яхудей раввиндері.

— Еврейлік дін басшыларының ұрпақтарынсыз болмас, — деп Стас күлді.

— Олар өздерін иудаизмнің «мессиандық» элитасымыз деп санап және әлемдегі абсолютті барша еврей халқы мақсаттарына ниеттес деп мәлімдеді (дегенмен шын мәнінде — бұл қатты дауыспен айтылған мәлімдеме, одан артығы емес). Және шын мақсаттары да көпшілікке көрсеткеннен әлдеқайда алыста жатқан еді. Дәл осы ұйымның арқасында Архонттар өздеріне Англияны бағындырады. Оны келесідегідей әдіс-тәсілмен жасайды. Басында осы адамдарды іске қосу арқылы, әртүрлі сепаратистік партияларды қаржыландырады, «Англиялық революция» деп аталған ұйымдастырылады (1640 жылы басталып 1689 жылы біткен). Ал шын мәнінде азаматтық соғыстармен мемлекеттік төңкеріс. Мақсаты — Англиядағы Архонттарға ыңғайсыз Стюарттар династиясын құлату болған. Саяси манипуляциялардың нәтижесінде бұл 1688 жылы Стюарттардың тақтан кетуіне және 1689 жылы Англия королі болып «Еркін тас қалаушылардың» адамы — Вильгельм III Оранскийдің жариялануына әкеледі. Айтпақшы бұл адам билікке келісімен, сол жылы «Оранский орденін» құрады, ол өзінің жасырын мақсатында сол кездегі «Еркін тас қалаушылардың» жоспарына сәйкес келді. Ал көпшілік үшін — Англиядағы протестантизмнің нығайуына жәрдемдеседі делінді. Айтпақшы бұл орден әлі күнге дейін бар.

Енді былай, көп ұзамай жаңа сайланған король Вильгельм III Архонттардың жоспарына сай Англияны Франциямен біршама қаржылық ауыр соғысқа итермелейді. Бұл қанды қырғыннан екі державаның қарапайым халқы зардап шеккеннен бөлек, оның үстіне екі елдің де қаржылық ресурстары қатты азаяды, әсіресе Англияның. Бірақ Архонттардың да көздегені осы құлдырау болды. Вильгельм III-нің табанды бастамасымен

британдық қазынашылық еврей банкирлерінен 1,25 миллион британдық фунт қарыз алуға мәжбүр болады және бұл ақшаларды тек алып қана қоймай, аса үлкен үкіметтік қарыздың себебінен еврей банкирлеріне тиімді, ал өздеріне тиімсіз шарттарға келісуден басқа амалдары қалмайды. Ағылшындықтар үшін осындай тиімсіз шарттың нәтижесінде «Ағылшын банкі» деп аталған алғашқы жеке Орталық банк пайда болады. Дәл осы банк Англия үшін ауыр (әділетсіз) қарыз шартына сай ұлттық қарызды аккумуляциялай алды, қажетті қаржыны Англия халқына тікелей салық салу арқылы жинауға, алтынмен сақталған әрбір фунтқа 10 фунт көлеміндегі қағаз ақшаны кредитке беруге, қағаз ақшаның алтындық құнын орнатуға құқығы болды. Нәтижесінде банктік операцияларға банктің 5% қаржы салымы 50% пайыз кіріс әкеледі. Осындай ашық, арсыз ұрлық нәтижесінде еврейлік банкирлер алдындағы Англияның ұлттық қарызы төрт жыл ішінде он алты есеге өседі. Осының барлығын ағылшын халқы төлегенімен қоймай, елдің осындай қарыз жағдайында Архонттар мемлекеттің Қожайындары секілді елдегі саяси процестерге де еркін ықпал етеді. Көп ұзамай Англияның Теңге сарайында олардың адамдары пайда бола бастайды, оның ішінде сіздерге таныс Исаак Ньютонда бар.

— Ньютон?! — деп Виктор таңғалды. — Әлгі физик пе?

— Дәл өзі, — деп Сэнсэй растады.

— Ал оған ақша сарайында не керек болды екен? — деп Руслан өз кезегінде түсіне алмай сұрады.

— Сабыр етіңіздер, — деп күлді Сэнсэй, — сәл кейінірек айтып беремін... Міне, мысалға сол замандардағы сіздерге белгілі тарихқа байланысты жоғарыда айтылған Архонттардың қызметін көрсетіп, ойландыратын бірнеше фактілер. Кенеттен қайтыс болған Вильгельм III Оранскииден кейін, таққа Анна отырған кезде (Стюарт династиясының соңғы билеушісі) патшайымның әр ісін бақылауда ұстап және шын мәнінде мемлекетті басқарған кім? Сара Мальборо (патшайым

фовориткасы), күйеуі бас қолбасшы (главнокомандующим) Джон Черчилль Мальборомен бірге. Оның күйеуі кезінде Вильгельм III Оранскийдің серіктесі болған. Ал Анна өлімінен кейін ағылшын тағы кімге өтті? Курфюрст Ганноверский Георг І-ге — өмірінің соңына дейін бірде-бір ағылшынша сөз түсінбеген неміске. Ол билік еткен кезде және кейін Англияны іс жүзінде кімдер басқарды. Ағылшын парламентіндегі жетпіс ықпалды отбасы. Ал олар кімдермен «ұсынылды» (көтерілгендер)? Архонттармен. Олардың сыртқы саясатта қандай былық жасағандарын, оның ішінде Америкада бар, сіздер тарихтан оқи аласыздар. Міне сіздерге бар ертегі.

Яғни шын мәнінде сол кездегі Еуропа тарихында не болды? Аса ірі көлемдегі әдеттегі алаяқтық: «Еркін тас қалаушылар» басшылығымен еврей банкирлері арқылы қаржыландырылған кішкене неміс князьдері, ағылшын тағынан корольді құлатып, өздеріне бағынышты ганноверліктерді қойды. Және соңғыларының көмегімен Англияны неміс әскерімен қамтамасыз етіп соғысқа тартып қана қоймай, мемлекет қазынасын айтарлықтай азайтады (күйретеді). Бірақ ең бастысы — Англияны еврей банкирлеріне тәуелді қылады, сәйкесінше Архонттарға.

Тағы бір сәтті нақтылап кетейін. Архонттардың тіпті өздері топырлатып шығарған құпия ұйымдарының (көп, артық) арасындағы әрекет ету тактикасы да біршама әккі. Олар бұл қауымдастықтарды жай құрып қоймай, араларына бақталастық өртін де тұтандырған. Қызықтыруларымен маңызды адамдарды бір-бірлерінен тартып алып, қатты текетіреске дейін жетіп отырған.

— Ага, бір тілім нан үшін бір-бірлеріне айдап салатын зертханалық егеуқұйрықтар секілді, — деді Стас.

— Енді осыған ұқсас бір нәрсе.

— Ал ондай қиындықтардың не керегі бар? — деп Володя түсінбеген күйі сұрады.

— Архонттардың өздерінің қылмыс іздерін жасырып, ешкім осы немесе басқа да оқиғалардың артында шын мәнінде кімдердің тұрғанын болжай алмауы үшін. Олар бұл құпия ұйымдардың қолымен өздеріне пайдалы істерді жасап және осы құпия ұйымдарды бір-бірлеріне айдап салып отырды. Ал кейін өздерінің «бәсекелес» құпия ұйымдарымен өзінің саяси рөлін ойнап болған «ойыншыларды» құртып отырған. Жалпы айтқанда бұл Архонттар үшін мистика, билік және саясатпен көмкерілген (жасырылған) адам өмірі ойыншық болған шахматтық партия ғана еді.

Мысалға бәсекелестік туралы: 1717 жылы 24 маусым айында Лондонда төрт үлкен ложаның өкілдері жиналады. Осы кездесуде ағылшындық Ұлы Ложа (Великая Ложа) құрылады, бүгінде оны «Әлемдік ложа-анасы» (Мировой ложей-матерью) деп атайды. Оның негізгі мақсаттарының бірі тақта Архонттарға ыңғайлы Ганноверлік династияның болуы еді (1714-1901 жылдар аралығындағы ағылшын корольдерінің династиясы). Айта кету керек, осы корольдік отбасының кейінгі ұрпақтарының кейбір мүшелері «Еркін тас қалаушылардың» құпия ұйымдарында негізгі лауызымдарда болуы да кездейсоқтық болған жоқ. Олар Август Фридрих, король Георг IV, король Эдуард VII, король Георг VI-шылар. Осының барлығы Архонттарға өте пайдалы болды, ең бірінші кезекте олар осындай өздерінің «уәзірлері» (немесе ферзьдері) арқылы әлемге жасаған саяси ықпалы тұрғысынан қараған кезде... Енді былай, Стюарт династиясын биліктен кетіруге наразы болған адамдар көп болған. Сол себепті бұл «наразы топты» өз бақылауларына алу үшін, олар Стюарттарды қолдаған тағы бір қарсы күш «Ұлы шотландық ложаны» (Великую шотландскую ложу) құрады. Және осы екі ложа жүйесімен жай ғана манипуляция жасап, Архонттар жағынан болған әртүрлі арандатушылықтардың себебінен олар бір-біріне қатты дұшпан бола бастайды.

— Иә, ешнәрседен тайынбайды, — деді Володя байқампаздықпен, кейін: — Осылай адамдардың миын қалайша шайқауға болады! — деді.

— Олар барлық нәрседен тайынбайды, жекелеген адамның санасын улаудан бастап, үлкен топ адамдарының көзқарасын бұрмалауға дейін.

— Кейбір жеке тұлғалардың? — деп Руслан қайталай сұрады.

Оған Стас тақырыптан Сэнсэй ауытқымасын (алаңдамасын) дегені анық, асығыс жауап бере бастады:

— Енді, патшалар және жоғары лауазымды адамдар.

— Тек олар ғана емес, — деп Сэнсэй қарсылық танытты. — Кей кездері, сирек, бірақ дәл олардың назары әлеуметтік жағдайы төмен халық арасындағы, қоршаған адамдарға белгісіз, он бір-он екі жас шамасындағы ер балаларға түседі.

— Өмірлік энергия оянатын жас шамасы, — деп Сэнсэйді мұқият тындап отырған Николай Андреевич байқампаздықпен тыныш қана айтты.

— Өте дұрыс. Егер Архонттар өздерінің «Еркін тас қалаушыларының» ұйымдарымен осындай тұлғалардың тәрбиесімен дұрыстап айналысатын болса, кей кездері оның нәтижесі адамзат үшін апатты болады. Мысалы, Ротшильд тұлғасын алып қарайық.

— Ал Ротшильд деген кім? — деп Виктор сұрады. — Ол туралы алғаш рет естіп тұрмын.

— Таңғаларлық емес, — деп Сэнсэй күлді. — Ол біздер айтып отырған XVIII ғасырдың соңы мен XIX ғасыр басындағы қаржылық магнат. Ол туралы бүгінде — «ықпалды банкирлер мен бизнесмендер династиясын қалаушы, әлемге әйгілі банк үйлерінің, өндірістің әртүрлі салаларындағы корпорациялардың иесі» деп айтады. Әртүрлі елдердегі бұқаралық ақпарат құралдарында ол адам «өзін-өзі жасаған», «жоғары шыңға жеткен», тіпті кейбір мағынасында өсіп келе жатқан ұрпаққа «осындай мүмкіндік әрбір адамда бар» деп үлгі қылып қатты

насихатталады. Архонттар өздерінің жұрт алдындағы «пешкілерінің» боялған тарихын не үшін осыншалықты айтады? Адамдар бұл «пешкалар мен патшалардың» кімдердің басқаратынын перденің артына көз салып, әлемде шын мәнінде не болып жатқанын түсінуге қызығушылық танытпауы үшін. Архонттар секілді «қуыршақ басқаратындар» әлемде жоқ, тарих тек «билігі бар жекелеген тұлғалардың» ойы мен ісіне ғана байланысты дегенге адамдарды сендіру үшін.

— Осындай құпиялықтан олар не ұтады? — деп Андрей иығын көтере сұрады.

— Уақыт, жағдайлар (сәттер) және адамдарға бақылау. Оларға көлеңкеде қалған тиімді, өйткені жоспарлары көлеңкеде іске асады... Енді былай, Ротшильд тұлғасы қайдан пайда болды және оны «Еркін тас қалаушалар» өз мақсаттарына қалай пайдаланды. Осыны білу арқылы сіздер «әлемдегі ең дұрыс және ең демократшыл мемлекеттің» қалай пайда болғанын және оның кімдерге тиесілі екендігін жақсы түсінетін боласыздар.

Ротшильд — шын мәнінде заманауи неміс тілінен аударғанда «қызыл қалқан» деп естілетін лақап есім (Rotes Schild, красный щит). Тағы айта кетейін ежелгі неміс тілінде Rhotes Schild сөзі «жалған маңдайша» дегенді білдірген (лживая вывеска). Бірақ бұл әңгіме үшін. Шын мәнінде ол адамның есімі Майер Амшель Бауэр. Ол 1743 жылы немістің ежелгі Франкфурте-на-Майне қаласында, ежелгі монеталарды сатумен айналысқан кішкене саудагер еврей отбасында дүниеге келген. Он бір жарым жасында тағдыр оны «Еркін тас қалаушылардың» адамдарымен жолықтырады. Өзінің жас шамасына қарамастан ерекше іскерлік қасиетімен және «епті саударгерлік» мінезімен, гроссмейстерлердің шахмат тақтасына жаңа фигура үшін жаман емес «материал» ретінде олардың «көздеріне түседі».

Осындай қатерлі таныстықтан және «Еркін тас қалаушылардың» өкілдерімен тығыз байланысудан кейінгі жарты жыл ішінде, он екі жастағы бала тұл жетім болып қалады. Баланың тәрбиесін туысқандары алады және Майерді атақты

синагогта оқыту үшін Фюрт қаласына жібереді. Бұл кезде баланың «жаңа достары» кейбір жасырын (айтуға болмайтын) нәрселерді оған ашып үлгерген. Осыны түсінген ол шынайылықты мүлдем басқаша қабылдайды. Жалпы білім оны бірең-сараң ғана қызықтырады. Есесіне өзінің мүмкіндіктерімен құрбы-құрдастарына тәжірибе жасап, нағыз жылмақайға айналады. Мектепте айырбастау дүңгіршегіне ұқсасты ашып, ақшаға өз операцияларын жүргізеді. Түрлі антиквариат коллекцияларын жасап, айналымға енгізеді.

Жасөспірім шағында Франкфуртқа оралған кезде, өзін кедейшілікте қалай ұстайтынын бақылап, оның қамқоршылары бірден көмек қолын созуға асықпайды. Майер бұл жағдайда да абдырап қалмайды. Ол алдына келген кез келген жұмысты жасап, біртіндеп өз мәмілелерінің (істерінің) шеңберін кеңейте береді. Тексерістің нәтижесіне қанағаттанған оның қамқоршылары, Майерді Оппенгеймердің Ганновердегі банкирлік конторасына қызметке орналастырады. Майер ол жерде қызметтік сатының төменнен жоғарысына дейінгі түрлі лауазымдарда болып, біршама тез әрі оперативті жұмыс тәжірибесіне ие болады.

— Қайда, Ганноверде ме? — деп Николай Андреевич таңғалып қайталай сұрады. — Тоқтай тұр... Сен жаңа ғана Англияда Ганноверлік династияның көтерілуі туралы айтып бердің. Бұл кездейсоқ бір емес пе...

— Өте дұрыс... Ол замандарда Германияның Ганновер қаласы «Еркін тас қалаушылардың» ордасы болған. Сол себепті Вильгельм III Оранскийден кейін мен айтып кеткендей Британ тағына дәл сол Ганноверлік династияның (Стюарттардың алыс ағайындары) келуі кездейсоқтық емес. Айтпақшы бұл жағдай әлі күнге дейін сақталып келе жатыр, себебі Виндзорлар (қазіргі ағылшын корольдері династиясы) Ганноверлердің патша үйінен тікелей тарайды.

— Міне саған тамыры қайдан бастау алатыны! — деп Николай Андреевичтің «көзі ашылды». — Жігіттер Англияға

байланысты комбинацияны шеберлікпен ойлап тапқан екен! Ал мен ойлаймын: неліктен әлі күнге дейін кейбір ағылшындықтар Англиядағы «неміс билігіне» өз наразылықтарын білдіреді деп.

— Міне, міне, — деп Сэнсэй де растады.

— Енді әлгі ер адам... Қалай еді?.. Ротшильд қаржылық магнатқа айналды ма? — деп Руслан шыдамсыздана сұрады. — Әлгі банкте байып шыға келді ме?

— Жоқ. Ол өзінше бір мектеп қызметін жасады. Ротшильдті керекті істерге дайындап, оқытып болған соң ол қайтадан Франкфуртқа оралады. Уақыты келгенше оны ұстайды, резервте деп айтпақшы... Бұл кезде жігіт ескі монеталарды сататын, валюта айырбастайтын өз ісін ашуға тырысады. Ал керекті саяси жағдай туындаған кезде, Майерді үлкен ойынға қосады. Ол кезде 21 жаста болды. «Еркін тас қалаушылар» өздерінің шахматтық тақтасындағы оны тағы бір фигурамен — Гессен-Ганау (болашақ гесендік курфюрст, будущим гессенским курфюрстом) княздік үйінің тақ мұрагері Вильгельм ІХ жолықтырады.

— Болашақ кім? Кур... — деп Слава түсінбеді.

— Kurfürst — бұл неміс тілінен. Осылай феодалды Германияда императорды сайлауға қатыса алатын ықпалды князды атаған... Бес жылдан кейін Майер Амшель патша сарайының факторына (придворным фактором), яғни патша сарайына қажетті тауарларды жеткізуші коммерциялық агентке, ал кейін — Гессен-Ганау княздік үйінің бас сарай агентіне айналады. Бірақ «Еркін тас қалаушылармен» оның алдына қойылған негізгі мақсаты, Вильгельм ІХ-ның қаржылық қызметін көлеңкелі бақылауда ұстау болды.

Айтпақшы неміс княздерінің арасында, әрине «Еркін тас қалаушылардың» айтуымен Вильгельм бірінші болып пайызбен кредит бере бастайды. Нәтижесінде оған қарыз болғандардың (сәйкесінше «Еркін тас қалаушылар» тікелей ықпал жасай алатын адамдар) жартысынан астамы Еуропа патшалары болады. Онымен қоса Вильгельм ханзада өз солдаттарын басқа



мемлекеттерге «жалға береді», әрине ең бірінші кезекте оған «Еркін тас қалаушылар» меңзеген мемлекеттерге. Өзінің құпия қамқоршыларының арқасында ол Ганноверліктердің «досына» айналады. Ұлыбритания оның негізгі клиенттерінің бірі болады, себебі үнемі әскерге мұқтаж болды. Оның ішінде өзінің Солтүстік Америкадағы колонияларын бақылау үшін де.

Айтпақшы, өздеріңізге түртіп алыңыздар. Вильгельмге қарайтын осы неміс жасақтары, кейінірек «Вэлли Форджа» Джордж Вашингтон әскерімен шайқасады. «Америкалықтарға» қарсы британ армиясында ағылшындарға қарағанда саны жағынан немістер көбірек шайқасқан. Және сол уақытта «америкалықтарға» қызметке (дұрысырақ айтатын болсақ ағылшын отарларына қоныстанған, көпшілігі ағылшындар болған еуропалықтар) Пруссиядан неміс әскерлері жеткізілген. Айта кету керек, осы әскерлерді жеткізген пруссиялық король Ұлы Фридрих (Фридрих Великий), жасөспірім кезінде «Еркін тас қалаушылардың» ұйымдарымен кезіккен және идеясының ықпалында болған.

Женька шыдай алмай күлкімен айта салды:

— Сонда қалай, ағылшындықтардың тәуелсіздігі үшін, олардың ағылшындармен қарсылығында, немістер немістермен соғысқаны ма? Түсініксіз ақымақтық секілді!

Сэнсэй түсіндірді:

— Енді, Архонттар бұдан да сорақы комбинацияларды іске асырған.

— Шаруа! — деп Стас басын шайқады. — Ал, бұл соғыс бәрінен де немістерге керек пе еді?

Володя бұл туралы:

— Оларға қай жақта соғысқанның еш айырмашылығы жоқ, олар жендеттер емес пе.

Николай Андреевич ауыр күрсінді:

— Бар қайғысы да осы! Бұл адамдарға қай жерде соғысу, кімнің мүддесін қорғау бәрібір, тек ақша төлесе болғаны.

Сэнсэй оларды тыңдап әрі қарай әңгімесін жалғастырды:

— Иә, ал Вильгельм IX фигурасы Архонттардың шахмат тақтасында өз партиясын ойнап болған соң, «наполеондық соғыстар» ойыны кезінде олар оны жай ғана лақтырып кетеді. Вильгельм елден қашып, ұзақ жылдар эмиграцияда өмір сүруге мәжбүр болады. Болжап көріңіздер, ол өз шаруасы мен капиталын кімге «уақытша» сеніп тапсырады?

— Ротшильдке емес шығар? — деп Виктор әзіл үнімен айтты.

— Дәл өзіне, — деп растады Сэнсэй.

— Ал бітті, еркек орға дұрысынан құлады! — деп Женька күлді. — Уақытша қазанға салып еді, қайтып қапқа түспей дүниесі жоғалды. Ал әрі қарай?

— Ал әрі қарай... Шахмат тақтасында кішкене орын ауыстырулар болды және Майер Ротшильд Вильгельмнің қомақты капиталының арқасында халықаралық деңгейдегі Архонттарға үлкен пайда әкелген ауқымды қаржылық операцияларды жүргізе бастайды. Тіпті ірі халықаралық операцияларды жүргізу үшін «Еркін тас қалаушылар» Ротшильдке Еуропаның корольдік сарайларының ең жақсы барлауынан әлдеқайда мобильді болған өздерінің тамаша ұйымдастырылған барлау желісінің бір бөлігін де береді. Және олар тек соңғы жаңалықтарды ғана емес, ақшалар мен құнды қағаздарды да тасыған. Кейінірек, «Еркін тас қалаушылардың» барлау жүйесін көрсетіп алмау үшін, Ротшильдің өзі корольдік тыңшылық бөлімдерге ұқсас прототипте өзінің толық бір тыңшы-агенттер жүйесін құрған деп жазады. Осындай өсек-әңгімелер кейінірек жалпыға белгілі болған Ротшильд ақшасына құрылған атақты құпия бавар «иллюминаттары» ордені туралы фактілермен де нығая түсті. Және ол шыныменде солай болған. Бірақ бұл Ротшильд тапсырмасымен емес, өзінің кезекті «тәрбиеленушісі» Адам Вайсхаупты германдық Ингольштадт (Жоғарғы Бавария) қаласындағы университетте «иллюминаттардың» құпия орденін құруға және осы жобаны қаржыландыру үшін Майер Ротшильд екеуін 1770 жылы

жолықтырған «Еркін тас қалаушылардың» тапсырмасымен болды. «Еркін тас қалаушылармен» бұл орденге әлемде болып жатқан саяси оқиғаларға байланысты үлкен рөл берілді. Сол себепті Вайсхаупт алдында бұл орденді кеңейтіп әрі нығайтып қана қоймай, өндіріс, экономика, білім әлеміндегі ең мықты әрі ақылды адамдарды да орденге кіргізу тапсырмасы тұрды. Және жоғары лауазымда отырған адамды орденге байлап, үстінен абсолютті бақылау орнату үшін кез келген қитұрқы іске баруға рұқсат етілді, оның ішінде арсыз бопсалау (шантаж), пара беру және секс те кірді. Айтпақшы, бұл орденнің ресми құрылған датасы 1776 жыл болып саналады, байқасаңыз бұл америкалық тәуелсіздік Декларациясы қол қойылған жыл. Дәл осы бавариялық иллюминаттар Архонттардың ескі ұрандарын жаңа күшпен насихаттай бастайды: «Еркіндік, теңдік, бауырластық». Дәл осы шеңберде кейінірек АҚШ мемлекетінің құрылуына әкелген Архонттардың «Жаңа әлемдік тәртіп» жоспары қарқынды түрде жасалады.

— Олар «иллюминаттар» деп аталды ма? — деп Виктор біршама таңғалған үнімен нақтылай сұрады.

— Иә. Бірақ айта кетейін бұл «Еркін тас қалаушылардың» құпия ұйымдарының бір тармағы ғана. Осындай «дубляж» ақпараттың сыртқа шығып кетуі мүмкін барша тесіктерін бітеп және іздерді жасыру үшін жасалған. Нағыз иллюминаттар, Ариманның көмекшілері, өте ежелгі замандарда «Жылан бауырластығы» (Братство змеи) құпия месопотамия қауымдастығында дүниеге келген. Және олардың құпия қауымдастығы әлі күнге дейін өмір сүріп келеді.

Енді Ротшильд туралы. Әрі қарай Ротшильд үлкен саяси ойынға есейген өзінің ұлдарын қосады. Ол 1770 жылы өзіне бес ұл, бес қыз туып берген еврей коммерсантының қызына үйленеді. Балалары есейген кезде, оларда «Еркін тас қалаушылар» шеңберіне кіреді. Басында Ротшильд оларды өзінің көмекшілері қылады, ал кейін Қожайындарының тапсырмасымен түрлі елдерге бөледі: Натан Ротшильд Лондонда

банк ұйымдастырады, Соломон — Венада, Кальман (Карл) — Неапольда, Якоб (Джеймс) — Парижде. Ал Франкфуртта Майердің 1812 жылы дүние салуынан кейін Берлинде банк ашқан оның үлкен ұлы — Амшель басқаруға қалады. XIX ғасырда бұл ағайындылар, билеушілер мен мемлекеттерге кредит беріп қана қойған жоқ, «Еркін тас қалаушылардың» арқасында сол ақшаларға соғыстар жасалып, толық әскерлер жабдықтандырылды.

Сэнсэй кішкене үзіліс жасады.

— Ал енді қазір АҚШ деп аталатын «әлемдегі ең еркін, ең дұрыс, ең демократиялық мемлекеттің» қалай пайда болғанын алып қарайық. Еуропалық мемлекеттер Солтүстік Америка жерлерінде бас айналдырар пайда әкелген өз отарларын қарқынды құрып жатқан кезде, «Еркін тас қалаушылар» сол отар жерлерде қарулы қақтығыстарға арандатып отырды. Және тек сол жерлерде ғана емес. Олардың шебер ұйымдастыруларының арқасында Солтүстік және Оңтүстік Америка территорияларында революциялардың тұтастай бір сериясы өтеді. Олармен 1776 жылы Америка Құрама Штаттары пайда болған, Солтүстік Американың тәуелсіздігі үшін деп аталатын (1775-1783 жылдары) соғыста ұйымдастырылған. 1783 жылы Версальда (Парижден алыс емес бұл француз жерін есте сақтаңыздар) Ұлыбритания АҚШ-тың тәуелсіздігін мойындаған бейбітшілік келісім шартына қол қояды. Ал соғысып жатқан екі жақты кім қаржыландырды (оның ішінде сіздер неміс әскері мысалымен білетіндей жалдамалы жендеттермен қамтамасыз ету) және бұл «татуласуға» кім бастамашы болды? «Еркін тас қалаушылар». Әсіресе Америкадағы соғысты жүргізу үшін (өзінің англиялық отарларында) ағылшын үкіметі еврейлік банкирлерден кредит алады, оның ішінде Ротшильдте бар. Ал «Британдық билікке қарсы күресте» сол баяғы «Еркін тас қалаушылардың» қаржы салымдарымен, масондық ложаның «тәрбиеленушілерінің» бірі болған Джордж Вашингтонның басшылығымен континентальды «әскер» құрылады.

— Масондық ложа — бұл әлгі «Еркін тас қалаушылар ма»? — деп Костя қызыға сұрады.

— Иә. Сол баяғы жоғарыдағы бір Қожайындары, — деп Сэнсэй нақтылады. «Маçon» сөзі француз тілінен тікелей аудармасында «тас қалаушы» деген мағынаны білдіреді. Масондар деп «Еркін тас қалаушылар» Англияда XVIII ғасырда құрған өздерінің жаңа діни-саяси ұйымдарын атай бастаған. Айтпақшы «франкмасон» сөзі де француздық «franc-maçon» сөзінен шыққан және тікелей аудармасында «еркін тас қалаушы» деген мағына береді.

— Қысқасы, олардың барлығы сол жа-а-ақтың адамдары, — деп Женька мысқылдады.

Балалар жымыды, ал Сэнсэй басын изеп әрі қарай жалғастырды:

— Жалпыға ортақ қабылданған «тарихта» Джордж Вашингтон масондық ложаға жиырма жасында кірген. Бірақ та оны анағұрлым ертерек байқаған. Бала он бір жасқа толған кезде темекі плантацияларының иесі болған әкесі қайтыс болады. Бала анасымен қалады. Күннен күнге анасымен ара-қатынасы нашарлай береді, әрине «жаңа достарының» көмегінсіз емес. Оның тәрбиесімен ағасы Лоуренс айналысады. Джордж жиырмаға толған кезде, «Еркін тас қалаушылар» ағасы Лоуренсті арғы дүниеге аттандырып, оны үлкен байлықтың мұрагері, үлкен жер иеленуші қылады. Бірақ әлі күнге дейін ресми тарихта ағасы туберкулезден өлген деп есептеледі. Бұл жағдай француз және ағылшын отарларының территория үшін болған соғысының басында, 1752 жылы «болған». Және жас жігітті екі жылдан кейін (1754 жылы) Виргения халық жасағының Бас қолбасшысы, ал 1755 жылы полк командирі лауазымына тағайындалуы да кездейсоқтық емес. Кейін оны үлкен байлыққа ие жесір әйелге үйлендіріп саясатқа енгізеді. Ол жақта бірнеше жыл ішінде әртүрлі округтер атынан Заң шығарушы жиналыстарға тұрақты түрде сайланып отырады. Және «Еркін тас қалаушылардан» үйренген Джордж Вашингтон

сайлау кезінде өзінің электоратының жаппай ішімдік ішуіне ақшасын аямастан жұмсап, ал дауыс санау біткеннен кейін үлкен бал кештерін ұйымдастырған. Архонттармен жоспарланған «жаңа мемлекеттің» пайда болуымен байланысты оқиға орын алған кезде, «Америкалық Азаттықты қорғау үшін» жиналған әсерге Джордж Вашингтонды генералдыққа «сайлайды». Ол «әскерді» көрсеніз! «Солдаттар» ешқандай әскери дағдысыз қысқа уақыт аралығында жиналады. Дисциплина жоқ болды және дезертирлік белең алды. Жалпы алғанда Вашингтон әскері қарсыластың тұрақты әскерімен салыстырғанда біршама тәжірбиесіз болды. Дегенмен «декорация» құрылған кезде, Архонттар бұл партияны өте әдемі ойнап шықты. Ағылшын үкіметі соғыс болғанын қаламай, колониясына (отарына) бейбіт келісімге дайын екендігін айтқанымен, «тәуелсіздік үшін» соғыс бәрібір де болды. Себебі Архонттарға «өз» мемлекеті қажет еді. Соғысты толық қаржыландыра отырып Архонттар әрине кімнің жеңіп шығатынын білді. Және осы үшін қажетті саяси ахуал жасалды. Осылайша ағылшындар өздерінің «тұрақты күшті әскерімен» оларға керекті уақытта капитуляция жасайды. Архонттардың ұрандарына сенген көптеген адамдарға бұл соғыс «тәуелсіздік үшін» болатын. Ал Архонттардың өздері және олардың шектеулі қол астындағылары үшін — бұл жай ғана спектакль болды!

Соғыстан кейін «Еркін тас қалаушылар» Вашингтоннан «соғыс батыры», «отанды құтқарушыны» жасап, ол туралы толық бір аңыздарды тудырады. Қысқасы, өз адамының жаңа мемлекеттің президенті болуы үшін қоғамның ой-пікірін біртіндеп дайындай бастайды. Кейінірек барлығы солай болады және сөзсіз. Тиісті үкіметте құрылады. Нәтижесінде «тәуелсіз, азат мемлекеттің» орнына шын мәніндегі билік «Еркін тас қалаушылардың» қолында болған мемлекет құрылады. Тәуелсіздікті жариялау тек осы құпия ұйымның өкілдерімен дайындалып, жазылады. АҚШ Конституциясын құрушы және жазған масондар болды. Джордж Вашингтон және оның

генералдарының көп бөлігі «Еркін тас қалаушылар» еді. Ал негізінде тек осы құпия ұйымның қол астында болған, сенімді адам ғана бұл мемлекеттің президенті бола алды. Бұл жағдай әлі күнге дейін сақталып келе жатыр. Мен Конгресс пен Сенат туралы тіпті де сөз қозғамаймын.

Ал АҚШ-та президент сайлауы қалай өтеді? Қызық үшін карап көріңіздер. Біздер айтқан тек ұсынылған (Архонттармен) «кандидаттарға» халықтың дауыс беруі аз болғандай, оның пікірі мен таңдауы түптеп келгенде ешқандай рөл ойнамайды. АҚШ мемлекетін «Құрушы-Әкейлер», мемлекетті құрған кезде халық өзінің саяси сауатсыздығынан таңдауында «кателесуі» мүмкін деп шешкен. Сондықтан «әкейлер» әрбір штаттан Конгреске (Сенат және Палата өкілдері) кіретін «сайлаушылар коллегиясы» деп аталатынды ұйымдастырады. Дәл осы адамдар халықтың ой-пікірінен және сайлау нәтижесінен тәуелсіз түрде, бұл мемлекеттің президенті кім болатынын «түпкілікті анықтайды».

— Сақаушылар коллегиясы?! — деп Женька зор күлкімен айтты. — Бұл қызыықты...

— Міне саған керек болса! Тағы да «Еркін тас қалаушылардың» коллегиясы, — деді Виктор таңғала. — Дегенмен бұл жігіттер дұрысынан сақтанған екен. Халықтан шыққан кандидаттардан қалай қорқады десеңші!

— Енді бұл қандай сайлау? — деп Николай Андреевич таңғалды. — Бұл нағыз фикция! Қайдағы демократия?!

— Енді солай, тарих қайталанады, — деп Сэнсэй жымыды. — Вавилондағы діни коллегия, Ежелгі Римдегі понтификтер коллегиясы, АҚШ-тағы сайлаушылар коллегиясы... Ай астында ешқандай жанашылдық жоқ...

Егер сіз АҚШ символикасына мұқият зер салсаңыз, барлығы дерлік — алғашқы 13 жұлдызды және 13 жолағы бар Жұлдызды Ту (бұрынғы ағылшын отары болған алғашқы 13 штат екен-міс), америкалық мөр, барлығын көруші око-сы (көзі) бар пирамида, мөрдін артқы жағындағы Мемлекеттік

Герб, Финикс (олардың түсінігінде бұл тіпті қыран) бұлардың барлығы Имхотеп заманынан кейін пайда болған Аримандық тас қалаушылардың символикалары. Тарихта бұл символикалар Ротшильдтің тапсырмасымен және Адам Вайсхауптың нұсқаулығымен (тастамаларымен) жасалғаны айтылады. Бірақ бұл ақпараттың шығып кетуін танымал болған тарихи тұлғаларға «тану» деп аталады. Бұл символикалар біршама уақыт бұрын дайындалған және Ротшильд секілді орындаушылардың деңгейінде емес.

Николай Андреевич одан сайын қызыға сұрады:

— Солай ма?! Білмеппін, білмеппін. Мен бірде журналдан америкалық мөрдін суретін көргенмін. Ол жерде қыран тырнағымен сол жағында жебелерді, ал оң жағында — зәйтүн бұтағын ұстап тұр, жоғарысында күн, оның ішінде жұлдызды көк аспан, көкірегінің ортасында жолақты ту. Бұл жерден ерекше бір нәрсені көрмедім.

— Себебі мұқият зер салмағансың, — деп Сэнсэй әзілдеді. — Егер сен бұл сұрақта көбірек қызығушылық танытсаң, жебелер саны тек он үш қана емес, ортасындағы үшеуі шоқтығы төмен қараған үшбұрыш жасайтынын көретін едің. Он үшінші «Көрінбейтін» әрқашан жасырын күйде болады. Зәйтүн бұтағы 13 жапырақ және 13 жемістен тұрады. Олар тіпті қыранның әрбір қанатына 32 қауырсыннан іледі. Ал сен күн ішіндегі жұлдыздарға мұқият қараған болсаң, ол жерден Давид жұлдызы деп аталатынды көретін едің — қабырғалары тең, бірінің ұшы жоғары, ал екіншісі төмен қараған бірінің үстіне бірі көмкерілген екі үшбұрышты. Және бұл белгіні құрайтын жұлдыздардың саны да он үшке тең.

— Гексаграмма?! — деп Николай Андреевич таңғалды. — Алты бұрышты жұлдыз, иудаизмнің бұл символы АҚШ мөрін сәндеп (венчаёт) тұрғаны ма?! Мен үшін бұл жаңалық!

— Қайдан жаңалық болсын? Бұл қартайып-қақсаған кәрілік, — деп Сэнсэй әзілдеді. — Американың шын Қожайындарының кім екенін көрсететін еврей дін



басшыларының символы... Айтпақшы 1817 жылы дворяндық титул алған кезде Ротшильдтер өздерінің отбасылық гербіне Давид жұлдызын ашық түрде енгізеді.

— Бұл әлгі Давид жұлдызы ма? Израиль туында бейнеленгені ме? — деп Володя нақтылады.

— Иә, — деп Сэнсэй жауап берді, — негізінде бұл символдың шығу тегі біршама ежелгі. Ерекше белгі ретінде гексаграмма тек Орта және Таяу Шығыста ғана емес (Астарта әйел-күдайы культының символы ретінде айтарлықтай танымал) ежелгі Үндістанда да белгілі болған. Өз заманында бұл белгіні сол халықтардан еврейлік дін басшылары иемденіп алған. Нәтижесінде ол еврейлер қоғамында мөрлерде, туларында («Давид туы» деп аталатын қызыл маталы алты бұрышты жұлдыз бейнелеген ту) пайдаланыла бастайды.

— М-да, — деді Женька. — 13 жебе, 13 жұлдыз, 13 жеміс, 13 жапырақ, — деді де күлкілі: — Архонттар он үш санын жақсы көргіш екен! — деді. — Соңғы сөзін әрең айтып одан сайын күлді. — Қысқасы, он үшті сүйгіштер!..

— Олар сүйгіштер емес, профессионалдар, — деп сөзін Сэнсэй дұрыстады. — Он үш — бұл жоғарғы күш шеңберін білдіретін символика. Ал бұл күшті кімнің қандай ниетпен қолдануы — бұл енді басқа сұрақ. Архонттар белгілер мен символдарға үлкен мағына береді, себебі олармен өздерінің иелік ететін жерлерін белгілейді: бұл кімнің территориясы, олар кімге тиесілі және осының барлығының артында кімнің тұрғаны.

— А-а-а, түсінікті, — деді Женька түсінгендей, — олар мысықтар секілді өз аумағын белгілейді екен!

Ұжым Сэнсэймен бірге күліп алды.

— Бұл дәл айтылған, күнделікті тұрмыс-тіршілікпен басы қатқан қарапайым халық үшін бұл белгілер мен символикалар ешқандай мәнге ие емес, сол себепті оларды әркім өзінше түсіндіреді. Ал білуші адамдар үшін бұл жердің (орынның) «кімнің алақанында» екендігі бірден түсінікті болады.

Оған Виктор байқампаздықпен:

— Ал халыққа өздерін кімнің басқаратынына түкіргені бар. Өзі егіп, өзі теріп, өзі әндетеді. Оған қаңсығы не, таңсығы не бәрібір, — деді.

Женька бұл сөздерге лезде:

— Халық өз орнында отырып, мұрнының астынан күңкілдейді. — Женька импровизациясында үйілген құм түріндегі өзінің жинаған «жақсысына» қараған бүкірейген адамды салып: — «Жаман өмір әрі кет, жақсы өмір бері кел! Жаман өмір әрі кет, жақсы өмір бері кел!» — деді.

Ұжым тағы да оның әзілдеріне күлкіден жіберді. Оған Сэнсэй:

— Енді айтпаңыздар. Адамдардың өмірінде, олардың рухани жетілуінде өздерін кімнің басқаратынына өте көп нәрсе байланысты. Көлеңкелі жақтан Архонттар басқаратын елдерде өтірік, алдау белең алып, халықтың руханиятқа ұмтылысы материалдық бағытқа қарқынды ауыстырыла бастайды. Сұлу сөздері фонында адамдардан ақымақ, айтқанынан шықпайтын топастарды жасайды. Және Архонттардың билігінде осындай елдер қаншалықты көп болса, адамзатта соншалықты материяның ластығына еніп, өз таңдауын Хайуани негізі жағына қарай бұрады. Және сәйкесінше өркениет (адамзат) өзінің жойылуына жақындай түседі. Ал адамзаттың өмір сүруінің негізгі мәні — Рухани негізін жетілдіру, тұлғаның Адам болу мүмкіндігінде емес пе. Ал дүниелікке батқан екі аяқты хайуандар тобыры, Архонттарға тек өздерінің өзімшіл үлкен мақсаттары үшін керек. Бірақ мен тағы да қайталап айтамын: әрбір адам өз таңдауын жасауға құқылы!

Сэнсэй үнсіз қалды, темекісін алып тұтатты да, өз әңгімесін әрі қарай жалғастырды:

— Иә... Біздің әңгімеге оралсақ. АҚШ-тағы қаржылық жағдайға қатысты... Тағы да тарих қайталанды деп айтсақ болады. 1790 жылы «Еркін тас қалаушылар» «тәуелсіздік үшін» соғыс жылдарында Джордж Вашингтонның хатшысы болған Александр Гамильтонды қаржы министрі лауазымына көтереді.

Ол Америкадағы алғашқы Орталық Банк — «Құрама Штаттардың Алғашқы ұлттық Банкін» құрады. Ол құрылымында сіздерге белгілі «Ағылшын Банкін» қайталады және Ротшильдтің бақылауында болды. «Еркін тас қалаушылар» қолдарында негізгі қаржыны шоғырландырып, мезгіл-мезгіл АҚШ экономикасын әдейі тұрақсыздандырып тұрды. Не үшін? Банк пен мемлекет арасындағы келісім шартты жай ұзартып қоймай, осы банктердің кредиттерімен америка халқын қарыз қақпанына түсіру үшін.

Міне сіздерге бір мысал. 1811 жылы-ақ сол баяғы Ротшильд өзінің Британ парламентіне ықпалын пайдаланып, Америкадағы өз жерлеріне Ұлыбританияның құқығы бар екендігін қайта айтуға итермелейді. Бұл тағы да 1812-1814 жылдардағы соғысқа әкелді. Нәтижесінде АҚШ халқы тағы да қатты қарыз қақпанына түседі. Үкіметпен кімдерден қарыз алынады? Орталық Банк банкирлерінен. Міне сіздерге бар ақиқаты. Айтпақшы бұл банк 1913 жылы «Федеральды Резервтік Банк» болады, ал ол бүгінде Американың орталық банкі. Бірақ оның шын Қожайындары өзгерген емес!

Немесе сіздерге басқа мысал келтірейін. 1861-1865 жылдары билікке наразы адамдардың жалынын сөндіру үшін «Еркін тас қалаушылар» АҚШ-та азамат соғысын тудырады. Мемлекет «Солтүстік» және «Оңтүстікке» бөлінеді. Ротшильдтердің Лондондық банкі «Солтүстікті», ал париждік Ротшильд банкі — «Оңтүстікті» қаржыландырады. Екі жақты да қару, азық-түлікпен қамтамасыз етіп, өте үлкен капитал пайда көреді.

— Міне саған тағы да ауаны сату! — деп Женька түңілген түрімен барлық балаларды тағы да күлдіртті.

— Өте дұрыс. Бұл өз-өзіңмен шахмат партиясын ойнағанмен тең. Қара немесе ақ фигура жеңсе де — ойнаушы бәрібір жеңімпаз болып қалады. Жеңілген тек қарсылас екі жақ «Солтүстікте», «Оңтүстікте» болған америка халқы еді.

Сондықтан соғыстар мен революциялар тектен-тек болмайды. Соғысқа арандатушылар, сол соғыстан пайда көреді. Соғыс — бұл қарапайым адамдар үшін қайғы. Ал Архонттар мен олардың қолшоқпар-қаржыгерлеріне — бұл өте пайдалы бизнес. Бірі өз ықпал ету сферасын кеңейтсе, енді бірі капиталдарын өсіреді. Ал одан қарапайым адамдар жапа шегеді.

— М-да, бір-бірімізге айдап салу олардың қолынан шеберлікпен келіп тұр, — деді Николай Андреевич ойлана. — Бұл біздердің адами әлсіздігімізді тағы да көрсетіп тұр...

— ... және ақымақтығымызды да, — деп қосты Женька.

Виктор разы болмағандай басын шайқап:

— Үлкен мемлекет, толық бір континет деп айтуға болады және осындай алдау, жерге отырғызу (подстава), — деді.

— «Үлкен» мемлекет ол анағұрлым кейінірек болды, — деді Сэнсэй, — және ол да алаяқтықтың нәтижесінде, бөтен территорияны бетсіз басып алу мен алдау арқылы. Басында «тәуелсіз мемлекет» Солтүстік Американың Шығыс жағалауындағы территорияларды алып жатқан бұрынғы ағылшындық 13 отардан тұрды. Ал кейін жоспарлы біртіндеп түрлі айла-тәсілді қолданып, соғысу, пара беру, бопсалау секілді қитұрқы әрекеттермен, әр он жыл сайын жүз жыл бойына аумағын кеңейтіп, олар өздерінің бүгінгі территорияларының көлеміне жетеді.

Мысалға Жаңа Орлеаннан Канадаға дейін кең аумақты алып жатқан үлкен француз отары — Луизиана қалайша «сатып алынғанын» қарайық. Айтпақшы XVIII ғасырдың ортасында Солтүстік Америкада ең үлкен аумақты алып жатқан отарлары болған ел, дәл сол Франция болатын. Және осы жәйт «Еркін тас қалаушылармен» әдейі тұтанған Франциядағы экономикалық күшті дағдарыстың негізгі себептерінің бірі болды (АҚШ-тың «тәуелсіздік үшін соғысына» француз үкіметінің «көмегінің нәтижесі»), өз кезегінде бұл «көмек» Француз мемлекетінің

қарызын бірнеше есе ұлғайтады) және нәтижесінде — «Ұлы француз революциясы» дегенге әкеледі.

— Демек, бұл шын мәнінде француз халқының азаттығын көрсеткені болмағаны ма? — деп Виктор таңғалды. — Барлығы алдын ала ұйымдастырылғаны ма? Ал бізге юрфакта монархияны құлату... көтеріліс, халық билігі туралы айтқан.

Женька шыдай алмай:

— Түсінікті іс! Саған «халық қызметшісі», шындықты кім айтады? — деді.

Балалар күлді.

— Бұл Архонттардың кезекті спектакль болды, — деп Сэнсэй ауыр күрсінді. — «Еркін тас қалаушылармен» көтерілген Джордж Вашингтон жаңа құрылған мемлекеттің алғашқы президенті бола салысымен, тура бірнеше күннен кейін АҚШ аумағын кеңейтуге байланысты Архонттардың бағдарламасының екінші этапы басталып кетеді. Өздері қызыққан Америкадағы Француз отарларына бақылауын әлсірету үшін, Францияда революция ұйымдастырады. Және тағы да «Ұлы француз революциясы» кімдермен ұйымдастырылды. «Еркін тас қалаушылармен», олардың қол астындағы масондар — «идеологтары» мен «қайраткерлері», Вольтер, Дидро, Руссо, Робеспьер, Марат және тағы басқа адамдармен.

— Енді солай, ауру жараның үстінен басқан кезде, өмірден нені қалайтыныңды мүлдем ұмытып кетесің, — деп Женька күлді.

— Бұл анық. Және байқасаңыз АҚШ-тың алғашқы президенті Джордж Вашингтон инаугурациясы сол кездегі елдің астанасы Нью-Йоркте, 1789 жылы 30 сәуірде өтеді. Ал бұл...

— 30 сәуір? — деп таңданды Николай Андреевич. — Вальпургий түні мерекесінде ме?

— Дәл солай, — деп Сэнсэй жымия растады. — Бұл уақыттың белгіленуі жайдан-жай емес.

— Ал бұл қандай мереке? — деп Андрей қызыға сұрады.

— Бұл мереке туралы «Фауст-тын» бірінші бөлімінде Гётеде жазған, — деп жеңіл менмендік үнімен Костя түсіндірді.

— Енді ол жазбағанда, — деп Сэнсэй күлді. — Ол да сол «Еркін тас қалаушылардың» «жұмыс аттарының» қатарында болған. — Костя Сэнсэйге соншалықты таңғалған көзқарасымен қарады, құдды бір Жерге марстық келгендей. — Айтпақшы, Иоганн Вольфганг 1749 жылы Франкфурт-на-Майндағы ақсүйектердің, ауқатты империя кеңесшісі (мамандығы бойынша заңгер, құқықтану докторы) және Франкфурттағы жоғарғы ірі шенеуліктің (сановник) қызынан туылады. Бала тілдерді мұқият зерттейді, оның ішінде ежелгі еврей тілі де бар. Және «Еркін тас қалаушыларға» тікелей қатысы болды. Жас Гётені атақты қылған «Жас Вартердің азаптары» («Страсти молодого Вертера») романы көптеген экземплярларға басылып, тек Германия емес, шет елдерге де қарқынды таралуы кездейсоқтық болған жоқ. Және сол романның бас кейіпкеріне еліктеудің салдарынан, өзіне қол жұмсау эпидемиясын бастаған романның жастардың көзқарасына әсер етуі де кездейсоқтық емес. Гётенің саясатта биіктеп және оның шығармаларының әлемдік бестселлерге айналуын сәйкестік деп айтуға болмайды.

Костя мүлдем абдырап қалды.

— Бірақ Сэнсэй, оның кейбір өлеңдерін жатқа білесің емес пе. Сен оларды жатқа оқығансың, мен естідім!

Сэнсэй күлді де, мейірімді үнімен жауап берді.

— Білу — бұл әлі құрметтеу дегенді білдірмейді. Ит тұмсығы кірмес орманнан сәуле түскен алқапты да кездестіруге болады. Орман топографиясын зертте де, оның соқпақтарын (жолдарын) шебер пайдалана біл.

Женька бұл жерде де тыныш отыра алмады.

— Сондықтан Константин, ежелгі еврей тілін үйрен. Сенде «Ұлыға» айналып шыға келесің!

Балалар Костямен бірге күліп алды.

— Ал Вальпургий түніне келетін болсақ... — деп Сэнсэй ұжым тынышталған кезде жалғастырды, — бүгінгі күннің

көзқарасымен адамдар бұл христиандыққа дейінгі ежелгі замандарда біршама танымал болған, табиғат күші оянатын көктемнің келуіне арналған мерекелердің бірі деп санайды. Әр замандарда оны әртүрлі халықтар өзінше ұлықтаған. Майский канун, Бельтэйн. Айтпақшы, ертеректе кельттер күнді таңнан таңға емес, кештен кешке санаған. Сол себепті маңызды мерекелер аспанда алғашқы жұлдыздар пайда болған кезде басталған. 1 мамырдың алдындағы түн «үлкен күн» деп аталатын жаздық уақыттың басталғанын білдірген. Ежелгі замандарда сол түні басқа әлемге апаратын қақпа ашылып, тіпті өсімдік-шөптерде ерекше ғажайып күшке ие болады деген терең сенім болған.

Германияда христиан дінінің таралуына байланысты бұл ежелгі мереке шіркеумен «шайтани табынушылық» деп айыпталып, барлық қатысушылары шайтанның қызметкерлері деп жарияланады. Бірақ мереке халық арасында кең танымал болғаны соншалықты, католиктерге 1 мамыр күніне өз мерекелерін жасауға тура келеді. Ол күнді 748 жылы Германияға ғибадатхана салуға келген Англияның Уимбурн шіркеуінің ғибадатшы әйелі, әулие игумень Вальбурганы еске алу күні жасайды. Католиктік мереке алдындағы түн туралы олар, Гарц тауларындағы ең биік Броккен тауында жын-перілер, жалмауыз кемпірлер (сыйқыршылар) мен шайтандардың жын-ойнақтары туралы әңгімені ойдан шығарады. Ал «неміс жалмауыз кемпірлері», Вальпургий түнінің шабашы, Гётенің Мефистофельдің Фаусты шабашқа әкелгенін суреттеуінің арқасында әлемге танымал болды.

— Ал шыныменде сол түні басқа әлемге қақпа ашылады ма? — деп Руслан жасырусыз қызығушылығымен сұрады.

Стас байқампаздықпен күліп:

— Енді, егер Ватикан бұл мерекемен халықты қорқытса, демек бұл жерде қандай да бір құпияның бары анық, — деді.

Ұжым Сэнсэйге сұрақ көздерімен қарады, алайда Сэнсэй тіке жауап беруден айналып өтті.

— Енді сіздерге не айтайын. Дұрыс бағытта ойлап тұрсыздар, құрметті жолдастар... Енді былай, біздер тақырыптан кішкене ауытқып кеттік... 1789 жылы 30 сәуірде АҚШ-тың бірінші президентінің инаугурациясы болады. Және 1789 жылы 5 мамырда Француз революциясының буырқана қайнаған оқиғалары басталып кетеді. **Барлығы Архонттардың ескі сызбасымен өтеді**, олар оны Рим империясын құрған кезде де, «ежелгі, жақсы Англияны» қиратуда да, АҚШ-ты құруда да пайдаланды (және сол сияқты). **Басында революция болады, кейін республика құрылады, одан кейін әскери диктатура орнайды және ақыр соңында Архонттардың қол астындағы қаржылық аристократияға амалсыз бағынған қуыршағы (марионетка) сол мемлекетті басқаруға келеді.** Осылай Францияда да болды. Әдемі ұрандар артына жасырынып, адамдарды бір-бірлеріне айдап салды. Көп қан төгіледі, ал нәтижесінде билік басына бәрібір де Архонттарға тиімді адамдар келді. 1792 жылы республика құрылады. 1799 жылы мемлекеттік төңкерістен кейін Наполеон диктатурасы орнайды. Ал 1803 жылы, айтпақшы ол да 30 сәуір күні, АҚШ-тың өкілдері Луизиананы сатып алу жөнінде Наполеонмен «келіссөздерді бастайды». Бұл уақыттарда «Еркін тас қалаушылар» француз отарларында бірнеше көтерілістерді ұйымдастырып үлгереді. Оның үстіне сол территориялардағы бай және құнарлы жерлерге америкалықтарды қоныстандырудың агрессивті саясаты басталып кеткен. Енді қазіргі тарихшылар сол оқиғаларды баяндағандай, — Сэнсэй күлкімен айтты: Наполеонға олар бас тарта алмайтын ұсыныс жасайды: бұл территорияны оған ұсынған символикалық бағаға қазір сатады немесе ол территорияларды бәрібір де жоғалтады және оған ешқандай да құн төленбейді.

— Иә, шыныменде оған аз таңдау берілген екен, — деді Стас.

— Қазіргі тарихшылар қалай жазады? — деп Николай Андреевич сөзіне іліге кетті.



— Енді, олар нені жазбайды дейсің, тіпті Наполеон сол жерлерді өзі сатуға шешім қабылдаған деп жазады. Бірақ болған оқиғалардың трактовки мен ақпараттың осылай берілуіне оларды кінәлауға болады ма? Тарихшылар да адамдар емес пе.

— Ал шын мәнінде не болды?

— Не болсын... Наполеон, Архонттардың адамдары билік басына қойған «шестёрка» (қуыршақ). Отар жерлер туралы сұрақ туындаған кезде, оны Еуропадағы соғыстарға қарқынды түрде дайындайды. Өзінде таңдау жоқ екендігін ол жақсы білді. Сондықтан өзіне айтқанды жасады. Артық сұрақсыз Луизиананы сатып жібереді және осы тыңдағыштығы үшін 1804 жылы Архонттар оны император титулымен «марапаттайды».

— Демек, Наполеон соғыстары да кездейсоқтық болмағаны ма? — деп Виктор сұрады.

— Әрине. Айтпақшы Наполеон соғыстары, АҚШ-тың эмбарго туралы заңы, 1812 жылғы Ұлыбританиямен соғыс, АҚШ өндірісінің өте тез қарқынды дамуына жағдай жасайды.

— Иә, барлығын есептеген екен, — деп Николай Андреевич көңілсіз жымыды.

— Ал АҚШ Испандық отар Флориданы қалай алды? Сол баяғы тактикамен. Сол отар жерлерде революция ұйымдастырып және жерлеріне өз адамдарын сұраусыз ұялмастан қоныстандыра бастайды. Кейін халық алдындағы спектакль үшін испан үкіметіне кезінде Наполеонға жасағандай ұсыныс тастайды. «Кейбір испандық ірі жер иеленушілердің разы болуы үшін» символикалық бағаны төлейді, ал шын мәнінде олар да Архонттардың ойыншылары болды. Осылайша өздеріне жердің осы бөлігін қосып алады. Бұл айла-тәсіл кейінірек өздерінің штаттары болған басқа жерлерге де қолданылады. Мен тіпті Мексика туралы айтпаймын да. Олар жай ғана Мексикамен соғыс өртін тұтатып, ешқандай ұялмастан оның бұрынғы үлкен аумағының жартысын тартып алды. Ал кейін әлемге өздерінің қаншалықты «демократшыл» екендіктерін көрсету үшін сол жерлердің күлкілі бағасын «төлейді».

Женька пікірін шыдай алмады:

— Енді иә, алдымен физиономиясын таптап, өңдейді, тонайды да, бес теңгесін «амигоға» беріп, тіпті жер бетінен жойып жібермегені үшін риза бол дейді.

— Дегенмен олар «мейірімді» екен! — деп Андрей күлді.

— Олар көңілді мемлекет құрған екен, — деп Стас та өз кезегінде айтып қалды. — Іргетасы алдау, басып алу, өтірікпен құрылған.

— Эх, «еркіндік пен өркендеудің» символы бар болсын, — деп күрсінді Виктор. — Оның үстіне «Бостандық Ханшайымы» (Леди Свободы) деген әдемі мүсінді қояды. Ал шын мәнінде...

Сэнсэй күлді де Викторға жауап берді.

— Енді мүсіннің алғашқы идеясы «ханыммен» байланысты болған жоқ. Ал «Азаттық» символына келсек... Бұл «Еркін тас қалаушылар» тарихындағы бұрын соңды болмаған қызықты оқиға болды. Дегенмен еврейлік дін басшылар бұл істен де пайда көре білді: «Азаттық» символы ретінде бұл мүсінді америка халқына таңып және одан әлі күнге дейін үлкен ақша әкелген пайда көріп отыр.

\* \* \*

— Мен дұрыс естідім бе? — деді Николай Андреевич жандана. — Азаттық Мүсінін еврей дін басшылары еріксіз таңды ма? Бірақ бұл білуімше АҚШ-тың тәуелсіздік Декларациясына қол қойылғанына жүз жыл толуына орай Францияның АҚШ-қа сыйлығы болған.

— Енді сіз дәрігер, аңғалсыз. Сізге шындықты кім айтады? Бұл әдемі «жар салу» әңгімесі барлық бұқаралық ақпарат құралдарында айтылды. Осындай «негізгі себебінсіз» қалайша болмақ.

— Хм, ақиқат әрқашанда қызықтырады, — деді де, Николай Андреевич жасырусыз қызығушылығымен сұрады. — Ал ол жерде шын мәнінде не болды?

— Әзіл әңгіме тарихы деп айтсақ болады, — деді Сэнсэй күлкімен. — Бірақ сізге қызықты болса, мархабат... Оның бас кейіпкері — Фредерик Огюст Бартольд. Ол 1834 жылы француздық Кольмар қаласында ауқатты еврей отбасында дүниеге келеді. Балаға екі жас болған кезде әкесі дүние салады. Анасы Шарлотта Бейсер балаларына жақсы классикалық білім беру үшін Парижге қоныс аударады. Бұл осындай отбасыларына тән құбылыс болған. Көп ұзамай Шорлоттаның үлкен ұлы Шарль психикалық ауруы бар болып, оны жындыханаға орналастырады. Анасы бар назары мен өзінің махаббатын кіші ұлы Фредерикке салды. Оқуда ол еңбекқорлығымен ерекшеленбейді. Бірақ атаққұмарлығы жеткілікті еді.

Анасы кескіндеме және бейнелеу сабақтарына қатыстыра бастайды, себебі баланың сурет салуға қабілеті бар деп санайды. Жасөспірім жігіт классицист-суретші Ари Шеффер шеберханасына барады. Оны Париждік Құдай-ана Соборын қалпына келтірумен атағы шыққан, танымал архитектор Виолле-ле-Дюк оқытуға тырысады. Енді үйренуін үйренеді. Ал анасына баласын «өмір сүруге және азығына жететін қандай да бір үлкен тиыны бар» жерге орналастыруы керек еді. Және бұл істе «Еркін тас қалаушылармен» байланыста болған ықпалды туысқандары көмектескен. Фредериктің тек анасының ауқатты туысқандары арқылы жүзеге асыруға тырысқан, алқашқы атаққұмарлығына қадамы туралы әңгімелерді өткізіп, ең бастысына өтейік. Бұл кезде «Еркін тас қалаушылардың» басқаруымен Мысырда Суэц каналының құрылысы жүріп жатқан еді. Және Фредерик туысқандарының байланысын пайдаланып сол елге аттанады.

— Суэц каналы «Еркін тас қалаушылардың» бақылауында салынды ма? Тоқтай тұр, оны мысырлықтар салды емес пе, — деп Виктор күмәндана айтты.

— Әрине мысырлықтар салды, егер сен жұмыс күші туралы айтып тұрсаң. Бірақ канал құрылысын «Еркін тас қалаушылар» бақылауда ұстады, ал бүкіл кәсіпорынды олардың адамы —

француз дипломаты, білімі бойынша заңгер, айлакер кәсіпкер Фердинанд Лессепс басқарды.

— Фердинанд Лессепс?! — деді Николай Андреевич қызыға. — Ал ол кездейсоқ Панама каналына байланысты алаяқтыққа қатысы бар адам емес пе?

— Өте дұрыс. «Панама жанжалы» деп аталатынмен. Бірақ ол анағұрлым кейін болады. Лессепсті Панама каналы құрылысына шақырады, себебі оның Суэц каналы құрылысын ұйымдастыруда тәжірибесі болғандықтан. Бірақ мысырлық каналдың құрылысына стратегиялық нысан ретінде Архонттар мүдделі болса, Панама каналы құрылысына олардың қызығушылығы болмады. Сондықтан «Еркін тас қалаушылар» Панама каналы құрылысын қолға алғандай күй танытып, Панама үкіметі мен акционерлерді үлкен қаржыға алдап соғады. Және бұл жайт ашылған кезде, көптеген жоғары лауазымды тұлғалар қатысы болған үлкен жанжал шығады. Бірақ олардың барлығы дерлік жазадан құтылып кетті. Тек екінші дәрежелі адамдар ғана сотталды (жазalandы).

— Түсінікті іс, барлығы әдеттегідей, — деді Володя.

— Демек бұл сол баяғы адамдардың ісі, — деді Николай Андреевич ойлана. — Егер Суэц каналы Архонттарға тиесілі болса... Қызық, ендеше біздің уақытта, мен 50-60 жылдарды айтып тұрмын, неліктен Мысырға қарсы ағылшын-француз-израиль агрессиясы ұйымдастырылды?

— Неліктен? Дұрысы мен тақырыбымыздан ауысып, бұл сұрақ бойынша сол кезде не болғанын, қазір не болып жатқанын сіздер жақсы түсіну үшін кішкене көбірек баяндап берейін... Бұл аудан Архонттарды шексіз байлық көзі ретінде Ежелгі Мысыр замандарынан бері, Имхотептің «Азат тас қалаушылары» салған Ніл өзені мен Қызыл теңізді қосқан, кейін орасан зор пайда әкелген атақты «фараондар каналы» кезінен қызықтырды. Кейінгі жылдары канал қараусыз қалып, бөтен билеушілермен сауданың маңызды артериясы ретінде қайта қалпына келтіріледі. Және ақыр соңында Мысырды арабтар жаулап алған кезде,

алғашқыда оны басында қайта реттеген. Ал кейін Халифаттың негізгі аудандары арқылы сауда жолын арнайы өткізу мақсатында каналды көміп тастайды. Алтын әкелген сауда жолын қалпына келтіру жоспары, тек қағаз жүзінде Осман империясында және Бонапарттың мысырлық экспедициясы кезінде (1798-1801) дайындалады. Айтпақшы соңғысы Архонттардың тапсырмасымен жүзеге асырылған. Архонттар өздерін қызықтыратын сол аймақ туралы барлық дәл деректерді алғаннан кейін, мүмкіндіктер мен алыс болашақ перспективасын есептеген сәттен бастап, жоғары лауазымды шенеуліктер мен жергілікті ақсүйектермен, тіпті халықпен жақындасып, достасқан өздерінің адамдарымен «Мысырды» біртіндеп «толтыра» бастайды.

Архонттар Еуропа мен Америкадағы маңыздылығы бірінші өздерінің саяси істерін реттеп болған соң, біршама қызықты Мысыр аймағымен қолдарын түре кірісіп кетеді. Бұл партияларындағы басты пешкі болып, олармен өзінің негізгі бірнеше партиясына дайындалған Фердинанд Лессепс тағайындалады. Осыған дейін ол Еуропа мен Азияның бірнеше елдерінде әртүрлі дипломатиялық қызметтерде жасайды. Ол Мысырда 1831-1837 жылдары «Еркін тас қалаушылардың» тапсырмасымен мысырлық сарайдың өкілдерімен жеке байланысын орнатады. Кейінірек Архонттар Мысырда Францияның ықпалын күшейткен кезде, Фердинанд Лессепс өзінің жеке байланысының арқасында 1854 жылы мысыр билеушісі Саид-пашадан тиімді жағдайда Суэц каналының құрылысына концессия алады. Лессепс заңды тұрғысынан мысырлық кәсіпорын болып саналған «Суэц каналының жалпы компаниясы» (Всеобщую компанию Суэцкого канала) деп аталған кәсіпорынды ұйымдастырып, сәйкесінше оны басқарады. Және бұл жерде қандай қитұрқы ойын болғанын қараңыздар, — деді Сэнсэй Николай Андреевич пен үлкен балаларға қарап. — Басында олар Мысыр үкіметіне барлық акциялардың 44% сатып алуға мүмкіндік береді, ал 53% -ын

Францияда, «Еркін тас қалаушылар» бір қарағанда бір-бірлеріне мүлдем қатысы жоқ «өздерінің» адамдарының арасында үлестіреді. Ал қалған 3% акция басқа мемлекеттерде, бірақ ол да ұйымдарына тиесілі «өздерінің» адамдарының арасында. Әрі қарай концессия шарты бойынша акционерлерге (жартысынан көбі «Еркін тас қалаушылардың» өкілдері болған) пайданың 71%, Мысырға — 15%, компанияның негізін қалаушыға, әрине оның кім екенін сіздер білесіздер — 10% тиесілі болды. Әрі қарай өздеріне барынша аз шығынмен Суэц каналына толыққанды бақылауды алу үшін, олар мысырлық үкіметті әдеттегідей жерге отырғызып кетеді.

Канал құрылысы 1859 жылы басталып, 1869 жылы аяқталады. Жобаның авторлары «өз адамдары» — екі француздық инженер және бір италиялық болды. Ал Суэц каналындағы негізгі «қара жұмыс», зорлықпен айына алпыс мың адамнан жиналған, мысырлық феллахтардың күшімен жасалды. Алпыс мың, — деп Сэнсэй астын сызып айтты, — сол кездегі төрт миллион халқы бар Мысырдан! Осы құрылыс кезінде өте көп адам шамадан тыс ауыр жұмыс пен эпидемиядан өледі. Бірақ мысыр үкіметі өз жұмысшыларының қажеттіліктеріне қаншалықты үнемдегенімен, бұл канал құрылысы бәрібір аса үлкен шығындарды қажет етті. Және Мысыр елін біртіндеп қиын экономикалық жағдайға түсіре бастады. Негізінде бұл жағдайды ең басынан бастап болжауға (көруге) болатын еді. Архонттар бұл істі алдын-ала есептеп, осындай «нәтижеге» Мысырды біртіндеп жоспарлы әкеледі. Ал жергілікті билеушілер байыппен есептеудің орнына жомарт «еуропалықтардың» жеке өздеріне берген сыйлықтарына риза болып, Суэц каналы секілді көз қызықтыратын бәліштің бір тілімін аламыз деген ойларымен өз-өздерін қуантумен болды. Мысырдың экономикалық жағдайы анағұрлым нашарлаған кезде, мысырлықтар өздерін «алдап соққанын» түсінеді, бірақ ендігі барлығы кеш болды.

1875 жылы Британ үкіметі Исмаил-пашадан Суэц каналының мысырлық үлес акциясын сатып алады. Ал 1880

жылы «Еркін тас қалаушылардың» қысымымен мысырлық үкімет өзінің Суэц каналынан түсетін пайданың 15% алу құқығын толығымен сатуға мәжбүр болады. Және оны кімге сатты деп ойлайсыздар? Ротшильдтерге тиесілі француздық банкке. Осындай саяси алаяқтық нәтижесінде Мысыр елі Суэц каналын басқару және пайдадағы үлесінен шеттетіледі.

— Енді иә, — деп Володя мырс етті, — мысырлықтардың ақшасымен өздерінің жерінде канал салады, барлық ақшаларын суырып алады және мысырлықтар оларға қарыз болып қалады!

— Өте дұрыс. Суэц каналы «ағылшын-француз кәсіпорнына» айналады. Атауы әрине керемет, бірақ бұл жерде халықтардың еш қатысы жоқ. Оларға тек аш қарынға «өз елдерінің жетістігі» үшін кеуде көтерген ақымақ айқайлау ғана тиеді, ал негізгі пайда Архонт өкілдерінің қалтасына кетті.

1882 жылы Мысырды ағылшындық әскерилермен басып алып, одан Таяу Шығыстағы басты британдық әскери-стратегиялық базаны жасап, Суэц каналын қолдарына қаржы жағынан ғана емес, іс жүзінде иеленгеннен кейін, Архонттар Суэц каналын өздерінің саяси ойындарында негізгі көзірі ретінде пайдаланады. Бірінші және Екінші дүниежүзілік соғыстары кезінде олар бұл нысанды толықтай бақылауда ұстайды, сәйкесінше кеме қатынасын да. Тіпті каналды пайдаланғаны үшін Мысырлық кемелерден де басқа мемлекеттердің кемелерінен алынғандай төлем алынады.

— Бұл деген айдың-күннің аманында тонау емес пе! — деп Женька әзілмен наразы болды. — Сонда не болғаны? Мен өз ауылымда көрші көшеге жету үшін баж салығын төлеуге тиіс болғаным ба? Э жоқ, менде осындай жағдайларда қарсы тарапты жіберетін мекен-жайым әрқашан дайын.

Балалардың жүзіне күлкі үйірілді.

— Қорықпа, ол мекен-жай мысырлықтарда көптен бері бар және біреу ғана емес, — деп Сэнсэй әзілдеді. — Әрине халық ұзақ уақыт бойы оны сыбырлап қана айтып жүрді, тек каналдан түскен пайданың қайда кетіп жатқанын өте жақсы түсінген

адамдар Мысыр билігіне келгенге дейін. 1956 жылы Мысыр үкіметі Суэц каналын алады да, мемлекеттік компанияға айналдырады. Архонттар өздеріне көптен бері табанды қарсы тұрушылардан қолдау алған Мысыр билігінен осындай батылдықты мүлдем күтпегені анық еді. Енді әрі қарай басталып кетеді. Ұлыбритания, Франция және АҚШ-тың билеуші шеңбері, шын мәнінде Архонттардың қуыршақтары, каналды «интернационалдыруға» жету мақсатында Мысырға лезде дипломатиялық қысым көрсетеді. Елдің экономикалық блокадасын ұйымдастырады. Бірақ Мысырда көмексіз қалмайды. Сол кезде олар Израильдің көмегімен Мысырға қарсы әскери интервенция ұйымдастырып, нәтижесінде каналды әдейі бүлдіреді. Ол да көмектеспейді. Мысырлықтар көп ұзамай каналды қалпына келтіреді. Бірақ Архонттар бұл жеңілісті мойындағылары келмейді. Айтпақшы 1967 жылғы Израильдің Мысырға және кейбір араб мемлекеттеріне қарсы соғысы, осы каналға үстемдік ету мақсатында басталды (соғыс шебі канал бойымен өтіп жатты).

— Ал еврей халқының сол дін басшыларының мүддесі үшін соғысу ниеті болды ма? — деді Виктор.

— Дұрыс адам соғысты қалайды ма? — деді сөздеріне Сэнсэй. — Соғыс Архонттарға керек болды. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін олар «Ариман қанжарын» (клинок Аримана) жасауға не үшін қарқынды кірісіп кетті деп ойлайсыздар?

— «Ариман қанжары» (клинок Аримана)?! — деп балалар бір үнмен таңғалды.

Сэнсэй бұл ақпаратты айтуға болады ма, жоқ па деп ойланғандай үнсіз қалды да, бірақ кейін жауап берді:

— Иә. Уақыттарыңыз болып жатса қызық үшін Израиль құрылған кездегі және 1948 жылы «тәуелсіздік үшін соғыс» деп аталатыннан кейінгі шекараларына картадан көз салыңыздар.

— Сэнсэй, — деді Женька шыдамсыздана, — менің қызығушылығымды қытықтауды білесің. «Уақыттарың болса»,



«картаға көз салыңыздар»... менің тіпті қазір жақын жердегі кітапханаға жүгіруге табаным қышып тұрғаны.

Балалар да оны белсенді қолдай бастады.

— Иә, Сэнсэй болмаса құмға сызып көрсетші, — деп ұсынды Стас.

— Енді құмға салудың не керегі бар, — деп мен сол бойда өз қолжазба дәптерімнің таза парағы мен қаламымды Сэнсэйге ұсындым.

— М-да, — деп жасырусыз қызығушылығымен Николай Андреевичте біздерді қолдады.

Сэнсэй қолжазба дәптер мен қаламды қолына алып, иығын көтеріп жымыиысымен:

— Әрқашан мархабат. Бірақ ескерерсіздер, мен суретші емеспін. — Және түсіндіре суретін сыза бастады: — Енді, бұл жобамен осылай...

Барлығымыз бұйрық берілгендей суретті жақынырақ көру үшін орындарымыздан тұрып кеттік.

— Дәл қанжар! — деп таза паракта анық контурлары көріне бастаған кезде Стас барлығымыздың таңданысымызды айтқандай.

— Мына жерде Жерорта теңізі, — деп сәйкес жазуды жазып Сэнсэй түсіндірді. — Ал мына жерде Мысыр, мында Иордания. Араларында қанжар, «жүзі» (ұшы) Қызыл теңізге тіреледі. Ал «сабын» солтүстікте Ливан мен Сирия қоршап жатыр.


— О, ал сабында қандай пішін пайда болды? — деді Андрей байқампаздықпен Сэнсэй «қанжардың» ішкі шекарасын салып жатқан кезде.

— Сақалды Мефистофельге ұқсайды екен, — деді суретті қараған Костя.

— Және осы Мефистофельдің аузында Иерусалим қаласы, — деп Сэнсэй суретті аяқтап, сол жерді кішкене нүктемен белгілеп, бағыттамамен қала атын жазып қойды.

— Ал керек болса! — деп Виктор таңғалды. — Тура мистика екен!

— Бұл жерде ешқандай да мистика жоқ, — деп Сэнсэй қолын сілтеді, — барлығы пендешілік, — Сэнсэй өзінің жұмысына суретші секілді сүйсініп, суреттің мәнерлілігі үшін күлді де, «Мефистофель» бейнесіне көзді салып, соңғы штрих енгізді. Үлкен балалар күлді. Ал Сэнсэй әрі қарай әңгімесін анағұрлым салмақты айта бастады.



«Ариман қанжары»  
Сэнсэй суреті  
Анастасия Новых күнделігінен алынған

— Ең қызығы, 1967 жылғы «алты күндік соғыс» деп аталатыннан кейін, Израиль Мысырды, Сирияны, Иорданияны жеңіліске ұшыратып, Синай түбегін басып алғаннан кейін (Суэц каналының шығыс жағалауына шығатын), Архонттардың еркімен (ал ақпарат құралдарында «АҚШ-тың қысымымен деп жазады) кейбір келісімдердің орнына (қандай екенін өздеріңіз білесіздер) Мысырға жеңілдіктер жасап, сәйкесінше өзінің оңтүстіктегі бұрынғы шекарасына оралады!

Сэнсэй маған қолжазба дәптерім мен қаламымды берді.

— Қане-е-е, қа-не, — деп Женька маман түріне еніп менің қол дәптерімді алды.

Сурет біздің қызығушы ұжымның қолдарына кезекпен өтті. Оны әркімнің жақынырақ көргісі келді.

Николай Андреевич сызбаны мұқият қарап оны Володяға берді де:

— Егер Архонттар бұл «Ариман қанжарын» жасаған болса және олардың алыс болашаққа есептеулерін ескеретін болсақ, ендеше бұл тек бір ғана мақсат үшін жасалмаған деп болжам жасауға болады, — деді.

Стас ойнағандай басын қасып:

— Иә, мектепте географияны жақсы оқу керек еді. Өзіңді толық ақымақ сезінеді екенсің! — деді.

— Ендеше арықта! — деді сол бойда Женька.

— Түсінбедім, не үшін?

— Өзіңді арық ақымақ сезінетін боласың!

Ұжым күлді.

— Иә, әлгі «ханша» болмай шыққан «Азаттық ханшасы» туралы, әрі қарай не болды? — деп Виктор Сэнсэйдің есіне салды.

— Иә, иә, иә, — деді Женька да. — Әлгі мамасының баласы Мысырға келген жерден тоқтадық.

— Келді, — деп Сэнсэй жымыиысымен растады да, әңгімесін әрі қарай жалғастырды: — Және жас Фредерик Бартольдиді бірінші таңғалдырған — мыңдаған жылдарды еңсерген аса үлкен

алып ескерткіштер (статуя) болды. Есімін ғасырларға сақтап, өзі туралы ұлы шебер деп айтсын деген ниетпен осындай ғаламатты өзінің де салуға ниеті оянады. Жалпы амбициясы үлкен, бірақ талантты Құдай бермеген дегендей еді. Дегенмен қолында әрқашан «күдіретті анасының туыстары» болды.

Бұл кезде Суэц каналының құрылысы жүріп жатты. Фредерикті осы құрылыстың «бастығы» — Фердинанд Лессепспен жолықтырады. Және ол оған құрылысты мәңгілік есте қалдыру үшін, Суэц каналына кіретін жолда атақты Үлкен Сфинкстен екі есе үлкен, маяк қызметін атқаратын алып статуя қою туралы өзінің «керемет идеясы» туралы айтып береді. Және бұл идея Лессепстің қара басына да жаман емес пайда түсіретіннің иісі шыққандықтан, ол әрине бұл мәселеде оны қолдайды.

Фредерик үлгісін мысырлық үкіметке көрсету үшін және бұл жобаға олардан үлкен қаржыны алу жоспарымен, мүсіннің нұсқаларын жасауға кірісіп кетеді. Бірақ басына жарытып ештеңе келмейді және ол басқа дәуірлердің атақты мүсіншілерінің, әсіресе әлемнің жеті кереметінің бірі — грек мифологиясында кең таралған Гиперион титанның ұлы, сұлу жас жігіт Гелиос күн құдайы — Колосс Родосскийді жасаған ежелгі гректердің идеясын алады. Бұл алып мүсін біздің заманымызға дейінгі 280 жылы грек аралы Родосқа кіре беріске орнатылған еді. Кейінірек жер сілкінісінің салдарынан жартылай бүлінген.

Айтпақшы бұл «гректік нұсқа» идеясын да Фредерикке сол Лессепстің өзі айтқан... Сол атақты мүсінді жасаған ежелгі мүсінші Хареспен өзін салыстырып, жас Фредерикте өзінің кішкене «Клоссын», сымбатты басында тәжі бар әйелге ұқсас жас жігіттің мүсінін жасайды. Ал кейін ақылсымай, «Еркін тас қалаушылар» орденінің символикасын, философиясын, жабық тарихын біршама жақсы білген Лессепстің кеңесімен, ежелгі иран құдайы Митраның атрибутикаларын мүсін бейнесіне қосады.

— Ал олар сол құдайдың қай жеріне қызықты? — деп Виктор сұрады.

— Митра авестадаң (с авестийского) тікелей аударғанда, «келісім-шарт, «келісу» дегенді білдіреді. Ежелде оны келісім идеясымен байланыстырған, кейінірек күн құдайы ретінде табынған (құрметтеген). Бірақ Архонттар барлығын өздерінің сүйікті аримандық философиясына өзгертудің үлкен жанкүйерлері емес пе. Сондықтан олар бір кездері адамдар үшін танымал жағымды Митра кейіпкерін өз мәнерлеріне салады... Бұл туралы кейінірек айтып беремін... Қысқасы, осылайша Фредериктің мүсінінде қолында алау, ал басында жеті сәулелі тәж пайда болады. Сол жерлердің дәстүрлеріне сай киіммен мүсінді толықтырып, Фредерик Лессепс арқылы мүсін жобасын билеуші Исмаил пашаға көрсетіп, «шедеврiнiң» екі атауын ұсынады — «Азияға жарық әкелуші Прогресс» немесе «Азияға сәуле шашқан Мысыр».

— Азияға жарық әкелуші?! — деп Николай Андреевич ішінен бір нәрсе туралы ойға батқаны анық, таңғала қайталады.

— Айтпақшы атауының қалай пайда болғандығы туралы, — деді Сэнсэй. — Бірде Фредерик қатысқан Лессепстің кезекті кешкі асында, әңгіме сол кездегі француздардың сәндік талғамы, саясат туралы болады. Және француз романтизмінің көрнекті өкілі, суретші Эжен Делакруаның сол кездегі атақты «халықты бастаушы Азаттық» картинасы туралы да сөз жүреді...

— Делакруа картинасы? Ал онда не бейнеленген? — деп сұрады Костя.

— Картина 1830 жылғы шілде айындағы Париждегі революцияның баррикадалық шайқастарына арналған. Ол картинада антикалық киімдегі жартылай жалаңаш, оң қолына үш түсті республикалық туды көтерген, ал сол қолына қару ұстаған жас әйел бейнеленген. Ол баррикадаға қарсы артынан еруге шақыруда. Артынан қаруланған париждіктер еріп келеді. Суретшінің ойы бойынша бұл әйел Азаттықтың бейнесі болған.

— Халықты баррикадаларға итерген Азаттық, — деді Николай Андреевич ойлана. — Хм, рухани құндылықтарды материалдық құндылықтарға шебер алмастыру. Тура

Архонттардың дайын ұраны секілді. Өйткені шын мәнінде гипертрофияланған өзімшіл мақтаныш сезімінен азап шегуші кішкене ғана топтың шын еркіндігі үшін, «азаттық» қарапайым халықты өлімге апара жатқан болып шығады...

— Енді оған кімнің күмәні болсын, — деп Сэнсэй басын изеді. — Картинада тегін емес, арнайы астарлы сөзі бар. Бірақ қазір ол туралы емес. Енді былай, сол кешкі қонақ асыдан кейін мүсінді сол мәтінге ұқсас есіммен атау идеясы туындайды. «Халықты бастаушы Азаттық» картинасының арқасында «Азияға жарық әкелуші Проресс» атауы пайда болады. Бірақ Бартольди қанша тырысса да, осындай алып мүсінді орнату туралы оның ұсынысын Исмаил-паша қабылдамайды. Қабылдамаудың негізгі себебі, мүсінді мысыр қазынасынан салу жоспары еді. Ал сіздер Суэц каналының арқасында үкімет қазынасы тез азайғанын білесіздер. Бірақ бұл қабылдамаудың артында айтарлықтай діни мотивте болды.

Қысқасы Мысырда еш жетістікке жетпей, Фредерик Бартольди Францияға үйіне кетеді, ал Лессепс Мысырда канал құрылысын бітіру үшін қалады. Бірақ бұл біріккен идея ұмытылмайды. Және өзінің жаңа жүзеге асуын, француз сенаторы, заңгер, тарихшы, «Еркін тас қалаушылар» орденінің мүшесі, американдық саяси жүйенің жанкүйері Эдуард де Лабуленің арқасында табады. Эдуард де Лабуленің «демократиялық» үйірмесінің жиналыстарының бірінде, Фредерик оның аузынан — АҚШ тәуелсіздігін алғанына жүз жыл болған атақты датаның жақындағаны және Францияда болған өнердің шын шедеврлері осындай «Азат елде» болмағандығына жаны ашитыны туралы естиді. Бартольди әрине бұл «кемшілікті» жою туралы шешім қабылдайды. Мысырлық қиыншылықтарда бірге болған «достарымен» ақылдаса келе, бұл жобаға жаңа серпін беріп, осы мәселенің нәзік тұстарымен Эдвард де Лабулені таныстыру туралы шешім қабылданады.

Қазіргі тарихта Азаттық мүсінін жасап және оны екі ел халықтарының достық нышаны ретінде АҚШ-қа сыйлау идеясы

Эдвард де Лабулеге тиесілі деген тарих қарқынды насихатталуда. Ал бұл мүсіннің шығу тарихы мысырлық екендігі және Суэц каналынан кейінгі қитұрқы істері жария болғаннан кейін, «панамдық жанжал» ісімен абыройы қараланған Фердинанд Лессепстің бұл іске қатысуы туралы ештеңе айтылмайды. Бірақ Лессепс бұл мүсіннің жасалуының тек басында ғана емес, АҚШ-қа арналған Азаттық мүсінінің жобасына тікелей қатысты.

Жобаны жүзеге асыруға Эдуард де Лабуле секілді тұлғаларды қосу жобаның сапалы іске асуына бағыттайды. Ол бұл істің саяси қадамын ғана есептеп қоймай, «өз адамдарын» да іске қосады. Бұл мүсінді жасау әрине үлкен қаржыны талап етті. Ал қаржыны жинау үшін және сонымен бірге «жұмыстар координациясы» үшін басшысы Лабуле болған толық бір «Франко-Америкалық одағы» құрылады. Және зер салсаңыздар, Франциядағы қаржы жинауды ұйымдастыруды және сол мүсінді жасауды өзіне алған Париждегі комитетті басқа емес, дәл сол Фердинанд Лессепс басқарады. Ал АҚШ-тағы қаржы жинау мен мүсінге тұғыр құрылысын жүргізген комитетті заңгер Вильям Эвартс басқарады.

— Қысқасы бірегей «банда», — деді Володя білінер-білінбес жымыысымен.

— Бұл жобаға ақша жинау болған сыртқы түрімен қандай істер жасалғанына егжей-тегжейлі тоқталмай-ақ қоялық... — деді Сэнсэй байқампаздықпен.

— Түсінікті шаруа. Бұл «мамандар» тек жақсылық жасау ниетімен бұл жобаны қолға алмас еді, — деді тағы да Володя. — Ал Эдуард де Лабулемен олар өздерінің «саңылауларын» қызығушы қоғам көздерінен жасырған.

— Шыныменде жапқан, — деп Сэнсэй басын изеді. — Мүсінді жасаудағы негізгі рөл бүгінгі күнде Фредерик Бартольдиға берілген. Дегенмен бұл мүсінге ақылы мен талантын салып негізгі жұмысты жасаған француз инженері Гюстав Эйфель еді. Оған массивті темір тұғыр мен мүсінді ұстап



тұратын каркасты жобалау тапсырылды. Мүсін тұғыры (пьедестал) америкалық архитектор Ричард Моррис Хантпен жобаланады.

— Эйфель? Бұл Париждегі Эйфель мұнарасын салған адам ба? — деп Андрей нақтылай сұрады.

— Иә.

— М-да, — деп Женька сөзін созғылады. — Мына Фредидің жұмысы жақсы-ақ екен, «жерде жатқанды ұрма» деп аталады. Барлығын-барлығын ол үшін жасап береді екен, ал ол күр жерден атақты өзіне ала салады.

Сэнсэй күлді.

— Енді не үшін жоқ жерден? Ол да бұл шаруаға өз «үлесін» қосты. Серіктерінің әзірлемелері мен нұсқауларынан кейін, Фредерик мүсіннің сұлбасын сәл өзгертеді. Мысалға, аяғына үзілген «тирания» шынжырын қосады. Сол қолына «Заңдар Кітабын» қояды.

— Еврей «Торасы ма»? — деп Женька мысқылдай сұрады.

— Бұл жерде «Тораның» не қатысы бар? — деп Стас сөзін жөндеді. — Саған Америка үшін салған мүсінді айтып жатқан жоқ па.

— Ал бұл жерде Американың қандай қатысы бар? — деп Женька да өз кезегінде қарсылық үнімен айтты. — Мүсінді еврейлер жасаған. — Ал олардың «Заңдар Кітабы» — «Тора».

Барлығы Женькаға таңғала қараған кішкене үзіліс пайда болды, ал кейін назарлары Сэнсэйге өтті. Сэнсэй Николай Андреевичке қарап, аздап жымыды да, ештеңе болмағандай әрі қарай түсіндіре берді.

— «Заңдар Кітабы» деп тәуелсіздік Декларациясын атаған... мүсіннің қолында болған сол таблицада «Еркін тас қалаушылар» үшін маңызды болған уақыт рим цифрасымен қашалып жазылған — 1776 жылдың 4 шілдесі, өз мемлекеттерінің құрылуына жол ашқан, көптен күткен өздерінің өкілдерімен тәуелсіздік Декларациясына қол қойылған күн... Фредерик сонымен бірге мүсінге римдік киімді кигізеді...

Оған сол бойда Стас Женьканың назарын аударды.

— Міне, міне, естіп тұрмысың ауылбай! Римдік сандар, римдік киім. Қара, еврейлік ештеңе жоқ!

Бұл сәтте Сэнсэй байқампаздықпен:

— Айта кету керек, қазіргі күнде барша әлем қолданатын римдік құқық, Ежелгі Римде сол кездегі «Еркін тас қалаушылардың» жоғары структурасында болған діни басшылар — понтификтермен жасалған.

— Міне саған жаңалық! — деп Николай Андреевич таңғалды.

— Бұл туралы толығырақ сәл киінірек айтып беремін... Енді әрі қарай Фредерик Бартольди мүсінге өзінің билікшіл анасы Шарлотта Бейсердің бет-пішімін салып, мүсінге әйелдік бейне береді.

— Барлығы дұрыс, — деп Николай Андреевич түсінгендей айтты. — Еврей халқында әйел тек ұрпақ жалғастырушы ғана емес, әулет күшінің басты жалғастырушысы болып саналады. Оларда басқа халықтардағыдай ұлт әкесі арқылы емес, шешесі арқылы беріледі.

Женька Стасты бүйірінен сәл түртіп, жеңімпазша:

— О, мен саған айттым емес пе, ол жерде еврейлерсіз болмаған! — деді.

Сэнсэй бұл сөздерге де ештеңе айтпай жай ғана жымыып әңгімесін жалғастырды:

— Және бұл мүсінге — «әлемге жарық шашқан Азаттық» деген атау беріледі.

— Хм, — деп Виктор иығын көтерді. Бұл қайдағы «Азаттық»?! Дұрысында «әлемге өз тираниясын әкелген, еврей дін басшыларының Тұқымы (Әулеті)» деп айтса болады.

— «Леди Сара!» — деп Женька балалардың күлкісін шақырып қатты даусымен жариялады.

Сэнсэй балалар тынышталғанша әңгімеге кішкене үзіліс жасап, кейін сөзін жалғастырды.

— Әрине Митраның атрибутикалары — алау және жеті сәулелі тәж қалдырылды. Кейін Бартольди қоғамға жеті сәулелі тәж әлемнің жеті бөлігін: жеті мұхит пен жеті құрлықтың символы, ал оң қолындағы алау — Ағартушылықтың (Просвещения) атрибутикасы деп айтатын болады. Және бұл символдардың шын шығу тегінен алыстататын осыған ұқсас нәрселер... Олар мерейтойлық датаға айтарлықтай кешігіп қалса да, жобаны ақыр аяғы жүзеге асырады. Мүсін дайындалып, АҚШ-қа әкелінеді. Бедлоу аралындағы 1812 жылы соғыс үшін салынған Вуд фортының ішкі граниттік тұғырына орнатылады. Айтпақшы бұл форттың қабырғалары да жұлдыз формасында қаланған.

— Демек ол аралға орнатылғаны ма? — деп сұрады Андрей. — Ал мен Нью-Йоркте шығар деп ойласам.

— Сен дұрыс ойлағансың, — деп Сэнсэй басын изеді. Нью-Йорк қаласының көп бөлігі аралдарда орналасқан. Кішкентай Бедлоу аралы нью-йорк айлағында... Бұл топпен осы қаланың және осы жердің таңдалынып алынуы да кездейсоқтық емес екендігін қаперлеріңізге саламын. Мысалы бұл арал XVII ғасырдан бастап Исаак Бедлоуға тиесілі болған. Және тек 1956 жылы ғана Азаттық аралы атауына өзгертілген.

— А-а-а, істің мәні қайда жатыр десем, — деп Николай Андреевич жымия айтты. — Демек Исаакқа. Ал мен бұл атауы ағылшынның «bad lands» сөзінен, яғни егінге құнарсыз «жаман жерлер» дегенді білдіретін сөзден шықты деп ойласам.

— Енді солай, — деп Сэнсэй әзіл шыны аралас айтты да: — Ол жерде тек сол арал ғана емес, сол айлақтағы және Манхеттен аралындағы орталық аудан да шын мәнінде ауқатты бай еврейлерге тиесілі болды. Мен сіздерге одан да артығын айтайын. Кейінірек бұл аудан іскер кварталдары, салынған зәулім ғимараттары (оның ішінде Біріккен Ұлттар Ұйымының ғимараты да бар) бар қаланың ең сәнді ауданы ғана емес, ірі халықаралық қаржылық орталыққа да айналады. Байлық пен

билік шоғырланған Нью-Йорк қаласын әлемнің жарияланбаған астанасы деп бекер атамайды.

— Қысқасы Архонттар ол жерге дұрысынан жайғасып алған, — деп Виктор өз ойын айтты.

— Солай деп айтсақ та болады. Бұл олардың негізгі орталықтарының бірі.

— Митраның алауы мен тәжі нені білдіреді? — деп Костя Сэнсэйден сұрады.

— Алау митраизм дінінің концепциясы бойынша өмірлік күшті білдіреді, ал жеті нұрлы тәж — күн құдайы Митра және оның алты көмекшісінің билігінің нышаны. Бірақ сіздер жақсырақ түсіну үшін бұл символдарды «Еркін тас қалаушылар» не үшін алған және адамзат тарихында олар өз мақсаттары үшін митраизм дінін қалай пайдаланғаны туралы мен кішкене тереңірек айтып берейін.

Митраизм діні негізінде Ежелгі Иранда (Парсы) пайда болып кең таралған, бүгінгі күнде аздаған көлемде сақталып, қасиетті кітабы «Авестада» жазылған ежелгі әлемдік діндердің бірі зороастризм дінінен шыққан. Зороастризм дініндегі ежелгі құдайы болмыстың саны — 33. Есімі «Даналық Әміршісі» (Владыка Мудрости) немесе «Барлығын білетін Әмірші» (Владыка Всеведущий) болып аударылатын Жоғарғы құдай болып Ахура-Мазда саналған. Оны ойының күшінен пайда болған Ғарыштың жаратушысы және даналықтың көрінісі деп санаған. Барша құдайлардың істерін және адамдарды басқарады деп есептеген. Зороастризм түсінігіне сай Ахура-Мазда мәңгілік өмір сүретін (бессмертных святых) Әулиелерді жаратады (ал өзі жетінші болады). Және Ахура-Мазданың қасиеттерін бойларына сіңірген оларды, бірге «Амеша Спента» — жеті «Өлмейтін Әсеретушілер» (Бессмертных Воздействующих) немесе кейін «Өлмейтін Әулиелер» (Бессмертных Святых), «нұр шашатын болмыстар» деп атаған. Және олардың бірегей алғашқы символы лотос гүлі болған!

— О, тура Шамбаланың жеті Бодхисатвасы секілді, — деді Виктор.

— Лотос гүлі?! — деп балалар бірдей өз таңғалыстарын білдірді.


— Иә. Бірақ сәл кейінірек адамдар өздерінің ойлауынша ол Болмыстарды ер және әйелге бөліп, олардың әрқайсысына айырмашылық үшін өз гүлдерін бере бастайды. Мысалға жеті құдайы болмыстың бірі — Воху Мана-ға («жақсы ой») олар ақжұпар (белый жасмин) гүлін берсе, Армайти (Арматай — «тақуалық» (благодетие), адамдар оны Ахура-Мазданың жұбайына жатқызады) — мускат раушаны (мускатную розу), үшінші — Аурват («тұтастық» (целостность)) — лалагүл (лилия) және сол сияқты.

— Енді түсінікті, — деп Николай Андреевич басын изеді. — Сен дұрыс айттың, таза білім адамдарды қызықтырмайтын секілді. Барлығын өзі білгендей боямалап және кері бұрау.

— Өте дұрыс. Бастапқыда лотос гүлі Шамбаланың «Беляо-Дзы» ғылымының білім нышаны болған. Нәтижесінде адамдар бұл білімнің мәнін жоғалтып алған кезде осындай гүлдер пайда болған — лотос гүлі кескінінің түрлі вариациясы деп айтуға болады... Енді былай, осы жетілік туралы «Авестаның» кітаптарының бірінде — «Яшт» келесідегідей айтылған: «Олардың — ойы бір, сөзі бір, ісі бір... Олар бір-бірінің рухын (жанын) көреді, жақсы ойларды ойлайды, жақсы сөздерді ойлайды, жақсы (игі) істерді ойлайды...



Митра. Барелтеф. Рим



Рождение Митры. Барелтеф. Рим

Олар жаратушылар, құрушылар және жасаушылар, Ахура-Мазда жаратқанды қорғаушылар және сақтаушылар» («Они — одной мысли, одного слова, одного действия... Они видят души друг друга, думая о благих мыслях, думая о благих словах, думая о благих делах... Они творцы, создатели и делатели, защитники и хранители творений Ахура-Мазды»).

Заратуштра ілімі бойынша Ахура-Мазда жаратқан бұл құдайы болмыстар, ежелгі иран дінінде Ахура-Мазданың көмекшілері, мейірімді құдайлар деп саналған, «құлшылыққа лайықты» немесе «(оған) құлшылық жасайтын» дегенді білдіретін «язат-тар» ұрпағын дүниеге келтіреді. Митра солардың бірі болады, бірақ анағұрлым көп құрметтелетіні. Ал олардың жақсы істері мен зұлымдықты жоюдағы көмекшілері жақсы рухтар — фравашилар, жинағы (Нұрдың) Ахура-Мазда болған сәулелердің сынуы деп саналды (также считавшиеся преломлением лучей Света, средоточием которого был Ахура-Мазда)... Бастапқыда тіпті Митраның да белгілі бір бейнесі болмады. Ол құдайы көрініске жатқызылды және оның қандай да бір жеке болмыс статусы болған жоқ. Митра сөзі келісім-шарт, келісім, делдалдық дегенді білдірді.

— Келісім-шарт? — деп Виктор түсінбеді. — Кімді кімдермен? Дін басшылары және құдайы болмыстармен немесе адамдар арасында ма?

Женька мысқылдап:

— Келісім-шарт сөзі менде тек Ариманмен шарттасу немесе пендешілік бас қатуларды есіме түсіреді, — деді.

— Ариман шарты — бұл бастапқыда болғанның бұрмалаған көшірмесі, — деді Сэнсэй.

— Ал бастапқыда не болды? — деп Николай Андреевич лезде қызыға сұрады.

— Адамдарға берілген алғашқы білімде «митра» сөзі ерекше ішкі келісім-шарт мағынасын сыйдырған. Енді осылай айтуға келсе, адамның өзінше бір өз-өзімен келісімі, өзінің ішкі құдайы болмысы — рухымен (жанымен) немесе заманауи

адамдар айтпақшы, өзінің Ар-ұжданымен. Және ол егер адам руханият жағына өзінің жеке таңдауын жасаса, ендеше ол осы жолмен ойларымен, сөздерімен, өзінің істерімен жүруі қажет. Және бұл келісімді бұзбауы шарт!

Неліктен кейінірек Митра сол келісім-шарттың «жоғарғы Күзетшісі (Қорғаушы)» (верховный Страж), адамды бақылаған «мың қабылдаушы» (тысячью восприятий), «он мың көзі, мың құлағы», «он мың тыңшысы бар» және оны ешкім алдай алмайды деп саналды? Бұл адамның артынан қайдағы бір көздері, құлағы көп мутант сырттай бақылады дегенді білдірмеді. Жоқ. Адам кез келген адамды алдап кетуі мүмкін, бірақ тек өзін емес. Шындығына келгенде бұл келісім-шартты ойларымен, сөздерімен және істерімен бақылауда ұстау адамның өзіне келіп тіреледі. Және ол Хайуани негізі толқынына оралып ішкі келісімін бұзса, ол Рухани жағынан жай ғана жетіле алмаған. Ал егер бұл «келісімді» орындаса — рухани жетілуінде біршама өсіп және оған рухани әлем мен өзін-өзі танудың жаңа көкжиегі ашылған.

Айтпақшы ішкі келісім туралы бұл түсінік тек ежелгі ирандықтарға ғана тиесілі болмаған. Одан бұрынғы уақытта ол туралы ежелгі Еуропада және ежелгі Үнді жерлерінде де білген. Ведалық мифологияда мысалға біздің күнімізге дейін жеткен ежелгі үнді тілінен тікелей аударғанда «дос» деген мағынаны беретін Митра құдайы туралы естеліктерде бұл келісімнің екінші қатысушысы ретінде қаралады. Митра Варуна құдаймен бірге (ғаламдық сумен байланысты болған ақиқат пен әділдіктің қорғаушысы) моральдық тәртіптің және сиқырлы асура күшінің (асурской силы) иесі ретінде саналған. Ежелгі үнділік Asura сөзі «өмірлік күшті ұстаушы» дегенді білдіреді, — деп Сэнсэй сол бойда түсіндірді. — Айтпақшы славяндық «мир да бог» сөзі (мәтелі) ведалық mitra-bhaga және — авестиялық Митра-Бага (сөзіне) ұқсас келеді. Бага үнді-ирандық құдайы болмыс, ол Митрамен байланысты және игілікті (благ) үлесті басқарады деп саналған. Яғни қарапайым тілмен айтатын болсақ, сен



өзіңнің Ар-ұжданыңның алдында қаншалықты таза болсаң, өз Тағдырың да соншалықты қалыптасады.

Адамның рухани тазалыққа жетуі, ішкі жан дүниесінің тазаруы құдайы болмыс «Митраның» көрінуін күн нұрымен байланыстырған. Нәтижесінде Митраны тек қарапайым язатпен салыстырмай, оның деңгейін Ахура-Мазданың ұлы дәрежесіне көтерген кезде де, бәрібір оның туылуы туралы «жартастан шыққан сәуле», «тастан шыққан күн» деген естеліктер сақталған. Ал адамдар оны тікелей мағынасында түсінген. Дегенмен бастапқыда бұл адамдарға берілген білімнің қайнар көзіне көрсетуші және ол «қасиетті таудан нұрдың әлемге таралуы» (воплощение в мир света от священных гор) мағынасында естіліп, Шамбаланы нұсқаған. Неліктен әрі қарай Митраның есімдерінің бірі «Аспан Нұрының қайнары» (источник Небесного Света) деп аталған. Сол Митраны анағұрлым кейінгі замандарда жай ғана сәуле шашқан тәжде емес, лотос гүлі тіреуішінде тұрған бейнеде кескіндеген...

Ілім діни формаға еніп, құдайлар мен адамдар арасындағы делдал, Митраны құдайлар пантеонына көтерген кезде, адамдар бұрындары Ахура-Маздаға тиесілі функцияларды оған бере бастайды. Атап айтқанда, өлімнен кейін адам рухы баратын Чинват «бөлгіш-көпірінде» Митра соты болады.

— Чинват? Парсыларда бұл қабір сотына ұқсас па? — деп Николай Андреевич нақтылады.

— Өте дұрыс. Бұл діни көзқарасқа сай, адам тірілер мен өлілер патшалығын бөлуші Чинват көпіріне түскен кезде, көпір «күнәһардың» астында «ұстараның жүзі секілді» сығылып, ал «тақуаның» аяғының астында — кең әрі жүруге ыңғайлы болады. Қабір сотында Митраның екі жағында таразысы бар язаттар Рашну мен Сраоша тұрады. Олар әрбір рухтың (жанның) ойларын, сөздері мен жасаған істерін таразыға салады. Егер таразыда жақсы ойлар және игі істер көп болса, ендеше бұл адамның рухы жұмаққа лайықты деп саналған. Ал егер таразы

зұлымдық жағына ауып жатса, ендеше рухы қайтадан тозаққа жіберілген. Назар салыңыз, ол адам қайтадан «ұзақ ғасыр азап шегіп, түнек, жаман ас пен өкінішті ыңырсуды» басынан өткізетін «жаман ойлар мекені (үйі)» («жилище дурного помысла») деп саналған тозаққа қайта жіберілген.

— Қысқасы, оны реинкарнацияға жіберген, — деді Виктор жалпылай.

— Ал керек болса, — деп Костя таңғалды. — Мысырлықтарда таразымен қабір соты, парсыларда — таразымен қабір соты. Сонымен, шыныменде рухты соттайтын, таразысы бар қабір соты бар болғаны ма?

— Енді саған дәлірек қалай айтсам болады? Мұның барлығы адам тәні өлгеннен кейін жобамен не болатынын ақылға салып елестету үшін, қарапайым адам түсінігіне ыңғайланған ассоциативті түсіндірулер. Өйткені материалдық әлемнің сыртында болып жатқан процесстерді дәл сипаттап беру мүмкін емес. Бұл мүлдем басқа әлем.

Женька лезде Костяға «түсіндіріп» берді.

— Иә! Бұл саған бауырым тіпті мұхитта өмір сүрудің қаншалықты керемет екенін жүзетіннің ауамен дем алатынға (суда ұзақ уақыт болу өліммен бірдей болатындарға) мақтағаны да емес.

Балалар күлді, ал Сэнсэй қолдағандай басын изеп:

— Сондықтан бұл сөздердің барлығы — «сот», «таразы», «сотшы» — өлімнен кейін не күтіп тұрғаны және ең бастысы жердегі өздеріне берілген аз ғана уақытты жақсы ойлар, сөздер мен игі істерге неліктен тиімді пайдалану керек екендігін түсіну жеңілірек болу үшін адамдар өмірінен алынған жай ғана ассоциативті сөздер. Әрине бұл ассоциациялар дәл емес, бірақ көпшілік үшін жалпы шын мәнін түсіндіреді...

— Жоқ, мен бәрібір де адам туралы барлығын, оның ойлары, сөздері және істері, тіпті толық өмірін білу дегенді өзіме елестете алмаймын, — деп Слава иығын көтерді. — Осылайша кімнің кім екендігін қалайша тануға болады?

Оған Сэнсэй күлімдеді де, философиялық түрде жұмбақ жауап берді:

— Егер ешқандай көлеңкесіз таза сәуле шұғыласы көрінсе, ол жалпы Нұрмен қосылып бір (бірегей) сәулеге айналады. Ал егер сәуле шұғыласының орнына көлеңке пайда болса, таза Нұр көлеңкені өзінің қоршаған ортасына қайтарады. Өйткені көлеңкенің орны, Сәуле жоқ жерде. Және мәні де осында (Если проявляется чистый проблеск света без всякой тени, то он сливается с общим Светом в единый луч. Если же вместо проблеска света проявляется тень, чистый Свет отталкивает тень в её среду. Ибо место тени там, где нет Света. И в этом суть).

— Ал рухани әлемдегі өмір, ол қандай? — деп Руслан армандай сұрады.

Володя әскери жуан даусымен:

— Рухани жетіл — білесің, — деді.

Ал Сэнсэй Русланға жауап берді:

— Мен саған рухани әлемнің нәзік тұстарын қанша айтып берсемде, маған бәрібір де материя тілімен саған түсіндіруге тура келеді және материалдық әлемнің ыңғайсыз салыстыруларымен, себебі адам санасы материалды. Рухани әлемде материя тілі жоқ.

Стас Сэнсәйден бұл сұраққа қатысты барынша көп ақпарат алғысы келгені анық, Русланды қолдай бастады.

— Жоқ. Енді адам тілі сөздерге бай емес пе. Бұл ақпаратты біршама кең сөздер спектрінде ашуға болмайды ма?

Жауап ретінде Сэнсэй тек ауыр күрсінді. Істің осылай кеткенін көрген Женька лезде жағдайды пайдаланып, Стасты өзінің әзілдерімен түйреп алды:

— Түсінемісің, маймылға іштен жану қозғалтқышы туралы қанша түсіндіруге тырыссаң да, оның сені түсіне қоюы екіталай.

Ұжым күлді. Ал Стас Женьканың өзінің «таза ниетіне» араласуына наразы болған күйі лезде досының әзіліне жауап берді.

— Енді сен түсіндің емес пе!

Ұжым одан бетер күліп жіберді. Тек Николай Андреевич қана сабырсыз бұл жұпқа қарап басын шайқап қорытындылады да, Сэнсэйден:

— Демек, зороастризмде уақыт өте ішкі руханият туралы білімдерді сыртқы материалдық ынталандыруға жай ғана алмастыру жүргені ме? — деп сұрады.

— Өте дұрыс, — деп Сэнсэй басын изеді. — Сол Митраны алып көрелік. Кейін ол қазіргі заманауи тілмен айтатын болсақ социумды жаратушы, адамдардың әлеуметтік ұйымдасуын бастаушы, келісім шарт, келісім мен адам қоғамындағы өзара түсінушіліктің құдайы болмысы ретінде құрметтеледі.

— Мұның барлығы Ариманның жасағаны! — деп Женька тағы да өз сөзін тықпалады.

— Мен дәлірек айтар едім. Мұның барлығы адамның Хайуани негізінің ісі. Адамдар тіпті Ариманның өзін білгендерінше өзгертті. Өйткені бастапқыда қандайда бір аспандағы қарсыласу, Жақсылық пен Жамандық арасындағы соғыс туралы ешқандай сөз болған емес. Бұның барлығы жоғары Болмыстардың Бірнәрседен (Единоного, Бірегейден) табиғи пайда болғандығы, үйлесімде өмір сүруі, ал олардың барша «жұмыстары» тек бір ғана мақсат үшін — адам жанының рухани дамуына деп саналған. Ал қазір ше? Заратуштра ілімін қалай трактовка жасайтынын оқып көріңіздер? Ахура-Мазданың қарсыласы (тіпті дұшпаны болуға аз-ақ) есімі «Зұлым рух» дегенді білдіретін Ангро-Майнью (Ариман) болады. Аңызға сәйкес Ахура-Мазда жерді жаратқан кезде, Ангро-Майнью оның табиғат күшіне енеді. Ол мұхиттардағы суды тұзды етеді, жердің бір бөлігінен — шөл дала жасайды. Тіпті жетінші жаратылысты — отты — ол түтінмен бүлдіреді.

— Бұл жерде де газды жіберіп үлгерген екен! — деп Женька әзілдеп балалардың кезекті күлкісін тудырды.

— Бірақ ілімнің осындай түрлі интерпретациясында, Ахура-Мазда адамдарды жаратқан кезде Ангро-Майнью ең

төмен адам табиғатына айналады деген ақпараттар да кездеседі. Және сол кезден бастап адамда екі негіз үстемдік етуге күресуде: жақсылық пен жамандық...

— Немесе біздің тілмен айтатын болсақ, Рухани және Хайуани, — деді Виктор.

— Дәл солай. Сонымен бірге Ангро-Майню патшалық ететін әлем, Ахура-Мазданың нұрлы әлеміне барлық жағынан диаметрлі қарама-қарсы деп есептелген. Ариманның да өзінің алты құдайы болмыстан тұратын иерархиялық нөкерлері бар (өзімен қоса алғанда — жеті). Олардың әрқайсысы Ахура-Мазданың жанындағы мейірімді рухтарға қарсылық көрсетеді. Оның қол астында Түнек, Өтірік, Зұлымдық және Білімсіздікті (Неведение, түсіне алмаушылық, мағлұматсыздық) жасайтын зұлым құдайлар — дэвалар (дэвы) және сансыз көптеген төменгі зұлым рухтар болады. Дэвалардың мақсаты — мүмкіндігінше адамдар әлемінде барлық нәрсені қолдана отырып максималды үстемдікке жету, бұл әлемді тоздырудан (опустошения) бастап түрлі дүниелік қызықтырулармен (арандатулармен) аяқтап, Ахура-Мазданың артынан ерушілерді өзіне бағындыру. Олар барлық жерде өзінің ойынын енгізуге және адамдарды кез келген тәсілмен алдауға тырысады, сол себепті олардың әрекет етуінен ешбір адам сақтанулы емес деп саналған. **Ахура-Мазда адамдар үшін қандай жақсылық жасаса да, уақыт өте Ангро-Майню өтірік және алдаудың көмегімен оның изгі істерін зұлымдыққа айналдырған. Және Заратуштра ілімнің идеясы, — деп Сэнсэй астын сызып айтты, — Жақсылықтың Зұлымдықтан, Ахура-Мазданың Ангро-Майнюден үстем болуы, тек өздерінің жеке таңдауын жақсылық жаққа бұрып, өздері болуға тиісті жерде болған, өз сенімдері, ойлары, сөздері мен істері арқылы Ахура-Мазда жағына шыққан адамдардың, таза, нұрлы күштің арқасында ғана мүмкін болады дегенге негізделген. Заратуштра тек әрбір адамды өзінің саналы таңдауын жасауға ғана емес, кейінірек «аспан соғысы» деп**

атағанға қатысуға және жақсылыққа қызмет етпейтін күштерден бас тартуға шақырған. **Өйткені осы жақсылық пен жамандықтың күресіне барша әлемдік тәртіп байланысты** (Ибо от этой борьбы добра и зла зависит весь миропорядок).

— «Аспан соғысының» мәні мынада жатыр екен ғой! — деп Николай Андреевич өзіне үлкен жаңалық ашқандай шабыттана айтты. — Бұл адамдардың рухани тазалығы үшін Ригден Джаппо мен Ариманның күресі! Демек бұл болашақтың ісі емес, ол дәл қазір осы жерде болып жатыр және ол ешқашан тоқтамаған! — Және таңғала: — Бұл қайдағы мифология? Егер сен қазір айтқан әлемнің құрылымы туралы барлығын ескеретін болсақ... Бұл деген бүгінгі күннің шынайылығы емес пе!

Сэнсэй оған жылы, мақұлдағандай көзқарасымен қарады, естігенінен анағұрлым көпті түсінген адамға және әңгімесін әрі қарай жалғастырды.

— Заратуштра адамдар Жақсылықты саналы таңдауының арқасында тек қана үлкен көмек көрсетіп қоймай Риг... — Сэнсэй мүдірді де лезде сөзін жөнделді, — Ахура-Маздаға, өзінің де болашақ тағдырын анықтайды. Себебі Ариман әлеміндегі тәннің өлімі адамның шын өлімі емес. Бұл жай ғана адам рухының материалдық қабыршықтан босатылуы. Заратуштра әрбір рух өлімнен кейін Сотқа түседі және тірі өмірінде жасағанға жауап береді деп айтқан.

— Эх, анаған жауап беру, мынаған жауап беру, — деп Руслан ауыр күрсінді. — Ал қашан өмір сүріп, өмірден ләззат аламыз? Сол үшінде өмір, өмір емес пе деп айтпақшы Ари...

Соңғы сөзінде кідіріп қалды, маған ол өз-өзіне таңғалғандай көрінді. Үлкен балалар күлді.

— Ага, — деп Женька мысқылдады. — Ариман саған «пайдалы» көп нәрсені айтып береді. Тек құлағыңды кең түрсең болғаны.

— Тыңдайтын адамды тапқан екенсің, — деп өз кезегінде Виктор басын шайқады.

— Саған кешегі келуі аз болды ма? — деді Стас күлкісімен.

Руслан балалардың қақпа сөздеріне лезде жауап қатты:

— Бұл жерде біздің Ариманның не қатысы бар? Енді адам есімі сәйкес келе қалыпты? Ол кіммен болмайды. Мүмкін Шығыста бұл есім кең таралған шығар.

Женька басын күлкілі ұстап:

— Ал бітті, соны, жарықты өшіріңдер! Тағы бір «дэва» өмірге келді, — деп қынжылды.

Сэнсәйді мұқият тыңдамағаны анық, Руслан Женька сөздерінің мәнін түсінбеді. Және осындай өзін-өзі түсірген ыңғайсыз жағдайдан әзілдеп шыққысы келді. Оңтүстік акцентпен:

— Э-э-э, қымбаттым, қайдағы «дэва»? Мен негізі дара еркек жыныстымын, — деді.

Оның бұл сөздеріне ұжым жарыла күлді. Ал Стас әзілмен:

— Біздің жердегі-судағы дарашыл, аузыңды жапшы, — деді.

Ұжым әзілдерінде біршама тынышталған кезде, Николай Андреевич Сэнсәйге:

— Мен зороастризм дінінде ақыр заман соңында, жалпылай өлілердің қайта тірілуі болады, дұрыс жолдағылар «жана тән» (болашақ тән, будущее тело) алады, жер өлгендердің сүйегін беріп және соңғы Сот болады дегенді оқыдым, — деді.

— Бұл енді адамның рухани үмігін материямен байланыстырған, шынайылықты иллюзиямен алмастырып, адамның «дәл қазір осы жердегі» жұмысын алыс материалды болашақтан қорқынышымен көлеңке түсіру үшін Ариманның қосқандары, — деп Сэнсэй жауап берді.

— Демек, бастапқы ілімде бұлардың болмағаны ма? — деп Николай Андреевич нақтылай сұрады.

— Әрине жоқ. Адам рухының тағдыры өміріндегі ойлары, сөздері мен жасаған істеріне сәйкес материалды тәні өлгенде бірден шешіледі: рух қайтадан реинкарнацияға кетеді немесе — жоғары рухани сфераға. Адамдардың түсінігіндегі тақуалар

таңдалынып алынатын ешқандай да ортақ Сот болмайды, ал сол адамдардан материалды тәндегі «мәңгілік өмір сүрушілер» туралы тіпті де айтпай-ақ қоялық. «Ақыр заман» (Конец времен) — бұл өркениетке берілген өмірдің жай уақыты ғана (соңы). Егер осы кезең аралығында адамдар өзінің көпшілігінде руханият жағына серпіліс жасап, өркениет қозғалысын рухани жетілуіне бұрса, ендеше оларға Жер шарындағы келе жатқан табиғат катаклизмдерінен аман шығуға мүмкіндік беретін білімдер беріледі. Ал адамдар өзінің массасында материалды және дүниелік құндылықтарға басымдық берсе, олар жай ғана осы катаклизмдер уақытында жойылады. Басқа өркениет туылып және барлығы қайтадан басталады. Бірақ өркениетке қатысты осы жалпыламалыққа қарамастан, әрбір адамның материалдық әлемнен шығып, өзінің рухы үшін жақсы тағдырға жетудің жеке Мүмкіндігі бар. Өмір жылдарын өлместің күнімен өсімдік, хайуан секілді өткізеді ме, болмаса өзіне берілген жылдарды жоғары рухани сфераларға серпіліс жасап, рухының көптен күткен ұмтылысын орындауға пайдалану — бұл оның жеке жұмысы және таңдауы!.. Негізі мәселе адамның өзін «тұлға» ретінде «мен», ал рухты шын мәнінде өзі екендігін жай ғана түсінбей Тылсым (Нечто) санайтынында жатқандай.

Сэнсэй кішкене үнсіз қалды, ал кейін басталған тақырып әңгімесіне кері оралды.

— Иә, Митра культі туралы... Бұл дін біздің заманымызға дейінгі соңғы ғасырларда дүниеге келіп және Таяу Шығыс, Еуропада Архонттардың саяси пікірінің (жұмысының) арқасында кең танымал болады. Ол кезде Архонттарға әртүрлі елдердегі өздерінің жеке дара биліктерін нығайту үшін, халық ішіндегі арнайы бір әлеуметтік таптарды, (ұлтына қарамастан) әсіресе билеушілерді, көпестерді, әскерилерді біріктіретін қандай да бір перспективті дін қажет болды. Мақсаттары үшін Парсы және Кіші Азияда күшейе бастаған Митра культін өздеріне ыңғайлы етіп бұрмалап, пайдалануға шешім қабылдайды.



— Тоқтай тұр, мен уақытпен шатасып қалғандаймын, — деді Володя. — Имхотеп Заратуштраға дейін өмір сүрді ме, әлде кейін бе?

— Әрине «дейін».

— Қызық, ал неліктен олар тек Митраны таңдап алды? — деп Виктор сұрады.

— Жай ғана ондағы кейбір танымал ақпараттар (әрине егер оларды Архонттардың дүниетанымымен интерпретациялайтын болса) «Еркін тас қалаушылардың» мақсаттары, ниеттері және символикаларымен кейбір ұқсастықтары болды. Мысалға өз уақытында сол барлығын көруші око-ны (всевидящее око) Имхотептің «Азат тас қалаушыларынан» ұрлап алғандары секілді және сол сияқты.

— Демек, Имхотеп пен Заратуштра да ұқсас символикалар болғаны ма? — деп Володя тағы сұрады.

— Ал бұл жерде таңғалатын несі бар? Егер мен дұрыс түсінсем, олар білімді бір қайнар көзден алды емес пе, — деді Николай Андреевич.

— Дұрыс түсіндің, — деді де Сэнсэй әрі қарай жалғастырды. — «Еркін тас қалаушыларға» Митраның адамдардың әлеуметтік ұйымдастырушы, келісім-шарт, «контракт» құдайы болып саналатыны, делдалдық, айырбас, өзара симпатия және әлем жағдайы (күйі) идеяларымен байланысты болғаны ұнады. Олар Митра «жартастан жарықпен» туылған; ол «Күнмен шайқасқа түсіп, ол жерден жеңімпаз болып шыққан және басқа Күнге айналған»; оған «Аспан Нұрының қайнар көзі» деп табынған деген секілді танымал аңыздарды пайдаланды.

Айтпақшы ол құдай өздерінің алдындағылармен Вавилонда нұсқалып (аталып) кеткен. 539 жылы парсылар жаулап алып, ол жерде парсы билеушілерінің резиденциясы болған кезеңдерде. Жергілікті дін басшылары әбігерге түсіп, язат Митра Шамаш ретінде Күн құдайы кейпіне енеді. Олар оны көптеген астрономиялық символдармен қоршайды. Дәл сол

«Еркін тас қалаушылардың» жеңіл қолымен Митра тек қана достықты қорғаушы ғана емес, өзіне табынушыларды рухани тыныштықпен, көп ұрпағымен, атақпен, байлықпен мадақтайтын құдайға айналады. Соңғысына ерекше акцент жасалады.

Архонттар қатарларына қызықты адамдарды көбірек тарту үшін «Авеста» мәтіндерін толығымен пайдаланды. Жоғарғы келісім (шарт) Сақшысы ретінде (Страж) Митра «мың сезімдік қабылдауымен», «он мың көзімен», «мың құлағымен», «он мың тыңшысымен» бақылайды деген қарқынды насихатталады. Олар қарайтын әрбір биіктікте, әрбір жерде келісімді бақылайтын және оның сақталуын қатаң қадағалайтын сегіз қызметші отырады деген түсінікке акцент жасайды. Сол Митра жердегі және ондағы өмірді ұйымдастырып, реттілікке келтіреді-міс. Егер адамдар келісімді сақтайтын болса, онда Митра бейбітшілік пен өзара келісімдеріне кепілдік береді, Митраға табынған елдерді қорғап, келісімді орындаудан бас тартып осылайша Митраға қарсы шыққан елдерді құртады. Олар оны «шектерді түзетуші», кез келген мәселеде басты делдал, жақсылық пен жамандықты, шындық пен өтірікті ажыратушы ретінде көрсетеді.

— Түсінікті. Олардың ниеттері анық көрініп тұр, — деп Володя басын изеді.

— Архонттар өз мақсаттары үшін адамдардың белгілі бір мінез-құлқын қалыптастыруда бұл жалпылама нұсқауларды пайдаланды. Танымал діни мәтіндерді өздеріне ыңғайлы мүлдем басқа бағытқа бұрмалады. Осылайша Митра соғыс құдайы, императорға адал құдайы болмыс (біздің заманымыздың II-III ғасырында Рим империясында), патшалардың билігін дәріптейтін және оларды адамдар арасынан бөліп алатын (ерекшелейтін) құдайға айналады. Архонттардың адамдардың сенімімен осындай ойыны тіпті соғысушы екі елдің әскерлері «Жеңілмейтін Митра» күн құдайына бірдей табынса да, «дұрыс ісі» үшін рухани құтқарыламыз деген сенімдерімен, бір-бірін осы құдай атымен өлтіруге баратындай абсурдқа дейін жетті.

Байқасаңыздар, «Еркін тас қалаушылар» таза еркектік дінді жасады. Әйелдерді митраисттік ордендерге кіргізуге қатаң түрде тиым салынды. Бірақ тіпті кәмелет жасына жетпеген жасөспірім ер балаларға рұқсат етілді. Көптеген ежелгі мектептердегідей Митра діни салты үш деңгейден тұрды: рухани тазалық (өзін-өзі), өзін-өзі жетілдіру, өз Хайуани табиғатыңды бақылауда ұстау. Бірақ ежелгі замандарда түпкі мақсаты адамның ішкі жұмысы мен рухани жетілуіне бағытталған болса, ал Архонттар агрессивті еркектік принципке негізделген, сыртқы атрибутикаға, символика, митраның «күпия күшімен» таныстыратын салт-жоралғыларға көп уақыт бөлді.

Және оларда да иерархияның жеті баспалдағы болды («баспалдақ» түсінігін Имхотептің «Азат тас қалаушыларынан» және олардың сатылы пирамидаларынан алған). Ең төменгі сатыда тұрған адам жоғары сатыда тұрғандарға қызмет еткен. Сатылар: «Қызметші» (Служитель), «Күзғын» (немесе қара қарға, ворон), «Сарбаз» (Воин), «Арыстан» (Лев), «Перс», «Күн Жаршысы» (Солнечный Вестник) (оны қызыл түсті киіммен орап, ал атрибуты ретінде сол сәуле шашқан тәж бен алау пайдаланылды) деп аталды. Және жетінші саты — Сатурн қамқорлығында деп саналған «Әке». Оның нышаны ретінде фригиялық қалпақ (фригийский колпак), жүзік (перстень) және күпия биліктің белгісі ретінде асатаяқ (жезл) болды. Бірақ барша қауымды өз қол астына біріктірген «Әкелердің Әкесі». Олардың құрылымы осылай еді.

«Еркін тас қалаушылар» бұл культті рим әскерлері арасына таратады, ал олар арқылы бұл ілім барша Еуропаға қарқынды жайыла бастайды. Митраға арналған көптеген ғибадатханалар пайда болады. Әсіресе Германия, Англия, Францияда олардың саны көп еді. Тек Римнің өзінде жүздеген ғибадатхана бар болған.

Ақыр соңында бұл культ ықпалды болғаны соншалықты, Архонттардың бұл торына шешімдері (биліктері) толық бір халықтардың тағдырына әсер еткен адамдар түсе бастайды.

Мысалы ретінде Митраға табынған, тіпті бұл құдайға «империя Қорғаушысы» деген титулді «сыйлаған», империяның құрылымын шығыстық деспотизм түріне қарай өзгертіп, шексіз билік доминатты енгізген римдік император Диоклетианды алып қарайық. Қуыршағының шектеусіз билігі кімдерге тиімді болды? Архонттарға.

Еуропаның барлығы дерлік митраизмді қабылдайды. Бірақ Архонттардың осыншалықты жасаған үлкен жұмысына қарамастан, Митра культі бір (бірегей) болған емес. Өйткені «Еркін тас қалаушылармен» жасалған Батыстық Митра культімен (тек зороастризммен ғана емес, Батыс адамдарының басқа өмір салты және жаңа философия түрінде көрсетілген вавилондық астрология, гректік мистерия және философиямен толықтырылған) ескі парсылық сенімдерге негізделген ежелгі Шығыстық Митра культі арасындағы айырмашылық анық көрінді.

Бірақ ақылды адамдар бәрібір де ақиқатына жетті! Және әрине осындай текетірес ұзаққа созылуы мүмкін емес еді, себебі Шығыста митраизм біршама кең таралған әрі парсылардың ежелгі шын ілімі туралы өте көп адамдар білді. Сол себепті әлемге Иса және оның ілімі келіп, қарқынды жайыла бастаған кезде, келісідегідей болды. Басында Архонттар бұл жаңа руханият серпілісіне белсене қарсы тұрып, сол баяғы Батыстық митраизмді жаңа ілімнің бітіспес бәсекелесі ретінде қояды. Ал кейін күресуден шаршап, жаңа рухани қозғалыстан жай ғана өздерінің дінін — христиандықты жасайды. Оған көптеген психологиялық таптаурындарды (психологияческие установки), митраизм аңыздарын, культ элементтерін, символиканы, тіпті қауымдарының ұйымдасу формасын да көшіріп, енгізеді.

Николай Андреевич Сэнсэйге таңғала қарады:

— Сен сонда христиандық... Ал бұл туралы толығырақ болады ма?

— Болады. Бірақ ол туралы сәл кейінірек айтып берейін, оны ашу өте үлкен тақырып.

— Жарайды, — деп келісті Николай Андреевич.

— Бұл сонда, — деп Виктор дауыстай ойланды, — тарихтың қайталанғаны ма? Христиандық дін митраизм дінінен көшіріліп алынғаны ма?

— Енді былай айтайық, — деді Сэнсэй, — сол баяғы Құтқарушының келуімен Мәңгілік Жақсылықтың әлемдік зұлымдықты жеңу идеясы, сенушілерге рухының мәңгілік өмір сүруі мен тылсым әлемдегі жаза (немесе сауап) туралы уәделер қолданылады. Адам рухани тазарып және түрленетін, Құдаймен үзіліссіз байланыс құратын сол баяғы діни салт-жоралғылардың мән-мағынасы.

— Ал бұл жерде не жамандық бар? — деп Стас иығын көтерді. — Идея дұрыс секілді.

— Дәл солай. Идея дұрыс. Бірақ ол кімдердің қолында болды? Дін — бұл ықпал етудің орасан күші. Ал күштің аты — күш. Барлығы кімнің және оны қалай қолданатынында, қандай бағытқа бұрғанында. Осыдан сәйкесінше нәтижесі.

— Ага, үй немесе қиранды, — деп қостады Женька.

— Солай, — деп Сэнсэй ауыр күрсінді де әрі қарай жалғастырды. — Бірақ митраизм дінін «зұлымдықпен» қарқынды күресуге тиіс жауынгерлер діні секілді құрса...

— Енді иә, ал сол «зұлымдықтың» бейнесін өздерінің саяси мақсаттарына сай оларға Архонттар салып берген, — деді Володя жуан даусымен мысқылдап.

— Олай болмағанда... Енді былай, митраизм жауынгерлердің діні болса, ал христиандық ең алдымен мойынсұнушылық діні болды, барлық адамдарға кешірімді махаббат діні, тіпті ол сенің бітіспес дұшпаның болса да... Архонттардың адамдары өз электоратын біршама ұлғайтады, себебі олардың мойынсұнушылық пен кешіпейілдік дініне тек қана еркектер ғана емес, ендігі әйелдерде кіре алатын еді.

— Ох, адамдардың санасын қалайша епті өңдейді, — деді байқампаздықпен Виктор.

Женька лезде өзінің кезекті лепірме сөзін қосты:

— Олай болмағанда! Құмырсқа илеуінің түбінен орманда кім бастық екені көрінбейді.

Сэнсэй барлығымен бірге күлді де:

— Қазір көптеген тарихшылар бүкіл Еуропа мен Оңтүстік-Батыс Азия (Передняя Азия) астында болған митраизм аяқ астынан бұрындары «аз танымал болған» және қатты қуғынға ұшыраған христиан дініне кенеттен қалайша позициясын жай бере салған деп дауласады. Ал шын мәнінде ешкім ештеңе берген емес. Архонттар жай ғана ескі тақтайшаларын жаңасымен алмастырды. Фирма сол баяғы, ал атауы жаңа.

— Иә, — деп Женька Стасқа қарап күлді. — Міне саған күн сәулелі тәж фак-кюлмен!

— Иә, Азаттық мүсініне қатысты..., — деп Сэнсэй есімізге түсірді. — Сол жылдары ол Нью-Йорктағы ең биік құрылыс болды. Және бұл мүсінді де ресми түрде «Еркін тас қалаушылардың» өкілдері қабылдайды, оның ішінде АҚШ-тың бұрынғы президенті франкмасон Гровер Кливлендте бар. Мүсіннің ашылу салтанатына әйелдерден тек Бартольдидің жары — Жанна Эмилия және Лессепстің 8 жасар қызы — Тотот қана қатыстырылады.

— Және оларда еврейлер! — деп тағы да үлкен балалардың күлкісін келтіріп Женька өз сөзін айтты.

— Бұл тағы немене, — деді Сэнсэй әзілмен, — Гровер Кливленд осы ашылу салтанатында: «Біздер осы жерде Азаттық үйін таңдағанды, оның мехрабы ешқашанда тасталмайтынын ұмытпаймыз» деп айтады (Мы никогда не забудем ни того, что Свобода выбрала себе здесь дом, ни того, что ею избранный алтарь никогда не будет заброшен).

— Иә, — деп күлді Николай Андреевич, — Архонттардың дүниетанымын ескеретін болсақ, бұл сөздер анағұрлым терең мағынаға ие.

Сэнсэй басын изеді.

— Айта кету керек, басында мүсін халық арасында кең танымал болмайды. Бұл жағдай Бірінші дүниежүзілік соғыс

басталғанша сақталады, тек Архонттарда бұл Азаттық мүсінімен адамдардың санасына манипуляция жасап және әрине бұл істен пайда көруге деген ниеттері оянғанша. Осы уақытта әскери шығындарды жабумен басы қатып жатқан АҚШ-тың Қаржы Министрлігі арқылы Архонт өкілдері әрекет етіп, Азаттық мүсіні бейнеленген жарнамалар мен жаппай плакаттардың тиражына «рұқсат алады» және оны «Американың шын Азаттық символы» ретінде көрсетеді. Жиналған ақша әскери бюджеттің жартысын құрайды.

— Ого! — деп Володя ысқырып жіберді. Плакаттарға жарнаманы жасаған екен!

— Бірақ ең қызығы, қазір Азаттық мүсіні АҚШ мемлекетіне тиесілі және ол әлемдік деңгейде маңызы бар ескерткіштердің қатарына жататын ЮНЕСКО (Біріккен Ұлттар Ұйымының білім, ғылым, мәдениет сұрақтарымен айналысатын ұйымы) енген деп есептеледі, бірақ бұл жаппай жарнаманың артында кімнің тұрғаны және әлі күнге дейін шын пайданы кімнің көріп келе жатқаны туралы (мұқият) әдейі айтылмайды.

— Енді БҰҰ Нью-Йорк қаласында орналасқан емес пе! — деді Стас біраз нәрсені түсінгендей. — Демек барлық сұрақтар бір қала шеңберінде, дұрысында бір ұйым аясында шешілген.

— Угу, ал шешімдерінің резонанс толқыны барша әлемге жайылды, — деп Виктор қосты.

\* \* \*

— Бұл Архонттардың ғаламдық ойынындағы жай кішігірім эпизод, — деді Сэнсэй балалардың репликасын тыңдап және өзінің АҚШ құрылуы туралы әңгімесін жалғастырды. — Енді былай, АҚШ туралы... Архонттар мемлекет шекарасын кеңейту болған өз жоспарларын орындап болған соң, АҚШ экономикасын жасанды көтеріп әлемдік көшбасшылар қатарына қосатын, бұл мемлекетті әлемдік державаға көтеретін әлгіндегідей жаман (қатал, жабайы) айла-тәсілдеріне көшеді.

Өздеріне бәсекелес еуропалық күшті мемлекеттерді әлсірету үшін, оның ішінде үлкен экономикалық қарқын алып келе жатқан Ресей (айтпақшы ол кездері әлемдегі ең үлкен әскері болған) мен тіпті өндіріс жағынан да, әскери жағынан да Англиядан күштірек болған Германияда бар, Архонттармен Бірінші дүниежүзілік соғыс өрті тұтанады. Яғни олар АҚШ-ты құру ісімен айналысып жатқан уақытта Еуропадағы жағдай шын мәнінде бақылаудан шыға бастайды және олар ықпал ету салалары, отарлар, капитал салымдары, шикізат көздерін және нарықтарды бөліп «әлемдік қайта бөлісуді» жасайды. Барлығы ұсақ-түйегіне дейін мұқият жоспарланады. Бірінші дүниежүзілік соғысқа дайындықпен «Комитет 300» деп аталатын (құпия ұйым) шұғылданған.

— О, бұл тағы қайдан шыққан пәле? — деді Женька мысқылдап.

— Бұл қазіргі Архонттар иерархиясына кіретін ұйымдарының бірі. Дұрысы сіздер ненің қайда екенін жақсы түсіну үшін, мен бүгінгі Архонт пирамидасының құрылымын (структура) толығырақ айтып берейін. Сонымен Ариман қол астында он екі Архонт бар (өте санаулы топтар (шеңберлер) арасында «Барлығын көруші көз» (Всевидающий око), ал кең (яғни көп) топтар арасында оны «басқарушы рух», «Люцифер око-сы» деп біршама абстрактылы қабылдайды). Бұл жабық абыз шеңбері «13 Кеңесті» құрайды. Оның 6 мүшесіне Ариманның басшылығымен тағы абыз «Сотшы» лауазымы беріледі. Бұл шын мәнінде негізгі Архонттық ұя. Әрі қарай әлемдік саясатта, экономикада, шіркеуде ықпал ету сферасы кең, жоғары дәрежедегі «Еркін тас қалаушылар», Архонттардың бақылауымен «33 Кеңесті» (33 Совет) құрайды. Бұл «Еркін тас қалаушылар» өз кезегінде «Комитет 300» элитасын жасайды (басқарады).

Айта кетейін, басында бұл комитет 1729 жылы «Британдық шығыс-үнділік сауда компаниясы» деген атаумен пайда болып, әртүрлі коммерциялық кәсіпорындарға, опиум саудасын қолдап,



әлемдік банктермен операция жасау үшін құрылған еді. Оған басшылық Британ Тәжі арқылы жүрді. Бірақ оны «Еркін тас қалаушылар» өз қолдарына алған кезде жағдай біршама өзгереді. Бүгінгі күнде «Комитет 300» құрамына Батыс елдерінің ең ықпалды болған үш жүз мүшесі кіреді. Оған әлемдік банк жүйесінің негізгі бөлігі енген.

Әрі қарай бір-біріне пияз қауырсыны секілді кіретін, басқа да көптеген жасырын ұйымдар. Шын мәнінде бұл «қауырсындар» бірден түрлі тармақтар құратын және оған өздері де кіретін белгілі бір топтың адамдары. Белгілі бір ықпалды адам үлкен әлемдік компания, корпорация иесі немесе әлемдік деңгейдегі ықпалды лауазымда болуымен қоса бірден бірнеше жасырын ұйымға кіріп, оның мүшелеріне жасырын бақылау жасап қана қоймай, бір жағынан осы біртұтас жүйенің басқа да тармақтарымен байланыстырушы буын болғаны Архонттарға ыңғайлы.

Мысалы Архонт өкілдерімен басқарылатын «Дөңгелек үстел» ұйымы, еншілес жартылай құпия «Халықаралық Қатынастар жөніндегі Кеңес» (Совет по Международным Связям, CFR) ұйымын құрды. Қазір бұл АҚШ-тағы аса ықпалды ұйымдардың бірі. Америкалық президенттердің барлығы дерлік президент лауазымына сайланғанға дейін CFR мүшелері болған. Айтпақшы осы CFR «Бүкіләлемдік Банкке» басшылық жасайды. CFR ішкі шеңберін «Череп и кости» Ордені құрайды (Бас сүйек және сүйектер). Ал оған өз кезегінде ішкі шеңбер «Джейсон Қоғамы» кіреді. Ол «Іздеу Орденінің» (Орден Поиска) филиалы болып табылады. Және дәл осы адамдар қатарынан «Халықаралық Қатынастар жөніндегі Кеңес» сонымен бірге «Үш жақты комиссияның» (Трёхсторонней комиссии) орындаушы мүшелері таңдалынып алынады. Осы Ордендердің мүшелері кімге, неге болса да байланысты, яғни халыққа, үкіметке, белгілі бір мемлекеттің құқықтық заңдарына және сол сияқты міндеттемелерден босататын арнайы бір ант береді. Олар өздерінің анты Орден мүшесі өз қызметі барысында беруі мүмкін

кез келген антты бейтараптайды (нейтрализует) деп санайды. Яғни адалдық пен шын берілгендік тек өз Ордендеріне ғана болады.

Мен мүшелері ең ықпалды қаржыгерлер, өнеркәсіпшілер, мемлекет көшбасшылары мен ғалымдардан құралған америка-еуропалық «Бильдерберг» («Комитет 300» ұйымының мүшесі, «И.Г. Фарбен» қызмет еткен, бүгінгі күнде тарихта ханзада Бернхард Нидерландский деген атпен танымал, бұрынғы эссестікпен (нацистпен) құрылған) ұйымы туралы тіпті де сөз бастамаймын. Штаб-пәтері Швейцарияда орналасқан Бильдерберг Комитеттері «Еркін тас қалаушылардың» түрлі құпия ұйымдарының мүшелерінен құралған, мысалға «Вольномасоны» («Еркін масондар»), «Ватикан», «Қара дворяндық» (Чёрное дворянство). Жалпылай алғанда осыған ұқсас әрі қарай кете береді.

— Және НАТО-да осы аримандық құрылымдардың қол астында ма? — деп Андрей сұрады.

— Олай болмағанда, бірінші өрімдері (шыбықтары, хлыст).

— БҰҰ-да ма? — деп Татьяна күмәнмен қарады.

— Иә, — деп Сэнсэй басын изеді.

— Жоқ, НАТО-мен жағдай түсінікті, ол әскери ұйым. Ал БҰҰ? — деп қыз иығын көтерді. — Біздерге мектепте бұл ұйым әлемдік өзара қатынасты дамыту, барша әлемдегі қауіпсіздік үшін бейбітшілікті қолдау мен нығайту мақсатында құрылған деп айтқан.

Женька мырс етті.

— Енді дұрыс, оқулықта не жазылса саған соны айтып берген. Өз басына пәле шақыруға кімнің шабыты келіп тұр дейсің?

— Дөп түстің! — деп растады Виктор. — Бұл жерде тек мектеп қана емес... Біздің оқулықтар авторларының тегіне қарасаң, барлығымыз Израильде оқитындай сезім пайда болады.

— Бұл дұрыс, — деп Николай Андреевич барлығымен бірге күлді.

Ақыр соңында Сэнсәйдің жауап беретін уақыты келді.

— БҰҰ туралы ақпарат осындай түрде берілетіні таңғаларлық жайт емес. Біздер Архонттар үшін сәби кезінен бастап қажетті «пікірін» қалыптастыру керек болған жай ғана «қоғамбыз». Архонттардан болған тарихшылардың саны қанша? Және барлығы «тарихты» жазады. Дегенмен егер жақсылап іздесе, іздегенді табуға әсте болады. Ал Біріккен Ұлттар Ұйымына келетін болсақ, мен сіздерге оның құрылуы туралы сәл кейінірек айтып беремін. Сіздер қалған мән-мәтінмен Архонттарға осындай құрылымдардың не үшін керек екендігін түсіну үшін.

Енді былай, Бірінші дүниежүзілік соғысқа «жағдай жасау» дайындығымен «Комитет 300» айналысады. Олар қажетті нәтижеге әкелетін іс-шаралар жоспарын жан-жақты зерттеп, талдау жүргізген бірқатар ұйымдарды құрды. Атап айтқанда, маңыздылығы екінші деңгейдегі, әртүрлі елдердің қоғамдық пікірін соғыс пайдасына өзгерту және адамдардың өздеріне БАҚ арқылы берілген ақпаратты рационалды немесе сыни ой елегінен өткізбей қабылдауы үшін, «әлеуметтік кондициялау» (социального кондиционирования) деп аталатын әдіс-тәсілді қолданып халықты психологиялық өңдеуге кірісті.

Жан-жақты «есептеулер» аяқталып, қажетті келісім-шарттарға қол қойылған кезде, яғни барлығы дайын болғанда, олар Сараевада Австрия тақ мұрагері, эрцгерцог Франц Фердинанд және оның әйелі Софияны, оккультті «Қара қол» (Чёрная рука) құпия ұйымына кірген серб жендеттері өлтірумен болған, Австро-Венгрия мен Сербия арасындағы жанжалды жай ғана пайдаланады. Австро-Венгрия «Еркін тас қалаушылардың» қысымымен Сербияға орындау мүмкін емес болған ультиматум қояды. Дегенмен Сербия кейбір талаптарды орындауға келіскенімен, Австро-Венгрияның «мемлекет қайраткерлері» бәрібір соғыс бастайды. Және барлығы әрі қарай домалай жөнеледі! Германия Ресейге, кейін Францияға соғыс жариялайды. Ұлыбритания Германияға соғыс ашады. Кім кімнің

одақтас елі болса, оған көмектесіп, екінші жағынан соғысқа қатысады. Ал өз заманында осы «одақтастық келісімдерге» қол қоюды өздерінің қол астындағылары арқылы тікелей соғыс жоспарымен айналасқандар жасаған еді.

Бұл соғысқа отыз сегіз мемлекет тартылады, көбісінің айтарлықтай халқы зардап шегіп, экономикасы құлайды. Іс жүзінде үш империя талқандалады: Ресей, Германия және Австро-Венгрия. Және осы империялардың қалдықтарынан сол баяғы тозығы жеткен, Архонттар бағзы Ежелгі Рим империясында билікті алмастыру кезеңінен бері қолданып келе жатқан, билік формасы — «республика» құрылады. Латынның «respublica» сөзі тікелей аудармасында «қоғамдық іс» дегенді білдіреді. Бірақ шын тарихи фактілерге қарайтын болсақ, оны «Архонттардың ісі» деген дұрысырақ болар. Республика туралы бұл билік формасында мемлекет басшысын халық сайлайды деп жар сала жариялайды. Ал іс жүзінде басшы белгілі бір адамдар коллегиясымен сайланады және олар өкінішке орай көп жағдайда Архонттардың мүдделеріне жұмыс жасайтындар. Мен қазіргі замандағы көптеген мемлекеттер республика формасында екендігіне тіпті де таңқалмаймын.

— Ё-моё! Біздер де Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы емеспіз бе, — деп Женька бұл сөздермен есін жиғандай мандайын соқты. Және сол бойда: — Бірақ мен бәрібір де патриотпын! — деді. — Мен КСРО-ны (СССР) жақсы көремін. Қандай болмасын ол менің Отаным!

— Менде жақсы көремін, — деп Сэнсэй ауыр күрсінді. — Тек Архонттардың тапсырмасымен кейбір деструктивті тұлғалар елде бейберекетсіздіктер орнатып, Архонттардың идеологиясын өрескел таңып жатқанда, ешкім халықтан жеріне деген махаббатты сұрамайды. Дегенмен славян жерлеріне байланысты, оларды қалай атасада, славяндар бәрібір де славяндар болып қалады. Бұл Архонттардың мәңгілік көмейіне қадалған сүйек секілді. Славян халқы Архонттардың бұзылған логикалары үшін мүлдем болжауға келмейді... Мысалға Ресей

империясы болды. Ресей біртіндеп өзіне «Еуропаға есік» салып жатқанда, оған қызығушылар аз болды. Ал экономикасының айтарлықтай өсуінің арқасында әлемге өзінің қонақжай есігін ашқан кезде, Архонттар ойынсыз тыпыршып қалады. Ол аз болғандай көбіне Петр Аркадьевич Столыпиннің арқасында Архонттар іс жүзінде осы мемлекетті басқарудан алшақтатылады, оның үстіне әлемдік деңгейде Ресей ықпалды мемлекетке айнала бастайды. Бұл өз кезегінде Архонттар империясына айтарлықтай қауіп төндіреді. Бұл жерде мәселе тіпті де ақшада емес еді. Славяндық менталитет — міне олар үшін ең қорқыныштысы. Кім біледі егер славян жанының жомарттығы басқа халықтардың санасын қозғап, Архонттардың уәделері, тәтті ертегілерімен ұйықтаған олардың жан дүниесін (рухын) шыныменде оятса? Өйткені Архонттар әлемі өзімшілдік пен Хайуани негізде құрылған. Олар ақшамен барша әлемді уысында ұстайды. Демек адамға басты құдай — ақша болған Архонттар құрған Эго (Өзімшілдік) империясы құлайтын болып шығады! Ал бұл өзінің рухани қайнарына сөзбен емес, іс жүзінде бұрылған халықтар мен елдерге жүргізген жеке биліктері де жойылады деген сөз. Бұл сонда Имхотеппен болған тарих қайталанады, бірақ бұл жолы бір ғана ел масштабында емес деген сөз бе? Архонттар үшін осындай жағдай өлімнен жаман!

Міне сондықтан өздеріне ғаламдық деңгейде апатты болатын жағдайға жеткізбес үшін, олар Ресей империясын құртуға белсенді кірісіп кетеді. Олар мемлекетті тек соғысқа тартып қана қоймай, мемлекеттің ішінде жасанды тудырылған дағдарысты қаржыландыруды да ұйымдастырады. Олар Буржуазиялық ақпан революциясын (төңкерісін) қаржыландырады. Және барлық он бір министрі де масон болған Уақытша үкімет деп аталатынды билік басына әкеледі. Мен тіпті кабинетті (үкіметті) басқарған еврей әйелінің ұлы, 32-дәрежедегі масон, масондық еврей «кадош рыцарьы» атағы (титулы) бар шын есімі Арон Кирбис болған Керенский туралы

тіпті де айтпаймын. Бұл «көпірме» (демагог) адамды биліктің ең жоғарысына көтерген кезде ол алты ай ішінде Ресей әскерін құртып, мемлекеттік билік, сот пен полицияны, экономиканы күйретіп, Ресей ақшасын құнсыздандырады. Осындай қысқа уақыт ішінде ұлы империяны құлатқан жақсы нәтижені Архонттар үшін ойлап табуға мүмкін емес еді.

Ал Германдық және Австро-Венгірлік империялармен не жасады? Архонт адамдары соғысқа дейін-ақ осы мемлекеттердің үкіметін өздерінің ықпалды «кеңесшілерімен» қоршап, кейін германдық-австриялық әскери блоктың ядросы болған «өз адамдарын» жасақтайды. Олардың көмегімен ғаламдық соғыс өртін тұтатып, бұл мемлекеттерді шектен тыс әлсіретеді. Тіпті Австро-Венгрияны күйретіп жеріне ұсақ әлсіз мемлекеттерді жасайды. Ал Германиямен соғыс аяқталар кезеңде «1919 жылғы Версальдық бейбітшілік келісім-шарты» деп аталатын және оны толықтай орындаған кезде мемлекет ретінде Германияның құлауына әкелетін әу бастан орындалуы мүмкін емес кабальды келісім-шарт жасайды. Немесе бұл жағдай Архонттар есептегендей жаңа әлемдік соғысқа әкелетін еді. Ал кейін Архонт адамдары Германияда 1918 жылы қараша төңкерісін ұйымдастырып, өз жұмыстарының барлық іздерін әдемілеп жасырады. Халық назарына бұл төңкеріс монархияны құлатып, Веймар республикасы деп аталатынды құрды деген алдаумен көрсетіледі. Және 14 жыл өмір сүруінде министрлер кабинеті 21 рет ауысқанына назарларыңызды саламын. Айтпақшы Веймар конституциясы америкалық конституция үлгілеріне негізделген.

Мен Бірінші дүниежүзілік соғыс тудырған экономикалық дағдарыс туралы тіпті де айтып тұрғаным жоқ. Архонттармен тұтанған бұл қырғын, соғысқа қатысқан барша елдердің дерлік мемлекеттік қарызының астрономиялық (аса үлкен) өсуіне әкеледі. Тіпті Англияда қарызға кіреді. Кейін қираған экономиканы қалпына келтіру және сыртқы мемлекет қарызын халықаралық банкирлерге төлеу үшін кредиттер қайдан алынады? Шын мәнінде осы барша «әскери театр қимылын»

жасаған, өзінің «қарыз шұңқырын» кеңейтіп, қуыршақ үкіметі арқылы сол елдің қарапайым азаматтарын салықтармен жібіне дейін тартып алған сол баяғы халықаралық банкирлерден алады.

Ал осы соғыстан ғаламдық жеңіске қай ел жетті? АҚШ. Бұл елдің экономикасы Бірінші дүниежүзілік соғыс жылдарында «Антанта» елдерінің әскери тапсырыстарының арқасында өте жоғары қарқынмен өсті. Еуропадағы соғысқа байланысты кейбір еуропалық компаниялар өз жұмысының бір бөлігін амалсыз тоқтатуға мәжбүр болады. Осы сәтті пайдаланып Архонттардың шылбырында жүрген америкалық «бизнес акулалар» жер шарындағы барша маңызды аймақтардағы жаңа нарықтарды басып ала бастайды. Әрине олар соғыстан кейінгі «олжаның» да біршама бөлігін алып үлгереді. Дәл осы соғыс уақытында АҚШ борышкерден әлемдік ірі кредиторға айналады, ал Нью-Йорк капиталистік әлемнің негізгі кредиторы тұғырына шығады.

— Иә... Олар комбинацияны жасаған екен, — деп Володя басын шайқады. — Өкінішті, барша адамзатпен салыстырғанда болмашы топтар, бірақ олардың кесірінен қаншама адам өлді.

Сэнсэй онымен келісті де жалғастырды:

— Енді былай, осы соғыстан кейін Архонт адамдарымен «Ұлттар Лигасы» деп аталатын құрылады. Кейінірек соның негізінде БҰҰ құрылады.

— Ал «лига» сөзі кездейсоқ «легион» сөзінен шыққан емес пе? — деп Виктор жымия сұрады.

— Француздық *ligue* сөзі — бұл латынның қысқартылған *ligo* сөзінен шыққан, ол «байланыстырушы» (*связывать*, байлау) дегенді білдіреді. Дегенмен «Еркін тас қалаушылар» арасындағы соғыстан кейінгі стратегиялық жоспарлау контекстінде сол ұйымның (Ұлттар Лигасы) құрылуымен айналысқан адам, бұл атауды өзінің музыкалық бейімдігін (ұнатуын) көбірек басшылыққа ала отырып жасаған. Себебі лига — бұл нота үстіндегі доға түріндегі музыкалық белгі. Ол белгіленген жерде үзіліссіз байланыстыра ойнау керек дегенді білдіреді. Немесе музыкантшылар айтпақшы — *легато*.

Николай Андреевич Сэнсэйге таңғала қарады.

— Сонда егер Ұлттар Лигасы Бірінші дүниежүзілік соғыстан кейін бірден құрылған болса...

— Өте дұрыс, — деп Сэнсэй ойының алдын орап кетті. — Ол келесі оқиғалардың үзіліссіз салдары ретінде құрылды. Бұл ұйымның ресми құрылу датасына дейінгі екі жыл бұрын, Париждегі «Еркін тас қалаушылардың» үлкен жиналысында оның негізгі жарғылары оқылады. Ұлттар Лигасы әлемдік қауымдастыққа бейбітшілік пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында мемлекеттердің халықаралық бірігуі ретінде ұсынылады. Ал шын мәнінде бұл ұйымның аясында Архонттарға тиімді әлемдік тәртіп бекітіледі. Алғашқыда Ұлттар Лигасына Версаль бейбітшілік келісіміне қол қойған 32 мемлекет кірді (көбісі бұл ұйымға кіруге мәжбүр болады). Және шақырылған нейтралды 13 мемлекет. Бұл ұйымның штаб-пәтері Швейцарияда, Женева қаласында орналасты. Айтпақшы Архонттар Швейцарияны өз капиталдарын сақтаушы орын ретінде дайындап, оны «шектеусіз нейтралитет» (неограниченного нейтралитета) мемлекеті деп жариялайды. Екі әлемдік соғыс уақытында Швейцария территориясына бірде-бір снаряд құламайды. Және бұл соғыс қимылдарының қайнаған жерінде, географиялық Орталық Еуропада орналасқанына қарамастан. Архонттармен жасалғалы жатқан кезекті соғысқа дайындалған барша дерлік елдердің арнайы қызметінің резиденциялары Швейцарияда отызыншы жылдарда тұрақтанады.

Ұлттар Лигасының жарғысына сай барлық әлемдік жанжалдар делдалдық немесе Ұлттар Лигасы Кеңесінің арбитражы арқылы бейбіт жолмен шешілу керек. Ал бейбітшілікті кім бұзса, оған санкция салынатын болды. Алайда, мұның барлығы Архонттарға жағдайды бақылауда ұстап, өз жоспарларын жүзеге асыруға ыңғайлы болған әдеттегі, жасанды нәрсе еді. Отызыншы жылдардың соңында Архонттар үшін «Еркін тас қалаушылар» әлемдік ойын тақтасына Адольф Гитлер



деген жаңа саяси «шахмат фигурасын» жасаған кезде, Германия өзіне Версаль келісім-шартымен тағылған шектеулерді оңды-солды бұзып, жаңа соғысқа қарқынды дайындала бастайды. Ұлттар Лигасының басшылары ешнәрсе көрмегендей пассивті позицияны ұстанады. Бұл «бейбіт сүйгіш» ұйым, Еуропаның барлық дерлік мемлекеттері дайындық жүріп жатқанын білген Екінші дүниежүзілік соғыстың алдын алу үшін тіпті саусағының ұшын да қимылдатпады.

— Ал не, Екінші дүниежүзілік соғыс та Архонттармен жоспарланған ба? — деп Слава таңқалды.

— Иә. Тек бұл жолы олар оны өз ықпалдарын кеңейту және үлкен пайда көру мақсатында анағұрлым үлкен етіп жасайды. Соғысқа ендігі жетпіс екі мемлекетті тартып, ал әскери іс-қимылдар қырық мемлекеттің территориясында болады деп жоспарлаған. Бұл өз кезегінде сол елдердің соғыстан кейін Архонт өкілдері болған халықаралық кредиторларға сөзсіз тәуелдікке алып келетін еді.

Енді былай, Ұлттар Лигасы әлемдік қауымдастық алдында сенімнен айрылғаннан кейін, Архонттар әдеттегідей сол баяғы ішкі мәнін қалдырып, өз фирмаларының ескі маңдайша жазуын жаңасымен алмастыра салады. Ал қалғандарына Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін Швейцарияда Ұлттар Лигасын ресми таратып және әлемнің басқа бөлігінде — АҚШ-та, Сан-Франциско қаласында — бейбітшілікті қолдау мен нығайту, қауіпсіздік, халықаралық ынтымақтастықты дамыту үшін құрылған халықаралық Біріккен Ұлттар Ұйымын ресми құрады.

— Енді бұл сол баяғы, тек кері оқыңыздар, — деп Женька күлді.

— Айтпақшы, Нью-Йорктағы БҰҰ штаб-пәтері, осы мақсат үшін Рокфеллермен бөлініп сыйға тартылған аумаққа орналасқан. БҰҰ ресми құрылуында тек америкалық делегация ішінде CFR 47 мүшесі болған...

Женька үлкен балалармен одан бетер күлді де, мысқыл ұран тастады:

— Аға, барша елдердің «Еркін тас қалаушылары» — бірігіңдер!

— Дұрысы «барлық елдер Архонттардың қол астына жиналды» деп айтсақ дәлірек болады, — деп Сэнсэй әзілмен басқа нұсқасын айтты. — Ол жерде «Еркін тас қалаушылармен» БҰҰ жарғысына құрастырылған преамбуланың өзі неге тұрады!

— Преамбула? Ал ол не? — деп сұрады Слава.

— Енді, бұл қандай да бір маңызды халықаралық келісім-шарт, актының өзінше кіріспе бөлігі. Онда тиісті құжатты жариялауға негіз болған мән-жайлар, оның уәждері мен мақсаттары көрсетіледі.

— Иә, сол преамбулаға олардың не жазғанын білу қызықты болар еді, — деді Николай Андреевич.

Оған Сэнсэй басын көңілді изеді де: «Иә, әрине мархабат!» және біздің таңданысымызға орай кішкене ойланып келесідегідей ақпаратты айтты:

— БҰҰ Жарғысына 1945 жылы жарияланған преамбула осылай естіледі:

**«Біздер, Біріккен Ұлттардың халықтары, өмірімізде екі рет адамзатқа айтып жеткізу мүмкін емес қайғы әкелген, соғыс апатынан келешек ұрпақты құтқаруға нық шешімдеміз және адамның негізгі құқықтарына, адамның қадір-қасиеті мен құндылығына, ерлер мен әйелдердің тең құқықтарына, үлкен және кіші ұлттардың тең құқықтарына сенімді қайта нығайту және**

келісім-шарттар мен халықаралық құқықтың басқа да көздерінен туындайтын әділеттілік пен міндеттемелерді құрметтеуге жағдай жасау және

әлеуметтік прогресске және үлкен еркіндікте өмір сүру деңгейін жақсартуға жәрдемдесу,

және осы мақсатта

**төзімділік (сабырлық) танытып және бірге өмір сүру, бір-бірімізбен жақсы көршілер секілді бейбітшілікте болу, халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздік үшін күштерімізді**

біріктіру және әскери күштерді тек жалпыға ортақ мақсатта пайдаланудың принциптері мен тәсілдерін бекітумен қамтамасыз ету және

халықаралық аппаратты барша халықтардың экономикалық және әлеуметтік прогрессіне жәрдемдесу үшін қолдану,

**осы мақсаттарға жету үшін күш-жігерімізді біріктіруді ұйғардық.**

Осыған сай біздің тиісті үкіметтеріміз Сан-Франциско қаласында жиналған өкілдер арқылы өздерінің толық өкілеттіктерін тиісті формада ұсына отырып, Біріккен Ұлттар Ұйымының осы Жарғысын қабылдауға және «Біріккен Ұлттар» деп аталатын халықаралық ұйым құруға келіседі.

Сэнсэй үнсіз қалған кезде, балалар сезімдеріне ерік берді.

— Міне саған номер! — деді мысқылмен Стас. — Бұл Виктор айтпақшы, «өзіміз егеміз, өзіміз орамыз, өзіміз әндетеміз» деп аталады.

— Иә, шаруа... — деп Николай Андреевич басын шайқады да ойлана қайталады, — «...нағыз Жарғыны қабылдауға келісеміз...» Ал олар келіспей қайда баратын еді? Архонттар бұл мемлекеттерді соғыстан кейін сондай жағдайға қуып тықты, «осындай мақтанарлық ұсыныстан» бас тартып көр.

— Онсыз емес, — деп Сэнсэй басын изеді. — Басында БҰҰ-на тек елу бір мемлекет мүше болады, оның тек он үші көшбасшы мемлекеттер, ал қалғаны — «дамушы елдер» еді. Бүгінде БҰҰ-на кірген мемлекеттер әрине анағұрлым көбірек... Архонттар БҰҰ-нан сырттай қарағанда көмекке келетін, егер кімде-кім шыныменде мұқтаж болса көмектесетін «мейірімді дос полицияны» жасады. Бірақ Архонттардың мүддесі бар сұрақтарда, бұл «мейірімді атай» тек табанды наразылық білдіруге күші жетеді және осымен іс бітеді... Архонттар өздерінің өрмекші торындай бақылауымен әлемді байлау үшін, бұл ұйымның жаңарған құрылымында халықаралық

экономиканы, қауіпсіздікті, әлеуметтік сфераларды қамтитын бірнеше «Кеңестерді» құруға тырысты.

— «Кеңестерді»? Тағы да «13 Кеңес» сериясынан ба! — деп Женька күлді.

Сэнсәйді мұқият тыңдап отырған Стас Женьканы иығымен жеңіл түртіп қалды.

— Сен әңгімені өз сөздеріңмен бөлмеші.

Женька үнсіз қалды, ал Сэнсэй әрі қарай жалғастырды:

— Халықаралық Сот, БҰҰ Бас Ассамблеясы, Секретариатты құрады. Тіпті өздерінің сандық символикасын БҰҰ эмблемасына енгізіп үлгерген: глобусты 33 бөлікке бөлген (сызба), глобустың оң және сол жағында — 13 масақ. Енді барлығы әдеттегідей. Және бұл ұйымның негізгі «Кеңестері» қазір көптеген арнайы қызметтерді басқарады. Мысалы, Халықаралық телекоммуникациондық одақ, Бүкіләлемдік денсаулық сақтау ұйымы, ЮНЕСКО, Бүкіләлемдік банк, Халықаралық валюта қоры.

— М-да, — деп ойланды Николай Андреевич. — Бұл сонда қазіргі кезде мемлекет өкілдері БҰҰ-на Третейлік сотқа шағымданғандай өз мәселелерін шешіп және соғыстарды тоқтатуға жүгініп, ал шын мәнінде осы соғыстарды тудырып және ғаламдық жанжал бастайтын Архонттарға баратын болып шыққаны ма?!

— Шыныменде пияз принципі екен! — деп Женька шыдай алмады. — Әлемдегі мемлекеттерге Ғаламдық мемлекет!

— Сен суфлёр бері қарашы, өзіңнің комментарийларыңмен адамды мезі қылдың, — деп Стас досына әзілмен ескерту жасады.

Сэнсэй болса жігіттердің репликасына еш назар аудармастан әңгімесін жалғастырды:

— БҰҰ Архонттарға тиесілі жалғыз ұйым емес. Егер дұрыстап талдайтын болса, қазіргі кездегі ірі халықаралық ұйымдардың жартысынан астамы Архонттарға тиесілі.

— Ал Архонттарға осындай көп ұйымдар не үшін қажет?  
— деп Слава түсіне алмай сұрады.

— Әлемге ықпал ету және өз билігін кеңейту үшін. Ол үшін адамдарды идеологиялық өңдеуден бастап ақшамен қысым жасауға дейінгі кез келген ластықтан жиіркенбей, қолынан келгеннің барлығын жасайды.

— Ақшамен?

— Иә. Сіздер айналаға зер салып қараңыздар, барлығына баға үнемі өседі: жылжымайтын мүлікке, тауарларға, азық-түлікке, инфляция қалай өсіп жатыр. Ақпарат құралдарында бұл «стихиялы күтпеген процесс» деп, «әлемдік нарықтағы» бағаның көтерілуімен ақталады. Бірақ бұл процесс соншалықты «болжамсыз» ба? Жер былтырғыдай жеміс-жидек пен көкөністі биыл да берді емес пе? Тауарлардың сапасы көтерілді ме? Ал дүниежүзінде бағаның өсуін кім жасап (айтып) отыр? Архонттарға бағынатын халықаралық банкирлер. Және мұның барлығы жасанды жасалады! Не үшін? Адамды материалдық тәуелділікке қуып тығу үшін. Өзіне және оның отбасына осы әлемде әйтеуір тірі қалу, адам ойлары тек табысының өсуімен үнемі алаңдаулы болу үшін. Мысалы ретінде алысқа барудың керегі жоқ. Жақын адамдарыңызға назар салыңыздар, олармен кездескен кезде әңгімелеріңіз немен аяқталады? Әдеттегідей бағаның өсуі, ақшаның үнемі жетіспеушілігі және осыған байланысты мәселелерді талқылаумен. Міне, Архонттар адамды материямен қалай басады (құл етеді) дегенге жауап.

Сондықтан қоғамдағы процестерге ықпал ететін бір қарағанда жақсы болып көрінетін архонттық ұйымдардың, осындай камуфляж артында шын мәнінде адамды материалдық агрессия, Хайуани негіз жолына итермелейтін адамзатқа Аримандық идеология таңу жүріп жатыр, ал ғаламдық масштабта барша адамзат өркениетін толықтай материалдық шыңырауға құлату. Ал бұның немен аяқталатынын сіздер ендігі білесіздер.

— Енді не істеу керек?! — деп үрейлі дауыс белгісімен Слава сұрады.

— Барлық заман мен халықтардың мәңгілік сұрағы, — деді Виктор.

Сэнсэй салмақты әрі нық жауап берді:

— Барлығы адамдардың қолында, әркімнің жеке таңдауында.

— Қызық, ал бұл әлемде Архонттарға қарсы тұратындар барма өзі? — деді Стас.

— Сөзсіз. Олай болмағанда адамзат тарихы баяғыда-ақ аяқталатын еді.

— Ал қарсы тұрушы кімдер?

— Әртүрлі адамдар: олар үлкен саясатта да, қарапайым халық арасында да бар. Архонттардың «қол қуыршағы» болғанын түсініп, олардың билігінен шығуға тырысушы адамдар да жоқ емес.

— Ал осы адамдардың барлығына көмектесу үшін не істеу қажет?

— Ең бірінші кезекте өзің Адам болу және Архонттар идеологиясының негізгі тетігі болған Хайуани негіздің арандатушылығына берілмеу...

\* \* \*

Әңгімеде кішкене үзіліс пайда болып, кейін Володя Сэнсәйден сұрады:

— Ал сен Гитлер туралы не айтып едің? Оны «Еркін тас қалаушылар» «жасады ма»?

— Иә.

— Бұл туралы бірінші рет естіп тұрмын. Ол жай харизмалы саясаткер ретінде өз командасымен билікке жете алған деп ойласам.

— Менде солай, — деп Виктор да келісті. — Ал шын мәнінде не болды?

— Бұл толық бір тарих, — деді Сэнсэй айтқысы келмей.

— Сэнсэй айтып берші, — деп Володя жалпылай ойымызды айтып күле сұрады. — Мен сен айтып бергенді бірде-бір кітаптан таба алмайтынымды анық білемін.

— Енді барынша іздесең барлығында табуға болады, тек ниетің мен басың орнында болса жеткілікті, — деп Сэнсэй оған әзіл-шыны аралас жауап қайтарды. Бірақ балалардың қоймай сұрауымен келесідегідей әңгімені айтты. — Гитлер әрқашан Гитлер болған жоқ. Ол барлығы секілді «сананың ақ (таза) парағымен» дүниеге келді. Ол ішкі күш-қуаты біршама дарынды, тіпті пірөдар болуды армандаған адам болған. Ал негізінде өте көп адамдар дарынды болып туылатынын айта кетейін. Тек дүниелік ұсақ-түйек жүйеге түсіп, әдетте олар толыққанды ашыла алмайды... Енді былай, Адольф өмірінің белгілі бір сәтінде өз таңдауын Архонттар идеологиясына бұрып, өзінің Хайуани негізіне барлық жағынан ойсырай жеңіледі. Ал ол өзінің ішкі күшін ізгілікке пайдаланып және рухани әлемде шыныменде әулиелікке жетуіне болатын еді.

— Гитлер әулие?! — деп Андрей таңғалды. — Осындай сөз тіпті басқа да сыймайды екен.

— Сенің пікірің жай ғана оның таңдауының нәтижесін көрсетеді, — деді де Сэнсэй әрі қарай жалғастырды: — Гитлердің ата-анасы туралы айта кетейін, оның Алоис есімді әкесі басында өз анасының Шикльгрубер тегін алған. Бірақ кейін көкесі Иоганн Гитлердің отбасында тәрбиеленгендіктен, ол тегін Гитлер деп өзгертеді. Уақыт өте Алоис австриялық кеден қызметкері болып жұмысқа тұрады. Оның соңғы әйелі Клара Пёльцль күйеуінен 23 жас кіші болған. Олардың отбасы бір-бірлеріне жақын туысқан болып келеді. Адольф 1889 жылы Австрия мен Германия шекарасындағы Австрияның Браунау қаласында дүниеге келген. Оның бауырлары (ер бала және қыз бала) сәби кездерінде қайтыс болған. Есейген шаққа тек өзі және кіші қарындасы Паула ғана жеткен. Отбасында әкенің

озбырлығы болған, ол көп ішіп балаларды жиі ұрып отырған, әрине бұл олардың психикасына әсер етпей қоймаған.

— Иә, — деп Николай Андреевич басын изеді, — Көбінесе адамдар отбасындағы негізсіз өзімшілдік мінез-құлықтарының болашақта қандай қорқынышты салдарға әкелетінін түсінбейді.

Сэнсэй сөзімен келісті де әрі қарай жалғастырды:

— Сол себептен бала тұйық, адамдармен араласы жоқ болып өскен. Оның көңіл-күйі лезде өзгергіш болады — қатты толқудан (қозудан) терең депрессияға дейін. Діни католик анасы ұлы сегізге толған кезде, жас Адольфты Австриялық Ламбах қаласына, ұлы пірөдар болатын шығар деген үмітпен бенедиктік ғибадатхана жанындағы шіркеу діни мектебіне береді. Ал ол ғибадатхана тегін жер емес болған. Және осы шіркеудің ғимараты оның ішінде алтарь мен кіретін қақпасы свастикамен жайдан-жай әшекейленбеген еді. Басшысы Теодор Хаген болған шіркеу гербінде де алтын свастика болған. Осы католиктік шіркеудің артында (шіркеу атын жамылған) толық бір жасырын орден жатты. Олар Шығыстық эзотерикалық білімді желеу етіп, шын мәнінде «Еркін тас қалаушылардың» күштік ғұрыптарын және оккультті практикаларын жасады.

Адольфтің шіркеуге келгеніне бір жыл болған кезде, шіркеу басшысы (настоятель) — Теодор Хаген дүние салады. Дүние салуынан кейін ол жерге Ватиканның өзінен шіркеу басшылығына «сенім грамотасын» (верительные грамоты) әкелген цистериандық пірөдар Йозеф Ланц келеді. Оған сол шіркеудің кітапханасындағы ерекше күзетілген (қорғалған) кейбір материалдар еш қарсылықсыз беріледі. Оның ішінде кезінде орден басшылары тапсырмасымен Хаген, Таяу Шығыстан әкелген кейбір манускриптілерде болды.

Йозеф Ланц бұл құпия құжаттарды зерттеп өзіне ашылған ақпараттарға ғана емес, белгілі бір күштерді оятып, кейбір мүмкіндіктерді берген оккультті техникалардың практикалық біліміне қатты таңқалады. Бірақ оларды қолдану үшін өзінің ішкі шеңбері қажет болды. Және бұл мәселені оған шешуге



көмектеседі. «Тандаулылар» арасына өзінің бала аңғалдығынан, ғибадатханада өткізілген шіркеулік мерекелердің сән-салтанатына және діни жоралғылардың мистикалық құпиялығына тамсанған бала Адольф түсіп қалады. Сонымен ол тек балалар хорында ән айтып қана қоймай, месса (католиктік ғибадат) кезінде де қызмет етеді...

Бала көз алдарында өзгере бастайды. Оның аяқ астынан күші ашылады. Бұны Адольфтің анасының байқамауы мүмкін емес еді. Ал Адольф анасын жақсы көргендіктен, шіркеу басшыларына ешкімге айтпауға ант еткенді айтады. Анасы естігенінен зәре-құты қашады: шын мәнінде сүйікті баласын неге «үйреткенінен». Сол шіркеуде қандай нәрселер жасалып жатқанын естіп, баласын ол жерден алып кетеді. Жария етуге қорыққан әкесінің шешімімен отбасы тез арада тұрғылықты жерлерін ауыстырады. Дегенмен ресми нұсқасында баланы шіркеу бақшасында темекі шегіп тұрғаны үшін шіркеу мектебінен шығарып жіберген деп айтылады... Бірақ ата-анасы қанша тырысқанымен барлығы кеш еді. Себебі аяқ астынан оянған бұл күш баланың бойындағы тек жақсы өзгерістерге ғана емес (оның оқуда үлгерімі жақсарады, әсіресе өзіне ұнаған сабақтарда, көшбасшы мінезі айқын көріне бастайды), ата-анасының өмірден ерте кетуіне себепші болған жаман көріністерді де ашып жібереді.

— Осының барлығы онда бейсаналық (неосознанном уровне) деңгейде болды ма? — деп Николай Андреевич сұрады.

— Өте дұрыс. Кейінірек жасөспірім шағында сол адамдармен өзі байланысқа шығады. Олар үшін мектебін тастап, аяқталмаған мектеп білімімен қалған. Айта кету керек, Адольф отбасы сол жерлерді тез тастап кеткен жылдардан бастап, басқа да оқиғаларды (жағдайларды) тудырған көптеген жағдайлар орын алады. Йозеф Ланц шіркеуден кетіп, есімін Ланц фон Либенфельс деп өзгертеді. Бір шеті Ватиканға жеткен «Еркін тас қалаушылардың» өкілдері болған белгілі бір мүдделі адамдардың қолдауымен, ол 1900 жылы резиденциясы Венада

орналасқан, құпия ««Жаңа храм ордені» (немесе «Жаңа Тамплиерлік Орден») «рухани» қауымдастығын құрады. Кейінірек мамыр айының көктемдік нұры германдық әйел-құдайдың құрметіне аталған атақты «Остара» журналын шығарады. Бірнеше кітаптар жазған. Ланц қозғаған негізгі тақырыптар: Гиперборея, Агартти, Шамбала, Асгард, аты аңызға айналған ежелгі астана — Туле болды.

«Жаңа храм ордені» ескі неміс тілінен аударғанда «таныстыру» (посвящение, ұғындыру, айтып беру) деген мағына берген «виенай» деп аталатын оккультты ағым орталықтарының бірі болды. Бірақ сол жылдары тек бұл ұйым ғана көркейген жоқ. Тамыры «Еркін тас қалаушылар» болған демеушілерден көптеген ордендер мен құпия ұйымдар таралады. Мысалға сол оккультті «виенай» ағымына кірген австриялық поэт және оккультист, руналық сиқыр мектебінің (рунической магии) негізін қалаушы — Гвидо фон Лист ордені. Оның пікірінше ежелгі германдық дінінің эзотерикалық бөлігі және оның құпия білімі болған толық бір ариманизм теориясын жасап шығарады. Бұл бір кездері үнділік оккультизм публикациялары, Блаватский, Ницшенің еңбектерінен және әрине герман халықтарының ежелгі аңыздарынан үлкен әсер алған адамның өзінше бір түйген пікірі (тұжырымы) еді.

Қалай болғанда да жұрт арасына осындай ұлтшылдық көңіл-күйді тарату «Еркін тас қалаушыларға» тиімді болды. Олар осындай ұйымдарды әртүрлі қалаларда ашуға тырысады. Мюнхенде 1918 жылы олардың ложаларының тағы бір филиалы — «Туле» ұйымы пайда болады. Рудольф фон Зеботтендорф басшылығымен, ресми мақсаты барлығына зиянсыз естіледі — ежелгі герман мәдениетін зерттеу.

Сэнсэй кішкене үзіліс жасағандықтан, Виктор сөйледі:

— Шамбаламен қызыққан Ватикан деген менің басыма сияр емес.

— «Еркін тас қалаушылар» әрқашан Шамбалаға қатысты кез келген ақпаратты жасырын іздеген, — деп жауап берді Сэнсэй.

— Сол жылдары осы секілді ұйымдардың саңырауқұлақша қаптағанын айтсаңшы, — деді Николай Андреевич байқампаздықпен.

— Ол не дегеніңіз дәрігер, осындай білімдер мен осындай бағыттағы түрлі қауымдастықтарды құруға деген қызығушылық ешқашан тоқтамаған. Ондай бүгінгі күнде де толып жатыр. Тек соғысқа байланысты көптеген адамдар үшін осы тақырыпқа қатысты маңызды ақпараттар аз уақыт аралығында көрініп қалды. Ал Шамбала тақырыбы әр заманда өзекті болды... Иә, Гитлерге келетін болсақ. Адольф та барша осы оккультті ағымдарға қызықты, соған байланысты әдебиеттерді оқыды. Өзінің жасөспірімдік жоспарын орындауда, Вена қаласын таңдап алуы да кездейсоқтық болған жоқ. Және әңгіме бұл жерде оқуға түсуге тырысқан Вена бейнелеу академиясында емес еді. Әңгіме ендігі Венада орналасып үлгерген оның «ескі достарының» құпия ұйымында болды. Тіпті бұл қалада қайыршылық пен жартылай аш өмір сүрген кезінде де ол жерге үнемі барып отырды.

— Қатырады! Ол жерде оны соншама не қызықтырды екен? — деп Стас таңғалды.

— Бірінші кезекте практикалар.

Женька әзілмен наразы болды:

— Сонда не әлгі «ескі таныстары» оған «тамақ беріп, жылу жинай алмағаны ма»?

— Оларда әркім өз мәселесін өзі шешу керек деген түсінік болды, — деді Сэнсэй. — Ол жерде насихатталған идеология тек мистика, ұлттық окултизмнің бағыты, Шамбаланы іздеу, Грааль тақырыптарында ғана емес, көбіне әлемді өздерінің қол астындағы марксистері арқылы жаулап алуға ұмтылып жатқан жоғарыдағы еврейлік дін басшылар туралы болды. Және осындай тақырып сол кездегі «Еркін тас қалаушылардың»

жасырын және ашық ұйымдарында қарқынды насихатталып жатты. Неліктен? Біріншіден, бұл түрлі халық топтары арасында кең танымал еді. Ал екіншіден, адамдар бөтен жерлерді жаулап алуға барып, әлемді сол еврейлік дін басшыларынан азат ету «қасиетті идеясы» үшін өлімге бастарын тігетіндей халықтың санасын алдағы келе жатқан әлемдік соғысқа дайындау үшін, «Еркін тас қалаушылар» бұны жай ғана өз пайдаларына қолданады.

— Міне цирк! — деп күлді Виктор. — Бұл сонда адамдардың Архонттарға жеккөрушілігін Архонттардың пайдасына жаратқан болып шыққаны ма?

— Иә, адамдардың Хайуани негізін стимуляциялау арқылы, — деп Сэнсэй Виктордың айтқанына қосты. — Және Бірінші дүниежүзілік соғыс басталған кезде, көптеген адамдар бұл соғысты болу керектей қабылдайды, оның ішінде нашар денсаулығына қарамастан осы идеялардың ықпалында болған Гитлерде ерікті болып соғысқа аттанады. Ал соғыстан Германияның осындай масқара жеңілісі, зорлық-зомбылықпен болған революция, Веймар республикасының құрылуы секілді оқиғалар, одан бетер бұл көңіл-күйді ушықтырып жібереді. Соғыстан кейін Гитлер Мюнхен қаласында тұрып жатқан құпия ордендегі «ескі достарына» қайта барады. Бұл кезде «Еркін тас қалаушыларға» Екінші дүниежүзілік соғыс өртін тұтатуға жағдай жасау мақсатында, тек Германияның мемлекеттік құрылымдарына ғана емес, әртүрлі саяси партияларға да барынша көбірек өз адамдарын енгізу қажет болды.

Андрей сол бойда сұрады:

— Демек Архонттар өздерінің жоспарларына сай бірден Екінші дүниежүзілік соғысқа дайындалғаны ма?

— Мен айтып кеткендей, олар өздерінің іс-қимылын көптеген онжылдықтар алдыға жоспарлайды. Сол себепті Архонттар өз есептерінде тек Бірінші және Екінші дүниежүзілік соғысты ғана емес, өкінішке орай анағұрлым ғаламдық — Үшінші дүниежүзілік соғысты да есептеген...

— Үшінші? — деп үлкен балалар хормен айқайлағандай болды.

— Иә. Бұл туралы... сәл кейінірек айтамын. Енді былай, Архонттардың жоспарына сай «Еркін тас қалаушылар» Екінші Дүниежүзілік соғысқа жағдай туындату үшін, өздерінің барлық резервін қолданады. Олардың кері ағымға түскен Гитлер секілді «тәрбиеленушілеріне» ерекше жұмыс табылады. Басында Гитлерді сол замандарда Германияда саңырауқұлақша қаптаған көптеген партиялар және түрлі ұсақ саяси бірлестіктерге тыңшылық жасайтын құрылымдарға қояды. Олардың бағдарламалары, мақсаттары, көзқарастары туралы ақпараттарды жинаумен қатар Гитлер партия көшбасшыларының іс-қимыл тактикалары, халық алдында сөйлеу мәнерін қарап, жұрт алдында барынша өтімді тақырыптарды өзіне түртіп жүреді.

Кейін бірнеше уақыт өткен соң, ложаның «бауырлары» — журналист Карл Харрер мен темір шебері (слесарь) Антон Дрекслердің еңбегінің, Заботтендорфтың бастамасымен ұйымдастырылған Неміс жұмысшы партиясына Гитлерді кіргізеді. Гитлердің саяси агитациядағы қабілетін, ішкі күшінің дарындылығын, санасына мистицизмнің айтарлықтай ықпал етуін және құпия орденнің ішкі шеңберінде көп жылдық болуы мен оған тәуелділігін ескере отырып, Архонттар үшін тиімді болған соғысты бастайтын «фюрер» (көсем) рөліне негізгі үміткерлердің бірі болады.

— Үміткерлердің бірі? Ал басқа да кандидаттар болды ма? — деп сұрады Виктор.

— Сөзсіз. Және олармен де Архонт адамдары мұқият жұмыс жасайды... «Туле» қоғамының мүшесі болған сәулетші Альфред Розенберг және журналист, драматург Дитрих Эккарт пен Гитлерді таныстырады. Келесі үш жыл бойы олар Гитлердің ораторлық (шешендік) дайындығымен айналысады. Эккарт Гитлерді аудитория алдында сөйлей білуге ғана емес, өз ойын қағаз бетінде де дұрыс жеткізуге үйретеді. Оның үстіне

ордендерінің құпия ілімі туралы ақпараттармен және жұрт алдында айтуға арналған жалпылама саяси теорияларымен үнемі басын толтырып отырған. Орденде Гитлерді үйреткен арнайы техникалар мен практикаларды пайдалана отырып, оның жұрт алдындағы сөзі кезінде ерекше медиумдер тобы арқылы Гитлердің адамдарға жеке әсер ету күшін арттырады.

Гитлердің ораторлығы тез өсіп, түрлі әлеуметтік топтар арасында кең танымалдыққа жетіп, біртіндеп өз аудиториясының санын ұлғайта береді. Партия саны айтарлықтай көбейген кезде, реорганизация өткізіліп, нәтижесінде партияның ескі көшбасшылары биліктен алшақтатылады. Қаржылық және ұйымдастырушылыққа жауапты орындарға Гитлер орденге «ыңғайлы» адамдарды қояды. Фюрерлік принцип анықталып және партияға — Германияның Ұлттық-социалистік жұмыс партиясы деген жаңа атау беріледі (Национал-социалистическая рабочая партия Германии (НСДАП)). Айтпақшы «нацист» сөзі национал-социалист сөзінің қысқарылуынан шыққан. Партия символы ретінде ежелгі свастика белгісі және ежелгі әрі оккультистер үшін біршама маңызды, «Хайль!» деп қолды алдыға қарай көтеретін сәлемдесу түрі алынады. Шын мәнінде Гитлер үшін жай ғана партия емес, ортағасырлық рыцарьлар ордені принципіне негізделген толық бір орден құрылады. Шабуылдаушы отрядтар пайда болады: партия жиналыстары мен кеңестерін күзету үшін — «қоңыр көйлекті» отрядтар (СА) (коричневорубашечников), ал фюрердің жеке күзеті үшін оған адал — «қара көйлектілер» (чёрнорубашечники) (СС) «гвардиясы». Өте қатал тәртіп енгізіледі. Іс жүзінде Гитлердің партиясы — ГҰСЖП (НСДАП) — бұл маңызды мемлекеттік ведомстваларды және жастарды, интеллегенцияны, жұмысшыларды және тағы басқа да әлеуметтік таптардың шеңберлерін қамтыған, еншілес қоғамдық ұйымдардың жүйесін өзіне көшірген, мемлекет ішіндегі мемлекет болды. Олардың тіпті өз террористік ұйымдары да болған. Және ерекше айта

кететін жайт, фюрерлік пирамидалы жүйе құрылады. Партия расизм, антисемитизмді қарқынды насихаттап, Германия үшін масқаралы Версаль келісім-шарты мен леберальды демократия принциптеріне қарсы сөйлей бастайды. Мақсаты — қатарларына барынша көп «өкпелілер мен қор болғандарды» қосып, бұл партияның электоратын барынша кеңейту.

Дегенмен кез келген саяси қайраткердің мансабы ораторлық өнері, ұйымдастырушылық қабілетіне емес, тұрақты және ауқымды қаржыландыруға негізделеді. Бүгінде көптеген тарихи көздерден Гитлердің алғашқы демеушілері баварлық бай өнеркәсіпшілердің әйелдері болған деп оқуға болады. Бірақ шындығында олай емес. Бұл ақпарат жалпылама «тарихқа» әдейілеп енгізілген, себебі Гитлер партиясы мен Екінші дүниежүзілік соғыстың шын қаржыландыру көздерін жасыру мақсатында.

— Жоқ, барлығынан қалайша тарихты жасыруға болады? — деп Андрей таңғалды.

— Өте оңай. 1946 жылы Рокфеллер фонды Екінші дүниежүзілік соғыс туралы, бұл соғысты шын қаржыландырушылар мен кімдердің арқасында нацистер режимі орнағаны, ең бастысы Архонт басшыларының бар екендігін анық әшкерелейтін нацизмнің жасырын оккультті-мистикалық астары туралы мәліметтерді жасыру мақсатында, әлемдік қауымдастыққа ресми нұсқасын ұсыну үшін үлкен қаржы бөледі.

— Міне саған жаңалық! — деп таңғалды Виктор.

— Сіздер мектеп оқулығынан бастап көпшілікке арналған тарихқа мұқият зер салып көріңіздер. Әдетте, Архонттар тарапынан арнайы бағытталған үгіт-насихат мақсатында барлық жаманшылық бір адамға жүктеледі немесе керісінше, сіздің одан әрі қызығушылығыңызды оның жеке қасиеттерімен тоқтатып, барлық жақсылық бір адамға айтылады. Бірақ ең бастысы көбінде айтылмайды — бұл адамның түсінігін (пікірін, ойын) не қалыптастырды немесе оларды кімнен алды; бұл адамды билікке

кім алып келді немесе кім оны жұрт алдында танымал етті, барша элемге атақты қылды; және бастысы оны кім қаржыландырды, жоғарыға кім көтерді? Себебі осыны білу арқылы бұл «қуыршақты» жіппен кімнің қозғап отырғанын адам жеңіл байқай алатын болады.

— Гитлерде Архонттардың қуыршағы болды ма? — деп Костя тез сөйлей сұрады.

— Әрине... Мен одан да артығын айтайын... Тіпті Адольфтің өлімінен соң, соғыстан кейін де, бұл жұрт алдындағы қуыршақтың шын қожалары кім екенін көрсететін ақпараттар мен кітаптар шықса да (себебі мұны жасырып қалу қиын еді, оның үстіне бұл жағдайдың куәгерлері көп болса), бұл мәтіндер «одақтастармен» лезде алынып, тиым салынып және жойылып отырған.

— Жедел жұмыс жасаған екен! — деді Володя әскерише бағалап.

— Енді Гитлер партиясын қаржыландыруға қатысты сұраққа келсек. Іс жүзінде әскери репарацияның орасан зор қарызын төлеумен тұншығып жатқан (Архонттармен герман халқына Версаль келісім-шартымен салынған, неміс ақша жүйесінің инфляциясын асқындырған) Германияда, нацистер режимін құруға орасан зор қаржы қайдан табыла қалады? Бұл сұраққа жауап бермес бұрын назарларыңызды Бірінші дүниежүзілік соғыстан кейін, герман халқынан екі еселегенген пайда көру схемасын Архонттардың қалай іске асырғаны туралы айтып берейін. Біріншіден, соғыстан зардап шеккен мемлекеттердің негізгі кредиторы болғандықтан, репарационды төлемдердің айтарлықтай бөлігі дәл сол Архонттардың қалтасына (олардың ұйымдары арқылы) түседі. Екіншіден, бұл қарызды төлеу үшін олар Германияны халықаралық банкирлерден тағы да кредит алуға мәжбүрлейді. Ал осындай неміс халқын тонауларын өздеріне жеңілдету үшін, Швейцарияда «Халықаралық валюталық теңестіру банкі» (Банк международного валютного выравнивания) құрады, немесе оны



тағы «Халықаралық есеп-айырысу банкі» (Банк международных расчётов) деп атайды. Оның көмегімен қалпына келтіру төлемдерін, бір елдің есеп-шотындағы қолма-қол ақша, мысалға Германиядан сол банкте есеп-шоты болған басқа елге аударылды. Әрине халықаралық банкирлер пайыздар мен комиссияндардан өте жақсы пайда көреді... Германияға берілетін осы бар кредиттердің шуылымен, әсіресе 1924 жылға дейін, Архонттардың «бизнес ақуалары» тіпті америка халқынан да сығып алған, орасан зор ақша түседі.

— Америкадан? — деп Виктор таңғалды.

— Иә. Дәл осы америкалық капитал негізінде Гитлердің әскери машинасы құрыла бастайды.

— Ал неліктен тек 1924 жылға дейін? — деп Николай Андреевич қызыға сұрады.

— Себебі дәл осы жылы бейнелі түрде айтатын болсақ, Екінші дүниежүзілік соғысты тұтату үшін Архонттар жасаған «бомбаның» сағаттық механизмінің іске қосылған уақыты болды. 1924 жылға қарай олармен бірнеше маңызды жағдайлар дайындалады. Біріншіден, соғыс өртін тұтандыратын кандидат іс жүзінде дайын болды. Және ең бастысы Германияға осы көшбасшыны билікке толық көтеру үшін қажетті капитал аударылып үлгерген еді. Оның үстіне кейін нацизмнің негізгі ядросы болған, Архонттардың оккультті күштері де елге келе бастайды. 1924 жылы кейбір азиялық өкілдері елге келеді. Айтпақшы соңғылары туралы. 1926 жылдың өзінде-ақ біз әлі айта жататын Карл Хаусхофердің жасырын жұмысының арқасында, әсіресе Мюнхен мен Берлинде, тибеттіктер мен үнділік тегін емес «колониялары» пайда бола бастайды. Шын мәнінде оған «Жасыл айдаһар» (Зелёный дракон) мен «Сары қалпақтылар» (Желтошапочники) ордендерінің тәрбиеленушілерін біріктірген, қара сиқыр құпия орденінің мүшелері кірген.

Екіншіден, 1924 жылы халықаралық деңгейдегі жоспарланған оқиғалар іске асырылады. Ұлыбритания, АҚШ,

Францияның іскерлік топтары Германиямен экономикалық ынтымақтастықты айтарлықтай кеңейту туралы айтады. Осының арқасында бірлесіп құрылған компаниялар мен банктік ұйымдар арқылы, германдық, америкалық, ағылшындық капиталдар қосылады. Мысалы ретінде барша әлемдегі химиялық және фармацевтік өнеркәсіпті бақылауда ұстаған, сәйкесінше өте күшті саяси, экономикалық ықпалы болған, халықаралық «И.Г. Фарбениндустри» картельін алып қарайық. («I.G.» — бұл қысқартылған аудармасында «мүдделердің ортақтығы» (общность интересов) дегенді білдіреді). Орталығы Германияға ауыстырылады. Жұмысына 93 мемлекет қатысады. Бұл әлемдегі ірі концерндердің бірі болды. «И.Г. Фарбен» Германия үшін неміс бензинінің жартысын өндіреді, ал соғыс жылдарында оның зауыттары тіпті газ өлім камералары үшін газ да өндірген. Бұл халықаралық картельдің шын басшыларының барлығы ірі бизнес иелері және түрлі жауапты мемлекеттік лауазымдарда болған, оның ішінде АҚШ-та бар, «Еркін тас қалаушылар» болды. «И. Г. Фарбен» қаржылық басшысы Герман Шмитц бір кездері «Неміс банкі» мен «Халықаралық валюталық теңестіру банкі» басқармаларында бір мезгілде (қатар) жұмыс жасаған.

— Тіпті солай ма?! — деп Виктор таңғалды.

— Иә, тіпті солай. Мысалға нацистерді қаржыландыруға белсенді қатысқан, «Еркін тас қалаушылардың» басты байланыстырушы буыны... Неміс «Рейхсбанктің» президенті Ялмар Горас Грили Шахт болды. Кейінірек ол нацистердің экономика министрі болады. Айта кету керек, Шахт отбасы көптеген жылдар бойы халықаралық қаржы элитасына жататын. Және Ялмар Шахттың Германиядағы Морганның америкалық қаржылық корпорациясының басты өкілі болуы да кездейсоқтық емес... Оның үстіне америкалық қаржыгерлер болған Аверелл және оның бауыры Роланд Гарриманда (Harriman) «Череп и Кости» (Бас сүйек және сүйектер) орденінің мүшелері болады. Бұл операциялар, неміс өнеркәсіпшісі Тиссен мен

Гарриманның бірлескен ұйымы болған «Юнион Банк» («Union Banking Corporation», штаб-пәтері Нью-Йоркта орналасқан) арқылы өтеді. Айтпақшы бұл банктің сегіз директорының төртеуі «Череп и Кости» (Бас сүйек және сүйектер) орденіне кірген. Ал негізінде Роланд Гарриман Кеңестерді де, нацистерді де «Браун бауырлар, Гарриман және Ко» банкі («Brown Brothers Harriman & Co») арқылы қаржыландырған. Оның ең сенімді қызметкері Прескотт Буш болғанына назарларыңызды аударайын. Ол кейін «Юнион Банктің» директоры болады...

— Буш?! — деп таңғалды Николай Андреевич. — Ол кездейсоқ қазіргі АҚШ президенті Джордж Буштың туысы емес пе?

— Әрине туысы. Оның әкесі! Ал негізінде Буштар кланы «Еркін тас қалаушылардың» белсенді жұмысының үлгілі көрсеткіші екенін айтқым келеді. Олар Бірінші және Екінші дүниежүзілік соғыс кездерінде, Архонттардың құпия жоспарларын орындаудағы ең белсенді қатысушылардың бірі болады. Мысалға Прескотттың әкесі — Самуэль Прескотт Буш — Бірінші дүниежүзілік соғыс уақытында Әскери өнеркәсіп кеңесінің мүшесі, әскерді оқ-дәрімен қамтамасыз етуге жауапты болады.

— Оқ-дәріге? — деп Володя қайталай сұрады. — Алтын лауазым.

— Ал соғыстан кейін ол мануфактура өндірісінің Ұлттық ассоциациясының бірінші президенті, АҚШ президенті Герберт Гувердің экономикалық кеңесшісі лауазымдарында қызмет атқарады. Және сол жылдары (1929-1933) АҚШ-та қолдан жасалған «Ұлы депрессия» деп аталған күшті экономикалық дағдарыстың болуы да кездейсоқ емес еді. Прескотт Буштың қайын атасы — Джордж Герберт Уолкер ірі қаржыгер болды. Ол жер иеленушілер және ықпалды кәсіпкерлер отбасынан шыққан, саяси топтар арасында үлкен байланыстары болған, АҚШ президенті лауазымынан Герберт Гуверді алмастырған

«Еркін тас қалаушылардың» өкілі Франклин Делано Рузвельттің сайлау алды науқанына демеуші болады... Прескотта, Джорд Бушта «Череп и Кости» (Бас сүйек және сүйектер) орденінің белсенді мүшелері болды...

— Череп и кости? Иә, нағыз қарақшылар, — деп күлді Стас.

— Ага, Архонт теңізінің, — деп қосты Женька.

— Енді былай, Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарында Америка қарсы соғысқан нацистерді кімнің қаржыландырғанын журналистер қопарып анықтаған кезде, Харриман және Прескотт Буштардың есімдері көрініп қалған сот ісі басталады. Бірақ көп ұзамай ол істі жауып тастайды. Және Прескотт Буштың адвокаты болған Аллен Даллестің қатысуымен.

— Аллен Даллес? — деп Виктор таңғалды. — ЦРУ директоры ма?

— Енді, сәл кейінірек соғыстан кейін директор болды. Ал ол кезде бауыры Джон Фостер Далласқа тиесілі Нью-Йорк қаласындағы адвокаттық бюроның құрылтайшысының бірі еді. Бұл адвокаттық бюро нацистердің тағы бір ірі демеушілерінің бірі — Рокфеллерге тиесілі «Стандард ойл» мұнай компаниясының («STANDARD OIL») мүддесіне жұмыс жасайды. Жасаған осындай «еңбектері» үшін Аллен Даллесті 1942 жылы АҚШ-тың стратегиялық қызметінің жаңа Басқармасының еуропалық бөліміне басшылық қызметке тағайындайды. Жаңа лауазымының мүмкіндіктері арқасында «Еркін тас қалаушылардың» тапсырмасымен өзінің Гиммлермен (келесі жылы-ақ нацистік Германияның ішкі істер министрі лауазымына тағайындалған) байланыс контактілерін кеңейтеді, СС органдарымен жаңартылған құпия әріптестікті үйлестіреді. Ал ЦРУ (нацистермен байланысы әшкере болып таратылған АҚШ-тың стратегиялық қызметі негізінде 1947 жылы құрылған) директоры лауазымына Аллен Даллес 1953 жылы отырады.

— Анекдот! — деп күлді Виктор. — Маңдай тақтайшасын ауыстырады, ал негізгі ойыншылар сол қалпында қалады деп дұрыс айтылған!

— Иә, Аллен Даллес — ойыншы. Бірақ ол таңғаларлық емес. Олда Архонттардың шахмат фигурасы үшін алдын ала дайындалған ойыншылар отбасынан шыққан. Аллен Даллестің атасы АҚШ-тың 23-ші президенті Бенджамин Гаррисонның мемлекеттік хатшысы болған (айтпақшы, АҚШ-тың 9-шы президентінің немересі, әкесі Тәуелсіздік декларациясына қол қойғандардың бірі, Ұлыбританияның қоластында болған соңғы президент). Аллен Даллестің көкесі Роберт Лансингте, билігі кезінде АҚШ Бірінші дүниежүзілік соғысқа кірген, Ұлттар Лигасы құрылуының бастамашыларының бірі болған АҚШ-тың 28-ші президенті Томас Вудро Вильсон кезінде де дәл сондай лауазымда отырған. Ал Аллен Даллестің үлкен ағасы Джон Фостер Даллестің өзі неге тұрады?

Джон Фостер Даллес АҚШ-тың ықпалды мемлекеттік лауазымдарында (оның ішінде президент Эйзенхауэр (1953-1961) кезінде мемлекеттік хатшы қызметінде) отырған және «Еркін тас қалаушылар» ұйымының салмақты фигураларының бірі болды. Айтпақшы, ол Рокфеллер қорының қамқоршылық кеңесінің төрағасы қызметін де атқарған. Бұл адам Архонттардың екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі жоспары мен әлемнің құрылымы, ондағы күштердің орналасуын іске асыруда біршама іс жасайды. БҰҰ құруға қатысады (тіпті БҰҰ Жарғысын жасайды), НАТО әскери блогы, АНЗЮС және Ресейге, дәлірек айтсақ СССР қарсы тұру мақсатында СЕАТО-ны құруға қатысқан. Оның әйгілі «Әлемнің Алты тірегі» (Шесть столпов мира) атты манифесті шығуы да кездейсоқтық емес...

— Алты? Тағы да алты ма! — деп күлді Женька.

— Ага, тірегі... ал дәлірек айтатын болсақ Архонттардың тірегі, — деп Стас басын изеді.

— Иә-ә-ә, Сэнсэй, — деп созды Николай Андреевич, — сенің әңгімеңнің әр минуты өткен сайын одан әрмен таңғалдырып жатырсың.

— Мен?! — деп күлді Сэнсэй. — Мен тек тарихты қалай бар, солай баяндап, шындықты ғана айтып отырмын.

— Иә, — деді Володя. — Шындық әрқашан таңғалдырады... Дәл, бұл әлемде ештеңе де өзгерген жоқ.

— Өкінішке орай... — деді Сэнсэй. — Иә, 1924 жылға оралайық... Енді былай, 1924 жылға Архонттармен жоспарланған оқиғалар тек кейбір Еуропа елдеріндегі саяси өзгерістерге ғана емес, тіпті Кеңес Одағы үкіметінің саяси бағытының өзгеруіне де әсер етеді.

— Саяси бағытының өзгеруіне деген қалай? — деп түсінбеді Стас. — Мен дұрыс естідім бе, Кеңес Одағында?

— Иә. Әңгіме мына жерде жатыр, Ресей империясын Керенскиймен құлдыратудан кейін Ленин командасымен жасалған Ресейдегі екінші революцияда Архонттармен қаржыландырылған (мен Ұлы Октябрь социалистік революциясын айтып отырмын). Және назарларыңызды осы Архонттар ойынының процесі қалай жүргеніне аударғым келеді. Ресейде Ақпан буржуаз революция басталған кезде, Ленин және оның көптеген әріптестері «бейтарап» Швейцарияда эмиграцияда болған. Олар үшін «буржуаз революциясы» күтпеген жаңалық еді. Бірақ олар Ресейге тездетіп баруға тырысқан кезде, Германия, Австрия, Англияның билігі Ленинге және командасына өз елдері арқылы өтуге рұқсат бермей, осы шешімді қолдаған еуропалық елдердің көмегімен оларды Швейцариядан шығармай тастайды. Тек сәуір айында ғана аяқ астынан «осы елдердің барлығы» Ленин және командасына еуропа елдерімен Ресейге транзит арқылы өтуге рұқсат береді. Бұл Архонттар өз ойындарында адамдарға қалай манипуляция жасап, жаңа позицияларға шахмат пешкісі секілді керек уақыт, сағатта қоятынын тағы бір мәрте көрсетіп тұр.

Ленин билікке келген кезде Архонттар бақылау мақсатында әрине оны өз адамдарымен қоршайды. Бірақ Ленин қарапайым адам емес еді. Оның Архонттардың барлық ойындары мен мақсаттарын тамаша білген, басында Феликс Дзержинский секілді адам тұрған өз командасы болды (идейная команда). Ленин және тобы билікке келісімен Архонттар

билігінен арылу үшін қарқынды түрде Шамбаламен байланысты іздей бастайды.

— Сен сонда ол екі жақты ойын жүргізді дегің келіп тұрма? — деп сұрады Николай Андреевич.

— Өте дұрыс. Ленин мемлекетті дағдарыстан шығаруға талпынды. Және Архонттардың ниеттеріне қарама-қайшы анық мақсаттары, нақты істері арқылы жария бола бастаған кезде, Архонттар оны құлатып өз қол қуыршақтарына алмастыруды ұйғарады. 1922 жылы Лениннің денсаулығының нашарлауына сілтеп, Сталин кандидатурасын жылжытып, оны іс жүзінде мемлекеттік басқарудан шеттетеді. Және елге қандай зардап әкелетінін түсінген лениндік ескі гвардия осы «грузиндік-еврейлік мафиямен» күрескеніне қарамастан, бәрібір де Лениннің өлімінен (21 қаңтар 1924 жыл) төрт айдан кейін РКП съзінде Мемлекеттік хатшы лауазымына дәл сол Сталинді сайлайды. Және бұл Лениннің Сталинді осы лауазымға ешқандай жағдайда тағайындамауы туралы қалдырған хатына да қарамастан болады. Және факті ретінде Сталинді қолдағандар, кейін осы үшін өз өмірлерінен айырылады.

Ленин өлімінен кейін, Сталиннің билікке келуімен бірден бірнеше мемлекет, оның ішінде Ұлыбритания, Франция, Италия, СССР мойындап, дипломатиялық қарым-қатынас орнатады. Осының барлығы «аяқ астынан» кездейсоқ болмағандығын сіздер түсінетін шығарсыздар. Бірден айтайын, Сталин Архонттардың қандай қақпанына түскенін ақыр соңында түсініп, өз билігінің иллюзиясына ұзақ қуана алмайды. Бірақ бұл туралы сәл кейінірек.

Сонымен 1924 жыл Германияға оралсақ. Сол жылы «Еркін тас қалаушылар» Гитлер есімін тек елдің барша түкпірінде ғана емес, шетелде де естуін қамтамасыз етеді. Өйткені Гитлер партиясы Баварияда, нақтырақ айтсақ Мюнхенде орналасқан еді. Осы жерлерден тысқары аймақтарда оны танитындар аз болды. Осы кемшілікті жойып және қол қуыршақтары Гитлерді танымал

ету үшін, 1923 жылы 8 қарашада қазір «Сыра бүлігі» («Пивной путч») деп аталатын ұйымдастырылады.

— «Сыра бүлігі» («Пивной путч»)? Бұл сонда қалай, ол жерде барлығын сыра бұрқылдатқаны ма? — деді Женька күлкісін әрең тия.

— Ага, ал Гитлерді бәрінен де көбірек! — деп күлді Стас. Сэнсэй балалармен бірге күлді.

— Осылай тарихшылар «атаған», себебі «еврейлік-марксистік сатқындарды» құлату мақсатындағы «Берлинге жорық» түрінде Гитлер үнемі шақырған «ұлттық революцияны» бастау туралы шешім, негізгі саяси спектакльдің «бүлік» іс-қимылдары жүрген, (ылаң, пугча) мюнхендік сыраханалардың бірінде қабылданған деп саналады.

Володя күліп, жуан даусымен:

— Иә, шындығында осындай ірі қаржыландырулы шешімдер жүрдім-бардым қабылданбайтыны анық. Ақша сау басты жақсы көреді, — деді.

— Бұл анық, — деп келісті Сэнсэй. — Енді былай, осы оқиға болғаннан келесі күні Гитлер жасанды қойылым демонстрациясын жасап және басқа да партия көшбасшыларымен бірге нацистер колоннасын бастап, қала орталығына бағыт алады. Бірақ оларды полициялық кордон күтіп тұрды. Полиция шерушілерге қарсы оқ атады. Гитлерді сол бойда «жақтастары» арнайы дайындалған машинаға салып алып кетеді. «Сыра бүлігі» («Пивной путч») сәтсіз аяқталады. Жалпы айтқанда барлығы нота бойынша ойналды. Нәтижесінде — Гитлер тек Германияға ғана емес, шетелдерде де атақты болып шыға келеді. Ол туралы Германияның өзінде барлық неміс газеттері жазды, тіпті оның портретін апталық басылымдар жариялайды.

Әрі қарай спектакль барлығы үшін қызықты дамиды, халық үшін де, әсіресе оның режиссёрларына. Тобырдың психологиясын ескере (адамдар өздерін ұқсаттыратын «жапа шеккен», «әділетсіздік көргендерді» жақсы көретіндіктен)



отырып неміс халқы үшін келесідегідей көрініс ойнатылады. Гитлерді «мемлекетке сатқындығы» үшін сотқа тартады. Дегенмен ол әу бастан-ақ өзінің «тәлімгерлерінен» бүліктің сәтсіз болатыны, ұсталатыны, көп емес... уақыт түрмеде болатындығы және ол жерде шаруаға пайдалы іспен айналысатыны туралы хабардар болды. Әрине Гитлер өзін жүргізген нұсқаулыққа сай ұстайды — ешқандай да «қорқынышсыз, жалтақтаусыз» кінәлілер отыратын орындықты үгіт-насихат трибунасына айналдырады, үкіметті кінәлап, олардың сотқа тартылатын күні келеді деп ант ішеді. Яғни қарапайым адамдардың қайнаған наразы пікірін ашық айтады. Онымен қоса танымал газеттердегі жақсы төленген (демеушілерімен) қажетті мақалалар Гитлерді әп-сәтте «патриот және солшылдармен тынымсыз күресетін» ұлттық батырға айналдырып жібереді.

Адольфты Ландсберг түрмесіне бес жылға бас бостандығынан айырады. Бұл мерзімнің орнына ол жерде жайлы бірнеше ай ғана өмір сүрді деп айтсақ болады. Оның үстіне осы мезгіл аралығында Гитлердің «тобырды басқарудың шын білімдеріне» және «ықпал ету оккульті ғылымына» үйретуді «Еркін тас қалаушылар» шындап қолға алған. Түрме бөтен көздер мен естуші құлақтардан қорғаған, осы мақсаттар үшін біршама ыңғайлы жер болды.

Гитлерді бұл түрмеде көрінгенмен емес, отыз жасар Рудольф Гесспен бірге отырғызады. Дәл осы адам оның жеке хатшысы ретінде (ресми түрде 1925 жылы тағайындалады) және де бір жағынан оның іс-әрекетін бақылау мақсатында қойылған. Рудольф Гесс өз кезегінде — Мюнхендік университеттің ұстазы, генерал Карл Хаусхофердің шәкірті болған. Бұл «профессор» түрмеде Гитлерге жүйелі түрде келіп, онымен көптеген сағат сабақтар жүргізген. Негізі Хаусхофер — «Еркін тас қалаушылардың» көрініп қалған фигурасы деп айтсақ болады. Гитлерге арналған «сабақтарды» дайындау барысында, ол жоғары дәрежелі «Еркін тас қалаушылармен» және батыста «жасыл қолғап киген адам» деген лақап атпен танымал «тибеттік

монахпен» бірнеше мәрте ақылдасады. Шын мәнінде «тибеттік монах» «монах» болған жоқ және құпия оккультисті «Жасыл Айдаһар» ордені құрылымындағы соңғы адам емес еді.

Карл Хаусхофердің қандай адам болғандығы туралы сіздерге қысқаша айтып берейін. Ол 1869 жылы Мюнхенде дүниеге келеді. Әкесі құқықтану профессоры болған. Карл өзіне әскери мансапты таңдап Баварлық әскери академияны бітіреді. Ол 1896 жылы еврейлік заңгердің қызы Марта Майер-Досқа үйленеді. Ерлі-зайыптылар ақсүйектер тұқымына жатты. Хаусхофер түрлі дипломатиялық тапсырмалармен Оңтүстік-Шығыс Азияда болып, сол жерлерде құпия «Жасыл Айдаһар» ордені өкілімен танысады. Оның ықпал етуімен негізгі дүниетанымы қалыптасып, оккультисті ғылымдардың білімдерін алады. Үнді, Корея, Манчжурия, Ресейде болады. Және 1908-1910 жылдары Карл Хаусхофердің Жапониядағы германдық әскери атташе лауазымына тағайындалуы да кездейсоқтық болған жоқ. Токиода ол «Жасыл Айдаһар» құпия орденімен танысып, оның мүшесіне айналады. Осының арқасында император отбасына және самурайлар элитасына жақын қарым-қатынаста болған. Кейінірек осы танысуының арқасында оған Лхастағы «буддалық ғибадатханалардың» есігі және Азиядағы ықпалды құпия қауымдастық — «Сары қалпақтылар» (Жёлтошапочники) сектасына жол ашылады. Немесе оларды тағы да «Алтын қалпақтылар» деп атайды. Айта кету керек, «Сары қалпақтылар», «Жасыл Айдаһар» ордені элитасы секілді (Жёлтошапочники) өзінің болмысында «кандук тектес» болды. Тек осындай экземплярлармен салыстырғанда Кандуктар тіпті де қатар тұрған жоқ.

— Кандуктар? Ал олар кімдер? — деп сұрады Андрей.

— Ол туралы тағы бірде айтып берермін... Енді былай, осы «Жасыл Айдаһар» орденіне кіруінің арқасында Хаусхофердің мансаптық дәрежесі тез көтеріле бастайды. Бірінші дүниежүзілік соғыс жылдарында ол «жас генерал» деп айтпақшы, генерал-майор шенінде отставкаға шығады.

— Осындай байланыстары, ықпалы мен мүмкіндігі бар «Жасыл Айдаһар» ордені қандай айлакер? — деді Володя. — Ол туралы ешқашан естіген емеспін.

— Таңғаларлық емес. Бұл жай орденнен әлдеқайда алыста жатыр, — деді Сэнсэй. Оның оккультті ядросы Архонттар шыңына өте жақын. Және айта кетейін олардан тіпті Архонттардың өздері де сескенеді. Өйткені Архонттар жай ғана адамдар, ал олар... Бұл орденнің іргесі ежелгі замандардан бері бар, ал оның мүшелері Ариманның оң қолы деп айтсақ болады. Олар ендігі адамдар емес. Бұл сөздің толық мағынасында. Бір кездері адам болған шақтарында, олар тек қана байлықты, билік етуді ғана емес, «мәңгілік тәнде өмір сүруді», өздеріне Ариман ұсынған жолды таңдағандар.

— Ал не «мәңгілік тәнде өмір сүру» шыныменде мүмкін бе? — деп таңғалды Слава.

— Әрине жоқ. Кез келген материя ерте ме, кеш пе бұзылу (жоғалу) қасиетіне ие. Мәңгілік қасиетіне тек рух қана ие бола алады, онда да егер ол рухани жетілген болса ғана. Ал аримандық «мәңгі өмір» терминімен рухты пайдалынып бір тәннен екінші тәнге саналы түрде қайта туылуды меңзейді. Осындай айла-шарғылардың нәтижесінде 10-12 рет қайта туылғаннан кейін, толығымен аннигиляцияланып, материалдық сұмпайылар мәңгілікке жоғалады. Яғни, «бейсаналы» реинкарнацияны бастан кешіретін қарапайым адамның берілген өмірінде өзінің рухани еңбегінің арқасында жоғары рухани сфераға және шын мәңгілікке шығуға мүмкіндігі болса, ал әлгі сұмпайылар бұл мүмкіндіктен түпкілікті айырылған. Бірақ адамсыздық жолына түскен пендеге бұл білімдер бірнеше «қайта туылулар» тәжірибиесі арқылы кейін келеді. Өмірінің бітетінін (шекті екенін) тез түсінгені аз болғандай, олар Ариманның тілек-қалауына толықтай тәуелді болады. Себебі оның кез келген мойынсұнбауы толық аннигиляцияға ерте алып келуі мүмкін.

Бірақ басында Ариманның осы қақпаны туралы (ешкімде) адамға ешнәрсе айтылмайды, барлығы оның рухани ұмтылысы

мен Жердегі «мәңгілік тәндегі өмір сүруі» перспективасы иллюзиясымен көмкерілген.

Руслан жаңа ғана Сэнсэй айтқандарды естімегендей таңғала қайта сұрады.

— Саналы қайта туылу? Мен олардың маңызды (күдіретті, күшті) білім қорына ие екенін елестетіп тұрмын!

Сэнсэй мұная жымыды:

— Маңызды білім қорына ие, сондықтан да олардан Гитлер қорыққан. Олардың адамды реинкарнация шеңберінен жұлып алып, толықтай құртып жіберуге күштері жеткілікті... — Русланға жауап беріп, Сэнсэй негізгі әңгімеге қайта оралды: — Енді былай, Карл Хаусхоферге келсек. Дәл сол «Жасыл Айдаһар» орденінде кейінірек оның өмірінің бар мәні болған істің іргетасы қаланады. Сол жерде оған кейінірек «Евразияның геополитикалық бірігуінің теориясы» (теории геополитического объединения Евразии), континентальды блок — Азор аралдарынан Токиоға дейінгі деген атпен жазылған еңбектеріндегі идеяны толыққанды түсіндіреді. Бұл геосаясаттың негізі — бұрыннан бар шекараларды қайта қарау қажеттілігін меңзейтін, жылжымалы шекаралар теориясы. Әлемді екі бөлікке бөлу — құрлық және теңіз державалары. Барлық жағдайда да бір ғана дұшпан анықталады — теңіз державаларының басшысы ретінде «барша әлемге бақылау алуға тырысқан англосаксондық әлем» (Англия, АҚШ). Шарттары былайша келтірілген: «англосаксондық космосаясаттық капитализмнің» құлы болу немесе Азиямен жақын байланыстағы Еуропаның бірегей геосаяси революциясы. Осының барлығы бір кодты «Жаңа әлемдік тәртіп» (Новый мировой порядок) деген атпен берілді.

— «Жаңа әлемдік тәртіп» (Новый мировой порядок)?! — деп Володя таңғалды. — Демек Архонттар...

— Өте дұрыс. «Жаңа әлемдік тәртіп» бастамасы мен жоспары дәл сол Архонттардан шықты. Олардың мақсаты — соғыс процесі кезінде барша әлемді екі үлкен мемлекетке бөлу

болды. Ал кейін оларды қосып, басшылары өздері болған Бүкіләлемдік жалғыз үкіметке айналдыру. Өздеріне абсолютті бағынатын, бұл үкіметке қарсы шығушыларды аяусыз құртатын, жаңа типті адамдарды (Хайуани негізі толық басым болған) жасау (толтыру). Сондықтанда осы мақсаттары үшін өздерінің қол астындағы ашық және жасырын қауымдастықтары арқылы осындай жұмыстарын жасайды. Және байқасаңыз Шығыс блогына АҚШ пен Англия дұшпан ретінде жарияланады (көрсетіледі). Сол елдердің үкіметін өз мақсаттарына пайдаланып, басқа елдерге айдап салатын кішкене мүсәпір еврейлік дін басшыларын емес.

— Өтіріктің үстіне өтірік! — деді осындай ашылған ақпаратқа біздер секілді таңғалған Володя.

— Ал сен не қалап едің? Ариман мектебі. Адамдардың жақсы жаққа қарай ұмтылысын олар жаман жаққа кері бағыттап, өз мақсаттары үшін пайдаланады. Білімді айтып жеткізе алмайтындай бұрмалайды. Міне сіздерге қарапайым мысал. Неліктен нацистерден кейін бірден Шамбала туралы қай жерде екені белгісіз, бүкіл әлемге билік етуші «қорқынышты бабай» (страшный бабай) деп айтып, жағымсыз пікірді кең жая бастады. Бұл «аңызды» нацистерге сол баяғы «Жасыл Айдаһар» орденінің «өкілдері» айтып берген. Олардың айтуларынан осыдан «отыз немесе қырық ғасыр бұрын» қазіргі Гоби шөлі орналасқан Орталық Азия жерінде жоғары дамыған өркениет өмір сүрген. Катастрофа нәтижесінде бұл жер шөлге айналып, ал ол жерде өмір сүрген адамдардың бір бөлігі солтүстік Еуропаға, бірі Кавказға қоныс аударған. Бұл эмигранттар адамзаттың басты (негізгі) нәсілі, арийліктер (арийский слой) болыпты-мыс. Осы жоғары өркениеттің ерекше білімдерге ие болғаны үшін «шектен тыс сананың (ақылдың) ұлдары» (сыны запредельного разума) деген атқа ие болған ұстаздары, Гималайдағы үңгірлерге қоныс аударған. Ол жерде олар екі топқа бөлінген. Бірі «оң қол» жолымен, екіншісі «сол қол» жолымен кеткен. Оң жолдың орталығы пайымдау (созерцания), «дүниелік істерге

араласпайтын ғибадатхана», жасырын мейірімділік қаласы — Агарті. Ал екінші жол тек табиғат күшімен ғана емес, адамдарды да басқаратын, адамзаттың «қиылысқан замандарға» (аудармасы нақты емес, топсалы уақыт, шарнирному времени) келуін жылдамдататын зорлық-зомбылық пен құдіреттің қаласы — Шамбала. Және бастысы «Жасыл Айдаһар» өкілдері түрлі халықтардың сиқыршы-көсемдері Шамбаламен ант ішу және құрбандық шалу арқылы келісім-шарт жасаса алады деп көрсеткен. Осындай жалған аңыздарға сүйене отырып сол Хаусхоферге, ал ол арқылы бүкіл герман халқына одақтастық арқылы немесе барша Шығыс Еуропаны, Памирді, Тибетті, Түркістанды, Гоби жерлерін жаулап алып «тамырға оралу қажеттілігі» деген оймен иландырады. Өйткені кімде-кім осы «маңызды аймақтарды» бақылауда ұстайтын болса, сол бүкіл жер шарын бақылауда ұстайды-мыс.

— Сандырақ! — деп Женька күлді.

— Нацистердің билік шыңындағылар керісінше бұны «құпия білімдер» деп санады. Ең өкінішті әрі күлкілісі Гитлер және «III Рейх» құпия қауымдастығының шыңындағылар тұрақты байланыста болған әлгі жасыл қолғап киген «тибеттік монахты» «Кілт Сақтаушысы» деп атап, ол адам Агартиге (Арианаға) кіретін есікті біледі деген қауесеттер тарайды.

— Ариманға? Оған кімнің шүбәсі болсын! — деп Женька тағы да ұжыммен күлді.

— Шамбала туралы ақпаратты осыншалықты не үшін бүлдірген? — деп Виктор Сэнсэйден сұрады.

— Түсінесің бе, Шамбалада шыныменде өте маңызды білімдер жинақталған, ол жаһандық таңдау уақыттары аралығындағы Граальды сақтаушы. Архонттар шыныменде әлдері келмейтін оның жалғыз күш екенін, Шамбала алдындағы мүсәпір жағдайын жақсы біледі, сол себепті үнемі Шамбаланы адамдар алдында ластауға тырысады. Дегенмен Шамбаланың өзі адамзат қоғамына бейтарап, өйткені қоғамның дамуы — адамдардың өз таңдауы, бірақ тек аса сирек жағдайларда

адамдарға рухани көмек көрсетеді және ол тікелей емес, жанама түрінде. Шамбала адамзат әлеміне ақиқат пен білімді әкеледі. Бірақ қабылдау еркіндігі адамдардың қолында. Бұл жарық (сәуле, нұр) секілді. Егер адамдар жарықты көруді қаласа, олар оны тек кіршіксіз таза күйінде қабылдап қана емес, басқаларға да береді. Және әлемдегі әрбір жарқ еткен жана сәулемен кара түнек барған сайын азая түседі. Егер адам жарық нұрды көріп оны өшірсе, ендеше кара түнек өз билік ету аймағын ұлғайтады. Сәулені қабылдаған әрбір адам оны иеленуші (тасымалдаушы, носитель). Және тек адамның жеке таңдауы ғана өзінің айналысында, ал тұтастай алғанда — барша әлемде жарықтың қаншалықты үлкен болатынын анықтайды.

— М-да, әркімнің жеке таңдауы, — деп Николай Андреевич ойлана айтты. — Жеке таңдауы...

Ұжым біршама үнсіз қалды.

— Сондықтан Архонттарға ақпараттарды, оның ішінде Шамбала туралы да ақпаратты бұрмалау өте тиімді., — Сэнсэй кішкене үнсіз қалды да, кейін жалғастырды: — Олар секілді нацистерді алдап соғу — кез келгеннің қолынан келе бермейді. Өйткені нацистердің түпкі мақсаты: Жаңа әлемдік тәртіптің дүниеге келуінің негізі болған мыңжылдық арийлық нәсілді мемлекет — «III Рейхты» құру; «Ұлы Белгісіздердің» (Великих Неизвестных) әлемдік таққа келуіне өркениетті дайындау. Айтпақшы Архонттар өздерін осылай атайды.

— Ал міне... тағы да алдап соғу! — деп Женька күлді.

Балаларда күлді.

— Сонымен Хаусхофер туралы... «Жасыл Айдаһар» орденінің идеясымен басы уланған ол, тәлімгерлерінің тапсырмасымен Германияға оралады. Ол жерде оған бірден бірнеше оккультті қауымдастықтардың есігі ашылады, оның ішінде «Еркін тас қалаушылардың» белсенді ложаларының бірі — «Алтын таң» ордені (ордена «Золотой рассвет»). Хаусхофер ол жерде әрі қарайғы құпия жұмысы үшін қажетті адамдармен

танысады. Ішінде «Туле» қоғамының негізін салушы Рудольф фон Зеботтендорфта бар еді. Өзі «Жарық бауырластығы» (Братья света) деген орден құрып, кейінірек ол «Врил қауымдастығы» (Общество Врил) атауына өзгертіледі, қол астында кейін СС-тің ядросы болған түрлі германдық ордендерді біріктіреді: «Қара тас Мырзалары» (Господа Чёрного камня), «Қара рыцарьлар» (Чёрные рыцари), «Қара күн» (Чёрное Солнце). Сырттай қараған көзге Карл Хаусхофер әскери мансабын сәтті аяқтап ғылымға оралған, Мюнхен университетінде ұстаз, үлгілі күйеу болып көрінеді. 1922 жылы «тәлімгерлері» оған Неміс геополитика институтын құруға көмектеседі. Карл өзінің геополитика тақырыбындағы кітаптарын шығарады. Дәл сол «іске қосушы» 1924 жылдан бастап оны тек Гитлерді үйретуге жіберіп қана қоймай, «өзінің» идеяларын да белсенді кең жая бастайды. Соңғы мақсаты үшін ол маңызды (байсалды, жақсы) геополитикалық журналды шығарды және кейінгі жиырма жыл ішінде журналда өз жұмыстарын жариялап отырды. 1924-1931 жылдар арасында радиодан неміс халқына арнап тұрақты сөз сөйлеп отырған. Жалпы алғанда Карл Архонттар үшін біраз пайдалы жұмыс жасайды. III Рейхтің құлауынан кейін ол Нюрнберг процесінде сотқа тартылмайды. Айтпақшы ол процесте жұртшылық үшін пайдаланған «қуыршақтары» ғана сотталып, білуге керектіден көбірек білгендер өлім жазасына кесіледі. Бірақ ешкім III Рейхтің шын басшылары мен қаржыгерлеріне саусағының ұшын да тигізбеді. Хаусхофер 1946 жылы «Жасыл Айдаһар» орденінің шын өкілі ретінде алдымен өз отбасын «құрбандыққа» шалып, ритуалды суицидпен өмірін қияды.

Бірақ Гитлердің көсем болу уақытына қайта оралайық. Оның үйретумен қатар национал-социалистерді ресми Герман үкіметіне жоспарлы енгізудің қарқынды жұмысы жүріп жатты. Бұл жұмыстың мақсаты кейінірек билікті «заңды түрде» басып алу үшін. Және бұл үшін барлық айла-шарғыны қолданады: пара беріп сатып алу, бопсалау, қорқытып-үркіту, террор, тіпті өз



бәсекелестері коммунистерге жала жабу мақсатында арандатушылықпен Рейхстагқа өрт қоюға дейін.

Архонттар Германиядағы ішкі саяси ауыс-түйіспен қатар, сыртқы плацдармды соғысқа дайындай бастайды. 1929 жылы олар қолдан жасалған дүниежүзілік экономикалық дағдарысты тудырады, оны 1933 жылға дейін созып, өз капиталдарын айтарлықтай еселеп өсіреді. Олардың адамдары дағдарыстан ешқандай жапа шекпейді. Алдын ала ескерту алған олар Архонттардың осы жобасының алдында, өз капиталдарын алтын мен күміске салады. Дағдарыс уақытында «Еркін тас қалаушылар» өздерінің халықаралық банктері арқылы әрекет етіп, әртүрлі елдерде бір жағынан саяси және экономикалық ауыс-түйістерді жасап, жылжымайтын мүлік пен кәсіпорындарды тиынға сатып алады. Германияда әлемдік экономикалық дағдарыс одан әрмен саяси жүйенің құлдырауына әкеліп, Гитлер партиясының билікке келуіне жақсы жағдай тудырады.

Версаль секілді ресми келісім-шарттарға, халықтардың бейбіт өмір сүруін бақылайтын Ұлттар Лигасы секілді ұйымдарға қарамастан, Гитлердің әскери машинасы қарқынды құрыла бастайды. 1936 жылға дейін 100-ден аса америкалық фирмалар, араларында танымал «Дженерал Моторс», «Интернэшнл Харвестерс», «Форд», «Дю Понт» секілді компаниялар оның құрылуына жұмыс жасайды. Мысалға «Форд» және «Опель» (ал «Опель» Морганның бақылауында болған «Дженерал Моторс» компаниясының еншілес кәсіпорны болды) нацистер үшін танкілер жасаған ірі мердігерлердің бірі еді. Англия кемелер жасауға көмектесті. Кеңес Одағы неміс ұшқыштарына ұшуды үйретеді, тіпті өз территориясының аспанында. Ал Кеңес Одағы — бұл жердегі көптеген ориентирлері бар халқы тығыз орналасқан Еуропа емес. Біздің аспан кеңістігімізде адаспай ұша білу шеберлікті қажет етеді.

— Сонда бұл қалай болғаны, біздікілер немістерді өз аспанында ұшуға өз қолдарымен дайындағаны ма? — деп Виктор өз құлағына өзі сенбеді.

— Солай болды. Және тек бұл ғана емес. Германия мен СССР арасындағы белсенді «достық» жиырмасыншы жылдардың соңында пайда болады, жоғары билік эшелонындағы әріптестіктен бастап, әскери іс, өндірістік өнеркәсіп және СССР территориясына бейбіт екі жақты экспедицияға дейін (алдыңғы заманауи германдық құрылғылармен жарактанған, әрбір ұсақ-түйегіне дейін мұқият тіркеп отырған неміс мамандарымен).

— Жақсы ойластырылған!

— Бірақ айта кетейін, Гитлерге өзінің билікке келуін ұйымдастырғандардың шын бейнесі ашылған сайын, Архонттарға жұртшылық үшін қол қуыршағы ретінде уақытша керек екенін көбірек түсіне бастайды. Сол себепті Архонттар билігінен шығудың мүмкіндіктерін іздейді, мақсаты бір ғана диктаторлық билікке ие болу.

— Енді иә, кімге қарсы күрессе, соған тіреледі (Ну да, против кого боролся, на того и напоролся), — деп Стас күлді.

— Бұл кезде оның қарсыласы Сталин жаппай репрессияны бастап кеткен. Және ол көбінде Сталиннің Еуропадағы қарқынды болып жатқан оқиғаларды байқауымен байланысты болды. Өмірі үшін қорыққан ол қалай болғанда да өзін Архонттық «бақылаушылардан» қорғауды ойлайды. Салдарынан СССР-де «темір шымылдық» (железный занавес) жасалып, ал Сталин «толық тазартуды» тек өз төңірегіне ғана жасаған жоқ. Бірақ Архонттарға осындай Сталиндік репрессия тек тиімді болды, себебі аяқай-шу ішінде бұрынғы жылдары ұрыс тәжірибиесі болған мемлекеттің барша әскери элитасы жойылды деп айтсақ болады.

Гитлерде өз айналасын тазартады, бірақ ондағы мақсаты бөлек еді. Ол Сталиннің неге ұмтылғанын тамаша түсінді. Сырттай жұртшылық алдындағы оған антипатиясына қарамастан, ол Сталинмен Архонттар билігін құлату мақсатында

бірігу керек деп шешеді. Гитлер Сталинмен құпия келісім жасасады, осыған байланысты кейінірек Гитлер Англияға шабуыл жасап, тіпті сол кездің мықты талдаушылары (аналитик) да күтпеген Американың өзінде диверсионды операциялар жүргізуі керек болған. Ал Сталин соңғы сәтке дейін Германия СССР-ге шабуыл жасайды дегенге сенбейді. Екі диктаторда өздерінің «әскери машинасын» Архонттарға қарсы соғысу үшін біріктіру мақсатын қояды. Және шыныменде егерде фашистік Германия мен Кеңес Одағы әскері сол кезде біріксе, олардың әскери күшіне ешкімде қарсы тұра алмас еді. Оның үстіне Архонттардың өздері бейшара кішкене топ қана. Бірақ бір сұрақтың беті ашық болды: Архонттардың оккульти күшіне қалай қарсы тұруға болады? Екі диктаторға осындай кедергілердің болуын тек осыған ұқсас күштермен кездеспеген адам ғана түсіне алмас, өйткені олардың ойынша күш тек физикалық қана. Алайда үлкен билік шыңында тұрғандар осыған ұқсас нәрселерді бағаламауға болмайтынын жақсы біледі.

Бұны әсіресе Гитлер жақсы білді. Ол қарапайым адамдардың алдында «мандай алды билік» көрінісінде көрінгенімен, «Жасыл Айдаһар» ордені элитасы қолындағы шын билікпен салыстырғанда оның билігі түкте емес екенін жақсы түсінді. Ол бала күнінде-ақ құпиялылығы мен әсер ету құдіретімен қорқыныш ұялатқан оккульти күштердің көрінуімен кездескен. Гитлер өзінің билікке көтерілуі кезінде бұл көрусіз күштердің іске асуының куәгері болған. Өзіне бірнеше рет шабуылдар жасалып, қарапайым адамдарға түсініксіз түрде тірі және еш зардапсыз шыққан кезде, «Жасыл Айдаһар» орденінің оккульти практикасын көзімен көрген. Өзінің іс-қимылын қаншалықты бақылауда ұстағанын білді. Бірақ осындай шын биліктің жасырын күшіне тек одан да үлкен, түрлі халықтардың ежелгі жазбаларында келтірілген Шамбалада болған немесе кейінірек адамдар Грааль деп атап кеткен қарсы тұра алатын еді. Сондықтан Гитлерде, Сталинде оны іздеумен қарқынды айналысады... әсіресе Гитлер көп жұмыс жасайды. Ол тіпті тек

Архонттар билігінен босап шығуды ғана емес, әлемге толыққанды билік ету мақсатында, мәңгілік өмір сүріп, мәңгі билік ететін 13-нің орнын басып алу туралы армандарымен өзін мәпектейді.

Женька мырс етіп күліп жіберді:

— Ариманның өзінен билікті тартып алғысы келді ме? Иә, бұл әпенденің амбициясы болған екен, оның қасында Архонттар демалады!

— Қайтесің енді, ол жай ғана адам, — деп Сэнсэй балалармен бірге күлді. — Енді былай, Шамбаланы іздеуде Гитлерде ештеңе шықпағасын, ол Граальды іздеуді күшейтеді. Және айта кету керек, Гитлер бұл сұраққа аса жауапты қарайды. Оның командасы тек қана Граальды іздеумен ғана емес, Граальды сақтау жоспарланған, жиырма жылға есептелген, толық бір комплекстің құрылысын бастайды. Комплекс сол жерде орналасқан ежелгі қамалдың құрметіне «Вевельсбург қамалы» деп аталады. Дәл сол жерде СС элитасы дайындап жатқан, ежелгі германдықтардың сенімі, «еврейлермен уланбаған» христиан және оккультизмнің синтезінен нацистердің «жаңа діни» орталығын құрып, сол жерден бүкіл әлемді басқару болжанған. Комплекстің құрылыс жоспары бекітіледі, оған сай найза басы секілді көрінетін қамалдың үш бұрышы СС-тің әрбір мүшесінде болған «Өлі бас» (Мёртвая голова) күміс сақинасы формасындағы алып сақиналы құрылысқа кіреді. Бұл найзаның бейнесі Рим центурионы айқышқа шегеленген Исаға тыққан «Тағдыр найзасы» туралы аңызды ғана емес, ежелгі германдықтар мен скандинавиялықтардың да аңызын білдірді. Соңғыларына сәйкес осы халықтардың ең құрметтелетін ежелгі құдайлары, аспан қаласы Асгардта өмір сүрген, соғыс пен әскери ар-ұжданның құдайы — Один (германдық Водан) болды. Бұл құдайдың тұрақты атрибуттары болып мүлт кетуді білмейтін Гунгнир найзасы және өзі секілді сақиналарды туындататын Драупнир сақинасы. Енді былай, қамалдың солтүстік мұнарасы

Арктикадағы атақты Туле аралына бағытталды. Назарларыңызды қамалда тек СС-тің ең жоғарғы он екі генералына ғана арналған апартаменттер болмағанына аударамын...

— Он екі? — деп Николай Андреевич қайталай сұрады.

— Иә. Ол жерде бір өсте (на одной оси), бірақ әртүрлі деңгейдегі негізгі үш зал көтерілді. Төменгі зал «Валгалла» деп аталды, ол ежелгі дастандардағы өлілер әлемін білдірді. Ортасында мәңгілік алау (от, жалын) және обертруппенфюрерлер үшін крипто-қабырхана болды және «қара орденнің» мүшелері өмірден өткеннен кейінгі барлық сақиналары сақталатынмен жасақталды. Әрі қарай бір қабат жоғары «Мидгард» залын көтерді, осылай германдық-скандинавтық мифологияда тірілер әлемін атаған. Бөлме еденге дейін ерекше руна-символдарымен жазылады (салынады). Онда он екі колонна болды. Бұл зал жақын шеңбер үшін күш актісін жасауға арналды, яғни осы жерде адамзаттың тағдырын шешпек болған «Қара орденнің» он екі «рыцарьы» үшін. Және ақыр соңы солтүстік мұнараны «Грааль» залы тәждейді, ол ежелгі германдық құдайлар әлемі — «Асгард» символы болды. Ол мен айтып кеткендей өз қолына тек Архонттар билігін ғана емес, 13-нің де билігін алуды армандаған жеке фюрерге арналды. Дәл сол жерде Гитлер іздеген Граальдің төрт тасына арналған тұғыр (постамент) көтеріледі.

— Граальдің төрт тасы? Грааль тостақан (чаша) емес пе еді, — деді Виктор.

Сэнсэй құпия жымыды.

— Гитлер көптеген адамдардан жасырылған өткеннің кейбір шын оқиғаларына қанық болғандықтан, Грааль — соңғы рет әрқайсысына үш реттен төрт тасқа жазылған руналық белгілер екенін білген. Осы тастарды іздеген.

— Руналық белгілер? — деп балалар одан бетер таңқалды.

— Руналар (Руны) — бұл ежелгі аңыздар түсінігінен алынған неміс анықтамасы. Немістің гаупен сөзі «сыбырлау»

дегенді білдіреді. Ежелгі скандинавтық rūn сөзі — «құпия» мағынасында. Және шығыс германдық тілге жататын гот тілінде rauna «сыр», «құпия» дегенді білдіреді. Христиандық замандарға дейінгі ерте кездері скандинавтық және ежелгі герман дін басшылары руналарды түрлі өмірде болатын жайттардан сақтайтын тұмар ретінде, жазуда және сиқырлы салт-жоралғылар үшін ерекше символдар ретінде пайдаланған. Руна аттары әрқашан құпиялардың құпиясы, сырлы білім саналған. Қазір адамдарда тек сырттай еліктеу мен негізі жоғалған білімі ғана қалған. Бірақ осы халықтардың ежелгі замандағы діни басшылары сиқырлы белгілер туралы ақпаратты қайдан алғандығы анағұрлым қызықтырақ.

Әңгіме бұл жерде ежелгі символдар тек ежелгі скандинавтарға, германдықтарға ғана белгілі болмағанында. Оларды ежелгі славяндар, кельттер (кельты), сарматтар, скифтер де білген. Онымен ертеректе ерекше тамға (тамга) белгісі ретінде пайдаланған Орта Азияда жақсы таныс болған және Ежелгі Қытай, Үнді, Мысыр, Финикия, Орталық Американың ежелгі мемлекеттері де. Бұл осындай жерлердің толықтай тізімі емес. Айтпақшы, Ежелгі Мысырдағы байырғы гректер иероглифтер деп атап кеткен символдарды, мысырлықтардың өздері «құдай сөзінің хаты» (письмо слова бога) деп атап кеткен. Бірақ түрлі құрлыққа шашылған бұл белгілердің барлығының алғашқы прототипі Шамбала өкілдері әлемде өздерінің сенімді адамдарымен байланысқан таңба жазуы еді. Бұл символдар көптеген қарапайым жұртшылық үшін таста, ағашта, қандай да бір заттарда, алтын және металл пластиналарында жазылған еш нәрсе білдірмейтін және еш нәрсе туралы айтпайтын жай символдар болды. Бірақ адамдар қарапайым емес күш пен білім иелерінің оларға ерекше мұқияттылықпен қарайтынын байқайды. Діни разрядқа көшкен адамдардың жай ғана еліктеуі басталған, ал кейін тіпті бұл белгілерді түрлі діни топтармен ерекшелеу (оқшаулау) және өздерінің ойдан шығарылған

символдар жүйесіне, мағыналарының «расшифровкасын» толықтырумен ұласады. Енді бұл әңгіме үшін.

— Неге әңгіме үшін? Біршама қызықты ақпарат, — деп Николай Андреевич Сэнсэйдің соңғы сөзіне қарсылық айтты.

Сэнсэй әркім өзіне бұл қаншалықты қызықты екенін өзі шешеді дегендей иығын көтеріп әрі қарай жалғастырды:

— Сонымен, Гитлер Сталинмен бірге өз күшін Архонттарға қарсы біріктіруге ұмтылады. Бұл туралы Архонттар білмеді деп айтуға болмайды. Әрине білді және бұны өз пайдаларына жаратты. Ал уақыты келген кезде Гитлерді «жасыл қолғап киген адам» арқылы жақсылып қысып, оны Кеңес Одағына соғыс ашуға итермелейді.

— Олардың алдында осыншалықты қорыққаны несі? — деді Виктор. — Осындай жоспарлар, осыншалықты амбиция...

— Ага, жіпке байланған бейшара секілді! — деп еш ұялмастан Женька өз ойын айтты.

Балалар күлді, ал Сэнсэй түсіндірді:

— Себебі өз жейдең тәңізе жақын. Сондықтан ол қайда тартса, сол жаққа жүрді, Архонттар айтпақшы, «революция емес, эволюцияға» секіріс жасау үшін. Бұл соғысты Кеңес Одағының жеңуі, Гитлер үшін толық күтпеген жағдай болды. Дегенмен бұл Архонттар үшін болжамға келетін нәтиже еді. Соғыста кімнің жеңгеніне қарамастан Архонттар кез келген жағдайда соғысқа қатысушы елдерге ықпалын кеңейтуге қолдары жететін еді, ал олардың «Еркін тас қалаушы» адамдары соғысушы елдерге қару, азық-түлік сатудан және соғыстан кейінгі халықаралық кредит беру арқылы материалдық ұтыста болды.

Егер Екінші дүниежүзілік соғыстың көптеген құрбандары үшін «Еркін тас қалаушылардың» сотшыларымен жазаға тартылғандарға ғаламдық тұрғыда қарайтын болсақ, жазаға тартылғандар — нацизмнің жұрт алдындағы қуыршақтары немесе істің және шын басшылардың кімдер екенінен мақрұм болған екінші деңгейдегі адамдар болғандығы түсінікті болады. Бірақ нацизм машинасындағы Архонттар үшін құнды болған

адамдар өздерінің «әділ сотынан» құтқарылып қана қоймай, әрі қарай «Еркін тас қалаушыларға» жұмыс жасау үшін жаман емес өмірге жайғастырылады. Бұл мақсаттарын жүзеге асыруда оларға Ватикан да қарқынды түрде көмек береді. Ватикан католиктік шіркеу жамылғысымен СС офицерлерін Швейцарияға, Аргентинаға, Парагвайға, АҚШ-қа аттандырып отырған. Нацистердің түрлі барлау арнайы қызметтерінің бөлімдерін басқарған арасындағы көбісі, соғыстан кейін өз адамдарымен бірге біршама тез уақыт аралығында, өздеріне — АҚШ стратегиялық қызмет Басқармасы деп аталатын жаңа Қожайынды табады. Және іс жүзінде өздерінің Батыс Еуропадағы барлау қызметтерін жалғастыра береді. Ал НАТО? Бұл ұйым өзінің араб аймақтарындағы, ислам әлеміндегі, Индонезия, Таяу Шығыс, Солтүстік Африкада өткізген лас операцияларында кімдердің тәжірибиесі мен кәсібилігіне тірек артты? Немесе жетпісінші жылдардағы Еуропадағы терроризм? Сол баяғы нацистермен, АҚШ-тың жеңіл көмегімен жаңа, соғыстан кейін құрылған құрылым, Солтүстік-Атлант Альянсы деп аталатынды «күшейтеді»... Тіпті «Интерпол» секілді ұйымды алып қарайтын болсақ, оның да ісіне «Еркін тас қалаушылардың» қатысуы болған. Қылмыскерлер мен есірткі сатушылармен күрес мақсатында құрылған бұл халықаралық деңгейдегі жеке полиция ұйымына 1972 жылға дейін бұрынғы СС офицерлері басшылық еткен. Және осындай мысалдар жетіп артылады.

— Иә-ә-ә, — деп созды Виктор. — Міне саған «шуақты әлем»! Ол жерде қайдағы демократия, қайдағы еркіндік! Бұл дегенің толық өтірік, алдау мен құлдык!

— Ал сен Үшінші дүниежүзілік соғыс туралы не деп едің? — деп Сэнсэйден Володя сұрады. — Архонттар оны шыныменде жоспарлағаны ма?

— Өкінішке орай, — деп Сэнсэй басын изеді.

— Алдыңғы елдердің бүгінгі ядролық қарулануымен бе?! — деді Николай Андреевич. — Бұл ақымақтық емес пе!



— Әрине ақымақтық, бірақ бұл дұрыс адамдардың ойынша. Ал жиіркенішті Архонттардың түсінігінде — бұл норма... Дұрысы мен сіздерге жақын арада миллиондаған адамдар білетін, Архонттардың құпия жоспарын айтып берейін. Оларға жұмыс жасау «іш пыстырарлық» болмас үшін... Сонымен Архонттар ғаламдық соғыстарды ұрпақтар бойынша есептейді. Және олардың есептерін саралайтын болсақ, бүгінгі ұрпақ Үшінші дүниежүзілік соғысты көруі тиіс. Архонттар геополитикалық жағдайға және халықты осы оқиғаларға дайындау деңгейіне байланысты жаңа ғаламдық соғысты үш уақытқа жоспарлаған. Бірінші датасы — бұл ендігі бүкіл әлемге ақыр заманның мүмкін уақыты ретінде жанама жарнамаланған 2012 жылдың 23 желтоқсаны. Екінші датасы — 2017 жыл. Және үшінші датасы — 2025 жыл. Бұл олар бағыт алатын және өз есептерін құратын негізгі уақыттар. Дегенмен кез келген басқа жоспарлар секілді өзгертулер болуы да қалыпты... Негізінде осы оқиғаларға дайындықтарын оңай көріп және бақылауға болады. Архонттардың ниетіне қарсы жалғыз мықты қарсылас болып...

— Кеңес Одағы?! — деп Виктор шыдамсыздана сұрады.

— Мен нақтырақ айтар едім — Ресей... Енді былай, жаңа ғаламдық соғысқа Архонттардың бұл дайындығын болған оқиғалар бойынша оңай анықтауға болады. Мен сіздерге Архонттардың қалай іс-әрекет жасайтыны туралы біршама айтып бердім және тағы да айтып берейін. Олардың айла-шарғылары өзгермейді және адамзат тарихында көрініп, бірнеше рет қайталанып отырды. Барлығы ескі қарапайым схема бойынша жасалатын болады.

Олар бірінші өздерінің жоспарын іске асыруда шыныменде біршама қауіпті қарсыласын барынша әлсіретуге тырысады. Ол үшін сол мемлекеттің ішінде өз адамдары арқылы деструктивті арандату саясатын қолданады немесе егер бұл қолдарынан нашар келсе, бұл елді өздеріне бағынышты мемлекеттермен қымтауға (қоршауға) әрекет етеді. Әрине қажеттілігіне қарай сол

елдерде өздерінің қуыршақ үкіметін билікке әкелу үшін мемлекеттік төңкерістер мен революцияларды ұйымдастырады.

Олардың жасайтын екінші іс-әрекеті бұл жаһандық дағдарысты жасанды тудыру, өйткені әлемдік капиталдың көп бөлігі олардың қолында. Әлемдік биржаларда «қажетті» жағдайларды тудыру да олардың қалыпты әдіс-тәсілі. Алдыңғы қолдан жасалған әлемдік дағдарыс пен кейін болған Екінші дүниежүзілік соғысты естеріңізге түсіріңіздер... Оның үстіне Үшінші дүниежүзілік соғыс алдында қоғамның керекті (оларға) көңіл-күйін жасау мақсатында, Архонттар «әлемдік азық-түлік дағдарысын» қолдан жасайды. Бұл жағдайда ең бірінші халықтың кедей бөлігі зардап шегеді. Әлемде көзге көрінер себебі болмастан аяқ астынан азық-түліктің қатты жетіспеушілігі сезілетін болады. Бұл үшінші әлем елдеріндегі аштыққа алып келеді және тіпті дамыған елдердегі азық-түлік бағасының айтарлықтай өсуіне. Ақталу сөзі ретінде бұның барлығы ғаламдық жылыну мен планетадағы адамдардың шектен тыс өсуімен байланысты деген «болжам» айтылады. Осындай «пікірлер» ашыққан адамдардың тезірек адамзат популяциясын өз пайдасына сай азайту туралы ниеттерін оятады.

Володя қабағы түйіліп сөйледі:

— Иә, бұлыңғыр жағдай... Бірақ Сэнсэй сен шыныменде климаттың ғаламдық өзгеруі келе жатыр деп айттың емес пе. Сондықтан бұл — біршама болжанатын шынайылық болуы да мүмкін.

— Болжанатын шынайылық?! — деп Сэнсэй әшкерелеген үнмен айтты. — Заманауи технологиялармен Сахара шөлін гүл жайнаған баққа айналдыруға және оның жемісімен халықтың айтарлықтай көп бөлігін тамақтандыруға болады. Және бұл аштық деген түсініктің планетада мүлдем болмауына Жерде құнарлы топырақтың жеткілікті екендігін айтпағанның өзінде. — Сэнсэй кішкене үнсіз қалды да ендігі қалыпты даусымен әрі қарай жалғастырды: — Және үшінші, ең бастысы олар ешкімге қажет емес, қандай да бір үшінші әлем елімен соғысты

қаржыландырады, бірақ «барша әлемде демократияны жақтайтын әлемдік полиция» АҚШ-тың қатысуымен. Бұл соғыстарда әрине адамдар ажал құшады, оның ішінде шыныменде бұл соғыстардың шын мәнін білмеген, өз өмірлерінің құнымен елінің мүддесін, демократияны бөтен жерде қорғап жатырмын деп ойлаған қарапайым америкалық жігіттер болады. Адамдар өледі, сәйкесінше америка (АҚШ) халқы арасында наразылық күшейеді. Осы қоғамдық наразылықты пайдалынып, Архонттар керекті сәтте барша жамандыққа кезекті өздерінің қуыршақ-президенттерін кінәлап, «сәтсіз саясаттың» барлығын сол президентке аударып, бірдей мезгілде қарапайым соғыстар тиімсіз деген пікірге одақтастары мен адамдарды көндіруге тырысады: әскери іс-қимылдар қымбатқа шығуда, бұл соғыстар ұзаққа созылуда (бірақ Архонттардың қарсы соғысушы жақты өздері қаржыландырады), адамдар өлуде және оның еш мәні жоқ. Яғни ақша мен адамдардың өмірі босқа жұмсалып жатыр, ал одан еш пайда жоқ. Нәтижесінде Архонттардың саясатына ешқалай сыймайтын «жақсы емес, демократия жоқ» елдерге АҚШ бірінші болып ядролық соққы жасауға құқығы бар деген қоғамда пікір қалыптаса бастайды. Америкалықтар «еркін ел» және «әлемдік держава» ретінде ядролық соққыны алғашқы болып жасауға құқығы бар деген бұл пікір көп адамдардың басына орнығады. Өйткені бұл қымбат емес және ең бастысы — «барша әлемдегі демократия үшін» олардың жігіттері ажал құшпайды.

Ал ядролық соғыс керек дегенге адамдарды иландыру үшін, олар «ең қуатты мемлекеттің» экономикасына манипуляция жасайды. Архонттардың әдеттегі ісі. Басында экономика жасанды көтеріліп, адамдар жақсы өмір сүре бастайды. Ал кейін елдің «сыртқы жауы» пайда болады. Бұл кезде Архонттармен экономиканың лезде құлдырауы ұйымдастырылады, біршама қиын экономикалық дағдарыс жасалады. Нәтижесінде өте көп адамдар жұмыссыз қалады. Қоғамдық пікір біршама жағымсыз болады. Оның үстіне

олардың басты «дұшпаны» байып жатыр, соның себебінен «біздің халқымыз күн сайын кедейленуде» деген «болжам» айтылып, бұл тақырып ақпарат құралдарында қарқынды қозғалады. Бұл арандату Хайуани негізі басымдылықта тәрбиеленген адамдарда еріксіз қызғаныш, ашу мен «өздерінің есебінен байып жатқан» мемлекетке біршама жағымсыз көзқарасын тудырады. Ақыр соңында ақпарат құралдарының бұл болжамы, елдің барлық экономикалық қиындығына әлгі «жақсы емес мемлекетті» сол ел үкіметінің айыптауы разрядына көшеді. Ал адам қиын материалдық жағдайда болып (бірақ өзінің «еркін көркейген елде» қалай жақсы өмір сүргені есінде болып) басқа елдің қалай байып жатқанын көріп (солардың кесірінен кедейленіпті-міс), осы болып жатқан дағдарыстың шын мәнінде қалай пайда болып жатқанын және оларды кімдер жасап жатқаны туралы тіпті де ойланбастан, түпсана деңгейінде ішкі жаудан сыртқы жауға назарын аударады (қайта бағдарлайды). Яғни азаматтар өздеріне Архонттардың қолшоқпарлары көрсеткен елді «сырттай» жек көре бастайды.

Әрі қарай кете береді. Адамдарды бірінші болып ядролық қару қолдану қажет — бұл жаман салдарынан «барлығы кедейленіп жатқан», «демократия жоқ» елді тез әрі тиімді жазалайды дегенге психологиялық дайындай бастайды. Осылайша Архонттар ғаламдық соғыс өртін тұтандыруға тырысады, әрине егер ол болса өте көп адамдар ажал құшады, оның ішінде осындай «кек алуды» қалағандар да болмақ.

— Кек алу? Адамдарды осыншалықты ақымақ етуге шыныменде болады ма? — деп Виктор таңғалды. — Тіпті логикаға салып ойласа да, егер қуатты ядролық державалар ядролық соғыс бастаса, онда кімдер тірі қалады? Архонттар неге есеп артып отыр?

— Иә, егер бұл орын алса жер шары халқының көп бөлігі қаза табады... Дегенмен адамзат популяциясының тез қалпына келуіне жоқ дегенде жүз мың адамды қалдыру жеткілікті. Және бұл Архонттарға жақсы белгілі. Олар ядролық бомба жақын

болашақтың шынайылығы екені анық болған, Екінші дүниежүзілік соғыс уақытынан бері ойластырылған «Агартти» жоспарын қарқынды жүзеге асырып жатқаны бекер емес. Сол жоспарға сәйкес кез келген катаклизмдерде және ядролық соққылардан сенімді қорғайтын толықтай автономды терең жер астында қалалар салу (онда ұзақ уақыт жүз қырық төрт мың адам кейінгі көбейюімен өмір сүреді деп есептелген) жоспарланған.

Архонттар егер өздеріне барша әлемді идеологиялық бағындырып және бір диктаторлық «бүкіл әлемдік үкіметті» құру колдарынан келмесе, ендеше осы ғаламдық соғыстан кейін олар әлемді бөлусіз билейміз деп есептейді. Және барлық әлемде ақыр соңында жер шарындағы қалған бүкіл адамдар сөзсіз бағынатын «бір үкімет» орнайды-мыс. Олар жаңа ұрпақ тек қана Хайуани бастамаға және таза аримандық принциптерге негізделген құлдық санада тәрбиеленеді деп есеп артады. Бірақ... бұл жерде басқа бір сұрақ туындайды. Хайуани негізі абсолютті басым болған осындай адамзат өркениеті кімге керек?

Сэнсэй ауыр күрсініп үнсіз қалды, кейін:

— Мен бұларды сіздерге не үшін айтып отырмын, сіздер барлығын көрсін, білсін, түсінсін және **ең бастысы өмірде өздерің дұрыс таңдау жасасын деп...** Соғысты кішкене адамдар тобыры жасайды. Қалғаны олардың көп санды құлдары — олардың жай ғана «алтылықтары» (шестерка), Архонттардың лақтырған қу сүйегіне риза болып, олардың берген билігімен өз «тәкаппарлықтарын» көтеріп, өздерінің Архонттар үшін жай ғана зеңбірек жемі (пушечное мясо) екенін тіпті де ойламайды. Бұл алтылықтар өздерінің «бақытты болашақтарына» үміт етеді, сондықтан Үшінші дүниежүзілік соғысқа әкеле жатқан Қожайындарының бар бұйрығын мұқият орындайды. Өздері және балалары да бұл соғыстан зардап шегіп, өмірлері ядролық саңырауқұлақ кадрындағы видеоплёнка секілді үзілетінін тіпті де түсінбейді.

— Иә, кез келген соғыс — бұл қорқынышты, оның үстіне осындай болса... — деді Николай Андреевич.

— Иә, өкінішті, адамдар бөтен жерлерде еркіндік үшін деп ойлап ажал құшуда, ал іс жүзінде Архонттардың кірісі үшін жандарын пайда етуде, — деді Стас та.

— Угу, — деп келісті Володя. — Маған бәрінен де ауыры Архонттар соғысты толық бір мемлекеттердің атынан жария ететіні, сол елдердің халқы осы қарғыс атқыр соғыста, өздерінің балалары өлгенін қалайтындай.

— Айтпа, — деп Женька күрсінді, — Архонттармен өмір сүру шәрке қию емес (с Архонтами жить, не лапти топтать).

— Бұл анық, — деп Стас автоматты айтты да кішкене үнсіздіктен кейін Женька сөздерінің мағынасын түсінгендей: — Ал оған шәркенің не қатысы бар? — деп сұрады.

— Білмеймін. Бірақ Архонттар оңбағандар! — деп Женька өзінің «даналығын» жеткізді. — Сұмдықтарды жасайды...

— Архонттар сұмдықтарды жасайды? — деп Сэнсэй күлді. — Тағы да қайталаймын, әлгі Архонттар барша адамзатпен салыстарғанда мүсәпір болмашы тобыр ғана! Тіпті адамдар оларға түкірсе, олар сол түкірікте батып кетеді. Архонттар тек жоспарлайды, ал біздер, адамдар таңдаймыз, олардың таңдауына келісу немесе өз пікірінде қалу. Өйткені жалпы таңдау әркімнің жеке таңдауына тікелей байланысты, оның ішкі таразысында рухани ниетінің немесе хайуани алдауының ауырлығына. Неліктен Архонттар біздерді соғысқа, революцияға, ұлтаралық қақтығыстарға итермелейді. Ал біздер соңы не болатынына тіпті де ой салмай, қой секілді тобырша жүгіреміз, өзіміз секілді адамдарды өлтіреміз? Себебі Архонттар өз еркімен ойлана алатын, заңдылықтарды іздеп және әрекет ете алатын адамдардың пайда болуына құлықты емес. Архонттар стандарттарын мәжбүрлі таңуға болатын: қалай болу керек (көріну), қалай әрекет ету және ойлау керек, қандай саяси, өмірлік бағытты ұстау керектіні бұқаралық ақпарат құралдары арқылы манипуляция жасауға болатын құлдардың болуына мүдделі. Олар адамдарды кедейлік, аштық, дүниелік жоғалтулар, өз өмірі мен денсаулығы үшін қам жеген үнемі қорқынышта

ұстайды. Адамдар шын мәнінде өмірі, осының барлығы пешенесіне жазылған дегенге сене бастайды.

Бұл мүлдем олай емес! Адам өз таңдауында әрқашан еркін! Барлық қорқыныш Хайуани негізден туады, оның өлімнен жаппай қорқынышынан. Бірақ кез келген материя өледі — бұл заңдылық. Дегенмен адамның сұлулығы ол бір тілім материя, тіпті де құл емес, оның бойына Шын Адамға, материалдық әлемнен анағұрлым биік болмысқа айналдыра алатын орасан зор рухани күш салынған. Адам өтіріктен ада болса, ақымақтық шылбырынан да босайды. Ақиқатты тану арқылы адам күштірек, ақылдырақ бола түседі. Әлемде ақылды, рухани еркін адамдар қаншалықты көп болса, Архонттарға да өз жоспарларын жүзеге асыру қиынырақ болады. Соғұрлым адамдарға ықпалы да әлсіз болмақ. Ал егер Ақиқатты барлығы білетін болса, адамдар өздерінің дұрыс таңдауын жасаса, Архонттарға өз шарттарын таңатын ешкім болмайды. Өйткені шын мәнінде олар ешкім емес. Архонттар кішкене бейшара тобыр ғана. Архонттардың арандатуына көніп әлемді ғаламдық соғысқа жеткізу немесе Архонттар билігін құлатып, осы өркениеттің алтын ғасырын жасау шешімі адамдардың қолында. Әлем болашағы адамдардың алақанында. Барлығы өте қарапайым. Архонттар үрейленетін адамға айналу керек. Адам болу керек!

Сэнсэй үнсіз қалған кезде ауада біртүрлі жігер беретін күшке толы ерекше тыныштық орнады. Маған Сэнсэйдің осындай ашық әңгімесінен кейін барлығы өз орнына түскендей, мен тек іштей ғана біліп емес, сырттай да оянғандай, әлемнің шын картинасын еш пердесіз, бұрынғы қабылдауымның иллюзиясынсыз көргендей болдым. Маған адам қоғамының шын өмірін түсіну және қандай да бір ғаламдық ұғыну (көріпкелдік, видение) ашылғандай болды. Және бұл түсінігім мені қатты таңғалдырып қана қоймай, рухани жолдың маңыздылығын да терең түсінуге көмектескендей. Балалардың шабыттанған

жүздеріне қарап, осыған ұқсасты олардың да сезінгенін түсіндім. Біздер Сэнсэйдің сөздерімен пайда болған осы ерекше шабыттану мен батылдық күштің келуін жоғалтып алуға қорқып бір сөз айтпастан үнсіз отырдық. Әрі қарай жалғасын естиміз деген үмітіміз болды. Бірақ Сэнсэй біздерге біртүрлі жұмбақ көздерімен қарады да әңгіменің ең қызықты жерінде үзді демекші, лезде назарымызды басқа жаққа аударып жіберді.

— Жарайды, — деді Сэнсэй жақсы көңіл-күймен, — Тарихты аша бергеніміз де жетер, кеттік шомылуға.

— Шомылуға?! — деп Виктор уақыт ориентирін, қай жерде отырғанын ұмытқандай айналасына қарап, таңғала айтты.

— Ал міне үнемі осы, — деп Стас әзілмен шерін айтты, — ең қызықты жерінде!

Женька орнынан тұрып аздап созылды.

— Шомылу — бұл әрине жақсы, бірақ ас ішуді қатты қалап тұрмын. Кеште болып қалды, ал біз әлі түскі асты да ішкен жоқпыз.

Женька соңғы сөзін айтып Татьяна мен маған көз қиығын салды.

— О! Бұл табылған ақыл, — деп оны Руслан қолдай кетті. — Қыздар кеттік, бір нәрсе дайындармыз.

Біздер жұмыла жинала бастадық. Ұжымның бір бөлігі бәріне ас дайындауға, басқалары асығыс бір нәрселерді жеу үшін азық-түлік шатырына қарай бағыт алды. Қалғандары Сэнсэймен серігу үшін теңізге кетті. Николай Андреевичтің ұсынысымен біздер сорпа қайнаттық, салаттар жасадық. Ал дастархан жайған кезде ешкімді шақырудың да керегі болмады, барлығы дәмді асқа өздері жүгіріп келді. Жалпы айтқанда түскі ас жақсы болды. Ұжымның қарындары тойған кезде, үстел басында тағы да әңгіме басталып кетті.



— Иә, Америкаға керемет, — деп Костя энтузиазммен айтты. — Олай деп кім ойлаған!

— Ол жерде өмір сүріп жатқан адамдарға обал, — деп Виктор жанашырлықпен сөйледі. — Сыртқы өтірік «еркіндік» артында Архонттық шынжырдағы «демократияның» осындай құлдығы!

— Ага, — деп қостады Костя, — бұл әлемдегі ең күшті мемлекет деп айтпаушы ма еді, ол жерде барлығы жоғары разрядта — өмір сүру деңгейінен бастап заманауи технологияға дейін, тіпті Айға да бірінші барғандар...

— Жоқ, шыныменде неліктен біздер емес, америкалықтар Айға бірінші болып барды? — деді Руслан шамына тигендей. — Біздер ғарышқа бірінші болып ұштық емес пе!

— Қаласаңыздар сіздерге үлкен бір құпияны ашайын, — деп балалардың әңгімесін бақылап отырған Сэнсэй білінер-білінбес жымиысымен айтты. — Америкалықтар ешқашанда Айда болмаған. Тіпті айға әлі адам аяғының ізі түспеген, — деп әзілмен нақтылады, — қол ізі де, аяқ киімінің ізі де мағынасында.

— Қалай Айда болмаған? — деп Костя мен Руслан бірдей таңғалды.

— Иә, бәрі оңай. Адамдар Айда болмаған, — деп Сэнсэй тағы да қайталады.

— Шыныменде ме? — деп Николай Андреевич қызыға қайталай сұрады.

— Иә. Айға ұшу — бұл үлкен мистификация, дезинформация және оны ұйымдастырушыларға аз емес кіріс әкелген үлкен масштабтағы алаяқтық.

Женька Сэнсэйге қызығушылықпен қарады.

— Солай ма? Бұл қызығырақ болып бара жатыр...

— Тоқтай тұр, — деп Николай Андреевич Женьканы тоқтатты да, Сэнсэйге қарап: Бұл қалайша алаяқтық болады, егерде ол менің білуімше жалпыға белгілі факты болса. Ол кезде ғарышкерлердің Айға қонуын жер шарындағы жарты миллионға

жуық телекөрермен бақылаған деп жазған. Және бұл ай эпопеясы 1969 жылдан 1972 жылға дейін жалғасқан және америкалық ғарышкерлер айға жарты жыл сайын барып тұрған. Негізінде сол кезде АҚШ пен СССР арасында Айға бірінші болып қонуға толық бір жарыс болды емес пе. Егер америкалықтар өтірік жасаса Кеңес Одағы бұл туралы үнсіз қалады деп ойламаймын.

— Бұл жерде барлығы сен ойлағандай оңай емес. Сен айтып тұрған әлемдік пиардың артында жоғары дәрежелі «Еркін тас қалаушылар» тұрған. Олар бұл жобада салық төлеуші америка халқының өзінен шамамен қырық миллиард доллар пайда көрген. Бірақ шын мәнінде Айға адамның ешқандайда ұшуы болмаған, оның үстіне сол кездегі технологиялармен, — деп Сэнсэй күлді. — Тіпті қазіргі ғылымның заманауи даму деңгейімен де бұл мүмкін емес. Сол себепті мұның барлығы үлкен саясаттағы Архонттардың кезекті сәтті партиясы болды.

— Хм, ал толығырақ, — деп Володя Сэнсэйге қарап, көпшіліктің ортақ тілегін айтты.

— Толығырақта болады, — деп Сэнсэй иығын көтерді. — Дегенмен бұл ақпарат менің ойымша ерекше қызығушылық тудырмайтын секілді. Бұл үлкен саясаттың жай ғана ойыны...

— Есесіне нервке тиетіні соншалықты, табаның қышиды екен, — деп Женька балалардың күлкісін келтіріп «бөспе сөзін» айтты.

— Көбірек жуыну керек! — деп Виктор әзілмен жауап берді.

— Жоқ, шыныменде, Сэнсэй айтып берші, — деп Володя қайта сұрады.

— Иә, не айтатыны бар. Лас тарих. Осының кесірінен қаншама жақсы адамдар қаза тапты... Бұл алаяқтық Архонттармен СССР мен АҚШ арасындағы «үлкен ғарыштық жарыс» жылдарында ұйымдастыралады. Архонттардың сенімді қызметшілері — «Еркін тас қалаушылар» — үлкен саясаткерлердің амбициясымен өте есепті ойнайды... Ол кезде СССР көшбасшы еді. — Және жақсы бір нәрсе есіне түскендей

Сэнсэй жылы жымиды да, жұмсақ үнімен айтты: Көшбасшы болмағанда! Себебі ғарыш саласын Сергей Павлович Королёвтың өзі басқарды! Адамгершілігі мен тәртібі жоғары және өз ойлары, ісі мен шешіміне өте жауапкершілікпен қарайтын жақсы адам болды.

— Королёв? Бұл кім? Саясаткер ме? — деп Слава сұрады.

— Сен не?! — деп күлді Андрей. — Ол ғалым емес пе!

— Үздік ғалым, — деп Сэнсэй астын сызып айтты. —

Талантты инженер-конструктор.

— Космонавтиканың атасы! — деп Костя мақтанышпен айтты да, Славадан менмендікпен сұрады. — Сен не, мұны білмейтін бе едің?

— Ендігі білемін, — деп бала жымия жауап берді.

— Королёв тек үздік практик-ғалым ғана емес, талантты ұйымдастырушы да болды, — деді Сэнсэй. — Онымен бір командада жұмыс жасағандар оның ерекше энтузиазмына таңдай қаққан. Жеңіске деген абсолютті сенімділігімен адамдарда үміт отын жағатын. Және қазір айтатындай даму перспективасы бар бағыттарды «интуитивті» дамытқан. Бұл заңдылық. Өйткені Королёв қарапайым адам емес еді. Отызыншы жылдары сол кездегі жас инженер Сергей Королёв тек Циолковскиймен ғана емес, оған космонавтиканың теориясынан бөлек біршама қызықты заттар туралы да айтқан, жұртшылық көзінен таса ерекше тұлғалармен де кездескен. Сол кездесулерден кейін Королёв реактивті планета аралық ұшу жұмысы тақырыбымен «ауырады». Әлгі кездесудің арқасында кейінірек ол өз заманын озып, болашақ авиация мен ғарыш саласын көптеген жыл алдыға «анықтап және болжап» кетті деп жазады.

— Ал ол кіммен кездесті? — деп Руслан шыдамсыздана сұрады.

Сэнсэй тек құпия жымиды да сұрағына жауап берместен әңгімесін әрі қарай жалғастырды.

— Енді былай, Королёвтың таусылмас энтузиазмының арқасында Кеңес Одағында ғарыш саласының толық бір эрасы

басталады. 1957 жылы-ақ СССР алғашқы Жер серігін (спутник) ұшырады. Кейін автоматты планета аралық станциялардың ұшуы болады, оның ішінде Айға да ұшырылып, бірнеше мәрте топырақ сынамасы алынады. Тағы да алғаш рет 1959 жылы кеңестік «Луна-2» автоматты станциясы Айдың бетіне жетеді. Ғарышқа адамның «Восток» ғарыш кемесімен алғаш ұшуы да СССР-дің еңбегі және тағы басқа осы сияқтылар. Америкалықтарда қалыс қалмайды және ғарышты игеруде Кеңес одағының ізінен қалмай келе жатты. Егер Юрий Гагарин 1961 жылы 12 сәуірде ұшса, ал америкалық Алан Шепард — 1961 жылдың 5 мамырында ұшады. Яғни аз ғана уақыт айырмашылығымен. Дегенмен америкалық ғарышта болған екінші адам болады. Ендігі әңгіме елдің әлемдік аренадағы абыройы туралы еді. Бұл жағдайды және адамдардың шектен тыс амбициясын Архонттар пайдаланып кетеді.

Сол кездегі АҚШ президенті Джон Кеннеди арқылы Айды бағындыру бағдарламасына басымдылық берілетіні туралы жарияланады. Айтпақшы бұл жобаның техникалық жұмысы (разработка) ракетті-ғарыштық техниканың неміс конструкторы, бұрынғы СС штурмбаннфюрері, А-4 (Фау-2) (Екінші дүниежүзілік соғыс уақытында Ұлыбритания, Бельгия қалаларын атқылауда қолданған) ракетасының бас конструкторы — Варнер фон Браунмен жүзеге асырылады. Бұл адам ірі неміс қаржыгері және ықпалды саяси қайраткер, Ялмар Шахт секілді «Еркін тас қалаушылардың» командасында болған барон Магнус фон Браун отбасынан шығушы. Ал соғыстан кейін Вернер Фон Браун америкалық азаматтық алып, кезінде нацистік Германиядағыдай, АҚШ-тың әскери-өндіріс комплексінде тыныш жұмысын жасай береді. Және тіпті мансап сатысында оны NASA-ның (АҚШ-тың аэроавтика және ғарыш кеңістігін зерттейтін Ұлттық басқармасы) жоғарғы басшылық лауазымдарына дейін көтерді.

Енді сол бұқаралық ақпарат құралдарында америка халқын егер ғарышкерлеріміз ғарышқа алғашқы болуға кешігіп қалса,

ендеше Айға бірінші болып қонуға міндетті деген ақпаратпен қарқынды үгіттей бастайды. Осындай манипуляция мен спекуляциялардың нәтижесінде АҚШ Конгресі америкалықтардың Айды бағындырудан басқа ешқандай мәселесі болмағандай «ай бағдарламасына» салық төлеушілердің қалтасынан алып сол кез үшін астрономиялық өте көп қаржы бөледі. Және осы ондаған миллиард доллармен олар барша әлемге, өздері жар сала «Аполлон Бағдарламасы» деп атаған, «адаммен Айды бағындыру эпопеясы» туралы арзан сериалды көрсетеді.

— Бұл ежелгі олимпиадалық құдайдың құрметіне ме? — деп Костя «білгішсініп» сұрады.

Николай Андреевич баланың сөздерін толықтырып айтты:

— ...емші, көріпкел және өнердің қамқоршысы (покровитель)... Қарап тұрсам Архонттар ежелгі грек поэзиясының үлкен жақсы көрушілері сияқты.

— Олай болмағанда, — деп Сэнсэй күлді. — Гомердің олимпиада дінін жасаушылары кімдерге тиесілі... Тек бұл бағдарламаның атауы аңыздағы Аполлон құдайының құрметіне қойылған жоқ, дегенмен көпшілікке осындай сәнделген қаптамамен айтылды (көрсетілді). Архонттар екіұдайлы мағынаны жақсы көрушілер емес пе. Шын мәнінде бағдарламаның атауының пайда болуы анағұрлым қарапайым болған. Тек осы ірі масштабтағы алаяқтықты ойлап тапқан Архонтты, оның жарқын-тамаша ақылдылығы үшін өз араларында (в узких кругах) «Феб» деген лақап атпен атаған (гректің «phoibos» сөзінен аударғанда «жарқын» деп аударылады, «блестящий»). Ал егер Феб-ты мифология контекстінде қарайтын болсақ, бұл «барлығын көруші күн құдай болмысы» («всевидящего солнечного божества») ретіндегі Аполлонның жай ғана басқа есімінің бірі.

— Енді иә, — деп Виктор ұжыммен бірге күлді, — барлық даналық қарапайым деп айтпақшы!

— Олар сондай «ғарыштық» спектакль қойды, тіпті атақты сценаристерде шаңына ілесе алмай қалды! Еш келеңсіз алты экспедиция Ай бетіне сәтті қонады. Олардың он екі адамы Айда болады. Ал «Аполлон-13» ғарыш кемесі борттағы авария кесірінен Ай бетіне еш қона алмайды. Айды айналып, Жерге құр қол қайтады.

— Демек мұның барлығы шыныменде спектакль болғаны ма?! — деп Костя оған еш сене алмады.

— Әрине. Олар жай ғана адамдардың амбициясын пайдаланып кетті және көп ақша ұрлады. Америка халқын түк қалдырмай тонағандары аз болғандай, бұл мағынасыз жарысқа Кеңес Одағында араластырды.

— Токтай тұр, — деп Николай Андреевич күмәнмен айтты. — Ал не, біздің мамандар оның «жалған екенін» білмеді ме?

— Әрине білді. Бірақ «ай нұсқасы» туралы үндемеуі және қолдауы үшін Кеңес Одағы халықаралық нарықта үлкен жеңілдіктерді алды... Ал кейін «Еркін тас қалаушылар» үкіметтегі ауыс-түйістен бастап, «сенімсіз» тұлғалардың көзін құртуға дейінгі іс-әрекеттерін жасап іздерін жасырады! Мен кейін осы алаяқтықпен қандай да бір адам мұқият айналысатын болса, осы спектакльдің түпнұсқа видеотүсірілімі де із-түссіз жоғалып кетсе таңғалмаймын. Айта кету керек, ол түсірілімде көптеген қателіктер жіберілген. Егер құжат болмаса әңгімеде болмайды деп айтпақшы.

— Демек америкалық ғарышкерлер ешқашанда Айға қонбағаны ма? — деп Виктор тағы да нақтылай сұрады.

— Әрине жоқ. Айға жету үшін үлкен радиация белбеуін еңсеру қажет.

— Ал ендеше ғарышкерлер қалайша ғарышқа ұшады, ашық ғарыш кеңістігіне шығып және ол жақтан тірі келеді?

— Енді олар Жердің магниттік, гравитационды өрісінің қорғауында болады және оның шекарасынан шықпайды. Яғни Жер бетінен шекті ара қашықтықта, жерге жақын ғарыштық кеңістікте ұшады. Және осы қабатқа ғарыш радиациясының

жоғары енуі орын алса, ұшу биіктігін төмендетуге мәжбүр...  
Әрине болашақта нанотехнологияның дамуымен адам үшін Айға да, басқа жақын планеталарға да ұшу біршама мүмкін болмақ.

— Немене, немене? — деп Женька қайталай сұрады. — Нанотехнология? Ал бұл тағы қандай жыртқыш?

— Нанотехнология? Бұл микротехнология дамуының жалғасы. «Нано» тіркесі бастапқы бірліктің миллиардтан бір бөлігі дегенді білдіреді. «Нанометр» — метрдің он минус тоғызыншы дәрежесіне тең ( $1 \cdot 10^{-9}$  м)... — Сэнсэй ұжымға қарап нақтылады. Енді сіздерге түсінікті болу үшін бір нанометр миллиметрдің миллионнан бір үлесін кұрайды.

Сэнсәйді тыңдап отырған Женька бас бармағы мен сұқ саусағын қосып, араларында кішкене орын қалдырып, миллиметрдің миллионнан бір бөлігін елестетуге тырысқандай.

— ... «нано» гректің «nanos» сөзінен шыққан, аудармадан «ергежейлі» дегенді білдіреді, — деп Сэнсэй жауабын толықтырды.

— Бұл қайдағы ергежейлі? — деді Женька саусақтары арасындағы кішкене ашық сызықты барынша көруге тырысып. — Бұл балалық шағында ұз-а-ақ-ұзақ ауырған қандай да мутацияға ұшыраған микроб.

— Иә, шыныменде өте кішкентай бөлшектер, — деді Сэнсэй барлығымен бірге күліп. — Ал нанотехнологиялар — бұл сәйкесінше оның көмегімен жасанды жолмен әртүрлі материалдарды, нанобөлшекпен бірдей көлемдегі роботтарды да жасайтын технологиялар. Яғни, егер микротехнологияда әңгіме затты манипуляциялау туралы болса, ал нанотехнологияда — жеке атомдармен.

— Маған ондай роботтың керегі қанша, егер мен оларды тіпті де көре алмасам? — деп Женька таңғалды.

— Ал оларды қалай басқарады? — деді Виктор қызығушылықпен.

— Неге керек деймісің? — деп Сэнсэй қайталай сұрады. — Э-э-э, сіздер оның не екендігін тіпті де елестете

алмайсыздар. Нанотехнология — бұл әлем түсінігі мен адамдардың өмір сүру деңгейінің толық бір революциялық секірісі.

— Қаншалықты үлкен секіріс? — деп сұрады Володя.

— Енді жобамен, егер таяқ алып тамақ іздеумен жүгірген үңгір адамының өмір деңгейімен, ғылыми-техникалық прогрестің мүмкін болған бар игілігін пайдаланған заманауи адам өмірімен салыстыру секілді.

— Шыныменде ме?!

— Әрине, — деп Сэнсэй басын изеді. — Өйткені осы бөлшектердің наноәлемі дегеніміз не? Бұл бірінші кезекте сол бөлшектер құрайтын заттарға қарағанда, олардың мүлдем басқа құрылымы. Мысалға конфетті алып қарайық. — Сэнсэй осы кезде «Взлётная» карамельді ашып жатқан Руслан жаққа қарай басын изеді. Русланда басқалары секілді сол тәттіге қарап қатып қалды. — Егер бұл конфетті бірнеше бөлікке бөлсе, онда әр бөлігі де тәтті болады. Бірақ бұл бөліктерді нанометр көлеміне дейін бөлшектейтін болса, онда ол бөлшектер әртүрлі құрылымға ие болып, «дәміде» бір-бірінен өзгеше болады. Бұл басқаларына да қатысты. Мысалға, сол... алтынды алып қарайық. Себебі нанометр масштабындағы бұл металдың түйіршіктері басқа түске ие, олар сары емес қызыл түсті болады. Бөлме температурасында әдеттегі алтын химиялық реакциялардың катализаторы емес. Ал егер осы алтынның 3-5 нанометр бөлшектерін алатын болсақ, олар ендігі жақсы катализатор құрылымына ие болады. Бұл өз кезегінде химияда басқа мүмкіншіліктердің есігін ашады. Бір зат секілді, бірақ нано деңгейде мүлде басқа құрылымы мен қасиеттерге ие болады.

Виктор иығын көтеріп:

— Жоқ, мен бәрібір де жарытып ешнәрсе түсінбедім, қалайша микроскопиялықтан робот жасауға болады? Менің түсінігімде робот — бұл батерейкамен жұмыс жасайтын, іші түрлі механизмдерге толы, сондай бір темір. Ал бұл жерде қозғалыс қалай болады?



— Қарапайым, — деп жауап берді Сэнсэй. — Егер сен заттардың құрылымын терең білетін болсаң, оның қозғалысын жасау саған қиындық тудырмайды. Мысалға микротехнологиядағы ең қарапайым прогресс деңгейін алып қарайық. Титан мен никель қоспасын көрейік. Ол «Форма (немесе формалар) жады» деп аталатын инертті құрылымға ие. Яғни ештеңе ойлап табудың қажеті жоқ. Осы микроскопиялық «тегікті» (деталь) аласыңда деформациялайсың. Егер оны қыздыратын болсаң қайтадан «жадымен» өзінің алғашқы формасына келеді. Ал қыздыру үшін оған электр сигналын жіберу жеткілікті. Қуатынан айырсаң — ол қайтадан ескі формасына деформацияланады. Міне саған әрлі-берлі қозғалыс. Міне саған «бұлшық ет».

— Хм, білмедім, білмедім, — деді Виктор қызыға.

— Бірақ бұл да жай далбаса, — деп Сэнсэй жалғастырды. — Адамдар жақын онжылдықта алатын мироәлемнің терең білімі, адамзат үшін үлкен мүмкіндіктерді ашады. Әрине егер адамдар оны гуманды (адамгершілікпен) қолданатын болса. Бұл көптеген салаларды қамти алады, мысалы сол өндірісті, медицинаны, кибернетиканы, білім беру жүйесін және адамзат қызметінің басқа да сфераларын. Бұл көлемі молекула секілді наномашиналар тек күрделі атом конструкциясын жинап-шашып қана емес, басқа да молекулаларды манипуляциялап, өзін көшіріп, анағұрлым күрделі машиналар құрып, олар өз кезегінде одан да күрделі құрылымдар — өз компьютері бар молекула көлеміндегі механизмдерді жасайды.

— Сонымен бұның бізге қандай «көмегі» бар, — деп Николай Андреевич жымия сұрады. — Мысалға, сол медицинада?

— Енді елестетіп көріңіз. Мысалға сен бір нәрсемен ауырып қалдың делік. Ұжымдастарыңа жүгіріп немен ауырып қалу себебін анықтап, одан қалай жазылуды сұраудың орнына, сен жай ғана стакан суды ішесің. Ал онда — сен тіпті де сезбейтін «дәрігер» нанороботтар болады. Және сен бір мезгілде

жоғары дәрежелі диагнозшы, терапевт, хирург дәрігерлеріне бардым дей бер. Ағзада қозғалу арқылы олар еш ауырсынусыз әрі қатесіз саған диагностика жасап қана қоймай, қабыну ошағын тауып, оны жойып, сенің ағзанды толықтай қалыпқа келтіреді.

Николай Андреевич Сэнсэйге сенбегендей қарады да жымыш:

— Сен сонда бұл «микрошарлатандар» маған мамандарды ауыстырады деп айтқың келіп тұр ма? — деді.

— Увы, дәрігер, — деді Сэнсэй күлкімен. — Сондықтан жақын арада біздерге басқа мамандық іздеуге тура келеді!

— Бұл енді бола қоймас! Мүмкін сіздерге солай болар! Тек маған емес. Маған пациент ғасырға жетеді. Психика — нәзік жұмыс.

— Қателесесіз дәрігер, — деп басын шайқады Сэнсэй. — Бұл технологиялармен пациентті өмір бойы емдеу ғана емес, толықтай сауықтыруға болады. — Сэнсэйдің бұл сөздеріне Николай Андреевич рахаттана күліп алды. Ал кейін Сэнсэй жалғастырды: — Оның ішінде психикалық аурулары бар адамдарды да, үмітсіз науқастарды, мүгедектерді де сауықтырып, тіпті ол туа бітті болса да денсаулығын толыққанды қалпына келтіруге болады.

Өйткені, нанороботтар гематоэнцефалдық бөгет (гематоэнцефалический барьер) арқылы мидың нейрондарына тікелей еніп, жеке нейрондарға да, белгілі бір аймақтарға да әсер ететін нейрондық белсенділіктің қозуын да, басуын да тамаша реттей алады.

— Фантастика сияқты! — деді Николай Андреевич. — Сені тыңдайтын болсақ, тура панацея болып шығады.

— Енді, кейде солай, — деп Сэнсэй күлді де: — Бірақ бұл нанотехнологиялардың көмегімен, әрине ақылды қолдану арқылы жетуге болатыннан әлдеқайда алыста жатыр.

— Ал тағы неге қол жеткізуге болады? — деп сол бойда Андрей қызыға сұрады.

— Енді, мысалға сен миниатюрлі көлемдегі әлемнің барлық кітапханаларының ақпараты жинақталған наноқұрылғыны пайдалана аласың. Еш қиындықсыз тілдік бөгетті еңсересің. Оқу барысында адам қандай да бір білімді қызығушылықпен тану үшін ақпарат беруді сапалы өзгерту. Адами қарым-қатынас үшін виртуальды шынайылық «қызметін» қоюға болады.

— О, ал бұл қалай? — деп таңғалды Руслан.

— Енді қалай, сен Женьканың комментарийін есту үшін онымен бірге футбол көруді қаладың делік. Ол үшін Женькамен сигналдармен алмассаң болғаны. Сен және Женькада өз үйлеріңнен шықпай-ақ виртуальды шынайылық көмегімен бір мезгілде бірге боласыңдар, ал нақтырақ айтатын болсақ, өздеріңнің виртуальды көшірмелерің бірге болады. Және тек «ескі жәшіктен» футбол қарап қана қоймай, үш өлшемді бейнеде болып, футбол алаңының шын көрермендері боласыздар. Сіздердің тек көру ғана емес басқа да сезім мүшелеріңіз іске қосылатын болады, яғни сіздер барлық дыбыстарды естіп, иісті сезу және сол сияқты.

— Ал керек болса, керемет! — деп Руслан таңғала айтты.

— Бұл технологиялармен әрине кибернетикада серпіліс жасауға, экологияны реттеуге, сол баяғы ауаның, су мен топырақтың ластануын да жоюға болады. Әлгі ғарыштық радиацияны еңсеретін, ғарыштық кемелер үшін тек ішіндегі адамдарды радиациядан қорғап қана емес, ерекше құрылымға ие мамықтан жеңіл және алмаз бен құрыштан қатты композитті материал жасауға (ойлап шығарып) да болады. Оның қандай екенін түсінулеріңіз үшін қарапайым мысал. Егер осы материалдан сіздің аяқ киіміңіздің өкшесіне қалыңдығы бар болғаны бір микрон дайындайтын болса, онда сіз бар өміріңізде оны тоздырмақ түгелі оған тіпті сызат та түсіре алмайсыз...

Яғни адамдарға бұрынғы өркениетке берілгендей білім беріледі. Бірақ... адамдар бұл білімдерді қалай пайдаланады деген сұрақтың беті ашық? Олардың қай жағы басым болмақ:

Хайуани негіздерінің тілек-қалаулары немесе Руханиятқа деген ұмтылысы? Егер қоғамда бұрынғыша өзі секілділерді құртуға деген ниеті, Хайуани негізінің басымдылығы сақталса, бұл қандай салдарларға әкелетінін елестетіп көріңіз?

— М-да, Құдай сақтасын, егер осы нанотехнологиялардың негізінде соғыс болатын болса, бұл кейінгі барша соғыстарды қосып алғаннан да жаман болмақ, — деп Николай Андреевич салмақты айтты.

— Сөзсіз. Және мейірбан дәрігер-нанороботтардың орнына, адамдар дұшпанның территориясына шаң-тозаң секілді таралып, «тыңшы-жендеттер» барлық қуыс-тесікке, байланыс каналдарына еніп, тек ақпарат жинап қана қоймай, диверсионды да жұмыстар жасайтын құбыжық-минироботтарды да жасауды қалайды. Осы озық технологияларды пайдаланып жаппай қырып-жою қаруын жасау не тұрады? Жай ғана шаң-тозаң ретінде мегаполистердің үстінен лақтыра салдың және сонымен бітті. Себебі қала тұрғындарының ағзасына әр дем алған сайын 25 миллион табиғи нанобөлшектер енеді. Және олардың арасында тіпті бірнеше «диверсант» болса да, оны ешкім сезбейді. Ал олар ағзаға түссе, адам өліміне жеткізетінін айтпағанның өзінде, өздеріне бағдарланған кез келген бағдарламаны, мысалға денсаулықтағы кінәраттан бастап мидың белгілі құрылымдарына әсер етіп зомбилауға дейінгі жұмыстарды орындай алады. Бұл процесті бақылауда ұстап, осы технологиялар жоқ мемлекеттердің халқын аман сақтау мүмкін емес болады.

Немесе, мысалы егер адамдар әлгі аса мықты, жеңіл тұрақты материал туралы білімді алатын болса, ең бірінші кезекте олар оны неге қолданады? Бейбіт мақсат пен ғарышты еңсеру үшін бе? Олай емес. Бұл білімдерді алып олар ең бірінші кезекте өз солдаттарының киім-кешегі мен әскери техникасын мінсіз қылуға және барынша әскери мықты қылуға тырысады. Сіздер түрлі өлтіру құралдары бар, киімі хамелеон секілді қоршаған орта ландшафтына сәйкес түсін өзгертетін, тіпті аса

мықтылығының арқасында ядролық жарылыста кедергі болмайтын солдатты елестете аласыздар ма?

Егерде нанороботтарды адам ағзасына түскен кезде адамдардың бақылаусыз агрессиясын тудыратындай етіп бағдарлайтын болса, әлеммен не болатынын түсінесіздер ме? Ал шексіз түрде өзін-өзі тудыра (өндіре) алатын көзге көрінбес қаруды ше? Бар қару түрлерінің кез келгенін жасай алатын көзге көрінбес қару. Және бұл нанозауыт кішкене ғана қорапқа сиып кетеді. Ал бейбіт күндері ше? Елестетіп көріңіздер, тек бір кандидатқа дауыс беретін зомбиланған адамдарды? Ал сонда әлгі «мақталған демократия» қайда қалады?

Женька сол бойда жауап берді:

— Мен, мен білемін!

— Ал сен, Женька дұрысы үндеме, — деді Стас.

— Иә, бұл шыныменде өте қауіпті, — деп Николай Андреевич балалардың әзіліне назар аудармастан тұжырымын жасады.

— Олай болмағанда, — деп Сэнсэй сөзімен келісті. — Және бұл барлығы емес. Өйткені адамдар гені бойынша бөлінетіні құпия емес. Ал нанотехнологияларға ДНК деңгейіне кірудің ешқандай мәселесі жоқ. Және белгілі бір этникалық топтарды мақсатты түрде құртатын құрылғыны да жасау оңай. Толық бір географиялық аудандарды да «тазарту» шаруасы мәселе болмайды. Ойлап көріңіз, сол жанға жайлы Еуропада өмір сүріп жатқан адамдар бірден тез арада өліп жатса? Немесе Америкадағы негроидтты нәсілдегі адамдарға аяқ астынан «белгісіз эпидемия» шабуыл жасаса. Сол кезде не болмақ? Сондықтан да нанотехнологиялар ешқандай да ойыншық емес. Ол үлкен жауапкершілік! Бұл келер ұрпақ үшін өркениетті қоғамдағы бақытты өмірді жасауға болатын немесе керісінше бүкіл адамзатты құртып жібере алатын құрал.

— Сэнсэй тындашы, ал мүмкін адамзат бұл нанотехнологияларды айналып өтсе қалай болады? — деп Женька арызданған үнімен сұрады. — Мен барша әлемде

бейбітшілік болу үшін өмір бойы Николай Андреевичте емделуге келісімді беремін.

Үлкен жігіттер күлді, ал Сэнсэй біршама байыпты жауап берді:

— Әңгіме нанотехнологияларда емес. Әңгіме адамдарда, әр адамның жеке таңдауында. Егер адамдардың өз Хайуани негіздерін тұсаққа салып, прогрессивті өркениет жолын таңдауға ерік-жігерлері жететін болса, онда адамдарға тағы да үлкен тану көкжиегі ашылады, себебі нанотехнологиялар — бұл әлемді танудағы кішкене қадам ғана. Ал адам қоғамында бұрынғыша бір-біріне деген жеккөрушілік, қызғаныш, билік пен дүниелік байлыққа деген талас патшалық етіп тұрса, ол кімнің кінәсі болады. Әр адам осы таңдауға қатысады, ол тіпті өзі қабылдаған шешімнің масштабын анық түсінбесе де.

Ұжым үнсіз қалды. Мен бүгін Сэнсэй өте көп нәрсе өзімізге байланысты, әр адамның жеке таңдауына, айна секілді сыртқы әлемде көрініс беретін әркімнің ішкі әлеміне байланысты дегенге ерекше акцент жасағанын байқадым. «Және шыныменде, — деп ойлады, — егер біздердің көптеген қақтығыстар, айқай-шу мен ерегестеріміздің негізінде не жатқанын ақылмен саралайтын болсақ — біздердің ішкі (рухани) жетілмеуіміз, біздің Хайуани негізімізбен Рухани негізіміздің ішкі қақтығысы. Өйткені егер мені басқа бір адамға дөрекі жауап беруге, ол тіпті жанжалды өзі бастасада, оны ренжітуге, кемсітуге тартып тұрса, ол адам кінәлі ме? Ол да мен секілді адам, оның да бойында жақсылық пен бейбітшілікті қалайтын рухы бар. Бірақ адам қателесті, өзінің Хайуани негізіне бой берді, бұндай кімнің басынан өтпеді. Ол қателесіп сол сәтте Хайуани жағын таңдады және сыртқа агрессиясын шығарды. Бірақ бұл агрессия толқынына мен неліктен көнуім керек? Неліктен оған жауап ретінде өз Хайуани негізімді шығарамын (қоздырамын)? Барлығы менің қолымда емес пе! Себебі ол менің жеке таңдауым — мен қалай қабылдаймын: өз Хайуани негізіме жеңіліп агрессивті жауап беремін немесе «Рухпен» бұл мәселені позитивті шешемін».

Және осы кезде мен түсінгендеймін: «Сыртқа проекцияланатын ішкі әлемімнің мұхиты бастау алатын тамшысы міне осы. Сэнсэй айтқан әркімнің жеке таңдауы. Әр минут сайын мен таңдайтын Жақсылық жасайтын Рухани позициям немесе айналама агрессия шашатын Хайуани негіз позициясы. Демек шыныменде барлығы өзіміздің қолымызда, әр адамның жеке таңдауында болғаны». Осындай қарапайым ақиқатты түсініп, құдды бір көзім ашылғандай. Барлығы соншалықты оңай әрі анық болып шықты.

\* \* \*

Мен ойға батып отырған кезде ұжым негізгі ас ішуді аяқтап, шайға көшкен екен. Сэнсэй әзілдей бастады және бұл көңілді толқынды үлкен балалар іліп әкетті. Үстел басына тағы да күлкі үйіріліп негізгі орындаушылары Костя мен Сэнсэй болған поэзияға біртіндеп ауысты. Соңғысының аузынан ойларыма дәл жауап бергендей мынадай өлең жолдарын естідім.

**«Тамшы қоштасты теңізбен көз жасын төгіп,  
Теңіз тұрды күліп, сыртынан көріп.  
Көкке самғада, қайтадан құла,  
Бәрібір толқындарыма кетерсің шөгіп».**

**«Прощалась капля с морем — вся в слезах!  
Смеялось вольное Море — всё в лучах!  
«Взлетай на небо, упадай на землю —  
Конец один: опять — в моих волнах».**

— О, Омар Хайям! — деп Костя қуана тапты да сол бойда мақтанды. — Мен оның тапқан барлық өлеңдерін оқыдым!

— Ұнады ма? — деп тәтіден дәм алып жатқан Сэнсэй сұрады.

— Ұнады, — деп Костя разы болып басын изеді. — Философиялық өлеңдер! Тек кейбір жерлерін толық түсінген жоқпын. Ол шарап (вино), әйелдерге деген махаббат туралы көп жазғаны соншалықты, бұл оның өмірінде басты нәрсе болғандай сезім қалады.

— Олай емес. Мен саған ол мүлде ішпеген деп айтсам таңғалдыратын шығармын. Тек оның өлеңдерінде мүлде басқа мағына жасырылған. — Сэнсэй асықпай шайынан бір жұтым жасады да жұмсақ үнімен айтты: — Ал саған мына бір өлеңі қалай?

**«Жүрегінде махаббат бүршігін өсірген Дана,  
Уақыттың бір минутын да өткізбес босқа:  
Аспан ізгі ниетті ұмтылады ма жасауға,  
Шексіз Махаббаттан рахат ал кесемен мастана».**

**«Мудрец, возрадивший в сердце росток любви живой,  
Бесплодно не теряет минуты ни одной:  
Благоую ль волю Неба стремится воплотить,  
Иль за хмельною чашею Любовью насладиться  
неземной».**

— Жүрегінде махаббат бүршігін өсірген? — деп бұл ерекше өлең жолдарына таңдай қаққан мен таңырқай айттым.

Үлкен жігіттер сұрақ сөздерімен (көп мәнді) қарады.

— Ал бұл кездейсоқ «Лотос гүлі» емес пе? — деді Виктор абайлай.

Сэнсэй тек құпия жымыды да байқағандай:

— Айтпақшы, бұл өлең жолдарын Омар Хайям өзінің ұстазының Ұстазы, яғни Бодхисатва Агапиттің құрметіне жазған, — деді.



— Ұстазының Ұстазына? — деп естімегендей Андрей қайталай сұрады.

— Агапит Омардың ұстазы болған ба?! — деп лезде үлкен балалар іліп әкетті.

— Жоқ. Омар Агапиттің шәкіртінің шәкірті болған, — деп Сэнсэй нақтылады.

— Барған сайын қызықты бола түсуде, — деді Николай Андреевич құмарлана.

Сэнсәйдің жақсы көңіл-күйде болғаны анық еді, себебі әрі қарай біздердің артық сұрауымыссыз-ақ біршама қызықты тарихты айтып берді:

— Агапит Шығыста болған кезде, Нишапур қаласындағы атақты кітапханалардың бірінде танысқан досы болған. Ол адамның есімі Насир ал-милла ва-д-Дин шейх Мухаммед-и-Мансур. Ол біршама ақылды, ақиқатты іздеу жолындағы рухани жетілген адам болған. Дәл сол адам кейін Агапиттің досы болып қана емес, оның жақын шеңберіне де кіреді.

— Ал бұл қала қай жерде? — деп орналасқан жерін глобуста елестеткісі келгені анық, Руслан ақылды кейіпке еніп сұрағын қойды.

— Нишапур? Ол Парсы елінің (қазіргі Иран) шығысындағы, ежелгі мәдениет провинциясы Хорасанда орналасқан, яғни Каспий теңізінің шығыс, оңтүстік-шығыс аймағында. Ол замандарда бұл аймақ тек қазіргі Иран жерлерін ғана емес, сонымен бірге қазіргі Түрікмен және Ауғаныстан жерлерінде алып жатты. Айтпақшы Нишапур қозғалысы көп керуен жолдарының өзінше бір қиылысында орналасқан біршама ірі қала болды. Және әрине Парсы елінің басты мәдени орталықтарының бірі. Қала Орта Азияда тек өзінің жәрмеңкелерімен ғана емес, сонымен бірге медресе (орта және жоғары типтегі мектептер) деп аталатын оқу орындарымен және өзінің ғылыми кітапханаларымен атақты болды.

Енді былай, Агапит ол адамға көп нәрселерді үйретеді, оған сол кездегі қабылдау мүмкіндігіне қарай «Беляо Дзы» ғылымының кейбір білімдерін береді. Кейінірек (нәтижесінде) Насир Мансур ғалымдар мен зерттеушілердің басшысы болған кезде бұл білімдерді өзінің лайықты болған шәкірттеріне берген. Оның ішінде он алты жасар Гиясаддин Абу-ль-Фатх Омар ибн Ибрахим Хайям Нишапуриде болды немесе қысқаша айтатын болсақ Омар Хайям.

Омар біршама талантты бала, жақсы есте сақтауы бар ақылды болды. Және жақсы топыраққа түскен дән мол өнім берді деп айтпақшы. Жиырма бес жасында-ақ Омар Хайям физика, геометрия, алгебра, астрономия, медицина, тарих, философия, араб тілі және әдебиеті тақырыптарында көптеген ғылыми трактаттардың авторы болады. Географиямен шұғылданып және жаратылыстану бағыты бойынша бірнеше трактаттар жазады.

— Ал керек болса! — деді Стас. — Жиырма бес жасында! Бұл деген бір жыл, бір аптасын алып тастаса біздің құрдасымыз болып шығады емес пе.

— Жігіттің басы жасады деп осыны айт! — деп Женькада таңғалды. — Міне ғұлама! Қап, ал мен ақымақтың ақымағымын, — деп өзіне және Стасқа қарай айтты.

— Әрбір адам өзінше бір ғұлама, — деді Сэнсэй байқампаздықпен. — Өз ғұламалығыңды ашып, өмірде жүзеге асыруға ниет пен ұмтылыс болса демекші.

— М-да, Омар Хайямның осыншалықты озық ғалым болғанын білмеппін, — деді Виктор.

— Ол тек озық қана болған жоқ. Өзінің ұстазы арқылы алған Агапиттің білімдерінің арқасында Омар Хайям өз заманынан біршама алдыға озып кетті. Оның физика, математика саласындағы жұмыстарының өзі неге тұрады. Ал астрономия?! Ол бүгінгі күнге дейін ойлап табылмаған дәл күн күнтізбесін (солнечный календарь) жасақтап шығарды.

— Шыныменде ме? — деп Николай Андреевич таңғалды.

— Иә. Біздер бүгінде жылдық қателігі жиырма алты секундты құрайтын григориандық күнтізбені (календарь) қолданамыз. Ал Омар Хайям сол кездің өзінде-ақ жылдық қателігі бар болғаны он тоғыз секунд болған күнтізбені әлемге ұсынады. Сол баяғы математиканы алып қарайық, сол замандарда-ақ өзінің «Арифметиканың қиындықтары» (Трудности арифметики) трактатында ол натуралды көрсеткіштерге биномның формуласын сипаттаған. Бұны алты жүз жыл өткен соң биноминалды коэффициент (биномиальных коэффициентах) теоремасында сипаттап, оны «Ньютон биномы» (бином Ньютона) деп атаған ағылшын ғалымы Исаак Ньютон «ойлап тапты-мыс».

— Ал неліктен «ойлап тапты-мыс»? — деп Николай Андреевич сөзіне ілікті.

— Себебі Исаак бұл формуланы Омардың трактаттарынан ұялмастан көшіріп алған. Және тек бұл формуланы ғана емес, физика, математика, астрономияға қатысты басқа білімдерді де.

— Түсінбедім, — деп Николай Андреевич көз қиығын салды. — Ал мұндайдың орын алуы қалайша мүмкін? Өйткені Исаак Батыста, ал Омар Шығыста өмір сүрді емес пе, оның үстіне әртүрлі ғасырларда.

— Қарапайым. Бұл тарихтың өзінің алдыңғы тарихы бар... Сіздерге түсінікті болу үшін тарихи алмастыруға (өтірікке) әкелген бұл алаяқтықты идеялы шабыттандырушы (ұйымдастырушы) кімнің болғаны туралы қысқаша айта кетейін. Ол «Еркін тас қалаушылар» ұйымының қол астындағы, «Люциферян» орденінің мүшесі, Кембридж университетінде Ньютонның ұстазы болған — Исаак Барроу.

— Тағы бір Исаак, — деп Женька Стасқа қарап айтты. — Әлгі Кембрижде тек Исаактар ғана сабақ беріп, оқиды ма?!

Бірақ Стас досының репликасына еш назар аудармастан Сэнсэйдің әңгімесіне көңіл бөлді.

— Айта кету керек, ол замандарда Кембридж университеті Англиядағы және Еуропадағы ең мықты университеттердің бірі

болды, — деп Сэнсэй түсіндірді. — Әрине бұл «Еркін тас қалаушылардың» назарынан тыс қалмады және олар ол жерді өздерінің ізбасарларын (жолын қуушылардың) өсіретін жерге айналдырып жіберді. Оның үстіне ол кезде университеттер біршама кіріс әкелетін кәсіпорындар болған.

Исаак Барроу он бес жасында Кембридж университетінің Тринити колледжіне түседі. Және тек түсіп қана қоймай, дұрысынан батады, себебі оның тәлімгері «Еркін тас қалаушылар» орденінің жоғары шеңберіне кіретін, «Люциферян» құпия орденінің мүшелерінің бірі болған. Осындай таныстық Барроуға айтарлықтай әсер етіп қана қоймай, оның әрі қарайғы тағдырын да өзгертеді. Дәл сол жылы онымен қатты (лезде) өзгерістер болады. Люциферяндар оны құпия ритуалды күш актылерінде пайдаланумен қатар оның тәлімгері Барроудың қызба (қайнаған) темпераментін тілдерді меңгеру мен ежелгінің ғылымдарын зерттеуге бағыттай біледі. Колледжді аяқтаған кезде Исаак латын, грек, араб тілдерін жақсы білді, математика, астрономия, философия, дін ілімдерімен шұғылданды (богословие), ежелгі замандардың ғылымдарына ерекше қызығушылық танытты. Жалпы айтқанда Архонттарға қызмет етуге жаман емес «кадр» болды. Колледжді аяқтаған соң люциферяндар Барроуды өздерінің орденіне қабылдайды. Басында оны құпия тапсырмаларды жеткізуші шабарман (жеткізуші, курьер) ретінде пайдаланады. Төрт жылдың ішінде ол Франция, Италияда болып бірнеше уақыт Таяу Шығыста (Константинопольда, Смирна) өмір сүреді. Англияға қайтар жолда Германия мен Голландияға барады.

Айта кетейін ол замандарда Балкан түбегі мен Кіші Азия, Осман империясының құрамында болған. Сондықтан ол жерде тек ежелгі Шығыс ғалымдарының еңбектері ғана емес, ежелгі грек ғалымдарының да қол жазбалары болған. Оның үстіне Смирна қаласы (бұл қазіргі түріктің Измир қаласы, ол Кіші Азияның батыс жағалауында орналасқан) Архонттардың ерекше назар аударған орталығы болды. Ол кезде барша еврей әлемі

Архонттардың үлкен саяси ойыны мен «Еркін тас қалаушылардың» қарқынды жұмысының арқасында, еврейлік дін басшылардың 1666 жылға жасаған «сәуегейлігінің» орындалуын күткен толқу күйінде еді. Яғни өздерінің Мессиясы келіп, олардың мемлекетін қайта жаңғыртып, барша еврейлерге жұмақ өмір жасайды, ол қалған ренжітушілерді (еврейлерді) қатты жазалайды-мыс деген ертегі.

— 1666 жыл? — деп күлді Стас. — Үш алтылық? Бұл деген Ібілістің (Сатана) белгісі емес пе.

— Еврейлерде қызықты Мессия екен, — деді Володя. — Ал оларға Исаның (Христос) қай жері ұнамай қалды?

— Олар Оны (Исаны) Құтқарушы ретінде қабылдамайтын секілді, — деп нақтылады Виктор.

— А, енді иә! — деп күлді Володя. — Адамгершілігі тым күшты (мықты) болды, артылған үмітті ақтамады.

— Олай болмағанда, — деді Сэнсэй ашына. — Сонымен XVII ғасырдың 50-ші жылдарында Смирна қаласында көп еврейлер өмір сүрді және «Еркін тас қалаушылар» сол халықтың есебінен өздерінің комбинацияларын іске асыруға шешім қабылдайды. Ол мақсат үшін өздерінің пешкаларының бірі ғажайыптар жасайды-мыс, еврей-каббалашыны (тіпті есімін де атамаймын) Мессия ретінде жарнамалайды. Әрине осындай жарнамалаудан кейін көптеген адамдар жаңа діни ағым мен қозғалысқа қосылып, әлгі қол қуыршақтың артынан ереді. Қысқасы, халықты ақымақ қылудың толық бір процесі басталып кетеді. Енді осы дүрлігу шуылымен «Еркін тас қалаушылар» өз істерін жүзеге асырып, әлгі өздерінің өтірік-мессиясын бірден ұмытып кетеді. Ал бұны жергілікті билік пайдаланады. Дегенмен бұл адам «Еркін тас қалаушыларға» керексіз материал болсада, бірақ оның қарапайым халық арасында сол аймақта көтерілістер мен керексіз шу көтеретін ізбасарлары (артынан ерушілері) көп болды. Жергілікті билік не істейді? Әлемнің алпауыттарына бұл пешка керексіз болған кезде жергілікті билік еврей-каббалашыны жай ғана тұтқынға алады. Және оған біршама

жақсы қарайды, тіпті оның жанкүйерлерін сыйлықтарымен абақтыға кіргізіп отырады. Ал сұлтан оған не өлім жазасы, не болмаса исламды қабылдайсың деп ұсыныс тастағанда, әлгі еврей еш ойланбастан исламды қабылдаған.

— Солай ма! Демек ол өз адамдарын сатып кеткен болғаны, — деді Виктор.

— Енді қалай, қайдағы бір Архонттардың «лепірме идеясына» қарағанда өз көйлегің тәніңе жақын емес пе, — деді Сэнсэй.

— Иә, бұл халықтың одан үлкен көңілі қалды, — деп Женька өз ойын айтты.

— Жергілікті билікте осыған есеп жасайды. Әлгі еврейдің өз халқын сатып кетуі, исламды қабылдауы көптеген артынан ерушілердің оған көңіл суытуына әкеледі. Адамдар өздерін кезекті рет алдап соққандарын түсініп, көбісі бұл идеяға көңілдері суиды. Әрине оның жасаған ісін ақтауға тырысқан аз ғана артынан ерушілерде болды. Және бұл аймақ біршама тынышталады.

— Дегенмен сұлтан ақылды жасаған екен, — деді Виктор жымыысымен.

Жауап ретінде Сэнсэй басын изеді де әрі қарай жалғастырды:

— Бірақ біздер негізгі тақырыптан аздап алаңдап кеттік. Сонымен, өзінің құпия жұмысының сыйы ретінде Исаак Барроу Константинопольда люциферян мүшелерінен өте қызықты ежелгі трактаттарды алады. Оның ішінде өз заманында Тегеран университетінің кітапханасынан жұмбақ жағдайда жоғалып кеткен Омар Хайямның да құнды ғылыми еңбектері болды. Сонымен бірге Барроу Англияға оралған кезде Кембридж университетінің грек тілі кафедрасын басқарады. Бірақ оның құлшына-қызыға шұғылданған ісі әкелінген ежелгі фолианттарды аудару еді. Екі жылғы мұқият, белсенді еңбектің нәтижесінде, ол өз заманынан анағұрлым алдыға озған ежелгі ғалымдардың өнертабыстары мен білімдері (Барроудың қолында

тек Омар Хайямның еңбектері ғана емес, мысалға өзбек математигі Хамид ал-Хаджеиди, ежелгі грек математигі Евклид, Архимедтің де еңбектері болды) қаншалықты тапқыр екенін түсінеді. Барроу люциферян мүшелерін Кембридж университетінде жаңа геометрия мен оптика кафедрасын ашуға көндіреді және кейінірек грек кафедрасын тастап, сол жаққа ауысады. Барроу арам әрі іскер адам болғандықтан ол кезде көпшілік еуропа аудиториясына белгісіз болған, өзімен арабшадан аударылған кейбір білімдерді өзіне таңады (байлайды). Және осы күнәсін жабу үшін ол тек жұқа линзалар (тонкой линзы) және өнертабыстарының (өзінің емес) «авторы» ғана емес, Еуропаға белгілі ежелгі грек ғалымдарының белгілі мәтіндерін аударушы болып атағы шығады. Сонымен 1661 жылы сол кафедра ашылған кезде, Барроу лекцияларының тыңдаушыларының бірі болған субсайзер Ньютонмен танысады.

— Кім, кім? — деп Женька қайталай сұрады.

— Субсайзер, — деп қайталады Сэнсэй. — Ол замандарда оқу ақысын төлей алмайтын кедей студенттерді осылай атаған. Және университет курстарын тыңдауға дайындықтары жеткіліксіз болғанда, оларға кейбір лекцияларды тыңдауға рұқсат етілген. Бірақ оның орнына олар бай студенттерге немесе университет тәлімгерлеріне қызмет жасауға міндетті болған. Сонымен 1661 жылы Кембридж университетінің Тринити-колледжіне Исаак Ньютон субсайзер ретінде оқуға түседі. Ол кезде жасы он сегізге енді ғана толған. Математика кафедрасының меңгерушісі жас профессор Барроу отыз бір жаста болған. Барроу Ньютонды байқап, қызметшісі жасап қана емес, люциферияндық күш актілерінде тәнінің қызметшісі етіп, Ньютонды пайдаланған. Ол уақыттарда осыған ұқсастар құпия болғанымен, бірақ біршама кең таралған құбылыс еді, себебі колледж мүшелері ортағасырлық дәстүрге сай бойдақ болуы керек тұғын.

Барроу Ньютонға ұстазы, тәлімгері ғана емес өте жақын адамына айналады. Бұл күрделі... достыққа Ньютонның он сегіз

жыл өткізген өмірі де әсер етеді. Ол ауылдық фермада кішкентай, өте әлсіз шала болып туылады. Әкесі оның да аты Исаак Ньютон ұлының дүниеге келуін күтпей ажал құшады. Шешесі сәби Ньютонды әжесіне ерте тастап кетеді. Анасы пірәдарға тұрмысқа шығып жаңа күйеуімен бірге тұру үшін көшіп кеткен. Әрине бұл бала психикасын қосымша жарақаттайды және ол өгей әкесін жек көріп кетеді. Ньютон өте тұйық болып өседі. Әлсіз, қорқақ болады. Жасы үлкейген сайын жеккөрушілік, арамдық пен тәкаппарлық бойында көбейе береді. Құрдастары оны жақсы көрмейді, сол себепті Ньютон колледжге түскенше жалғыздықта болады. Ал осы оқу орнында ұстазы Барроудан өзінше бір жұбаныш тапқандай еді. Бұл кездесу Ньютонның әрі қарайғы тағдырына әсер етеді. Лекцияларының мұқият тұрақты тыңдаушысы ғана емес, Барроудың адал қызметшісі әрі досына айналады.

Барроуға тіл алғыш Исаакта ыңғайлы болады және бірінші кезекте тек адал ғана емес, барлық жағынан көнгіш өзінің жақын шеңберінің адамы ретінде. Сондықтан Барроу Исаактың мансабын мықтап қолға алған. Барроудың жеңіл көмегімен Ньютонның кедей субсайзерлік шәкіртақысын аспиранттық шәкіртақыға ауыстырады. 1665 жылы Исаак колледжді көркем өнер (ауызша, словесных наук) бакалавры деңгейінде бітіреді. Бұл кезде Англияда оба эпидемиясы басталады.

Барроу уақытты босқа жоғалтпайды. Эпидемияға байланысты университет өз шәкірттерін алты айлық демалысқа таратып жіберген кезде, ол Ньютонға Омар Хайямның физика, математика, астрономия тақырыптарындағы дәл ғылыми есептеулері бар аударылған трактаттарын береді. Айтпақшы оның ішінде Омардың «Арифметиканың қиындықтары» (Трудности арифметики) атты құнды жұмысы да бар. Барроу Ньютонға тезірек магистр деңгейін беру үшін оған осы материалдарды өзінің авторлық еңбегі қылу үшін қайта өңдеуге тапсырма берген. Ньютон бұл тапсырманы тезірек орындау мақсатында бар оқу демалысын өзінің туған ауылы Вулсторпта



жалғыздықта өткізеді (артық куәгерлер мен өсек-әңгіме болмас үшін).

— А, ол ауыл туралы естігенмін, — деді Николай Андреевич жымия. — Бұл оның басына алма құлап, бүкіләлемдік тартылыс заңын ашқан жер емес пе?!

— Мен ол кезде басына не түскенін айтар едім, бірақ үндемейін, — деп күлді Сэнсэй. — Айтпақшы, тіпті алмамен болған тарихты да Ньютон өз бетімен ойлап таба алмаған. Әңгіме Омар Хайям өз жұмыстарында бүкіләлемдік тартылыс заңын түсіндірген кезде, әртүрлі мысалдарды келтірген және оның ішінде Орта, Шығыс Азияда кең таралған алма ағашынан алманың тартылыс заңы бойынша құлайтыны түрінде де түсіндірген. Ал Ньютонның бағында да алма ағаштары болғандықтан, «өзінің ғаламат жаңалығын» түсіндіру үшін ол да осы мысалды пайдаланды.

— Қатырады! — деп таңғалды Женька. — Бүйткен айналған-вундеркиндтен!

— Ньютон ешқашан вундеркинд болған емес. Және ол туралы үрілген атақ-даңқ бұл істе біршама пайда көрген «Еркін тас қалаушылардың» жай ғана ісі. Олар тіпті құрғап біткен ньютондық алмадан «тарихи құнды жәдігер» — орындық (скамью) жасады!

— ...«сотталушылар» үшін! — деп балаларды күлдірте Женька сөзін қосты.

— Дәл, сотталушылар үшін! — деп күлді Виктор. — Бүкіл әлемді алдап соғуларын қарашы!

— О, бұл олардың ғаламдық алдауымен салыстырғанда жай ұсақ-түйегі ғана, — деді Сэнсэй. Сонымен, Омар Хайямның еңбектерін, оның бүкіләлемдік тартылыс заңына қатысты түсініктемелері мен формулаларын, дифференциалдық және интегралдық есептеу әдістерін, жарық және спектрлік түстердің дисперсия табиғаты туралы жұмыстарын оқып, оны өзінің ыңғайына өзгертеді. XVII ғасырдың көптеген жарқын ойлы ғалымдары күрескен Омар Хайямның өнертабысы айна

телескопын өзіне алып, Ньютон Кембридж университетіне магистр дәрежесін алу үшін толық қаруланып келеді. Исаак Барроу өз шәкіртінің ашқан жаңалығы тіпті университет аумағынан да алысқа тарау үшін, барлығына (адамдарға) естіруге үлкен мән береді және осы еңбектері арқылы атақты қылу үшін барлығын жасайды. Ол анағұрлым алысқа жоспар құрды. Оған маңызды лауазымда отыратын Ньютон қол қуыршағы керек еді. Ал Исаак Ньютонның өзі болса тәкаппарлығын «талантты ғалым» дегенмен жұбатқан (көтерген) ұстазы берген рөлді барынша ойнайды. Бірақ Ньютон тек ойнады, себебі нақты ғылымдармен шұғылданған Барроу секілді ақыл – ойы болмады. Ньютонды ауызша (әдеби) ғылымдарға — филологияға көбірек тартты. Ол Інжілді, әсіресе Данил пайғамбардың ескі замандағы өсиет кітаптарының сырын ашу туралы армандады.

Барроудың бөтеннің еңбегін өзінің тәлімгеріне беріп, оны тез жоғары көтеру туралы «керемет» идеясы іске асады. 1669 жылы-ақ Исаак Барроу жиырма алты жасар Исаак Ньютонға университеттегі физика-математика кафедрасын береді. Ал Барроудың өзі 1670 жылы дінтану докторы дәрежесін алады да осылайша нақты ғылымдар саласынан ақырын (білдіртпестен) шығып кетеді. Кейінірек Тринити колледжінің президенті болады. Айтпақшы, дәл осы Барроу Ньютоннан бастап өзінің бұрынғы кафедрасындағы барлық професура, рухани сан (духовный сан) міндетін қабылдаудан босатылуы үшін корольдық жеңілдіктерге қол жеткізеді.

Айта кету керек, Ньютон ұстаз ретінде түкке тұрғысыз еді. Оның лекциясына түсіндіруі жалықтыратын болғандықтан студенттер аз баратын. Және бұл түсінікті де. Кез келген автор өзінің жазған еңбегі туралы ерекше шабытпен айтады. Ал кімде-кім классикалық плагиатпен айналысса, тек жалаңаш цифрларды ғана көрсете алмақ. Ньютон ғылыми пікірталастар мен өзін полемикаға тартушы ғалымдарды жек көрді. Себебі өзінің ашқан жаңалықтары деңгейіне ол ғалымдар әлі жеткен жоқ-мыс.

Оның жай ғана айтатын ештеңесі болған жоқ. Ол тіпті «өзінің ашқан жаңалығы» «Натуралды философияның математикалық бастауы» (Математические начала натуральной философии») кітабын жиырма жылға жуық уақыт жазды. Осы ашқан жаңалықтарына жеткізген сатыларды оның неліктен сипаттамағанына көп адамдар таңқалады. Ал Ньютон оларды сипаттай алмады, себебі оны қалай жасау керек екендігін өзі де білмеді. Көшіріп алу — ойлап табу емес.

Исаак Ньютон әу бастан-ақ бұл өтірігі кез келген уақытта ашылып қалады деп қатты уайымдаған. Және айналы телескопта бұл ашылып қала жаздайды. Аударманың дәл болмауынан телескопты құрастырған кезде, қарапайым қателіктерге жол береді. Бірақ бұл мәселеде оған Омар Хайямның трактаттарын біршама тура аударған Барроу көмекке келеді. Трактаттардың түпнұсқасын Барроу құпия жерде сақтады. Екінші аудармамен Ньютон өзінің атақты екінші айналы телескопын құрастырады және 1671 жылы оны өз замандастарына көрсетеді. Бұл адамдарға қатты әсер етіп осының арқасында (сол кездегі ағылшын ғылым академиясы) Ньютонға ресми Лондон корольдік қоғам мүшесі болуына себепші болады.

— Ал не сол академиктер оның өтірігін аша алмағаны ма? — деп Виктор таңғалды.

— Ол жерде өтірігін ашатын ешкім болмады және ол қажетсіз де еді. Өйткені «қоғамның» көп бөлігі ең бірінші кезекте өз мақсаттарын, содан кейін ғана ғылыми мақсаттарды жүзеге асырған люциферяндар болды. Оның үстіне өздерінің мақсаттары үшін Ньютон жамбастарына ыңғайлы еді. Кейінірек алпыс жасқа толу құрметіне «Еркін тас қалаушылар» Ньютонды Лондон корольдік қоғамның президенті қылып босқа тағайындаған жоқ.

— Иә, іс екен, — деп Володя күлді, — жағдай нашар.

— Сол өтірігі ашылып қалуға аз қалған уақыттарда-ақ Исаак Барроу Ньютон өмірінің ережесіне айналдырған сөздерді айтқан. Ол оған мұқият тындауға, көбірек оқып және тек барды

ғана айтуға кеңес берген, себебі айтылған ақымақтықты үнсіз даналыққа айналдыру үшін. Ньютон бұл сөздерді есте сақтап қана қоймай, оны кейінгі өмірінің ережесі қылады. Онымен қоса Барроу оған: «Егер сен басқаларынан биік тұрып әрі алысты көрсен, бұл тек сенің алыптардың иығында тұрғаныңның арқасында», деп айтқан. Ал Ньютон болса бұл сөздерді өзінің ғаламат ашқан жаңалықтары тақырыбына аударған (мағынасын), дегенмен бұл жерде әңгіме «Еркін тас қалаушылар» және оның оларға кіріптарлығы туралы еді.

Жалпы айтқанда Барроу Ньютонды біршама танымал әрі атақты етті, әрине бұл Кембридж университетінің атын да Англиядан алысқа танымал қылады. Жас «кемеңгер ғалым» туралы әңгіменің кең жайылып кеткені соншалықты, данышпен ғалым дегенге тіпті Ньютонның өзі де сене бастайды. Шексіз эгоизмнің арқасында оның өзімшіл мақтаныш сезімі (тәкаппарлығы) қатты өседі. Жағдай тіпті Барроумен әңгімелердің бірінде Ньютон ол туралы жақсы емес пікір айтып, өзінің «данышпан» тұлғасын ұстазынан жоғары қоюға дейін жетеді. Оған жауап ретінде біршама мықты әрі ерік-жігерлі мінезі бар Барроу өзіне жай ғана Омар Хайямның аудармаларын жарияласа жеткілікті, бүкіл әлем шын мәнінде Ньютонның қандай «данышпан» екендігін біледі деп айтып, ақымақтығын көрсетіп бірден орнына қояды.

Ұстазының және ендігі бұрынғы досының айтқаны Исаакқа естен тандырарлықтай ашық әңгіме болады. Бұл әңгімеден кейін Барроудан келетін қауіптің шынайылығынан үрейленгені соншалықты, тіпті бірнеше апта өз-өзіне келе алмай жүреді. Дегенмен Барроудың өзі бұл жоспарды іске асыруды ойлаған емес, себебі Ньютонның танымалдылығына люциферяндар белгілі бір есеп жасаған. Пирамиданы салу процесінде оны қирату ақымақтық. Дегенмен сол кезден бастап Ньютонның басында жегідей жеген ой пайда болады — ендігі оны ешкім плагиатқа айыптап және бопсалай алмас үшін Омар Хайямның түпнұсқа трактаттарын ұрлап, өртеп жіберу.

Осы әңгімеден тура алты ай өткен кезде, 1677 жылдың мамыр айында 47 жасында Барроу ерте дүние салады. Осы оқиғаны пайдаланып Ньютон Барроудың жасырын қор сақтағышынан барлық қағаздарды алып кетеді және оның ішінде Омар Хайямның да еңбектері болды. Ол қағаздарды ұрлаған кезде өзін ешкім байқамады деп ойлады. Кейін өзінің ойынша тағы да үлкен атақ-даңқ әкелетін деген сәттерді көшіріп алады. Және өзінің персонасына «компромат» болған ежелгі қағаздарды психикалық науқасқа тән рахаттанумен (ләззатпен) өртейді.

Ньютонның әрі қарайғы өмірі біршама тұрақты болады. Ол ендігі өзін абсолютті азат адаммын деп санады, дегенмен бұл «Еркін тас қалаушылар» адамдарының епті жасай білген иллюзиясы еді. Исаак шындығында оларға бұрынғыға қарағанда анағұрлым бағынышты болды. Әрине өздерінің мақсаттары мен мүдделерін алдыға қойып, олар Исаактың тәкаппарлығын көтеріп, оны Кембридж университетінің атынан депутаттыққа ұсынды. Ондағы мақсаттары парламенттегі «басым сандарын» толықтыру үшін. Тек толықтыру үшін ғана, себебі Ньютон саясаткер ретінде ешқандай да пайдасы болған жоқ. Кейінірек оны парламентке бірнеше рет ұсынып, сол жерге итермелеп тығады. Ол кезде Ньютон туралы мынадай бір әзіл әңгіме тараған. Қауымдар палатасы Ньютонның дауысын бір-ақ рет қана естіген, ол жиналыс бөлмесіндегі терезені жабуды өтініп қарауылға сөйлеген кезде.

Мұның барлығы ештеңе емес, тек Барроудың өлімінен кейін он үш жыл өткен соң Ньютон бұрындары тек жасырын формада болған өзінің билік сүйгіш, тәкаппар, деспоттық (кері) сұлбадағы мінезімен ендігі «азуын» көрсетіп, «өз еркіне сала» бастайды. Ол «Еркін тас қалаушылардың» тапсырмасын орындай берді, бірақ өзінің жақша ішіндегі тәуелсіздігін көрсетіп, берілген тапсырмаларға өз дұрыстауларын енгізіп, істі одан әрі насырға шаптыруды жиілетіп жібереді.

Бірде Кембридж университетінің ұстаздары мен билік арасында біршама күрделі қақтығыс туындайды (билік

университетті католиктермен нығайтып және оларды басшылыққа қойғысы келеді). Билікке университет атынан қарсылық петициясымен барған делегация арасында Ньютонда болады. Оны люциферяндар әдейі қосқан, ондағы мақсаттары өзінің атақ-даңқы, ұлы ғалым деген беделімен билікке сенімді «жоқ» деп айту үшін. Табиғатынан қорқақ әсіресе билік тізгінін ұстаушылар алдында, Ньютон түсініксіз міңгірлейді. Жағдайды делегацияның басқа мүшелері қорғап, университет ақыр-соңында өз шешімінде тұрады. Бірақ люциферяндар Исаактың мұнысын кешірмейді.

Бірнеше уақыттар өткен соң қыс мезгілінде Ньютонның жұмыс бөлмесінде өрт шығады. Біртүрлі өрт, жанулы тұрған майшамның үстелге құлауы және Ньютон баспаға беруге дайындаған еңбектерді жойған: оптика, химия тақырыбындағы трактаттар, акустика бойынша үлкен шығарма, оның бояу мен жарық тақырыбындағы көп жылғы тәжірибие қолжазбалары және басқа да «еңбектері». Өрт тек Ньютонның қағаздарын ғана (тіпті оның құпия қор сақтағышындағы қағаздары «түсініксіз түрде» үстел бетінде жатқан) өртеп, басқа ешнәрсені бүлдірмей сол жерде сөнген.

Ньютон жұмыс бөлмесіндегі бұл қағаздарының күлін көрген кезде қатты есеңгіреп кетеді. Өртеніп кеткен еңбектер қанша қаласа да жадында қайта қалпына келтіре алмайтын жұмыстар еді, себебі олар Омар Хайям және ежелгінің басқа да ғалымдарының (өзі ойлап тапқан емес) трактаттарынан көшіріліп алынғандар еді. Бұл ештеңе емес. Ал осы күл арасында өзі құртып жіберген Омар Хайямның трактаттары, жай ғана XIII ғасырда жасалған түпнұсқа көшірмесі деген қысқаша хабарлама хаты, Ньютонды шыныменде есеңгіретеді. Тіпті қатты әсер еткені соншалықты есінен айырылудың сәл алдында тұрды. Кейінгі үш жылы ақылдан адасу, ауыр психикалық бұзылу, қорқыныш маниясымен бірге жүреді.

Оны «қалпына» люциферяндар түсіреді, олар ендігі өздері не бұйырса соны орындайсың, қалай өмір сүріп, қалай

демалуыңды біздер шешеміз деп айтады. Ньютонның тұлғасы үшін қалған өміріне бұл өлім жазасы секілді еді. Ньютон оларға толықтай тәуелді болады. Денсаулығын аз-маз қалпына келтіріп, Ньютон люциферяндардан Лондонда қандай да бір лауазым тауып берулерін өтінеді, себебі ендігі ешқандай да ғылыми мансап туралы сөздің болуы мүмкін емес еді. Люциферяндар алдындағы қателігін адал қызмет етуімен жуып-шаюы үшін мүмкіндік беріп, оны Теңге сарайының караушысы лауазымына қояды. Исаак бұл қызметте өзінің субсайзерлік талпыныс мінезімен кірісіп, бұрынғы өзіне деген сенімді қайтарып алу үшін люциферяндарға адал жұмыс жасауға тырысады. Және бұл істе шыныменде жетістікке жетеді, ол Англияның ретсіз теңге ісін тәртіпке келтіреді. Осы еңбегі үшін ол өмір бойы жоғары ақы төленетін Теңге сарайының директоры лауазымын алады. Ал әрі қарайғы артықшылықтар оған қар көшкіні секілді құлайды. Оны парламент мүшесі және ағылшын Корольдік қоғамының президенті ретінде сайлайды. Ол кезде Омар Хайямның еңбектері әрине Ньютонның авторлығымен Англиядан сырт жерлерде жоғары бағаға ие болады. Осы Еңбектерінің арқасында Ньютонды Париж ғылым академиясының шетелдік мүшесі ретінде сайлайды. Оның үстіне ғылыми «еңбегі» үшін Ньютонды ақсүйек дәрежесіне көтеріп, ол «сэр Исаак» болады. Министрліктер мен парламенттік комиссияларға қатысып, люциферяндардың қолдауымен Уэльс ханшайымының салон философы болған.

— Барлығы әдеттегідей: егер сэр болмаса, онда Исаак (что ни сэр, то Исаак)! — деп күлді Женька.

Володя жай ғана басын шайқап, жаратпай айтты:

— Ал әділдік болса онда бүгінде барша әлем шын ғұлама Омар Хайямның еңбектерін біліп, оқитын еді.

Сэнсэй сөздеріне келісіп басын изеді де әрі қарай жалғастырды:

— Жалпы айтқанда люциферяндар Ньютон арқылы оның барша артық игіліктері мен білімдерінен анағұрлым жоғары

тұрған маңызды істерді жүзеге асырды. Ньютон өзінің қуыршақ жағдайын өте жақсы түсінді. Және бұл тәкаппарлығын кемсіткен көңіл толмауы қартайған жылдарында көргенсіздік пен деспотизм түріндегі мінезінде көрінді. Ол адамдардың жадында қандай бейнеде қаламын дегенмен басы қатты. Ньютон өзінің портретін бейнелеу үшін суретшілер алдында тұрды. Тіпті көп суретке тұрғаны соншалықты ол кезде осыншалықты жиі суретін салдыру тек тәжделген тұлғалардың ғана қолынан келетін. Ньютон діни шығармалар жазуға отырып және Інжілдің кейбір тұстарын талдай алатын «құдайдың таңдаулысы» деп өзін есептейді. Ол қайдағы-жоқтыны жаза бастайды, кейін ұрпақтары осындай далбасаны қалайша... ұлы Ньютон жазған деп таңғалады. Есесіне дәл осы шығармаларын Ньютон жоғары бағалаған және өміріндегі ең басты ісі деп санаған. Себебі бұл еңбектер шыныменде өзі жазған шығармалар еді және бұл мәтінде атақты ғалым Омар Хайямның еңбектерінің арқасында «Еркін тас қалаушылар» жасаған жасанды бейне, кумир емес, Ньютонның өзі болды. Ньютон дүние салар кезде жасы сексеннен асты және өлім алдында қасиетті причастия (Иса Мәсіхтің денесі мен қаны ретінде нан мен шарапты жеу діни рәсімі) рәсімінен бас тартады. Бірақ оның өлімінен кейін «Еркін тас қалаушылар» өздері жасаған бейнесін мақсаттарына жету жолында пайдаланды.

— Міне саған керек болса, — деп күлді Виктор. — Олар барлық жағынан оны оқсатқан екен.

— Оны ғана емес, бүкіл әлемді, оның ішінде сізді де, — деді Сэнсэй ащы күлкімен. — Ең болмағанда мектеп бағдарламасына зер салыңыз, әлі күнге дейін ресми Ньютон «оның» заңдарымен оқытылуда.

— Не айырмашылығы бар? — деп Костя түсінбей иығын көтерді. — Менің ойымша бұл заңдарды Исаак Ньютон болсын, Омар Хайям болсын кімнің шығарғаны бәрібір, одан бүкіләлемдік тартылыс заңы өзгермейді. Кім-кімнен «көшіріп»



алғанынан маған келіп-кетер пайда қайсы? Бастысы осы білімдердің маған жеткені.

Андрей Костяға көз қиығын салып жымиды да, күмәндана сұрады:

— Тыңдашы, ал сенің тұқымыңда кездейсоқ Исаактар болған жоқ па?

— Айырмашылығы орасан, — деп Сэнсэй Костяға жауап берді. — Біріншіден, Ньютон тек өзіне ұстазы Барроу белгілегендерді ғана көшіріп алған. Ал Барроудың өзі Омар Хайям трактаттарында жазғанды емес, сол замандардағы білім деңгейіне байланысты өзі түсіне алғанды ғана алған. Сондықтан Ньютонның бүкіләлемдік тартылыс заңы осыншалықты «шектеулі» болып шықты және ғылымның өзінше бір тежегіші болды. Ал Ньютонның «ғылыми еңбектері» ұзақ уақыт бойына «Еркін тас қалаушылардың» Ньютонның беделінің мінсіздігін таңуының кесірінен, ғылыми әлем үшін одан өзінше бір пұт жасады. Ал бұл өз кезегінде ғылымды дамытуға кедергі келтірді. Ал кейін сәйкессіздіктер анық көріне бастаған кезде де «Еркін тас қалаушылар» абдырап қалмады. Олар «Ньютон II» болған — Альберт Эйнштейнді шығарды.

— Альберт Эйнштейнді «Еркін тас қалаушылар» көтерген бе? — деп Николай Андреевич шын таңғалды.

— Әрине.

— Иә, әлемде не болмайды дейсің, — деп күлді Николай Андреевич.

Бірнеше уақыт үнсіздік болды.

— Жоқ, Омар Хайям осыншалықты ұлы ғалым болған деп кім ойлаған! — деп естігенін ой таразысына салғандай Виктор айтты.

— Ғалым болғанда қандай! — деді Сэнсэй. Омар Хайям адамзат ғылымының дамуына орасан зор үлес қоса алды, математика, астрономия, физика салаларында бірнеше маңызды жаңалықтар ашты... Ол осы адамзат өркениетінде математика дисциплинасының даму тарихында алғашқы болып барлық

теңеу (уравнение) түрлерінің толық классификациясын берді, оның ішінде сызықтық (линейных), квадратты, кубты (кубических) теңеулерде бар. Кубты теңеулерді шешудің жүйелі теориясын жасады, алгебралық теңеулердің шешу теориясын негіздеді. Сонымен бірге музыканың математикалық теориясын жасаған. Бүтін сандардан кез келген деңгейді алу әдісін сипаттады (описал метод извлечения любой степени из целых чисел). Мен Омар Хайямның әлемге ұсынған тек математика мен астрономияға қатысты теориялары мен формулалары ғана емес, әсіресе физика саласындағы еңбектері туралы тіпті де айтып тұрған жоқпын. Бұл білімдері адамзаттың ғылыми дисциплинаға жету процесін анағұрлым үдетіп, сәйкесінше «қараңғылық» пен «өзімшіл ырымшылдық» (эгоистических суеверий) дәуірін артқа тастап, ғасырлық тұрғыдан қарағанда бұл өркениеттің ғылыми-техникалық прогрессін анағұрлым жақын ететін еді. Бірақ өкінішті, адамдардың пенделігі басым болды... Онымен қоса Омар Хайям өз заманының ұлы астрономы болған. Және оның осы дисциплинадағы барлық трактаттары қазіргі заманғы ғалымдарға жетсе, онда адамдар сол білімдер арқылы ғылымда анағұрлым алдыға қозғалатын еді, өйткені оның еңбегінде қазіргі астрономдар өздерінің барша жаңа құрылғылары мен әлі ашпаған білімдер жатыр.

— Керемет! — деп таңғалды Андрей. — Ал бұл қалайша мүмкін?

— Білімнің аты — білім, мен сіздерге бір кездері мұның барлығы Шамбалада сақталып тұрған жай ғана дерекқор екендігін түсіндіргенмін. Әрине өркениеттің даму процесінде сол дисциплинада азды-көпті болса да дайын болған адамдардың түпсанасына қажетті ақпарат берілетін арнайы бір уақыт нүктелері де болады. Бірақ олардың арасында рухани Тұлға пайда болған кезде және ғылымға ерекше қызығушы адам болса, ондай адам ақпаратты еш шектеусіз делік ала алады, сәйкесінше бұл өркениеттің даму прогрессін де толықтай жылдамдатады. Әдетте осындай адамдар өз заманынан біршама алдыға озып

кетеді. Бірақ бұл жерде бір мәселе туындайды. Өркениеттің даму процесінің жылдамдауы көбіне тек осы білімдерді алуға ғана емес, белгілі адами факторға — осы білімдерді адамдардың қабылдау деңгейіне де байланысты. Ал соңғысы өз кезегінде көп нәрсеге тәуелді: қоғамның рухани күйінен бастап, сәйкесінше әр тұлғаны жекелей алғандағы және Архонттардың жұмыс қарқыны деңгейімен аяқталады.

Мысалға Омар Хайямды алып қарайық. Бодхисатва Агапиттің шәкірті болған оның ұстазы, жас Омарды рухани жолға қояды. Айтпақшы, Омар Хайямда «Лотос гүлі» практикасынан бастаған және бар өмірінде онымен сәтті айналысқан. Жас баланың жүрегі таза әрі ғылымға осындай қызығушылық танытқан соң, ұстазы оған қолда бар білім базасымен, белгілі бір рухани практикаларды қолдана отырып жаңа білімдерді қалай алуға болатынын айтқан. Омар тек қызығып қана қоймай, нәтижеге жету жолында талмай еңбек етеді. Басында ұстазының кеңесімен білім қорын алдыңғы ұрпақ ғалымдарының жинаған білімімен толықтырады. Нишапур, Балх, Самарқандта ғылымдарды оқып, бір жағынан өзіне берілген рухани практикалармен еңбектенеді. Және оның өз-өзімен жұмысының нәтижесі жиырма бес жасында-ақ анық байқала бастайды. Мен айтып кеткендей сол кезде-ақ біршама маңызды трактаттарды жазып үлгереді. Бұл тек бастамасы еді. Онымен қоса Омардың уақыт өте сәуегейлік қасиеті ашылады, дегенмен ол оған ұмтылған емес. Бұл негізінде оның рухани дамуының жанама әсері болды.

— Ал керек болса! — деп таңғалды Костя. — Маған осындай жанама эффект болса ғой, мен бас тартпас едім.

— Егер бұл тілегің хайуани негізіннен емес, сенің рухыңнан шығатын болса, ендеше саған мүмкін емес ешнәрсе жоқ, — деді Сэнсэй. — Сонымен Омар Хайям адамдар арасына ұлы астроном-сәуегей, өзінің көріпкелдігімен атақты болады. Ал ол замандарда астрономия астрологиямен бөлінбес бірге еді. Астролог қазіргі кезде айтып жүрген психология (адам

психикасының нәзік тұстары), космографияны және жұлдызнаманы епті жасаумен қатар, геометрияны, сандардың құрылым ғылымы мен энциклопедиялық білімді де білу керек болған.

Оның білімі мен талантын билік басында тұрғандар да бағалаған. Осының арқасында Омар Хайям қарахан ханзадасы Хақан Шамс ал-Мулк сарайында ғылыми жұмыспен айналыса алды. Жиырма алты жасында оны Исфахан қаласына сұлтан Малик-шахтың патшалық сарайына қызметке шақырады.

Омарға Исфахандағы сол замандағы әлемдегі үлкен обсерваторияның құрылысы тапсырылады. Ол Хайямның сызбасымен салынып және кейін оны өзі басқарады. Омар жақсы ұжым жинайды. Оған ресми түрде жаңа күнтізбе жасау тапсырылады және ол оны сәтті орындап шығады. Бірақ осы жұмыспен қатар айналы телескоп жасап Омар тек бақылау қондырғыларын жетілдіріп қоймай, «Зинджи Малик-шахи» (Малих-шахтың құрметіне аталған, ол кезде солай қабылданған) астрономиялық кестесінде жасайды. Бірақ ең бастысы — сол кез үшін мүлдем ерекше болғанды жасайды: тіпті бүгінгі күнге дейін актуальды ғана емес, заманауи ғалымдар үшін көбінде түсініксіз болған физика мен астрономияны формулалар мен заңдарда біріктіреді. Оның тек қазіргі заманда «қара материя» (тёмной материи) деп атайтын, ғалымдар әлі күнге дейін шешімін таба алмағанды сипаттауының өзі неге тұрады.

Сондықтан Омар Хайям үлкен әріппен жазылған нағыз Энциклопедист-Ғалым болды. Ол туралы замандастарының барлығы дерлік жақсы пікір айтқан. Оны «Ғасырдың ең білімді адамы», «Ақиқаттың дәлелі», «Хорасанның Иمامы», «Шығыс пен Батыс философтарының Патшасы» деп атаған. Бірақ оның шын болмысын білдірген «жүрегіне Тірі Махаббатты өсірген Кемеңгер» деген лақап есімі еді («Мудрец, взрастивший в сердце росток Любви Живой»).

Николай Андреевич ойлана басын шайқады.

— Иә, сондай ұлы адам болған, ал кез келген адамнан сұрашы, ол туралы қазіргі заман адамдары не біледі? Ең жақсы дегенде ол шығыс поэті, «қыдырымпаз, ішкіш және төбелескіш» деген жауап естисің.

— Үлкен өкінішке орай, — деп Сэнсэй басын изеді. — Бірақ Омар Хайям «Еркін тас қалаушылар» көпшілікке көрсеткісі келген ішкіш те, қыдырымпаз да, жанжалқой да болған емес. Және бұл көбіне өз адамдарын жасырып, әлемге Шындықтың шығып кетпесі үшін жасалды.

— Бірақ Омар Хайямның шыныменде шарап пен ғашықтық туралы өлеңдері көп, — деп Костя наразылық танытты.

— Омар Хайямның өлең шумақтары екіұдайлы мағынада, — деп Сэнсэй тағы да қайталады. — Ол өзі жеткен руханиятты жеткізу үшін дүниелік пландағы ерекше лексиканы пайдалана, өз ойларын арнайы сөздік лексикамен орады. Бұл оған ашық мәтінде айтуға болмайтынды еркін жеткізуге мүмкіндік берді. Ол шығармашылығымен жақсы таныс болған сопылардың амал-тәсілдерін қолданды, ол жердегі Махаббат Жаратушыға деген Махаббатты, ғашығымен жолығу — Жаратушыға жету жолын іздеу, нұрға бөлінуді (озарение) символдаған. Шарап түрінде Даналықтың қайнар көзі, құдайы рахат (лазат, иллаһи рақымдылық), құдайлық экстазға жету дегінді білдірген. Құмыра, қыш шеберханасы — жаратушы, әлем және тұлға арасындағы қарым-қатынасты (байланысты) білдірген. Және Омардың мұсылман елінде өмір сүргенін де ұмытпаған жөн. Ал Құран шарап ішуге тиым салады. Оның үстіне Омар парсы поэзиясын мәшһүр етті. Оның өлеңдеріне баға беру үшін парсы поэзиясында шарап қандай мағына беретінін білу керек. Бірақ Омардың шығармашылығында мұндай сипаттамалар әдетте көзден жырақ қалады.

— Ал не ол мұсылман болған ба? — деп Юра таңғала айтты.

— Иә. Таза (тура, адал) мұсылман болған. Ол тіпті Құранда жазылған (бұйырылған) Меккеге қажылықты жасайды.

— Ал сонда ол «Лотос гүлімен» қалайша айналыса алған?  
— деді Андрей таңғала.

— Сен дін мен Ілімді шатастырма. Ол жалғыз абсолютті Жаратушыға сенді, Құдайға діннен анағұрлым биік тұрған таза Іліммен жүрді (барды). Бірақ әрқашан исламның діни дәстүрлеріне құрметпен қараған. Және менің сөзіме сен, ислам дін ретінде құрметке лайықты.

— Демек оның өлеңдері екіұдайлы мағына берген, — деп Николай Андреевич ойлана айтты.

— Иә, осының арқасында бүгінгі күнге дейін әр адам өзінің адамгершілігі, өмір тәжірибиесі мен білім деңгейіне сай өлеңдерінен өзінің жауһарын (изюминка) табады. Сен менің рух туралы, біздің түпсана «мұхитымызда» ненің жасырылғаны, біздің тыңдаушымыз және оның бетінде жүзген «әлдене» туралы менің айтқандарыммен, Омардың жазғандарын салыстыр және барлығын түсінесің. Мысалға оның мына бір өлең жолдарын алып қарайық.

**«Көретініміздің барлығы — жалғыз ғана көрініс.  
Әлем беті түбіне дейін қаншама алыс.  
Себебі заттардың құпиясы көрінбес,  
Дүниенің маңызсыз анығына зер салыс».**

Немесе мына бір өлеңі.

**«Ей, надан, баста жоқ боп туыпсың сен,  
Жел тапқан жалғыз ғана уыссың сен.  
Кептелген екі жоқтың арасына,  
Жан-жағың жап-жалаңаш қуыссың сен».**

**«Кім тұрса да алдында, оқи алса жүрегін,  
Бойындағы рух сырын танушы деп білемін.  
Өзі — теңіз, сүңгуші, баға жетпес асыл тас,**

## **Сөздерімнің түсінші қаншалықты тереңін!»**

**Күндей жарық бола алмаймын — әлемге.  
Қаға алмаспын құпияның — есігін де.  
Толқыған ойлар арасынан асыл тасты тауып,  
Үрейден жарып шыға алмаймын мен неге».**

Ал енді сіздерге оның мына бір өлеңін оқып бергім кеп тұр. Бірақ тыңдап қана қоймай, бұл сөздердің мағынасын ұғынуға тырысыңыздар.

**«Шынының тәні рухқа жүкті: қара,  
Лилияның айналғанындай раушанға,  
Жоқ, бұл бір уыс аққан от  
Тау кілтіндей, кристалдың мөлдір құрсағында».**

Николай Андреевич ойланды да, кейін айтты:

— Мен түсінбегендеймін...

— Негізінде бастапқыда «бокал» орнына «тостаған» (чаша) болған, — деп Сэнсэй өз-өзімен талдағандай айтты да, кейін Николай Андреевичке түсіндіре бастады: — Бұл өлеңнің мағынасын тек Граальдің шын тарихын білу арқылы ғана түсіну мүмкін болмақ. Ал қалғандары үшін бұл өлең дүниелік деңгейдегі интерпретациядан артық емес... Немесе сол сериядан мына бір өлеңін тыңдап көріңіздер.

**«Тостағаннан сұрадым тақап оған ернімді:  
“Күн мен түннің кезегі қайда апарады мені? ”  
Тостаған аузын алмастан берді маған жауабын:  
“Ах, Ішкін, сен бұл өмірге оралмайсың енді! ”»**

— М-да, шыныменде егер басыңдағы білімің дүниелік деңгейден аспаса, онда сенің тану көкжиегіңде шектеулі, — деп

Николай Андреевич келісте де сол бойда сұрағын қойды. — Ал Граальмен болған қандай тарих?

— Кейін айтып беремін. Көптеген оқиғаларды қамтитын өте күрделі тақырып. Ал қазір Омар Хайямға бұл тарихқа (Граальға) байланысты көп нәрсе белгілі болғанын ғана айта аламын. Айтпақшы қазіргі «Грааль тостақаны» (чаша Граалья) деп аталатын, өте ежелгі замандарда Шығыста «Джамшид тостақаны» (чаша Джамшида) деп аталған. Және осыған байланыста да Омар Хайямның біршама қызықты өлең жолдары бар.

**«Іздедім мен, ұйқы көрмей тостағанын Джамшидтің,  
Жерді айналып сенделдім, жүруменен қанша күн.  
Бәрі бекер екенін Кемеңгерден естідім,  
Ол — менің рухымда, алысқа зая сермелдім».**

— Ал бұл Джамшид деген кім? — деп сұрады Костя.

— Джамшид? Бұл Иран эпосының аты аңызға айналған патшасы, ежелгі ирандық алғашқы адам Йиманың кейінгі нұсқасының прототипі. Аңыз бойынша оның қолында «тостаған», яғни әлем бейнеленген (әлем айнасы) нәрсе болған... Ал негізінде қазір сіздерге орыс тілінде оқу мүмкін болған Омардың белгілі өлеңдері де, кей кездері өлеңнің мағыналық салмағын дәл бермейтінін айта кеткенім жөн. Біріншіден, Омар Хайям Шығыстың өзінше бір әдеби «латыны» болған парсылық «фарси» тілінде жазған, ол жерде спецификалық терминдер, өз түсініктері мен көне атаулар өте көп. Айтпақшы өлеңдерін көбіне өзінің ғылыми еңбектерінің шимай (черновик) жолдарына жазған және бұл тек жай ғана әуестігі (қызығушылығы), рухани шабыты еді. Оның көптеген өлеңдерін достары есте сақтап қағаз бетіне түсіріп отырған. Екіншіден, анағұрлым кейін осы өлеңдерді аударумен айналысқан тілмаштар оларды өзінің өмірді қабылдауынан, дүниетанымынан өткізген. Оның үстіне бұл шығармалар орыс тілінде де өлең сияқты болу үшін шумак



формасына енгізген. Осылайша мағынасын кейбір бұрмалаулар болған. Ал оның өлеңдерінің түпнұсқасы әрине ғажап естіледі.

Және осы кезде Сэнсэй біздер мүлдем күтпеген қандай да бір керемет тілде, әлгі «фарси» тілінде болғаны анық, өлең шумақтарын оқи бастады. Дұрысы ол тіпті оқығанда жоқ, сөздерді соза, тамылжыта, әндеткендей айтты. Өлеңнің өзі де маған біртүрлі ерекше көрінді. Неге екенін қайдам бірақ мүмкін Сэнсэй оқығаннан ба, әлде ерекше дыбыстардың қосындысынан ба білмеймін, бірақ бойымды түсініксіз толық жаулаған ризашылықтың толқыны басып, тәніме (құдайы) ләззат жылуын құйып, «Лотос гүлім» іштен гүлдене (жайқала) бастады. Мен тіпті бойыма құйылған осы жеңілдік пен ішкі рахатты (құдайы) жоғалтып аламын деп қозғалуға қорқып тұрдым.

Сэнсэй өлеңін айтып болған кезде, үнсіздік орын алды.

— Қуатты! — деп бірінші болып Николай Андреевич таңғалды. — Қандай ішкі тербеліс (толқыныс)!

— Ага, менің тіпті денем тітіркеніп кетті, — деп келісті Стаста.

— Міне көрдіңіздер ме, — деді Сэнсэй. — Бұл өлеңдерде Омар Хайямның жанының (рухының) бір бөлшегі жатыр. Және ендігі өлең авторының болмағанына көп уақыт өтсе де, дұрысында оның тәнінің болмағанына, поэзиялары әлі күнге дейін адам жанын тебірентіп, оларды оянуға мәжбүрлейді. Адамдар бір нәрсені сезінеді, ал бірақ не екенін түсіне алмайды. Оларды өлеңдеріне тартып тұрады. Омар Хайямның өлеңдері уақытты, ұлттық шекараларды білмейді, адамдардың ойын толғанып, оларды өмірлері туралы ойға шомылуға итермелейді деп бекер айтпайды. Және бұл байқасаңыздар Омар Хайямның есімі ғасырлардан өшірілу үшін жасаған «Еркін тас қалаушылардың» барша қитұрқы іс-әрекетіне қарамастан. Өздерінің жұмыстарының шындығы ашылып қалмас үшін Омар Хайямның Еуропадағы танымал болу процесінің өсуін қанша тоқтатқысы келседе, бұл бәрібір тоқтаусыз болды. — Және Сэнсэй үнсіз қалды да, сөзін

толықтырды: — Бірақ бұл тарихтағы ең күлкілісі тіпті қазірде «Еркін тас қалаушылар» қоғам алдында Омар Хайямның беделін түсіргісі келетіні. Бүгінгі күнге дейін оның бес мың рубаиы белгілі, яғни өлеңдері. Дегенмен олардың көп бөлігі — бұл оның атына таңғандары және одан артығы емес. Қазіргі кезде ғалымдар Омарға 300-400 рубаидың авторлығын береді. Және осы рубаилардың ежелгі түпнұсқа қолжазбалары, тіпті саны 293 болған рубаи Кембридж университетінің кітапханасында сақтаулы деген ақпарат таралған. Әрине бүкіл әлемге атақты болған бұл қолжазбалар Омар Хайямның өзіне тиесілі екенін шүбәсіз растаған «шығыстанушылар» да табылды. Және бұл Кембридж университетінің аты аталғанда ерекше мұқияттылықпен насихатталады.

— Кембридж университеті деймісің? — деп күлді Николай Андреевич.

Балаларға бұл сөздердің мағынасы жеткен кезде олар күліп жіберді. Ал Сэнсэй жауап ретінде иығын көтерді.

— Ал кейін әлемге осындай өлең жолдары пайда болады:

**«Иіп басты Мешітке, мойынсұна кіремін.  
Дұға үшін келгендей... Бірақ басқа тілегім:  
Кілемшені білдірмей ұрлап алдым өткенде;  
Тозып қалды ол затың, басқасына келемін».**

Бұл өлеңнің кез келген аудармасын алып қарасаңызда мағынасы Омар қасиетті мешітке ол жерден жайнамазды өзіне ұрлау үшін келген болып шығады. Бірақ бұл өлеңнің алғашқы мағынасы, яғни «Еркін тас қалаушылармен» тарихы өзгермей тұрып мүлдем басқаша еді. Ол жерде Омар қасиетті мешітке адамдардың сөздерін емес, өзінің не істеу керек екенін Құдайдан сұрауға келеді, себебі шын құлшылық үшін жайнамаз болған тәні тозып, оған жаңа тән керек пе, әлде бұл ол үшін соңғы ма деп жазылған. Қысқаша айтқанда, реинкарнация шеңберінен шығуға

лайықты ма, жоқ па. Яғни әңгіме дүниелік құндылықтар емес, руханият туралы болды.

— М-да үлкен айырмашылық сезіледі, — деп Николай Андреевич басын изеді.

— Енді мұны сіздер қазір ғана сезіп тұрсыздар, — деді Сэнсэй, — себебі ненің не екенін аз-аздан болса да ұғына бастадыңыздар. Ал адамдардың көпшілігі «Еркін тас қалаушылардың» арқасында танымал болған әлгі өлеңдерді Омар Хайямның шын шығармалары деп аңғал сенумен жүр... Міне бұл Адам туралы көпшіліктің осындай пікірі.

— Ал Омар Хайям қарттық шағында дүние салды ма? — деп сұрады Николай Андреевич.

— Иә, — деп Сэнсэй жауап берді де, ойлана айтты, — Омар Хайям ең қиын сынақтан — ақша мен биліктен лайықты өте білді. Тіпті билік ауысып және билік етуші топтың қызығушылығы болмай өзі бастаған обсерватория құлдырауға ұшыраған кезде де, Омар торығуға түскен жоқ. Ол дәрігер болып жұмыс жасап, адамдарға пайдалы жұмысын жалғастыра берді. Және қарттық шағына жетіп Омар Хайям өлген жоқ. Ол қайтты (кетті, оралды). Дүниеден кетер шағынан көп емес уақыт алдыда ол шәкірттеріне өзінің қайтар шағының уақытын ғана емес, «тозған тәнінің» кабірі де қай жерде болатыны, оны раушан және ақ түсті алмұрт пен өрік ағаштарының гүл жапырақтары жабатынын да болжап кетеді. Және солай болады.

Үнсіздіктен кейін, Сэнсэй:

— Бұл жерде біздер уақытшамыз. Ал уақыт өте жылдам өтеді. Өйткені кеше болған ендігі өткен шак. Ал бір кездері ол да алыс болашақ болатын, — және біршама сергек даусымен қосты. — Міне сіздерге екі мысал: Ньютон және Омар Хайям. Бірі өмір бойы қараңғылыққа қызмет етті, ал бірі — жарыққа. Өздеріңіз тұжырым жасаңыздар! Ньютон — өмір бақи ішкі масқаралықпен өмір сүрген және тіпті жауыңа да тілемейтін соншалықты ауыр кармамен кеткен ұры болды. Ал Омар Хайям өмірінде рухани дамуына үлкен серпіліс жасады. Және еңбектерімен адамдарға

көп ізгі іс жасап қоймай, өз-өзімен жұмыс жасау арқылы бұл әлемнен анағұрлым биік сфераларға кете алды.

Сэнсэйді тыңдап отырған Николай Андреевич ойын дауыстап айта бастады:

— Сэнсэй, бәрібір де ақиқат жолы үшін дұрыс бағытты білудің маңызды екеніне келісерсің. Бірақ оған біреудің бағыт-бағдар беруі керек емес пе. Сол Омар Хайямды алып қарайық. Өйткені оған Агапит шәкірті жол көрсеткен! Бәрібір де осындай мүмкіндік әркімге беріле бермейді.

— Өкінішке орай дәрігер, сізбен келісе алмаймын. Әрбір адам өмірінде бағыт нұсқаулығын кездестіреді. Және қай жолды таңдау адамның өзіне байланысты.

— Әркімге? Олай ойламаймын, — деп Николай Андреевич қарсылық танытты. — Мысалға сізді кездестіріп және көп нәрселерді түсініп, менің жолым болды. Бірақ миллиондаған адамдар бұл ақпаратты естімек түгелі, оның бар екенінен де бейхабар.

— Және бұл жерде дәрігер сіз қателесесіз. Мен қазір айтып тұрғанды миллиондаған адамдар білетін болады. Және олардың әрқайсысына жеке таңдау құқығы беріледі... Жақын болашақта өте көп адамдар біліп қана емес, бұл әлемнің шын бет-бейнесін көретін болады.

— Ал бұл болашақ қаншалықты жақын? — деп Николай Андреевич жымия нақтылай сұрады.

Сэнсэй күлімдеп:

— Былай айтайық, «Еркін тас қалаушылармен» байланған тігістің белгілі бір оқиғаларда сөгіліп, бұл «тігіншілердің» адамдар үшін жасаған сағымдар мен иллюзияларын дүрбелеңмен қорғауға кіріскенін сіз көруге үлгересіз. Айтпақшы сіз үшін кімнің-кім екенін білу мүмкіндігі болады. Ариманның тізесінде отырғандардың бет-пердесі ашылатын күннің куәгері боласыз. Және жасанды бет-бейнесі ашылған кезде, «жақсы адам» маскасының артында Архонттардың адал қызметшісін

**көрсеніз көңіліңіз қалмасын... Сондықтан, балалар, бақылаңыздар, ойланыңыздар, тұжырым жасап және өз өмірлеріңізбен кескінсіз Архонттардың құлы емес, рухани тұлға, Адам ретінде іс жасаңыздар.**

— Ал бұл құлдыктан қалайша құтылуға болады? Егер бұл Архонттар біздер үшін көрінбес болса, әлемдегі кімнің кім екенін қалай түсіну мүмкін болмақ! — деді Андрей шын жүрегімен.

— Енді олар соншалықты көзге көрінбейтін емес. Кім қаласа көреді деп айтпақшы. Шын мәнінде Ариманның жеке шеңберін құрайтын он екі Архонттың өздерін анықтау қиын. Бірақ олар басқаратын және жібінен тартып отырған (басқарып) әлем алпауыттарын анықтау — оңай. Тек архонттық құрылымды, атрибутикаларын және олардың әрекет ету тәсілдерін білсе болғаны. Және сол кезде сіздер бұл әлемді терең түсініп қана қоймай, кімнің-кім екенін пердесіз көріп, адамдарды жақсы тани аласыздар. Сіздер тот басқан механизмдегі сұр болт емес, нағыз Тұлғаға айналатын боласыздар. Сондықтан әлем туралы тану көкжиектеріңізді максималды кеңейтіңіздер, тіпті керек кітапта қажет сәтінде, керекті бетімен ашылып құлайды. Секталар мен партияларға айдап кіргізетін қой емес, барлық жағынан Адам болыңыздар. Жеке дара ойланыңыздар! Ойларыңызды рухани тазалықта ұстаңыздар! Және сол кезде ешкімде сізді бұл өмірде бағынышты (құлдықта) ете алмайды, себебі егер кімде-кім бұл әлемнің ең құнды байлығы — ішкі, шексіз Азаттық Рухына ие болса, оны ешқандай дүниелік құлдықтың шұңқырында ұстай алмайсың!

Сэнсәйдің осындай рухты (шабыттандырған) сөздерінен біздің ұжымның жүздері жарқырып, оптимизмнің көрінбес нұрымен толды. Ауада осы сәттің біртүрлі салтанаты қалқығандай. Біздер Сэнсэй тағы да айтатын шығар деп үміттендік, бірақ Сэнсэй ұзақ үзілістен кейін біздерге мұқият қарады да, кейін әңгімені тіршілік тақырыптарына аударып жіберді:

— Сонымен шай ішудің ресми бөлігі аяқталды деп санайық. «Білгіштерге» дәстүрлі сұрақ: ыдыс-аяқты кім жуады?

Бұл сөздерді айтып ұжымның астан кейінгі «жағдайына» басын изеді. Балалар рахаттана күліп алды.

— Жарайды, біздер тазалаймыз! — деп мен қолымды сілтедім. — Бар болғаны...

— О жоқ, қыздар демалыңдар! — деді Сэнсэй жымия.

Мен лезде тұрып, ыдыстарды жинауға кірісе бастадым.

— Жоқ демалыңдар қыздар! — деп Виктор Сэнсэйге көмектесіп лезде орнынан атып тұрды. — Өзіміз бірдене қылармыз.

\* \* \*

Ұжымның ерлер бөлігі Сэнсэйдің ісіне еріп, барлығы ақылдасып алғандай біздерді жұмыстан шеттетті. Тазалық кезінде Татьяна екеуміз құрметті қонақ секілді отырдық. Жып-жылтыр тазалық пен әдемілікті біршама тез уақытта жасады. Женьканың әзілінсіз де болмады. Ол әдеттегідей басында «ыдыс кептіруші» (посудодрайщик) жұмысын ықыласпен алып, бірақ бұл іске тез суып, өзінің сүйікті ар-ұжданы тақырыбында, заңдар адамдармен жазылған және ешбір жерде тек 8 наурыз мерекесінен басқа күндері ер адамдар ыдыс жууы керек деген жазылмаған деп лепіруіне көшті. Әзіл-әзілімен бірақ Сэнсэй тазалық жасап жатқан кезде Женьканың әзілдерін толық алғаннан да анағұрлым терең, біршама қызықты Ар-Ұждан (Совесь) туралы аңызды айтып берді.

— ...Сен дұрыс айттың, заңдар адамдармен жазылады, — деп Сэнсэй Женьканың кезекті әзіліне біртүрлі салмақты жауап берді. — Мен сіздерге бұған қатысты Ар-Ұжданның бастан кешкені туралы өте ежелгі қытай аңызын айтып берейін. Сіздер сол кезде де, қазір де адамдардың қаншалықты пенде болып қала беретінін түсінесіздер.

«Бұл тарих өте ерте-ерте замандарда болған. Дүниеге Ар-Ұждан (Совесть) келеді. Ол түннің тыныштығында, барлық тіршілік иелері ойланатын кезде дүниеге келген. Айдың сәулесімен жарқыраған өзен ойға батады, жұлдыздармен көмкерілген аспан да ойланады, мүлгіген түнгі тыныштықта, өсімдікте (шөпте) ойға шомады. Дәрнәсіл түрлі-түсті өрнектермен көбелекті қалай жасаймын деп ойланады. Өсімдіктер өздерінің сұлу гүлдері, құстар — бұлбұл шырқауларын, ал жұлдыздар — болашақты. Сол себептен де түн тыныш. Күндіз барлығы шуылдап тіріледі де, ал түнде барлығы үнсіз қалып ойға батады. Осындай түнгі тыныштықта барша тіршілік ойға батқан кезде, дүниеге Ар-Ұждан туылады. Ол ғажайып еді. Үлкен, әдемі жанарының тереңінде алыстағы жұлдыздардың сәулесі көрінеді. Ай сәулесі оның жүзін өз жарқырауымен сәндейді. Ал түн оны құпия жамылғысымен тұмшалады.

Және Ар-Ұждан адамдарға барады. Олардың арасында жартылай жақсы, жартылай жақсы емес өмір сүреді. Түнгі құс секілді өмір кешеді. Өйткені күндіз онымен тіпті ешкімнің де әңгімелескісі келмейді. Кімге барса да — барлығы аяқ-қолдарын ала қашып: «Жұмыс бастан асады, айнала жұмыс қызып жатыр! Сенімен шүйіркелесіп тұруға уақыт бар ма?!» деумен болады. Бірақ есесіне түнгі мезгілде ол байдың да, кедейдің де үйіне еш кедергісіз кіреді. Абайлап ұйықтаушыға қолын тигізеді, ол ұйқысынан оянады. Оны көріп сұрағын қояды:

— Ар-Ұждан саған не керек?

Ол ақырын даусымен:

— Ал сен бүгін не істедің? — деп сұрайды.

— Мен? Мен сондай ештеңе жасағаным жоқ...

— Ал сен ойланып көрші.

— Енді... Мүмкін...

Және ол есіне түсіріп жатқан кезде Ар-Ұждан басқасына кететін. Оянған адам күндіз не жасадым деп ендігі таңға дейін көз ілмейтін. Және күндізгі шуылда естігісі келмегенді, түннің

тыныштығында сан мәрте жаңғырықпен естиді. Ар-Ұждан осылайша барша адамдарда ұйқысыздық болмайынша әркімге келе береді.

Және адамдар өз провинцияларындағы ең кеменгер Ли-Хан-Дзу-дан ұйқысыздықтың шипасын білесің бе деп сұрайды. Адамдар Ли-Хан-Дзу-ды ең ақылды деп санады, себебі оның барлығынан ақшасы көп, жері, үйі үлкен, демек ақылы да басқаларынан көп деп ойлайды! Бірақ олар өздері «кеменгер» деп санаған адам басқаларынан да қатты ұйқысыздық ауруынан зардап шегіп, одан қалайша құтылу керек екендігін өзі де білмейтінінен бейхабар еді. Өйткені айналаның барлығы оған қарыз. Және адамдардың барлығы өмір бойы тек сол қарызынан құтылу үшін оған жұмыс жасады. Кеменгер Ли-Хан-Дзу осылай өмірін жасаған. Ақылды адам ретінде қарызданушылардың бірі ұрлық жасап қолға түскен кезде, ол не істеу керектігін білді. Ли-Хан-Дзу ақылына салып басқаларына сабақ болу үшін оны жақсылап тоқпақтайтын. Күндіз бұл өте ақылды іс еді, себебі жазаны көрушілер одан қорқатын. Бірақ түн мезгілінде Ли-Хан-Дзу өмірі мен байлығы үшін өзі үрейленетін. Сондықтан оған күндізге қарағанда түнде мүлдем басқа ойлар келетін: «Ал неліктен кедей ұрлайды? Себебі оның жейтін тамағы жоқ және азық табу үшін жұмыс жасауға еш уақыты жоқ. Өйткені ол күні бойы маған қарызы үшін еңбек етеді». Ли-Хан-Дзу тіпті өз ісін ақтағысы келіп Ар-Ұжданмен дауласады: «Демек менен ұрласа да, кінәлі мен болғаным ба?!» Бірақ ақталса да бәрібір көз іле алмайды. Және оны ұйқысыз түндер мезі еткенде өзінің кеменгерлігіне қарамастан Ли-Хан-Дзу шыдай алмай:

— Олардың барша ақшаларын, жерлері мен үйлерін қайтарып беремін, — деп жариялайды.

Бірақ дана Ли-Хан-Дзу-дың туыстары бұл сөздерді естіп, адамдарға айқайлап, үлкен шу мен айқай көтереді:

— Ұйқысыз түндердің кесірінен кеменгер осындай адамға ессіздік жабысты! Ал оның барлығына әлгі — Ар-Ұждан (Совесть) кінәлі!



Байлар қорқып кетеді:

— Егер ең кемеңгерге ессіздік шабуыл жасаса, онда біздермен не болмақ?

Кедейлерде қорқады:

— Бізде барлығы да аз (мүлік, байлық), демек ақылымыз да аз деген сөз. Егер кемеңгерге ұйқысыз түндердің кесірінен ессіздік шабуыл жасаса, біздің ақылымызбен не болмақ?

Байлар кедейлердің қорқынышын көріп, бір-бірлерімен кеңеседі:

— Көріп тұрмысындар, Ар-Ұжданның кедейлерді қалайша үрейлендіретінін. Біздерге ең болмағанда кедейлерге араша түсіп және Ар-Ұжданнан алшақтау керек!

Осыны іске асыру үшін ойланады, бірақ жарытып ештеңе ойлап таба алмайды. Және сол кезде Нанкинде өмір сүрген барша Қытайдағы ең дана А-Пу-О-ға елші жіберуге шешім қабылдайды. Оның дана әрі ғалым болғаны соншалықты, ақыл сұрап бүкіл Қытайдан билеушілер келетін. Оған баруға елшілерді дайындайды. Көптеген сыйлықтар әкеліп, сан мәрте бастарын жерге тигізіп тағзым етеді. Ар-Ұжданның арғы жақта жасап жатқан ұйқысыздығынан құтқаршы деген өтініштерін айтады. «Халық қайғысын» тыңдаған А-Пу-О жымияды да былай дейді:

— Иә, Ар-Ұжданның сіздерге келуге құқығы болмайтындай етіп жасауға болады! Қара адам (ниеті) қай жерде не жасауға, нені жасамауға болатынын қайдан білсін? Ендеше заңдарды шығарайық. Орама қағазға адам не жасау керек, не жасамау керек екенін жазайық. Ал Мандариндер заңды толық жаттасын. Қалғандары олардан сұрасын: ненің болатынын, ненің болмайтынын. Бірақ басында әрине оларға пұл төлесін: өйткені мандариндер сол заңдармен басын босқа толтырмайды ғой! Ал Ар-Ұждан келіп, қара (пейілі қара) адамнан «Сен бүгін не істедің?» деп сұраған кезде, әлгі: «Орама қағазда жазылғанды (рұқсат етілгенді) орындадым» деп жауап береді. Және барлығы тыныш ұйықтайтын болады.

Бұл шешімге барлығы қуанады. Және бірінші кезекте мандариндар. Өйткені кітап беттерін ақтару жерді қопарғаннан бәрібір де жеңіл. Және басқалары да қуанады. Өйткені күндіз бірер минут сөйлесіп мандаринге ақша төлеген, түні бойы Ар-Ұжданмен сырласа әңгімелескеннен жақсырақ емес пе. Және адам не жасау керек, нені жасамау керегі туралы заңдарды жазуды бастап кетеді. Заңдарды жазады, ал кемеңгер А-Пу-О-ны осындай құнды кеңесі, өзінің кемеңгерлігімен ақылды адамдарға Ар-Ұжданнан тыныш өмір сүруге көмектесуі үшін, сол мандариндердің жоғары басшысы етеді.

Бір нәрсені жасау керек болса немесе қандай да бір дауласу пайда болса, адамдар мандаринге барады да, жомарттықпен ақшасын төлеп сұрайды:

— Орама қағазыңды аш. Ол бойынша арамыздағы кімдікі дұрыс?

Ендігі тек ең кедейлер ғана ұйқысыздықтан азап шегеді, себебі олардың мандаринге төлейтін ешқандай ақшасы болмады. Ал қалғандарына түнде Ар-Ұждан келген кезде, олар:

— Маған неменеге жабысып қалдың! Мен заң бойынша әрекет қылдым! Орама қағазда жазылғандай! Мен өзім емес! — деп жауап береді.

Басқа бетіне теріс айналып, ұйқыға кетеді.

Тіпті барлығынан да көп ұйқысыздықтан азап шеккен ақылды Ли-Хан-Дзу-ға түнде Ар-Ұждан келген кезде, ол тек мысқыл күлкісімен:

— Ал сәлем сұлу! Енді не айтасың? — дейтін болған.

Ал одан жұлдыздар шағылысқан көздерімен Ар-Ұждан:

— Сен кедейлерге мүліктерін қайтарып бергің келді емес пе, неге қайтармайсың?! — деп сұрайды.

— Менің оған құқығым барма екен?! — деп Ли-Хан-Дзу кекеткен. — Себебі орама қағазда не жазылды? «Әр адамның мүлігі оған және оның ұрпақтарына тиесілі». Егер менің ұрпағым мүлікті таратуға қарсы болса, мен қалайша бөтеннің мүлкін тарата аламын? Демек олардан ұрласам менің ұры немесе өз-

өзімнен ұрлайтын ессіз болғаным. Ал заңда: «Ұры мен ессізді шынжырға отырғызыңдар» деп айтылған. Сол себепті мені жайыма қалдыр. Сағанда түні бойы қаңғымай ұйықтауға кеңес беремін!

Теріс айналып тәтті ұйқысына кетеді.

Және Ар-Ұждан қайда барса да бір әңгімені естиді:

— Біздер қайдан білейік?! Мандариндер бізге қалай айтса, біз солай жасаймыз. Барда солардан сұра! Біздер — заң бойынша.

Ар-Ұждан мандариндерге барып сұрайды:

— Неліктен мені ешкімнің тыңдағысы келмейді?

Олар күліп жауап береді:

— Адамдар сені тыңдап, сен айтқан ақылмен іс жасауы мүмкін бе? Ал заңдар қайда қалады? Өйткені сары парақта барлығы үшін сиямен жазылған! Ұлы нәрсе (зат)! Жоғары мандариндердің қатарында болған А-Пу-О бұны босқа ойлап тапқан жоқ.

Сол кезде Ар-Ұждан барша Қытайдағы ең дана жоғарғы мандарин А-Пу-О-ға барады. Оны жеңіл түртеді. Ұйқысынан шошып оянып, Ар-Ұжданды көрген А-Пу-О үрейлене айқайлайды:

— Сенің бөтен үйге еш сұраусыз кіруге қалайша дәтің барады? Заңда не деп жазылған? «Кімде-кім түнде бөтеннің үйіне жасырын кіретін болса, оны ұры деп есептеп, түрмеге отырғызыңдар»!

— Мен сені тонау үшін келген жоқпын! — деп жауап береді ол. — Мен Ар-Ұжданмын!

— Сен заң бойынша жеңіл жүрісті әйелсің! Ол жерде анық айтылған: «Егер әйел түнде бөтен еркекке барса, ол әйелді бұзылған деп санап, түрмеге қамасын!» Демек, егер сен ұры болмасаң, онда бұзылған әйелсің!

— Қайдағы бұзылған әйел?! — деп таңғалды. — Мен Ар-Ұжданмын!

Бірақ А-Пу-О одан сайын ашудан қайнап кетеді.

— Сені ме, демек сен бұзылған да, ұры да емессің, тек заңды орындағың келмейді екен ғой иә? Ендеше бұл жағдайға да заң бар: «Егер кімде-кім заңды орындағысы келмесе, оны заң бұзушы деп санап, түрмеге қамандар». Эй, қызметшілер! Бұл әйелді бұзылған, ұрлыққа күдікті және заңға анық бағынбағаны үшін қолына кісен салып, мәңгілікке түрмеге жабыңдар.

А-Пу-О қызметшілері Ар-Ұжданды ұстап алып қолына кісен салады да зынданға қамайды. Сол кезден бастап ол ендігі ешкімді мазаламаған. Тіпті оны мүлдем ұмытып кетеді. Тек кей кездері мандариндерге разы болмаған кейбіреулер:

— Сендердің Ар-Ұждандарың жоқ! — деп айқайлайды екен.

Ал оларға зынданда Ар-Ұжданның отырғаны туралы қағазды лезде көрсетіп, былай деп жауап береді:

— Егер оны зынданда ұстап отырсақ, демек бар болғаны!

Ал адамның үні өшіп, мандариннің сиямен жазылған қағазына қарайды да шыныменде оның дұрыс екенін көреді! Сол кезден бастап адамдар Ар-Ұждансыз, мандариндер мен олардың жоғары басшысы А-Пу-О-ның заңдарымен өмір сүріп келе жатыр. Ал бұның біреуге ауыр немесе жақсы болуын, — түн келіп, барша тіршілік ойға батқан кезде, әркім өзі шешеді.

Сэнсэй бұл ежелгі аңызды айтып болған кезде, ыдыстың барлығы әңгіме тыңдаған жігіттердің сүлгімен жақсы ысқылауынан жылтырап тұрды.

— Шыныменде біздің өміріміз туралы екен! — деді Володя жуан үнімен.

— Жақсы аңыз, тура біздің қоғамды айтқандай! — деді Николай Андреевич. — Адамдар әлемінде шыныменде ештеңе өзгермеген.

— Біздің қоғам ба? — деп Женька лезде сөзді қағып алып, Стас пен Викторға көз қиығын салды. — Мені қытайлықтар мен мандариндер қоршағанын іштей сезгенмін. — Және сүртілген ыдыстарды біздің заңгер Викторға бере жатып, күлкімен: — Мә

саған, мандарин! Миына толған заңдарыңмен менің таза Ар-Ұжданыма тиіспеуің үшін, міне саған пара! — деп қосты.

— Енді мен не айта аламын? Фактілерге қарсы аргументтер әлсіз! — деп Виктор әзілмен ыдысты алды.

Балалар күлкіден жіберді. Осы көңілді нотада біздің шаруашылық қызметіміз бітті.

\* \* \*

Сэнсэй барлығымызға суға шомылып және ертеңгі қайтар жолға дайындалуға ұсыныс жасады. Ұжым бұл ұсынысты қуана қарсы алды. Бірақ Татьяна екеуміз ендігі суға түскіміз келмеді, тек балаларды күтіп жағалауда қалдық. Суға жүзгендер жағалауға шығып кешкі күн шуағына кептірініп жатқан кезде, біршама қызықты оқиға орын алды, әрине егер одан үлкені болмаса.

Виктор суда жүзген кезінде-ақ Сэнсэймен біршама қызықты әңгіме бастаған секілді, себебі олар жағалауға шыққан кезде мен ол әңгіменің бір бөлігін естідім. Біздің үлкен шеңберде, құмда отырған Виктор өзінің алған әсерлерінен делебесі қозғандай.

— Жоқ, бәрібір де «сен кеше-ақ өлдің» дегенді түсіну қиын, — деді Сэнсэйге қарап. — Дұрысы оған сену қиын. Мен оны біртүрлі үстіртін түсінетін сияқтымын, бірақ оған тереңдеп, сезіне алмаймын. Бұл процесті түсінуге деген барлық талпынысым, қандай да бір дүниелік қорқынышқа әкелетіндей... Ал менің ұғынуым бойынша, өзіңнің тәкаппарлығыңды өлтірудің ең жақсы тәсілі — бұл өлімнен қашып құтылмайтыныңды және өзіңнің жоқ екендігіңді түсіну емес пе.

Оған Сэнсэй жауап берді:

— Өте дұрыс. Дегенмен өлімнің сөзсіз болатынын ұғыну — бұл депрессияға түсіп және өміріңнің соңын күту дегенді білдірмейді. «Өлу» (Дүние салу) — бұл өзіңнің ішкі Хайуани негізіңнен бөлініп, өзіңнің шын мәнінде кім екендігіңді сезіну

деген сөз. Саған билік еткен Хайуани негізін, көптеген Хайуани тілек-қалауларың өледі. Тек сен жай ғана барлығынан алыстап және ішінде Құдайға лайықты бару деген жалғыз ғана мақсат, жалғыз ғана тілегіңді тудырасың. Сен тәніңнің тілек-қалауын қаншалықты қанағаттандырып, тойдыруға тырыссаңда, ол бәрібір де ерте ме, кеш пе балшыққа айналады, келесі жиһанкездің аяғының астындағы шаң-тозаңға. Адамдар көбіне өзін аяп және Хайуани тілек-қалауларының қанағаттанбауына жабысып, рухы туралы және бұл өмір оларға не үшін берілгенін толық (бірден) ұмытып кетеді. Опасыздық ғаламдыққа көлеңке түсіреді (низменное затмевает им глобальное). Ал ғаламдықты, яғни өз рухыңның мақсатын көзден жоғалтпай өмір сүру керек. Тәкаппарлық өлген кезде, адам шыныменде Жаратушыға қызмет ете бастайды және басқа адамдарға көмектесіп өмір сүреді.

Сэнсэйді мұқият тыңдап отырған Виктор айтты:

— Солайы солай. Бірақ бойымда әлі де тәкаппарлық жеткілікті, толы секілді. Және оны «өл» (умри) деген қарапайым сөзбен қорқыту еш мүмкін еместей. Мен бүгін осылай күні бойы өзіме айтумен болдым. Ал не шықты?! Бәрібір де шын «өлім» туралы түсінік жоқ. Керісінше мен құдды бір «өлімнің» орнына одан «өзін-өзі қорғауды» жасағандай Тәкаппарлығымның (Эгомның) контраргументті жабысқақ ойларының толық бір ағысы жүргендей. Мүмкін мен анық нәрсені түсінбейтін емен ағашы (ақымақ) шығармын?!

— Бұл жерде жақсы ағаштың не қатысы бар, — деді Сэнсэй. — Сенің қолыңнан ешнәрсенің келмеуі қалыпты. Сен өзіне сан мәрте айтсаң да, бұл попугайдың еңбегімен бірдей болады. Өйткені бұл этапта тәніңмен — бірсіңдер (единое целое). Бұл «жұлдызқұрт принципі» (принцип гусиницы). Сен жетілмеген балаңқұртты коконнан бөліп алғың келеді.

— Жақсы, бірақ ендеше сол баяғы Имхотептің шәкірттері бұл «өлімді» қалайша түсіне білгенін айтып берші?

— Сен дұрыс айтып тұрсың, олар тек өздерін ойша иландырып қана қоймай, терең сезініп, бұл процесті түсінген. Өйткені адам өзіне тәуелсіз себептерден кез келген уақытта ажал құшуы мүмкін. Сондықтан рухани жолға тұрушы, өмірінің әрбір секундын, рухының ғаламдық мақсатына максималды жету мақсатымен өмір сүреді. Ал қалғандарының барлығы бостық пен өткінші. Әдетте адамдар уақыттың шын құндылығын түсінбейді, өлімнен қорқыныштарының кесірінен одан ауытқып, қабылдамайды. Өздерінде шексіз уақыт бар деп есептейді. Тіпті өлімге бір сәт қалған кезде де тәндерінің қазір өлетініне сенуден бас тартады.

Сондықтанда сен «дәл қазір осы жерде» өлгенінді сезіну мен ұғыну өте маңызды. Әрине осындай ішкі түсінуге жеткізетін әлемде көптеген арнайы техникаларда жетерлік. Бірақ олардың барлығы психологиялық жаттығулар разрядында. Дегенмен бұл техникалардың көбісі ешқандай маңызды рөл атқармайды. Өйткені түсіну (ұғыну, сезіну) процесі тек адамның өзіне ғана байланысты.

— Қалай бұл рөл ойнамайды? — деп Женька наразы болды. — Егер мен осындай жас әрі сұлу болсам, мен қалайша кез келген секундта өлемін дегенді жай ғана алып, ұғына саламын?

— Иә, — деп оны Виктор да қолдады. — Аспан ашық, соғыс жоқ, әлемде бейбітшілік демекші. — Және кекілін дұрыстап, иығын көтерді. — Шыныменде «осы жерде, дәл қазір» менімен не болуы мүмкін?

— Қалағаныңның барлығы, — деді Володя оларға жуан үнімен. — Өлімге әкелетін жағдай кез келген нәрседен болуы мүмкін: кәдімгі асқазанның қорытпауынан теңіздегі аяқ асты құрысуға (судороги в море) дейін. Міне қайықпен балық аулауға жүзіп кетесің, ал оның орнына балықтарға жем болып өзің тас секілді су астына батасың. Және жерде не үшін ауаны ластағаныңды түсінуге уақытыңда болмайды...

Жігіттер осындай мәнерде талқылап жатқан сәтте Сэнсэй құпия жымыып, өз ойларына батқандай көрінді. Үлкен жігіттер

ішіндегіні сыртқа шығарып болған кезде, бұл тақырыпқа қатысты Сэнсэй бір нәрсе айтады деп күтті. Бірақ оның орнына Сэнсэй тұрды да Виктордың арқасынан қағып:

— Ештеңе етпейді, әр нәрсенің өз уақыты бар, — деді.

Осыны айтып Сэнсэй отырғандарды айналып шатырға қарай үнсіз қозғалды. Ал біздің ұжым бұл тақырыпты әрі қарай талқылай берді.

— Бұл жерде өмір сүресің-сүресің және тіпті «өлімді сезіну» дегенді айтпағанда, өмір туралы жарытып ештеңе айта алмайсың! — деді Стас.

Николай Андреевич қолында кішкентай масақшалары бар жасыл сабақты айналдырып, былай деді:

— Енді, егер тырысатын болса (түсінуге), бұл сұрақты философиялық тұрғыдан түсінуге болады. Мысалға мына сабақшаны алып қарайық. Біздерге әлі тірі секілді көрінеді, бірақ шын мәнінде ол ендігі өлі. Иә, оның бойында әлі де өмір бар және оны тұщы суға салсақ, оның белгілі бір уақытқа өмірі ұзарады. Бірақ, шындығында мен оны үзіп алуды ойлаған сәтте-ақ ол өлген. Адамдарда осылай. Біздерде осы масақшалы сабақ секілдіміз — болашақта өлім дәмін тататынымыз хақ болып дүниеге келеміз. Бойымызда белгілі бір уақыт аралығында өмір жылуы болады, бірақ ол тез сарқылады. Сол себепті біздер туылмай тұрып-ақ өлгенбіз.

Біздің ұжым осындай қарапайым бірақ сонымен бірге біздің психотерапевттің кемеңгерлікпен талдауына құлақ түріп үнсіз қалды. Ал маған неге екенін қайдам осындай сөздерді есту өте жағымды болды, себебі оның ой толғанысында Сэнсэйдің көзге көрінбейтін, терең әрі қарапайым түсіндіру стилі сезілді. Осы сәтте, ақиқаттан алшақтаған сабақша-адамдар арасында жүрген мәңгілік тірі рух туралы өзімнің қиял-армандарыма еніп кеттім. Бойынан кім сезіне алса, онымен сусындай алады. Өйткені ол құдды бір өлілерді тірілтіп, оларды мәңгілік өмірге қайтара алатын тірі су секілді. Және маған қаншалықты күпірлі естілседе адамдардың өмірі осыншалықты қысқа болғаны ақыр-



соңында дұрыс шығар деген ой келді. Егер ол ұзын-ұзақ болса, онда өлі қураған өсімдік секілді, өзіміздің қалжыраған тәндерімізде сөнуден жай ғана шаршап кетер едік. Себебі адам не үшін өмір сүргісі келетініне сан мыңдаған себепті тапсада, бірақ нәтижесінде тәннің толық өлуі оған рухы мен оны құтқару жолдарын іздеуге мәжбүрлейді.

Мен осылай ойға шомып отырған сәтте, Женька мәз-майрам (таңғала) айқайлап жіберді:

— Ух ты!!!

Барлығымыз Женька қараған жаққа бұрылды. Шатыр жақтан біздерге қарай Сэнсэй келе жатыр екен. Және әдеттегі өзінің жағажай киімімен емес, ұзын сұр түсті балахон-халатпен. Бұл кең жеңді, белбеулі және капюшонды халат сырттай ірі зығыр жіптерден тоқылған дөрекі кенеп матадан (мешковина) жасалғандай. Бірақ біздерді ерекше таңқалдырғаны, Сэнсэйдің қолында қара матамен (материямен) оралған екі қылыш болды. Мысалға мен оларды теңізге әкелгенін тіпті де күтпедім. Қызық, бірақ біздер осы жерде қанша рет жаттықсақ та, Сэнсэй бұл киімін бірде-бір рет киген емес, тіпті қылыштарымен жаттығу жасамақ түгелі, оларды өзімен бірге алғаны туралы мүлдем айтқан жоқ. Ең кемі осындай жағдай көз алдымызда ешқашан болмаған. Иә, Сэнсэйдің іс-әрекетін болжау шыныменде өте қиын.

Балалардың кейбірі таңғалыстарынан орындарынан атып тұрды. Не болсада бірақ осындай қызықтыны көруді ешкімнің күтпегені анық еді. Алдағы жаттығуды күткені анық үлкен балалардың көздері оттай (құмарта) жанды.

— Қазір бір ерекше жағдайдың болатыны анық, — деп Стас жартылай сыбырлап болжам жасады.

Бірақ Сэнсэй жақындаған сайын ауада біртүрлі көзге көрінбейтін қысым пайда болғандай сезілді. Маған табиғаты белгісіз жеңіл қорқыныш біртіндеп құдды бір ішімнен бұғаттап, барлық қимыл-қозғалысымды цементтегендей болды. Бұл қорқыныштың себебін сәл кейінірек, Сэнсэй жақындаған кезде

түсіндім. Және оның себебі, бұл мен білетін Сэнсэйден мүлдем басқа адам болды!

Оны осындай кейіпте ешқашан көрген емеспін. Сэнсэйдің жігерлі, күннен қарайған беті мен капюшонның түсірген көлеңкесі, күдіретті жауынгердің жүзіне ұқсатты. Мақсатты қараған көзқарасы құдды бір жолындағы көзге көрінбес барша кедергіні қиратқандай, жамандықтан кеңістікті тазартқандай болды. Және сонымен бірге оның жүзі, тек орасан зор Болмысқа тән, сабырлық пен абыройды шашқандай. Тіпті нық әрі сенімді жүрісінің өзінен көзге көрінбес ерекше қуат күші сезілді. Сол себептен болуы керек Сэнсэйдің басқан әр адымынан, қаһарлы Соттың алдындағы айыпталушы секілді, менің Хайуани негізім барған сайын қорқыныштан бүрісе бастады. Бұл тіпті Адам алдындағы қорқыныш емес. Бұл біреудің орасан зор Рухани Еркі алдындағы қорқыныш еді! Ауыр шөгінді секілді жылдар бойы өзімшіл ойлар, әрекет пен жасаған ісіңнен жиналған, өзіңнің кішкентай және масқара (төмен) бір нәрсең үшін қорқыныш. Бұл мүлдем табиғи емес, сұмдық қорқыныш, өзіңе деген кінә қорқынышы. Және бұл баса-қысқан айыптау сезімінен айнала ауа ыстық болсада, тұла-бойым суып сала берді.

Және осыған ұқсас тек менің басымнан өтпегені анық еді. Алдағы жаттығуды күткен балалардың қуанышы, Сэнсэй жақындаған сайын біртүрлі тез жоғала бастады. Ол бізге біртүрлі киімімен келген кезде, ешнәрсе түсіндірместен қылыштар оралған қара материяны үнсіз шеше бастады. Мата өте мықты оралғандай көрінді. Бірақ Сэнсэй түймектерін тез реттеп, жеңіл ритуалды қимылымен шешті. Қара матаны қолына іліп, ол қылыштың бірін лезде... Викторға ұсынды. Қысқа қозғалыспен тез болғаны соншалықты, өмірге емес, өлімге шақырғандай. Қолдардың Виктор жаққа қарай осындай қозғалысынан тіпті селт ете қалдық. Біздер секілді жігітте осындай қимылды және оның үстіне Сэнсэйдің қарсыласы ретіндегі кандидатына өзін таңдағанын мүлдем күтпегені анық еді. Ол үрейден бадырайған

көздерімен Сэнсэйге абыржи қарады да, қолын механикалық созып қылышты алды.

— Сенде бір ғана мүмкіндік... тірі қалу, — деп Сэнсэй соңғы сөзіне екпін беріп, қатал әрі қатты айтты.

Балалар болып жатқанды түсінбеген көздерімен бақылап, қадалған бөренелер секілді қатып қалды. Осы біртүрлі инцидентте Виктордың орнына өздері түсіп қалмау үшін бірде-бір бұлшық етін қимылдатуға қорқып тұрғандай. Сэнсэй бұл сөздерді айтқан кезде, менің тіпті арқам суып сала берді.

— Сен түсіндің бе! Бір ғана! — деген Сэнсэйдің үкім шығарған сөздері найзағай дүрсіліндей естілді.

— Сэнсэй, мен... мен, — деп Виктор қылышты дірілдеген қолдарымен ұстап, тұтыға мінгірледі.

— Сенің ұрысқа дейін үш секундның бар, — деп Сэнсэй әр сөзін шегендеп айтты. — Егер сен бірінші болып шабуыл жасамасаң, ендеше өзім бірінші бастаймын. Және сенің мүмкіндігің болмайды!

Сэнсэй есімін айтып Володяға ауыр көзқарасымен қарады, ал Володя үрейден оған адал көздерімен мелшіе қарап және бірегей есту мүшесіне айналғандай біртүрлі ыңғайсыз селт етті. Және осы кезде Сэнсэй оған менің шашымды тік тұрғызған сөздерді айтты.

— Біріміздің мүрдемізді тасқа байлап, қайыққа салда теңізге лақтыр. Сен мені түсіндің бе?!

Володя құдды «Құп болады!» деген дайындықпен басын изеді. Сэнсэй назарын Викторға қайта аударды да:

— Сенде... бір ғана... мүмкіндік! — деді.

Осыны айтты да ол Викторға теріс айнала тұрып қылыш қынабын өзінің жамылғысының белдігіне салды. Оның сөздері мені шошындырып қана қойған жоқ. Олар маған қорқыныштың осындай цунамиын төңкергені соншалықты, тіпті тістерім бір-біріне қақтығысып дірілдей бастады. Бір уақытта санам шамадан тыс наразылықтан тура жанартау секілді атқылады: «Қайдағы мүрде? Қайдағы қайық? Барлығына не болған?! Естерінен

ауысқан ба?! Жай бір-бірлерін өлтіре салады ма? Ешқандай себепсіз-ақ! Тіпті бір нәрсе үшін бір-бірлерін өлтіруге болады ма?! Біздер жыртқыш емес, адамдар емеспіз бе! Адамдар! Ал «адам өмірін бағалау керек» деген сенім қайда қалды?! Сұмдық!» Осындай ішкі үмітсіздік (ашынушылық) пен дәрменсіздіктен мен тұншыға бастадым. Бір бөлігім дауылдағы күзгі жапырақ секілді ессіз қорқыныштан діріл қақса, ал басқа бөлігі «қарсыластардың» бетін қайтарып, жағдайды өзгертуге ендігі үлгермейтінін түсінгендей. Тез арада бір нәрсе жасау, істеу керек болды. Тез қимылдау керек және дәл қазір. Және араларына түсу деген ақымақ идеядан басқа миыма ешнәрсе келмеді. Айтуға келмейтіндей ақымақтық, бірақ мүмкін жағдайды құтқарып қалатын шығар? Дұрысы олардың бірі өлгенше менің мүрдемді-ақ теңізге лақтырсын. Бірақ осыны ойлай беріп едім, тәнім одан бетер қорқыныштан жерге шегелеп тастағандай қатып қалды. Жаным (рухым) болғалы жатқанның алдын-алуға айқайлай ұмтылды, бірақ тәнім бір сәтте өмірінен айырылу туралы ойдың өзінен сатқындықпен сілейіп тұруын жалғастыра берді.

Шешуші шайқастың қысымы күшейе берді. Кенет Сэнсэйдің иығы аздап селт етті. Виктор шүріппе басылғаннан кейінгі пружина секілді тұра атылды. Ол үрейленген айқайымен қылышты суырып, қынапты лақтыра салды. Қылышын қатты сілтеді де, оны өзінің қатал (мейірімсіз) «қарсыласына» қарай бағыттады. Қылышы ауаны ысқыра кесіп Сэнсэйге жақындай бастады. Осы кезде Сэнсэй өз қылышын суырып, тіпті аяқтарын да қозғамастан жартылай айнала, Виктордың қаруына күшті соққы жасап, оны бір сермегеннен-ақ қолынан жұлып түсірді. Сэнсэйдің қылышы кері айналып Виктордың басын жалап өтті. Жібектей көптеген шаштар күн сәулесіне шомылып лезде ауаға көтерілді. Ал Виктор болса әйнекке айналған көздерімен, баяу құмға тізерлеп отырып қалды. Үстіне қиылған көп шаштары түсті. Оның тас болып қатқан жүзіне қарап, мен оның тірі немесе өлі екендігін ақыры түсіне алмадым. Мұның барлығы тез болғаны соншалықты, егер мен сол кезде көзімді

жыпылықтатсам ешнәрсе көрмей қалатын едім. Сэнсэй мүлдем айналмағандай қайтадан теріс қарады. Бұл абсолютті тыныштықта сол баяғы құдіретті күшке толы оның қуатты даусы естілді:

— Енді саған ешнәрседен қорқудың қажеті жоқ, себебі сен... ӨЛДІҢ!

Менің омыртқамнан тоқ өткендей болды. Электр разряд ағыны спиральша құйымшағымнан төбеке дейін шымырлата өте шықты. Қызық, бірақ бастан кешкен хайуани қорқынышыма қарамастан, мен оған мүлдем кереғар сезімді — өмірдің толық тұтастығын айқын сезіндім! Өз тәнімнің қожайыны екенімді анық әрі нақты сезіне алдым. Ендігі мен тәніме, ал тән маған тиесілі болған жоқ. Және ол маған (тән) адал әрі дұрыс қызмет етті. Таңғаларлығы мен тек өзімдегіні сезініп қана емес, айналадағы барлық нәрседен өмірдің толықтығын, осы ғажайып шексіз циклды да сезіндім. Бір формадан екінші формаға үйлесімді ауысқан өмірді, осы таңғаларлық Тұтастық пен Үйлесімділікті! Мені қоршағанның барлығында біртүрлі ырғақтылық (размеренность) пен терең Даналықтың барын сезіндім. Айналаның барлығы өмір деміне толы болды: құм да, теңіз де, жағалаудағы қамыс та, ауа да. Барлығы бірегей Даналықтың үндестігімен дем алғандай!

Және неге екенін қайдам бірақ дәл осы сәтте мені таңғалдырған Николай Андреевичтің сабақ (өсімдік) туралы әңгімесі есіме түсті. Бірақ ол ендігі менде үмітсіздіктің сезімін тудырған жоқ. Оны кіршіксіз таза, еркін санамен қайта қараған кезде, мен сабақтың өлмегенін, ол тек бір формадан екінші формаға ауысып, өмір сүруін жалғастыра бергенін анық түсіндім. Осындай тамылжыған әлемнің сұлулығының мәні осы екен — айналадағының барлығын алып және толтырған ерекше үйлесімділік пен өмірдің толықтығы! Және осындай тұтастықты түсінгенімнен бойымда терең жарастық пен тыныштықтың ерекше сезімі орнады. Осы түсінігімде толық сіңісу үшін тіпті

бір сәтке көзімді де жұмдым. Бірақ ашқан кезімде, көріп тұрған картинада өзгерістердің болғаны анық еді.

Не болғанын мен бірден түсіне алмадым. Виктор бұрынғыша тас боп қатқан жүзі, төменге түскен қолдарымен шеңбердің ортасында тізерлеп отырды. Басындағы қиылып түскен шаштары біртіндеп құмға құлап жатты. Айтып жеткізе алмайтын таңғалыстарынан демдерін ішке тартып, көрермендер қатып қалғандай. Және осы кезде мен кенеттен балалардың арасында, шатырға кеткенге дейінгі сол баяғы өзінің орнында, бұрынғы жағалау киімімен отырған Сэнсәйді көрдім. Жүзінде, әлгіндегі балалардың талқысын тындау кезіндегі таныс құпия жымысы тұр. Неге екенін қайдам, бірақ оның арамызда осындай түрде болғанын және болған оқиғаны да, болу керек факты секілді мені еш таңқалдырған жоқ. Бірақ қалған көрермендер олай деп есептемеді.

Бір сәтте орын алған екі шынайлықтың үйлеспеуінен екені анық, балалардың шексіз таңғалыстары күшейе берді. Біресе өз көздеріне өздері сенбей, елес көргендей бейбіт отырған Сэнсәйге назарларын аударса, енді бірде құдды бір мәрмар мүсін секілді қатып қалған Викторға қарады. Қалғандары, қандай да бір кесуші затты есте салатынды іздеумен айналасына жалтақтады. Бірақ айналада ұқсайтын ешнәрсе болмады. Тек Виктордың асығыс лақтырған қылыш қынабының ізі ғана жатты. Бірақ осындай ізді салған заттың өзі сол жерде болмады. Балалардың кейбірі бұл түсініксіз шайқасқа тіпті біртүрлі жауап берді. Андрей асығыс басындағы шаштарын ұстап қарай бастады, тура ол жерден таба алмаймын деп үрейленгендей. Руслан қолдары мен алдындағы құмға қорқынышпен қарап тұр. Володя керісінше өзіне тән сабырлығымен еш нәрсе болмағандай Викторға қарады. Ал Виктордың өзі болса не өлі емес, не тірі емес күйде шеңбер ортасында мелшиіп отыруын жалғастыра берді. Оның жүзінде ешқандай эмоция көрінген жоқ, ал жанары тірі емеске қарағанда суық болды (баз кешкен, отрешенный взгляд). Мандайында қан, сызат та болмады. Тек оның атақты кекілі (зубчик) «ёжик» деп

айтпақшы түбінен дерлік кесілген және теп-тегіс болғаны соншалықты құдды бір өткір қылышпен шабылғандай. Құмда қиылған шаштар жатты. Көп ұзамай Виктордың өзі де қимылдай бастады. Тамағын баяу жұтып, Сэнсэйге «жанданған» көздерімен қарады.

Ұжым осындай біртүрлі шайқастан кейін түпкілікті өздеріне келген кезде басында жасқана, ал кейін болған жағдайды табанды талқылауды күшейте берді.

— Сен көрдің бе? — деп балалар Виктор жаққа тыныш бас изеп, бір-бірлерінен сұрай бастады.

— Қандай да бір ақау (глук) секілді.

— Ал қылыштар қайда?

— Сенде оларды көрдің бе?!

— Ал бұл не болды?

— Мүмкін гипноз шығар.

— Ал шаштар ше?

— Еш нәрсе түсініп тұрғаным жоқ.

Осындай эмоциональды сұрақтар шуылында мен олардың талқылауларының мәнін бірден түсіне алмадым. Оның үстіне балалар өз эмоцияларын көбірек сыртқа шығарған сайын, осы оқиға кезінде маған кенеттен келген ерекше жарастық пен тыныштықтың күйі де тезірек жоғала бастады. Және ақыр соңында өмір гармониясының осындай ерекше сезімі тек жадымда іздерін ғана қалдырып, толығымен жоғалды. Күнделікті қабылдау сезімім осы ерекше сәт туралы тек жылы естеліктерді ғана қалдырып өз орнына қайта жайғасты. Даналықтың өзі санамның жағасымен өтіп, жүрген ізін анық қалдырғандай сезім пайда болды. Дегенмен бірінің артынан бірі ағыс боп аққан балалардың таңғалыстары, әзілдері көрінісіндегі шуылы, тек болған оқиға туралы жақсы естеліктерді сақтап, санамнан сол іздерді жуып кеткендей. Дегенмен бойымның тереңінде, мені қол жетпес осы Даналыққа жақындататын, әрбір сәттің құндылығын ұғынуды, өмір үйлесімділігін түсіну болған ең бастыны сезінудің қалғаны қуантты.

Бірақ Сэнсэй ұжымның барлық сұрақтарына құпия жымыиысын сақтап, әдептілікпен үнсіз қалды, өзінің кеңесінсіз балалар барлығын өздері талқыласын дегені анық. Дейтұрғанмен «ұжымдық ақылдың» бұл жағдайды ой елігінен өткізуге қауқары жетпеді. Себебі бір жағынан: жалпылай әсер алулар, қиылған шаштар мен олардың құмға түскен іздері, жаңа ғана болғанның шын екендігін айғақтап тұрды. Ал басқа жағынан: ешнәрсе болмағандай өзінің жағалау киімініңде отырған Сэнсэй, ешқайда да кетпеген ұрыс қаруының болмауы — керісінше жағдайды айтты. Бұлардың барлығы куәгерлердің үлкен шатасуына әкелді. Және балалар өздерінің талдауына әрі қарай кірген сайын, біздің санамыздың шынайылығында орын алған бұл құпия оқиғаның ну орманы да соғұрлым қалың бола түсті. Ақыры осы болғанға аз емес алаңдаған Николай Андреевич бұл күрмелген түйінді шешуге кірісті.

Басында ол бұл «айқай-шу қазанына» тәртіп орнатты және әрқайсымызға көргендерін айтуға мүмкіндік берді. Нәтижесінде барлығы дерлік жалпылай сәттерге куә болған екен: Сэнсэй өзінің сұр түсті кенепті біртүрлі балахон-халатында, қынаптағы екі қылыш (в ножнах) және ұрыстың кейбір элементтерін, Виктордың Сэнсэйге қарсылас болғанын, сәйкесінше Виктордың кекілін ауаға ұшыра барлығын таңғалдырған оның финалы. Бірақ әрқайсысы Сэнсэй мен Виктор айтқан сөздерді өз нұсқаларында естіген. Руслан, Слава мен Андрейдің интерпретациясында тіпті голливуд атыс-шабыс киноларындағы толық бір диалог секілді естілді. Айтылғандардың барлығын ескере отырып Николай Андреевич барлығымыз көргеніміз шыныменде шынайы болған, бірақ біздер өзіміздің жетілмеуіміздің және эгоцентризміміздің кесірінен аз білетін шынайылықта болған деп тұжырым жасады. Ол біздерде қорқыныш қаншалықты көп болса, ол соғұрлым түпсана ассоциациясын шығарған (тудырған) деп санады. Сондықтан жалпылай оқиға картинасында, әркім тек өзіне ғана және басқа ешкімге тиесілі емес жеке индивидуалды әсерленуін бастан кешірген.



Осыны айтты да, Николай Андреевич жаңа ғана айтқан сөздеріне өзі де сенімді болмағандай Сэнсэйге сұрақ көздерімен қарады. Балалар да Сэнсэйге назарын жылдам өзгертті. Оның ішінде өзінің бастан кешкенін айтпай қойған, бірақ қалғандарын мұқият тыңдап отырған Виктор да бар. Және тек осы кезде ғана Сэнсэй сөзін айтты.

— Сіздердің сұрақтарыңызға үндінің поэты Агъей баяғыда-ақ жауап беріп қойған:

**«Мен көрдім: кенеттен  
Бір тамшы  
Теңіз көбігінен үзілген.  
Бір сәтке ол боялды  
Батар күннің отымен.  
Ал мен ұғындым:  
Шексіз Ғаламда  
Жарықпен жылыған шық тамшысы,  
Азат екенін  
Өлімнен».**

Болған оқиғадан кем емес осындай ғажапты тыңдап, барлығы үнсіз қалды.

— Сонымен, шындығында не болды? — деп Николай Андреевич тағы да қызыға сұрады.

— Бұл тек ұрыс өнерінің сан түрінің бірі ғана...

— Сан түрінің бірі?! Меніңше бұл нағыз шедевр!

— Солай деп айтуға да болады. Ол әркімнің ішкі әлеміне көзін ашатын және кімнің ішінде не барын және өзі туралы жасырын не ойлайтынын, қандай ойларға ұмтылатынын көрсететін айна іспетті болғандықтан да шедеврдің аты шедевр. Сол себепті сіздер әртүрлі көріп, естідіңіздер. Бірақ мәні біреу. — Және ненің неге екенін толығырақ түсінуге уақыт берместен, Сэнсэй орнынан сенімді тұрды да: — Жарайды балалар, ертеңгі күнге жиналатын уақытта болды, — деп нық айтты.

Үлкен балалар Сэнсәйдің артынан еріксіз көтерілді, ал біздің жас тобымыз болған жағдайды одан сұрауға әлі тырысып жатты. Бірақ осы біртүрлі шайқас туралы бірде-бір сұраққа жауап бермей, қолын сілтеді. Сэнсәйдің аузынан ендігі тек әзілдер ғана шықты және оны лезде Женька іліп әкетіп, тез шабылған Виктордың кекілін әзілмен мақтай кетті. Өз-өзіне келген Виктор тіпті болған оқиғаға біртүрлі мақтанышпен жауап берді.

Шатырға кетіп бара жатып, жақын жерде бұрынғыша жасыл сабақшаны айналдырып, ойға батып келе жатқан Николай Андреевичті көрдім. Мен қасына барып, өсімдікке меңзедім де айттым:

— Ал сіздің әлгінде ғана айтқаныңыз, біздерде осы өсімдік секілді туылғанымыздан өлеміз дегеніңіз тамаша болды.

Николай Андреевич тоқтады да, ерекше таңғалыспен қолындағы сабақшаға қарап, таңғала айтты:

— Мен?! Ондайды айтқан емеспін. Мен оны өзім тыңдадым!!!

Бір-бірімізге түсінбеген көздермен қарадық. Бірақ мен ұғынуға үлгермедім, себебі осы сәтте барлығынан алдыда келе жатқан Сэнсэй бұрылды да, Николай Андреевичті өзіне шақырып алды. Николай Андреевич мені толық түсінбеушілікте қалдырды. Дегенмен менің тұлғам балалардың әзілі мен ұжымның күлкісіне енген сайын, бұл жағдайым тез жоғала берді.

\* \* \*

Осындай ұмытылмас сәттерді сыйлаған ерекше осы мекенмен айырылысуды жанымыз қаламаса да, ертеңгі жолға дайындалу шыныменде қажет еді. Өзіміз мекен еткен, үлкен қалада қалған мәселелерімізді, басқа әлем туралы ұмытып, бұл жерге біртүрлі сіңісіп кеткендейміз... Сэнсэй өз көлігін ретке келтіріп оның тазалығымен айналысты. Өзінің еңбекқорлығын біздің барша ұжымға жұқтырды. Оған қарап Николай

Андреевичте өз «Волгасы» айналасында қарқынды жұмысын бастап кетті. Үлкен балаларда көлікті жуу процесіне ерікті көмекшілер болып, ерекше энтузиазммен қосылды. Тіпті осы уақытқа дейін еңбектенушілерге жалқаулана қарап отырған Андрей, Костя мен Славада, жалпыға ортақ «сенбілікке» қосылып, ескі «Запорожецтерін» «жылтыратуға» кірісті.

Көлік ішін жақсылап тазалауға тырысқан Костя, тазалық кезінде үнемі қандай да бір ұсақ заттарын жұлып ала берді. Костя ескі көліктің заттарына емес, құдды бір «бағалы антиквариатқа» шабуыл жасағандай, бұнысы Андрейдің шамына тиді (ашулы жағдайға жеткізді). Бірақ ол Костя әдейі емес, жақсылап жұмыс жасағаннан болды. Сол себепті Андрейдің бірнеше миңгерлегенінен кейін, ол «өз күнәларын» көрсетпеуге тырысты. Және ендігі бір нәрсе жұлынып қалса, жабыстыруға болатын барша заттармен, оның ішінде сағызда да бар, ескі орнына қоюға талпынды. Тек Андрей осы сәтте біліп қалып, біздің ұжымдағы «көлік жуушы» деген құрметті лауазымнан алып тастамасын.

Шаруа аяғына жақындаған кезде, балалардың бірі ұжым назарын теңіз көлтабанынан (лиман) арғы беттегі, алыстағы қарсы жағалау жақтан кенеттен пайда болған қара қалың бұлттарға назарын аударды. Жұмыстарымызды тастап, біздер жарты аспанда болайын деп жатқан табиғат құбылысына қарап тұрып қалдық. Бұлттар өте тез келе жатты. Олар губкадағы сабын көпіршігі секілді үлкейе-көбейген, көк аспанға жайылған көкшіл-қара біртұтас масса секілді көрінеді. Алыстан көрінген портты қала тұтас сұр түспен жабылғандай болды. Өзінің қорғасындай аса ауыр салмағымен басып тастайтындай үлкен найзағайлы бұлттың қасында, қала өте кішкентай болып көрінеді.

Біздің жаққа қарай келе жатқан орасан зор қара бұлтқа қарап, Женька әдеттегі әзіл үнімен:

— Сэнсэй, сен бүгін кездейсоқ шайыңның қалдығын аспанға шашып жіберген жоқсың ба? — деді.

Үлкен балалармен бірге Сэнсэй жай ғана күлімдеді.

— Жаңбыр жауатын секілді! — деп алыстағы қара түнекке қарап Стас түксіе күлкілі айтты.

— Шыныменде ме?! — деді Виктор әзіл үнімен.

— Жоқ, мен енді осылай болатынын білгенмін! — деп Андрей ылғал шүберегін шелекке лақтырып зар қақты.

— Осындай шопырлық ырым бар, — деп Николай Андреевич жуылған көліктер қатарына қарап күлді. — Егер көлікті жусаң — бұл жаңбырға!

Ұжым өзінің текке кеткен еңбегіне қынжыла қарады. Көліктер шыныменде су жаңа секілді жылтырап тұрды. Андрейдің тағы да іші қынжылды:

— Өмірімде бұл антиквариатты тазалауым осы еді... «Собарожецті» жууға неге тартты десем. Шанда өзімен-өзі тұрса болмас па еді, жаңбыр оны өзі-ақ жуа салатын.

— Дұрыс, — деп Костя да жалпақтаған даусымен қолдай кетті. Андрейден жасырын көліктің ішіндегі біршама затын сағызбен жабыстырғаны есіне түскені анық, — бұл ескі раритеттің еш жерін қозғаудың қажеті жоқ. Және негізінде «Запорожец» — бұл толығымен табиғаттың көлігі! Және ондағы барлық құрылғысы табиғи және нәзік. Сондықтан да ол барша табиғат секілді жуылады — жаңбыр астында. Ал маторы — көлікті қоршаған ландшафтқа байланысты қызады. Мінекей!

— Дұрыс! — деп жігіттің әзілін Володя қолдай кетті. — «Запорожец» табиғатынан — бұл әлемдегі ең гуманды көлік.

— Егер бұл жаяу жүргіншінің қарсы тұруға мүмкіндігі бар соқтығысқан жалғыз көлігі болса, — деп Виктор күле жауап берді.

«Тарихи раритетінің» ең болмағанда осындай артықшылығына риза болғаны анық, осы сөздерден кейін Андрей тіпті күлкіге еріп кетті.

— Ал жарайды, күлкі-күлкімен бірақ заттарды шатырға кіргізу керек, — деп Николай Андреевич бұлтқа қарап, шаруагер секілді айтты. — Әйтпесе қазір құйып кетеді!...

Біз оның сөздерін басшылық ретінде қабылдадық. Бірақ Сэнсэй Николай Андреевичке:

— Алаңдама, бізде жаңбыр болмайды, — деді сөз арасында.

— Қалай болмайды? — деп ол түсінбеді. — А-а-а...

Ол келе жатқан найзағайлы бұлтқа қарай меңзеді. Бірақ Сэнсэй оны ғана емес, қалғандарымызда да шатасқан күйде қалдырып, үзілген ісіне кірісіп, көліктерінің дөңгелектерін жуды. Николай Андреевич қайта сұрамай, тек найзағайлы бұлтқа мұқият қарады да өз «Волгасының» аяқ-астында тұратан резина кілемшелерін келе жатқан бұлтқа сескене қараумен тазалауға кірісті. Үлкен балаларда өз жұмыстарын жалғастырды. Тек Костя, Андрей және Слава түріндегі біздің «кіші құрам» ғана «Запорожец» өміріндегі ең таза күйінде көрінеді деп шешіп, жұмыстарын тез аяқтады. Және жолға дайындаламыз деген желеумен заттарының бір бөлігін көлікке, бір бөлігін шатырға тыққылады. Татьяна екеуміз келе жатқан қара бұлтқа әлсін-әлсін жалтақтап, азық-түлік шатырының ішіндегілерді жинаумен айналыстық.

Таңқаларлық, бірақ бірнеше уақыттан жаңбырға жұтылған қала мен біздің ортамызда тұрған көлтабанның (лиман) үлкен бөлігін алып жатқан қара бұлт, шыныменде бізге жетер жарты жолда тіреліп қалғандай болды. Көкшіл-қара бұлт белгілі бір көрінбейтін шегіне жеткен кезде, көзге көрінбес квадратты-жарты шеңберлі, тіке бұрышпен біртүрлі кері айнала бастады. Мен осындай табиғат құбылысын ешқашан көрмеппін. Және ең бастысы бізде жылы, шуақты, құрғақ, айнала тұнған тыныштық — тамаша идиллия болды. Ал бізден қол созым бірнеше километр жерде — түнек, балшық, салқын, күн күркіреу мен найзағай ойнап жатты. Табиғаттың көрінісі деп осыны айт!

Және маған бұл катаклизмдер ойларымызбен соншалықты ұқсас деген ой келді. Хайуани негізінді сәл бақыламасаң болғаны, оның арандатуына бой ұсынып, сенің назарыңды басып алғанын байқамай қаласың. Ал кейін кездейсоқ қара бұлттай

мәселелердің келгеніне таңқаласың, ашудың найзағайы жалт етеді, жеккөрушілік, қызғаныш, эгоизм күркіреп және сұр түсті мәселелердің толық сериясының жолағы басталады. Басымызға аяқ-астынан кенет туындаған мәселелер біздерге күтпеген кездейсоқтық секілді көрінеді. Ал шын мәнінде — олардың пайда болуы, ойлауымыздың «көкжиегінде» қалыптасуының шын себепкері өзіміз. Өміріміздегі болып жатқан оқиғалардың барлығы — бақылаусыз ойлаудың заңды нәтижесі. Ал дұрысы ойларымызды өміріміздегі ең басты әрі маңызды мамандық секілді бақылап, қадағалаған дұрыс-ау. Және осының арқасында ақыр соңында Рух (Жан) тәннің ішінде тамаша ғибадатхана салып, Ұлы Шебер деген өзінің құрметті орнына жайғасады. Сэнсэй жасағандай іс қылу ең дұрысы емес пе: әрқашан ішінде ашық, ой теңізінде тұнған тыныштық орнаған, күмәннің ешбір желі еспеген және таза ниетіңнің көкжиегіне Ұлы Жаратушының бір бөлшегі болған — Рухтың өзі жарық беретін, таза ауа райында ұстау...

\* \* \*

Жалпы жиналуымыз аяқталып, қажеттінің барлығын жинақтап, тек ертеңге шатырлар мен ұсақ-түйектіні қалдырған кезде, балалардың бірі бізден алыс емес жерде, алып кенебінде бірін-бірі тез ауыстыра күрделі картиналарды салған, керемет табиғат көрінісін тамашалауға ұсыныс тастады. Ашық аспанда толық бір «кинозалды» жасау үшін, Костя тіпті жинаған заттарын қайта ашып, жиналмалы орындықтарды да алуды ұсынды. Жағалау жолының екінші бетіне өтіп, адам аяғы баспаған көлтабанның жағасына жартылай шеңбер құра отырып, табиғаттың өзі режиссёр болып жасаған, қайталанбас сюжетке таңдай қағып, үлкен аспан экранына қарай бастадық.

— Ой, қараңдар, нағыз аққулар жүзіп жүр! — деп Татьяна қолын шошайтты. — Міне, көріп тұрмысыңдар?!

— Ага! — деп таңданыстың толқынын Костя да іліп әкетті.

— Ана бір жаққа қараңыздар, — деп қара бұлт үйірілген «бұрышқа» Андрей қолымен нұсқады. — Біртүрлі жиіркенішті кескін, ашкөз секілді. Міне ілмекті мұрыны, қисық жымыған аузы, арам көздері, тыңдаушы құлақтары...

— Дәл! — деп Андрейдің «фокусын» іліп алғаны анық Славада басын изеді.

— Ал ана жерде арыстан пайда болайын деп жатыр, — деп Юра ұжымның назарын аударды.

— Қай жерде? Қай жерде?

— Әнекей, «Ашкөздің» сол жағында.

Және шыныменде дәл арыстан екен, тіпті біршама тірі деп айтуға болады. Ауа массасы елесті қозғалғаны соншалықты, басында біздің арыстан тұрды, ал кейін жүрді. Содан соң кеудесін тәкаппарлана ілгері көтеріп жатты. Ал одан алыс емес жерде көлдің панорамасы тез арада найзамен қаруланған ежелгі әскерге айнала бастады. Ұрыс алаңында толық бір драма ойналып жатты. Өмірдегі секілді жаңа ғана қатарда тұрған жаужүрек жауынгерлер лезде бірінің үстіне бірі құлаған тәндердің арасында сапырылысты. Бұл кейін тез өзгеріспен болып жатқан оқиғалардың картинасына еріп кетті. Сюжет жағымсыз естелік пен философиялық сұрақ тудырды: бұл шыныменде әскери ұрыс болды ма, әлде уақытқа, осындай қарқынды өзгеретін картиналарды тудырған табиғаттың кезекті иллюзиясы ма? Және егерде бұл жай иллюзия болса, ендеше осы аспан жауынгерлері туралы естеліктер неліктен осы сәт оқиғасының куәгерлері — келесі ұрпақ үшін өз сағатында осындай иллюзияға айналатын, біздердің жадымызда өмір сүруін жалғастыруда?

Осылай табиғат картинасынан көз үзбей бір сағаттай отырдық. Ол жерде нені көрмедік десеңші: адамдарды, жануарларды, толық бір пейзаждарды, ауылдарды, ұлы камалдарды және көптеген түрлі заттарды, сюжеттерді. Бәлкім,

біздің әрқайсымыздың қиялымыз оны өзіміз көріп қана қоймай, оған басқалардың назарын аудару үшін де жеткілікті болған секілді. Адами интерпретацияның құбылмалығымен үйлесім тапқан бұл табиғат шоуының соңы болмайтындай көрінді. Дегенмен бірнеше уақыт өткен соң біздердің үнемі аспанға қараудан мойынымыз ауырып кетті. Адами материя ең қолайсыз сәтте оталмайды деп біздің Женька қалайша дәл айтқан. Барлығы бұйрық берілгендей мойындарының бұлшық еттерін қыздыруда (сипаумен). Бұл процедура кезінде Николай Андреевич байқампаздықпен айтты:

— Қызықты көрнекі иллюзия. Тура адамзаттың өмір сүру иллюзиясы. Өздерінің барша құрылыс салуларымен қаншама адамдар өмір сүрді, бірақ уақыт өте барлығы ғайыпқа жоғалады...

Осындай сөздерді естіп, оған біртүрлі абайлай қарадым. Мүмкін бұл өз ойларыммен сәйкес болғандықтан ба немесе әлгінде ғана маған түсініксіз себептен сабақша туралы Сэнсәйдің әңгімесін Николай Андреевич айтты деп қабылдағанды еске түсіргенімнен шығар. Татьянаға жақын отырып, одан тыныш даусыммен сұрадым:

— Бұл сөздерді қазір кім айтып жатыр? Николай Андреевич?

Сөздеріме құрбым таңғала ұзын кірпіктерін жыпылықтатты.

— Иә.

Оның түсінбеген көзқарасына қарап, осындай сұрағымның себебін түсіндіргім келіп еді, бірақ Стас аспанға көрсетіп айқайлап жіберді:

— О, қараңдар, бұл деген тұтас Әлем тауы (Мировая гора) емес пе!

Біздер тағы да назарымызды аспанға аудардық. Бұлттардан шыңы қармен төмкерілген үлкен таудың бейнесі көрінеді.



— Жоға, Әлемдік тауға жетпейді, — деді Сэнсэй күлкімен.  
— Әлемдік тау тек адами аңыздарда ғана осылай бейнеленетін шығар.

Ұжымның бір бөлігі Сэнсэйге қызығушылықпен қараса, басқа бөлігі барынша аспан бейнесінен «Әлем тауының» белгілерін көруге тырысып жатты.

— Ал «Әлем тауы» деген не? — деп Слава Сэнсэйден сұрады.

— Иә, түрлі халықтардың фольклорында жиі кездесетін біршама танымал түсінік, — деп біздің таңғалысымызға орай Сэнсэй түсіндіре бастады. — Әлемдік тау туралы түсінік немесе оны тағы да «ғарыштық тау» деп атайды, тамыры өте ежелгі замандарға кетеді. Аңызға сәйкес Әлемдік тау адам аяғы баспаған (ешкім бара алмайтын), әлем ортасында орналасқан, дұрысы Әлемдік өс өтетін — *axis mundi* — дүние өсі (ось мироздания). Оған барлық әлемдер тізбектелген, оның ішінде қиылыспайтын және бір кеңістікте орналасқандары да бар. Әлем тауында ғаламдық құрылыстың барша элементтері мен параметрлері бейнеленген (бар) деп есептеледі. Жеткен аңыздарда ол жерде мәңгілік өмір сүруші құдайлар жиналады және оларға Ғаламда болып жатқанның барлығы ашылады деп айтылған.

— Ол жерде мәңгі өмір сүруші құдайлар жиналады, — деп Сэнсэйдің артынан Костя, бұлттарға біртіндеп сіңісіп бара жатқан «Әлем тауына» өзінің таңғалған назарын салып, армандай қайталады.

Сэнсэй иығын көтеріп:

— Енді кейбір мағынасында құдайлар... Аңыздарда барша Ғаламдағы Кемеңгерлер, енді жалпылай айтқанда Білімге ие және рухани жетілуінде белгілі бір сатыға жеткен рухани болмыстар. Тірі кезінде-ақ өз тәнін медитация күйінде тастап шыққан және Әлем тауына барған, сол жерде басқа да әлемнің рухани жетілген өкілдерімен сөйлесіп, тәжірибиесімен бөліскен біздің Имхотеп, Буддалар секілді. Және бұл жерде тәндегі мәңгі

өмір сүру (өлмейтін) мағынасында емес, ол жерде болатын рухани болмыс ретінде мәңгілік (өлмейтін) өмір сүруші мағынасында.

— Ал керек болса, демек ол тау тек тандаулылар үшін! — деп Костя таңғала өз тұжырымын жасады.

— Енді тағы да, «тандаулылар» үшін деген не? — деп Сэнсэй қарсылық білдірді. — Әрбір адам егер ол өмір сүрсе (тірі болса) тандаулы деген сөз. Бірақ кез келген адам Руханият жолына өмірлік тандауын жасай бермейді. Ол жолмен Жаратушы бағытына жүруін айтпағынның өзінде. Дегенмен барлығы адамның қолында! Әр адам егер сондай деңгейдегі рухани жетілуді қаласа осындай жоғары қауымдастыққа қатысу мүмкіндігіне ие бола алады.

Костяның сұрақтарына Сэнсэйдің жауап бергенін әрең күтіп отырғаны анық, Стас шыдамсыздана сұрады:

— Демек, Әлемдік тау аспандағы тауға еш ұқсамайды ма? — деп сүйірлі, басындағы еріген қарлы шыңы бейнеленген, жоғалып жатқан бейнеге қарап басын изеді.

— Ой, ол жерде қайдағы тау, — деп Сэнсэй темекісін тұтатып, қолын жеңіл сілтеді, — төбесінде үлкен алаңы бар, жай ғана тақыр дөң. Дұрысы тап-тақыр емес. Ол біздің әлемнен емес өзінше бір кара-жасыл мүкке ұқсас кішкене ұсақ шөппен көмкерілген. Ең қызықтысы, ол жерде атмосфера болғанымен желдің жоқ болуында. Ол жақтағы «ауа» деп аталатын, еш қозғалыссыз тұрады...

— Демек, Әлемдік тау шыныменде бар болғаны ма?! — деп Андрей осының алдында Сэнсэйдің Стасқа айтқан жауабын жақсырақ есту үшін демін ішке тарта, сенімсіз айтты.

Бұл сөздерін Сэнсэй солай болуы керектей айта салды:

— Әлемдік тау Ғаламда, бір мезгілде осы дүниенің қабаттарының қиылысында орналасқан. Бірақ оның материалды болуы (орны) қоныстанған Ғалам әлемдерінің ешбірінде де жоқ. Бірақ сонымен бірге ол барша әлемдерді

өзіне қабыстырады. Ол абсолютті шын, оны тіпті сезінуге де болады (даже на ощупь)...

— Ол қалайша сезіледі, егер оның материалды орны әлемдердің ешбірінде болмаса? — деп Андрей түсінбей сұрады.

Сэнсэй балаға мұқият қарады да, ал кейін жайдары үнімен:

— Жарайды, ұмыта салыңыздар, — деді.

— Жоқ, ұмыта сал дегені несі?! — деп шошынды Андрей.  
— Қалай сонда... Неліктен?..

— Ал қандай аңыздарда Әлем тауы туралы естіліктер сақталған? — деп суға батқан тал қармайды демекші, өзінің сұрағына жармасып біздің философ досына көмекке келді. — Және олар қаншалықты ежелгі?

Осы сөздерінде Костя білген, бірақ ұмытқандай ешқандай да есіне түсіре алмаған аландаған күйге енді. Дегенмен мен Костяда біздің жас тобымыздың үлкен бөлігі секілді бұл тау туралы өмірлерінде бірінші рет естіп тұрғанына сенімді едім.

— О, олар біршама көп, — деп Сэнсэй жымия сөзін соза айтты. — Және бұл естеліктер әртүрлі түрде сақталған: жоғары палеолит заманындағы жартас суреттерінен бастап әлемнің түрлі халықтарының көптеген ауызша және жазбаша аңыздарына дейін.

— Бұл халықтар аңыздарын есту қызықты болар еді, — деп тақырыпқа қызығушылық танытқан Николай Андреевич ұтымды сөйледі.

— Иә, мархабат, — деді Сэнсэй жайдары. — Әлемдік тау туралы өте ежелгі замандардан бері барша Шығыс және Орталық Азияда көптеген естеліктер мен аңыздар сақталған. Ол жерде оны ұлы Меру тауы деп атайды және қол жетпес жерде орналасқан әлемнің орталығы деп санайды. Анағұрлым кейінгі естеліктерде бұл тау туралы алғашқы аңыздарды өз бетімен трактовка жасаудың кесірінен, «түсіндірушілер» бірісі оны Полярлық жұлдыздың астына, жердің қақ ортасына орналастырып және оны әлемдік мұхиттармен қоршаса,

басқалары оны адам аяғы баспаған Гималай тауларына қойып, Шамбаламен байланыстырған...

— Немене оны Шамбаламен де байланыстырғаны ма? — деп таңғалды Володя.

Сэнсэй күлді.

— Олай болмағанда. Шамбала туралы естеліктермен қабыса байланысқан Әлемдік тау туралы аңыздар біршама көп. Бірақ бұл түсінікті де. «Әйтеуір бір жердегі» Шамбала, ғарыштық Меру тауы туралы да жарытып ештеңе білмейтін адамдар үшін бұл түсініктердің барлығы бірігетіні түсінікті. Дегенмен олардың арасындағы айырмашылық өте үлкен. Шамбала Жаратушының мәңгілік әлемі мен ақиқатында өткінші болған материалды Ғалам арасында. Ол Бодхисатовалар мекені. Ал Әлемдік тау материалды Ғалам әлемдерінің ортасында орналасқан. Және оны кемеңгер болмыстардың жері, біздердің әулие (рухани жетілген) адамдар секілді немесе ежелгі адамдар — жартылай құдайлар, яғни жоғарғы рухани деңгейге жеткендер деп атаған. Сондықтан осы тау туралы ежелгі естеліктерде нағыз адами бақыт пен мәңгілік өмірге ие болумен байланыстырған.

Ежелгі Үнді мифологиясында Мерумен байланысты аңыздардың толық бір тізімі бар. Осы ежелгі естеліктерге сәйкес, айналасында жұлдыздар, планеталар, көптеген күндер айналатын осы Ғаламның ортасында орналасқан Әлемдік тауда, Брахма, Вишну, Шива және басқада ұлы құдайлар орналасқан. Және де ол жақта араласатын (сөйлесетін) отыз үш құдай туралы да айтылған. Олардың қызметі туралы да айтылады. Мысалға, бұл тауда Вишну басқа құдайларға мәңгілік өмір сүргізетін Амриту сусынын әзірлеуге кеңесін береді.

— Амрита, сондай әдемі естіледі, — деді Татьяна. — Ал бұл кездейсоқ әйел есімімен байланысы жоқ па?

— Жоқ. Ол «өлмейтін» (өлімсіз, ажалсыз) дегенді білдіретін «amṛta» сөзінен пайда болған. Бұл олимпияда құдайларының мәңгілік өмір сүруі мен олардың мәңгілік жастық шағын қолдап тұрған «Амброзия» шырыны туралы ежелгі грек

аңызымен туыстас. Амрита, сол Амброзия және ведалық шырын Сóмы да бір. «Ригведа да» ол экстатикалық күйді шақыратын және өлмейтін, тылсым күш беретін құдайлардың сусыны ретінде көрсетілген.

Ежелгі үнділік само діни практикасында шырынды дайындау ерекше ритуалды болған. «Авестада» бұл шырынды Хаома деп атаған, ғұрпы (культ) ежелгі ирандық периодтан бастау алған. Оны сарматтар мен скифтерде қастерлеген. Бұл шырынды сонымен бірге «өлімді болдырмайтын» (отвращающий смерть) деп те атаған. Ол тек кеңістік пен уақытты қабылдауды өзгертіп қоймай, орасан зор күш, жарықтану (просветление) мен білімді де берген. Және ежелгі ирандықтар ол рухқа баратын жолды ең жақсы дайындаушы деп санаған. Бірақ негізінде бұл мәңгілік өмір (өлмейтін) шырыны әрқашанда «лотос шырыны» деп аталған. Барлық дерлік естелік аңыздарда бұл қасиетті шырын, аспандағы ерекше өсімдіктің шырыны, жермен байланысты, тамаша және дұрыс жасалған, ақсары тіпті алтын түсті деп сипатталады.

— Сонда шыныменде мәңгілік өмір сусыны бар болғаны ма? — деп осындай ақпараттан тіпті көздері жылтырып, Костя таңқалды.

— Иә. Бірақ адамдар әдетте елестететін осындай түрде емес. Мен сіздерге орта ғасырдағы тамплиерлер Орденінің ішкі шеңберіндегі құпия ритуалдың бір бөлігін сипаттаған біршама қызықты мысалды келтіре аламын. Бұл мәтіннің авторы Эввар Храмының рыцары. Ол жеке жазбасында бұл оқиғадан алған өз әсерлері туралы қалдырған.

«...Ұлы рәсімнің соңында, ерекше рухымның көтерілуінде болып, маған айтқандарды шын жүрегіммен көруді қаладым... Және бұл маған ашылды. Айналаның барлығы жоғалғандай, тек ғажайып сәуле жолды жарықтандырып, мені ең биік аспанның шыңына жетелегендей болды. Қандай да бір құдайы әрі сөнбейтін тылсым, мені өзіне тартқан Нұрдың жарық ағынына жақындатты. Мен одан қандай да бір Жоғары және Түсіндіре

алмайтынның болғанын сезіндім. Шаттанған толқыныспен мен көз шағылыстырар Нұрға кірдім. Және сол жерде, нұрланған көздеріммен, жарқыраған нұрға оранған, айтып жеткізе алмас ғажап Бикештің жүзін көрдім. Мен Софияның өзін көрдім! Бұл құдайы бейнені ешқандай адами сөздермен сипаттап беру мүмкін емес.

Ұлы құпия айналаның барлығын қоршады. Құдайы болмыстағы София маған жақындады. Одан басқа әлемнің ерекше ғажап хош иісі аңқып тұрды. Қолына алғашқы жарқырауындағы құдайы тазалықта, көптеген гүл жапырақтарын ашқан, мәңгілік махаббат түріндегі, алтын тостағанды ұстап тұрды. Тостағанда (чаша) алтын түсті сусын жарқырайды. Басыма қолын жұмсақ қойып, ғажайып (сұлу, тамаша) София екінші қолымен тостағанды ерніме әкеліп, алтын түсті сусынды ішкізе бастады. Қасиетті ләззат шырын тұла бойыма құйылды. Мен тостағандағы бұл жарқыраған құдайы сұйықтық маған құйылғанын көрдім, бірақ аузымда болмағандай дәмін сезіне алмадым. Дегенмен тәнімді құдды бос ыдыстай шайған, тылсым жылудың бойыма құйылғанын анық сезіндім: басында қолдарыма, кейін кеудеме, ішіме, аяғыма. Ал кейін қарқынды сөнбейтін жарық ағысымен аяғымнан басыма дейін болмысымды толтырып, жүрегімде шексіз бақыт пен рахатты (ләззатты) оятты. Бұл ғажайып сұйықтықтың соңғы тамшылары тәніме аққан кезде, София маған өзінің толық құдайы Махаббатқа толған, жұмсақ назарын салды. Және бойымда бір нәрсе болғандай, санам оянып бойымнан белгісіз күдіретті күштің ашылғанын сезіндім. Кенет маған басқа дүниенің есігі ашылғандай, Мәңгілік (Өлмейтіндік) туралы түсінік пайда болды. Және маған Даналық ашылды...

Менімен бірге рәсімімде болғандар басқа бір тылсымды көріпті. Кейінірек басқалардың осы рәсіміне қатысқан кезде, өзінің өзгермес реттілігімен, бірақ ендігі басқалармен жасалған бұл құдайы ғажайыптың мен бірнеше рет куәгері болдым. Ол былай болды. Рәсімдегі басты адамды қоршап, барлығы оған

дұға жасаған кезде, кенеттен қатысушыларға жарық нұр шашылды (сәуле таратты). Және сәуле нұры рәсімнен өтушіден (басты адам) шықты, ол құдды бір екпінмен жарқ етіп, барша жағынан күйдірмес жалынмен қоршалғандай. Біздер қасиетті дұғаға одан әрмен терең үңілдік. Және бұл сәуле нұры соншалықты тығыз болып, арасынан бір нәрсені көру мүмкін болмады. Біздер күшейе берген ішкі күшпен дұға оқуымызды жалғастыра бердік. Біртіндеп сәуле өзгерді, ол ерекше жұмсақ әрі тұныққа (мөлдір) айнала бастады. Және ол арқылы құдайы Рәсімнің (Таинства) жасырылғанының кішкене бөлігін — алғашқы дүние мұхитына енгендей, Сәбидің жүзін көру берілді. Осы қысқа қасиетті рәсімнен кейін, Сәуле күшейіп қоюланды да, ал кейін қайта жанып (сәуле шашып, нұрланып), біздің назарымызға рәсімдегі басты адамның әдеттегі жүзін көрсете сөйледі».

Сэнсэй үзіліс жасады да, кейін жалғастырды:

— Бірақ ең қызықтысы осындай ұқсас рәсімдерден тек тамплиерлер ғана емес, басқа да жауынгерлер — Гелиарлар да өткен. Өзінің ішкі шеңберіне кіруі кезінде, рәсімнен өтіп, олар да сол көріністі (бейнені) — лотос формасындағы алтын тостағанмен өздерін күшпен толтырған Бикешті (Дева) көрген.

— Гелиарлар? — деп Андрей қайталай сұрады.

Дегенмен Сэнсэй жауап беріп үлгерместен, Костя Андрейден инициативаны жұлып алып, өзінің сұрағын қойды:

— Ал бұл қасиетті (құдайы) София дегеніміз кім?

— Sophia грек тілінен аударғанда «даналық», «білім» дегенді білдіреді. Ал тамплиерлерде София тек Даналықтың ғана емес, Грааль ретіндегі Мария Магдалинаның қасиетті бейнесі болды.

— Грааль ретінде Мария Магдалина? — деп Виктор үлкен балалармен бірге таңқалды.

— Бұл туралы сіздерге сәл кейін айтып беремін.

Таңғалысы аз емес болған Николай Андреевичте өз кезегінде сұрады:

— Ал тамплиерлер католиктер секілді латынды емес, православ христиандары секілді грек терминологиясын қолданғаны ма?

— Иә, — деп жауап берді Сэнсэй. — Тіпті Орденнің мөрінде, бір тұлпарда (жылқыда) екі салт атты отырған олардың символикасында, Иса есімі латынша емес, грекше жазылған.

— Қызықты, қызықты, — деп бұл сұраққа Николай Андреевич қызығушылық танытты.

— Бұл жерде қызықты ешнәрсе жоқ, — деді Сэнсэй. — Мен сізге бұл Орден қалай және не үшін құрылғанын (ұйымдастырылғанын) айтқан кезде, сіз дәрігер барлығын түсінесіз. Бірақ барлығы ретімен болсын... Сонымен осы «ғарыштық тауға» байланысты айтқым келгені. Ол туралы білім өз заманында Сиддхарта Гаутаманың да қолына түскен.

— Аңыз мағынасында ма? — деп Стас нақтылады.

— Жоқ, білім ұғымында. Және нәтижесінде Будда Әлемдік тауда болады. Осы білімді білген Будданың және оның кейбір ізбасарларының арқасында, Меру тауы туралы ақпарат барша Шығысқа жайылады. Айтпақшы индуистер секілді буддашыларда бұл тауды екі дінге де қасиетті саналған — лотос гүлінің гүл-аналығы түрінде сипаттаған. Және бұл бейне таудың өзімен емес, Меруге бару дайындығындағы динамикалық медитацияның негізгі элементтерімен байланысты.

Тіпті біздің славяндық «пұтқа табынушылықты» (язычество) алып қарайық. Өйткені ол жерде Әлемдік тау туралы білімдер мен практикалар, басқа халықтардың дін басшыларымен осы білімдерді «тартып алуынан» (прихватизация) айырмашылығы, қарапайым адамдар үшін қол жетімді болды. Славян территорияларында ұзақ уақыт бойы Әлемдік тау бейнесінің формасына ұқсас қасиетті дөңесте, ғарыштық тауға «ұшудың» ежелгі сиқырлы рәсімдері орындалып отырған. Айта кету керек ертеректе ұлы мерекелер адамдардың көңілін көтеру үшін жасалмаған. Ғасырлар бойы олар белгілі бір ғарыштық циклдармен сәйкес келген күндері



жасалған. Және оларды тойлауды қазіргі кездегідей таң уақытынан емес, алғашқы жұлдыздың көрінген кешкі уақытынан бастаған.

Уақыт өте «ескі діндер» (язычество, пұтқа табынушылық) славян халықтары арасында от пен қылыш арқылы жойылып, христиан діні еріксіз таңылған кезде, «ескі діндер (язычество) рәсімдерін өткізушілер (қызметшілер) қатты қудалауға ұшырайды. Олар «жындардың ұрпағы», «шайтанның қызметшілері» деп жарияланып, ал «ескі діндердің» (язычество) ежелгі әдет-ғұрыптары — адамға дұшпан «ібіліс күштері», перінің ойнағы (шабаш), гульбищтер делінеді. Және жалпы алғанда бақсылардың көбісінің физикалық құртылуымен, Әлемдік тау туралы білімдер жоғалады, ал қалғаны адам танымастай кері (жаман) бағытқа қатты бұрмаланған. Мерекелердің атауларын өзгертеді. Дегенмен мерекелер атауын өзгертумен, белгілі бір ғарыштық циклдің өтуі әрине өзгерген жоқ және бұл қасиетті орындарға (жерлерге) да қатысты. Сонымен ескі діндердің (язычество) бас құдайларының бұрынғы ғибадатханалары орнына христиандық ғибадатханалар салына бастайды. Бірақ бұл ендігі басқа тарих деп айтпақшы.

Ғаламның ортасындағы Әлемдік тау туралы осындай ұқсас бейне алтай халықтарына да белгілі болған. Тек олар оны Алтын-ту деп атаған. Олардың түсінігінде таудың табаны (асты, түбі) аспанға бекітілген (яғни ең енді бөлігі аспанда, ал ең еңсіз жері төменге қараған) және шыңы жерден «адам тізесіне дейінгі ұзындыққа тен» (голень) ара қашықтықта ілулі болған. Және Әлемдік тау туралы оларда, қалмақтарға және басқа да көптеген Орталық Азия халықтарына белгілі болған, жұлдыздар қоршап айналатын Сумеру тауы деген басқа есімдері де таралған. Алтай халқының аңызына сәйкес, ол жерде 33 тэнгри, яғни 33 құдай болған.

Қытайлықтарда Әлемдік тауды Куньлунь деп ұлықтайды. Өздерінің сенімдері бойынша ол арқылы дүниенің (әлемнің) жоғарғы сфераларына еруге болады. Оны «жұмаққа» ұқсас деп


санаған. Көне шығармалардың бірінде осындай жазба бар: «Кім Куньлуннан екі есе биіктікке көтерілсе, Салқын самал жел тауына жетсе, мәңгілік өмірге (өлмейтін) ие болады; кім одан әрі екі есе көтерілсе, Аспалы (Висячей) алаңға жетсе, жел мен жаңбырды басқаруды үйреніп ғажайып мүмкіндіктерге қол жеткізеді; кім одан әрі екі есе көтерілсе, аспанға, жоғары әміршілер мекені Тай-ди-ға жетсе, рухқа (жанға) айналады». Білмейтіндер үшін — бұл әдемі ертегі, білушілер үшін — жай ғана тұспал.

Айтпақшы Әлемдік таудың жұмакпен ұқсатылуы (ассоциалануы), Інжілде де айтылады. Мәтінде Әлемдік тау туралы білімдердің жаңғырығына нұсқайтын шашырыңқы дәлелдерді табуға болады: яғни ол Ғаламның ортасында орналасқан, оған Құдай түседі, ол жерде жұмаққа ұқсас бар, тау өзендермен қоршалған, бұл алғашқы мұхиттың символы. Сонымен бірге ол жерге тек «қолы бүлдірмеген, жүрегі таза» тақуа адам ғана көтеріле алады. Оны Сион тауыменде, тіпті аңыз бойынша Нұх кемесін тоқтатқан Арарат тауыменде ұқсастырады (ассоциалайды).

Мұсылмандардың мәтіндерінде Әлемдік тау қызықты айтылады, әрине біршама жасырылған түрінде (закамуфлированном), бірақ сонда да. Біріншіден ислам аңыздарында Алла Тағала, мекендейтін әлемді сақиналы қоршаған, Ғаламды берік тіреп тұрған алып Каф тауын жаратқаны айтылады. Жаратушы осы таудың артында көлемі жағынан жеті есе үлкен періштелер мекендейтін жерді жаратып, тіпті тығыздығынан араларына ине де кіре алмайды. Екіншіден, егер Мұхаммедтің Миғражын (Мирадж Мухаммеда) мұқият оқитын болсақ...

— Не туралы? — деп түсінбеген Андрей қайталай сұрағын қойды.

— Миғраж (Мирадж) — арабшадан аударғанда «көтерілу» (вознесение), «саты» (лестница) мағынасын береді, ал бұл мәтінде Мұхаммед пайғамбардың аспанға көтерілуі айтылған.



«Әлем халықтарының шығармаларындағы әлемдік тау»  
Анастасия Новых суреті

Мұсылмандардың тіпті діни жылының («Раджаб-байрам») басты есте қалатын даталарының бірі, Мұхаммед сапарының (пайғамбардың Бурак атты ақ пыраққа мініп Меккеден Иерусалимге көтерілуі, ал ол жерден Жәбірейіл періштенің арқасында Алла Тағаламен сөйлесу үшін аспанға көтеріледі) құрметіне аталған. Бұл мұсылман ай күнтізбесінің жетінші айында тойланады. Сонымен Құрандық мәтіндерде Мұхаммедтің Жәбірейіл періштемен «түнгі сапарларының» (17:1; см. Ибра) бірі туралы естеліктер қалған.

— Бұл Інжілде (Библия) архангел Гавриил деп аталатын ба? — деп Виктор нақтылады.

— Иә, — деп Сэнсэй жауап берді де, сөзін қосты: — Айтпақшы Құранда да Жәбірейілді Қасиетті Рух (Святым Духом) деп атайды (Рух ал-Кудс). Енді осы көтерілуінде Мұхаммед тек Иерусалимде ғана емес, Жәбірейіл ұсынған сәулелі сатының арқасында аспандардың аспанына көтеріліп, Алланың алдына барады. Ал кейін Жәбірейілдің көмегімен Джанна деп аталатын жұмаққа кіреді. Ол араб тілінен тікелей аударғанда «бақ» (сад) дегенді білдіреді. Құранда бұл жер «биік» (биік, дөң, асқар, возвышенное) (83:18), «әлем мекені» (6:127), «қайтар жер» (место пребывания) (40:42) және тағы басқа да атаулармен аталады. Аңызда жұмақтың бұл есімдерінің барлығы оның аспан сферасындағы орналасқан түрлі бөліктерімен байланысты делінеді. Тіпті сананың белгілі бір экстатикалық күйін көрсететін (шағылыстыратын, айнасы), түрлі сезімдік және табиғи сипаттамаларға толы Құрандағы Джанна-ны бейнелеуде, әртүрлі шифрланған білімдер туралы естеліктер бар. Мысалға, «тікенегінен айырылған лотос» (лотос, лишённый шипов), тақуалардың бірегей жасы — 33 жыл және бұл білімдердің символикасы мен нәзік тұстарының мағынасын білетін адамға бағдар болатын басқа да сәттері айтылған. Айтпақшы, Құраннан кейінгі әдебиеттерде Джанна,

Құранда айтылған (53:13-18) «шекті Лотоспен» тәжделген көп қабатты пирамида ретінде сипатталады. Демек, бұл да жай емес.

— «Шекті Лотос»?! — деп таңқалған біздер хормен сұрағандай болдық.

Ал Николай Андреевич біздерден айырмашылығы, салмақты сұрады:

— Шынымды айтсам Құранды әлі оқығаным жоқ. Ал ол жерде «шекті Лотос» туралы нақты не айтылған?

— Ал 53:13-18 дегеніміз не? — деп өз кезегінде Андрей абдырай сұрады.

— Бұл 53 сүре, яғни Құранның тарауы, 13-тен 18-ші аяттары дегенді білдіреді, — деп Сэнсэй түсіндірді. — Айтпақшы, 53 сүре «Жұлдыз» (Звезда) деп аталады. Араб тілінде әрине ол біршама мәнерлі естіледі...

Женька әйтеуір әзілмен жауап қайтарды:

— Э жоқ, Сэнсэй, сен бізге дұрысы орысша айтып бер, айтпесе біздер арабша үйреніп, түсінеміз дегенше, неге оқығанымызды ұмытып, кәріліктің склерозы басталып кетеді.

Балалар көңілді күлді, ал Сэнсэй сөз арасында байқампаздықпен айтты:

— Негізінде Құранды түпнұсқасында оқу керек. Қанша дегенмен кез келген аударма оның алғашқы мәтінін бәрібір де өзгертіп жібереді. Бірақ осындай шарасыз жағдай болса не амал, — Сэнсэй осы сөздерінде Женькаға жымия қарады, — ендеше тыңдаңыздар. Орыс тіліне аудармасында жобамен осылай естіледі. Осы тараудың басында пайғамбардың аспанға көтерілгені, өзіне Уаһи (Откровение) ашылғаны, Алла елшісінің айтқан әңгімесі ақиқат әрі шындық екендігіне сенімділік туралы баяндалады. Ал әрі қарай Жебірейіл періште Мұхаммедті көкке көтергені айтылады.

«...Және оны үйретті Ол

Шексіз күшке ие

Барлық әсемдігімен пайда болған

Көкжиектің ең биік нүктесінде  
Кейін жақындап төмен түсті  
Және одан аралықта болды (Жәбірейіл Мұхаммедтен)  
Садақтың екі басындай, тіпті одан да жақын  
Және Өзінің құлына уахи еткенін ашты  
Оның жүрегі(пайғамбардың) көргенін растады  
Оның түйгеніне дау айтасындар ма?  
Және ол (Мұхаммед) екінші рет көрді Оны (Жәбірейілді)  
Шекті Лотостың шегінде  
(одан кейін ешкімнің өтуі мүмкін емес)  
Оның артында-пана бағы (жұмақ)  
Және Лотос жабылғанды жапты  
(көрінбейтін беті жасырылды)  
Көзін (Мұхаммед) бір сәтке де айырмады  
Және шектен шықпады(көретін)  
Өйткені ол шынымен де көрді  
Құдайдың Ұлы белгісін...»

«...И научил его Тот,  
Кто обладает необъятной мощью.  
Возникший во всём великолепии  
На высшей точке горизонта.  
Потом приблизился и спустился.  
И был на расстоянии от него (Джабраил от Мухаммеда)  
не более двух пролётов лука и даже ближе.  
И открыл Своему рабу то, что открыл.  
Сердце его (пророка) подтвердило то, что он видел.  
Разве вы будете оспаривать то, что он узрел?  
И видел он (Мухаммед) Его (Джабраила)  
при втором снисхождении.  
Близ Лотоса крайнего предела  
(За коим недоступно пройти никому),  
При котором — сад прибежище (райская обитель).

И покрывало Лотос то, что покрывало  
(Сокрыт (неведомым) покровом).  
Свой взгляд (Мухаммед) не отвёл ни на мгновенье  
И не вышел за пределы (зримого).  
Ведь он действительно видел  
величайшее из знамений Господа своего...»

— Керемет! — деп ұжымның ортақ пікірін таңқалған  
Руслан айтты.

— Енді, сен мені шыныменде қызықтырып жібердің, —  
деді Николай Андреевич. — Егер мен дұрыс түсінсем, Мұхаммед  
«Жаратушының ең ұлы белгісі» болған жерде — «шекті Лотоста»  
Жәбірейілдің шын жүзін көргені ме?!

— «...барша жаратылыстар мен періштелер туралы барлық  
білім бар тәжді әлем (венчающего мир). Және бұл жердің арғы  
жағында не бар екені тек бір Аллаға ғана аян», — деп Сэнсэй  
әдемі жауап айтты.

— Бұл да Құран ба?

— Жоқ, бұл тәпсір (тафсир), Құранның осы тарауының  
түсіндірмелерінің бірі. Бұл жерде лотос көзге көрінетін және  
көрінбейтін, танылатын және танылмайтынның (білуге болатын  
және білу мүмкін емес) шекарасы символы ретінде қаралады.

— Тамаша! — деді Николай Андреевич. — Шынымды  
айтсам Құранда осындай аяттар бар екендігін тіпті де  
болжамаппын.

— Бұл ештеңе емес (Это ещё что), — деді Сэнсэй. — Осы  
сүренің 49 аятында Алла Тағала тек еркек пен әйелді ғана  
жаратқан жоқ:

«Шексіз екінші жасау да Оған тән. (47)

Сөз жоқ, байытқан да, өркендеткен де Ол. (48)

Расында Ол, “Шығра” жұлдызының Раббы. (49)»

«...И что Ему надлежит вторичное сотворенье,

И что Он, который в нужной мере обогащает и наделяет,  
И что это Он — Господь великой планеты аш-Шура...»

Немесе түсінікті тілмен айтатын болсақ: «Және тек Ол ғана — Сириустың Әміршісі (күшінің) (И что только Он — Властитель Сириуса (мощи)). Арабтар Үлкен Арлан шоқжұлдызындағы (Большого Пса) аспандағы ең жарық жұлдыз — Сүмбілені (Сириус) «аш-Шура аль-Яманийа» деп ұлықтайды (атайды). Осылай жобамен үш мың жыл бұрын атаған.

— Тіпті солай ма! — деп Николай Андреевич көп мәнді айтты. Және өзінің қандай да бір ашқан жаңалығын шабытпен айта бастады: — Егер мен қателеспесем...

— Иә, иә, иә, — деп сөзінің алдын орап, не айтатынын алдын-ала білгендей Сэнсэй басын изеді, — бұл сен ойлағанның дәл өзі.

Осы қызықты диалогтың жалғасуын біздер шыдамсыздана күтіп отырдық. Дегенмен өкінішімізге орай Сэнсәйдің сөздерінен кейін ұзақ үнсіздік пайда болды, оның (Сэнсәйдің) Николай Андреевичпен сөйлесуі, біздің психотерапевт айтуды жақсы көретіндей «бейсезімдік деңгейге» (невербальный уровень) өткендей. Сол бойда барлығынан қызығушылығы үлкен болуы керек Костя шыдай алмай бір деммен:

— Ол нені, нені білдіреді?! — деп сұрады.

Бірақ Сэнсэй барлығымыздың күткенімізге қарамастан, неге екені белгісіз бұл сұраққа жауап бермеді. Тіпті біртүрлі ыңғайсыз жағдай орын алды. Біздер Сэнсәйге сұрақ көздерімізбен қарадық, ал Сэнсэй бұл ақпаратты біздерге беруге болады ма, жоқ па дегенді ойлағандай, біртүрлі зерттеуші көздерімен қарады. Николай Андреевичке де назарын салды, ол барынша табанды үнсіз тұр, дегенмен оның көздерінен айтқысы келіп тұрғаны байқалды. Бірақ ақыр соңында созылған үнсіздік, тура жауап бермеген Сэнсәйдің сөзімен бұзылды.



— Бұл белгілер білетіндер үшін. — Және ештеңе болмағандай қорытындылады. — Сондықтан Әлемдік тау туралы білімдер барша әлемге дерлік шашылған. Және ең бастысы — бұл білімдер тарихта «өлі жүк» болып жатпай, пайдаланылған.

— Иә, «шекті Лотос» туралы бұл тамаша! — деп бұл ақпаратқа біздерден кем емес қызыққан Виктор таңғала айтты.

— Осылай, Әлемдік тау! — деп қолдады оны Стас.

Естігенімізге кезекпен таңқалысып, тақырыпты талдап жатқанымызда, кейін Николай Андреевич өз ойларына батып, Сэнсэйге ме, әлде өз-өзіне айттыма белгісіз, тыныш үнімен:

— Ал ол келді...— деді.

— Кім келді? — деп сөздерін Сэнсэй түсінбеді.

— Мұхаммед. Ол келді...

— Әрине, ол Мұхаммед емес пе.

— Түсінесің бе, — деп Николай Андреевич баяу сөйледі. — Сенің бұл әңгімен, өзіне айтып берген мендегі «Лотос» практикасында болған оқиғамен ассоцияланып тұр.

— Ал не жағдай? — деп әңгімелеріне анық қызығушылығымен Володя қосылды.

— Иә, бірде «Лотос гүлі» практикасында медитацияға барынша тереңдеуге тырыстым. Және қандай да бір шекараның (меженің, грань) шегіне жақындағанымды айқын сезіндім... маған шын жетуге болатындай көрінген шекараға. Және бастысы арғы жағында (артында) орасан зор күштің барын анық сезіндім, дұрысы түсіндім. Бірақ жақындауға ұмтылған сайын, бөтен, қарама-қарсы күшті сезіндім. Оны тіпті сөзбен айтып жеткізе алмаймын. Бұл сезіммен салыстырғанда қорқыныш пен үрейлену ешнәрсе де емес. Ол қас-қағым сәтке созылды, бірақ мен оған шыдай алмай медитациядан тез шығып кеттім. Және бұл Күзетші (Страж) туралы Сэнсэйдің ескертуіне, менің психология саласындағы жиналған көп жылғы тәжірибиеме, бұл медитацияны орындауға дайын болғанымға қарамастан, оны еңсере алмадым. Әрине Хайуани негізім маған кедергілер

жасайды деп күттім. Бірақ оның осыншалықты күшті болуы! Міне осы жерде бойымдағы бар Хайуани негізімнің толық күшін шыныменде түсіндім.

Николай Андреевичті мұқият тыңдап отырған Виктор:

— Яғни, ол әлемге жақындаған сайын, бұл әлемнің де әсері күшейеді ме? — деді.

— Иә.

— Енді, бұл қалыпты құбылыс, — деді Сэнсэй. — Оны еңсеруді айтпағанның өзінде, шегіне жетудің өзі оңай іс емес.

— Менде де осыған ұқсас жағдай болды, — деді Володя. — Бірде медитация жасау барысында, барлау ретінді әдеттегі жасағанымнан тереңірек сүңгимін деп шештім. Және тереңірек сүңгіп кеттім. Бастысы сәулеге, жақсыға жақындағанымды сезіндім. Және аяқ-астынан жолымда қандай да бір тұман пайда бола қалды. Оны басып өтейін дегенмін, бірақ олай болмай шықты. Біртүрлі ерекше тұман — қалың әрі қараңғы. Резина өртегендегідей, тек иісі жоқ. Сондай ыңғайсыз сезім бойымды билеп алды. Оның үстіне ол жабысқақ болып шықты. Және бастысы, біртүрлі өзіне тарта (сора) бастады. Мен артқа шегінем, ал ол мені жібермейді. Мен құдды бір терең-терең суға сүңгіп, ал шығу еш қолымнан келмегендей қорқыныш. Өлгі медитациядан бірдеңе қылып шығып, осындай «сүңгулермен» ендігі қызықпаймын. Барлығын Сэнсэй айтқан шекарада жасаймын.

Оған Николай Андреевич жымия:

— Енді, сен бізде Володя әскери адамсың, сол себепті барлығын «жарғы» тәртібінде орындайсың, — деді. Ал біздер, бауырым, ғылым адамдарымыз. Эксперименттер жасағанды жақсы көреміз және бірінші кезекте өз-өзімізге.

Әңгімелерін басқа балалар секілді мұқият тыңдап отырған Женька, шыдамсызданған кейіпін айтты.

— Менде осындай эксперименттер жасауды қалаймын!

— Өзің эксперимент! — деп күлді Стас. — Саған эксперимент туралы айтып жатыр!

— Енді менде соны айтып тұрмын! Сіздер жасағанды менде қалаймын?! — деп «ақылды» кейіп жасап, Володядан сұрады.

Сэнсэймен бірге балалар одан бетер күлді. Ал Стас оған жауап берді:

— Сен сияқтылар үшін бұл процесс түсіндіруге жатпайды!

Ал Костя Сэнсэйден сұрады:

— Жоқ, ал егер шындығына келсек, «шекті Лотосқа» (крайнего Лотоса) жету үшін не жасау қажет? «Лотос гүлін» қарқынды (барынша) практикалау қажет пе?

Сэнсэй жігітке қарады да, түсіндірді:

— Ең алдымен Адам болу керек! «Шекті Лотос» (крайний Лотос) — бұл жоғарғы деңгей. Оған жету өте қиын. Бірақ оған жетуге ұмтылу керек. — Және ендігі Николай Андреевич пен Володяға қарап айтты: — Барлығына мұқияттылықпен дайындалу қажет. Оның үстіне «Лотостың» мәніне жету үшін (ену үшін) жылдар әрі жаттығулардың жүйесі керек. Бұл бір. Екіншіден, сіздер жанасқан (бетпе-бет келген) Күзетші (Страж) ғана емес, өзінше бір лабиринт. Оны еңсеріп Жоғарыға өтетін тек таза рухы (жаны) бар, Жарық нұрға нық ұмтылушы адам ғана жетеді. Әйтпеген жағдайда бұл кедергі-лабиринт саған мүлдем басқа есікті ашып және сені мүлдем басқа жолға түсіреді. Сондықтан сенің рухани жетілуіңе өте көп нәрсе байланысты (тәуелді).

— Яғни, бұл қандай да бір рұқсатнама (допуск) деңгейі секілді ме? — деп нақтылады Володя.

— Өте дұрыс, — деп Сэнсэйді растады. — Сондықтан мұның барлығы жайдан жай емес. Ал сәйкесінше деңгейде болу үшін, сәйкесінше рухани тәжірибиенің де болуы шарт. Ол кейбір адамдар ойлайтын, тәулігіне бір рет өз рахатың үшін медитация немесе дұғада болсаң, «белгі үшін» деуге болады, яғни тіркелсең, бүгін руханиятпен айналыстым дегеннен әлдеқайда алыста жатыр. **Рухани жұмыс (тәжірибие) — сенің руханиятың барлығынан көрініс беруі керек өміріңнің нәтижесі:**

ойларында, жасаған ісінде, әрекетінде, рухани практикаларында және бірінші кезекте жақсылық (мейірімділік) үшін адамдарға көмектесуің, өйткені бұл Жаратушыға жеткізетін ең қысқа жол. Адамның Махаббаты босқа емес, өйткені ол жанды (рухты) тазартып, жасампаздық күшін сыйлайды. Дұғалар мен медитациялардың мәні жоқ емес, өйткені олар күш жинап жатқан тұқымға (плод) нәр бергендей, адамның рухани өсуінеде игілікті. Жаратушыға үміт ету (сену, құлшылық) өтірік емес, өйткені онда бізді Онымен тікелей байланыстыратын жасырылған. Сондықтан нағыз Адам болу және Жаратушыға шын жақындау — бұл әр күн сайын өз рухыңның Нұрын (Сәулесін, Жарығын) әлемге барынша көбірек көрсету, сол Нұрында (Сәуленде, Жарығында) көлеңкенің (қараңғылықтың) тіпті елесі де болмау. Тек сол кезде ғана сіздер Күзетшіден (Страж) өтіп Нұрдың шын Қайнар көзімен қосыласыздар. (Духовный опыт — это результат жизни, в которой твоя духовность должна проявляться во всём: в мыслях, поступках, действиях, духовных практиках и, в первую очередь, помощи людям во имя добра, ибо это есть самый короткий путь к Богу. Любовь человека не тщетна, ибо она очищает душу и дарует силу созидания. Молитвы и медитации не бессмысленны, ибо они есть такое же благо для духовного роста человека, как питание для плода, набирающего силу. Упование на Бога не ложно, ибо в нём сокрыто сущее, что связывает нас непосредственно с Ним. Так что быть настоящим Человеком и истинно приближаться к Богу — это значит с каждым днём всё больше проявлять в мир Свет своей души и добиться того, чтобы в этом Свете не было даже намёка на присутствие тени. Только тогда вы сможете пройти Стража и воссоединиться с истинным Источником Света).

Сэнсэйдің осы сөздерінен кейінгі пайда болған үнсіздік кішкене созылып кетті. Осындай қызықты әңгіменің жалғасын күтіп барлығы оған қарады. Дегенмен Сэнсэй кішкене кідіріп, аспанға қарады да, назарымызды аударып мейірбан үнімен:

— Мінекей, айтқанымдай кара бұлттар да сейілді. Сондықтан дәрігер сіз бекер алаңдадыңыз, — деді.

Біздер көлтабан жаққа таңғала қарадық. Шыныменде найзағайлы бұлттар көз жетер жерден асып кеткен екен. Аспан қайта таза әрі тұнық болды. Өзінің алғашқы жарқырауымен қуаныш пен алаңсыздықтың қандай да бір сезімін бергендей. Адамдар мен табиғатқа осыншалықты жарық пен жылу берген, қарқынды жұмыс күнін аяқтап, күн де біртіндеп көкжиекке түсе бастады. Және ішкі жан дүниемізде жақсы әрі тыныш болғаны соншалықты, ғажайып табиғаттың осы бұрышын осындай жылулы ұжыммен тамашалап отыра беретін едік.

Сэнсэйдің жақсы көңіл-күйде екенін сезгені анық, Володя оған қарап сөз арасында:

— Сэнсэй есінде ме, таңертеңгісін біздерге Грааль туралы айтып беремін деп уәде бергенсің? Кешегі әңгімеден кейін барлығы менің басымнан шығар емес.

— Иә!!! — деп Женька мен Стас егіздерше бірдей айтып, іліп әкетті.

Володяның бұл тақырыпты көтергеніне қуанған Виктор оны қолдай жөнелді.

— Дәл! Бұл құпия Грааль дегеніміз не? Ол «билікке билік етеді» (властью над властью) дегенді қалай түсінеміз?

Сэнсэй басын шайқады.

— Балалар, бұл жерде екі-ақ ауыз сөзбен шыға алмаймыз. Сіздер тым күрделі тақырыпты қозғап отырсыздар.

Володя еш абдырамастан өзінің сүйікті сөзін айтты:

— Ал біздер ешқайда асығып отырғанымыз жоқ.

— Ага, — деді Женька да. — Әсіресе Ариманның соққысынан кейін біздердің ешқайда асықпайтынымыз анық.

Сэнсэй жымиды да, оптимизммен айтты:

— Олай болса, ендеше Грааль туралы тарихты ең басынан бастау қажет... Ал бұл жерде кешіріп қойыңыздар, шайсыз болмайды.

Біздер әңгімені тыңдауға зейінімізді толық бұрып, Сэнсәйдін соңғы сөздерінің мәнін бірден түсінбедік.

— А-а-а, — деді ақыры Виктор. — Біз оны қазір әп-сәтте дайындаймыз.

Халық бұл идеяны «у-ра» деп іліп әкетіп, Виктордың басшылығымен илеудегі құмырсқалар секілді әр бағытқа жүгіріп, тыпыршып кетті. Бірі шырпы-шөпшік (шыбық) жинауға асықса, бірі от жағатын орынды тазалай бастады, енді бірі шәугім мен суға жөнелді. Ал біздің жас топты шайға арналған азық-түлікке жұмсады. Біздер тез қамдандық. Көп ұзамай жағалауда от жағып, шыбықтардан шәйнек ілетін құрылғы жасадық. Су қайнағанша бутербродтар жасап, пістенандарды (печенье) шығардық. Жалпы айтқанда кішкене тәтті үстел жасадық. Және барлығы, теңіздің тамаша әдемі жағалауындағы осындай қызықты әрі ерекше Сэнсэй секілді адаммен ұзақ әңгімеге дайын болған кезде, біздер осындай абсолютті табиғат идиллиясында отты айнала жайғасып, хош иісті, жағымды шайды ішіп, Сэнсәйдің баяу әңгімесін тыңдай бастадық.

\* \* \*

— Қазір адамдар Грааль деп атайтын әрқашан болған. Ол туралы көптеген аңыздар мен әңгімелер (ертегілер, естеліктер, сказание) қалған. Соларға сүйеніп, адамдар оның шын мәнінде не екені туралы болжамдарына шатасып Граальды Исаның айқышқа шегеленуінен кейін Иосиф Аримафейский жинаған, Исаның тостағандағы қаны деп трактовка жасайды; «тірі тас», «жанның (рухтың) сатысы жарқыраған кристалл» (ступень души сияющий кристалл), тас, ғажап күшке ие періштелермен жерге әкелінген; және Иса Мәсіхтен Мария Магдалина туған нәресте-міс. Граальды ғажайып, сиқырлы жарық сәуле ретінде де, ерекше қасиетті алау (от, жалын), баталы молшылық мүйізі (благословенный рог изобилия), шіркеулік өлең айту, «аспанды ашатын кілт», лайықсыздарға көрінбес тиым салынған құпия

ретінде де сипатталады. Грааль-ға онымен жанасқан адамға өлмейтін қасиет беріп адамды өзгертетін, адамға шексіз билік пен Жұмақ Есігін ашатын мүмкіншіліктерді таңады. Және бұл болжамдар мен әңгімелердің негізі де жоқ емес, сондықтан олардың әрбірінде Грааль-дің өзі туралы ақиқат бөлшектері жасырылған.

Ақиқатында бүгінде Грааль деп аталатын белгілі бір дыбыстар болып табылады, оны тағы **Алғашқы Дыбыс, Жасампаздық Дыбысы, яғни әлемді өзгертуге қауқарлы Алғашқы Дыбыс деп атайды** (Изначальным Звуком, Звуком Созидания, то есть тем Первоначальным Звуком, который способен изменить мир). Бұл Дыбыс Құдаймен айтылған, Ол осы материалды Ғаламды жаратқан (көрсеткен), шын Алғашқы Сөз болып табылады (Это тот самый Звук, который есть истинным Первоначальным Словом, сказанным Богом, которым Он проявил эту материальную Вселенную). Естеріңізде ме, Иоанннан жеткен Евангелия, Інжілде осындай сөздер бар: «Басында Сөз болды және Сөз Құдайда болды, сөз Құдай болды» (В начале было Слово, и Слово было у Бога и слово было Бог).

Өйткені Ғалам туылған кезде бүгінде ғалымдар дауласатын «Үлкен жарылыс» болған жоқ. Ғаламның пайда болуындағы, мысалға реликті сәулелену (реликтовое излучение) (немесе оны тағы дамудың ерте сатысында сақталған «сөнген» сәулелену деп те атайды) немесе Ғаламдағы біртекті емес таралу секілді болжамдарына ғалымдар сүйенеді. Бірақ бұлар Ғаламның алғашқы пайда болуынан алыста жатыр және тек ендігі қалыптасқан Ғалам дамуының көрсеткіштерінің бірі ғана.

— Ал «Үлкен жарылыс» деген не? — деп сұрады Слава.

— Енді, бүгінгі күнде жобамен он төрт миллиард жыл бұрын ешқандай уақытқа, кеңістікке тәуелсіз белгісіз зат жарылып және алғашында ойлау мүмкін емес күйге дейін сығылған, кейін нәтижесінде одан Ғалам пайда болған деген пікір таралған. Ғалымдар Үлкен жарылыс деп аталатын белгісіз себеппен болған, ал сәтінде бұл зат аса үлкен жылдамдықпен

кеңейе (жайыла) бастаған деп болжам жасайды. Және осы жан-жаққа ұшқан материядан әртүрлі инерциялық күштердің, гравитацияның және сол сияқты әрекет етуінің арқасында галактикалар пайда болған.

Бірақ бұл жақын болашақта жаңа ашулардың (жаңалықтардың) арқасында қайта қаралатын жай ғана кезекті теория. Бұл кезінде адамдар ішкі құрылысын және шығу табиғатын нашар білген, оларды толық әрі бөлінбейтін деп санаған атоммен болған тарих секілді. Олар қазірде оны жақсы білмейді, бірақ жоқ дегенде әрі қарай микроәлемге тереңдей алды, бөлінудің шегі емес элементарлы бөлшектерге жете алды. Бірақ ең бастысы, адамдар барлық материяның толқындық сипатқа ие екенін, бәрі толқыннан тұратынын, жай ғана әртүрлі комбинацияларда, тығыздықта, сипаттамаларда, тербеліс периодтарында (және сол сияқты) болатынын білді. Ал барша толқындардың олардың табиғатына қарамастан негізгі қасиеті, бұл энергия тасымалдау.

Егер адамзат көбінде бойындағы Хайуани негізінің тілек-қалауын жеңе алатын болса (және бірінші кезекте өзі секілділерді құртуға деген ниетін) және Алтын ғасырға дейін жетсе, онда ғылым арқылы Құдайға келе алады. Себебі Ғаламның пайда болуы туралы шындықты қопарса, ақыр соңында адамдар, Ғаламның сәтүрлі әлемдері туылған «Құдай Сөзі» (Словом Божьим) деп аталатынға, Алқашқыға (Первоначального) жетеді.

— Қызықты, ал бүгінде ғалымдарға Ғалам туралы не белгілі? — деп сұрады Виктор.

— Енді егер екі жүз жылдық адами таным деңгейімен салыстыратын болсақ, біршама, — деп Сэнсэй әзіл үні бар сөзімен айтты. — Ал егер Ғалам туралы шын біліммен салыстыра қарайтын болсақ, ендеше өте аз. Бірақ бастысы олар Ғалам үнемі ұлғайып және жылдамдықпен кеңейетінін (үлкейетінін) түсінді. Кеңею салдарынан Ғаламның тығыздығы уақыт өте азаяды. Оларға ғарыш үнемі фонит ететіні белгілі...



— Фонит дегеніміз не? — деп түсінбеді Костя.

— Белгілі бір диапазон толқындарында үнемі дыбысталу (дыбыс шығару). Ежелгі Альт-Ландылар айтпақшы, «әлі күнге дейін Құдай даусы естіліп тұр, ол басылған кезде, барлығы жоғалып және ешнәрсе болмайды».

— Ештеңе болмайды?! — деп Костя үрейлене сұрады.

— Ешнәрсе, — деп Сэнсэй сабырлы қайталады. — Ғалам материясы жай ғана аннигиляцияланады (жойылады)... Жақын болашақта адамзат Ғаламның тағы бір феноменімен жолығады. Ғаламның өспелі жылдамдығы (қарқын алуынан) есебінен, Аллат күшінің сарқылуынан, адамзат уақыттың қарқынды қысқарылуын сезінетін болады. Феномені тәуліктегі шартты жиырма төрт сағат сол күйінде қалады, бірақ уақыт анағұрлым тез өтеді. Және уақыт арасының қарқынды қысқарылуын адамдар физикалық деңгейде де, интуитивті қабылдау деңгейінде де сезінеді.

— Сонымен бұл Ғаламның кеңеюіне байланысты болады ма? — деп нақтылады Николай Андреевич.

— Иә. Өспелі (қарқынды, үдеткен) жылдамдықта. Ғалам қаншалықты кеңейсе, уақытта соншалықты тез өтеді және осылай материяның толық аннигиляциясына дейін.

— Ал Аллат дегеніміз не? — деп сұрады Стас.

— О, Аллат бұл біршама маңызды тақырып. Дұрысы ол туралы толығырақ, бірақ сәл кейінірек айтып берермін... сонымен, Ғалам шын мәнінде қалай пайда болды. Басында ештеңе болған жоқ: галактика да, жұлдыздар да, материя да, тіпті вакуум да, яғни «ғарыштық бостық та». Және осы Ешнәрседе Алғашқы Дыбыс (Первичный Звук) пайда болады немесе түсіну үшін «Құдай Сөзі» деп атайық. Бұл Алғашқы Дыбыс, яғни алғашқы толқын бойында орасан зор энергия болды, ол Нағыз Шынайылық әлемінен, Құдай Шынайылығынан және Жаратушының өзінен сол Ештеңеге беріледі. Жалпы Онымен Ешнәрсеге (Ничто) айтылған, Құдай сөзі осы энергетикалық толқынды тудырады, ал сол Сөзге енген Оның Еркі, осы

Ешнәрседе (Ничто) оны көрсетіп, бостықты толтырды (кетірді, жойды). Яғни бұл энергия Ешнәрсеге «үрленді»...

Біздің жас тобымыз Сэнсәйдің айтқандарының жартысынан азын түсінгендей жүздерімен отырды. Есесіне үлкен балалар, әсіресе Николай Андреевич Сэнсәйді өте мұқият әрі жинақы тыңдады. Анығы олар біздерге қарағанда көбірек түсінгендей. Дегенмен Сэнсәйге рақмет айту керек, себебі біздерге назарын салып, қабылдау деңгейімізге келетін анағұрлым түсінікті мысалдарды келтіре бастады.

— ... Ғаламның пайда болу процесін сіздер жақсырақ түсіну үшін, оны бейнелі шарды үрумен немесе дөңгелек көпіршікпен салыстыруға болады. Бұл энергия барған сайын шығындалып және кеңейген сайын, соншама көпіршіктің бетінде де ол материяға айналады.

— Бұл қалай? — деп Руслан абдырай сұрады.

— Енді бұл сабынды көпіршікті үрлеп ол кеңейе бастайды және оның пленкасы барған сайын түрлі жарық түстермен ойнайтыны секілді. Біздің жағдайда бұл көпіршік қаншалықты үлкейсе, оның бетінде алғашқы энергиядан пайда болған материяда соншалықты көбейіп, ол осы көпіршіктің бетінде соншалықты таралғаны секілді. Бұл көпіршіктің ортасында Алғашқы Дыбыс энергиясынан басқа ешнәрсе болған жоқ. Яғни ғалымдар болжағандай ешқандай Үлкен жарылыс болған емес. Басында Алғашқы Дыбыстан пайда болған «көпіршік пленкасы» материяға айнала бастайды. Материяның өзара байланысы басталады. Ол белгілі бір түзілімдерге жиналады, олар кейін бейнелеп айтқанда, болашақ галактикалардың «ата-бабаларына» айналды. Дәл осы бастапқы түзілімдерде жылу ошақтары пайда болды, олар қазірдің өзінде микротолқынды диапазонда сақталған. Оларды тіркеуге болады. Осылайша Ғалам пайда болған... Онда көптеген галактикалар, көптеген тіршілік иелері, оның ішінде параллельді әлемдерден Әлемдік тауға жиналып, тәжірибиелерімен бөлісетін ақылды, рухани болмыстар да бар.

— Ал параллельді әлемдер осы «көпіршік пленкасында» бірден пайда болды ма? — деп сұрады Стас.

— Әрине. Алғашқы энергиядан материя пайда болған кезде, ол бірнешеге... қалай айтсам екен... процесс түсінікті болу үшін былай айтайық... ол бірнеше «диапазондарда» пайда болады. Осылайша бір-бірінен бөлек өмір сүретін және өзара байланысқа түспейтін бірнеше параллельді әлемдер туылады. Бұл пленканың қабаттары (кесінділері, қиықтары) секілді. Бірақ осы барша әлемдер шектеулі шексіздікте орналасқан (Но все эти миры находятся в ограниченном бесконечном).

— «Шектеулі шексіздікте» дегенді толық түсінбедім? — деді ойлана Николай Андреевич.

— Енді шын мәнінде біз үшін шексіз болған бұл Ғалам, ең жұқа деген медициналық иненің басынан миллиард есе кіші орынды алады.

Николай Андреевич тіпті түсінбеген көздерімен Сэнсэйге қарады да, абдырай айтты:

— Медициналық иненің ұшынан?

— Түсінесің бе, бір ғана шынайылық бар — ол Құдай шынайылығы, универсалды күш шынайылығы. Бірақ өкінішке орай біздің адами санамыз өте шектеулі. Ол адам ақылымен түсіне алмайтындай болып жаратылған. Бұны логикамен тіпті де түсіндіре алмайсың. Және саусақпен қаншалықты біздерге түсіндірсе де, біздің ақылымыз бәрібір тек саусақтарды ғана білетін болады. Енді шыныменде Ғалам «Онымен Ешнәрсеге айтылған Құдай Сөзінен» жаратылды дегенді адами ақылмен қалайша түсіндіруге болады? Материя түгелі тіпті бостықтың өзі жоқ жерді қалайша түсіндіре аласың? Абсолютті шексіз Ғалам ең жіңішке медициналық инеден миллиард есе кішкентай деген фактыны қалай ұғынуға болады? Өйткені біздің логикамызға бұл толық абсурд. Және осы фонда Құдай Шынайылығы қалай көрінеді? Және Құдай дегеніміз кім? Бұларды логикамызбен қаншалықты түсінуге тырыссақ та, бәрібір тұйыққа тірелеміз, себебі біздің санамыз бәрібір шектеулі. Бірақ адамда осы

шектеулі материя мидан бөлек оның тағы да — кішкене, бірақ барлығын сыйдыратын (қамтитын) рухы болғандығымен де сұлу (әдемі, көркем).

Адам ақылымен түсіндіре алмайтынның барлығын, рухы арқылы сезіне алады. Ақыл үшін Құдайдың Шынайылығы шынайы емес, ал Құдай Шынайылығы рух үшін — бұл сөзсіз (талқылауға келмейті) факты. Рух ақылға қарағанда анағұрлым көпті біледі. Сондықтан рухқа (жанды) құлақ асуды үйрену қажет.

— М-да-а, — деп созды Николай Андреевич. — Бірақ бәрібір де... парадоксальды.

— Бар мәні де осы жерде (В этом и есть замысел)... Адам өте күрделі. Ол ақылсып бірнәрселерді талқылап, дәлелдегісі келеді. Бірақ сана түсінбегенді тек рух қана сезіне алады. Адам толықтай материалды болған кезде, яғни Ариман жағында болса ол өзінің рухын сезіну мүмкіндігін жоғалтады. Ариман оны логика мен ойларға көміп тастайтыны соншалықты, өзінде материалды тәннен басқа анағұрлым үлкен тылсым бар екенін адам тіпті де түсіне алмайды.

Естігендерімізді қабылдап алсын дегендей Сэнсэй шайын құйып кішкене біздерге уақыт берді. Бірақ бірнеше жұтым жасамай жатып Николай Андреевич Сэнсэйден табанды сұрай бастады:

— Бірақ сонда да, Аллат дегеніміз не? Сен сол сөзді айтқаннан бері бұл менің басымнан шығар емес.

— Таңқаларлық емес. Бір кездері ол өте маңызды еді. Адамдарға аңыздармен оралған оның шын мәні белгілі болған. Өте ежелгі замандарда ол туралы Солтүстік Африкада (Ежелгі Мысырда), Тигр және Ефрат өзендері арасында (Шумер өркениеті), кейбір Шығыс Жерорта теңізі тайпаларына, Үнді, тіпті бүгінде қаншалықты біртүрлі естілсе де, Ра дельтасы мен Жайыққа жақын жерлерде (Приуралья и дельты Ра), яғни қазіргі Вольга (Еділ) жерлеріне де белгілі болған.

— Біршама қызықты, — деді Николай Андреевич. — Ал Аллат туралы бұл қандай аңыз?

— Бұл ежелгі аңыз, жер тұрғындарына Фэтон планетасының жоғары дамыған өркениетінен келген, онда кейінірек интерпретациялаған Жер туралы ғана емес, барша әлем, Ғаламның пайда болуы туралы айтылған. Оған сай Ұлы Құдай өз әлемінен өзгеше басқа әлемді жасауды ойлап, өз тілегін (ниетін) көрсетеді. Құдайдың ниетінен осы әлем пайда болып, басында ол кішкене хаоста болады. Әрі қарайғы Құдайдың бұл әлемді ретке келтіру ниетін — Құдай әлемінен келген, әйелдік негізді жасампаздық күш Аллат жүзеге асырады. Аллат Жаратушы еркі, Құдай күші, Құдай қорғаны (қорғанышы) секілді көрінеді.

— Қорғаныш? — деп таңғалды Руслан. — Жоқ енді, еркі мен күші — бұл түсінікті. Ал Құдайды кімнен қорғамақ? Ол Құдай емес пе!

Сэнсэй жігітке қарады да күлкімен:

— Ақылды тіршілік иелерінің ақымақтығынан, — деді.

— Ақылды тіршілік иелерінің ақымақтығынан? — деп Руслан түсінбей сұрады.

Бірақ үлкен балалардың күлкісі оған да өзінің «ақылды» сұрағына күлуге итермеледі. Ұжым кішкене басылғанша Сэнсэй күте тұрды да, кейін сөзін жалғастырды:

— Сонымен Құдайдың ой күшінің көрінісі болған дәл сол Аллат, көрінбейтін әлемнен көрінетінді, хаосты реттілікке айналдырып, кеңістік, уақыт, қозғалыс, тіршілік иелерін (болмыстарды) тудырып, Құдайдың ойлағанына сай онда үйлесімділікті құрады. Осылайша бұл әлем пайда болған.

— Қызықты, — деп Николай Андреевич ойлана айтты.

— Әлемнің пайда болуы (жаратылуы) туралы шын аңыздың мәні осылай еді. Бірақ қаншалықты парадоксальды болмасын, — Николай Андреевич жиі қолданатын соңғы сөздерге Сэнсэй екпін берді, — өркениеттің дамуымен әлем жаратылысында Аллаттың маңызды рөл ойнағанын көрсеткен

бұл аңыздың шын мәні жоғала бастайды. Толық түрлі бөліктерге бөлініп, оның үстіне олар адам логикасына сәйкес келу үшін өзінше интерпретацияланады. Әрине мұның барлығы Ариманның күшті қолдарының қатысуынсыз өткен жоқ.

— Иә, оның қолы шыныменды мықты, — деп өзінің естен кетпес кешегі күнін есіне алғаны анық, әзілмен Женька ауырған жерін сипады.

Үлкен балалар тағы да күлді. Ал Николай Андреевич болса ұжыммен жай ғана күлді де, Сэнсэйге сұрағын қоюға асықты:

— Бұл білімдерді адами логикаға адаптациялау үшін интерпретациялаған деген сөзіңмен нені меңзеп тұрсың? Меніңше сенің айтқандарың, сана шеңберіне біршама сыйымды секілді.

— Қалай айтсақ болады, заманауи миға жартылай түсінікті болуы мүмкін, бірақ ол кез келген ақылға емес, — деді әзіл-шыны аралас Сэнсэй. — Тіпті біршама дамыған ойлау қабілеті бар заманауи адамның өзіне, Ғаламның пайда болуындағы шын процестерді, тіпті «Шексіз Ғаламның шектілігі» туралы фактыны түсіндіру қиын.

— Шексіз Ғаламның шектілігі (Конечная бесконечность Вселенной), — деп біздер секілді бұл сөздердің мәнін түсіну сәтсіз болғаны анық, Виктор баяу қайталады.

Сэнсэй Виктордың ойланған жүзіне қарап түсіндірді:

— Біздің түсінігімізде кеңейіп жатқан Ғалам (Вселенная) шексіздік түсінігін қалыптастырады. Галактикалар өспелі жылдамдықта бір-бірінен белгісіздік жаққа, шексіздік бағытында алыстап жатқанымен, бұл шексіздік шектеулі. Және олар шекті галактикалармен шектелген. Бірақ олардың, Аллат әсер ететін сфера артында ешнәрсе жоқ. Өйткені бұл әлемдегі бір нәрсе болса, ол тек Аллаттың арқасында болады. Ал Аллат жоқ жерде — ештеңе де жоқ. Кеңейіп жатқан Ғалам белгілі бір шегіне жеткен кезде, яғни галактикалар бір-бірінен белгілі бір ара қашықтыққа ұзағанда, Аллат күші әлсірейді, Аллат бұл әлемнен күш ретінде жоғалады. Аллат жоғалған кезде онымен бірге

барлығы жоғалады, оның ішінде материя, уақыт, кеңістікте. Тіпті бостықта болмайды. Себебі жоқтан бар болды және жоқтыққа қайта айналады. Осында дүниенің (мироздание) және Аллаттың феномені жатыр.

— Еш нәрсеге?! Енді Сэнсэй сенде айтасың-ау! — деп түсінуге тырысқан Женька қысылып, маңдайын сүртті. — Мен бір нәрсені түсінбедім. Міне менің қолым. — Женька алақанын көрсетті. Кейін жартылай көмілген ұлу қабыршағын (ракушку) қазып, оны алақанына қойды. — Мысалы ұлу қабыршағы — бұл жұлдыздары мен планеталары бар галактика деп алайық. Міне олар бар. — Жігіт ұлу қабыршағы бар алақанын жұмып, сілкіледі. — Кейін өмір сүруін тоқтатты. — Женька жұдырығын ашып, ұлу қабыршағын лақтырып жіберді. — Ештеңе жоқ. — Ол қайтадан бос алақанын көрсетті. — Бірақ қол бар емес пе! Ол қалай бар еді, солай қалды.

— Бұл әрине дұрыс емес теңеу, — деді Сэнсэй жымия, — Бірақ онда да Аллат әрекеті бар. Мысалға, егер жиырма төрт жыл бұрын 18 сәуірде тігін фабрикасында тәжірибиеден өтуші есімі Валя атты жас қыз айран бөтелкесін сатып алмағанда, іші лық толған 32-ші автобуска минуте тырысып асықпағанда, қатты талпынысынан автобус табалдырығына әлгі бөтелкесін сындырып, «қымбат сұйықтықпен» Тау-кен институтының 4-ші курс студенті Виталий атты жігіттің шалбарын бүлдірмегенде, қазір алдымызда бос қолымен Евгений Витальевич отырмайтын. Бірақ байқасаң ұлу қабыршағы болатын еді. Және Аллаттың бар мәні осында.

Сэнсэй айтып болғаннан кейін Женька естігендерін «қуып жетуге» тырысқаны анық бірнеше секунд үнсіз отырды да, ал кейін көңілді айтты:

— Ал керек болса! Сэнсэй, сенде дұрысынан айналдырып жібердің! Ендігі мен нақты еш нәрсе түсінген жоқпын.

Сэнсэй күліп енді ғана Николай Андреевичке бір нәрсе айтқысы келген, Женька басына келген ойларды ұғынып, қайнаған судан күйген адамша орнынан атып тұрды.

— Бір минут, Сэнсэй! Ал сен айран туралы қайдан білесің?! Себебі анам маған бір кездері шыныменде әкеммен автобус табалдырығына кездейсоқ айран бөтелкесін сындырып алумен танысқандарын айтып берген!

Шошына таңғалған Женькаға қарап, Сэнсэй балалармен бірге күлді. Сэнсэй Николай Андреевичке тағы да бір нәрсе айтқысы келіп еді, бірақ Женьканы эмоциялар толқыны басып кеткендей болды.

— Жоқ, Сэнсэй, сен ол оқиғалар туралы қайдан білесің? 32 маршрут?! Солай ма?! 32? Анамнан қай автобуспен жүргендерін сұрау керек. Бірақ осындай бүге-шегесіне дейінгі білулер қайдан?! Әкемнің шалбарын бүлдірді дейсің...

Сэнсэй балалармен бірге тағы күлді де, үшінші рет Николай Андреевичке бір нәрсе айтуға талпынды.

— Міне көріп тұрмысың, әңгіме дамыған ойлау қабілеті бар заманауи адам туралы болып жатыр. Ал ол замандарда өмір сүрген адамдар туралы не айтуға болады...

Женька естігендерінен еш тыныштала алмады және осындай «шуыл генераторынан» Сэнсәйдің сөздерін мұқият тыңдауға тырысып отырған Стасқа қатты даусымен түсіндірді.

— Блин, осындай бүге-шүгесін тіпті менде білмеппін! Жоқ, ал керек болса! Міне саған айран! Сэнсэй, енді қалайша...

Осы кезде Стас шыдай алмай, жігітке достарша «ақырды»:

— Сен қоясың ба, жоқ па, біздің айранбай?! Тыңдауға мұрша берші!

Оған Женька аузын күлкілі жапты да, өзінің барлығын айтқысы келген тілегімен күресіп, тағы да бір нәрселерді айтуға талпынды, бірақ оның орнына барлық балаларды күлдірген міңгірлеген дыбыстар ғана шықты. Осыдан кейін жігіт қинала үнсіздікті ұстап және эмоцианалды толқыған көздерімен Сэнсәйдің әңгімелерін құлшына тыңдауға кірісті.

— Ол кезде де, жалпы қазіргі уақытта да өзгерістің болғаны шамалы. Адамдар әлі күнге дейін жоқтан бір нәрсенің пайда болғандығын түсіне алмайды. Бұл логиканы бұзады. Логика,



логикаға сыймайтынды қабылдай алмайды. Адам логикаға сыймайтынды айтылғанды тыңдау деп айтпақшы, тек сену арқылы ғана қабылдай алады. Бірақ бүгінде бізде ғылым мен сенім бір-бірінен жырақта өмір сүріп жатыр. Ғылымға ұстауға болатын, көретін немесе ең болмағанда теориялық дәлелдеуге болатын фактілер керек. Сондықтан қазіргі ғылым үшін «Ғалам жоқтан бар болды» (Вселенная зародилась из ничего) немесе «шексіз Ғаламның шектілігі» (конечность бесконечной Вселенной) деген сөздер түсініксіз.

Өйткені логикаға сай егер бір нәрсенің соңы болса (түбі), ендеше оның соңын (шегін) анықтайтын бір нәрсе болуы керек: қабырғасы (шеткі), бостық немесе тағы бір нәрсе, себебі бұл әлем олардың түсінігінде материалды заңдарға бағынған. Бірақ біздер басына материяны қоямыз, өйткені біздің миымыз материалды және көбінде болып жатқанды логика категориясымен ойлап, бағалаймыз. Ғаламның арғы жағында ештеңе жоқ деп ойлаған кезде, бұны қабылдаудың логикаға сыймайтынымен санамызды шектейді (жабады). Бірақ біздің әлем шын мәнінде — руханият пен материалдың (дүниеліктің) қосындысы. Бүгінде болжайтындай жай ғана материя заңына емес, ол сәйкесінше қосылу заңына сай өмір сүреді.

— Ал фазтондықтар Аллат туралы білетін болса, мұны қалайша түсіне білген? Немесе оларда басқаша ми болды ма? — деп Николай Андреевич күмән үнімен сұрады.

— Олай емес. Жалпылай алғанда дәл сол ми, өйткені оларда адамға ұқсас болмыстар болған. Тек ғылымның дамуымен олар біздерге қарағанда үлкенірек (көбірек) түсінікке жеткен. Бірақ дейтұрғанмен бұл оларды апаттан құтқара алмады.

— Қандай апаттан? — деді сақтықпен Руслан.

— Неліктен? — деді бір мезетте Николай Андреевич.

Сэнсэй біршама дерексіз (отвлечённо) жауап берді:

— Себебі адам екі негізді (екіұдайлы), оның жаратылысы рухани және материалды. Және адамның өмір сүрудегі басты мақсаты — бұл материалды тұтқыннан рухани шығуы, оның

ішінде дүниелік иллюзияны бұзатын ғылыми білімдерді де пайдалана отырып. Бірақ өзінің лас ойларында болып, материяның жоғары заңдарын «білетіндігімен» өз эгосын (тәкаппарлығын) көтеру емес. Өйткені бұл әлем біздің шын болмысымыз — рух үшін — оның әлемі, шын табиғаты емес. Себебі біздер бұл әлемде уақытша қонақпыз. Және біздің рухани сенделуімізге (ізденісіміз), Құдайды іздеуімізге осы рухани негізіміз итермелейді. Сондықтан біздер өз құтқарылуымыздың түрлі жолдарын іздеуге ұмтыламыз, кітаптар, практикалар, діндер, тіпті ғылымда бар. Ол ақыр соңында бізді микродан макроәлемге дейінгі Құдайдың бар жаратылыстарында болуы туралы түсінікке әкеледі деген жасырын үмітпен. Өйткені бұл әлем біздер үшін — жай ғана мектеп емес, рух (жан) өзінің реинкарнация процесі кезінде рухани жетілмеуіне байланысты түпкілікті өлетін немесе Жаратушыға кететін өзінше бір материалды түрме (тұтқын жері) секілді.

Сэнсэй кішкене үнсіз қалды да, келесідегідей қосты:

— Сондықтан Ғалам әлемі ерекшелікпен құрылған. Аллаттың бұл әлемде, жоғарғы руханият ретінде Лотоссыз пайда болуы, мәнсіз болар еді. Ал Аллат болмаса, бұл әлемде Лотостың көрінісі де болмайды.

Николай Андреевич Сэнсэйге біршама таңқалған көздерімен қарады да, жайдары сұрады:

— Ал осы сәт туралы толығырақ болса? «Аллат болмаса, бұл әлемде Лотос та болмас еді» дегенді қалай түсінуге болады?

— Лотос — материя әлеміне жоғары руханиятты әкелуді білдіреді, ал Аллат — материяны құра алатын (туғыза алатын) рухани күшті. Кез келген материяның руханият және санасыз еш мәні жоқ. Саған мынадай бір қарапайым мысал келтірейін. Суретші картина туралы (салу туралы) ойланады. Бұл Лотос әрекетінің көрінісі. Әрі қарай картина суретін салады. Рухани күйін бояулар арқылы жүзеге асырып, жанының бір бөлігін творчествасына беріп бейнелейді. Суретін өзі үшін емес

адамдар үшін, адамдар бұл картинаға бағасын беріп, бейнеленгенді (берілген) сезіну үшін жасайды. Яғни, бұл туынды актысы Аллат күшінің көмегімен және нәтижесінде (сәйкесінше) Лотостың көрінуімен болған рухани күйдің материяға айналуы іспетті. Сурет салуға арналған кенепті (холост) сатып алудан бастап сюжеттің пайда болуы және суретті жақтаулауға дейінгісі — бұл Аллат. Және сюжеттің пайда болуы Лотосқа да әсер ете бастайды, яғни ойдың шын образға берілген сәті. Суретші салған әлгі руханиды, сұлулығын қабылдау — бұл Лотос. Сол себепті Аллат болмаса, Лотоста болмас еді. Және Аллаттың да Лотоссыз еш мәні болмас. Ал бұл әлемде Аллат болмаса, Ғаламда болмайды. Тек бір ғана Құдай әлемі, рухани тазалық бар — жоғары Лотос және материядан мүлдем өзгеше, Аллаттың шын формасы көрініс берген әлем ғана болатын еді.

— Ал егер суретші сол картинасын салып ешкімге көрсетпестен құртып жіберсе?

— Ендеше Лотос көрініс бермейді және Аллаттың да еш мәні жоқ. Айтпақшы бұл Ғаламның пайда болуына да байланысты. Егер Ғалам барша Ғаламдағы жалғыз санасы бар адамдар мекен еткен тек Жер планетасы үшін ғана пайда болса, ендеше Ғаламды жасаудың да еш мәні болмайтын. Өйткені ешкім бір ғана қызанақ үшін үлкен консерві зауыты мен үлкен көкөніс сақтау қоймасын салмас еді. Ғаламда Аллаттың көпқырлы (көпті) және үйлесімді көрінісін растайтын, саналы болмыстар тіршілік ететін көптеген әлемдер бар. Ал Аллаттың үйлесімділігі, не жасалса да, барлығы өз орнымен болатындығында. Сондықтан Ғалам әртүрлі өмір формаларының болуында сан қырлы (көп түрлі). Және Аллаттың арқасында Ғаламдағы барлығы өз орындарында және өздері үшін абсолютті реттілікте (тәртіпте).

Әңгімеде кезекті үнсіздік пайда болған кезде, Николай Андреевич ойлана айтты:

— Сен айтқандардың кей жерлерін түсінуге жақындағанымды сезінемін, бірақ соңына дейін ұғыну үшін әлі терең ойға шому керек. Және бәрібір де қазір менде екі сұрақ туындап тұр. Барлығын түсініп, өз орнына қоюды қалаймын. Сен ертеректе барша дүние По бөлшектерінен тұрады деп айтқансың. Аллаттан да барлығы тұратын болып шықты. Ал қалай түсінуге болады: По өзіне Аллатты қосады ма, әлде Аллат өзіне По-ны ма немесе екеуі бір нәрсе ме? Мен тек ұғынуды қалаймын...

Осы сәтке сай интонациясымен Женька сөзін қосты:

— ...дұрыс (здраво).

Ұжым Женьканың әзіл интонациясына емес, арамызда дәрігерді оның үнемі «мәніне» жетуге ұмтылатынына сай «біздің ұжымның Дұрыс ойлаушысы» деп атайтынына күліп, тағы да гу ете қалды. Ал Сэнсэй біздің көңілді күйімізге назар аудармастан Николай Андреевичке біршама салмақты жауап берді:

— По бөлшегі — бұл алғашқы хаосты құраушы. По Аллатқа қатынасында..., енді саған біршама түсінікті болу үшін былай айтайық... мысалға По дәні құм деп алайық. Аллат — бұл алғашқы Лотос жоспарына сәйкес осы құмды да, осы құмнан жасалған тасты да тудыратын (жасайтын) күш. Түпкі нәтижесі — бұл құм түйіршігінің мінсіз (тамаша) пішіні мен сұлулығы, тас — Лотос көрінісі. Яғни егер Ғалам қатынасында айтатын болсақ, онда По бөлшегі — барша материя құралатын (нәрсе), Аллат — осы алғашқы материяны құрушы, барлығын реттеуші (тәртіпке келтіруші), қозғалуға, орын ауыстыруға, алғашқы Лотостың белгілі бір жоспарына сәйкес түрленуге итермелеуші. Ал Лотостың өзі құдайы гармония мен сұлулықтың көрінісі.

— А-а-а, — деп созды Виктор. — Аллат пен Лотосқа байланысты түсінгенім бойынша біздің өмірімізде болатын процеске ұқсас: Құдайды біздер көрмейміз, бірақ үйлесімділік пен сұлулықтың көрінісі арқасында бұл әлемде Жаратушының барын сезінеміз.

— Иә, — деп Сэнсэй растады.

— Жақсы. Бұл түсінікті, — деп Николай Андреевич басын изеді. — Ал енді басқа сұрақ. Менің түсінгенім бойынша екі жасампаз (творчествалық) күш бар: жоғары рухани негіз — Лотос және барша материя негізі болған күш — Аллат. Егер осы әлем, мен Ғаламды меңзеп тұрмын, жасампаз (творчествалық) күштердің арқасында құрылса, барша материяның негізінде Аллат жатса, ендеше қирату күші, зұлымдық қайдан пайда болады?

— Дәрігер бар мәселе сіздің стандартты ойлауыңызда, — деді Сэнсэй жымия. — Сен қирату деп түсінетіннің артында, галактиканың күйреуінен бактерияның өлуіне дейінгісі — бұл жай эволюция процесі, оның ішінде биологиялық тіршілік иелерінің өзін-өзі сақтау инстинктісі, олардың өмір сүру үшін күресі түрінде де бұл көрініс береді. Аллат күші әсер етіп тұрғанда бір материяның, энергияның тарқауы (жойылуы), екінші материя формасының, энергияның пайда болуына әкеледі. Жай ғана бір күйден екінші күйге ауысу. Немесе нақтырақ айтатын болсақ, **Аллаттың өзгермелі тұрақтылығы (изменчивое постоянство Аллата)**. Өйткені барша планеталар, галактикалар, тіпті сен тірі емес материя деп санайтын тастың өзі — шын мәнінде тірі, биологиялық, саналы тіршілік иелерін айтпағанның өзінде. Тек әр материя түрінің өз өмірі болады. Оларда да атомдар, ядроны айналып жүретін электрондар бар. Тірі болсын, тірі емес болсын, барша материя — нақтылы уақыт периодында Аллаттың арқасында басқа материя күйіне айналатын, белгілі бір элемент сандарының жай ғана түрлі комбинациясы, одан артығы емес.

Ал зұлымдық пенделік (адамдық) әлемнің көрінісі. Жануарлар, өсімдіктер мен тастан адамның айырмашылығы, ол шекті материя әлемі мен шексіз руханият әлемі арасында таңдау жасай алатынында. Адамда басқа жануарларда болатын сананың жанама әсері болып табылатын тәкаппарлық, өзімшілдік, өзінсүйгіштік болады. Бірақ оның еркі мен таңдауы бар және өзінің жасаған ісіне өзі жауап береді. Рухының арқасында

мәңгілікке айналады, болмаса материя секілді уақытша тіршілік. Яғни оған таңдау құқығы берілген: рухы толық аннигиляцияланып топыраққа айналу немесе рухымен мәңгілікке кету. Аллаттың көрініс беруі, мен адам өмірі түріндегі уақыт аралығын (уақытша) меңзеп тұрмын, адам үшін иллюзия. Адамдарға барлығы әлі алдыда секілді көрінеді. Бірақ шын мәнінде өзіне солай көрінгенге қарамастан, адамда уақыт әлдеқайда аз, оның үстіне бұл сферада. Уақыт бір сәттей зымырап өте шығады және осы қас-қағым сәтте дұрыс таңдау жасап үлгеру қажет. Сондықтан зұлымдық тек адамға тән (құбылыс) және ол адамның екі негізді болуы мен қате таңдауынан.

Николай Андреевичтің сұрауларынан кейін Костя ақылсымақ болғысы келгені анық, өзінің «принципті» сұрағын қойды:

— Сэнсэй, сіз Аллат — бұл әйелдік негіз (женское начало) деп айтқан секілді едіңіз. Бірақ лезде «ол пайда болды» (он проявился), «ол әсер етті» (он действовал) дейсіз... Сонымен ол әйелдік «ол» ма, әлде еркектік «ол» ма (Так это всё-таки он или она)?

Сэнсэй күлді де жігіттен сұрады:

— Ал электр тоғы — бұл еркектік «ол» ма, әлде әйелдік «ол» ма (это он или она)?

— Еркектік «ол», — деп Костя сенімді жауап берді. — Өйткені тоқ сөзі мужской род.

— Ал найзағай (молния) ше?

— Әйелдік «ол» (она).

— Бірақ найзағай (молния) дегеніміз электр тоғының разряды емес пе.

Естігендерін ақылына салғысы келгені анық, Костя қабағын түйді. Бұл кезде Женька өзімен-өзі талдауын естірте айта бастады.

— Енді иә, найзағай (молния) — бұл женский род. Найзағай (молния) — бұл электр тоғы. Ал тоқ — мужской род.

— Және осы жерде тығырыққа тіреліп, Сэнсэйге жалбарынған көздерімен қарады. — Сэнсэй, енді сен тағы да осылай жауап беріп отырсың. Мен енді ғана бір нәрселерді түсіне бастап едім.

Басқаларымен күлген Стас досының иығына қолын қойды да айтты:

— Оған еш басыңды қатырма. Сен физиканы оқыдың ба? Тоқ дегеніміз не? Ол қуатталған (зарядталған) бөлшектердің бағытталған қозғалысы. Бұл шартты анықтама. Электр тоғының шын мәнінде не немесе кім екендігін әлі күнге дейін жарытып ешкім білмейді. Ал егер оның не екені туралы түпкі ақиқат беймәлім болса, ендеше оның қандай жынысты екені де белгісіз болып қала береді.

Барлық ұжым Стастың күлкілі трактовкасына тағы күлді. Тек жалғыз Николай Андреевич біздің әзілге назар аудармастан, ойланған күйде отырды. Және күлкі басылған кезде ойын айтты:

— Аллаттың өзгермелі тұрақтылығы (Изменчивое постоянство Аллата)... Хм, біршама қызықты түсінік екен... Демек, Аллат туралы білім жоғалған болғаны...

— Енді, жоғалған деп қалай айтуға болады, — деп Сэнсэй иығын көтерді. — Толықтай емес әрине, бірақ қалғаны — болғанының түйіршіктері... Аңыздар, мифтардағы үзік-үзік мағлұматтар танымастай бұрмаланған. Бірақ бұл түсінікті де. Біріншіден, Ғаламның пайда болуын айтуда, ассоциативті түсіндірмелер қолданылған. Мысалға, тіпті азда болса ғарыш ортасы туралы түсінігі болмаған адамға, осында, Жерде көргенімен салыстырып түсіну үшін, алғашқы хаос ұшықиырсыз (безбрежный, жағасыз) мұхит ортасы деп түсіндірілді. Немесе Ғаламның пайда болуын жұмыртқа және бұл әлем пайда болған оның ішіндегі субстанция түсінігімен ассоциациялаған. Су көбіне әйелдік негіз, аналық жатырға ұқсас түрінде (материнского лона) және де әлемдік жұмыртқаны ұрықтандырушы рөлінде болған. Аллатты барлық нәрсенің Анасы (Праматерью) ретінде салыстыра бастаған, себебі әйелдік негіз күшінің көріну түсінігі, «Уақыт бастауын» (Предтеча

времени), «Құдай еркінің іске асуы» деген анықтамаларға қарағанда, ана (шеше) мысалында адамға жақын әрі түсінікті болған. Ал кейін, әрине Ариманның көмегінсіз емес, Аллат сөзінің өзі «жақсырақ ұғынықты болу» үшін түрлі халықтардың мағынасы ұқсас есімдерімен алмастырылады, ал шын мәнінде бүтін әрі толықты жекелеген шатастырушы көп бөліктерге талқандалды.

— Иә, бұл оның қолынан жақсы келеді, — деді әзілмен Виктор.

Балалар көңілсіз жымыды.

— Ал ол халықтар Лотос туралы білген бе? — деп сұрады Костя.

— Сөзсіз. Лотос қазірде әйелдік принциппен байланысты жасампаздық күшінің, тазалықтың, руханияттың, ғарыштық өзін-өзі тудыру мағынасының, өмір қайнар көзінің, құдайы (болмыс) ретіндегі мәңгілік туылудың, адами тылсым (сверхчеловеческое), мәңгілік өмір сүру мен мәңгілік өмірге қайта тірілу символы ретінде де қабылданады. Лотос гүлі құрылымы әлі күнге дейін әйелдік және ер негіздердің өзара байланысын символдайды. Әртүрлі халықтардың космогониялық аңыздарында, лотос әмбебап жасампаздық принциптері тұрғысында біршама жиі айтылған. Тек Лотос таза рухани түсінікке жатқызылған, сондықтан ол туралы білім азды-көпті сақталған. Ал Аллат физикалық құрылымды көрсеткен және ол туралы білімдер көбінде материяға жатқызылған. Сондықтан бұл білімдер тез жоғалған, қарапайым пенделік ақымақтық пен эгоцентризм (тәкаппарлық, өзімшілдік) кесірінен: біреулері оны өзіне таңса, енді біреулері жай ғана жасырған және сол сияқты. Айтпақшы заманауи «кім ақпаратқа ие болса, сол әлемді билейді» деген мәтел, кейбір мағынасында тамыры ежелден бастау алады. Өйткені басында «Кім Аллатқа ие болса, сол әлемді билейді» («Кто владеет Аллатом, тот владеет миром»), сәл кейінірек «Кімде тағдыр тақтайшасы болса, сол әлемді билейді» («Кто владеет таблицами судеб, тот владеет



миром») деген сөздер болған. Және осылай «ақпаратқа» дейін жеткен.

— Ал ол қандай тағдыр тақтайшасы (А что за таблицы судеб)? — деп сұрады Юра.

— Қазір айтамын. Оған көрсеткіш ретінде Аллат туралы ежелгі шумерліктердің білімі қалайша өзгергенін және осының арқасында біздердің қолымызда бүгінде не бар екені айқын мысал. Шумерліктер Тигр мен Еврат өзендері алқабына өз мәдениеттері, білімдерімен келеді. Оның ішінде Аллат туралы түсінікті қосқан, әлемнің пайда болуы туралы да білімдер болды. Өз білімдерін ұрпақтан-ұрпаққа ауызша жеткізіп отырған, маңыздыларын пиктографиялық жазбаша мәтіндерге (пиктографическими письменными текстами) түсірген. Біздерге жеткен шумерлік мәтіндердің негізгі массасы, біздің заманымызға дейінгі III мыңжылдықтың аяғы мен II мыңжылдықтың басындағы дүниетанымды (әлемді түсіну) сипаттаған жазбалар, яғни шумерлік тіл тек құдайға құлшылық тілі ретінде (ғибадат) зерттелген уақыттар. Ол замандарда шумерліктердің территориясында аккадтықтар орныға бастаған.

— Ал олар кімдер? — деп сұрады Андрей.

— Аккадтықтар — бұл шумерліктерден бірнеше ғасыр кейін Екі өзен аймағының солтүстігіне қоныстанған семиттер (семиты). Кейін олар Екі өзеннің (Двуречья) оңтүстігін де өз ықпалдарына көндіріп, сол жерлерді біріктіріп, «Шумер және Аккад патшалығын» құрады. Кейінірек, Вавилонның көтерілуімен бұл жерлер Вавилония деп атала бастайды.

— Енді иә, шумерлік Екі өзен (Двуречья) тарихы, «көршілердің» көмегінсіз емес, біртіндеп семиттік халықтардың тарихына ауысқан болып шығады, — деді Володя.

— Шын мәнінде аккадтықтар, шумерлерден анағұрлым дамыған мәдениет пен білімдерді қабылдаған (алған), оның ішінде әлем (дүние) туралы да білімдер бар, — деп Сэнсэй әңгімесін жалғастырды. — Және тек қабылдап қоймай, өздерінің түсініктеріне сай оларды ыңғайларына келтіріп өзгертіп,

түсіндірулері, комментарияларымен толықтырады. Оның үстіне заманауи аудармалардың дәл болмауы, кейбір ежелгі сөздердің этимологиясының ғалымдар үшін түсініксіздігі, сол ғалымдардың өздерімен болжанған нұсқаларын қосуға әкелді. Бірақ тіпті осындай бұрмалау пердесінің өзінен де келесідегідей сөздерді көруге болады...

Шумерлік космологияға сәйкес басында барша әлем кеңістігі мұхитпен толған. Оның қойнауында барша нәрсенің (бас) Анасы (Праматерь) — Намму жасырынған. Оның құрсағында (в чреве) аспан (Ан) мен жерге (Ки) бастау берген ғарыштық тау пайда болған. Барлығының (бас) анасы-құдайы әйел Наммудың тұрақты эпитеті «барлық құдайларға өмір сыйлаған ана», «аспан мен жерді жаратушы ана» болды. Ең қызығы аккадтық мәтіндерде ол кездеспейді, себебі ол жерде ендігі аримандық идеяның іске асуы — ер (еркектік) негіздің басымдылығы жүріп жатты. Басқа шумерлік аңызда хаос қаупі Энлильдің туылуымен пайда болады. Назарларыңызды «лиль» элементі жай «жел» дегенді ғана емес, «ауаның үрленуі» (есуі, лебі, «дуновение воздуха») дегенді де білдіретініне аударғым келеді. Шумерліктердің түсінігінде оның бастапқы (ауалы, желді), былайша айтқанда субстанциясы, ғарыш кеңістігін алғашқы толтыру және қозғалыстың алғашқы тасымалдаушысы болды.

— Ауаның үрленуі (лебі, есуі, дуновение воздуха), алғашқы толтыру, — деп Виктор ойлана қайталады да лезде шабыттана айтты: — Оларға Ғаламның «көпіршігінің» үрленуі (толуы) туралы белгілі болғаны ма?

Сэнсэй тек құпия жымыды да әрі қарай жалғастырды:

— Ертеректе шумерлерде басында «барлығында бар өмірлік күшті» (всеприсущую жизненную силу) білдірген, кейінірек адамның өмірлік күші деңгейіне дейін дербестендірілген, Алад деп айтылған, Аллат деген түсінік болған. Аккадтық нұсқасында бұл Шéду деп айтылды (естілді) және алғашқы аңыздарда адамға бейтарап жын (демон) типі

ретінде түсіндіріледі. Ал ескі вавилондық периодтың соңына қарай әрбір адамның қорғаушы мейірімді рухтардың бірі ретінде құрметтелген. Бірақ ең қызықтысы адам фантазиясы, әсіресе Ариманның дүниетанымы ықпалында қарқынды жұмыс жасайтын, ақиқатты мағынасының бағытында тура кері бағытқа айналдырып жіберуінде. Сонымен, аккадтық шеду еврейлік Шедум-ға айналады, онымен (атымен) ендігі ескі өсиет аңыздарында адамдар оған жануарлар мен тіпті өз балаларын құрбандыққа шалған, зұлым рухтарды, жын-шәйтандарды (демон), әзәзілдерді атайды. Олар туралы зиян тигізушілер, ессіздік пен дуалануға әкелетін, сиқырға үйретуші деп айтылады.

Шумерліктерде тағы да бір кездері Аллат күшінің көрінісі сипаттамасына жатқан «ме» деген қызықты түсінік те болған. Шумерлік аңыздарда Ме туралы оған ие құдайларға көп күш пен билік беретін құдайы құдіретті құпия күш ретінде айтылған. Шумерлердің Ме түсінігі, әлем қозғалысы мен әлемдік оқиғаларды анықтаған, аккадтық «тағдыр кестесі» (таблицах судеб) туралы түсінікке ауысқан. Бұл кестеге ие болу әлемдік билікті береді деп айтылды. Оның үстіне аккадтық космогониялық «Энума элиш» поэмасында алғашқы кесте деректеріне Тиамат әйел-құдай, кейін Кингу және Мардук ие болған.

Сол уақыттағы агрессивті еркектік негіз күшінің басымдылығын ескере, Ариман «саясатының» көмегінсіз емес, алғашқы естеліктер (аңыздар) ендігі мүлдем басқа жағынан интерпретацияланды. Сонымен аккадтық аңызда Тиамат («теңіз») хаос әлемінің бейнесі, алғашқы табиғат күші тұрғысында көрсетіледі және сонымен бірге жұбайы Апсумен бірге алғашқы құдайларды жасаушы ретінде де бейнеленген. Айта кету керек, аккадтық және әсіресе вавилондық периодтарда әйелдік негіздің рөлі, тіпті аңыздарда да, қатты азайып, минимумға жеткізіледі. Оны сіздер әйел құдайлардың маңыздылығының жалпылай азаюы және тек өздерінің құдайы ерлерінің жары ретіндегі екінші деңгейге рөлдерінің түсуінен

байқай аласыздар. Сонымен, әлемнің пайда болуы туралы вавилондық аңыз нұсқасына сай алғашқы шексіз мұхитта тек екі қорқынышты құбыжық — үлкен ата Апсу мен үлкен ана Тиаматтан басқа ешнәрсе болмаған. Вавилондықтар оны, мақсаты өз кезегінде құдайлары Мардукты көтеріп, оны ежелгі құдіретті күштердің, оның ішінде шумерлік құдайларда бар-мыс, тікелей, заңды мұрагері ретінде көрсету болған аккадтық «Энума элиш» поэмасынан алған. Осы поэмада аккадтықтар шумерлік түсініктерге қарағанда өз жаңашылдықтарын қосып, ескі және жаңа құдайлардың шайқасын сипаттауы, ежелгі тәртіп пен күшті зорлық-зомбылықпен құлату, билікті күшті алады деген негізгі аримандық идеяны белгілеуі кездейсоқтық емес. Оның үстіне бұл поэмада, қалған құдайларды үстінен жоғары құдай болу құқығы үшін ғана қорғауға келіскен Мардук бастаған кіші құдайлардан, үлкен құдайларды бастаған Тиамат жай ғана жеңіліп қоймайды. Ол Тиаматты қатыгездікпен өлтіріп, тәнін бөлшектеп тастайды. Одан аспан мен жер пайда болады (құрылады). Мардук вавилондық пантеонның орталық (бас) құдайына айналады. Бірақ ең қызығы хаос туралы Бытия кітабында және кейбір басқа Інжіл бөлімдерінде сақталған аңыздың інжілдік нұсқасы да вавилондық үлгіде (нобайда) жазылады. Сол «әлемдік тұңғыық» (мировая бездна) — ежелгі еврейлік tēhōm сөзінің аудармасы және ол аккадтық Tīamat сөзіне тумалас.

— Иә, — деп Володя күлді. — Міне саған Мардук, барлық Мардуктарға Мардук!

— Айтпақшы, Мардук — бұл кейінірек Вавилонда барлығы тағзым еткен (құлшылық) «алтын бұзауға» айналған, «күн бұзауы» дегенді білдіретін аккадтық атау. Оны Мар-Дуку — «Дуку ұлы» деп те атаған. Тағы бір айналдыру. «Дуку» сөзі шумерліктерде тура аудармасында «қасиетті дөң» (төбе), құдайлар өмір сүрген, яғни Әлемдік тауды білдірді. Вавилон пайда болған кезде, «құдайлар мекені» (жилища богов) Вавилонның шығыс шетіне жатқызыла бастайды. Ал енді жаңа

вавилондық мәтіндерде Дуку — бұл «құдай тағдырды шешкен» (бог определял судьбу) Вавилон қаласындағы Эсагила, басты Мардук ғибадатханасының орны деп нақтылы көрсетілді.

— Эсагила? — деп Виктор қайталай сұрады.

— Кейінірек Ариманның «жатақтарының» бірі болған орын (жер). Және оларда Мардук жоғары құдайы болмысқа жатқызылған, оған «құдайлардың әміршісі», «құдайлардың әкесі», «құдайлардың соты» (төрешісі) деген эпитеттер жабыстырған.

— Міне қалай, ал адамдар оған сенген, — деп Татьяна өкінішпен басын шайқады.

— Қазірде көптеген адамдар өз діндерінің шыңында нақты кімдердің тұрғанын білмейді және өздеріне «шопандары» әкеліп бергенді, оның ішінде өз тәнінде жұмақта материалды қайта тірілуде бар, сол идеологияға сенулерін жалғастыра береді. Бірақ мәні осы барлығының артында кімнің тұрғанын білетін немесе білмейтінінде емес. Мәні егер сен рухани тазалықта Жаратушыға жүрсен, ендеше саған осы жердегі батпақтың ешқандай да ластығы (балшығы) жабыса алмайды. Себебі таза ниет, адамдарға көмек, рухани махаббат пен рухтың Жаратушыға ұмтылуы — бұл лотос гүліндегі секілді қорғаныстың дәл өзі, адам рухының жетілу уақытында дүниелік батпақтың ластығынан алғашқы аппақ тазалығында қорғаушы. Мынадай ежелгі шығыс даналығы бар: «сенген жүрегі, махаббатқа толы және таза ниетімен Жаратушыға сенуші (жүруші), ажал құшпайды» («Всякий, кто с доверчивым сердцем, полным любви и чистых помыслов прибегает к Богу, не погибнет»).

Сэнсэй кішкене үнсіз қалды да, кейін өзінің қызықты әңгімесін жалғастырды:

— Сонымен, Ме түсінігіне қайта оралсақ. Назарларыңызды ежелгі шумерлік Энмешарра есімді тағы бір құдайы болмысқа аударғым келіп отыр. Шумер тілінен аударғанда ол «барлық Ме-лердің әміршісі» (владыка всех Ме) дегенді білдіреді. Және Энмешарра жұбайы Нинмешаррамен

бірге ежелгі әрі құрметтелген Ана (аспан) құдайы мен оның ұлы Энлиль-дің ата-бабалары саналған. Бір қызығы бұл жұптың жеті баласы болған деген естелік сақталған. Шумерлік «имина-би» — «олар жетеу» (их семь).

Аллат болмысы туралы естеліктерді басқа да ежелгі халықтардан табуға болады. Мысалы сол баяғы Ежелгі Мысырды алып қарайық. Ежелгі мысырлықтардың дүниетанымына сай, алғашқы әлем хаосты білдірген (тұрған), барлық тіршілік пайда болған алғашқы Нун деп аталған су тұңғыығынан (иірімінен, пучина) тұрған. Заманауи аудармаларда онда үш ипостасия қосылған деп айтылады: ғалам жасаушы (творца вселенной), құдайлар әкесі және рухани күш. Яғни қарапайым сөзбен айтатын болсақ — Құдай, Лотос және Аллаттан.

Айтпақшы Шамбала белгісінде лотос гүлі белгіленген, оның ішінде қиық пирамида орналасқан және жоғарысында үшбұрыш бар — пирамида шыңында ішкі көз орналасқан. Көз — бұл Құдайдың барлығын көруші окосы (көзі). Ал үшбұрыш ол Ғаламның пайда болуындағы осы үш негіздің қосылуын білдірген... Үштік негіз арқылы Ғаламның пайда болуын түсіндіру, көптеген діндерде айтылған Үштік (Троица) бейнесін тудырған. Адами қабылдауға адаптациялаудан бұл Үштікті басында құдайы отбасы ретінде түсіндірген: Әке, Ана және Ұлы (Баласы). Бірақ кейін адамдар әйелдік негізді алып тастап, оны Қасиетті Рух (Святой Дух) түсінігімен алмастырған. Бұл бүгінгі күнге дейін сақталды... Құдай, Лотос және Аллат мағынасындағы үштіктің мәні, бұл үш күштің қосылуы микро деңгейден макро деңгейге дейінгі мүлдем жаңа тіршілік формасының пайда болуына әкеледі. Уақыт өте осы анықтамалардан діни басшылар өздерінің жақын «мұрагерлеріне» дүниенің ең ұлы құпия мәні ретінде беріп отырған, жасанды ұлықталғанды жасайды. Дегенмен бұл жерде құпия ешнәрсе жоқ. Анықтамасын білу, терең түсінігін меңгеру дегенді білдірмейді.

Ежелгі мысырлық аңыздарда Нунаның ішінде, Нунадан барша тіршілікті жасайтын жаратушы (жасаушы) (Атум, Хепри) орналасқан дегенде айтылады. Айтпақшы «хепри» «пайда болған» (туындаған, возникши) дегенді білдіреді және «жаралу» (возникнуть, көріну, туу, шығу), «болу» (произойти, өрбу) сөздерінен туған. Өз уақытында Атум алғашқы хаостан, алғашқы дөң (төбе) ретінде пайда болған, әлемнің жаратушысы, күн құдайы ретінде құрметтелген. Бірақ бұл өз кезегінде күн құдайы Ра туралы ежелгі аңыздардың интерпретациясы. Ал Раның өзі Ежелгі Мысыр құдайлары туралы анағұрлым ежелгі естелік-аңыздардан алынған. Аңыздардың бірінде алғашқы суда дөң (төбе) пайда болады және онда лотос гүлі бүршік жарады. Одан «қара түнекті жерге нұрын берген» ғажайып сәби, күн Ра-сы дүниеге келген. Бұл білімнің басқа интерпретациясында күннің пайда болуын көтерілген төбеде (дөңде) «ұлы Гоготун» құсы салған жұмыртқамен байланыстырады. Осы жерде ескере кететін жайт және менің ойымша бұны білу сіздерге қызықты болады деп ойлаймын, Бытия кітабында әлемнің пайда болуын сипаттауда, шын мәнінде ежелгі бейнелердің бірі қолданылған, ал дәлірек айтатын болсақ әлемдік суға тіршілік беруші (тірілтетін) «құдайы рухтың» келуі. Бұл иудейлік мәтінде жұмыртқа салған құс метафорасы арқылы бейнеленген.

Ал Аллат функциясы ежелгі мысырлықтарда ендігі сіздерге таныс, ақиқат пен тәртіптің әйел-құдайы Маат-қа берілген. Және космогоникалық планда маңыздылығына басты мән берілген: Маат-тың арқасында хаос құртылып және тәртіп орнады деп саналған. Дәл сол құдайы-әйел адам рухы үшін ақиқат тепе-теңдігін сақтаушы (тәннің физикалық өлімінен кейін) болған, соның арқасында оның (адамның) жердегі жасаған ісін бағалау жүрген. Маат тек Ра құдайының қызы ғана емес, даналық құдайы Тоттың да жұбайы деп есептелген. Ал ол (Тот) туралы, әлемнің жаратылуы кезінде дәл сол Тот, көзге көрінбес жасампаздық Күшінің еркін сөзбен жеткізген және бұл

сөздерді «әлем пайда болатындай» етіп айтқан деген естеліктер қалған. Яғни бұл жерде шын мәнінде негізінде Лотос жатқан сол баяғы Алғашқы Дыбыс принципiнiң аңыздағы интерпретациясы көрiнедi... Ежелгi мысырлықтарда хаостан әлемнiң пайда болуы — қайтымсыз процесс деген түсiнiк болған...

Сэнсэйдiң әңгiмесi кезiнде Костя таңғала Андрейге өз ойларын айтып жатты:

— Ал керек болса! Бiр кездерi мен Ежелгi Мысыр аңыздарымен танысуға тырысқанмын, бiрақ шынымды айтсам олар менi таңғалдырмап едi. Алғашқы бiр-екi парағын оқып, қалған беттерiнiң суреттерiн ақтарумен менiң бұл бiлiмдерге деген құмарлығым басылған. Оларды осындай қызықты деп кiм ойлаған?!

— Олай болмағанда! — деп досы iлiп әкеттi. — Қолында әмбебап кiлт бар кезде, — бала Сэнсэйге басымен меңзедi, — алдыңа кез келген бiлiм әлемiнiң есiгi ашылады.

Лезде бiздiң тобымыздың тыныштығын бiрiншi бұзушы деп айтуға болатын Женька, шыдай алмай Володя стилiнде оларға ескерту жасады:

— Эй сендер, «құлып ашқыштар» (медвежатники), эфирдi ластауды доғарындар. Тыңдауға мұрша берiңдер...

Балалар үнсiз қалды. Бұл кезде Сэнсэй ендiгi әңгiмесiн жалғастырып жатқан:

— Бiрақ Аллат туралы бiлiмдер тек ежелгi шумерлiк және ежелгi мысырлық естелiктерде ғана сақталмаған. Олар ежелгi үндi аңыздарында да көп. Әлемнiң ведалық картинасына сай, басында ешнәрсе болмаған. «Бiрегей еш үрлеусiз дем алып және одан басқа ештеңе болмаған» («Без дуновения дышало Единое, и ничего кроме него не было»). Бостықта болған (қамалған) бұл Бiрегей, әлемнiң негiзiнде жатқан ғарыштық ыстықтың күшi (қапырық) Тапас-пен (Тарас) пайда болған. Жаратылған дүниенiң бастапқы қайнар көзi ниет (тiлек) болды. Басында ғарыштық сулар болған. Жер мен Күн су бетiнде жүзген



Лотостан пайда болған. Басқа бір интерпретациясында судан алтын жұмыртқа пайда болып, одан жер мен аспанды тіреп (қолдап) тұрған, кеңістікті өлшеуші, өмір мен күшті берген, жасампаз-құдай Праджáпати пайда болады. Ведаларда Аллаттың көрінісі «барлық тіршілікті қамтитын, жалғыз (тек бір)» «өз әкешесінің ата-анасы» («родитель своих родителей») деп аталған Пуруша кейіпкері арқылы сипатталады. Ол әйелдік негіздің сипаты болған Вирадждан шыққан, ал өз кезегінде Вирадждың оның (Пурушаның) қызы болған. Ол барлық жерде бар және барлық тіршілік одан тұрады деп те айтылады. Аллат, құдайлар мен адамзат әлемінің барлығын тудыратын Алғашқы (Бас) Ана — құдайы-әйел Áдити кейіпкері арқылы беріледі (ежелгі үнді тілінде á-dítī, ол «шекарасыз» (шексіз, безграничность) дегенді білдіреді). Оны ауа кеңістігін толтыратын жарықпен байланыстырған.

Кейінірек ведалық Праджáпати-ді индуистік құдай Брахмамен ұқсастыра бастайды. Брахма индуизм дінінде жоғары құдай (құдайы болмыс), әлемді жасаушы ретінде саналады. Ескі ведалық үштік құдайларының орнын (Агни, Сурья және Индра), жаңа үштік құдайлар бейнесі (Тримурти) басады: Брахма — Ғаламды жаратушы, оны сақтаушы — Вишну, оны қиратушы — Шива. Назарларыңызға алыңыздар, ежелгі үнділік Brahṁā сөзі, «негіз», «тірек» дегенді білдіретін brahman сөзінен шыққан. Ал соңғысын өз кезегінде үнді-еуропалық «үрлену» (вздуваться), «ісу» (быртию, вспухать) мағынасын берген — bhelg'h сөзімен салыстыруға болады.

— Үнді-еуропалық? Ал бұл жерде Еуропаның не қатысы бар? — деп Руслан түсінбей сұрады.

— Қатысы бар, себебі индуизм, веда діндерінің негізінде пайда болды. Ал веда діні өз кезегінде Индостанның ежелгі үнділік жергілікті (байырғы) халқы мен біздің заманымызға дейінгі екінші мыңжылдықта осы жартылай аралға қоныс аударған, ежелгі арийлық тайпалардың дүниетанымдарының қосылуынан дүниеге келеді. Айта кетейін Индостанның байырғы

жергілікті халқы арийлық замандарға дейін-ақ әлемнің пайда болуы туралы білімдерді ғана емес, рухани практикалармен де таныс болған. Оның ішінде «Лотос медитациясы» да бар және сол кездің өзінде құдайларын (құдайы болмыстары) лотос позасында отырған кейпінде бейнелеген.

Енді былай, сол ведалық (веданты) діни-философиялық ілімге сәйкес (индуизмнің алты ортодоксальды жүйесінің бірі) Брахман — бұл кейіпсіз құдай (құдайы болмыс), әлем негізінде жатқан, жалғыз шынайылық болып табылатын абсолют. Ал индуизмде Брахма (әдетте лотос көзді, төрт бет-әлпетте, түрлі символды, оның ішінде лотос гүлі де бар, сегіз қолды кейіпте бейнеленеді) барлық тіріні жасап қана қоймай, өзі бақылайтын, бағыттайтын және басқаратын әлемдік тәртіпті де құрады. Яғни ол өмір сүру творчестволық принципінің көрінісі, қарапайым сөзбен айтсақ алғашқы Лотос жоспарына сәйкес, Аллаттың көрінуі. Брахма медитацияға енген күйінде Брахмалоктағы ұлы Меру тауының шыңында болады деп саналады, яғни жоғары жұмақ немесе жетінші аспан деп саналатын, оның ең жоғарғы аймағында — «ақиқат әлемі», «нұр әлемі» дегенді білдіретін сатьялока да, «Брахма әлемі», «Брахма мекендерінде» (обители Брахмы). Аңыздарға сәйкес, Брахма өмірі басқа құдайлардың өмірлерінен асып түседі және оның мерзімі Ғаламның өмір сүруінің хронологиялық шеңберін анықтайды. Брахма өмірінің соңында махапраляя келеді — ғарыштың ұлы жойылуы, жоқтыққа (небытии) сіңісу (ыдырау). Бірақ алғашқы білімдерде болмаған қайта туылу циклы туралы адамдардың өздері жазған. Бұл енді адамдардың өздерін жұбататын жорамалдары ғана.

— Иә, адамдар айналдырып-кері айналдыруды біледі, — деді Виктор басын қолына сүйеп. — Себебі басында нақты әрі түсінікті болды емес пе. Жоқ, барлығын қиындатып, айналдырып, бұрмалау, барлығын өз білгеніне салып өзгерту.

— Угу, — деп Андрей онымен келісті, — тек есімдердің өзі қаншама, миың ісіп кетердей.

— Иә, шыныменде есімдері жетерлік, — деп Николай Андреевич бір нәрсе туралы ойға батып, баяу айтты. — Ал «Аллат-тың» өз атауы, тек шумерліктерден басқаларында сақталмағаны ма?

— Олай емес, естеліктер қалған, — деп жауап берді Сэнсэй. — Мысалға исламға дейінгі замандарда Аравия арабтары Аллат деп аталатын аспан мен жаңбырдың әйел-құдайын қастерлеген. Ал Сирияның шөл даласындағы арабтардың құдайлар пантеонында, Аллат тіпті Алланың (Аллахтың) жары және құдайлар анасы болып саналған. Кейбір арабтық тайпалар Аллат-ты Күн әйел-құдайы ретінде құрметтеген, бірақ көбіне оны Венера планетасымен байланыстырған және Махаббат әйел-құдайы ретінде теңестірген (ұқсастырған). Айтпақшы Аравия түбегіндегі оның басты культ орталығы болып Таиф қаласы саналған. Ол жерде оның ғибадатханасы «қасиетті территория» болған. Және арабтар мысалы Үндістанда болғандай әйел-құдай бейнесіне табынған жоқ, олар Аллат байланысты деп санаған қасиетті әшекейленген ақ гранит тасқа тағзым еткен. Исламның пайда болу замандарында Мұхаммед таифтік ғибадатхананы қиратқан, бірақ сол территориядағы ағаштарды кесуге және аңшылық жасауға тиым салған. Онымен қоса ол Аллаттың құдайы табиғатын мойындаған, бірақ Құранға сай (53:19-23) кейінірек Мұхаммед оны жоққа шығарған.

— Аллат арабтарда құрметтелген?! — деп осы сөздерді естуді мүлдем күтпегендей, Николай Андреевич таңғалды.

Ал Сэнсэй оның жағына сәл иіліп, одан бетер қызықтыратын үнімен жауап берді:

— Мен саған одан да көбін айтайын. Бүгінде лингвистер «Аллат» сөзі, олардың пікірінше, тыйым салынған тәңір есімінің орнына аталған деген болжам жасап, ол «әйгілі құдай-әйел», «бұл құдай-әйел», «басымырақ құдай-әйел» («богиня по преимуществу») дегенді білдіретін белгілі бір артикль мен жалпы есімінен (тұрақты, нарицательного) тұратын «илахат» («құдай-әйел») сөзінен пайда болған деп жорамалдайды.

Айтпақшы, осындай сызбада олар «Аллах» сөзін де трактовокалауға тырысады. Бірақ Аллатқа байланысты лингвистерге бастапқы (исконный) ежелгі аңыз-естелік белгісіз.

— Енді, Сэнсэй, — деді Володя таңғалыспен, құдды бір Сэнсэй қандай да бір ерекше жаңалықты айтқандай, — сен мені Шығыс білімдеріңмен тағы таңқалдырдың! Осындайды ешқашан естімегенім анық.

— Бұл жерде таңғаларлық несі бар? — деп Сэнсэй иығын көтерді. — Аллат туралы жалпақ тілмен айтатын болсақ, Ежелгі Шығыстың барлығы дерлік білген. Мысалға Қытайда барлық заттар мен адамдарды жаратушы (жаратқан) болып саналатын Нюй-ва түпкі тек (ата тек, прародительница) туралы біршама ежелгі аңыз белгілі. Немесе Лао-цзы-ның «Дао Дэ Цзин» кітабын алып қарайық. Кітапта, хаоста аспан мен жер пайда болмай тұрып, Аспан астының анасы деп санауға болатын пішінсіз Дао дүниеге келген деп айтылады. Және осы Дао адам — аспан — дао — жаратылыстық (естественность, табиғилық) тізбегінде творчестволық ұйымдастырушы ретінде әрекет етеді... Ал жұрт арасында қарапайым халықтың қабылдауына бейімделген басқа сипаттағы ауызша аңыз таралған. Егер сол баяғы Қытайды алып қарасақ, біздің заманымыздың үшінші ғасырында, Ғалам алғашында тауық жұмыртқасына ұқсас болған деп айтылған аңыздар болған. Және алғашқы баба (первопредок) Пань-гу туылған (бұл жерде «пань» «тағам» деп аударылады, ал «гу» — «ежелгі»). Оны табиғат құбылыстарының пайда болуымен байланыстырған.

Балалар күлді, ал Николай Андреевич айтты:

— Иә, алғашқы білімдерді адамдардың осыншалықты айналдырып жібергені таңғаларлық емес. Өте көп нәрсе кімнің айтқаны, кімге айтып жатқанына байланысты.

— Өте дұрыс, — деп онымен Сэнсэй келісті.

Осы кезде Сэнсэйдің әңгімесін құмарта тыңдап отырғаны анық, Руслан шыдамсыздана сұрады:

— Енді, әлгі Пань-гу туралы не болды? Осының барлығы немен аяқталды? Ғаламды жасаумен бе?

Сэнсэй білінер-білінбес жымыды да, айтты:

— Немен аяқталды? Аңыз бойынша Пань-гу дүние салған кезде, оның тәнінің бөліктері нақты ғарыштық құбылыстар мен рельеф элементтеріне айналады: демі желге, шаштары — шокжұлдыздарға (созвездия), көзі — күн мен айға, тәні — топыраққа, аяқ-қолдары — тауларға, денесіндегі шаштары — ағаштар мен шөптерге. Ал тәнінде өмір сүрген паразиттер, адамдарға айналады.

Соңғы естіген сөздерінен біздің барша ұжым күлкіден жарыла кетті. Ал Стас күлкі арасынан Женька мен Руслан жаққа қарай басын изеп:

— Міне, міне! Түпнұсқа мәтінді бұрмалап, кімнің кімге айтқанына мен тіпті саусағымды шошайтпаймын, — деді.

Стастың сөздерін дарытпай, Женька лезде осы көңілді толқынды іліп әкетті:

— Ендеше керісінше, қуансаңшы! Әлемде осындай қайталап айтушы-сөйлегіштер бар кезде, — және осы сөздерінде кеудесін тәкаппарлана көтеріп, — әлем әлі ұзақ уақыт және күлкіден азаппен өлетін болады! — деді.

Бұның артынан бір эзілден бір эзіл туып, оның үстіне күлкілі болғаны соншалықты, біздер тағы да тоқтаусыз бес минуттай күлдік. Тек Николай Андреевич Сэнсәйден бір нәрселер туралы сұрап, ал ол жауап беріп жатқан кезде ғана тынышталдық. Балалар бұйрық бергендей басылып, әңгімеге құлақ түре бастады, ешкімнің ең қызықтыны жібергісі келмеді. Пайда болған тыныштықта Николай Андреевич ендігі Сэнсәйге өзінің кезекті ой тұжырымын айтып жатты:

— ...білім кездейсоқтық емес. Оның үстіне ол біршама жоғары дамыған өркениет Фаэтоннан берілсе.

— Сөзсіз. Аллат көрінісі көп. Ғылыми түсінікте Аллат — бұл барша материя үшін орасан зор мағынаға ие, бүтін уақыт бірлігі. Және егерде заманауи жер уақытын білдіретінді алатын

болсақ, ендеше аллат 12 минутты құрайды, нақтырақ **11 минут 56,74 секунд**. Ғалымдар осы маңызды бөлшектің — Әлемнің (Мироздания) негізгі кірпіші деп айтуға болатын іргетасы түсінігіне жетсе, бұл ғылымдағы орасан зор революция ғана емес, бұл толық бір эволюциялық секіріс болады. Сол кезде ғалымдар уақыт құпиясы артында не жасырылғанын түсініп, Ғалам материясының шын пайда болу процесін ашады. Егер адамдар аллат негізін тани алса оларға аса үлкен мүмкіндіктер ашылмақ.

— Мысалға?

— Мысалы, әзірше адамдар жұлдыздарды зерттеуде бұрынғы әлемдердің жай ғана **өткен** сұлулығын көреді. Бірақ, егер Құдай жазса ғылымның әрі қарайғы дамуымен, Аллаттың құпиясын ашып, адам басқа әлемдердің нағыз (осы шақтағы), шын ұлылығын көре алады. Ал ол дегеніміз Жаратушының ғажайып жаратылыстарының анағұрлым көбін таниды деген сөз.

Женька болса, өзінің көңілді күйінен әлі шықпай, Сэнсэйдің ойларына ілесе алмағыны анық, достарша:

— Ал Сэнсэй, сен тағы да айналдырып жібердің! — деді.

Женьканың осы сөздеріне дейін Николай Андреевичпен сөйлесіп жатқан Сэнсэй, оған салмақты қарады да, кейін күлкімен жауап берді:

— Енді сен гомо сапиенс емессің бе! Сондықтан шығар жолды өзің тап...

Осы сөздерден кейін жігіт ыңғайсыз айтып қалғанын түсініп, кінәліше көзін төмен қаратып, ыңғайлырақ орнығу үшін тыпыршып қалды. Стас досының иығын жеңіл қағып, күлкімен:

— Иә, Сэнсэйдің айтқандарын ұғыну, бұл саған айранды қорыту емес! — деді.

Бұл сөздерімен Костя, Руслан, Юра, Андрей және Славаның тағы да күлкісін тудырды. Бірақ Николай Андреевич күліп жатқандар жаққа біртүрлі жақтырмай қарады да, Сэнсэйге жақынырақ отырып үзілген әңгімені қалпына келтіруге асықты. Біздің балалардың тынышталуын күтпей менде Николай

Андреевичке жақындадым, ал артымнан біздің жаққа қарай Виктор мен Стаста жылжыды. Және біздердің осындай шыдамсыз әрі асығыс қозғалысымыз ұжымды қайта сабасына түсірді. Бұл кезде Сэнсэй ендігі Николай Андреевичке жауап беріп жатқан:

— ...шын мәнінде Аллат түсінігі бір. Бұл сөз негізінде жерден шыққан (пайда болған) сөз емес. Мен айтып кеткендей ол біздерге Фаэтоннан келген. Фаэтонға Сириустан (Сүмбіледен). Тіпті Сириуға да ол анағұрлым жоғары дамыған өркениеттерден жетеді. Өзінің болмысында Аллат жалпылай бірлікті — уақыт бастауын (предтечу времени) білдіреді.

— Бұл қалай? Мен толық түсінбедім, — деді Николай Андреевич Сэнсэйдің айтқандарының мәнін ұғынуға тырысып.

Сэнсэй білінер-білінбес жымыды да, жайдары түсіндірді:

— Міне сондықтанда бірегейді (бір нәрсені) түрлі аспектіде трактовка жасауға тура келеді. Қазіргі заманауи адам ғылым деп тек логика көмегімен түсіндіре алатынды ғана есептейді, ал логикаға сыймағанды — мистика деп лақтыра салады, өзінің «қымбат» санасы ыдырамасы (жарылмасы) үшін. Бірақ адам миы — бұл да материя екенін ұмытпау керек, демек егер адам тек миының мүмкіндіктерін пайдаланатын болса, ендеше ол әлемді қабылдаудың тар диапазонымен шектеледі. Мысалы, егер қазір саған барлығын сол күйінде түсіндіретін болсам, сен менің сөздерімді адекватты қабылдамайсың, онымен қоса осыған дейінгі алған әлгі құнды ақпараттардың маңыздылығын жоғалтасың. Демек сенің позитивті серпілісіңнің (всплеск) төмендеуін және осы сұрақта басқа адамдармен қарым-қатынас жасауыңыздың өзгермелігін ескере отырып, бұл ақпарат шыныменде қажет болғандарға және осылардың арқасында заманауи ғылымды мүлдем озық даму бағытына шығара алатындарға жетпей қалуы мүмкін.

— Жалпы айтқанда сенікі дұрыс, — деп ойға шомып, сөзімен Николай Андреевич келісті.

— Түсінікті іс, — деп Сэнсэй басын изеді де, ендігі барлығына қарап өзінің әңгімесін жалғастырды: — Сонымен біздің Ғалам пайда болған Алғашқы Дыбыс, Құдай сөзіне қайта оралайық. Адам Құдайдың бір бөлшегі болғандықтан, оған таңдау құқығы, оның ішінде ғаламдық таңдау берілген.

— Ал ғаламдық дегенді қалай түсінуге болады? — деп ендігі Андрей қызыға сұрады.

— Қазір түсіндіремін. Периодты түрде, адамзат өркениетінің белгілі бір шырқау сәттерінде, адамдар әлеміне өзінше бір жеребе — Алғашқы Дыбыстың, дыбыстық икемделген формуласы беріліп отырған.

— Кімдермен беріліп отырған? — деп Стас нақтылай сұрады.

— Шамбала Бодхисатваларымен.

— Ал не үшін? — деп таңғалды Руслан.

— Ереже солай және бұл олармен анықталмайды (шешілмейді). Себебі адамдардың ғаламдық таңдау құқығы болуы керек. Дегенмен бұл әрқашанда — үлкен тәуекел. Және сәйкесінше осы Алғашқы Дыбыс формуласын қолданатын адамды таңдау жасаушы үшін де үлкен жауапкершілік. Себебі Алғашқы Дыбыс арқасында адам аса зор күшке ие болады, Алғашқы Дыбыспен жасампаздық та, қиратуда жасауға болады. Ол адамдар «жұмақ пен тозақтың кілттері» деп аталатын күдірет. Барлығы осы «кілттерге» ие адамның ниеті, тілек-қалауларының спектріне байланысты.

— Сен бұл күш жаман қолдарға түсуі мүмкін дегің келіп тұр ма? — деп Володя ойды дамытты.

— Олай болу мүмкіндігі әрине бар. Бұл өркениеттің өмір сүрген барша уақытында икемделген Алғашқы Дыбыс формуласы адамдарға алты рет берілген және алтауында да Құдайға тәубе оны Фазтондағы секілді ғаламдық жаман аспектіде пайдалану болған жоқ. Кері жағдайда бұл монаданың төңкерілуін білдіретін еді, сәйкесінше адамзаттың толықтай жойылуы, тіпті планетаның аннигиляциясы да болуы мүмкін.



— Осының барлығы шыныменде маңызды болғаны ма? — деп Николай Андреевич ойлана айтты.

— Сен ойлағаннан да маңызды.

— Ал Фаэтонда не болды? — деп Костя қызыға сұрады.

— Ақымақтық.., — деді Сэнсэй күйінішпен. — Егер бүгінгі күнімізге тағы қырық үш күн қосатын болсақ, ендеше тура бес мың жүз бес жыл бұрын біздің галактиканың ғажайып планеталарының бірі — Фаэтонның құртылуы болды.

Біздің Философ сол бойда асығыс есептеуге көшті және есебін дауыстай айтты.

— Тәк, бүгін бізде мың тоғыз жүз тоқсан бірінші жылдың жиырма сегізінші маусымы, плюс қырық үш күн және минус бес мың жүз бес жыл. Бұл деген... Бұл...

Бірақ біздің Философ есептеп үлгермей жатып Андрейден ескерту алды:

— Бұл ертеде болған! — деп бала рұқсат бермегендей үнімен айтты, Костя өзінің философиясын тоқтатып, тыңдауға кедергі болмасын дегені анық.

Бұл сөздеріне Сэнсэй жауап берді:

— Неліктен ертеде? Көп уақыт бұрын емес болды. Бес мың жыл — бұл ғарыштық есеппен мүлдем уақыт емес.

— Демек, Фаэтон шыныменде болғаны ма? — деп Николай Андреевич күмәнмен сұрады.

— Иә. Бұл біздің күн жүйеміздегі бесінші планета болған. Оның орбитасы Марс пен Юпитер арасында болды. Фаэтон біршама ірі ғаламшар, массасы Жер салмағынан он жеті есе ауыр болды. Бұл керемет ғаламшар еді, оның атмосферасы Жер атмосферасымен ұқсас болатын. Онда әдемі мұхиттар, ғажап құрлықтар болды. Фаэтонда жыл екі жүз алпыс (260) фаэтондық күнге созылды. Егер оны жердің уақыт эквивалентіне аударатын болсақ, Фаэтондағы бір жыл — жердегі бір мың сегіз жүз тоқсан сегіз күнге тең (1898).

— Яғни, Фаэтондағы бір жыл, бұл жобамен біздің бес жыл, — деп Николай Андреевич нақтылады.

— Нақтырақ 5,2. Фаэтондағы бір күн жердегі 175,2 сағатты құрады. Бұл ғаламшарда тәулік, тең жиырма бөлікке бөлінді. Фаэтондағы бір сағат жердегі 8,76 сағатты немесе 525,6 жердегі минутты құрады. Негізінде ғаламшар ретінде Фаэтон үлкен энергия қорына ие еді және егерде адами ақымақтық болмағанда әлі де өмір сүре беретін (ұзақ уақыт).

— Ал не, Фаэтонда адамдар өмір сүрді ме? — деп Виктор таңғалды. — Жерді мекендеуші адамдар (земляне) мағынасында?

— Біздер адам тектес жалғыз түр ғана емеспіз. Фаэтонда адамға ұқсас тіршілік болмыстары мекен еткен және Жерге қарағанда анағұрлым ертерек.

— Ал адам тектес дегенді қалай түсінуге болады? — деп Слава сұрады. — Бұл адамға ұқсас болмыстар ма?

— Иә. Қарапайым тілмен айтсақ, адам тектес формаға ие және рухани негізі мен хайуани негізі, яғни материалды араласудан пайда болған саналы тіршілік иелері. Адам тектестер бір-бірлерінен материя формасы бойынша, яғни тәндері кішкене өзгешелеу болуы мүмкін, бірақ барлығы да рухани және материалды синтез заңымен өмір сүреді.

— Демек тәндерінен бөлек олардың рухтары болғаны ма? — деп Стас нақтылады.

— Сөзсіз. Осындай даму мен жетілудің (өзін-өзі) маңызды мүмкіндіктерін білдіретін комбинацияның бірегей бетбелгісіне қарамастан, адам тектестер (человекоподобные) тек өз сферасында ғана өмірдің жоғары формасын білдіреді. Бірақ егер Ғалам масштабында алып қарайтын болсақ, ендеше адам тектестер — бұл саналы тіршіліктің ең төменгі формасы. Мысалы біздер үшін төмен сатыдағы тіршілік формасы — бұл бір клеткалы қарапайым, амёбалар, паразиттік лямблиилар болса немесе еркін өмір сүретін радиолярии, солнечники және сол сияқтылар, ал Ғаламдық масштабта біздер Жоғарғы Сана деп атайтындарға адам тектестер біздерге амёбалар секілді болады, яғни саналы эволюцияның басы, одан артығы емес. Бірақ басқа

саналы төмен өмір формаларынан айырмашылығымыз біздердің рухани жетілуге үлкен потенциалымыз (әлеуетіміз) бар.

— Ал не, анағұрлым жоғары өмір формалары бар болғаны ма? — деп Андрей қызыға сұрады, бұл тақырыпта Сэнсэйден көбірек білгісі келгені анық.

— Әрине. Жоғары формалы тіршілік иелері (өмір сүретіндер) бар. Бірақ ол бүгінгі тақырыбымызға еш қатысы жоқ. Былай деп айталық, Ғаламда сан түрлі өмір формасы жетіп артылады. Ал адам тектес өмір формасына келетін болсақ, ол біршама жас. Ол Ғаламда жердегі уақытпен алатын болсақ бар жоғы төрт жүз миллион жыл ғана өмір сүреді. Ғарыштық уақытпен бұл көп емес. Ал негізінде біздің галактикада адам тектес өмір формасы алпыс төрт миллион жүз он төрт мың алты жүз тоқсан төрт жыл бұрын пайда болған (64 114 694). Бүгінгі күнде белсенді галактикалар жүз қырық миллиард шамасында, ал адам тектестер қоныстанған планеталар жүз миллиардтан аз. Біздің Күн жүйемізде адам тектес (человекоподобная) тіршілік иелерінің өмірі бір миллион екі жүз елу екі мың жеті жүз елу сегіз жыл бұрын пайда болған (1 252 758). Және Күн жүйеміздегі адам тектестер қоныстанған алғашқы планета Фаэтон болды, анағұрлым кейінірек Жер болған.

— Адамдармен қоныстанған жүз миллиард планета дегенді ойлаудың өзі! — деп Виктор таңдай қақты. — Ал біздер Ғаламда басқа адамдар жоқ деп есептейміз. Әлі күнге дейін Ғаламда өмір бар ма, әлде тек біздер ғана «вундеркиндтерміз» деп дауласамыз. Тек осынша жыл жалғызбыз деген иландырудан кейін, жалғыз еместігіңе біртүрлі сене де алмайды екенсің.

— Ал біздің ғарышқа жіберген жауапсыз радиосигналдарымыз ше? — деді әзілі араласқан Женька.

— Радиосигналдар? — деп күлді Сэнсэй. — Енді саған осындай бір қарапайым мысал. 1974 жылы Аресибо обсерваториясынан Геркулес шокжұлдызында орналасқан шарлы М13 жұлдыздар шоғыры бағытына радиохабар жіберілді, себебі ол жерде Күнге ұқсас миллионға жуық жұлдыз

және әрине түрлі өмір формалары болды. Ал сигнал ол жаққа жіберген күнінен бастап есептегенде тек жиырма бес мың жыл өткен соң ғана жетеді. Бірақ Ғаламның кеңеюіне байланысты ол уақытта, сигнал сол жерге жеткен кезде, әлгі шарлы жұлдыздар шоғыры орнында болмайды, себебі ол әлдеқашан-ақ басқа жерге ауысады. Бұл — біріншіден. Екіншіден, біздің бүгінгі өркениет жобамен он екі мың жыл өмір сүреді, онда да бүгінде өзінің өмір сүрген алғашқы мың жылдықтары туралы аз біледі. Құнды білімдер адами ақымақтық, ашкөздік пен өзімшілдік кесірінен, сәйкесінше Хайуани негіздің басты идеясы — барша әлемді жалғыз билеп басқару үшін үздіксіз соғыстар салдарынан жоғалған. Сен қалай ойлайсың, егер адамдардың басым бөлігінде Хайуани негіздің амбициясы болса, бұл адамзат жиырма бес жылдан кейін тіршілік ете алады ма?

Оның үстіне адам тектестер тез жоғалатын уақытша өркениет типтеріне жатады. Өйткені адам өзінің Хайуани негізінің салдарынан бастапқыда-ақ өзін-өзі құртуға бағдарланған. Адам тектестер өркениеті масштабында бұл Хайуани негіз стимулы өзін-өзі ликвидациялау және бірін-бірі жою түрінде көрінеді. Мүсәпір қалғандарынан тағы да нөлден қайта жаңару жүреді және тарих қайталанады. Бірақ егерде адамдар ғылыми-техникалық прогресстің дамуымен өзге өркениеттермен жолыға алса да, сіздер қалай ойлайсыздар, қоғамдағы осындай Хайуани негіз доминациясында, олар (адамдар) бірінші кезекте нені жасауға талпынады? Әрине жаулап алу, тізе бүктіру (бейбіт өмір сүру емес), өзіне бағындыру, жаңа құлдар отарын жасау үшін. Егер адамдар Жерде бір-бірлерімен бейбіт өмір сүре алмай, планетаны құртып жатса, оларды басқа планеталарға шақырылған (құрметті) қонақтар деп есептей аламыз ба? Өйткені бұл адамзаттың қазіргі мәдениет пен ғылымдағы барша жетістігіндегі басым (басты) принципі — жасампаздық емес, қирату немесе нақтырақ айтатын болсақ, өз эгоизмы (өзімшілдігі, тәкаппарлығы) үшін жұмыс жасау.

Үшіншіден тіпті қазірде жұлдыздарға қарап, біздер тек өткеннің картинасын, миллион жыл бұрын болғанды ғана көреміз. Бұл уақытта әлгі планеталар мен жүйелерде тіршілік болса, ол сан мәрте өзгерген (ауысқан). Ал адам тектес нәсілдердің жоғарғы дамуға тек санаулылары ғана шығады. Әлгі қарапайым (жұпыны) радиосигналды оқу аса қиындық тудырмайтын анағұрлым жоғары саналы тіршілік формаларына адам тектестердің өмірлеріне араласу, оның үстіне олармен байланысқа түсу, бұл амёбалардың өміріне араласумен бірдей. Бірақ амёбалардың адамнан айырмашылығы, олар жай ғана табиғаттың сан түрлілігін толықтырып тіршілік етеді және әрине өзімшіл мақтаныш сезіміне (манией величия) ие емес, әрі адамдар секілді қоршаған ортаға соншама зиян келтірмейді, көп ақымақтық жасамайды.

— Ендеше олардың өмір сүруінің мәні неде? — деп Костя терең ойға шомған түрмен баяу сұрады.

Сэнсэй әзіл аралас үнімен Костяға кері сұрағын қойды:

— Кімдердің? Амёбалардың ба?

Костя ойға шомған күйінен шығып, селт етті де, асығыс айтты:

— Жоқ, олардың... яғни біздердің...

Сэнсэй мен Николай Андреевич бір-біріне қарап, жігіттің осы сұрағына байланысты болған күлкілерін жасыруға тырысты. Бірақ кейін Сэнсэй біршама салмақты жауап берді:

— Бар мәні адамның Ібіліс (Люцифер) сферасынан шығуында, мен реинкарнация шеңберінен шығып, жұмаққа кетуді, Нирванаға түсуді меңзеп тұрмын, қалай атағыларың келеді өздерің біліңдер. Ал тұтастай социум мәні — құрту мен қирату ниет қалауының орнына барлық социуммен Ібіліс (Люцифер) сферасынан шығуға болатындай руханияты басым болған, соншалықты рухани тазалыққа жеткен қоғамды жасау. Бірақ әрине бұл адамзат өркениеті тарихында өте сирек кездеседі. Неліктен? Себебі қоғамда әдетте әрбір адам өзінің даму деңгейінде болады. Бұл ғарыштағы секілді. Барлық Ғалам

өзінше бір ұяшықтарға бөлінгендей, яғни сфераларға, әрқайсысының өзінің жекелей дамуы болады. Әрбір адам тектес нәсіл өз ұяшығында, өз деңгейінде дамиды, яғни өз толқынында болады.

— Ал не, Ібілістің (Люцифер) сферасынан шыға алған осындай адамзат өркениеттері болғаны ма? — деп Виктор күмәнмен сұрады.

— Иә, бірақ олар өте аз. Егер бұл санды пайыздық эквивалентте көрсетсек, бұл тіпті бір пайызда емес, бір пайыздың жүзден бірі. Барша өркениетпен шығу қиын, бірақ біршама мүмкін. Әдеттегідей барлығы сол баяғы «Ариманның шоқалағына» (төмпешігіне) сүрінеді, әсіресе өзінің дамуының алғашқы сатыларында. Барлығы күлкілі ақымақтық болып шығады. Мысалға біздің өркениет. Адамдар ғылым түсінігімен жанасып (кездесіп, түйісіп), енді ғана бір нәрселерді түсіне бастап еді, бұл білімдер қоғамға Хайуани негіз канондарын еріксіз таңған кішкене адамдар тобы — Архонттармен басып алынды. Демек дұрыс, таза рухани жетілу тек тұтастай қоғамнан жасырын түрде жүзеге асатын болып шығады. Бейнелі айтатын болсақ, ғибадатхана ішінен ғибадатхана құруға тура келеді. Тіпті ниеті таза және рухани ұмтылысы бар белгілі бір адамдар шеңбері бірігетін болса да, олар сол баяғы қоғамнан жасырынуға мәжбүр. Әйтпесе осы рухани ұмтылысы бар адамдар өздеріне деген қоғамның қарапайым пенделік қызғанышы, ақымақтығы мен жеккөрушілігінің қозуынан Ариманның жүйесімен құртылады. Себебі олар барлығы секілді емес. Міне қиындығы мен парадоксы.

— Шыныменде парадокс, — деп Николай Андреевич ойлана келісті.

Әңгімеде кішкене үзіліс пайда болды.

— Демек, Күн жүйесінде адамдар қоныстанған алғашқы планета Фэтон болғаны, — деп бұл туралы толығырақ естігісі келгендей Стас еске салды.

— Иә. Фаэтондағы соңғы өркениет, планетаның өлуіне дейін фаэтондық уақытпен он бір мың бес жүз (11 500) жыл немесе жердегі уақытпен — елу тоғыз мың сегіз жүз (59 800) жыл бұрын болған. Және ол біздерді даму деңгейінде анағұрлым басып озған біршама дамыған өркениет еді. Фаэтон адамдары Жерге бірнеше рет келіп, жер адамдарымен байланысқа түскен, өз Білімдерімен бөліскен. Оның ішінде Аллат секілді, Ғалам құрылымының пайда болу туралы түсінік берген фундаментальды маңыздылары да болған. Онымен қоса жер адамдары Фаэтон аннигиляциясының куәгерлері болған. Сол күні Фаэтонда жеті миллиард фаэтон-адамдары қаза тапқан. Бір қызығы ешқандайда жарылыс болмаған. Сфера жай ғана ыдыраған.

— Ыдыраған дегені қалай? — деп Николай Андреевич Сэнсэйге сенімсіз көз қиығын салды.

— Фаэтон материясы энергия шығарусыз бұзылған (бұралған, свернулась).

— Түсінбедім, — деді қызыға Николай Андреевич. Энергия лақтырусыз?

— Бұл құбылыс заманауи физика және астрономиямен әлі зерттелген жоқ. Дегенмен кей кездері ғарышты зерттеу барысында олар осыған ұқсас көрінетін заттың энергия лақтырусыз (шығарусыз) қара материяға ауысуы (айналуы) құбылысымен кездесіп отырады. Әйтсе де бұның барлығы табиғи (құбылыс). Өйткені бүгінгі күнде адамдардың физика саласындағы танымы қандай? — Сэнсэй бір уыс құмды алды да алақанын ашып біздерге көрсетті. — Адамдарға белгілі бар физика осы! — Ал мынау, — ол теңізге дейін созылып жатқан құмды жағалауға басын изеді, — әлі адамдарға белгісізі. Ал су астында жасырылғаны бүгінде өздеріне белгісізден әлдеқайда үлкен және ол материалды әлем түсінігінің сыртында, адам өзінің шектеулі материалды миымен түсіне алатынның арғы жағында жатыр.

Сэнсэй құмды бір қолынан екінші қолына аударып үнсіз қалды. Ал Николай Андреевич тағы да сөздерін қорытындылады:

— Демек, Фэтонда көрінетін материя қара материяға еш жарылыссыз ауысқаны.

— Өте дұрыс. Фэтон массасының 92% еш энергия лақтырусыз қара материяға ауысқан (өткен), яғни бір энергияның басқа энергияға ауысуы жүрген, өзінше бір нейтрализация процесі. Ал 8% массасы жай ғана бөлініп қалған және ол қазір Марс пен Юпитер планеталарының арасындағы астероидтор белдеуі деп аталатынды құрайды. Бірақ олар астероидтар, яғни жекелеген «кішкене планеталар» емес, себебі барлығы шығу тегі біртекті екенін көрсететін ұқсас сипаттамаларға ие. Олардың физикалық массасына қарағанда энергетикалық массасы көп, сондықтан олардың қалдықтары жан-жаққа ұшып кеткен жоқ және күшті Юпитер тартып ала алмады. Олар да бір кездері өзінің күшті тартылыс өрісі болған Фэтон орбитасында қозғалады... Массаның кішкене бөлінуі, фотондардың лақтыруы болғандықтан жарық шығарулар (сәуле шашулар) болған. Және бұл оқиға адамдардың жадында сақталып қалған, оның ішінде Фэтон туралы аңызда бар.

— О, Фэтон туралы тіпті аңыз бар болғаны ма? — деп Костя таңғалды.

— Ежелгі гректерде арғы алыс аталарынан (арғы ата, пращур) жеткен Фэтон есімді Күн құдайы Гелиостың ұлы туралы аңыз сақталған. Сол аңызға сәйкес Фэтон өз әкесінен айырмашылығы ол өлімсіз болмаған (бессмертный), себебі теңіз құдай-әйелі Фетиданың ажалды (смертной) қызы нимфа Клименадан туылған. Аңыз бойынша бірде Фэтон әкесі Гелиостан күнделікті аспан жолымен жүретін Күннің алтын арбасын бір рет болсын басқаруға беруін сұрайды. Және Гелиос ұлының өтінішін орындайды. Бірақ Фэтон аспан жұлдыздары арасында жолды жоғалтып алады, ал отты сәйгүліктер әлсіз қолды сезініп, бей-берекет шаба жөнеледі. Отты арба Жерге



қауіпті жақындайды. Жалыны Жерді қаумалай бастайды. Ормандар өртеніп ыстықтан құздар (таушықтар) жарылады, теңіздер мен өзендердегі су қайнайды. Жануарлар, құстар мен балықтар қырылады. Адамдар мен тұтастай қалалар қаза табады. Сол кезде Жердің әйел-құдайы Гея, құдайлардың әміршісі найзағай иесі Зевстен қорғаныш сұрайды. Және Зевс Жерді апаттан құтқару үшін найзағайымен Гелиос арбасына соққы жасайды. Жалынға оранған бұйраларымен Фэтон аспанда зырылдай Ойкуменнің шетіндегі алыс солтүстік Эридан өзенінің суына құлайды. Міне осындай тарих.

— Иә, — деді Володя, — сен Фэтон массасы Жерден неше есе үлкен деп едің? Он жеті есе ме?! Сол кезде, әрине егер Фэтон толықтай жарылса, соншалықты қуатты жарылыс болып және жақын планеталар Марс және Юпитер, Жерге де оңай тимейтіні анық еді.

— Өте дұрыс, — деп Сэнсэй басын изеді. — Ал былай ол ешқандай қуатты энергия лақтырусыз болды. Фэтон ешқайда кеткен жоқ... Міне саған икемделген Алғашқы Дыбыстың жаман қолдарға, дұрысында жаман бастарға түскенінің мысалы. Биліктің билігін қолдарына түсіріп, тәжірибие жасап көргілері келді. Ойыннан от шықты. Өзімшіл мақтаныш сезімдерін де қандырды. — Сэнсэй ауыр күрсініп, кейін айтты: — Сондықтан, фэтондық-адамдар біздерді айтарлықтай артқа қалдырған мықты дамуларына қарамастан, адами фактор өзінің зұлым ойынын ойнап кетті. Және бұл қаншалықты өкінішті болсада, соншалықты дамыған өркениет қоныстанған біздің Галактикамыздың ғажайып планеталарының бірі ендігі өмір сүрмейді.

— Мен түсінбедім, материя ненің кесірінен бұралды (айналды, свернулась), ол жерде не болды? — деп Руслан әңгіменің мәнін еш түсіне алмады.

Сэнсэй қайталады:

— Адами ақымақтық... — Ол бір уыс топырақты аяқ астына төкті де, қалған құммен бірге тегістеді. — Сіздер қалай

ойлайсыздар, неліктен Архонттар мыңдаған жыл бойы қазір адамдар Грааль деп атайтынды аңдып, іздеумен келеді? Себебі биліктің билігін уыстарына түсірсе оларға халықты қорқытатын ешқандай да супер қарудың қажеті жоқ. Архонттарға ұқсас адамдардың санасындағы осындай Хайуани негіздің доминациясында (басымдылығында), тіпті Алғашқы Дыбыс арқылы шын Жаратушы әлеміне есіктің ашылуы, оларды лас төменгі материалдық тілек-қалауларынан, өзіне ұқсағандарға абсолютті билік ету жоспарларынан қайтара алмайды.

Әңгімеде кішкене үзіліс пайда болды.

— М-да, — деп созды Николай Андревич, — бұл тарих Жер планетасымен қайталанғанын қаламас едік.

— Барлығы адамдардың қолында, — деді Сэнсэй (акцент жасады). — Олар планетаны жойып қаза табады немесе оны алғашқы қалпына қайта келтіріп, алтын ғасыр жасай алады.

— Жоқ, енді мысалға мен алтын ғасырда өмір сүруді қатты қалайтын едім. Бірақ оны қалай жасауға болады, егер айналада осындай бей-берекетсіздік, ластық, әділетсіздік болса? Жалғыз өзім не істей аламын? — деді Андрей толқи.

— Өте көп нәрсені! Кейде барша адамзаттың болашағы бір ғана адамның жеке таңдауына байланысты.

— Жоқ, енді әлгі адам қандай да бір көшбасшы мемлекетті басқарса, онда мен келісемін. Ал маған не байланысты? Өйткені мен жай ғана қарапайым адаммын!

— **Барлық адамдар қарапайым және барлығы бір материалдан тұрады. Бірақ жеке таңдауына байланысты бірі Гитлерге, ал басқасы — Буддаға айналады.** Сондықтан егер жақсы қоғамда өмір сүргің келсе, бірінші өзіңнен баста, Адам бол. Ішкі жан дүниеге үңіл, ойлан, бұл әлемде сен не үшін өмір сүріп жүрсің, шын мәнінде сен кімсің. Қоршаған әлемге таза көзқарасыңмен (ниетіңмен), Аримандық пердесіз назарыңды сал. Өз ойларыңның тазалығын сақта. Ойша ғайбат сөздерінді — жақсы сөздеріңмен алмастыр, қызғаныштың орнына басқа адамның жетістігіне шын қуана біл, бос жаман өсек-әңгіме

(талқылаудың) орнына, өзің барда басқа адамдарға жақсылық жаса, жай ғана, үнсіз, риясыз. Басқаға жамандық ойлап, оның өлімін тілегенше, ол адаммен бір тілім нанды бөлісіп және жай ғана бірге отырып әркімнің ішкі жан дүниесіндегі өмір туралы, Махаббат туралы, Құдай туралы әңгіменді айт. **Өз мейіріміңнің сәулесін әлемге жібер, таза біліммен бөлісіп оның жылуынан көптеген жандар (рухтар) жылынсын. Және қарасаң, мейлі кішкене болса да сіздің ұшқыннан екеуі жанады. Ал қай жерде екеу болса, үшінші де жалын берер. Осындай ұшқындар көп болған кезде, нағыз жалын тұтанады. Сондықтан жалғыз адам өте көп жақсы мен мейірімділік жасай алады! Және ол өз ісінің қаншалықты масштабты және жасаған еңбегі, рухы үшін Жаратушы алдында қаншалықты бағалы болатынын тіпті де елестете алмайды (білмейді).**

Сенен басқа да бақытты өмір сүргісі келетін адамдардың бар екенін түсінуге тырыс. Себебі әрбір адамда, ол қандай жаман болса да рухы бар, мейлі қысылған, бүлінген болсын, ол бар. Ал рух жарыққа, мейірімділікке, бақыт, қуанышқа ұмтылады. Егер біздерге Хайуани негіз таңған барша шарттылық пен ақымақтықты лақтырып тастаса және рухани негізді (сапаны) ашса, біздің қоғамда руханият басым болатындай жасайтын етсе, онда ешқандай да Ібіліс (Люцефер) сферасы қоғамды рухани серпілістен ұстай алмайды, сәйкесінше анағұрлым жоғары даму деңгейінен. Мен қайталаймын, барлығы адамдардың қолында!

— Қиын, бірақ мүмкін, — деп келісті Николай Андреевич.

— Мен сіздерге одан да көбін айтайын. Егер Жердегі барша адамдар бір мезгілде ең болмағанда тәулігіне екі рет барша адамдар үшін дұға етсе... Өзі үшін емес, басқалары үшін. Мейлі әркім өз Құдайына дұға етсін. Өйткені шын мәнінде Құдай жалғыз және Оған адам рухының ұмтылысы да бір. Тіпті сен атеист болсаңда осы минуттарда барша адамдарға бақыт пен мейірімділікті шын жүрегіңмен тіле. Кім медитация жасай алады, сол осы минуттарда шынайы қуаныш сезімімен барша

адамдарға мейірімділік пен Махаббат тілеп, медитациясын жасасын. Бірақ бір уақытта, күніне ең болмағанда бір аллат, — Сэнсэй лезде сөзін дұрыстады, — яғни он екі минут, мен сіздерге кепілдік беремін, келесі үш аллат, яғни 36 минут ішінде Жер бетінде бірде бір адам өлмейді.

— Сен егер адамдардың рухани серпілісін синхрондайтын болса тек қоғамның бірігуіне ғана емес, әлемге де шын ықпал етуге болады деп айтқың келіп тұр ма?! — деп Николай Андреевич шын таңғалды.

— Артығымен жеткілікті. Егер Жердегі барша адамдар күніне ең болмағанда 12 минуттан 2 рет практика (рухани) жасап, сыртқы әлемге осындай жағымды импульс жіберсе, онда әлем жақсы жаққа қарай өте тез өзгертін еді. Тіпті табиғаттың өзі адамзатқа біршама жақсы бола түсер еді... Себебі бүгінде әлемде өте көп адамдар күнін көп негативті шығарумен өткізеді — жамандық, жеккөрушілік, кек алу. Ал ол жай ғана психикалық эмоция емес — бұл бірінші кезекте қиратушы энергия. Бірақ барлығы адамдардың қолында, әсіресе қазір, Қиылысқан заман (времена Перекрестья) келе жатқан уақытта.

— Қандай Қиылысқан заман (времена Перекрестья)?

— Бұл адамзаттың жалпы таңдау жасайтын уақыты. Бұл табиғат өзгертін, осы өркениеттің тағдыры шешілетін кезең. Өте көп нәрсе әр адамға байланысты болады, өйткені әрбір адам түсінсін мейлі түсінбесін, шешуші таңдауға өз үлесін қосады. Қиылысқан заманда (времена Перекрестья) Ригден Джаппоның өзі әлемде болады. Бұл тағы да Грааль берілетін заман. Және адамзат қандай бағытты таңдайды — мейірімділік жақты немесе зұлымдық жақты — жалпы айтқанда Осы Қиылыста қай жолды таңдаса, сол жаққа жылдамдықпен ұша жөнеледі және бұл процесті тоқтату немесе оның бағытын өзгерту қиын болмақ. Ол заман өте тез келеді. Сондықтан сіздер, балалар, оның жарқын болашағының немесе өкінішті соңының куәгерлері боласыздар.

— Демек, осы уақыттарда әлемде Ригден Джаппоның өзі болады ма?! — деп Виктор тағы да нақтылай сұрады.

— Иә. Және Грааль жеребесі қайтадан әлемге тасталады. Одан да артығын айтайын. Әрбір адам Ригденнің болуының (осы әлемде) арқасында Шамбала Әміршісінің (Владыка Шамбалы) рухани толқынына қосыла алатын бірегей мүмкіндікті алып және өзін рухани болмыс ретінде көрсете (айта) алады.

— Қалайша? — деп біздің ұжым тіріле кетті.

— Ригден осы әлемде болғандықтан, күніне екі рет Гринвич бойынша 7.00 және 19.00 уақытта (сағатта) өзінің жұмыс медитациясын жасайды. Кез келген адам осы уақытта медитациясын немесе дұғасын, болмаса жай ғана шын мейірімділік, қуаныш, әлемге Махаббат сезімін ойша жібере алады. Әрине ол байқаусыз қалмайды. Яғни осы уақытта кімде-кім өзінің мейірімділік үлесін қосса, бұл Ригденге жеке визитка карточкасын қалдырғанымен бірдей. Өйткені қанша айналсаңда физикалық өмір жылдам өтеді және өте тез аяқталады. Және өмірінің соңында адам қалайды ма, жоқ па өзінің материалды қабыршағын тастап, әр замандарда адам жаны істерінің Соты деп аталған, Ригденмен жолығады. Және адам өмірінде өзін қанша жұбатқанымен, бірақ оны айналып өте алмайды. Мәні мынада, біреулерді Ригден рухани істері арқылы жеке білетін болады, ал кейбіреулері Оның тіпті назар салуына да лайықсыз болмақ. Сондықтан Қиылысқан замандар (времена Перекрестья) рухани жағынан жекелей алғандағы әрбір адам үшін, тұтастай қоғам үшін де өте көп маңызға (мәнге) ие.

Сэнсэй үнсіз қалды, ал ойланған Стас:

— Демек Гринвичпен 7.00 және 19.00, — деді.

— Ал Гринвичпен деген қалай? — деп түсінбеген Андрей, Сэнсэйден сұрады.

— Бұл бүгінде уақыт санағының жалпылай қабылданған әлемдік стандарты. Үлкен Лондонның сыртында Гринвич деп аталатын қала бар, сол қаладан шартты бастапқы (алғашқы) меридиан өтеді немесе оны тағы нөлдік меридиан деп атайды. Жердің беті 24 уақыт белдеміне шартты бөлінген. Әрбір белдемі бойлықтың 15 градусын немесе бір сағатты құрайды. Лондоннан

және Гринвич меридианынан шығыс орналасқан елдердегі уақыт — орталық Гринвич уақытынан алдыда, ал батыс жағында орналасқан елдерде — кейін болады.

— Мәскеуше бұл қанша болады? — деді еш түсіне алмаған Андрей.

— Енді, егер Гринвич бойынша таңғы жеті болса, онда Мәскеулік уақытқа үш сағат қосу керек, яғни таңертеңгі сағат он, сәйкесінше кешкі он, — деп түсіндірді Сэнсэй.

— Кімнің не істейтінін білмеймін, — деді жуан даусымен Володя, — бірақ мен осындай рухани көмек мүмкіндігін жібермеймін.

— Дұрыс! — деп Женька басын изеді. — Бұл медитацияларды физиологиялық әдетке айналдыру қажет!

— Иә, бұл жай ғана тәннің жаттығуы емес, — деп осы тақырып туралы Николай Андреевич өз ойын айтты. — Мен бұл адамның өзін рухани тәрбиелеу, адамгершілік қасиетін нығайту деп айтар едім. Маған осындай рухани практика кез келген есі дұрыс адам үшін біршама маңызды секілді.

Ал Виктор ойланып, шаттана:

— Тоқтай тұрыңыздар, бірақ егерде Ригденнің өзі осы әлемде болса, ендеше оны көп адамдар көре алады! Бұл дегенің өзінді көрсетудің (өзің туралы айтудың) шын мүмкіндігі емес пе, — деді.

Сэнсэй күлді де, жылы жауап берді:

— Дұрысы ол көп адамдарды көреді. Суға салынған жауһардың (бриллиант) білінбейтіні (көрінбейтіні) секілді, әлемге келген Бодхи да қоршаған орта (адамдар) үшін байқаусыз. Тек жоғары руханияты бар адамдар ғана одан ұлы Болмысты тани алады. Өзіңнің пенделік табиғатыңмен рухани тұлға алдында жар салып айтуда ақымақтық. Жақсы істерің мен ойларыңның тазалығы әлдеқайда көрінеді әрі маңыздырақ...

Және Сэнсэй біздерге осы тақырыпқа байланысты жаңа сұрақтар қоюға мүмкіндік бермей, тағы да негізгі тақырыпқа қайта оралды.

— Сонымен Грааль туралы біздің тақырыпқа оралсақ... Әдетте осы формулаға ие болғандар, бұнымен біздің өркениет Жерді меңзеп тұрмын, оны өзінің жеке дамуына пайдаланған, яғни Алғашқы Дыбыстың бар күшін толық пайдаланбаған. Себебі бұл үлкен Жауапкершілік. Адам Алғашқы Дыбыс формуласын іске қосқан кезде, ақиқатында (шын мәнінде) Алғашқы Лотос (Первичный Лотос) және Аллаттың үйлесімінде (сочетания, қосылуында) бұл аса қуатты күш көрініс бере бастайды. Адаммен ішіне айтылған бұл Алғашқы Дыбыс, рух деп аталатын Құдайы бөлшекпен Дыбыс қосылған кезде, ішкі «жарылыс» секілді нәрсе болады. Бұл адам үшін өзінше (жарықтың) бір жарқ ету, рухани түйсіну (көзінің ашылуы, духовное озрение), осының салдарынан ол лезде өз санасының толқынынан ғаламдық сана толқынына секіреді — танымы мен мүмкіншілігіне жаңа диапазондарды ашатын, өзінің шынайылықты қабылдау деңгейіне мүлдем бейтаныс деңгейге. Және әрі қарайда адам осы сапалы қабылдау деңгейінде қалады. Ол бұл әлем шын мәнінде неден тұратынын көре бастайды және бұл әлемнің иллюзия екенін ұғынады. Бірақ ең бастысы осы сана күйінде немесе ежелгілер «рухани түйсіну (түсінген) күйінде» («состояния просветления») деп айтпақшы, оған шын Құдай әлемінің шымылдығы ашылып және ол сол әлемді тамашалай алады. Және тек тамашалап емес, Алғашқы Дыбыс есебінен реинкарнация шеңберінен түпкілікті босап, Құдай әлеміне кете алады. Яғни Алғашқы Дыбыс формуласы — бұл жалпақ тілмен айтатын болсақ Құдай әлеміне, Нирванаға, жұмаққа (оны қалай атағыларың келеді өздерің біліңдер) өзінше бір «контрамарка» секілді және кез келген адам үшін.

— Қалай кез келген адам үшін?! Тақуаға да, күнәһар адамға да ма? — деп Виктор біршама түсінбей сұрады.

— Жеребенің де мәні осында — әркімге мүмкіндік беріледі!

— Жоқ енді тақуа (тура жолдағы) — бұл түсінікті. Бірақ күнәһар үшін? — деп жігіт өзіне еш түсіндіре алмады.

— Тақуа адамның да, күнәһар адамның да рухы бар. Тек Алғашқы Лотос іске қосылған кезде, ал ол Құдай әлемінен келген аса қуатты күш, оған кез келген есік ашылады.

— Яғни, сенімдегі адамдар айтпақшы, ол адамға бар күнәсі кешіріледі, — деп нақтылады Виктор.

— Өте дұрыс. Сұрақ тек осы күштің ашылған сәтінде адам бойында қандай тілек-ниетінің басым болуында жатыр.

Ал Николай Андреевич әңгімені өзіне қызықты сәттерге аударуға тырысты.

— Демек адамда жаңа сапалы қабылдау ашылатын болғаны.

— Иә. Ол басқа адамдардың қолы жетпегенді көре бастайды.

— Жоқ, енді қалай басқа қабылдау? — деп Костя түсінбей сұрады.

— Енді мен саған түсіну үшін қарапайым, бейнелі мысал келтіре аламын. Мысалы сен өмір бойы өз үйіңде өмір сүріп, ол жерден ешқашан шықпадың делік. Сенің өмірің — бұл сол үйдегі күнделікті тұрмыс-тіршілік. Ол жерде сен секілді сол үйдің кеңістігінен және тұрмыс-тіршілігінен өзгені ешқашан көрмеген адамдармен әңгімелесуден басқа ешқандай ақпарат көзі жоқ. Және саған бір күні сен бар екенін тіпті де ойламаған сол үйдің сыртқы есігінің кілті қолыңа түседі. Сен үйдің сыртына шығып, әлгі үй сенің өміріңнің орны емес екендігін, сенің үйіңе қарағанда анағұрлым жақсы басқа да үйлердің бар екендігін өзің үшін күтпеген жағдайда анықтайсың. Тұрғын үйлерден тұратын көшелер, тұтастай қалалар мен әртүрлі құрлықтарда орналасқан мемлекеттер бар болып шығады. Оның үстіне сен тіпті елестетіп көрмеген түрлі өмір формалары мекендеген көптеген планеталар, жұлдыздар және ғарыш бар. Бірақ саған басқаларынан артықшылығы, осы кілттің арқасында Ғаламды танып қана қоймай, бар сұлулығымен Жаратқанға бару



мүмкіндігі болады. Және сен қасиеттінің қасиеттісі Жаратушы әлеміне назар салып қана емес, Құдай әлемінде, сол мәңгілікте қалуға мүмкіндігің болады. Және ең таңқаларлығы сен шын мәнінде Құдай әлемі сенің шын, ежелгі (исконный) Үйің екендігін ұғынасың.

— Керемет! — деді ойлана Костя.

— Бірақ Құдай әлемінің бар екенін түсіну — бұл Алғашқы Дыбыстың тіпті де күшін қолдану емес. Бұл жай ғана формуланың ашылуы.

— Формуланың ашылуы?! Бұны қалай түсінуге болады? — деп Николай Андреевич қызыға сұрады.

— Шығыс — нәзік мәселе. Әрбір білімнің өзінің құпия кілті болады, ал бұл білімдерде тіпті де... Шын мәнінде бұл Білімдер алғашында адамдарға берілген кезде, онда барлығы жеткілікті түрде қарапайым (оңай) әрі анық болған. Бірақ іске адамдар кіріскен кезде, бір-бірлерінен оны жасырып, осындай күрделі түйін пайда болды, ал оны тарқатып көр. Мысалға, мен қазір сіздерге алғашқы білімге азда болса жақын осы формуланың «кілттерінің» бірін айтып берейін.

Сэнсэй кішкене ойланды да, бір нәрсені есіне түсіріп, айта бастады:

— **«Қасиетті үнге ие болып ендігі, есте сақта  
Әр күнің арналады Жаратушыға  
Нирванаға ие 33 билеушінің біріне.  
Күніне он екі рет оған тағзым ет  
Жеті рет іштей, үн қатпай хабарла,  
Барлығын Жаратқанның құпия Үні,  
Нирванадағы өлместік — Негізі.  
Кемелденген отыз төртінші қадам басып,  
Жолыңды таңда: Нирванаға бару немесе осында қалу.  
Әлемде қалсаң, жеті күн қатарынан тағзым ет  
Күніне он екі реттен  
Жеті рет дауыстап айт күніне**

**Болмысы — Нирванадағы өлместік болғанның  
Құпия үнін».**

**«Обретая Глас священный, помни, что отныне  
Каждый день твой богу посвящён  
Одному из 33-х владык, имеющих доступ в Нирвану.  
Двенадцать раз равных во дне ему поклонись  
Семь раз беззвучно оглашая, рот не открывая,  
Глас тайный Того, Кто всё сотворил,  
Чья Сущность — Бессмертие в Нирване.  
Шагнув Просветлённым в тридцать четвёртый,  
Избери себе путь: в Нирвану идти или здесь оставаться.  
Оставшись в миру, преклонись семь дней кряду  
Двенадцать раз равных во дне  
Семь раз звучно оглашая во вне  
Глас тайный Того, чья Сущность —  
Бессмертие в Нирване».**

Сэнсэй үнсіз қалған кезде біршама ұзақ тыныштық орнады.  
— Немене-немене? — деп Стас жасқана сұрады.

— Бұл «алғашқы білімге азда болса жақындайтын» дәл сол кілттің өзі ме? — деп таңғалды Володя. — Иә, сонда қалған бөлігі нені білдіреді?

Николай Андреевич керісінше эмоцияның орнына қызу іздің артынан деп айтпақшы бұл мәтінді талдауға тырысты:

— Бұл код! Дәл, бұл жеті мәнді кілт-код! 33, 12 және 7 бірінші жағдайда. Және 34,7,12,7 — екіншісінде!

— Дәрігер, сіз тағы өлең жолдарын санауды ұмытып кеттіңіз, — деп күлді Сэнсэй. — Біріншісінде — жеті, ал екіншісінде — алты, толық он үш!

— М-да, — деп Женька мақұлдады да, дәрігерге қарап айтты: — Бұл деген шығыстық емес, евре-пейский ойлау емес пе!

Николай Андреевич сөйлеген Женькадан назарын түсінбеген түрімен Сэнсэйге аударды.

— Бұл код емес пе?! Сонда бұны қалай түсінуге болады? «33 билеушінің біріне тағзым ет...», «Жеті рет іштей, үн қатпай хабарла, құпия Үні...»

— Шыныменде, — деп іліп әкетті Костя, — қалайша дыбыссыз айтуға болады, тіпті ауызды ашпай? Бұл мүмкін емес. Бұл жерде бір нәрсе шифрланған.

— Мүмкін болғанда қандай, — деп Сэнсэй жайдары айтты. — Шын мәнінде барлығы қарапайым. Алғашқы Дыбысты, басында адам отыз үш күн бойы осы Дыбыс формуласын іштей оқиды (айтады, қайталайды), яғни осы Дыбысты іштей жеті рет қайталап, тек уақыттарға бөлінген, үнсіз күніне он екі рет медитация жасайды. Отыз үш күннен кейін осы формуланың адамға арнайы әсер етуі болады, ол адамдағы сапалы өзгеріске және қуатты энергетикалық серпіліске әкеледі. Тұлға айтарлықтай рухани түрленеді. Отыз үшінші күні оған жоғары (Рухани) Түйсіну (Просветления) күйі ашылып және бұл оның тұрақты күйі болып қалады. Ол Құдай (әлемінің) шынайылығын ұғынып, аңғарып және көре бастайды. Әдетте Алғашқы Дыбыс формуласын ашқан адамға бұл төменгі әлем қызықсыз болып қалады, өйткені оған мүлдем басқа, жоғары әлем ашылады. Яғни, адамға «ішкіге билік» («власть над внутренним») деп аталатын беріледі.

Адам Құдай әлеміне осындай «контрамаркамен» шектеле алады немесе тағы «сыртқыға билікті» («власть над внешним») ала алады. Ол мақсаты үшін оған келесі жеті күнде әлгі формуланы бұрынғы схемамен, бірақ ендігі естірте (сырттай) оқу қажет. Нәтижесінде ол адамда соншалықты энергетикалық трансформация болады және оған «сыртқыға билік» («власть над внешним») ашылады, яғни осы әлемге. Адам табиғатқа, оқиғалар мен адамдарға шын араласып және ықпал ете алатын күшке ие болады. Өз

бөлмесінен шықпастан деп айтпақшы. Осы күштің арқасында ол осы жер Сферасындағы биліктің билігін алады. Бірақ бұл трансформация ерекше Жауапкершілікті де жүктейді.

Алғашқы Дыбысқа алты рет ие болған адамзат тарихының үшеуінде, адамдар «сыртқыға билікті» қаламай жеке (Рухани) Түйсінумен шектелген. Және ол түсінікті де. Адамға ашылғаннан кейін, қалған барлығы өз мағынасын жоғалтып, жай ғана өшеді. Дегенмен қалған үш ретте Алғашқы Дыбыс күші іске қосылды. Және үшеуінде де адамдар тағдыры үшін өздеріне Жауапкершілікті алған әйел адамдар еді. Олар тіпті өздерінің биологиялық қабыршақтарынан (тәндерінен) босағаннан кейін де, рухани әлем мен осы әлем ортасында қалып, көптеген адамдарды рухани құтқаруларын жалғастыра берді. Айтпақшы осындай Мүмкіндікке (Шанс) ие болып рухани жағынан осындай ерлік іске бару, жеке рухани жетілу жолымен шектелгенге қарағанда анағұрлым үлкен бағаланады. Бірақ бұл жерде Жауапкершілігі де айтарлықтай жоғары.

— Кейбіреулердің жолы болғыш, — деп Стас ауыр күрсінді.

— Әркімнің Мүмкіндігі (Шанс) бар. — Сэнсэй біртүрлі ерекше үнімен айтты. Және кішкене үнсіз қалып, әрі қарай әңгімесін жалғастырды: — Алғашқы Дыбыс формуласы әр замандарда беріліп отырған. Бірақ сіздерге түсінікті болу үшін, мен сіздерге біздің заманымызға жақынырақ уақыттардағы оны қолдану тарихын айтып берейін. Ал ол Иса, Мария, Агапит және тамплиерлермен байланысты болғандықтан, сіздерге адамдардан Архонттармен аса мұқият жасырылған сол замандар туралы шын тарихты білу де қызықты болар деп ойлаймын.

Сэнсэй ыңғайлырақ отырды да әңгімесін жалғастырды:

— Сонымен, Алғашқы Дыбыстың формуласы әлемге Иса Мәсіхпен бесінші рет әкелінеді. Айта кету керек, осы әлемде өмір сүріп және адамдардың рухани деңгейін бағалаған Ол, жеребені жорамалмен тастаған жоқ. Ол рухани және

басқаларынан лайықты деп есептеген адамға бұл формуланы саналы сеніп тапсырады. Және ол адам Мария болды.

— Исаның Анасы ма? — деп нақтылай сұрады Руслан.

— Жоқ. Иса формуланы өзінің жалғыз сүйіктісі және ең адал шәкірті — Мария Магдалинаға сеніп тапсырды (Нет. Иисус доверил формулу Марии Магдалине — своей единственной возлюбленной и самому преданному ученику).

— Ал не, Исада әйел болғаны ма? — деп Николай Андреевич шын таңғалды.

— Әрине.

— Бұл Мария деген кім? — деп Слава Костядан тыныш сұрады.

— Қайдағы бір тәубе еткен күнәһар әйел да, — деп оған маңызды түр жасап Философ түсіндірді.

Баланың қабағын түйіп жауап бергеніне қарап біздің психотерапевт жымиды да, оның қысқа сөзін толықтырды.

— Эрмитажда XVI ғасырдың италиялық суретшісі Тициано Вечеллионың «Тәубе етуші Әулие Магдалина» («Кающаяся Святая Магдалина») деп аталатын картинасы бар.

Сәнсэй оларды тыңдап, ауыр жымиды да, сөздеріндегі бір түрлі мұңды үнімен айтты:

— Мария Магдалина Мәсіхтің (Исаның) күндей нұрында жарқыраған таңғы шықтай жанымен де (рухымен) тәнімен де таза болды. Бірақ өзін сүйгіш Пётрдің тәкаппарлығын көкке көтерген, жалғаншы (самозванец) Павелдің билігін көбейткендердің оған деген жеккөрушілігі өте күшті болып шықты. Өйткені олар Ақиқатты Қайнар көзінде умен улады. Ал Мария Магдалина Мәсіхтің (Исаның) Махаббат мехрабындағы (алтарь) Нұры (Светочем) болды және әлі күнге дейін солай.

— Солай ма? — деді Николай Андреевич ойлана. — «өзін сүйгіш Пётр», «жалғаншы Павел» («Петра-самолюбца» и «Павла-самозванца»? Қызықты трактовка.

— Егер шынымды айтсам, — деді Виктор, — Мария Магдалина туралы жарытып ештеңе білмеймін. Исаның анасы туралы естігем, ал Мария...

— Марияны қоя тұршы, тіпті Исаны да жалпылай ғана білеміз, — деп өздерімізге сыни қараған жалпы толқынды Стаста іліп әкетті. — Айтпақшы, Сэнсэй есінде ме, сен бізге Исаның өмірі, Оның Ілімін дінге айналдырғаны туралы айтып беруге уәде бергенсің?

— Иә, иә, иә! — деп Женька басын изеп, сұқ саусағын шошайтты. — Менде склероз болса да, бұл есімде.

Сэнсэй құпия үнсідігін сақтап асықпай кесесіне ыстық шайды құйды.

— Тыңдау біршама қызықты болар еді, — деді Сэнсәйдің тербеліп (екіұдайлы) тұрғанын көрген біздің психотерапевт «процесті» қолпаштап.

Шайынан бірнеше жұтым жасап Сэнсэй айтты:

— Егер уәде берсем, демек айтамын. Тек басында назарларыңызды келісіге аударғым келеді. **Адамдар әлемінде кара көрінгеннің барлығы кара емес. Және ақ көрінгенде әрқашан ақ болмайды. Түсті қабылдау іштен (жан дүниенен) жүреді. Рух қаншалықты таза болса, адам соншалықты осы әлемнің шын түстерін көретін болады. Және ол қаншалықты рухани жетілсе (өссе), шын мәнінде бұл әлем қандай екенін көбірек ұғына бастайды. Ақиқатты тануға деген ұмтылыс сөзсіз мадаққа (мақтауға) лайықты. Бірақ естерінде болсын, білімді көбейтумен мұнды (скорбь) да көбейтесіздер.**

Біздің жас топ бұл сөздермен Сэнсәйдің нені меңзегенін толық түсіне алмай көздерін бұрды. Бірақ үлкен балалар сөзін бөлмей мұқият тыңдауларын жалғастыра берген соң, біздерде оларға еріп сұрақтарымызды кейінге қалдырдық.

— Исаның өмір тарихы туралы айтпас бұрын мен сіздерге Исаның анасы — Мария туралы қысқаша баяндап берейін, себебі оның өмірі біздің заманымызға дейін жеткен шіркеулік

аңыздардан біршама өзгешелеу. Мария Палестинаның солтүстігі Галилеи (Галилея) де, Кана деп аталған қоныста өмір сүрген грек эмигрантының қызы еді. Ол Тивериад көлінің батысында, тау етегінде орналасқан әдемі жер болатын. Айта кету керек ол замандарда Галилеиде (Галилея) халық қоныстары айтарлықтай сан түрлі болды: ол жерде көптеген финикияндар, арабтар, сирийцтер (сирийцев), гректер өмір сүрді. Үш жасында Мария жетім қалады. Көршілері оны Тивериад көлінің жағалауында орналасқан сол кездегі ірі орталық — Тивериада (Тивериад) қаласындағы өзінше бір жетімдер үйі секілді балалар үйіне береді. Ол жерде Мария он бір жыл өмір сүреді.

Мария жасы он төртке толған кезде, ол сексен жастағы қария Иосифке сатылады. Ол Марияны қазір айтылатындай әйелдікке емес, қожалығына қызметші ретінде алған. Бүгінгі күндегі пікірге қарамастан, Иосиф ауқатты яхудей (иудей) болған. Анағұрлым кейінірек бүгінде атақты Назарет пайда болған жерден бірнеше километр қашықтықта орналасқан қоныста тұрған. Ол тұл еркек болды (әйелі өлген еркек). Өзімен бірге ересек балалары өмір сүрді.

— Ал ол қалай ақша тапты? Ағаш шебері болды ма? — деп сұрады Виктор.

— Жоқ. Ол саудагер еді. Тек сол кездегі яхудейлік (еврейлік) салт дәстүрге сәйкес әрбір жасөспірім-яхудей (иудей) әрі қарай өзіне күнкөріс жасауы үшін қандай да бір кәсіпті меңгеруі керек болған. Енді Иосиф бұл жағдайда ерекше болған жоқ, жастық шағында-ақ ағаш өңдеу кәсібін меңгереді. Сонымен Марияны үй шаруашылығында күн ретінде пайдаланады. Жасы он жетіге келген кезде «қожайындары» оның жүкті екенін байқайды. Иосиф болса отбасын жаман өсек-аяң мен масқаралыққа ұшыратпас үшін оны үйден қуып жібереді. Көршілерінен жасырын ол Марияны өздерінің қоныстарынан әрмен апарып, жолға тастап кетеді...

— Жалғыз өзін бе? — деді қорқынышпен Татьяна.

— Оның үстіне жүкті (аяғы ауыр), — деп есіне салды Костя.

— Жүкті? Кімнен? — деп Руслан сұрады.

Стас Русланға қарап күлді:

— Сен өзің бойға пәктікпен бала біту туралы естіп пе едің?

— Ал сен оған сенемісің?

— Енді, ол соншалықты өтірік (аңыз) емес, — деп осы талқылаудағы Сэнсәйдің үнсіздігінен екені анық, диалогқа Николай Андреевич араласты. — Жоқ дегенде бүгінгі күнде ғылымда белгілі бір сыртқы әсер ету жағдайында, әйелдік жұмыртқа клеткалары жатыр ішінде бөлініп және қалыпты ұрықты құра алады деген теория қорытындысына жетті.

— Белгілі бір сыртқы әсер етуде? — деп Женька күлімдеп қайта сұрады да, сол бойда энтузиазммен нақтылады: — Белгілі бір сыртқы әсермен әрине солай болады. Онымен кім даулассын!

Үлкен балалар өз күлкілерін жасыруға тырысып жатқанда, оған Николай Андреевич наразылығын айтты:

— Мен ол туралы емес. Осы сұрақ бойынша жануарларға медико-биологиялық зерттеулер жүргізілген. Ұрғашыларына (жануарларды) радиоактивті сәулелену жасағанда бұл жұмыртқа клеткаларының бөлінуі мен ұрықтың өздігінен қалыптасуына әкелген. Яғни, бұл кейбір мағынасында қыз ағзасында жүктіліктің дамуын растайды. Ал егер сол жердегі радон көздері бар өзендердің жеткілікті екені туралы фактілерді ескеретін болсақ, мен Палестинаны меңзеп тұрмын, онда...

— Радий?! Құдай сақтасын, — деп Женька шоқынды.

— Радий емес, радон, — деп Николай Андреевич оның сөзін дұрыстады. — Бұл асыл газдарға жататын радиоактивті химиялық элемент. Ал радий «сілтілік жер» металдарына жатады. Сіз жас жігіт, мектепте химия пәнін оқып па едіңіз?

— Ол тіпті осындай сөздерді білмейді, — деп желкесін қасып тұрған Женькаға қарап Стас жауап берді (ол үшін).



— Не үшін білмейді екенмін? Білемін! — деп досына қарсылық танытты. — Мен тіпті зертханадағы зерттеулердің бірінші заңын да білемін.

— Ол тағы қандай заң?

— Қандайы несі? Ыстық колба дәл салқын колба секілді көрінеді.

Ұжым күлді, ал Виктор көңілді айтты:

— Иә, оны қаласаңда ұмыта алмайсың.

Николай Андреевич Сэнсэйдің балалардың әзілін сырттай бақылап, үнсіз шай ішіп отырғанын көріп, үзілген әңгімені қалпына келтіруге тырысты.

— Дегенмен маған белгілі болғаны, Марияның бойына бейкүнә (пәк) бала біту туралы әлі күнге дейін дауласу жүріп жатыр. Және әртүрлі нұсқалар айтылған — партеногенездің мүмкіндіктері туралы ғылыми болжамдардан және бұл туралы гипотезден бастап, Мария Пантера есімді қашқын рим солдатынан жүкті болды деген пенделік сөздерге дейін. — Және құдды бір күмәнданғандай анағұрлым жәй даусымен талдады: — Дегенмен Пантера немесе Пандера бұл жай ғана гректің «пәк» (бейкүнә) дегенді білдіретін «parthenos» сөзінің өзгертілгені болуы мүмкін...

— Ал шыныменде, Мария кімнен бала көтерген? — деп Руслан езулене жымиды.

Барлығы жасырылмас қызығушылықпен Сэнсэйге қарады. Дегенмен оның жүзінде күлкінің ұшқыны да болған жоқ. Жанары мұңды, әлде айыптағандай күйге толы болды.

— Эх, адамдар, адамдар, — деді күйіне Сэнсэй. — Бұл шыныменде соншалықты маңызды болғаны ма?! Исаның жатырға біту процесі Оның кім болғандығынан шыныменде маңызды ма? Оның Ілімінен де ме? Ол Құдайдың жаратқаны емес пе, Ол Құдайдың Ұлы. Мәні Ол келген тәнінде жатқаны ма? Анағұрлым маңыздысы сол тәнде Кімнің келгені және Ол осы әлемге әкелген Ақиқатта емес пе.

Осындай ішкі ауырлықпен айтылған сөздерден кейін, халық демін ішке тартып үнсіз қалды. Жанған азарт көздер, ішкі жан дүниенді тереңіне дейін жандырып өтетін Сэнсәйдің көзқарасынан ұяла тығылуға тырысып, тез сөнді. Тіпті осы дискуссияға қатыспаған менде, достарым үшін, өзім үшін, тіпті барша адамзат үшін өзінше бір кінәні, қандай да бір ішкі ыңғайсыздықты сезіндім. Біздер адамдар Жарыққа ұмтылатын сияқтымыз, дегенмен бойымыздағы Хайуани негіз әлі де күшті. Ұмтылу — болу дегенді білдірмейді деп айтпақшы.

Осы жанды қатты басатын тыныштықта Сэнсэй кенет сөз бастады:

— Үлкенді сыйдыра алмайтын ғана, майдамен айналысады.

Сэнсэй осыны айтты да қайта үнсіз қалды. Ол жанарын басқа жаққа аударып, ауыр күрсінді. Және кішкене үнсіздіктен кейін осындай тақырыптан ауытқу мүлдем болмағандай өзінің әңгімесін қалыпты, салмақты даусымен қайта жалғастырды.

— Мария Исаны Тивериада қаласынан алыс емес жерде дүниеге әкелген. Және сәбидің жылағанына бірінші болып жақын жерде қой отарын бағып жүрген шопаншылар келген. Дәл сол адамдардың уақытылы көмегінің арқасында Мария сәбиімен аман қалады. Анағұрлым кейінірек «Құтқарушы» («Спаситель») деп трактовка жасалған, ал шын мәнінде «Құтқарылған» («Спасённый») дегенді білдіретін грекше Иса есімін сәбиіне береді.

— Демек, Иса Вифлеемде дүниеге келмегені ме? — деп Николай Андреевич үніндегі таңғалысымен сұрады.

— Жоқ. Исаның Вифлеемде дүниеге келгені туралы аңыз, Иса Ілімін дінге өзгерте бастаған кезде пайда болған. Ал бұл сұрақпен діни басшылықтағы яхудей (иудей) айналысқандықтан, мәтін де сәйкесінше бұрмаланған. Олардың ескі жазбаларына сай, Мессия Давид патшаның ұрпағынан болуы керек-міс. Ал Вифлеем «Давид қаласы» болып есептелген. Және Иса туралы барша діни тарих осы яхудейлік (иудейское) мәтінге сәйкес (ұқсастырылып) жазылған.

— Міне саған!

— Ал негізінде дін бүгінгі күнде Иса тарихын, ол замандарда Иса дүниеге келмей тұрып-ақ, көптеген адамдар Оның кім екендігін білген дегенге әкеледі. Ал ақиқатында Оның жердегі тағдыры, Адам Ұлының өмірі секілді болды. Адамдар кездейсоқтық деп атайтын Исаның өмірінде көп болған. Бірақ егерде оларды талдайтын болсақ, бұл шын мәнінде кездейсоқтықтар болды ма? Өйткені Жаратушы ісі — адамдар үшін құпия. Онымен Жасалған көмек бір қарағанда байқаусыз.

Көбінде құбылыстардың себеп-байланысын және әртүрлі оқиғалардың шынайы мотивтерін терең білмейтін адамдардың ойынша, болып жатқанның көпшілігі кездейсоқ болып көрінеді. Кездейсоқ басқа көшеге бұрылып, сен көптен бері көрмеген, бірақ дәл қазір саған қажет болған танысыңды кездестірдің. Кездейсоқ басқа қалаға барып және сол жерден өз орныңды таптың. Кездейсоқ бір адамға көмектестің, ал ол саған көп жылдардан кейін дәл осылай мүлдем кездейсоқ, ең қажетті сәтте жаныңнан табылып, сенің өміріңді құтқарады.

Исаның да тағдыры дәл осылай болған. Босанғанынан бірнеше күн өткен соң, өзін кездейсоқ құтқарып қалған шопаншылардың арқасында кішкене аяғына тұрған Мария, сәбиімен Тивериадаға қайта келеді. Ол қайыр (садақа) сұрап жүргенде тағы да «кездейсоқ», — Сэнсэй соңғы сөзінің астын сызып айтты, — оған Амвросий есімді егде жастағы грек жақындайды. Оған садақасын беріп, өмірі жайлы сұрап, ол Марияны сәбиімен бірге Мысырға алып кетеді. Осы қарапайым емес адаммен Иса ол жерде анасымен бірге өмір сүріп, жақсы мектеп білімін алады.

— Қарапайым емес? — деп Стас лезде сөзін іліп әкетті. — Бұны қалай түсінуге болады?

— Бұл Межаниннің өзі болған, яғни Шамбалаға тікелей шығу мүмкіндігі бар адам.

— Ал керек болса! Және бұл «кездейсоқ» кездесу деп аталады ма? Бұған ешқашан сенбеймін! — деді Женька жымия.

— Енді, Исаның адамдар әлеміне келуіне тек Архонттар ғана дайындалған жоқ, — деп оған Сэнсэй жауап берді.

— Амвросий? Қызық есім. Бұл есімді ешқашан естіген емеспін, — деді Слава тыныш даусымен Костяға қарап.

— Грек тілінен аударғанда «Амвросий» «ажалсыз» (бессмертный) дегенді білдіреді, — деді сөз арасында Сэнсэй және әңгімесін жалғастыра берді: — Он екі жасына қарай, Иса өзінің Болмысы мен шын мәнінде Кім екендігін алғаш түсінген кезде, Ол тек белгілі бір рухани практикаларды ғана емес, философия, грамматика, шын тарих пен кейбір нақты ғылымдардың да біршама жақсы білім базасына ие болды. Бірнеше тілдерді білді және Ежелгі Мысырдың мыңжылдық медицина практикасымен, Оның ерекше ауруды (сырқатты) емдеу қасиеті ұштасып, бірегей (ерекше) медициналық тәжірибиеге ие болды. Және мен айтып кеткендей он екі жасында Ол Өзінің Кім екендігін, дүниеге не үшін келгендігін және Өзіне не істеу керектігін білді...

— Угу, Исаның жасөспірім балалық шағы соншалықты айтылмайтыны енді түсінікті болды, — деді Николай Андреевич ойлана.

— Исаға Шығысқа бару қажет болуына байланысты, Ол анасымен Палестинаға қайта кетеді. Жолшыбай олар сол уақытта жетім қалған, Исамен құрдас баланы кезіктіреді. Оның есімі Иоанн болатын. Бұл кейінірек мәтіндерде Предтеча деп аталып кеткеннің өзі. Мария мен Иса баланы өздерімен алып кетеді. Иса мен Иоанн бауырлар секілді өте жақын дос болады. Екі жылдай олар Иса анасының отанында бірге өмір сүреді, Иса оның білімімен айналысады, оның ішінде рухани білімдер де бар. Он төрт жасында Иса анасын Иоанн қамқорлығына қалдырып, сауда керуеніне ілесіп Шығысқа кетеді.

— Тибетке? — деді Сэнсәйді мұқит тыңдап отырған Володя.

— Жоқ, сәл әрі Таулы Алтайға.

Володя Сэнсэйге таңғалған үнсіздікпен қарады. Ал Сэнсэй:

— Исаға сол жерлерде болу қажет болады, — деді.

— Не үшін?

Енді Сэнсэй Володяға жасырылмас таңғалысымен қарады, оның көзқарасы жауаптан да түсінікті болғандай.

— А-а-а, — деді Володя біршама серігіп. — Түсіндім!

Сэнсэй болса бізді осыншама қызықтырған жерге назарын көп кідіртпестен әңгімесін жалғастырды:

— Ал қайтар жолында ол Қытайда, Үнді және басқа да шығыс елдерінде болады. Сондықтан Иса Палестинаға жасы отызда болған кезде оралған. Иоанн бұл уақытта уағыз-насихат жұмысын қарқынды жүргізіп жатты. Оның ізбасарлар тобы болды және оларға Иса туралы жиі айтуы қалыпты құбылыс. Және Иса Шығыстан келген кезде, Иоанн тобындағы көптеген адамдар Оның артынан ереді. Иса өзіне шәкірт етіп алғандардың бірі Андрей болған. Мен сіздерге бір кездері айтқан дәл сол Андрей Первозванный.

— Ал Пётр? Өйткені Пётр алғашқы апостол болып есептеледі емес пе? — деп есіне түскен болуы керек, Николай Андреевич байқампаздықпен айтты.

Сэнсэй шайынан тағы да бір-екі жұтым жасап, асықпай сөзін бастады:

— Енді бұл шіркеу аңызы бойынша. Ал өмірде бұлай болғаннан алыста. **Оның үстіне Иса Пётрді ешқашан өзіне шәкірттікке шақырмаған және бірінші апостол демек түгелі, оны өз Ілімінің елшісі деп ешқашан атамаған, яғни апостол деп!**

— Тоқтай тұр, — деп Николай Андреевич анық-қанығын білуге тырысты. — Ал «Жаңа Өсиеттегі» (Новый Завет) Иса, бауыры Андреймен бірге балық аулап отырған Пётрді көріп, оларды «адамдарды аулаушылар» (ловцами человеков) ету үшін артынан еруге шақырды деген естелік ше?

— Тек Інжіл (Библия), әсіресе «Жаңа Өсиет» (Новый Завет) Исаның ізгі істері фонында Пётр мен Павелдың абыройын асқақтата жазылған. Егер сен өзіңе белгілі төрт Евангелиядан

бөлек «Жаңа Өсиет» кітаптарын мұқият оқитын болсаң, барлығы олардың мәртебесі мен догмаларын көтеруге әкелетінін көресің. Ал не үшін? Себебі Иса Ілімінен дінді жасағандар негізінде өздерінің биліксүйгіш мақсаттарын көздеді және осы тұлғалардың Иса фонында мәртебесін көтеру олар үшін пайдалы болған. Бірақ олардың догмалары шын Иса Ілімі секілді адамдарды рухани еркін емес, керісінше материяға басыбайлы етті.

Сэнсэй үнсіз қалды, естігендерін «қорытсын» деп біздің ұжымға мүмкіндік бергендей.

— Хм, осындайларды айту үшін нақты салмақты дәлел керек, — деді Николай Андреевич. Сэнсәйден көбірек естігісі келгені анық.

— Иә, дәлелдер біршама жеткілікті. Жай ғана тарихқа тұсаусыз зер салыңыз, Пётр кім болды, Павел кім болды. Талдап, салыстыр және барлығын өзің түсінесің.

— Жақсы ұсыныс, — деді Николай Андреевич және: — Бірақ кітапханаға шабуыл жасар алдында бұл тарихты сенен естуді қалар едім, — деп қосты жымия.

— Мархабат, — деп Сэнсэй иығын көтерді. — Бірақ біздер бұл тақырыпты қозғаған екенбіз, ендеше барлығын ретімен айтайық. Пётрдан бастайық... Шындығында бұл адамды Пётр деп емес, Ионның ұлы Симон дегенді білдіретін Симон бар-Ионе деп атаған. Ионның ұлы деп бекер атамаған, дегенмен ол замандарда осындай есім беру қалыпты жағдай болған. Әңгіме Андрей оған туған емес, бөлек туған бауырлар (сводный брат) болғандығында...

— Негізінде иә, — деп Николай Андреевич тыныш келісті, — мен бұл туралы ойланбаппын. Өйткені Андрей — бұл таза грек есімі...

Бірақ Николай Андреевич өзімен-өзі ойға шомғандай айтқан соң, Сэнсэй тақырыптан ауытқымай әңгімесін жалғастыра берді.

— ...Симон галилеяндық болды және Вифсаид қонысынан шыққан. Исамен жолықпай тұрып-ақ үйленген, екі баласы болған және Тивериад көлінен балық аулауды кәсіп қылған.

— Тағы да әлгі өзен бе, — деді Женька әзілмен. — Сэнсэй, сен маған оны бірінші рет айтып тұрған жоқсың. Мен секілді Сусанинге оның қайда орналасқанын айтып көзімді ашып берші?

— Болады, — деді Сэнсэй жайдары. — Өзіне елестетіп көр, Жерорта теңізінің шығыс жағалауы, жағаға жақын ағып жатқан Иордан өзені. Тивериад көлі Иордан өзеніне барар жолдағы Палестинаның солтүстік бөлігінде орналасқан. Айтпақшы дәл осы үлкен көлді ерте замандарда Галилей теңізі, Геннисарет көлі (Геннисаретским озером), Тивериад, Киннереф теңізі деп атаған. Оның формасы солтүстікке бағытталған сол аяқ табанының қалдырған ізіне ұқсайды. Сондықтан ендігі картаға қарап, адаспайсың Сусанин, — деп Сэнсэй күлді де үзілген әңгімесін жалғастырды: — Сонымен, Симон Иса туралы алғаш рет сол кездері Иоанн жамағатына кірген, бірге тумаған кіші інісі Андрейден естиді. Ал Андрей Исаның өзіне шәкірттікке өткенде, Андрейдің Исаның ғажайыптары мен тылсым сырқаттарды емдегені туралы айтқан әңгімесіне қызығып, Андрейден Онымен жолықтыруды сұрайды, ондағы ниеті (қалауы) бұл ғажайыптардың барлығын өз көзімен көріп және мүмкіндігінше осыған өзі де үйрену болады. Әрине Андрей оның өтінішін орындайды. Бірақ... Симон мен Андрей мүлдем екі бөлек жандар еді. Андрей мейірімді, шынайы, жомарт, жүрегі кең адам болған. Яғни Исаның шәкірті болуға лайықты адамгершілік қасиеттерге ие еді. Симон болса оған кереғар: қатты өзімшіл, пайдакүнем, биліксүйгіш және жүрексіз болды.

— Иә, отбасында осындай қарама-қарсы мінез жиі болып тұрады, — деп Сэнсәйді тыңдап отырған Николай Андреевич тағы да тыныш даусымен айтты.

— Ал енді Иса туралы ақпаратты олардың қалай қабылданғанын елестетіп көріңіз. Андрей Оның Ұлы Рухынан әсер алып, Иса туралы шын қуанса, ал Симон Андрей секілді

адамдарды алдында желпілдеуге «итермелеген» Оның ықпал ету күшіне таңғалды. Адами тілек-қалау мен ұмтылыстағы осы айырмашылықты сезініп тұрсың ба?

— Және біршама! — деп біздің психотерапевт басын изеді.

— Егер Андрейді Исаның рухани Болмысы, оның жан мен тәнді емдеу қабілеті, адамдарға көмегі таңдандырса, ал Симон өзінің жеке арам пайдасы мен атақ-даңқ үшін, өзімшіл ниетімен Иса жасағанды үйренгісі келді. Сол себепті Симон Исаға келген бірінші күні-ақ, Ол оған қарап, бұл адамның болмысы мен ниетін тура көріп, оны аудармасында «тас» дегенді білдіретін «Кифа» деп атаған. Және кейін Иса Өз Шіркеуін құруға уәде берген «тас» деп интерпретацияланған мағынасында емес, Симонның болмысы тас деген мағынада. Өйткені біздің заманда «жүрегінде тас», «кеудесі тас» деген сөздер болса, сол кездері де «жүрегі тасқа айналған» деген мәтелдер болған. Ол замандарда таспен атқылап жазаға кесу (өлтіру) кең таралғандықтан, «тас» айыптау мен пенделік жеккөрушілік қаруы деп саналған. Енді Исаны өзінің Хайуани негізі тұрғысынан бағалаған Симонды көрген Иса, Симоннан адами жеккөрушілік пен айыптау тасын көрген. Сондықтан болашақ Жүректерді танығыш (Сердцеведцем) оны «Кифа» деген және алғашқы кездесуден бастап соңғы кездесуіне дейін солай атаған.

Сэнсэйді құмарта тындап отырған Стас сұрады:

— Сонда Иса оны қуып жібергені ме?

— Бұл не дегенің, — деп Сэнсэй жайдары созды. — Әрине жоқ. Ол Иса емес пе! Оның артынан шын шәкірттерінен бөлек түрлі адамдар ерген. Бірі жай ғана Исаның мейірімді жұбататын сөздерін есту үшін. Симонға ұқсас басқалары ғажайыптарға жасырын үйренуді қалады. Тіпті Исаның барлық қозғалысы мен істерін аңдып отыру үшін билік басындағылардың бұйрығымен арнайы енгізілгендер де болды.

— Иса Ілімі шыныменде билік басындағыларды қызықтырғаны ма? — деді Виктор мысқылдай.



— Ілімі де, Иса Тұлғасы да, әсіресе Иоанн Предтечидің сол кездердегі батыл мәлімдемелерінен кейін.

— Және айналасындағы осындай адамдарды Иса білгені ме?

— Әрине. Ол Иса емес пе!

— Сонда біліп үнсіз қалғаны ма?! — деді шын түсінбеген Костя.

Толық уайым мен алаңдаулы балаға Сэнсэй назарын аударып:

— Балалар, қанекей, оқиғаларды басып озбай барлығын ретімен өтейік. Сол кезде, сіздер кейін барша адамзаттың тарихына ғаламдық ықпал еткен Иса істерінің мәнін жақсырақ түсінесіздер. Сонымен Иса өзінің шәкірттерімен болған қазыналы (құнды, бағалы) бас қосуларда Симонның қатысуға мүмкіндігі болса да, басқалары жанымен түсінгенді ол логикаға салып, ақылмен ұғынуға тырысқан. Өйткені Кифаның ниеті дүниелік пиғыл мен ұмтылыстан болды. Сондықтан Кифа, Иса Ілімін нашар түсінді, есесіне адамдар арасында осындай атақ пен құрметке ие Тұлғаның қасында болғандығын мақтан етті. Исадағы өзіне кейін атақ пен ақша әкелу мүмкін болғанның барлығына үйренуді қатты қалады.

Николай Андреевич ойланып түсінбей (екіұдайлы) сұрады:

— Сен неліктен «Исаның шын шәкірттері» деп айтып тұрсың? Және олар кімдер? Евангелиядағы әлгі он екі адам ба?

— Айтқан себебім патриархальды дінді құруда, кейінірек Оның шәкірттері деп атағандардың барлығы олай болмаған. Исаның шын шәкірттер тобына ер адамдар да, әйел адамдар да кірген. Және бұл ерекше топ болған, ол жерде азаттық пен теңдіктің атмосферасы орнаған. Бұл Имхотептің ішкі шеңбері үлгісінде құрылған топ еді. Оның үстіне Мария Магдалина, Иса шәкірттерінің арасындағы, өз Ілімінің мұрагері, грек тілінде apostolos деп естілетін өзінің Елшісі деп атаған алғашқы шәкірті болған.

— Сен Мария Магдалина алғашқы апостол болған деп айтқың келіп отыр ма?! — деді Николай Андреевич, осындай сөздерге таңқалғаны анық. — Ал мен, ойласам...

— Оны сен ойлаған жоқсың, — деді Сэнсэй салмақты бірақ анық үнімен, құдды бір осы сөздерімен айтқанынан көбісін жеткізуге тырысқандай. — Сені солай ойлауға итермелеген. Саған еліктеуге дайын үлгідегі ақпаратты берген, ал сен оны қабылдадың, тіпті болған жағдайдың мәніне енбестен, еш апелляциясыз. Бірақ қамытын шешсе болды, сен болған оқиғаны мүлдем басқа қырынан көресің, толық картинасын байқайсың.

— Мүмкін солай шығар, — деп келісті Николай Андреевич.

Әңгімеде кішкене тыныштық орнады. Қызығушылығы тыныштық бермеген болуы керек, Татьяна сұрағын қоюға асықты:

— Ал Иса Мария Магдалинамен қалай танысқан?

— Иса Шығыстан оралған кезде, ол Тивериада көлінің жағасында орналасқан әртүрлі қалаларға барған, оның ішінде Мария өмір сүрген Мигдал-Эль қаласы да болды. Бұл Иса жиі болған Копернаум қаласы мен Тивериаданың жолында орналасқан ежелгі қала. Айтпақшы бүгінгі күнге дейін Мигдал-Эль қаласының қалдықтары сақталған. Бірақ қазір ол жерде кішкене Медждель қонысы тұр. Мигдал-Эль қаласында Иса Мариямен жолығады және кейінірек ол Магдалина аталып кетеді. Тағы да қайталап айтайын ол бойына «жеті жын кірген», кейінірек Иса емдеп жазған ешқандай да жүргіш (блудница) әйел болған емес. Егер қызғаныш, өтірік, тәкаппарлық пен екіжүзділік жыны кірген болса, ол тек дінді жасап, Мигдал-Элялық Мария қызға жала жабушыларда ғана. Ал шындығында ол таза (ары), сұлу, ақылды, арам ниеті жоқ және мейірімді болды. Және Мария біршама ауқатты отбасынан шықса да, Иса жанында болып, Оған көмектесу үшін қоғамдағы жоғары жағдайынан және барша артықшылықтан өз еркімен бас тартады.

— Ал неліктен оны Магдалина деп атаған? — деді Костя.

Николай Андреевич өз болжамын абайлай айтты:

— Мүмкін оған осындай есімді өзі өмір сүрген Мигдал-Эль қаласымен берген шығар.

— Олай емес, — деді Сэнсэй. — Бұл жерде барлығы анағұрлым күрделі. Матфейден келген Евангелияда (16 тарау, 13-26 өлең) шын болған тарихқа негізделген сюжет сақталған. Тек оның басты кейіпкері Пётр емес, Мария болған. Бірде Иса шәкірттерінен Өзін кім деп құрметтейтінін, яғни өзін кім деп санайтынын сұрайды. Шәкірттері Ұстаз деп жауаптарын айтқан. Тек сол кезде Мария ғана сұрақ Оның Болмысынан шыққанын түсініп, «Сен — Иса, Құдай Ұлы» деп жауап берген. Иса оған: «Сен бақыттысың, Мария, себебі саған мұны тәнің мен қаның ашқан жоқ, көктегі Менің Әкем ашты. Және Мен саған айтамын: сен — Менің Шіркеуімнің Магдаласысың және оны тозақ қақпасы еңсере алмайды» («Блаженна ты, Мария, потому что не плоть и не кровь открыли тебе это, но Отец Мой, сущий на небесах. И Я говорю тебе: ты — есть Магдала Церкви Моей и врата ада не одолеют её»). Дәл сол кезден бастап Марияны Магдалина деп атап кеткен. Және ол Мигдал-Эль қаласынан болғандығына еш қатысы жоқ. Тек арамей тілінде *magdala* «мұнара» дегенді білдіреді. Білетін адамдар үшін «Иса Шіркеуінің Магдаласы», «Шамбала Мұнаралары», «Сенім Тірегі» (Столпы Веры) — бұл Шамбала білімдері ашылатын және сеніп тапсырылатын ерекше адамдарды білдіретін ұқсас түсініктер. Әртүрлі замандарда, түрлі тілдерде ол адамдарды сан-қилы атаған, бірақ одан мәні өзгермейді. Ежелгі славяндар мысалға оларды «Вежа-лар» деген, ол «Шамбала Мұнаралары» дегенмен ұқсас «Білім Тіректтері» дегенді білдіреді. Тіпті бүгінгі күнге дейін әртүрлі халықтарда бір қарағанда «мұнара», «білуші», «білгір» (сведуший) деген түрлі мағына беретін «Вежа» сөзінің сақталуы да кездейсоқтық емес.

Сондықтан егер Мария Магдалина туралы айтатын болсақ, ол Иса құпия білімдерді сеніп тапсырған жақын шәкірті ғана емес, шын мәнінде икемделген Алғашқы Дыбыс, адамдар бүгінде «Грааль» атап кеткенді де Исадан алған (сеніп

тапсырған). Бұл Иса: «Және саған Аспан Патшалығының кілтін беремін; жерде нені байласаң, аспанда да сол байланады; және жерде неге рұқсат берсең, аспанда да сол рұқсат етіледі» («И дам тебе ключи от Царства Небесного; а что свяжешь на земле, то будет связано на небесах; и что разрешишь на земле, то будет разрешено на небесах») деп айтқан сол «Аспан Патшалығының кілті».

\* \* \*

— Демек, Евангелияда Мәсіхтің Вежасын, Пётрге алмастырғаны ма? — деді Володя түнеріп.

Сэнсэй иығын көтеріп мұңды үнімен:

— Бұл жай ғана пенделік істер... — деді.

Бірақ Сэнсэй сөзін аяқтамай жатып балаларды құдды бір сұрақтары қысқандай.

— Жоқ, енді олар Марияны Пётрмен не үшін алмастырған, оның не қажеті бар?

— Ал Грааль қайда кетті?

— Ал Пётрдың Мәсіхті үш рет сатып кеткені шындық па?

— Егер үш рет болса, — деді Сэнсэй жаратпай. — Кифаның аты — Кифа. Тіпті Понтий Пилаттың адамдары Исаның тәнін өлтірмеуге тырысып жатқан түні де Кифа Исаны өлдіге санап, Мария Магдалинадан «аспан патшалығының кілтін» сатып алуға тырысып, оған ақша ұсынады. Иса оны Марияға соңғы кездесу кешінде апостолдар арасындағы біріншілікпен (ең біріншісі), апостолдық қадір-қасиетпен (абыроймен) береді. Осы ісі үшін Мария оны «Жаратушының сыйына адами (пенделік) қол сұғушы» (человеческим покуситься на дар Божий) деп әшкерелейді (айыптайды).

— Енді иә, ыстық күйінде бас салғысы келгені ғой, — деді Женька.

Андрей болса Сэнсәйдің сөздерін түсінбей сұрады:

— Ол қалай «адами» қол сұғушы болады. Менің түсінгенім бойынша бұл «адамгершілікпен» дегенді білдіреді.

— Олай емес, — деді Сэнсэй наразылықпен. — Әңгіме мына жерде, Иса өз Ілімінде адам болмысын Құдайы (Божественное) және Адами (Пенделік) деген түсініктермен бөлген, біздердің Рухани және Хайуани деп айтатынымыз секілді. Сондықтан Иса және шәкірттері де «адами» сөзін дүниелік түсінігінде қолданған.

— Ал апостолдық қадір-қасиет (абырой) дегеніміз не? — деп Юра сұрағын қойды. — Бұл қандай да бір құжат па?

— Жоқ, — деді Сэнсэй. — Апостолдық қадір-қасиет – қол қою арқылы Киелі Рухпен байланысу. Иса сырқаттарды ғажайып емдеген кезде әдетте адамның басына қолын қойған. Және адам шыныменде сауығып кеткен. Айтпақшы кейінірек діни рәсімге айналған, ал шындығында бұл іс-әрекет қандай да бір рәсім болмаған. Тек Иса қол чакрандары арқылы жеке рухани күшімен адам энергетикасына әсер еткен. Және Оның шын апостолдары болған тек кейбір шәкірттері басқа адамдарды осылай емдей алған, өйткені олардың ішкі сенімі кіршіксіз таза және ұлы рухани күштері болған.

Кифа болса, өзінің адами ақымақтығымен ақшаның көмегімен бұл сыйды Мариядан сатып алмақшы болады. Өйткені Иса шәкірттері түсінігінде үлкен сенімдегі адам үшін мүмкін емес ешнәрсе жоқ болғанындай, Кифаның түсінігінде үлкен ақшасы бар адам үшін мүмкін емес ешнәрсе жоқ еді. Әрине Мариядан ешнәрсе ала алмай және оған одан әрмен ашуланғаны қалыпты жайт. Ол бұрындары да Иса жамағатындағы оның бірінші болғаны үшін салқын қараған, ал осыдан кейін тіпті жек көріп кетеді.

Бірақ осы болған оқиғадан кейін, Иса ізбасарлары мен шәкірттері арасында жеке қарабасының атағы, билігі мен даңқы үшін өзіне апостолдық шенді ақшамен сатып алуды қалаған адамдарды білдіретін «симония» секілді термин сөздер пайда болады. Және бұл терминнің халық арасына енгені соншалықты,

анағұрлым кейінірек ортағасырлық уақыттарда «симония» деп шіркеулік шендерді сатып алу, сату практикасын атаған. Айтпақшы жасырын формада бұл әлі күнге дейін жалғасып келеді. Ал Иса Ілімі негізінде құрылған діннің саяси билігі күшті болған орта ғасырларда, «симония» патшалар мен папалық биліктің басты кіріс көзі болуға сәл қалады.

— «Кіріс көзі»?! — деп Володя күлкілі қайта сұрады.

— Иә. Папалық дәуірде «Әулие Пётрдің үлесі» («лепта святого Петра») деп аталатын пайда болады — бұл «қасиетті таққа» өзіндік алым-салық секілді болды. Ол тіпті XII ғасырда папалық ойлап тауып айналымға шығарған арнайы грамоталар — индульгенцияға (латынның *indulgentia* — «рақымшылық» (милость) сөзінен шыққан), папа қазынасына берген белгілі бір суммаға, адам нақтылы бір күнәнің кешірілгені немесе кез келген қылмыс болмаса күнә жасауға куәлікті алатын абсурд жағдайына дейін жетті.

— Яғни, шын мәнінде бұл қылмыспен «қасиетті тақ» арқылы ашық сауда жүргізу болғаны, — деп Николай Андреевич ойын айтты.

— Иә. Ортағасырлық «такса» деп аталған барлығына болды, әртүрлі өлтіру түрлерінен бастап, туысқанымен байланысу (жыныстық, үйлену), «күнәлі бірге тұру» (греховным сожительством) және сол сияқтыға дейін.

— Қызық, ал оны заңды түрде қалайша рәсімдеген? — деп заң бойынша маманымыз Виктор мысқылмен сұрады. — Немене, осылай ашық мәтінмен жазғаны ма?

— Солай жазған: «Егер кім әкесін, анасын, бауырын, апақарындасын, әйелін немесе туысын өлтіретін болса, ол күнәсі мен қылмысынан арылады егер де 6 гросс төлесе». Туысқандық жақындасу (жыныстық, үйлену) 4 турский ливраға (сол кездегі Францияның ақша бірлігі) бағаланған, содомдық күнә (содомский грек, бір жынысты адамдар арасындағы зина күнәсі) және жануармен жақындасу (скотоложство) — 36 турский ливра және сол сияқты.

— Демек, іс жүзінде папалық индульгенция қылмысты қолдағаны ма?! — деп естігеніне Виктор таңғалды.

Сэнсэй өз жауабын толықтырды:

— Және осындай практика жүздеген жылдарға созылып, бұл ұятсыздықтары католик шіркеуі Иса, Мария бикеш, апостолдар мен әулиелер жасаған ізгі істер қорына ие дегенмен түсіндірілді. Ал бұл ізгі істер адамдардың күнәсін жаба алады-мыс. Индульгенциямен сауда жасау жаппай орын алды. Байлар ең «бейкүнә», ал «әулие Пётрдің үлесін» («святой лепты Петра») сатып ала алмаған кедейлер...

— Күнәсіз кінәлілер болды, — деп аяқтады Виктор.

— Дәл, — деп Сэнсэй басын изеді.

Осындай ақпараттан кейін біздің ұжым араша ызындай жөнелді.

— Қатырады!

— Міне саған «әулие үлесі»!

— Ай да Пётр, ай да... Ион баласы-ай, — деді Женька әзілмен.

— Енді не істей аласың, — деді Сэнсэй шаршаңқы бірақ жымия, — адамның жасаған ісі қандай болса, нәтижесі солай болмақ. — Және кішкене кідіріп, әңгімесін жалғастырды: — Иса кеткеннен кейін Кифа өмірлік оқиғалар айналымында біршама абдырап қалады. Ол уақыттарда Иса Ілімі көптеген адамдарды рухани оятып, олардың бір бөлігі өздеріне тек Құдайды ашып қана қоймай, өмір сүруінің қорқынышынан ада болып, рухани тыныштық пен еркіндікке жетті. Және бұл адамдар — Иса Ілімінің шын ізбасарлары — билік басындағылар үшін қауіпті бола түсті, өйткені олар өздеріне ешқандай билікті, епископ болсын, алғашқы шіркеу қызметшілері, прокуратор, дін басшысы болсын мойындамады. Олар өздерінен жоғары тек Жаратушының ғана тұрғанын, бұл өмір уақытша және ол материя билігінен ада болып, мүлдем басқа әлем — мәңгілік әлем, Жаратушы әлеміне өту үшін, рухани жетілу үшін берілгенін түсінді.

Бірақ Исаның артынан ерсе де, Оның сөздерін Хайуани негізінің призмасынан өткізіп өзінше түсінген Кифа секілді басқа адамдар категориясы да болған. Кифа Исаның қасында біршама ұзақ уақыт болғанына қарамастан өзіне басты деп есептеген Исаның ғажайыптарын бәрібір де үйрене алмады. Балық аулау кәсібіне қайта оралу — бұл деген наныңды ауыр еңбекпен табу деген сөз! Сауат аспады: оқу, жазу білмеді. Ал әдемі өмір сүруді қалады, жоқ дегенде өзін Иса секілді құрметтеп, пір тұтса. Бастапқы кезде Кифа Исаның абыройын және біраз уақыт Онымен бірге болғанын пайдаланумен өмір сүрді. Ал Иса Ілімін ұстанушыларды қудалау басталған кезде, бүгінде Исаның «бауыры» ретінде атайтын, сол әлгі Иосифтің ұлы яхудей-пірәдар (священник-иудей) Иаков досына, яхудей (иудей) жамағатына Кифа лезде ырғып кетеді. Кейінірек қудалау біршама басылған кезде, иудаизмнің догмаларынан да, Иса Ілімінен де алып, оларды өз ыңғайларына салып түсіндіре отырып, екеуі өздерінің ережелерімен жамағатын құрады...

Және әрі қарай Сэнсэй біздердің айтып жеткізе алмайтын таңғалысымызды тудырған ерекше ақпараттарды (тарихты) айтты.

\* \* \*

— ...Негізінде айта кету керек, біздің заманымыздың бірінші ғасырында Палестинада толық бір рухани серпіліс болады, оның толқынында түрлі жамағаттар, мектептер, ағымдар мен бағыттар пайда болған. Әрине адамдардың руханиятқа деген ұмтылысын арам пиғылы мен пайдақорлыққа пайдалынып кеткендерде болды. Иаков пен Кифа осындай адамдардың категориясында еді. Олар өздерінің кішкене діни жамағатының «дін басшылары» (пастырь) болып, тиындарын тауып тыныш әрі бейбіт өмір сүре беретін еді, егерде олардың тағдырына өз жоспарлары мен үлкен саясаттағы ойындарымен Архонттар араласпағанда.



— Архонттар? — деп таңғалды Женька. — Ал олар бұл жерде қайдан жүр?

— Мен сіздерге айтқанмын, әлемде рухани күшті тұлғаның келуі, оның үстіне қызметі, Архонттар билігінің айтарлықтай әлсіреуіне алып келеді. Бұл соңғылары үшін қатерлі және ең бірінші кезекте олардың халықтарға таңатын аримандық идеологиясы үшін. Ал бұл жерде әлемге Исаның өзі келді! Архонттар Исаның адамдар арасында алғашқы пайда болуына, олардың алдыңғы буыны Имхотеппен болған тарихтағы сәтсіздігін есте сақтап назарларын аударады. Исаның алғашқы уағыздарында-ақ, Оның ізбасарлар тобына Архонттардың адамдары енгізіледі. Иерусалимде «Еркін тас қалаушылардың» тікелей ықпалында синедрион болды...

— Синедрион? — деп Стас қайта сұрады? — Ал ол не?

— Бұл сот және саяси функциялары бар Иудеядағы жоғары коллегиялды билік органы. Ол алғашқы пірәдардың басшылығымен Иерусалимдік ғибадатханада орнықты. Оның құрамына дін өкілдерімен бірге (бұрынғы алғашқы пірәдарлар, пірәдарлық отбасылар басшылары, ақсақалдар, кітапшылар) зайырлы ақсүйек өкілдері де кірген. Иса дүниеге келмей тұрып Архонттар синедрион басшысы етіп жоғары таптан шыққан өздерінің еркін тас қалаушысы Гиллельді қойған. Ол біздің заманымызға дейінгі жобамен 75 жылы Вавилонның ақсүйек, өз бастауын Давид патшаның тікелей тармағынан шыққан деп есептеген ауқатты отбасында дүниеге келеді. Мен еске салып кеткендей Вавилон «Еркін тас қалаушылар» өздерінің діни кланын дайындаған, Архонттардың әлемдік орталығының бірі болған. Бірақ уақыт өте өздерінің шын шығу тегін жасыру мақсатында және басқа көшбасшы мәдениеттердің үстемдігіне ыңғайланып, Архонттар әлгі «Еркін тас қалаушыларды» «понтификтер» деген атауға өзгертеді.

— Қалай?! — деп таңғалды Николай Андреевич. — Понтификтер?! Сен ештеңені шатастырып тұрған жоқсың ба?

— Сенің өкінішіңе орай жоқ, — деп оның реакциясына қарап Сэнсэй күлді.

— Бірақ маған белгілі болғаны понтифик деп Рим Папасының сол лауазымда болған уақытын айтады. Ал Ұлы понтифик деп сәйкесінше сол Папаны ұлықтайды!

— Өте дұрыс, — деп Сэнсэй растады. — Ал сен неліктен Рим папасы бұл титулдың мұрагері болғанын білесің бе? Және Ежелгі Римде кімді понтифик деп атағанын? Тіпті бұл атаудың қайдан шыққанын?

— Жоқ, — деп басын шайқады Николай Андреевич.

— Діни институтты тарқатқаннан кейін жоғарғы римдік епископты Ұлы Понтифик деп атайды, онда бұл титулды бас діни басшы иеленген еді (ал кейінірек императорлар). «Понтификтер» сөзінің өзі латынның pontifices, «көпір салушылар» дегенді, ал тура мағынасында «көпір жасаушылар» дегенді білдіретін сөзінен шыққан. Кез келген бұйрықтары әпсәтте орындалатын жоғары шендегі діни басшылар неліктен өздерін «көпір салушылар» деп атағанына тарихшылар әлі күнге дейін бас қатыруда? Бұл сұраққа тек біздің заманның зерттеушілері ғана емес, Дионский, Плутарх, Ливий және басқа да көптеген ежелгі зерттеушілерде жауап іздеген. Ал барлығы қарапайым, оп-оңай. Егер бір нәрсені жақсылап жасырғың келсе — оны көрінетін орынға қой деп айтпақшы!

Ежелгі замандарда көпірлерді тастан салған. Алғашында көпір тіректері ғана тастан болған, кейінірек көпірдің ағаш аралығын таспен ауыстырған. Тас тіректері бар көпірлер Вавилонда салынды... Тіпті бүгінгі күнге дейін осындай көпірлер Навуходоносор II патша заманында (біздің заманымызға дейінгі 605-562 жылдар) Еврат өзені арқылы көтерілді деген естеліктер сақталған. Осындай көпірлер біздің заманымызға дейінгі 2650 жылдары Мысырда Ніл өзені арқылы көтерілген. Ал енді ол замандарда оны кімдер салғанын тауып көріңіздер? Өйткені көпірді көтеру — бұл оңай шаруа емес. Бұл жерде нақтылы инженерлік есептеулерсіз, геометрия,

математика, физика білімдерінсіз болмайды, себебі тек максималды ауырлықты көтеріп қана қоймай, максималды жел күші, ағын және сол сияқтыларға шыдас беру үшін, ауырлық түсіретін салмақты, айналымдағы судың оптималды жылдамдығын, көпірдің дәл массасын есептеу қажет. Жалпы айтқанда көпір салмас бұрын, әсіресе үлкен (күрделі, қиын) өзендердің үстінен құрылысты бастамас бұрын, көптеген есептеулерді жүргізу керек. Ал Ежелгі Мысырда көпірлердің құрылысы, осындай күрделі ғылыми есептеулермен кімдер айналысты? Имхотептің «Азат тас қалаушылар» ұйымы, сіздер білесіздер бірнеше уақыттан кейін оны «Еркін тас қалаушылар» атауына өзгертеді.

Архонттар болса өз діншілдерін бейнелі — Ариманның «Еркін тас қалаушыларын» — «понтификтер» деп атаған. Өйткені бұл адамдар Архонттардың биліктеріне жүретін уақыт көпірлерін салушылар болды. Қажеттілігіне байланысты «понтификтер» Архонттарға «тірек» қажет болған — яғни олардың діни және саяси билігінің концентрациясы жиналған жерлерге, елдер мен қалаларға таратылып отырған. Ежелгі қала Пергам секілді тарихи мысалды алып қарайық. Бұл біздің заманымызға дейінгі XII ғасырда Кіші Азияда салынған қарапайым қала болатын. Кейін сол қалаға вавилондық діни өкілдер (басшылар) қоныс аударып, қаладан Ежелгі әлем үшін алдыңғы әрі маңызды мәдени, сәулет, математика, медицина және басқа да ғылымдардың орталығын жасаған соң, Пергам билеушісінің титулы (өзінде діни және саяси билікті қосқан) «Pontifex Maximus» деп естіле бастады. Ол «Ең ұлы көпір салушы» дегенді білдірген. Қарқынды жұмыстарының арқасында «понтификтер» тұтастай Пергам патшалығын (біздің заманымызға дейінгі III–II ғасырлар) жасады. Ол біздің заманымызға дейінгі 133 жылы Рим империясының құрамына кіріп қана қоймай, Архонттар диктатурасының кезекті туындысы — өсіп келе жатқан әлемдік держава құдіретін одан әрмен күшейтті.

Ал Архонттар үшін болған бұл «көпір» құрылысындағы басты «тірек» понтификтермен Римнің өзінде көтерілді. Және ол жерге бірінші «тас» біздің заманымызға дейінгі 715 жылы салынды. Ромул патша өлімінен кейін оның орнына понтификтің ұлы — Нума Помпилий отырған кезде. Дәл сол адам билікке келе салысымен ресми діни басшылар (өкілдер) коллегиясын ұйымдастырды, оның ішіндегі жоғары діни шенді понтификтер алды, ал өзін Ұлы Понтифик деп атады. Онымен қоса Нума Помпилий діни культтар мен қолөнер шеберханаларын құрып, жаңа күнтізбені енгізді және қоғам өмір сүруі керек болған заңдарды шығарды.

Осылайша понтификтердің арқасында Рим қарапайым қаладан тұтас мемлекетке айналды. Ежелгі Римде діни коллега мүшелері — понтификтер ендігі айтарлықтай діни және саяси билікке ие болды. Себебі олар тек діни рәсімдерге жалпылай бақылауды ғана емес, өздерінің мақсаттары мен ниеттеріне сай Ұлы жылнамалар (анналы) (*Annales maximi* — хронологиялық жазбалар) деп аталатынды, яғни өздеріне ыңғайлы қылып тарихты жазып, сот тәртібін құрумен айналысты. Егер байқасаңыздар өз заманында осыған ұқсас функцияларға Иудейдегі синедрион, Вавилондағы діни коллегия, Пергамдағы понтификтер ие болған. Олардың «тірек нүктелерін» осылай ұзақ тізіп шығуға болады.

Анағұрлым кейінірек Ежелгі Римдегі понтификтер билігі айтарлықтай деңгейге өсіп, олар императорларды пешкі секілді басқарған кезде, Архонттардың бұл адамдары жасырын билік ету көлеңкесіне кетіп, Ұлы Понтифик титулын (ендігі жария болған) өздерінің қол қуыршақтарына береді: басында императорларға, ал кейін рим папаларына.

— Осындай ақпарат толқынымен сен мені құлаттың! — деді Николай Андреевич таңғала.

— Бұл әлі қызықтысы да емес.

— Солай ма?!

— Понтификтер Рим империясын әлемдік қамшы есебінде құрды, оның көмегімен Архонттар ұзақ уақыт бойы Ежелгі әлемнің елдерін мойынсұнған күйде ұстап отырды. Римдік азаматтардың идеологиясы мен құндылықтар жүйесі (понтификтердің көмегінсіз емес) патриотизмге бағытталды. Бірақ ол қандай патриотизм? Рим халқының ерекше құдаймен таңдалғаны туралы түсініктегі патриотизмі, Римнің азаматы үшін ең жоғары құндылық Рим болғаны, шын мәнінде Архонттар жасаған әлгі бітпейтін жаулап алу соғыстарындағы тағдырды шешкен Римнің жеңісінің маңыздылығы; жеке мүддеден мемлекет пайдасын басым қойған осы ұлы империяға бар құшімен азаматының қызмет ету парызы.

— Иә, таныс идеология, — деді Николай Андреевич ойлана.

Женька күліп:

— Ерекше құдаймен таңдалған деймісің. Мен бір халықсымақты білемін... — деді.

— Тыңдаңыздар, бұған Гитлерде шақырды емес пе! — деді өз болжамына толқи Викторда.

— Гитлер баяғыда-ақ өлген, — деді Володя жуан үнімен. — Сен бүгінгі Америкаға қара, олардың сыртқы агрессивті саясаты мен іші сыртына ақтарылған өз азаматтары үшін пропагандасына зер сал.

Үлкен жігіттердің репликасын Сэнсэй мақұлдай қарсы алды.

— Міне көріп тұрсыздар ма, сіздер жаймендеп бір нәрселерді түсіне бастадыңыздар... Бірақ бұл да әлі қызықтысы емес. Ең күлкілісі заманауи әлем, әлгі понтификтер шығарған римдік құқықтың заңды шеңберімен әлі күнге дейін өмір сүріп келеді!

— Ал керек болса! — деп таңғалды Стас.

— Міне жарқын болашаққа келдік деп аталады, — деп Николай Андреевичте аз таңқалған жоқ.

— Және біздер бұл әлемнің Ариманға тиесілі екеніне әлі күмәнданамыз ба?! — деді Володяға қараған Виктор.

— Айтпақшы, Ариман туралы, — деді Сэнсэй. — Осы әлемдік діни институтты алғашқы болып құрған бірінші Ұлы Понтифик — Ариман болды. Белгісіз ауылдан оның «құрылысшыларымен» Вавилон деп аталған орталық «тіректердің» бірі көтеріліп, ол Ежелгі әлемнің діни және саяси билігінің жинақталған орны болған кезде, Ариман ол жерден әлемдік діни биліктің астанасын жасайды. Өзінің адал қызметшілері Архонттармен Ариман ол жерде діни-понтификтерді аз тәрбиелеген жоқ. Олар кейін Ассирия, Парсы, Тир, Сидон, Элам, Мидия, Сирия, Мысыр, Эфиопия, Ливия, Кіші Азия және басқа да жерлерде іске қосылады (әрекет етеді). Және олар Архонттар үшін «тіректерді» салып қана емес, олардың барлық бұйрықтарын адал атқарып, өздерінің «діни» жағдайларын пайдалана отырып, адамдар мен құдайлар арасындағы жалғаушы ретінде көрсетіп, сол елдердегі барша құпия мен олардың билеушілері туралы жақсы тыңшылық жұмысын да жасаған. Ал кейін оларды Вавилонға, әсіресе Эсагилаға жіберіп отырады. Осының арқасында Архонттар Ежелгі әлемнің тамырын басып, оның саяси және діни иінтірегін басқарып отырды.

Володя Сэнсэйді мұқият тыңдап, сұрады:

— Мен толық түсінбедім, олар ақпаратты қайда жіберген? Эса...

— Эсагила. Мен ол қала туралы айтқанмын. Ұлы Понтифик ретінде Архонттар Ариман үшін өз уақытында Вавилонның ортасынан «сыртқы әлемнен» бөлген үлкен бекініс қабырғасы бар тұтас ғибадат қаласын тұрғызған. Оны Эсагила деп атаған. Айтпақшы ол жерде көптеген ғибадатханалардан бөлек үлкен Этеменанка (Этеменанки) зиккурат орналасқан.

— Зиккурат? Ал ол не? — деді Костя қызыға.

— Зиккурат — бұл комплексті ғибадат құрылысы, ол үш-жеті мұнаралы қабатты, сатылы қиық пирамидаға ұқсас

салынған. Енді сол Эсагилада тек Вавилонның діни орталығы ғана емес, Ежелгі әлемнің осы территорияларға жақын барша елдеріне, әрине саяси ықпал ету иінтірегі бар орталық жасалады.

— Хм, қала ішіндегі қала, — деді Николай Андреевич ойлана. — Саяси басқару иінтірегі бар әлемнің Діни орталығы. Тура заманауи Римдегі Ватикан секілді екен... — Соңғы сөздерінде ол іркіліп, қандай да бір болжамынан (түсінігінен) көздері жанғандай болды.

— Сызбасы...

Бірақ Сэнсэй оған айтуға мүмкіндік бермей күлді де:

— Ал сен нені қалап едің?.. — деді.

Осы сөздерден кейін Николай Андреевич біршама ұстамды, бірақ аз емес шабытымен:

— Иә, бұл әлемде шаруалар болып жатыр екен! — деді.

Сэнсэй бұл сәтке назарын аудармастан әңгімесін жалғастыра берді:

— Адамдардың Ариманды Немврод деп атағаны қызықты. Еврейлік нұсқасында Нимрод деп естілді, ол «көтерілу», «қарсы тұру» дегенді білдірді және інжілдік ескі өсиет аңыздарында жалпы есім ретінде кірді, оның ішінде Вавилон мұнарларына да байланысты. Бүгінгі күнге дейін жеткен аңыздарда Нимрод «қайратты аң аулаушы», алғашқы аңшы және басқа халықтарға алғаш соғыс ашушы ретінде айтылады.

— Аң аулаушы? Бұл шыныменде дәл тиген анықтауы екен, — деді Виктор байқампаздықпен, — оның кеше біздердің Хайуани негізімізді қалай жеңіл іліп алғанын ескеретін болсақ.

— Бытие кітабында Нимродқа аңшылығы кезінде, Адам ата мен Хауа ананы (тәндерін) жабу үшін Құдаймен тігілген теріден жасалған киімі сәттілік алып келеді деген естелік сақталған. Ол киімді көрген жануарлар Нимрод алдында тізерлейді екен. Ал Нимрод оларды оңай өлтіреді. Осыны көрген адамдар оны өздерінің патшасы деп жариялайды.

— Міне саған аңыз, — деп күлді Стас, — аңыздарға аңыз (немесе аңыздардың аңызы)!

— Бұл сонда қалай болғаны, теріден жасалған киімдер — бұл біздің тәніміз, — деп Виктор өзінше түсіндіре бастады. — Ал Ариман біздерді тізе бүктіріп, дүниемен басып алу үшін хайуани ниет-қалауымызды пайдаланатыны. Яғни шын мәнінде өлтіреді. Ал біздер оның идеясын жар сала айтып, оның лақтырған сүйегіне бірінші жету үшін өмір бойы күресеміз, яғни іс жүзінде материяны өзіміздің патшамыз деп жариялайтынымыз ба?!

— Қанша өкінішті болса да бірақ бұл аңыз әлі күнге дейін тірі, — деп Володя көңілсіз күлді.

— Иә не деген аңыз десеңші? — деді шошынған Виктор. — Бұл дегенің бүгінгі күннің шынайылығы емес пе!

Барлығы Сэнсэйге қарады.

— Енді, әрбір ертегіде ертегінің үлесі бар, қалғаны шындық, — деп Сэнсэй әзілмен жауап берді.

— М-да-а, — деп созды Николай Андреевич. — Қаламаған жерден бізді естен тандырдың!

— Солай ма?! — деп күлді Сэнсэй. — Бұл тек әңгіменің басы ғана. Өздерің тыңдауға сұрандыңдар, енді шыдаңдар, — деді әзілмен. — Келесі жолы шексіз қызығушылық неге әкеп соғатынын білетін боласыздар.

Балалар күлді, ал Виктор оптимизм үнімен:

— Жоқ, мен осындай қызығушылықты ешқандай теріден жасалған киімге ауыстырмаймын! — деді.

— Ендеше әрі қарай тыңдаңдар... Иса секілді Рухани Тұлғаның осы әлемге келуіне байланысты Архонттардың алдынала дайындығына қайта оралайық. Сонымен «Еркін тас қалаушылар» Гиллельді Вавилоннан Иерусалимге жібереді және уақыт өте ол Бне-Батара династиясын ығыстырып, синедрион басшылығында құрметті орынға жайғасатындай жасайды. Нәтижесінде біздің заманымыздың 10 жылында дүниеден өткен Гиллельдің ұрпақтары көптеген ұрпақ буынында Архонттардың сүйемелдеуімен яхудейлік (иудей) патриархтар лауазымдарында болады... Ал Иса Палестина аумағында өз қызметін бастаған кезде, билік басындағылардың бірден көзіне түседі. Оның үстіне



Иса тек өз Ілімін айтып қана қоймай, бұл әлем туралы да шындықты айтқан, оның ішінде өздерін Жаратушы мен адамдар арасындағы «делдал» деп атайтындар туралы да бар...

— Иә-иә-иә, Ол фарисеилер туралы, оларды екіжүзді деп айтқан, — деді Стас, «Жаңа Өсиеттегі» мәтіндерді есіне түсіргені анық. — Айтпақшы, фарисеи дегендер кімдер?

Сэнсәйді тыңдап отырған Женька, Стас сөйлеген кезде оған біршама жақтырмағандай қарады. Бірақ Стас сұрағын қойған кезде, досы мырс етіп күліп жіберді.

— Міне қатырады! Тарихты білген түрің құрсын. Оқиды-оқиды да кімдер екенін білмейді... әлгі, кімдер еді. Енді маңызды емес! Сен ең болмағанда ұят болмас үшін кітапты аударуыңа болмас па еді, әйтпесе әріптерің аспанға қарап жатыр.

Стас балалармен бірге күлді:

— Мен ұсақ-түйегіне тоқтамай, бастысына зер салдым емес пе.

— Міне, міне, — деді ыңғайлырақ отыруға тырысқан Женька қарт адамша қарқылдап. — Тепкіні (педаль) уақытында баспайсың, ал кейін барлығын тежегішіңмен шаршатып бітіресің. Сен біздің маккуларутрный шабандозымызсың!

— Қойшы сені! — деп Стас қолын бір сілтеді де, жігіттермен бірге еш ашусыз күлді.

— Жоқ, шыныменде фарисеи деген кімдер? — деп Андрей Сэнсәйден сұрады.

— Қазір түсіндіремін, — деді ол. — Фарисеи — бұл сол кездері ықпалды ежелгі яхудейлік (древнеиудейских) діни-саяси партиялардың бірі және өздерінен ықпалы аз емес саддукейлер партиясымен (партией саддукеев) бәсекелес болған. Тек саддукей партиясына (бүгінде оны иерусалимдік ғибадатхананың алғашқы пірәдарлар династиясының негізін қалаушы — Садока есімімен аталған деп есептейді) негізінде өзінің идеологиясында Мұса (Моиссей) заңдарын тура қабылдайтын, яғни Торды, рухтың ажалсыз екендігін, өлілердің қайта тірілетінін жоққа шығаратын, жалпы алғанда

эсхатологиялық және миссионерлік идеяларды мойындамайтын ақсүйек дін басшылары кірді. Саддукей маңызды мемлекеттік және ғибадат шендерінде болған ықпалды адамдардан тұрды. Сондықтан олардың көбісіне саясат пен капиталды жинау қызықтырды...

Ал фарисеилер партиясы (ежелгі еврей тілінен «перушим», «бөлінген» (отделившиеся) дегенді білдіреді) орта тап өкілдерін біріктірді. Айтпақшы фарисеилер сектасы, яхудейлер (иудей) жергілікті діннен өздеріне көп нәрсені алып, Вавилон тұтқынында жетпіс жыл болғаннан кейін пайда болған. Сондықтан өздерінің идеологиясында фарисеи Торды, өздерінің аңыздарды интерпретациялау ілімін қабылдаған шығыс халықтары діндерімен толықтырып, түсіндірген. Олар рухтың мәңгілік (ажалсыз) екеніне сенген, бірақ бұл түсінікті тәннен бөлмеген. Және кейінірек христиан дініне ауысқан болашақтағы (ақыреттегі) өлілердің қайта тірілу идеясы, солардың арқасында яхуизм (иудаизм) жүйесінде заңдастырылады.

Фарисеи өз ізбасарларына діни білімнің нұсқауларын қатаң сақтауды талап етті. Дегенмен фарисеилердің тақуалығы көбінде көзбояшылық болды. Иса ол адамдарды екіжүзді деп қана емес, қуақы адамдар деп те атаған, себебі олар Вавилоннан алғанды өздерінің жеке діни көзқарасы ретінде көрсетті. Оның үстіне фарисеи өз ілімінде болашақ Мессия соғыскер монарх болады және ол яхудейлерді ренжіткендердің барлығын жазалап, өздеріне «жерде Құдай Патшалығын» жасайды деп сендірді. Және фарисеиліктер өздерін осы Патшалықтың жалғыз мұрагерлері деп есептеді.

— Жерде Құдай Патшалығын жасайды, — деді Виктор, — олардың идеологиясына және «мәңгілік тәнде» деулеріне зер салатын болсақ, тура аримандық бас қатырулар.

Володя оған жымия қарады да, айтты:

— Енді естіп тұрғаныңдай, адамдар Вавилон тұтқынында болған және ол жерден көп нәрсені қабылдаған.

— Олар қалайша қабылдай алған, егер құлдар болса? — деді қабағын түйген Руслан түсіне алмай. — Оларды тұтқынға алды емес пе.

Женька бұл жерде де әзілдеусіз қалмады:

— Жоқ, Руслан, саған ақылыңды қинау анық зиянды.

Ал Стас болса Русланның орнына жауап берді:

— Ақылды қинау асыра сілтеусіз болмас.

Сэнсэй болса балалардың әзіліне еш назарын аудармастан Русланға түсіндірді:

— Құлдық пен жәбірді бұл халықтың негізінде кедейлері көрген, ал байлары, кітапшылары (книжники), пірәдарлары жаңа жағдайға икемделіп, жаман емес өмір сүрген. Тіпті Ұлы Кир II яхудейлерді (иудей) азат етіп (біздің заманымызға дейінгі 539 жылы Вавилонды жаулап алып) Палестинаға жіберген кезде де, олардың көп бөлігі Вавилонда өмір сүруге қалады, ал тағы бір айтарлықтай үлкен бөлігі, — Сэнсэй бұл сөздерінің астын сыза айтты, — саудамен байып, сол кездегі ірі қалаларға қоныс аудара бастайды.

— Ал кітапшылар (книжники) олар кімдер? — деп сұрады Костя.

— Кітапшылар (книжники) — бұл кәсіби заңгерлер, сонымен бірге Қасиетті жазбаны көшірушілер.

— Бұл жерде де заңгерлер рим понтификтері секілді екен, — деді Виктор байқампаздықпен.

— Ал сен нені қалап едің, құрылымы бір емес пе. Кітапшылар (книжники) фарисеилердің сыбайластары болды. Ал негізінде саддукейлерді де, фарисеилерді де бір адамдар басқарған. Және халық үшін олар әртүрлі көзқарастары бар бәсекелес партия секілді көрінгенімен, шын мәнінде барлығы басқа мемлекеттердің саяси партиялары секілді болды. Және бұл сол замандарда да, қазір де солай. Сырттай бір-бірлерімен ұрысады, жауласады, әрқайсысы өз электоратын жұрт көзінше қорғайды...

— Электорат? Бұл сөзді қалай түсінуге болады? — деп сұрады Юра.

— Латын тілінен elector сөзі — «сайлаушы», «таңдаушы» дегенді білдіреді. Сонымен, саясаткерлер тек сырттай ғана бір-біріне қарсы тұрады, ал кейін жұрт алдына шығып сөйлеулері біткен кезде, жалпақ тілмен айтқанда моншаға шомылуға бірге кетеді. Себебі түптеп келгенде бұның барлығы бір тұлғалардың — Архонттардың ойыны. Олардың «алтылықтары» (қолқуыршақтары) қарқынды қызмет пен халық мүддесінің қорғалуын жай ғана көзбояшылықпен көрсетеді. Ал шындығында олар Архонттар үшін түрлі көзқарастағы адамдар массасын жай ғана бақылауда ұстайды. Бұл секталар, партиялар мен қозғалыстар қоғам алдында дискредитацияға түсіп өзін толық бітірсе — жаңасын құрады, басқа көзқарастарды насихаттайтын болады, бірақ Архонттардың жалғыз билік етуге деген құпия ұмтылысы сол күйінде қала бермек. Бұл жерде де солай. Саддукеи — бұл саяси талдау орталығы болды. Ал фарисеиге діншілдік пен мемлекетшілдікті ұлттық болмыс (өзгешелік, ерекшелік) түрінде біртұтастыққа байлап, барынша көп электоратты қамту міндеті қойылды және олар оны сәтті орындап шықты. Иса олар туралы қарапайым халық білетіннен анағұрлым көптіні білді, сондықтан осы барша бастықсымақтарды «екіжүзділер» деп атады. Және билік басындағыларды түпкілікті жаншыған, бұл Исаның ешкімнен қорықпағаны аз болғандай, оған басқаларын да үйреткені болды. Осындай Азаттықты насихаттау әрине оларды шошытты. Иса Иерусалимге келіп, Иерусалимдік ғибадатхана бөлмесіне кіріп, ол жерден меняла-лар (айырбасқорлар, сол замандардағы ақша ұсақтайтын адамдар) мен құрбандық ететін жануарларды саудалайтындарды қуып шыққан ісінің өзі неге тұрады.

— Ал осындай сюжет Инжілде барма еді? — деді Виктор ойлана.

— Қаншалықты біртүрлі болса да қалған. — Және бір нәрсені есіне түсіргендей Сэнсэй кідірді де айтты: — Матфейден жеткен Евангелияның 21 тарауында сол замандардағы шын оқиғалардың осындай мәтіндері бар: «Және Иса, Құдай ғибадатханасына кірді де **ғибадатханадағы барлық сатып алушылар мен сатушыларды қуып шықты**, ақша айырбастайтындардың үстелін және көгершін сатушылардың орындығын төңкеріп тастады». «Және оларға айтты: «Менің үйім, құлшылық үйі деп аталды»; ал **сендер оны ұрылардың ордасына айналдырдыңдар**» («И вошёл Иисус в храм Божий и выгнал всех продающих и покупающих в храме, и опрокинул столы меновщиков и скамьи продающих голубей». «И говорил им: написано: «дом Мой домом молитвы наречётся»; а **вы сделали его вертепом разбойников**»).

Николай Андреевич көңіл білдіргендей басын изеді де:

— Ал іс жүзінде ол замандардан бері ештеңе өзгерген жоқ. Қазірде ғибадатханаларда әр қызметке өзінің «такса-сы» бар, — деді.

— Ага, — деді Виктор да, — және өздерін «әулие әкей» деп атайды.

Стас болса мысқылдай айтты:

— Ал елестетіп көріңіздерші, қазір Ғибадатханаға кіріп ол жерден сатып алушылар мен сатушыларды қуып шықса?!

— Иә, сонда ол жерде кім қалады? — деп сұрағының терең мәнін түсінбегені анық Женька Стастан сұрады.

Кішкене үнсіздік орнап, кейін біздің барша ұжым күлкіге жарыла кетті. Тек жалғыз Сэнсэй ғана мұңды жымыып жалғастырды:

— Ал енді елестетіп көріңіздер, діни және саяси билікті ұстап тұрған синедрионды құрған ортодоксалды яһудейлердің (иудей) қандай есеңгіреуде болғанын. Қарапайым халық артынан ерген белгісіз Біреу пайда болды, яғни Иса іс жүзінде осы басқарушылардың, «әулиелердің», «ешкім тиісе алмайтындардың» (неприкасаемые) «адамдарға үстемдік еткен

билігі мен абыройын үзді; Құдай мен адамдар арасында «делдалмын» деп өздерін атайтындардың, олардың да жай ғана ажалды пенде екенін, Құдайға қызмет қылудың орнына Оның атымен спекуляция жасап, іс жүзінде адамдарды өздеріне қызмет етуге мәжбүрлеген шын келбетін көрсетті. Иса адамдарды Ақиқатқа, ешқандай әлгі «делдалдарсыз-ақ» кез келген адам Құдай Патшалығына баруға болатынын айтты. Өйткені әрбір адам Құдай Ғибадатханасы. Тек құдайы ұшқынды көру үшін, жай ғана ішкі жан дүниенің үңілуі қажет. Сондықтан Иса өзінің насихат қызметімен билік иеленуші яхудейлерді (иудей) жерлерін жаулап алған Римнен де бетер үрейлендірді, себебі Римнің жаулап алуы көбінде салық төлеген халыққа қатысты болды, яғни байлар Рим билігі тұсында байлықтарын сақтап қалды. Әрине ортодоксалды яхудейлер (иудей) табанды іс-қимылға көшеді, олар Исаны синедрион сотына беріп, Оны мүмкін болғанның барлығына кінәлайды: ол қауіпті көсем, Римге қарсы көтеріліске үгіттеген-міс, тіпті жек көретін Галилейден шыққан деуге дейін барады. Әрине олардың қолынан келмегені Исаны бірден өлім жазасына кесе алмауы, себебі римдіктер синедрионды адамды өлім үкіміне кесу құқығынан айырған. Тек Рим билігі ғана өлім жазасына кесе алатын. Дегенмен «әлемдердің астанасы» билігінің маңызды сұрақтарға байланысты шешімінің артында тағы да кімдер тұрды? Архонттар.

Архонттардың алдын ала көре алмаған жалғыз нәрсесі — бұл сол баяғы адами фактор, Исаның адамдардың жүрегіне рухани әсер етуін дұрыс бағалай алмады. Олар Иудея рим прокураторы Понтий Пилаттың өзі жанқиярлықпен Иса жағында болатынын да күтпеді. Өйткені олар Пилатты пайдақор, қатыгез, биліксүйгіш, өз шешімінен сирек бас тартатын адам деп есептеді. Ол қызметі кезінде өзіне сеніп тапсырылған Иудеядағы бассыздықты (көтерілістерді) бірнеше рет аяусыз басып отырған. Бірақ тіпті осындай адамның жүрегін Исамен кездесу соншалықты терең қозғаған, кейінірек Архонт адамдары Исаны

кінәлі екенін жария айтуға Пилатты мәжбүрлеген кезде де, Пилат барлығын өзінше жасап, олардан жасырын бәрібір Исаны құтқарып қалады. Және әлемнің алпауыттары оның бұл ісін ешқашан кешірмейтінін ол жақсы түсінді.

— Қандай мағынасында «өзінше»? — деп қайталай сұрады Андрей.

— Енді мен сіздерге бірде айтып бергенмін. Біріншіден, Пилатқа адал рим солдаты Лонгин, Исаның жұрт алдындағы «өлімін» шеберлікпен сахналай білді. Ол найзасымен бесінші және алтыншы қабырға арасына арнайы бұрышпен соққы жасайды, бірақ маңызды ішкі ағзалардың ешбіріне тигізбейді. Иса тәні жай ғана ессіз күйде болды. Еске сала кетейін айқышқа шегелену жазасына кесілген қалған екі адамның сирақтарын сындырған, бұл әдетте адам тұншығудан қиналып өлу үшін жасалатын болған. Екіншіден, сол Понтий Пилаттың бұйрығымен халыққа Исаның «өлімі» жарияланғаннан кейін, Оны айқыштан шешіп үңгірге алып кеткен, бірақ айқышқа шегеленіп өлгендерді жеке мәйітте көмуге немесе жаназасын өткізу үшін туысқандарына беруге тиым салынған еді. Оларды жай ғана ортақ мәйітке лақтыратын болған. Оның үстіне әлгі үңгірде Иса тәні болғанда сол үңгір аумағын Пилатқа адал жауынгерлерден құралған римдік әскер тәулік бойы күзетіп тұрған. Ал үңгірдің өзінде, Пилаттың жасырын бұйрығымен жеткізілген сол кездегі мықты дәрігерлердің бірі «араб Гиппократы» деген лақап аты бар дәрігер және оның бес сириялық-көмекшілері, екі күн бойына Иса тәніне медициналық көмек көрсетеді. Және тек осыдан кейін ғана өз күшін толық қалпына келтіру үшін, Исаны анағұрлым қауіпсіз орынға ауыстырады. Және тағы да кейін Иса сауығып, Архонт адамдарынан жасырын сол елден шығып Шығысқа кету үшін де Оған Пилат аз емес қаржы жұмсайды. Тек 36 жылы Архонттарға Исаның өлмегені туралы ақпарат жеткен кезде, олар Понтий Пилатты отырған лауазымынан алып қана қоймай, бұрынғы қызметіндегі істері үшін толық бір сот тексерісін жүргізеді. Бірақ

Пилат өмірінің соңына дейін жасаған ісіне ешқашан өкінген емес. Оның үстіне ол Исаны құтқарғанын өміріндегі ең маңызды әрі ең тұрарлықтай ісі деп есептеген.

— Иә, тағдыр, — деді Володя.

\* \* \*

— Сонымен әңгімемізге қайта оралсақ, — деді Сэнсэй. — Иса тұлғасынан бетер Архонттардың шамына тигені, Оның адамдар арасына еккен рухани дәні болды. Олар Иса Ілімінің ізбасарларын қаншалықты қатыгез қудаласа да, бірақ бұл істерінен Ілім ізбасарлары азаймады. Оларды физикалық құрта алмаған Архонттар өздерінің ескі тексерілген сызбасына көшеді: егер қандай да бір қозғалысты құрту мүмкін болмаса, ендеше оны басқару керек. Осындай «ыңғайсыздарды» басып алу тәсілін, мен айтып кеткендей, олар тарихта жеткілікті жиі қолданып отырған және оны әлі күнге дейін пайдаланып келе жатыр. Осылай көптеген сұрақтар бірден шешіледі: белсенділерді ығыстыру немесе көзін құрту, осы қозғалысты бақылау, оған ықпал етуді құру және одан біршама үлкен қаржы пайда көру.

Енді Архонттар бұл «операцияны» Гиллельдің немересіне табыстайды — сол кездегі абыройлы фарисеи, Иерусалим раббii Гамалиилге. Оның үстіне Исаның Палестина аумағында насихат жүргізген уақытында, оған Иса қызметін құпия бақылау мен тыңшылық жүргізу ісі тапсырылған болатын. Ол кезде-ақ ол адамдарын Иса артынан жүрген ізбасарлары тобына енгізіп үлгерген еді.

Николай Андреевич кішкене жөтеліп, даусын дұрыстады да, айтты:

— Исаның ізбасарлары... Әлгі Інжілде «Исамен таңдалынып алынған жетпіс апостол ма»?

— Саған қалай айтсам екен... Шын мәнінде Иса өз Ілімінің ізбасарларын таңдаған емес. Тек Оның Ілімін кім тыңдауды



қаласа, сол адам тыңдаушы болған. Және осындай еркін тыңдаушылар жетпістен әлдеқайда көп болған, олардың барлығы да қарапайым тыңдаушылар емес тұғын.

— Ал неліктен жетпіс? Неге алпыс емес, неге сексен емес, — деп Виктор түсінуге тырысты.

— Енді бұл қарапайым. Гамалиил адамдары жаңа дінді жазбаша дайындап жатқан кезде, бұл санды жетпіс, плюс алғашқы бас пірөдар болған синедрионды басқарған мүшелерінен алып, оны ендігі «апостолдар» деп атаған Исаның жетпіс шәкіртіне таңып жіберген. Яғни өздеріне біршама жақсы таныс құрылымнан жай ғана көшіре салған. Айтпақшы, осындай жазба көмегімен ендігі оқырманға мысалы Исаның «әулие апостолдары» ішінде Варнава секілді тұлғаның қайдан шыққанын жеңіл түсіндіру мүмкін болады. Және тек ол ғана емес.

— Сен сонда Варнава шын мәнінде апостол болған емес деп айтқың келіп тұр ма?! — деді таңқалған Николай Андреевич.

Егер «біздің ұжымның Дұрыс ойлаушысы» ақылмен сұрағын қойса, ал біздің жас тобымыз тіпті әңгіме кім туралы болып жатқанын мүлдем түсінбей, Сэнсэй оған: «Оны тыңшы ретінде енгізген. Оның үстіне ол адал фарисеи еді» деп жауап бергенде неліктен Николай Андреевичтің таңқалғанын ұғына алмады.

— Варнава фарисеи болғаны ма? — деп Николай Андреевич одан сайын таңғалды.

Осы кезде Костя шыдай алмай қызығушылықтан ба, әлде әңгімені түсінгісі келді ме, бір деммен сұрағын қойды.

— Бұл Варнава деген кім болған?

Сэнсэй жауап беруге кішкене кідірді де, кейін түсіндіре бастады. Бірақ маған ол көбіне мұны біздің Философқа емес, Николай Андреевичке айтқандай көрінді.

— Жалпылай айтатын болсақ Варнава есімі — бұл сол адамның шын есімі де емес. Иса ізбасарларына кірген (тыңшылық) кезде есімін осылай өзгерткен. Ал оның шын есімі

— Иосиф. Ол Кипр аралында ауқатты еврей отбасында дүниеге келген. Оның отбасы Иерусалимге жақын жерлерге қожалық еткен. Иерусалимде, Гамалиилде арнайы білім алған. Және айтпақшы, — деп Сэнсэй, Николай Андреевичтің назарын осы фактіге аударғысы келгендей сөздеріне акцент жасады, — оның Иерусалимдегі білім алуында жанында басқа емес құрдасы әрі досы Савлдың өзі болады. Кейінірек Архонттардың тырысуының арқасында апостол Павелға айналған, догмасы негізінде христиандық діні құрылған дәл сол Савлдың өзі.

Николай Андреевич қызығушылықпен айтты:

— Тіпті солай ма?! Павелді пұтқа табынушылар (немесе ескі дін, язычник) арасындағы Исаның апостолы деп есептейді емес пе!

— Ең қызықтысы, осындай аңыз әлі күнге дейін белсенді қолдау тауып келеді, себебі Павел Архонттар ойынындағы маңызды фигура болған және солай қала береді де. Өйткені ол іс жүзінде Иса Ілімін қайта жасақтап, өте нәзік бұрмалау енгізіп және кейінірек негізгі сенім ілімі ретінде шіркеумен қабылданған, жаңа діннің негізгі ережелерін жасаған қолшоқпар әрі сол орынға қойылған адам болды.

— Ал Павел Варнавамен бірге Кипрде өмір сүрді ме? — деп тағы да Костя өзінің «ақылды» сұрағын қоюға тырысты. Бірақ бұл жердегі ажиотаждың қызықтысы неде екенін толық түсінбегені айдан анық.

— Олай емес, — деп Костяның мәнін түсінуге тырысқанын көріп, Сэнсэй жымия жауап берді. — Ол біздің заманымыздың 11 жылы кіші азиялық Тарс қаласында (Киликия провинциясында) дүниеге келеді. Бұл қазіргі Түркия еліндегі Тарсус қаласы.

— Ол не, түрік болғаны ма? — деп Руслан күлкілі сұрады.

— Жоқ әрине, — деп күлді Сэнсэй. — Түркия мемлекет ретінде Кіші Азияда анағұрлым кейінірек пайда болды. Ал сол замандарда Жерорта теңізін қоршаған барлық жерлер секілді ол жерлерде, отарлаушы Римге тиесілі болған.

Николай Андреевич Сэнсәйді өзіне қызықты тақырыпқа қайта бұрды:

— Демек Савл яхудей болғаны.

— Иә. Ол таза яхудейлік болған. Олардың әулеті Вениамин (колена) ұрпақтарына тиесілі деп саналған... Нақтырақ айтқанда оны Саул деп атаған, дәстүрлі түрде ол Савл деп естілген. Бұл есім оған израильдік-яхудейлік мемлекетті біздің заманымызға дейінгі XI ғасыр соңында басқарған, естеріңізде болса ежелгі заман өсиет мәтініне сай «Құдайдың еркімен» патшалыққа отырған, бірақ кейін оған «ыңғайсыз» болған алғашқы патшаның құрметіне қойған.

Сэнсэй екпінмен айтты, бұл ақпараттарда қандай да бір екі мағыналық бар екендігін көрсеткісі келгендей.

— А-а-а, — деп Стас таңертеңгі әңгімені есіне түсірді, — бұл әлгі «сұралған адам» (испрошенный) ба?

— Өте дұрыс.

— Ал Павел есімі қайдан шықты?

— Оның әкесі яхудей болсада, римдік азаматтығы болған. Әрине оны Савл мұралыққа алады және осы жағдаймен оның латындық Павел есімі байланысты.

— Сонда оны балалық шағынан Павел деп атағаны ма?

— Отбасынан тыста — иә. — Және Сэнсэй сол бойда түсіндірді: — Әңгіме Тарс қаласы өркендеген қала болғанында және өзінің грек академиясы, халқының білімділігімен қаланың атағы шыққан. Оның негізгі тұрғындары гректер мен арамеиліктер болған.

— Ал гректер Тур.., дұрысы Кіші Азияда қайдан жүр? — деп Руслан еш түсіне алмады.

— Ол замандарда Кіші Азияда гректер өте көп болған. Олар сол жерлерге Александр Македонскийдің жаулап алуларынан кейін жаппай көше бастайды, яғни Рим империясы пайда болғанға дейін.

— Түсінікті, — деп бала сөзін соза айтты.

— Павелді фарисейлік дәстүрлерге сай қатал тәрбиелеген, — деп Сэнсэй Николай Андреевичке түсіндіруін жалғастырды. — Әкесі ұлының тамаша, жан-жақты білімді болғанын армандады. Сондықтан Павел өзінің ана тілінен бөлек, жастайынан грек, латын тіліне үйренеді және сол тілдерде жақсы жазып қана қоймай, осы халықтардың мәдениетін білді. Олардың атақты жазушыларының еңбектерін оқыды. Оның үстіне айта кету керек Тарс қаласының өзі ежелгі құдай Таркуге табынушылықтан пайда болған, ерекше «құтқарылу» (спасения) культінің орталығы еді. Бұл Павелдің дүниетанымына да өзінің кейбір қолтаңбасын қалдырды. Кейінірек Иса Ілімін дінге трансформациялаған кезде, Павел Исаның өміріне қарағанда, «құтқарылу» (спасения) сұрағына назарын көбірек аударады (әрине өз интерпретациясында)... Сонымен әрі қарайғы білімді Павел Иерусалимде, раввиндік академияда «Гамалиилдың аяғының астында» алады. Айтпақшы ол да грек мәдениетімен жақсы таныс болған.

Савл өзінің консервативті иудаизмге адал екенін әрқашан айтып және өзін раввин лауазымына, яғни діни тәлімгерлікке (жетекшілікке) бар ықыласымен дайындады. Ол замандарда шәкірттікті айтпағанда Савл Палестинадағы Исаның уағыздарының да тыңдаушысы болған емес. Оның үстіне Иерусалимдегі академияны аяқтаған соң, ол билікке ыңғайсыз адамдарды, оның ішінде Иса ізбасарлары да бар, қудалау, тұтқындау мен құртуға белсенді араласып, өзін фарисейліктің адал қорғаушысы ретінде көрсетеді. Жалпы айтқанда синедрион алдында жақсы көріну және осы иерусалимдік «конклавқа» қабылдану мүмкіндігін алу үшін қолынан келгеннің барлығын жасайды.

— Конклав? Бұл тағы қандай сөз? — деп Костя көздерін күлкілі бақырайтты.

— Бұл латын сөзі, тура мағынасында «жабық бөлме» дегенді білдіреді. Анағұрлым кейінірек Рим Папасын жасырын сайлау үшін бір бөлмеге жиналған кардиналдар кеңесін осылай

атаған, — деп Сэнсэй түсіндірді де, үзілген әңгімесіне қайта оралды. — Жалпы айтқанда Савл үлкен билікті армандады. Осы бағынбайтын, жаңа қозғалысты Архонттар басқаруға бұйрық берген кезде, Гамалиил өзінің талантты шәкірті Савлды есіне түсіреді. Басқасы емес дәл сол Савл жаңа дін үшін «тәлімгер» (жетекші) рөліне тура келді. Оның үстіне ол грек және латын мәдениетін өте жақсы білді. Ал Иса Ілімі дәл сол гректер арасында желді күні от алауы секілді деп айтпақшы, үлкен қолдау (қызығушылық, отклик) табады. Айтпақшы, — деп Сэнсэй бір нәрсені есіне түсіріп, назарын Володяға бұрды, — Гамалиил адамдарымен бұл операцияны дайындаған кезде, өз араларында грек мифологиясынан алынған «Хирон» есімімен Исаны кодты лақап атпен атаған. Ол есіммен ажалсыз жартылай адам, жартылай жылқы, кентаврды атаған. Аңыз бойынша Хиронның тегі әкесі Кроностан емес, анық вегетативті шығу тегі болған анасы Филирадан алады, себебі гректік Филера «жөке» (липа, жөке ағашы) ретінде көрсетілген. Оның үстіне басқа кентаврларға қарағанда Хирон ерекше даналығымен, «мейірбан ниетімен» (благожелательностью) ерекшеленіп әрі атақты батырлардың тәрбиешісі болған. Бұл лақап есім Исаға Гамалиил адамдарымен кездейсоқ берілмеген, себебі Иса олардың көзіне шығу тегімен де, өзінің ісімен де солай көрінді. Сонымен бірге аңыздағы батыр Хирон Асклепийдің өзін емшілік өнерге үйреткен керемет дәрігерде болған. Оның есімі епті қолдарды меңзеген, себебі грекше «cheir» — қол дегенді білдіреді. Ал сіздерге белгілі болғандай Иса адамдарға қолын қою арқылы емдеп жазған.

— Иә, іске көңілді жігіттер кіріскен екен, — деді жуан даусымен Володя.

— Ал олар не үшін Оған кодты есім берген? — деп Андрей толық түсінбеді.

Виктор баланы достарша иығынан қақты да, айтты:

— Ер жетіп оперативник боласың, сол кезде түсінесің.

— Қойшы, — деп бала біршама абдырай айтты, — ол заманда оперативниктер қайдан болсын? Бұл деген біздің заманымыздың бірінші ғасыры емес пе! Өте ежелгі заман!

Жігіттер бұл сөздерден одан әрмен күліп, ал Володя күлкімен түсіндірді:

— Ал сен ең ежелгі мамандық қандай екенін білесің бе?

Осы кезде құдды бір бірінші сынып оқушысы секілді Женька шыдамсыздана қолын көтерді:

— Мен, мен білемін!

— Барлау, — деп Володя оған айтуға сөз бермеді.

Женьканың жүзінде шексіз таңғалыс пайда болып, қолын түсірді де кейін оны қайта көтерді:

— Ендеше мен әлемдегі екінші мамандықты білемін. Менен сұраңыздаршы, өтінемін!

— Сенің жауабыңды білеміз, — деді қолын түсіруге тырысқан Стас күліп.

— Міне білмейсіздер, себебі...

Стас күлкімен оның аузын қолымен жабуға шақ үлгерді.

— Саған үніңді өшір деп айтты!

Оның мықты қолдарынан босап шыққан Женька айқайлап жіберді:

— Қарсы барлау (контрразведка)! — Және ұжымның күлкісімен сөзін соза қосты: — Ө-ө-ө-те ежелгі заман!

Женьканың әзілдеріне күліп, Сэнсэйдің қызықты әңгімесін әрі қарай тыңдау үшін назарымызды қайтадан оған бұрдық.

— Енді былай, — деді Сэнсэй сөзін бастап, — Гамалиил Дамаскіде Савлмен кездесіп оған яхудейлік (иудейской веры) сенім үшін (оның даңқы үшін) құпия миссияны (міндетті, тапсырманы) тапсырады. Осы сәттен бастап Савл әлгі Павелге айналады — Исаны «жанқиярлықпен» құрметтеуші және Оның Ілімін (бірақ ол өмірінде Исаны ешқашан көрмеген) «насихаттаушыға» айналады. Ал кейінірек, Павелмен Дамаскіге барар жолында ғажайып болып, көктен шыққан дауыс оны өткен істері үшін айыптап, өзіне не істеу керектігін

айтатын Дамаск қаласындағыларды тыңдауға бұйырған деген ертегі ойлап шығарылады.

— Анекдот! — деп Стас басын шайқады.

— Және бұл «ғажайып құбылыстың» «куәгерлері де» пайда болады. Барлығы өз орнымен. Гамалиилмен кездесуден кейін тура үш күн өткен соң, «бекітілген жоспарға» сай, Гамалиил кезінде Исаның ізбасарлары қатарына енгізген адамы Анания, Павелді шоқындырады. Және Павелдің шоқынуын барынша көп Иса ізбасарлары көретіндей жағдай жасайды. Сонымен бірге Дамаскіге барар жолда болған Павелдің соқырлығын (әрине ондай жағдай ешқашан болған емес) Ананияның өтірік сауықтырған оқиғасын сахналайды.

Кейін Павел Аравияға кетіп, ол жақта өзіне Иса Ілімі туралы Гамалиил берген материалдарды мұқият зерттеп және өзінің жаңа ампуласында жаттығады. Ол жаққа жіберуінің тағы бір себебі, Иса ізбасарлары өздеріне қарсы Павелдің айуандық істерін ұмыту үшін де болды. Кейін Павел Дамаскіге оралған кезде, ендігі Иса Ілімінің жаңа интерпретациясының аргументациясына жаттыққан (жетік білген) ол, Иса ізбасарлары арасында өзінің белсенді қызметін жасауға тырысады. Бірақ таяқтың екі шеті бар демекші жағдай өзі ойлағандай болмайды. Бір жағынан бұрынғы жасаған жаман істері адамдардың есінде жақсы сақталып және жалпылай айтқанда осыған байланысты, Павел түсінігіндегі Исаның «тобырын» өзіне ерту үшін керекті абыройды Павел ешқалайда жинай алмайды. Ал екінші жағынан Павелдің бұралқы ісі сенімдегі яһудейлердің (иудей) ашуын туғызды, олар оны сатқын деп есептеді. Енді ол әрбір яһудейге (иудей) барып «олардың қатарында» екенін түсіндіріп жүрмейтіні белгілі. Жалпақ тілмен айтқанда адамдардың оған зығырданы қайнағаны соншалықты, оған Дамасктен Иерусалимге жасырын қашуға тура келеді.

— Енді иә, — деп күлді Женька. — Сәттілікке сеніп — бассыз да, шайсыз да қалуға болады.

— Иерусалимдегі Савлдың бірінші ісі Гамалиилмен кездесу болады. Оның сұрағы біршама жедел шешіледі. Павелді уақытша Иерусалимдегі дүниетанымы өзінше, яхудейзм (иудаизм) мен Иса Ілімі арасындағы орта позицияны ұстаған жамағатқа орналастырады. Оны сіздерге ендігі белгілі болған Иаков пен Кифа басқарған. Гамалиил адамдары ол жамағатпен Варнава арқылы байланысады. Себебі Кифаның Варнавамен туысқандық байланысы болды. Ол Варнаваның бауыры — Аристовулдың қызына үйленген және осы некеден екі баласы — қызы мен ұлы болған.

— Кифа мен Варнава туысқан болғаны ма?! — деп тіпті Николай Андреевичте қайталап сұрады. — Ал керек болса, білмедім, білмедім.

Сэнсэй басын изеді де, әрі қарай жалғастырды:

— Оның үстіне азды-көпті болса да Иса ізбасарларының арасында орныққан Варнаваны, Гамалиил Павелге көмекке жібереді. Дәл сол Варнава кейінірек сенушілерге Павелмен болған Дамасктегі «ғажайып сырқаттан жазылудың», «Павелдің кіршіксіз таза тәубе етуі мен жаңа дінге келуін», «таза шындық» деп сендіретін болады. Осыдан бастап Павел мен Варнаваның «атағы шыққан» біріккен қызметі басталады. Айта кету керек Иерусалимде олар біршама жемісті жұмыс жасайды, нәтижесінде оларды Антиохия (Антиохия-на-Оренте) қаласына жіберген кезде, Иерусалимнің жергілікті билігі қаладағы Исаның шын ізбасарларының нақты есімдері мен мекен-жайларын және олардың құпия жиналу орындарын біліп, оларды аяусыз басып-жаншиды.

— Міне саған, құртты бақшаға жіберсең, ол оны таптап қана қоймай барлық қырыққабатты жеп бітеді деген, — деді Женька өкінішпен (бірақ әзіл үні де жоқ емес).

— Құртты? — деп Стас күліп оның сөзін дұрыстағысы келіп еді, бірақ өзінің қысқа репликасымен Володя алдын орап кетті.

— Егер құрт болса...



— Ал ол қандай қала Антиохия деген (Антиохия-на-Оронте) — деп сұрады Николай Андреевич. Тақырыптан ауытқысы келмегені анық. — Бірінші рет естіп тұрмын.

— О, бұл христиан тарихындағы маңызды қала, — деді Сэнсэй. — Антиохия заманында ірі қала болды және Шығыстың астанасындай саналған. Ол Жерорта теңізінен жиырма бес километр қашықтықта, Солтүстік Сирияның Оронт өзенінде орналасқан. Интернационалды қала деп айтуға болады. Қалада түрлі халық өкілдері тұрған, арасында сириялықтар (сирийцы) мен еврейлер ерекшеленетін. Бірақ көп бөлігін әрине гректер құрды — осы жерге Афинадан, Аргос, Этолии және басқа грек қалаларынан көшіп келгендердің ұрпақтары.

— Ал ол несімен христиандық үшін маңызды болды?

— Қазір түсінесің, — деп Сэнсэй өзінің қызықтыратын (қызықты жалғасы болатынын уәде ететіндей) интонациясымен айтты. — Исаның шын апостолдарының қызметтерінің арқасында, Антиохия қаласында гректер мен сириялықтар (сирийцев) арасында, Иса Ілімі ізбасарларының қуатты (күшті) қозғалысы дүниеге келеді. Гректер Иса Ілімін олардың тілінде «**chrēstos logos**» деп естілетін, «**жақсы, пайдалы Ілім**» («**хорошее, полезное Учение**») деп атаған. Олар өздерін Иса (Исаның) христиандары, — деп Сэнсэй екпінін «е» әрпіне салды, — яғни жақсы, пайдалы Иса Ілімін оқитындар (зерттейтіндер) деп атаған.

— Сен Христос сөзі сол жерде пайда болды дегің келіп тұрма?! — деп Николай Андреевич қатты таңғалды. — Ал ендеше неге Христос, неге Хрестос емес?

Сэнсэй риза болғандай жымиды да айтты:

— Себебі Архонттар ұйықтап жатқан жоқ. Осы қозғалыстың ең қызған шағында ол жаққа Павел мен Варнаваны және соларға ұқсас «тәлімгер-уағызшыларды» жібереді. Гамалиилге Антиохиядағы «христиан» жамағатын бағындыру

үлкен күшке түседі. Бірақ оның адамдарына ақыр-соңында ол жерде өз тәртібін, біріңғай Антиохия шіркеуін орнату қолдарынан келген кезде, нәтижесі күткеннен де асып түседі. Өйткені олармен біршама өзгертілген күйде көрсетілген Иса Іліміне сенім қабылдаған «пұтқа табынушылар» (олар яхудей (иудей) болмағандардың барлығын осылай атаған, язычники, ескі діндегілер), осы Іліммен қызыққан яхудейлерден (иудей) саны анағұрлым көп болады. Бұрмаланған ілімде ұлты мен нәсіліне қарамастан адамдарды рухани оятқан Исаның (ілім, білім) дәні сақталғандықтан, бұл қозғалыс тіпті Архонт адамдарының көмегімен барған сайын массалық және интернационалды бола түсті. Ал Архонттардың ойынша бұл ағымның әлемдік дінге үміткер болуға барлық қажетті сапасы болды, әрине олардың бақылауындағы. Осы сәттен бастап Архонттар өз бағдарламаларына өзгертулер енгізіп, бәсті Антиохия шіркеуіне қойып, шығын әкелген кәсіпорынды табыстыға (пайдалы) айналдырады.

Осы Антиохиядағы Гамалиил адамдарының қол астында (бақылауында) болған, бұрмаланған Иса Ілімінің барша ізбасарларын «христиандар» деп атайды. Бұл етістіктен жасалған сын есім, «жағу», «майлау» (помазывать) дегенді білдіретін гректің «christos» («помазанник») сөзіне ұқсас еді. Бірнеше тілді жетік білген әрі білімді Павел секілді яхудейлік (иудей) «тәлімгерлердің» тапқырлығы арқасында және оған діни-рәсімдік мағына беру мақсатында, бұл сөздің мәнін арамейлік «mēšihā» сөзіне әкеледі, сәйкесінше «мессия», «майланған» (помазанник) дегенді білдіретін еврейлік «māšīāh» сөзіне.

Ал өздері «қамқорлық еткен» негізгі бөлігі гректер болған және яхудейлік (иудей) рәсімдерден хабарсыз адамдарға олар «христиан» — бұл «жағылғандар», «майлайтын» («помазывают») және ол «христиан» — жай ғана жақсы білімді оқитындардан (зерттейтіндерден) жақсырақ деп түсіндірді. Өйткені өздерінің «майланған» сөзін артынан ерушілеріне

түсіндіруі бойынша — ол ең жоғарғы патшалық қадірлі-абыройлы, қасиетті маймен майлау (сылау) түріндегі ресми рәсімнен өткен адам. Бірақ шын мәнінде Гамалиил адамдары «майланған» (помазанне), «май жағылған» (напомаженне) сөзін, «түрлі діншіл жамағат» үшін мысқыл, төмендеткен (кекеткен) мағынасында қолданған, ондағы мақсаттары жиіркенішті жаңа дінге кірген «пұтқа табынушылар» (язычник, ескі діншілдер) мен олардың фарисеилік қамқоршылары, яғни ортодоксальды яхудейлер (иудеи) арасындағы алшақтықты білдіру үшін... Оның үстіне дәл сол сәттен бастап олар Исаны яхудейлік (иудеи) тамырмен байланыстыра бастайды, осының арқасында кейін христиан жамағатында яхудейлерді (иудеи) этникалық ерекше халық деген идея таралады. Христиандар, яһудилер дінінің ізбасарлары ретінде, Павелдің ілімі бойынша, **ескі ағаштың гүлденуі үшін** жақсы, үй зәйтүн ағашының діңіне егілген жабайы зәйтүн ағашының бұтақтарымен салыстырылды.

Николай Андреевич істің мәнін түсінгендей қайталады:

— Ескі ағашты қайта гүлдеуге мәжбүрлеу?! Өте ақылды әрі алысты көрген іс екен және саяси да әрі діни мағынасында да.

— Олай болмағанда, — деп Сэнсэй күлді де, әзіл үні жоқ емес сөзімен айтты: — Архонттар жердегі қас-қағым уақытқа емес, ғасырларға салады емес пе. — Және әрі қарай әңгімесін жалғастырды: — Дәл осы Антиохияда грек тілі негізгі «христиан» тіліне айналады. Архонттар христиандықтың уақытша орталығын жасаған осы Антиохиялық шіркеуден барша Рим империясына, «миссионерлер» деп аталған адамдар жіберіледі және олардың алғашқысы Павел және Варнава секілді адамдар болды.

— Ал миссионерлер бұл «миссия» сөзінен пайда болған сөз бе? — деді Костя іскерше.

— Өте дұрыс. Латынның «missio» сөзі «сәлемдеме» (посылка), «тапсырма» (поручение) дегенді білдіреді. Ал діни контексте ол басқа сенімді ұстанатын адамдар арасына белгілі бір дінді тарату дегенді меңзейді.

— Шыныменде христиан атауы осылардан шыққаныма...  
— деді көңілі түскен Татьяна. — Ал енді сеніммен не болады...  
Иса Мәсіхке (Христа) деген сеніммен?

— Ал бұл жерде сенімнің не қатысы бар? — деп одан Сэнсэй сұрады. — Менің сіздерге айтқаным — бұл жай ғана тарих — өткеннің топырағы (шаң-тозаңы). Ал қандай дінде болғанына қарамастан шын сенімдегі адамға, шын ықыласпен Жаратушыға ұмтылған рухын шылбырлауы мүмкін ешқандай күш пен кедергі жоқ. Шын сенім адамның ішінде. Және ол шынайы болса, ол үшін ешбір сыртқы кедергі емес.

\* \* \*

Сэнсэйді мұқият тыңдап болып Николай Андреевич сұрағын қоюға асықты:

— Ал Пётр сол Иерусалимдегі жамағатта қалды ма? Павелден ерекшелігі оны яһудейлер (иудей) үшін апостол деп атаған секілді еді. Ол христиандықтың иудаизммен байланысын үзбеу керектігін жақтады емес пе.

Сэнсэй жымыды.

— Енді иә. Бұған байланысты ғылымда тіпті осындай терминде ойлап табылды — «петринизм» деп аталады...

— Қалай, қалай?! — деп Женька қайталай сұрады да сол бойда балалармен бірге күлді.

— Сен дұрыс естідің, — деп Сэнсэй жігітке айтты да, Николай Андреевичтің сұрағына жауап беруге кірісті: — «яхудейлер (иудей) үшін апостол» деп оны Павел «атаған». Кифаның аты Кифа — біздерге де, сіздерге де. Оны жай ғана пайдаланды, құпия істермен таныстырған емес. Және «Еркін тас қалаушыларға» ол көбінесе ұзақ уақыт Исаның қасында жүргені себебінен ғана қажет болды. Ол «пұтқа табынушылар» (немесе ескі діндегілер, язычники) сенімі үшін қолқуыршақ-басшы ретінде өте ыңғайлы еді. Сондықтан Гамалиил оны пайдаланады,

«бағдарын өзгертуге» көп күш салмай деп айтпақшы. Иерусалимде шын Иса ізбасарларын қайта құдалау басталған кезде, Кифа (бұл кезде тыныш қана Иерусалимдік жамағатта жүрген) «ыстық қолдарға» аяқ астынан ұсталып, зынданға тасталады. Бірақ шын мәнінде бұл Гамалиилдің арандатуы болған. Кифаны жай ғана зынданға тастаған жоқ, таңертеңгісін өлім жазасына кесеміз деп қорқытады. Ал егер бірлесе жұмыс жасайтын болса бостандық уәде ететінін айтып Кифаға Гамалиил адамдары келген кезде, ол өз бақытына өзі сенбейді. Оны сол түні-ақ зынданнан босатады. Сәйкесінше нұсқаулықтардан кейін ол Иерусалимнен асығыс кетіп, өзіне Антиохиялық шіркеуді басқару күтіп тұрған Антиохия қаласына бағыт алады.

Сэнсэй бірнеше секунд ойланды да, кейін ашына жымыды.

— Ал кейін Луканың арқасында, Құдай Періштесінің өзі сол түні Пётрге зынданға түсіп, оны верига деп аталған ауыр темір шынжырдан босатқан деген жазбасы бар «Деяния апостолов» (12 тарауы, «Елшілердің ізгі істері») кітабында есімі жазылады.

— Канонға айналған Евангелиялардың бірін жазған әлгі Лука ма? — деп сұрады Николай Андреевич.

— Иә.

— Ал не, ол да Архонт адамдарымен бір болғаны ма? — деп сұрады Виктор.

— Ол Павелдің адамы болды. Бірақ ол туралы сәл кейінірек айтып беремін. — Сэнсэй үзіліс жасап кейін жалғастырды: — Ең қызығы «Пётр веригалары» (Пётр шыншыр бұғауы) деп аталатын әлі күнге дейін құрмет тұтылып, сенушілер үшін жылына бір рет тағзым ету үшін көрсетіледі. Ал оларға «қасиетті» реликвия ретінде маңыздылықты иерусалимдік Ювеналий (V ғасыр) патриарх берді. Оған византиялық император Феодосия II жұбайы Евдокияға былайша айтқанда елеулі сыйлық ретінде бір нәрсені сыйлау қажет болған. Ал ол кездері (Иса шегеленген-міс деген ағаш айқышты император

Константиннің анасы Елана тауып алғаннан кейін) осындай «эулиелердің заттары» (вещи святых) сәнде болған. Осылайша императордың әйеліне Ювеналий патриарх «Пётрдің өзінің» веригалары деп атаған, шынжыр бұғауларды сыйлыққа береді.

— Енді, иә, — деп күлді Стас. — Бізге ұнамағанды, береміз Құдай саған.

— Және тек сыйлыққа беріп қоймай, Пётрмен болған ғажайыпты естіген христиандар бұл темір шынжырларды құнды байлықтай сақтаған, ол түрлі сырқатқа шалдыққан адам сеніммен келсе, ауруынан айығады-мыс деген тарихын туғызған.

— Хм, «кім сеніммен келсе» деген психотерапияның платина формуласы, — деді Николай Андреевич ойлана.

— Жай ғана психотерапияның емес, — деді Сэнсэй, — адами мәннің. Өйткені кім неге сенсе, соны алады...

Ал Женька болса ойнаған таңғалысымен «қызғануға» кірісіп кетті:

— Қарасаңшы, ер адамның қандай сыйлық жасағанын! Жарайсың! Арзан әрі көңілді, қасқырда тоқ, қойлар да аман деп айтпақшы. Ал мен Петровичке туған күніне қандай сыйлық жасаймын деп басымды ауыртып отырсам. Сарайда тот басқан қауға шынжыры жатыр екен ғой...

Осы сөздерінде Женька әлгі шынжырдың тым әсіре қалыңдығы мен үлкендігін көрсетіп, балалардың күлкісін келтірді.

— Ал Петрович деген кім? — деп барлығымен бірге күлген Андрей Стастан сұрады.

— Оның сүйікті «басшылығы», — деп ол Женьканың клоунадасынан көзін алмай жауап берді.

— Ал несі бар? — деп күлген балаларға қарап Женька салмақты кейпімен ақтала бастады. — Оның қанша суда, ал кейін қанша жерде жатқанын білесіздер ме?! Ого-го-го! Раритет емей немене?

— Иә-иә, — деп Виктор басын изеді, — осындай «раритетің» үшін сені нақты жұмыстан қуып жібереді.

— Мен не жоғалтамын?! — деп Женька бәрібір болғандай иығын көтеріп мойымады. — Бізде еркін мемлекет! Бұл құл иеленуші қуып жіберсе, басқасына барармын. Не қиындығы бар дейсің?! Есесіне ер адамның өмір бойына... есінде қалатын болады!

Осы сөздерінен кейін біздің ұжым күле жөнелді. Және жұмыс жасайтындар қаттырақ күлді. Стас күлкіден шыққан көз жасын сүртіп, досына қолын сілтеді.

— Әзілдеуді доғарындар, іш ауырып кетті. Тыныш тыңдауға мұрша берші.

— Мен көптен бері үнсіз отырмын, — деді Женька. — Сендердің шуылдарыңның кесірінен әлемді танудың бар процесі тоқтап тұр...

Біз тынышталамыз дегенше бес минут өтті. Және осындай ауқымды сыйлық император жұбайымен қалай қабылданғаны туралы сұрақты бірінші болып Женька сұрады.

— Тамаша, — деп Сэнсэй көңілді жауап берді. — Бірақ әңгіме тіпті сыйлықта емес, жауыннан кейін саңырауқұлақша өскен осы тарихтың кең жайылуында еді. Евдокия бұл шынжырларды Константинопольға апарды. Бір шынжыр бұғауды Римге, қызы Евдоксияға жібереді. Ал қызы тұтас бір «эулие Пётр» ғибадатханасын салып, осы «реликвияны» құндылық ретінде сол жерге орналастырады. Дегенмен сол уақытта Пётрдың Римдегі өлімі алдында болған басқа да шынжыр бұғаулар «кездейсоқ» табыла кетеді. Енді барлығы әдеттегідей.

Николай Андреевич көңілсіз жымыып, кейін сөзін қосты:

— Шыныменде, барлығы бұрынғыша: кішкене ажиотаж, кішкене аңыз, плюс бірнеше атақты, барынша патшалық есімдер болса, «атақты реликвия» деп аталған тауарың дайын.

— Қайтесің енді, пендешілік, — деп келісті Сэнсэй. — Бірақ тақырыпқа оралайық. Кифа Антиохияға, Гамалиил адамдарының қол астына келген кезде, Иса шәкірттері арасында оның жақсы емес болмысын көрсеткен есімін бірден

ауыстырады. Осылайша Кифа, «жартас» «күз» дегенді білдіретін абыройлы гректің Пётр есімін алады. Осыдан соң оны Антиохия шіркеуінің бірінші епископы лауазымына қояды. Ал «episkopos» грек тілінен аударғанда «қадағалаушы» (бақылаушы, қараушы, надзиратель), «сақтаушы» (блюститель) дегенді білдіреді.

— Демек Гамалиил адамдары христиандар арасында нақтылаған ережелер мен тәртіптерді, әлгі рәсімдерді Пётрдің іс жүзінде қадағалаушы (бақылаушы) болғаны, — деді Николай Андреевич өзіне тұжырым жасап.

— Иә. Кифа Эгосын толық қанағаттандыру. Өзі армандағанның барлығын — атақ-даңқ, ақша, билікті алды. Және ең бастысы терлеп еңбек етудің қажеті жоқ... Бірақ әңгіме бұл жерде ол туралы немесе оған ұқсас адамдар туралы емес, қарапайымды қиындатып, руханиятты материализациялап және бостыққа толтыру болды. Өйткені Иса уағыз айтқан уақыттарда Оның шәкірті болу үшін белгілі бір ғұрыптарды орындаумен өзіне ауыртпалық түсіру, қандай да бір сенім символын ұстанудың, өзіңді ойдан шығарылған тәртіп, ережелермен шектеудің қажеті жоқ еді. Жай ғана мейірімді, жақсы көретін жүрегі бар, Жаратушыға шын ұмтылған Адам болсаң жеткілікті болған. Иса адамды ішкі жан дүниесіндегі Құдайды сезінуге үйретті, өйткені әрбір адамның жүрегінде Құдай Ғибадатханасы бар. Ол өз рухын сезінуге және оны құтқару үшін өмір сүруге үйретті. Ал Архонт адамдары адамның өзімен ішкі жұмысын (ішкі жан дүниесімен жұмысын) сыртқы рәсімділік тағзым етуге бұрмалап жіберді. Және Архонттар өздерінің қолшоқпарлары Құдай мен адамдар арасында «делдал» болатындай жасады, олардың қатысуынсыз адам құтқарылмайды-мыс.

— М-да-а, жігіттер өз істерін жақсы біледі, — деді Володя. Сэнсэй басын изеді:

— Олай болмағанда! Сонымен Пётр жаңа лауазымға отыра салысымен дәл сол уақыттан бастап Антиохия шіркеуінің «миссионерлері» Пётрді Исаның бірінші (алғашқы) апостолы, таңдаулы «алғашқы басшы (жоғарғы) апостол» деп жариялайды.



«Миссионерлер» Исаның шын апостолдары мен шәкірттерінің рухани жұмысына қарсы таразыда, барша Рим және оның сыртында аянбай жұмыс жасайды. Олар тек уағыз-насихат жүргізген жоқ. Олардың мақсаттары мен жұмыстары ірі және ұсақ қалаларда Иса Ілімі негізінде өздері көрсеткен дінді ұстанатын христиан жамағатын құру болды. Бұл «миссионерлер» тек жамағаттарды ұйымдастырып қана қоймай, үстерінен өз адамдарын — басқарушыларды қояды немесе оны — гректің presbyteros — «ақсақал» («старейшина») сөзінен шыққан пресвитер деп атаған. Және избасарларына тек өздерінің ғана сенімі, ілімімен жүруді айтты және қайдағы бір басқа «өтірік ұстаздарды» тыңдамауға шақырды. Ал ол замандарда «өтірік ұстаздар» деп басқа дін өкілі болған тәлімгерлерден бөлек, Иса секілді тәнді емес, рухты құтқаруға шақырған, Иса «пенделік» деп атаған Хайуани негіз, яғни материя тұрғысынан емес, рухани көзқараспен қарап Оның ілімін насихаттаған, Исаның шын избасарларын да бұл «миссионерлер» осылай атаған. Жалпылама айтқанда «миссионерлермен» бір орталықтан басқаруға икемделген біршама кең жайылған христиандық жамағаттар құрылады. Кейін «миссионерлер» осы жамағаттарға Ілімді қалай түсіну және қабылдау керектігін айтқан «жоғарыдағылардың» «жана» бұйрықтарын әкеліп отырған.

— Енді иә, — деді Володя білінер-білінбес жымыиысымен, — олардың «жоғарғы жақтан» келген бұйрығын қазір де айналып өте алмайсың.

— Сіздер немене? — деп өзіне салмақты тіпті қоқиған түр салып Женька Володя сөздеріне наразылық танытты. — Түсінемісің, адамдар демалыссыз халық үшін «бұйрықшалар» ойлап табуда. Мінекей, біздің саясаткерлер күндіз-түні жұмыс жасауда. Қандай ауыр салмақ десеңші, оны да ойлау қажет! Адамдардың қалай шаршайтынын ойлап көріңіздер?!

— Ага, — деп Женьканың әзіл күйіне Стаста қосылды, — күні бойы ұйықтамайсың, түні бойы ас ішпейсің, бұл жерде қалай шаршамайсың!

Балалар күлді, ал Женька тағы да отқа май құйды:

— Немене хи-хи-хи?! Бұл сіздерге ха-ха-ха емес! Өздерің барып сол деңгейде бірнәрсе ойлап тауып көріңдер, — осы сөздерінде ол саусағын жоғарға көтеріп көп мәнді сілкіледі де, — шәйгүмдегі судай миың шай секілді қайнайды және кейін осылай барша халықтың миын қайнататын боласыңдар.

Жігіттер бұл сөздеріне одан әрмен күле жөнелді. Женька оларға үмітсіз қолын сілтеп Сэнсэйге қарап айтты:

— Жоқ, бұл қаздар үлкен аспанда ұшуға жаралмаған. Оларға шалшықта отырып үнемі қарқылдау болса болғаны!

Балалар бір-біріне әзілдеп жатқан кезде, Николай Андреевич ендігі жастардың бітпейтін осындай әзіліне шыдай алмай, Сэнсәйден өзін қызықтырған сәттер туралы сұрауға тырысып, ескі тақырыпқа қайта оралды.

— Ал ол жерде қандай апостолдық жиналыс (апостольский собор) болды, білуімше 51 жылы емес пе?

— Иә болған, — деп Сэнсэй басын изеді, — біздің заманымыздың 51 жылы Иерусалимде. Әрине ол жерде шын апостолдар болған емес. Есесіне құрметті орынға Пётрдің өзі жайғасты.

— Қызық, олар жиындарында нені талқылаған? — деп тыңдаушыларға қосылған Виктор сұрағын қойды.

— Өте маңызды сұрақтарды, — деді Женьканың қимылын көшірген көпмәнділікпен Сэнсэй саусағын жоғарға қаратып (әзіл үні жоқ емес). Жігіттер күлкілерін тиып, Сэнсэй жаққа назарларын салды. — Дінді ұстанушылар үшін апостолдар Иерусалимде өте маңызды сұрақты талқылауға жиналды деп хабарланады — өздерінің дініне жаңа кірген «пұтқа табынушылар» (бұрынғы) барлық яхудейлік (иудеи) рәсімдерді орындауға міндетті ме, бірінші кезекте піштірілу (обрезание) керек пе, әлде жоқ па?

Және Сэнсэй Николай Андреевич пен Викторға қарап қанша жымыысын жасыруға тырысқанымен, үлкен балалар қайтадан күле жөнелді.

— Сіздер тағы неменеге күліп жатырсыздар?! — деп Женька оларға өзінің сүйікті әзілқой мәнерінде айтты. — Естідіндер ме, бұл өте маңызды сұрақ! — Және ендігі олардың ұстаусыз күлкілеріне еш назарын аудармастан Сэнсэйге бұрылды да, қабағын түйіп, алаңдағандай сұрады: — Иә, сонымен не шешіпті?

Бірақ жаңа күлкі легінен әңгімені әрі қарай жалғастыру мүмкін болмады. Сэнсэй балалар басылғанша күтті де кейін жауап қайтарды:

— Ал олар дінге жаңа кіруші «пұтқа табынушылар» (немесе ескі діндегілер, язычники) барлық яхудей заңдарын (иудей) ұстанбауына болады деп шешеді...

— Фу-у-фф, — деп Женька жеңіл демалып, маңдайындағы терін ойнай сүртіп тіпті осыдан кейін қолын сілкіледі.

Балалардың кезекті күлкі толқынына қарамастан Сэнсэй жалғастырды:

— Тиым салынған төртеуінен басқасына...

— Иә?! — деп Женька сақтана айтты. — Ал қандайлары?

— Енді біріншіден, оларға пұтқа (пұт құдайларына) құрбандық шалудан аулақ болу айтылды. Жалпақ тілмен айтатын болсақ «пұтқа табынушылыққа» құрбандық шалудан кейінгі қалған етті жеуге болмайды. Ал ол әдетте құрбандық шалудан кейін сатылымға шығатын болған.

— Ал оны қайда жібереді енді? — деді Женька поп дін қызметкерінің даусын салып. — Шаруашылықта ешнәрсе бекер ысырап болмауы керек.

— Екінші буындырылып (тұншықтырылып) өлтірілгеннен аулақ болу.

Осы кезде Женька Стасқа жиіркене көзінің қиығын салды.

— Мен негізінде каннибализммен айналыспаймын.

Жігіттер тағы да күле жөнелді.

— Тұншықтырылып өлтіру (буындырып) — бұл каннибализм емес, — деп Сэнсэй күле түсіндірді. — Бұл қан шығарусыз, қылқындырып, тұншықтырып өлтірген

жануарлардың етін тамақ ретінде пайдаланбау. Яхудейлер (иудей) үшін қанда рух болатындықтан, қан кетпеген (бар) тағамды жеу, оларда қорқынышты күнә саналған.

— А-а-а, — деді Женька, бірақ «сақтық үшін» барлығына көрсете Стастан әрменірек отырды.

— Үшінші зинақорлықтан аулақ болу. Бұл пункт олардың интерпретациясында ерекше мәнге ие болды.

— Олай болмағанда! Әсіресе Иса жамағатындағы Мария Магдалинаның алғашқы болуына Пётрдің қызғанышпен қарағанын ескеретін болсақ, — деді Виктор байқампаздықпен.

— Сөзсіз, оның Мария Магдалинаға дұшпандық ниеті, жалпы әйел затына деген көзқарасында өз таңбасын қалдырды. Оның үстіне Пётр тіпті өзінің «епископтық» уағыздарында әйелдерді некеден бас тартуға шақырды. Бірақ зинақорлықтан сақтану туралы айтылған бұл пункте, кейбір «пұтқа табынушы» (язычники) халықтар арасында болған, «ғибадатханалық жезөкшелік» (храмовая проституция) деп аталатын меңзелген еді. Дегенмен «пұтқа табынушылардың» (немесе ескі діншілдердің, язычники) өздері бұл рәсімдерді ер мен әйелдің арасындағы ежелгі үйлесімділік рәсімдері деп санаған. Бірақ егерде Архонттарда әрқашан еркектік күш, қараңғы түнек пен агрессия басым болғанын ескеретін болсақ, бұл сұрақ анағұрлым тереңге кетеді.

— Патриархаттың бөлусіз билігі, — деп ойды дөп басты Николай Андреевич.

— Өте дұрыс, — деп растады Сэнсэй.

Ал Женька болса ойланған түр салып талдай бастады:

— Сонымен, «зинақорлық» (блуд) маған төніп тұрған жоқ, — және ойланды да сөзін қосты, — ең жоқ дегенде жақын жиырма төрт сағат ішінде. — Ал кейін Сэнсәйден сұрады: — Ал төртінші ереже қандай?

— Төртінші? Жалпы моральді: өздеріне қаламағанды басқаға жасамау.

— Жақсы ереже! — деп Женька разы болғандай басын изеді де, Стасқа көңілді қарап, қолдарын ысқылай бастады: — Саған, өзіңе қаламайтындай не жасасам болады екен?!

Жарыла күлген біздің ұжымның даусы айналаны тағы шулатты.

— Таза клоун! — деп жақтамағандай басын шайқап, Сэнсэй барлығымен бірге күлді.

Күлкі басылған кезде Николай Андреевич Сэнсэйге қарап:

— Сен дінді ұстанушыларға жарияланды деп айттың. Ал шын мәнінде әлгі «жиналыста» (собор) не шешілді? — деп сұрады.

— Шын мәнінде жиналыс билікті қайта бөлу мен болашақ іс-қимылдардың негізгі стратегиясы мен тактикасын әзірлеуге байланысты болған. Әрине жаңа діннің басшылығына жаңа тағайындаулар (жаңартылған басқару құрылымында) сұрағы да тұрды. Пётр негізгі лауазымға отыруға ұмтылды. Дегенмен өзінің аз сауаттылығынан, асқан кеудемсоқтығынан, тамаша ақылды, керемет сауатты әрі білімді Павелден біршама ұтылыста еді. Екеуінің арасында бұрындары да араздық болған...

— Билік үшін күрес пе? — деп сұрады Володя.

— Тек ол ғана емес. Біздің заманымызға Павелдің өзі жазған галаттарға жолдауы тарихы жеткен. Ол жерде Пётрдің Антиохияға келуін еске түсіріп, Пётр өзін яхудей-христиан (иудеям-христианином) деп есептегеніне қарамастан, бөтендерге (бұратана, инородец) жиіркенішін көрсетіп, екі жүзділік танытты деп Павел оны айыптай жазған...

— Ал Антиохияда не болды? — деп ендігі Николай Андреевич қызыға сұрады.

— Пётр Антиохияға келген кезде, өздері «пұтқа табынушылар» (немесе ескі діндегілер, язычники) деп атағандар арасында діндерінің жалпы жоғарылауындағы өзінің жаңа рөліне енгені соншалықты, «пұтқа табынушылармен» (немесе ескі діндегілер, язычники) ортақ үстел басында бірге тамақтанып, тағы да яхудейлік (иудеи) дәстүрлерден қалайша

шығып кеткенін өзі де байқамай қалады. Ал бұны яхудейлер (иудеи) біліп қойған кезде, Пётр бұл ешқашан болған емес деп ақталып, өзін яхудейлер (иудеи) айыптайды деп қорқып, «пұтқа табынушылармен» (немесе ескі діндегілер, язычники) болған «ас ішулерін» жасырады. Кифаның аты Кифа, — деп күлді Сэнсэй. — Ол кемшіліктері, арман-тілегі бар жай ғана пенде... Сол себепті яхудейлерге (иудеи) де жағып, «пұтқа табынушылар» (немесе ескі діндегілер, язычники) алдында да өзін көтергісі келді.

— Ал билік үшін болған осы күрес немен аяқталды? — деп сұрағын қойды Стас.

— Пётр осы ұйымның жария басшысы болды, бірақ іс жүзінде Павел басшылық етті.

— Архонт ұйымдарының құрылымына зер салсаң басқалай болуы да мүмкін емес, — деді Володя.

\* \* \*

— Павел жаңа діннің іс жүзіндегі басшысы ретінде жалпы христиан идеологиясын жүйелендіреді, — деп Сэнсэй өз әңгімесін жалғастырды. — Өзінің ілімінде ол шыныменде Исаның сөздеріне арқа сүйеді, Ілімнің маңызды тұстарын өте сауатты әрі нәзік (білдіртпей) бұрмалады. Мысалы тәнмен қайта тірілу түсінігін, адамның туғанынан күнәһар екендігі және сол сияқты. Егер Иса Ібіліс туралы ол әлемнің шын кінәзі деп тұспалдай айтып, «еркін тыңдаушыларға» бұл сәтті түсіндірусіз қалдырса, ал Павел Оның сөздерін «дінді ұстанушыларға» «түсіндірді» және бұл адамдарға Ібіліс билігін бастапқы күнәмен байланыстырып, тіпті Ібілістің өзін құдіретті күшті ғарыштық қандай да бір болмысқа айналдырып жіберді.

— Не үшін? — деп иығын көтеріп Стас түсінбей сұрады.

— Қалай не үшін?! Дінді ұстанушылардың қорқынышын туғызу үшін, себебі қорқыныш адамды құл етеді. Дегенмен егер байқасаңыз, яхудейзмде (иудаизм) Сатана (Ібіліс) сөзі тура

мағынасында «қайшы келуші» (противоречащий), «шағымшы» (тыңшы, наушник), «арандатушы» (өштестіруші, подстрекатель) дегенді білдіреді. Дәстүрлі яһудейизмде (иудаизм) Ібілістің алғашқы толыққанды бейнесі біздің заманымыздың V ғасырында жазылған інжілдік Иова кітабында айтылған. Және ол кітапта Ібіліс зұлым періште ретінде сипатталған, бірақта ол толыққанды Яхваға (еврейлік Құдайдың есімі) толық тәуелді болған және зұлымдықты тек Оның рұқсатымен ғана жасаған. Яхудей Павел негізінде «пұтқа табынушыларға» (немесе ескі діндегілер) арналған өз Ілімінде, Ібілісті Құдайға қарсы тұрған ғарыштық дұшпан деңгейіне көтереді. Павел онымен қоса кейінірек Ібілістің тамұқ әскері мен Құдайдың әскері арасында болған эсхатологиялық бүкіләлемдік шайқас туралы Иоанн сипаттағанның негізін салып кетеді. Және оның артында не тұрды деп ойлайсыздар? Қарапайым дін ұстанушыларды құл ету. Қорқынышты үдету арқылы Архонт адамдары Құдайға қызмет еткен Ібілісті (Сатана), Құдайға қарсы шығушы деңгейіне дейін көтеріп, тіпті күші мен құдіреті жағынан тең жасауға дейін жеткізеді.

Сонымен қоса дәл сол Павел кейінірек христиандар негіз ала бастаған, Иса Мәсіх деген кім және Оның Шіркеуі не деген сұрақтарға анықтама берді. Кейінірек христиандық догмаларға айналған осы тұжырымдарды жаңа дінде орнықтыру үшін, Павелмен осы міндеттемелер мен христиан жамағатындағы өмір сүру тәртібінен бастап, отбасында, тұрмыс-тіршілікте қарым-қатынас қандай болуы керектігіе дейінгі көптеген жолдаулар (үндеулер) жазылады. Ол осы адамдарды «дұрыс жолға» түсіру үшін тәлімгерлігін жасайды, олар «дұрыс ілімді» қатаң ұстану үшін. Оларды алданудан сақтандырады, христиан жамағаттарының билігі мен басшылығын басып алғысы келген-міс «өтірік ұстаздардан» абай болуды айтады.

Володя тыныш даусымен айтты:

— Иә, істі маңызды адамдар қолға алған екен.

— Ал сен қалай ойлап едің? Бұның барлығы жайдан-жай емес. Әрине олар аз еңбек еткен жоқ. Бірақ бұның барлығы қуатты әлемдік дінді құрудың жай ғана алғашқы қадамдары болды. — Сэнсэй онымен келісіп әрі қарай әңгімесін жалғастырды: — Біздің заманымыздың 60-шы жылдарының басында белгілі саяси оқиғаларға дайындыққа байланысты, Архонттардың ойынша 66 жылы болатын жағдайға Гамалиил адамдары іске қосылу керек болған. Дегенмен Гамалиилдің өзі 52 жылы-ақ дүние салған, бірақ оның құрған ұйымы қарқынды жұмысын жалғастырып жатты. 66 жылға маңызды саяси өзгерістер жоспарланған болатын. Архонттар өздерінің ойын ережесіне сай, бірден бірнеше оқиғаның өрбу нұсқасын дайындайды. Оның біріне Гамалиил адамдарының жоспары енген еді, ол жоспар бойынша Пётрды «пұтқа табынушылардың» (немесе ескі діндегілер, язычники) жаңа дініндегі жоғарғы дін шенеунігі деңгейіне көтеру болжанған және сәйкесінше өздеріне ыңғайлы қол қуыршақ.

— Ал оларға бұл не үшін қажет болды? — деп түсінбеді Виктор. — Менің түсінгенімше оларда барлығын билеп-төстеген римдік понтифик-діни басшылары болды емес пе.

— Барлығын, бірақ барлығын емес, — деп Сэнсэй қарсы сөзін айтты. Иса өзінің осы әлемге Бодхисатва ретінде келуімен тек рухани серпілісті көтеріп қана қоймай, үлкен толқынды да тудырады. Нәтижесінде біздің заманымыздың I ғасырында сол Римнің өзінде аяқ астынан түрлі ежелгі діндерді (культ) ұстанушылардың саны өсе бастайды. Мысалға мысырлық құдайы-әйел Исида, малоазиялық (кіші азиялық) Ұлы Ана және соған ұқсастар. Дәстүрлі құдайлардың ғибадатханалары тез босап қалады. Және бұл процесс құрамына жаңа тайпалар мен халықтар енген (өздерінің құдайлары мен діндері бар) Рим державасының кеңеюімен емес, шын мәнінде Исаның келуімен, Оның миссиясының шын рухани мақсаттары және Ілімінің бағытына байланысты еді. Рим қоғамындағы жағдай қазіргі біздің жағдаймен бірдей еді (біздерде қирау, ал оларда сол кезде



империяның нығаю процесі жүріп жатқанына қарамастан): сол рухани шиеленіс, саяси және әлеуметтік тұрақсыздық кесірінен ертеңгі күнге деген сенімсіздік. Оның үстіне қазіргі жағдай секілді сол кезде де өздерін жана пайғамбарлар және тылсым мүмкіншіліктерге иеміз деген, өздерін түрлі құдайлардың ұлдары деп жариялаған, болашақты болжағыш, ғажайыптар жасағыш, адамдарды сырқатынан айықтыруды уәде еткен, әлемді құтқарып өздеріне сенген адамдарды бақытты етеміз деген көптеген адамдар пайда болады. Билік басындағы көпшілігі үшін бүгінде діни негіздегі «массалық психоз» (массовый психоз) деп аталған жағдай түсініксіз болды. Бірақ тек Архонттарға емес. Олар осындай құбылыстың адамдар арасында болуының шын себебін білді, сол себепті Иса жақтастарына қарсы бірден әрекет етуге көшіп, жаңа дінмен орталықтандырылған құрылымды асығыс ұйымдастыра бастайды.

Енді елестете беріңіздер, егер осы әлемге Исаның келуінің өзі адамдар арасында осыншалықты қуатты рухани толқынды көтеріп, бұл шын мәнінде Рим империясының діни басшы-понтификтерінің айтарлықтай электорат бөлігінен айырды. Мен адамдардың жүрегін оятқан Оның Ілімі мен кейінгі Оның шын шәкірттерінің ізгі істері туралы тіпті де айтып тұрғаным жоқ! Енді, шыныменде пірәдарлардың, понтификтердің, дін басшылардың ертегісін кім тыңдайды, билік басындағылардың семіз беттеріне кім қарайды, егер Иса және Оның шәкірттері ақиқатында адамдардың мәніне көздерін ашып және осы әлем туралы оны кімнің басқаратыны туралы шындықты айтса. Кім дін басшыларына құлдыққа барады, егер Иса өзінің Ілімі арқылы адамдарға шын Азаттықты (Еркіндікті) берсе! Осындай электораттың кетуі, саясатта — біршама күрделі мәселе, себебі бұл іс жүзінде билікті жоғалтуға әкеледі.

Имхотеппен болған сәтсіздіктен кейін Архонттар ендігі мүмкін болатын салдарын жақсы білді. Сондықтан олар асығыс жаңа дінді құруға кіріседі. Өйткені мен айтып кеткендей егер

қандай да бір қозғалысқа тиым салуға немесе басып-жаншу мүмкін болмаса, ендеше оны басқару керек деген олардың принципі бар. Осылайша Архонттар адамдар арасында жаңа идеяны — Иса Ілімін қолдауға білек сыбана кірісіп кетеді. Әрине өздерінің Павелдерінің аримандық мәнердегі бұрмаланған білімін қажетті бар шуыл шығаруларымен: таралуының құпиялығымен, билікке көңіл толмаушылық, тіпті қудалаулар — барлығы тобырды сендіру психологиясына сай. Өйткені адамдар, жапа шегушілер мен азапқа түскендерді жақсы көреді, осындай «еңбек халқының азаттығы мен құқығы үшін» күресуші-батырларды. Бірақ шындығында павелдік христиан жамағатын қудалау көбінде сырттай қойылым болды. Ал Исаның шын ізбасарларын, Оның шын шәкірттері мен апостолдарына нағыз қудалау жүргізілді, тұтас бір жазалау операциялары және аяусыз құртулар орын алды. Осылайша өздерімен жаңартылған форматтағы ескі билігін, мүлдем жаңашылдық деп жариялап, оны адамдарға зомбылықпен танды.

— Енді барлығы дұрыс, жаңашылдық — бұл ұмытылған ескілік, — деді Женька жымыып.

— Егер ұмытылған болса, — деді даусы мұнды шыққан Сэнсэй. — Пётрге және әсіресе Павелге Архонт жақтастары тек үлкен үміт артып қана қойған жоқ. Жаңа діннің жария көшбасшысы ретінде Пётр, саяси және діни биліктің жалғаушы тізбегінің бірі болады деп жоспарланды...

— Кифа саясатта?! — деп күлді Николай Андреевич. — Мда-а-а, бұл нонсенс!

— Жоға, — деді Сэнсэй. — Бұл тура *sensus!* Және Архонттардың арқасында бұл әлі күнге дейін актуалды.

Володя күліп, растады:

— Мәңгілік ақиқат.

— Үлкен саясаттың мәні неде? — деп түсіндірді Сэнсэй. — Архонттардың ережесіне сай мемлекетке үлкен саяси ықпал ету үшін, оның қаржысының айтарлықтай көп бөлігін бақылауда ұстау қажет немесе электоратының басым

бөлігін. Ал электоратты бақылауда ұстаудың ең жақсы тәсілі, (белгілі болғандай) бір сенім идеологиясы ретіндегі дін. Қаржы мен электоратты басқарулардың қосылысынан абсолютті билік пайда болады. Ал мемлекетте кім абсолютті билікке ие болса, онымен өзі қалаған нәрсенің барлығын жасай алады. Барлық уақыт пен халықтардың Ұлы понтифигі Ариман айтпақшы, тек «бөліп алда билей бер»... Ол замандарда понтифик-дін басшылары қаржыға бақылау жасады, себебі римдік сенат олардың жасырын ықпал етуінде болды...

— Жоғарғы мемлекеттік кеңес, — деп Сэнсэйге сұрағын қоюға тырысқан Русланға қарап, Виктор оның алдын орап кетті.

— Айтпақшы сенат — бұл да латын сөзі — *senatus*, ол «ескі», «ақсақал» (қария, старец) дегенді білдіретін *senex* сөзінен пайда болған, — деп Сэнсэй оның жауабын толықтырды. — Ежелгі Рим республикасы кезінде-ақ Сенат сөзі жоғарғы мемлекеттік кеңесті білдірген.

— Тағы «республика», — деп Стас күле айтты.

— Сөзсіз... Ол біздің заманымызға дейінгі 510-509 жылдары орнатылды. Тэкаппар Тарквиний (Тарквиний Гордый) патшалық етуіне халықтың наразылығы күшейген кезде, әдеттегідей понтифик-дін басшылары дәл уақытында әрекет етеді. Және «азаттық» сөзіне масайраған халықтың бақытты қарсы алуымен, оларға ол заман үшін әдемі, ерекше естілген жаңа мемлекеттік құрылымды — *res publicus*-ты береді. Сіздерге айтып кеткенімдей ол «жария іс» (публичный дело), «қоғам жұмысы (ісі)» дегенді білдіреді. Патша қуылып, халыққа ендігі жоғарғы билікті халықтың өзі белгілі бір уақытқа сайлайды деп жарияланады. Бірақ барлық билік қолдарында болған және жасырын ықпал еткен діни басшы-понтификтер көрсеткен (және сәйкесінше алдын-ала мақұлданған) кандидаттардан халықтың «таңдайтынын» айтуды ұмытып кетеді. Халық *demos kratos*-қа, яғни

демократияға — «халық билігіне» шаттанып, үйлеріне тарасады. Бұл көрініс аяқталды деп аталады!

Сэнсэй үнсіз қалғандықтан, Костя шыдай алмай сұрады:

— Иә, әрі қарай не болды?

— Әрі қарай барлығы баяғыша: **байлар одан әрмен байи береді, кедейлер кедейленеді және тарих айтумен жазылады (богатые богатеют, бедные беднеют и история пишется под диктовку).**

Виктор келіскендей басын изеді.

— Сэнсэй саған біздің заң факультетінде ұстаз болу керек еді. Әйтпесе біздер тарихты тыңдаған секілді едік, бірақ ең қызықтысы құлағымызды айналып өтіпті.

— Осындай тарих курсы саған оқып беретін адам табыла қоймас, оның үстіне заң факультетінде, — деді оған Володя ишара жасап. — Мен тарих, философия факультеттерін айтпай-ақ қойдым...

Тағы да бір нәрсе айтқысы келіп оқталып еді, бірақ Сэнсэй оның алдын орап кетті:

— Кімнің танып-білуге үлкен ниеті болса, ол адам өзі түскен жағдай мен мәселелерге қарамастан тани алады. Ал кімнің ниеті болмаса, оқуға қаншалықты жайлы жағдай жасасаңда сәйкесінше ұмтылысы жоқ, бекершілік.

Костя да өз ойын айтуға оқталды.

— Жоқ, енді осындай тарихты мен өмірімде бірінші рет естіп тұрмын. — Ал кейін: — Шыныменде, бұрындары бұл тақырыпқа қатты қызыққан емеспін, — деп қосты.

— Мінекей, енді білетін боласың, — деді жайдары Сэнсэй. — Ал егер осы тақырыпта өз таным көкжиегіңді кеңейткің келсе — тарихтан мағлұматтарды ізде, табылған деректерді өз бетіңмен салыстырып, талдау жаса. Тек ерінбей еңбек ет, әртүрлі ақпарат көздерімен жұмыс жаса, сол кезде әлемде болған және қазір болып жатқанның, менің саған айтқандарымның көбісін түсінетін боласың.

Сэнсэй осыны айтты да қайтадан ұжымға қарады:

— Бірақ біздер тағы да ауытқып кеттік... Сонымен «Еркін тас қалаушылар» өз мақсаттарын қуып, бәстерін Гамалиил адамдарының діни ұйымына қояды. Олар өз кезегінде келе жатқан оқиғаларға дайындалып, белсенді көшбасшылар қатарына Пётрді көтеру болған жоспарларына сай әрекет етті. Пётрдің астанаға келуіне ыңғайлы жағдай жасау үшін, Иерусалимнен Римге Павелдің өзі келеді. Және «дінді ұстанушыларға» Павел «қасиетті идеялары» үшін Иерусалимде зынданға тасталған және ол жерде екі жыл жапа шеккен «халық үшін азап шегуші» бейнесінде, ал кейін римдік азамат ретінде император сотын талап етіп, оның тілегі орындалып, билік оны Италияға апарыпты-мыс деген аңызбен келеді. Осындай аңызбен Павел Римге келген кезде, «Еркін тас қалаушылардың» Римдегі ықпалды лауазымдарда жайғасқан Гамалиил адамдарынан қойған итаршылары, оған қосымша осы аңыздарға халықты сендіруді жасаумен бірге, оның «діни тобыры» үшін болған өте ақылды пиарды да іске асырады. Бұл Рим билігінің Павелге ерекше жағдайда өмір сүруге мүмкіндік беруі еді. Ол кез келген адаммен кездесе алды, бірақ оны шынжырмен бұғаттап, үстінен қадағалаушы римдік жауынгерді қасына қояды. Әрине осындай театрланған «азап шегуші түрімен» Павел өз ілімін уағыздап тек «дін тобырынан» болған өз ізбасарлары алдында ғана көрінеді. Ал жұрттан жасырын қалған уақытында ешқандай шынжырсыз, тіпті біршама жайлы жағдайда өмір сүрген. Осындай «тұтқында болған азап шегуші» рөлімен Павел екі жыл өмір сүріп, осы уақыт аралығында өз электоратын айтарлықтай ұлғайтады. Ал кейін солай болуы керек «еркіндігін алады».

— Шыныменде супер пиар! — деді Стас.

— Ақылды жарнама деп міне осыны айт! — деді Виктор да.

— Енді иә, осындай шындықты бүгінде кім бұқаралық ақпарат құралдарына шығарады дейсің! — деді әзіл үні де жоқ емес Володя байқампаздықпен.

Оған Сэнсэй:

— Бернард Шоу бірде айтқан екен: «Өмірбаянды оқыған кезде есіңізде болсын, шындық ешқашан жариялауға жарамсыз», — деген дәйексөзін айтты. Үлкен балалар растағандай бастарын изеп күлді. Сэнсэй болса өз әңгімесін жалғастырды: — Сонымен Павел «еркіндік алғаннан» кейін ілешала өзінің жақын адамдарын жаңа діннің идеологиясын жазбаша рәсімдеу үшін белсенді қоса бастайды. Және осы мақсат үшін көп адам іске тартылады, оның ішінде Марк, Лука және Матфейде бар.

— Бұл кейін канонға айналған Евангелияларды жазған әлгілер ме? — деп Стас нақтылай сұрады.

— Өте дұрыс.

— Ал олар Павелдің адамдары болды ма? — деп Николай Андреевич күмән іздері бар даусымен сұрады.

— Әрине. Кейінірек тағы да «жетпіс апостол» (апостол от семидесяти) деп аталғанға қосқан Марк өзінің Кипрден шыққан ауқатты көкесі Варнаваның, нақтырақ айтсақ Иосифтің немере бауыры. Марк есімі оған кейінірек берілген, ал дүниеге келгеннен бастап оны Иоанн деп атаған. Мария есімді анасының үйі Гефсимандық бақпен (Гефсиманскому саду) шектескен. Варнаваның бастамасымен Архонт адамдары жаңа қозғалысты ұйымдастыра бастаған кезде, бұл үй (солардың) адамдарының панасы мен жиналатын орындарына айналады. 40 жылдардың басында Варнава мен Павел Иерусалимнен Антиохияға бара жатқан кезде өздерімен Маркті де ала кетеді. Біріншіден, ол біршама сауатты жас бала болған, жақсы жаза және оқи алатын. Өзінің ана тілінен бөлек Рим империясында кең жайылған латын, грек тілдерінде білді.

— Үш адам — бұл екі адам емес, көңілдірек болады, — деді Женька.

— Олардың «миссионерлері» екі-үш адамнан жүрген. Осылай жүру тек қауіпсіздеу ғана емес оң жамбастарына тура келді, адамды психологиялық өңдеу тұрғысынан ыңғайлы болды. Мысалға біреуі өзін ғажайып жасаушы деп айтса,

қасындағысы осының барлығын «ақиқат» ретінде растап, оның жасаған «ғажайыптарының» «куәгері» ретінде өзін көрсетті.

— Өздеріне абырой жинаған секілді, — деді байқампаздықпен Володя.

— Өте дұрыс. Оның үстіне тіпті Ол өзінің апостолдарына екі-үш адамнан жүруді айтқан деумен, бұл істерін Исаға жабады. Ешқандай да олай емес! Иса өзінің шын апостолдарына өз бетімен жүруге кеңес берген, олар рухы ашық, Оның Ілімін тілегі, махаббат пен рухани қажеттілігінен қабылдауға дайын адамдарды іздеу үшін. Ал павелдік итаршыларға ешқандай даму деңгейіне қарамастан өз қатарларына барынша көп адамдарды тарту міндеті қойылды. Осы міндетті орындау үшін екі-үш адамнан жүрді. Ал Павел, Варнава секілділер үшін, жандарына ілескен адамдар өздеріне тағы қуат көзі болды. Маркте сол секілділердің қатарында еді. Кейінірек ол Варнавамен де, Пётрмен де біршама ұзақ жүреді. Және лайықсыз өзін ұстау, керексіз күмәнді тудырмас үшін Гамалиил адамдарының нұсқаулығына сай Марк Пётрды «дін ұстанушылардың», әсіресе «пұтқа табынушылардың» (немесе ескі діндегілердің, языческой) алдында «Парас» деп атауы керек болды. Ол грек тілінен аудармасында «Әке» дегенді білдіреді және Пётр бейнесінде рухани тәлімгерді көрсеткен.

Кейінірек олармен құрылған ендігі христиан жамағаттарында осылай рухани басшыларды атай бастаған. Ал II және III ғасырлар шекарасында шығыс христиандары, құрылуына Марк себеп болған әлгі Мысырдағы христиан шіркеуі, Александрия шіркеуінің патриархтарын «папа» деп атай бастайды. Ал Батыста бұл титулды Пётрден кейін Рим мен Карфаген епископтары алған. Ортағасырлық замандарда бұл титул Рим епископына тиесілі болды. Пётр жергілікті епископияның негізін салушы, «апостолдар кінәзі» (князем апостолов) ретінде құрметтелді. Және бұның барлығы Исаның: «Және жер бетінде ешкімді өздеріңе әке деп атамаңыздар, өйткені сіздердің аспандағы бір ғана Әкелерің бар» («И отцом

себе не называйте никого на земле, ибо один у вас Отец, Который на небесах») деген ескерту сөздеріне қарамастан жасалды.

— Иә, тіпті рухани дәннің өзін дүниелік қажеттілігіне өзгертіп, мүмкін адамдар барлығын жай ғана өзінше (өз білгенінше) қабылдайтын шығар, — деді психотерапевт.

— Қызық, бұл неге байланысты екен? Адамдардың рухани деңгейіне ме? — деп Стас Сэнсәйден сұрады. Сұрағы Николай Андреевичтің ой толғанысымен байланысты болғаны анық.

— Ең бірінші кезекте олардың ішкі таңдауына.

Өзінің ой толғанысын жалғастырғаны көрініп тұр, Николай Андреевич наразылығын айтты:

— Мейлі осындай асыра сілтеушіліктер болсын... Бірақ сонда да «миссионерлер» адамдарда сенімді оятты емес пе.

— Өте дұрыс, бірақ негізі қорқыныш болған сенімді! Мынадай қарапайым мысалды алып көріңіз. Иса өзінің көптеген ғажайыптары мен сырқатты емдеуін және ізгі істерін адамдарға махаббат, мейірімділікпен жасырын жасаған. Ал бұл өтірікшілер өз қозғалысын жарнамалап, өздерінің ғажайыптарына қорқыту актілерінде қосқан. Мысалға Павелге — римдік проконсул Сергейдің Павелдік «сенімге» кіруіне кедергі болғаны үшін бақсы (сиқыршы, волхв) Елиманы соқыр еткені. Және эрине Варнава мен Марк бұл оқиға «куәгерлері» болған. Бұл сюжет «Апостолдардың ізгі істерінде» (Деяниях апостолов) (13, 6-12) сипатталған және оны басқа емес Павелдің жақын серіктесі — Лука жазған.

Немесе жеке сатылған мүлкінен барлық ақшасын әкеліп бермегені үшін Пётрдің оларды өтірік айтты және жасырды деп айыптаған сөзінен кейін ерлі-зайыптылардың қалайша ажал құшқаны. Және олардың тәндері «демсіз құлаған» кезде, «естушілердің барлығын ұлы қорқыныш басты» деген сөздер бірнеше рет асты сызыла айтылады. Және тағы да бұл сипаттама 5-ші тарауындағы (1-11 өлең) «Апостолдар ізгі істерінде» (Деяниях апостолов) көрсетілген. Ал Пётр жақын жерде жүрген кезде, ең болмағанда «Пётр көлеңкесі араларындағы біреуіне өң



берсін» деп, адамдар науқастарды көшеге шығарған деген Луканың Пётрді көкке көтеріп жазғаны туралы мен тіпті де айтпаймын. Бұл істердің барлығы Иса айтпақшы «пенделіктен» еді, өйткені Кифа секілді адамдардың тылсым күшке ие болуындағы ниеттері, адамдарға үстемдікке ие болу, айналадағының барлығы оларға құлша жалбарынып, қалтырасын деген қитұрқы ой ғана.

— Енді иә, олардың алдын біреу көлденең кесуден сақтасын! — деп күлді Стас.

— Өте дұрыс. Мәні неде екенін түсінесіздер ме?! Олар өз діндерін Юпитерге рұқсат етілген, бұқаға тиым салынған деген принципте, қарама-қайшылықта құрды. Бір жағынан олар адамдарды барлығына кешірімді болуға үйретсе, ал екінші жағынан сол бойда Пётр өзіне жай ғана барлық ақшасын бермегені үшін, «тиынына дейін» деп айтпақшы, өлтіре салғанын көрсетеді. Олар адамдарға Құдайдан қорқуды үйретеді, осылайша адамның қорқыныш сезімін тудырады және бірінші кезекте Құдай мен адамдар арасындағы «делдал» және тіпті адамдарды да өлтіруге «құқығы бар билік иелері» «апостолдардан». Ондағысы барлығы олардан қорқып, сыйласын деген мақсат.

— Тура құл иеленушілер секілді, — деді Володя мысқылдап.

— Енді қалай, «Құдайдың құлы» деген термин олармен босқа енгізілген жоқ, дегенмен Иса адамдарға «сіздердің барлықтарыңыз Құдайдың балаларысыздар» (вы все дети божьи) деп айтқан. Жаратушы алдындағы қорқыныш артында, көп нәрсе рұқсат етілген (көп нәрсе тиым салынған «дін тобырынан» айырмашылығы) шіркеудің жоғарғы басшылары алдындағы қорқыныш тұруы керек деп адамдарды иландырды. — Сэнсәйдің күшті әшкерелеген үнімен айтқаны соншалықты, жан дүниенің тереңін толқытып жіберді. — Бірақ Иса осындайларға үйретті ме?! Ол Жаратушыны шын жақсы көруге үйретті! Ал Жаратушыға деген таза махаббатта қорқынышқа орын жоқ және

болуы да мүмкін емес! Өйткені кім Махаббатта болса, сол Құдайда және Құдай да онымен бірге, өйткені Құдайдың өзі Махаббат. Себебі Махаббат бұл өмірдегі бар қорқынышты жоқ қылады. Өмір өткінші, ол шаң-тозаң. Жаратушы мәңгілік. Кім Құдаймен болса, оған дүниелік еш қорқыныш жоқ. Иса адамдарды бір-біріне бауыр болуға, жақынын жақсы көруге үйретті. Ол адамдар арасындағы бөлінудің шекарасы мен аримандық иерархияны жойды. Ал осының барлығы қалай бұрмаланды?!

Сэнсэйді тыңдаған Николай Андреевич ойлана айтты:

— Исадан, Пётрдің өзіне жеті рет қарсы күнә істеген бауырын қанша рет кешіруі туралы сұраған сюжеті есімде. Иса оған: «саған «жетіге дейін» деп айтпаймын, бірақ «жеті қайтара жетпіске дейін»» («не говорю тебе: «до семи», но до «седмижды семидесяти раз») деп жауап берген. Мен бұл сөздерді өз пациенттеріме жиі мысал ретінде келтірдім. Бірақ Пётрдің өзі кешірместен адамдарды өлтіргені ме?! Сен бұл қай жерде жазылған деп едің? «Апостолдар ізгі істеріндегі» («Деяний апостолов») 5-тарауда ма? Қайталап оқу керек екен. — Және кішкене ойланып: — Мүмкін олардың ақшаға байланысты осылай жазуы, Исаның егер мінсіз және Менің артымнан еруді қаласаң, алдымен қожалығыңды сатып, ақшаны кедейлерге тарат, сол кезде аспандағы қазынаға ие боласың деген ауқатты жас балаға айтқанымен байланысты шығар, — деп Николай Андреевич болжам жасады.

— Дұрыс, Иса «сатып жіберде ақшаны кедейлерге тарат» деп айтқан, бірақ маған әкел деген емес, — деп Сэнсэй осы сөздерін екпінмен айтты. Мәні неде. Егер сенің ойларың мен ұмтылысың байлыққа байлаулы болса, дұрысы оны кедейлерге бөліп бер. Себебі сенің рухың үшін дұрысы сол. Себебі өз байлығыңды көбейту туралы үнемі ойлау адамды дүниелікке түсіреді, бойындағы сараңдық, қызғаныш, өзімшілдік секілді Хайуани негізін оятады. Егер сенің байлығың болса және соның көмегімен адамдарға жәрдемдесіп, мұқтаж адамдарға

пайдалы әрі жақсы көптіні жасасаң, тойынғанынан құтыратындар қатарынан болмасаң — ендеше бұл жақсы, себебі сенің ниетің эгоцентризмді көкке көтеруде емес, адамдарға қамқорлық жасауда болады. Иса адамның ең бірінші қамқорлық жасайтыны өзінің рухы болуы керек, рухани ізгілік пен жақсы істерді жинауы деп айтқан. Сондықтан Ол әлгі ауқатты жас жігітке дүниелік шылбырдан шығып, Жаратушыға барар жолын таза ар-ұжданымен жүріп, барынша көп адамдарға жақсылық жасауға кеңес берген. Ал павелдік «апостолдар» адамдарды соңғы мүлкіне дейін сатып және түскен бар ақшасын өздеріне әкелуге мәжбүрлеген. Егер осылай істемесе немесе бір тиынын жасырып қалатын болса жақын арада жазаға ұшырайды деп үрейлендірген.

Николай Андреевич мысқыл жымыысымен айтты:

— Мынадай бір ескі латын мәтелі бар: «Сені жек көретіндігімнен емес, жақсы көргендіктен жазалап тұрмын». Бұл сөздер Павелдің адамдарына таныс болғаны анық.

— Азда болса бірақ өзі секілділерге осындай билік етуді қалаушылар бүгінде жетіп артылады, — деді Володя.

— Ал қазір өздерін христиандар деп атайтын және сол баяғы петрлік принципті уағыздайтын қаншама деструктивті секталар пайда болды: бізге тиыныңа дейін берде, өзің үшін сене бер. Және Інжілге сілтеме жасайды, — деді Виктор сөз арасында.

— Ал сіздер нені қалап едіңіздер? Архонттардың итаршылары Исаның Ұлы Ілімін дінге айналдырды, мінекей өзгермес нәтиже және толған кереғарларды алдық, — деп Сэнсэй жауап берді. — Иса Жаратушыға, адамдарға деген махаббатқа негізделген өз Ілімін насихаттады, қандай да болмасын биліктен жанын аулақ салып, Жаратушыны Әке деп жариялады. Ал Архонттар болса Иса Ілімінің рухани негізін дүниелікке бұрмалап, Иса сөзін өздерінің комментарийлерімен толықтырды. Осылайша мәнін бұрмалады. Егер Иса өз Ілімі арқылы материалды әлемнің иллюзиясы бұғауынан босатып, адамдарға шын еркіндік берсе, ал Архонттар керісінше Павел ілімі арқылы

қорқынышпен жаныштап, адамдардан сөздерін екі етпейтін күлдарды жасады.

— Жоқ, енді мүмкін ертеректе осындай ақша жинау болған шығар, бірақ қазір ресмилікпен барлығы басқаша, — деді Стас күмәндана.

— Қазір барлығы басқаша?! — деп күлді Сэнсэй. — Дәлірек айтсақ — қазір бұл басқа масштабта жүзеге асып жатыр. Сен Пётрдің қазіргі мұрагерлері Ватиканға қарасаңшы. Бұл өте кішкентай мемлекет бүгінгі күнде әлемдегі ең бай мемлекеттердің бірі, ал осы уақытта жер бетінде миллиондаған адамдар аштықтан өлуде. Міне енді шешім шығара бер, Ватиканның кімге қызмет ететініне.

— Бұл жердегі анықты түсінуің үшін маңдайың жеті қарыс болудың қажеті жоқ, — деді жуан даусымен Володя.

Сэнсэй басын изеп ауыр күрсінді де, Римдегі Павелдің қызметі туралы әңгімесін жалғастырды:

— Сонымен Павел Римге Маркты шақыртқан кезде, ол Эфесте болды. Ол жердегі кафедраны Павелдің жақсы көретін шәкірті Тимофей басқарып тұрған. Ол кезінде Павелмен уағыз айтуында бірге саяхаттаған. Айтпақшы Маркпен бірге Тимофейде империя астанасына келеді. Римде Павел Маркты Пётрдың қасына қосып, Пётр Евангелиясын қалай жазу керектігі туралы оған кеңесін береді.

— Пётр Евангелиясы? — деп таңғалды Николай Андреевич.

— Иә. Ертеректе Марк Евангелиясын, Пётр Евангелиясы деп атаған. Кейінірек бірнеше рет қайта жазылғаннан кейін Марк Евангелиясы деп атауын қайта өзгерткен. Мен айтып кеткендей Пётр сауатсыз еді. Тілден де тек арамейлік ана тілін ғана білді. Сондықтан ол басқа халықтар арасында уағзын айтқан кезде, оған әрқашан «тілмаш» іздеу керек болатын.

— Түсінікті, оны «қуыршақ» ретінде пайдаланған, — деді Володя.

— Әрине... Бас кеңесшісі ретінде Павел болған Марк жазғандарды, Пётр «шығармалары» деп береді... Сондықтан канонға айналған Пётр жазған деген кітаптар, сонымен бірге Пётр есімін алған (автор ретінде) ежелгі апокрифтер (анағұрлым кейінірек басқа адамдармен жазылған), мысалы «Пётрдің істері» (Деяния Петра), «Пётрдың ашылуы» (Откровение Петра), тағы бір Пётр Евангелиясы және тағы сол сияқтылар Пётрмен жазылған жоқ.

— Дегенмен, өмірі жақсы болған екен, — деп Женька «қызғанышпен қарады». — Сенің басшы болғаның аз болғандай, сен үшін кітап та жазып береді.

— Оның қай жері жақсы, — деп Стас сөздеріне қарсылығын айтты, — егер сенің орныңа сөйлеп, жазып, сені басқаратын болса?!

Сэнсэй жігіттерге қарап күлді де әңгімесін жалғастырды:

— Павелдің тапсырмасымен дәл сол жылдары (60 жылдардың басы) Павелдің жақын шәкірттерінің бірі — Матфей — Антиохия Евангелиясы дегенді жазуға кіріседі. Бұл Евангелия жазбасы негізінде яхудей (иудей)-христиандар арасында таралуға арналды және әрине олардың ана тілінде жазылды. Сондықтан Матфейге яхудейлік (иудей) рухында, «ата-тектілікті» қосып, Исаның шығу тегін яхудейлік (иудей) тамырмен жасанды байланыстыру, «Ескі өсиет» (Ветхий Завет) сөздерінің көп болуы секілді міндеттер қойылады, ондағы мақсаттары яхудейлердің Мессияны күткен ежелгі сәуегейлік негізін растайтынды Исамен көрсету болған.

— Меніңше Матфейдің есімі Левий болған, — деді есіне түсірген Николай Андреевич.

— Иә, — деп растады Сэнсэй. — Шіркеулік аңыз бойынша Левий баж (салық) жинаушы, яғни мытарь (салықшы) болған кезде Иса оны апостолдар қатарына шақырыпты-мыс. Ал шын мәнінде Иса оны шақырмаған. Дегенмен Левий шыныменде бір кездері баж жинаушы болған.

— Баж жинаушы деген қандай қызмет өзі? — деп Костя сұрады. — Салық инспекторы секілді ме?

— Кеден тексерушісі секілді, — деп түсіндірді Володя.

— Иә, — деп Сэнсэй басын изеді. — Мытарь бас өтеп алушының қарапайым агенті, төменгі разрядтағы шенеунік болған. Ол замандарда бұл яхудейлер үшін кемсітетін (қорлық) қызмет еді. Себебі осы лауазымға ие болған яхудей аластатылып (отлучаемый) және мұра қалдыру құқығынан айырылатын болған. Бірақ Левий жай мытарь ғана емес, Гамалиил адамдарына адал жұмыс жасады. Айта кету керек ол сауатты әрі біршама ақылды адам болған, осының арқасында кейін оны Павел көріп, өз тобына алады. «Сіңірген еңбегі» үшін Левий өзіне яхудейлік Матфей деген есімді алған. Және Матфей өздерінің жамағаты құрылғаннан кейінгі біршама ұзақ, он бес жыл яхудей-христиандар арасында насихат жүргізгендіктен, Павел оған яхудейлер үшін жазылатын мәтінді сеніп тапсырады.

— Мен Павелдің біршама сауатты әрі ақылды командасы болғанын көріп тұрмын, — деді Володя.

— Өзі секілді, — деп Сэнсэй сөзімен келісті. — Осы жылдары Павел бір уақытта өзінің жақын серіктесі Лукаға Евангелия — «Қасиетті апостолдардың ізгі істерін» («Деяния святых апостолов») қағаз бетіне түсіруге тапсырма береді. Мәтінде өздерінің христиан жамағаты құрылуының алғашқы жылдары, Пётр қызметі, Павелдің миссионерлік саяхаты туралы айтылған. Павел Лукамен өзінің миссионерлік қызметінің 50-ші жылдарында, Троада қаласында (қазіргі Түркияның батыс жерлерінде орналасқан) танысады. Лука мамандығы бойынша емші болған. Ал Павелдің христиан жамағаттарын ұйымдастыру және ол жерге ақылды адамдарды тарта білген өзінің іс-қимылдарын сауатты ойластырғанын есепке алатын болсақ, осындай мамандығы бар Лука секілді адамдар аса қажет еді. Өйткені қосымша христиан жамағатына адам тартқаннан (қосқанынан) бөлек, ол мүмкіншілігіне қарай өзінің ізбасарларына шын медициналық көмек көрсетті.

Жалпы айтқанда «жаңа ілімнің» жазбаша түрде нығаюы үшін Павел бүгінгі күнде белгілі болған Матфей, Марк және Лукадан басқа өзінің көптеген адамдарын іске қосқан. Олардың барлығы бір ақпарат көзі — Павел іліміне арқа сүйеп, өздерінің «дінді ұстанушыларының» ерекшеліктерін ескере отырып жазған. Яғни саясат тілімен айтатын болсақ, бұл мәтіндердің барлығы түрлі электораттар үшін жазылды. Бірақ олардың негізі, шын еркіндік туралы болған Исаның Ілімі орнына құлдық бағыныштылықты насихаттаған Павел ілімі болды. Яғни, қазір Інжілдігі «Жаңа Өсиетте» (Новый Завет) шын Иса Ілімінен қалғаны — бұл Павел редакциясынан, көшірмешілерден, өздерінің жеке өзгертулерін енгізген Ұлы Понтифик Константиннен бастап толық бір «үркерлер» (плеяды) болған папалық тұлғаларға дейінгілерден кейін қалған жаңғырық қана. Және бұл жерде Исаның ұлылығына өз бағасын беру қажет. Ол адам табиғатын терең білгені соншалықты, өзінің Ілімін шебер екіұдайлы мағынада жеткізуінің арқасында, тіпті оның мәнін мыңдаған жылдар бойы Архонттар бұрмаласа да, олар әлі күнге дейін адам жанын толғандыруда. Өйткені Исаның шын сөздері адамның рухани болмысын оятады. Және осының арқасында адам жүрегінің (рухының) қалауымен әрекет етіп, өзіне Жаратушыны ашады. Жолға (тура) түсіп және Оған барады. Павелмен және оның итаршыларымен себілген арам шөптің көптігіне қарамастан бәрібір де адам жанын толқытып, рухани ізденіске оятатын Дән қалды.

Егер сіздер Жаңа Өсиетке, оған қандай кітаптар енгізілгенін қарайтын болсаңыздар (мен тіпті Ескі Өсиет туралы айтып тұрғаным жоқ), қандай мақсаттар көзделгенін және артында кімнің тұрғанын өздеріңіз түсінесіздер. «Жаңа Өсиеттің» жиырма жеті кітабының көп бөлігін Павелдің үндеулері алып жатыр. Қалғаны — оның адамдарының кітаптары. «Апостолдардың ізгі істерінен» (Деяний апостолов») бастап Филомонға үндеуге (послания Филимону) дейін іс жүзінде дәл сол Павел басты тұлға болып табылады...

— Ал керек болса! — деді таңғалған Виктор. — «Жаңа Өсиет» міне кітап... Иса туралы.

— Енді «Жаңа Өсиетке» кірген Павелдің, Иаковтың үндеулерінен басқа... Айтпақшы Исаның «бауыры» деп аталған сол Иаков...

— Әлгі Иосифтің туған ұлы ма? — деп нақтылады Николай Андреевич.

— Иә. Гамалиилге жұмыс жасаған және Иерусалимдік христиан жамағатын басқарған дәл сол Иаков. Сонымен Иаков үндеуі, Матфейден, Марктен, Лукадан болған Евангелиялар, сонымен бірге Лука жазған «Апостолдар ізгі істерінен» (Деяний апостолов) бөлек, тағы да Иоанн Евангелиясы, Иуда үндеуі дегендер бар...

— Иоанн — ол Исаның жақсы көретін шәкірті ме?

— Егер Исаның жақсы көрген шәкірті деп айтар болсақ, ол Мария Магдалина. Ал Иоанн кезінде Мария жұмыс жасаған әлгі Иосифтің қызы Саломияның сүйікті ұлы, галилейлік балықшы Заведяның кіші ұлы...

— Иосифтің қызы? — деп таңырқады Николай Андреевич. — Яғни Саломия, Иаков, Иуданың қарындасы (немесе әпкесі) Демек, Иоанн... олардың барлығы бір отбасы болғаны ма?

— Иә. Басында құл ретінде пайдаланып Марияны кемсіткен, кейін Исаға күйе жаққан, ал одан кейін Оның абыройынан аз емес ақша көрген Иосиф отбасына Иоанның жақын туысқандығы болды.

— Иә, — деп күлді Женька, — Исаның осындай «туысқандарымен» «жолы болған» екен.

— Олар Исаға қандай туысқандар болсын?! Осыншалықты қиянат істерінен кейін, оларды тіпті таныстар деп айтудың өзі қиын.

— Тоқтай тұр, егер Иоанн... Ал оның антихрист келуін көрген сәуегейлігі ше? Бұл сонда шын емес болғаны ма? — деп бұл сұрақты Виктор түсінуге тырысты.



— Неге шын емес? — деді Сэнсэй қарсылық сөзін айтып.  
— Шын. Тек кімнің шындығы және не туралы? — Кішкене үзіліс жасап, жалғастырды: — Біріншіден Иоанн, Филон Александрийский мектебінде өзін оқытқандай аллегориялық түрде жазған.

— О, бұл тағы қандай жеміс? — деді Женька әзілмен.

— Әлгі Архонт ағашының «жемісі». Ол Гамалиилдің досы болған. Филон Александрийский ықпалды, ауқатты, қасиетті текті болған еврей отбасынан шыққан. Ол яхудейлік-эллинистік (иудейско-эллинистическим) философ, теолог, гректік философияның түсініктерімен Інжілді түсіндірудің аллегориялық әдістемесін жасаған. Яхудейзмнен жаңа діни тармақты жасау үшін, яхудейзмді әлемдік статусқа көтеруді қалап, барша халықтар үшін маңызды дін қылу мақсатында, өздері кері итерген «пұтқа табынушылық» діндерінің түсініктерін еврейлік дін басшылар қалайша біртіндеп алғанының жарқын көрінісі.

Иоанн аллегориялық түрде жазған және ең маңыздысы өзінде ешқашан болмаған «сәуегейліктеріне» арқа сүйеп емес, Исаның кейбір айтқан болжамдары мен өткен оқиғаларға сүйенген. Тарих қайталанар емес пе. Иоанн жай ғана өткеннің мифологиясын мазмұндады. Кейін бұл жазба Архонттардың болашаққа жоспары түрінде басқа адамдармен толықтырылып отырған... Адамдардың көбі тарихқа зер салғысы келмейді, бұл олар үшін тым іш пыстырарлық ғылым. Бірақ тарихты білу қажет, себебі өткеннің тарихы — бұл болашаққа сабақ. Оны ең болмағанда осы шақта дұрыс қадам жасау үшін, қателік жібермей және әлемге алқызыл көзілдірік киіп аңғалдықпен қарамас үшін білу қажет.

\* \* \*

— Сонда қалай, антихрист бұрындары келгені ме? — деп таңғалды Николай Андреевич.

— Әрине. Антихристпен болған сюжет туралы айтып, егер тарихи әділеттілікті қалпына келтіретін болсақ, бұл жерде христиан дінін басқарып отырғандармен әлі күнге дейін айтылмаған тағы да бір құпия жасырынып жатыр.

— Солай ма? Есту қызықты болар еді, — деп Николай Андреевич балалармен бірге тіріліп сала берді.

— Мархабат, — деді Сэнсэй. — Иоанн секілді «Дін маманының» Аянына (Үндеуіне, Ашылуына) сүйенетін заманауи түсінік бойынша, антихрист — бұл Иса Мәсіхтің қарсыласы, оның өтірік егізі (двойник, телқосақ). Антихрист кім деген сұраққа адамдар көптеген жылдар бойы дауласып келе жатыр, Иоанн берген тұспалдардың көмегімен осы тұлғаны ашуға (табуға) тырысуда. Әсіресе эпидемия, соғыс, әлеуметтік және табиғат апаттары кезінде сенімдегі адамдарды антихрист келуімен арсыз қорқыта таратып, шіркеу оны өз мақсаты үшін пайдаланды. Рухани басқарма әдетте өздеріне ыңғайсыз билеушілерді антихрист деп жариялады немесе «дінді ұстанушылардың» көзінше оның беделін түсіргісі келген кезде. Тіпті күлкің келетіндей мынадай бір қарапайым мысал бар: XIII ғасырда германдық императорлар рим папаларымен билік үшін күрес жүргізгенде, екі жақтың да жақтастары қарсылас лагер көшбасшысын (Иннокентия IV Папаны да, император Фридрих II Штауфенді де) Антихрист деп атаған.

— Енді иә, — деп Женька күлді де және сол бойда екі тарихи тұлғаның толық бір әңгімесін лезде ойдан шығарды. — Тьфу саған, антихрист! Жоқ, тьфу саған, антихрист! Мә саған тьфу-тьфу-тьфу!

Стас жаққа қарай айтқан соңы «тьфуын» құшырлана айтқаны соншалықты, Стас оның «тырысқанынан» әзілмен қағынды да:

— Мен саған жаттығатын макиварамын ба? Мені жалғыз түкірігіңмен тұншықтырайын дедің бе?!

Балалар күлді, ал Женька тағы бір әзіл порциясын қосты:

— Мак-ки-ва-ра, — деп сөзін созды. — Сен әдептілік үшін ең болмағанда басқа қандай да бір сөзді меңгеріп алшы. Мен тарихи сюжетті қалпына келтіремін екен де, ал ол маған өзінің ауруын айтады.

Осы күлкі минуты біткен кезде, Сэнсэй жалғастырды:

— Ал негізінде антихрист деп кімді айыптамады дейсің: рим императоры Нерон, Наполеон, тіпті реформа бастағаны үшін осы есімді Петр I беруге тырысқан. Және Антихристің келуін адамдар әлі күнге дейін үреймен күтеді, ал кейбір «шіркеу қызметкерлері» осы адамдардың қорқынышын өздерінің саяси және арамза мақсаттары үшін сәтті пайдаланады. Ал шын мәнінде барлығы анағұрлым қарапайым болған.

Бұл тарих біздің заманымыздың 60 жылдары Архонттардың жоспарына сәйкес «Еркін тас қалаушылар» ұйымдастырған әлгі саяси төңкеріске қарқынды дайындықтан бастау алады. Мен айтып кеткендей ірі масштабтағы ауқымды шараға, өзіне сантүрлі саяси манипуляцияларды қосқан бірнеше бағдарлама іске қосылады. Осы бағдарламалардың біріне қатысқан Гамалиил адамдары да жағдайды пайдаланып және өздерінің жаңа діндері үшін өз Ұлы Понтифигін жасауға шешім қабылдайды. Оның үстіне Римде белгілі бір саяси күшке ұмтылу (таласуға) үшін дінді ұстанушылардың саны біршама жеткілікті болып қалған еді. Ұлы Понтифик лауазымына Пётрді қою жоспарланады.

— Жоқ неліктен сонда да Пётр, неге Павел емес? — деп Андрей еш түсіне алмады. — Павел анағұрлым ақылдырақ сияқты.

— Мен сіздерге айтқанмын. Бұл жария лауазым болды. Және Павел секілді ақылды адамдар, «Еркін тас қалаушылардың» жасырын саясатында, әдетте Пётр секілді адамдарды басқарады. Қысқаша айтқанда көлеңкеде қалып іс жүзіндегі билікке ие болады. Архонттардың басқару принциптерінің бірі осы.

— Күннің астындағы ең жақсы жерлер көлеңкеде шешіледі деп айтпақшы, — деді Володя жымия зор даусымен.

Виктор мырс етті:

— Егер билікке Кифаны қойғанын ескеретін болсақ, бұл ол жерге халық үшін мылқау-сақауды қойғанмен бірдей...

— Бұл анық, — деп күлді Сэнсэй.

— Қысқасы, егер халық риза болмаған жағдайда, лақтыра салу обал емес, Пётр «кінәлі текеге» айналады, — деп түйді Володя.

Женька әдеттегідей өзінің репертуарында:

— Павлушка... Петрушканы лақтыра салды. Ал бұл жақсы естіледі екен! Э, тыңдаңыздар, менде экспромт туды: «Павлушка жаншып Петрушканы, лақтыра салды қымсынбай».

— Сенде ерігесің, — деп күлді Стас.

— Қалай ерігесің? Бұл менің халықтық сөзім... өз сөзім дегім келген (мағынасында).

— Иә ал сенің өз...сөзің кімге керек?

— Қалай кімге? Оны патенттеп аламында саясатқа кетемін, менен ұлы-ұлыны жасасын...

— Ага, — деп сөзін Стас бөлді, — сенен ұлы-ұлыны жасайды... Петрушка қылады!

Ұжым күлкіден гүрс ете қалды, ал Женька ойнап күрсінді:

— Эх, біздің Константин айтпақшы осылай сән-салтанатты идеялар тамырынан-ақ өліп қалады, — деп Костяға көз қиығымен қарады да, — бұл Ұлылық, — деп қосты.

Кезекті күлкі толқынынан кейін Сэнсэй әңгімесін жалғастырды.

— ...Павел жаңа діннің электоратын айтарлықтай үлкейтіп, идеологиялық негізін азды-көпті дайындаған кезде, 63 жылдың басында ол Пётрді Римге шақыртады. Кейінірек Пётрді римдік христиандардың епископы лауазымына қояды. Кейінгілер оның тұлғасының маңыздылығын көтеру үшін бейнесіне таңып жазғандай Пётр Римдегі алғашқы епископ болған емес. Оған дейін ол жерде Гамалиил адамдары жақсылап жұмыс жасаған.

Бұл лауазым Пётр үшін анық «жоғарыға көтерілу» еді. Ал кейін өзін сол замандарда тек императорлар ғана алған Ұлы Понтифик титулына көтергелі жатқанын білген кезде, оның «шатыры ұшып кеткен» деген орын алады. «Дінді ұстанушылар» алдындағы өзінің уағызында Пётр, көмекшілерінің және тілмаштарының көмегімен өзін әулие (құдайы) мәртебесіне көтере бастайды. Исаның мұрагері ретінде ашық көрсетіп, оның ізгі істерін, «сауықтыруын» жалған көшіреді. Бірақ Архонттар ойластырған саяси мозаиканың үлкен комбинациясында, Пётр өзінің амбициясымен кішкене бір фрагменті болды.

Пётр бойындағы бар өзімшілдігімен «Иса рөліне» еруге және өзінің ізбасарларының санын көбейтуге тырысып жатқанда, «Еркін тас қалаушылар» негізгі саяси төңкеріс бағдарламаларының бірін Римде қарқынды жүзеге асырып жатты. Нақтырақ айтатын болсақ — өздері кезінде императорлық таққа көтерген Нерон императорды биліктен шеттетуге.

— Нерон... ол туралы жақында оқыған секілдімін, — деді Виктор.

— Ага, тек қайда, не туралы жазғаны есімде жоқ, — деді Женька оған әзілдеп.

— Жоқ, шыныменде...

— Иә, бұл есім қазір жұрт құлағында, — деп күлді Николай Андреевич.

— Олай болмағанда, — деді Сэнсэй жымия. — Жариялыққа жеткен біздің халық Батыстың беруімен оның өмір-салтындағы түрлі ақпаратқа ендігі қанық... Ал жарайды. Мен бұл император туралы қысқаша айтып берейін, сіздер оның мысалында өздерінің шахмат тақтасында партиясын ойнап, Архонттардың қалай әрекет ететінін түсіну үшін.

— Нерон немесе оны бала кезінде Луций деп атаған. Ол сенатор Гней Домиций Агенобарб пен рим императоры Калигуланың бауыры Кіші Агриппинаның (Агриппина Младшая) ұлы. Әрине, ол елірткен және кесірлі деп айтуға болатын мұрагерлікті әке жағынан да, шеше жағынан да алады. Оның сәби кезінде әкесі дүние салған. Анасы өтірік-шындығы араласпен билікке ұмтылып, өзінің туысы болған Клавдия императорға тұрмысқа шығады, оны Луцийды асырап алуға көндіреді. Ондағы мақсаты ұлының таққа мұрагер болуы үшін. Дегенмен ол уақытта Клавдияның басқа некеден — Британик есімді ұлы болды және ол асырап алған ұлынан аса қатты кіші емес болатын. Осылайша Луций, Тиберий Клавдий Нерон есімін алған. Кейінірек Агриппина өзінің күйеуі Клавдияны сенаттағы ықпалды адамдардың және преторияндар (преторианцев) басшылығының, яғни рим әскерінің маңызды бөлігінің көмегімен улап өлтіреді. Және 16 жасар Нерон император тағына отырғызылады. Басында барлығы жақсы жүреді. Анасының және өзіне қойылған преториялардың (преторианцев) ықпалды басшылары Бурр мен танымал философ, саясаткер, жоғарғы сенаторлық ақсүйек табына жатқан Сенека Луций Аннейдің (Кіші) ықпалында болып, император деп саналады. Айтпақшы дәл осы соңғысы Нерон он бір жасқа толған кезде оның тәлімгері болған. Енді осы жұрт алдындағы барша адамдар — Сенека, Бурр, Агриппина — императорға манипуляция жасап, Архонт адамдары болған сенаттағы белгілі бір ықпалды тұлғалардың еркін орындап, іс жүзінде мемлекетті басқара бастайды. Айта кету керек, осы үштіктің арасындағы ең арамзасы Сенека болып шығады және ол «шуыл» кезінде сол замандар үшін орасан зор байлықты өзіне жинайды.

Сенаторлардың көпшілігі дерлік өздерінің қойған адамына көңілдері толды. Олай болмағанда! Билігінің алғашқы жылдарынан бастап Нерон ауыр салықтарды реттеп, «кедейленген» сенаторларға жылдық жәрдемақы

тағайындайды. Осы ісі үшін оған сол бойда қосымша титулдарды береді: Ұлы Понтифик (Pontifex Maximus) және Елдің Әкесі (Pater Patriae).

Барлығы жаман еместей еді, бірақ қаны өзінікін көрсете бастайды. Нерон есейіп биліктің дәмін татады. Басында билігі барлар оның өршіген мінезіне шыдайды. Бірақ Бурр өлімінен кейін Нерон іс жүзінде олардың қадағалауынан шығып кетеді. Міне сол кезде оны императорлық тақтан түсіру сұрағы туындайды. Ал 66 жылға Архонттар жоспарлаған оқиғаларға байланысты, Неронның тағдыры шешіліп, «тапсырыс берілді» деп айтуға болатын еді.

Бұл уақытта мемлекеттік интригаларды біршама танып үлгерген әрі есейген Нерон, «Еркін тас қалаушылардың» бұл жария емес шешіміне қарсы жүрісін жасайды. Алдымен өзінің тағына таласуы мүмкін болғандардың барлығынан құтылады және бұл ісінде анасын да, тәлімгері Сенеканы да аямайды. Сенат билігін әлсірету үшін, ол кейбір бай сенаторлардың мүлкін тәркілеуді ұйымдастырады. Әрине олар қарсы шабуылдан қалмай оған «көңілді өмірді» ұйымдастырады, халық көзіне оны әшкерелеп және сонымен бірге осы істерінде аз емес ақша жасайды. Олардың Римдегі орасан өртпен болған арандатуларының өзі неге тұрады?

— Өртпен арандату? — деп тіпті Николай Андреевичтің өзі қайталай сұрады.

— Иә біздің заманымыздың 64 жылы жазында, Римде император жоқ кезде, аяқ астынан орасан зор тоғыз күнге созылған өрт тұтана кетеді. Салдарынан көп адамдар ажал құшып, өртпен қаланың үлкен бөлігі жойылады. Осы өрт кезінде римдік архивтерде жойылады, оның ішінде Иудея прокураторы қызметіндегі Понтий Пилаттың есеп берулері де жойылған фактісіне сіздердің назарларыңызды аударамын. Енді Рим Неронның бұйрығымен өртелді, ондағы мақсаты ол қаланы қайта салғысы келген деген өсек таратылады. Ал Неронның өзі осы сәтте өртті өз мұнарасынан бақылап, шаттықтан әндеткен-міс.

Тіпті Тациттің өзі, ол адам туралы сіздерге әлі айтып беремін, өрт кезінде оны сөндірудің орнына қалада күдікті адамдар жүгіріп жанған алауларды лақтырды және бұны бұйрық бойынша жасағанын айтып айқайлаған деп жазды.

Ал Неронның өзі болса бұл хабарды ести салысымен қалаға келіп, өрттен жапа шеккен халыққа тез арада жан-жақты көмек көрсетуге тапсырма береді. Уақытша баспана үшін тіпті Марс алаңы (Марсово поле), императорлық бақтар мен ғимараттар ашылады. Дереу арада басқа қалалардан Римге азық-түліктер жеткізіліп, олардың бағасы ең төменгі деңгейге дейін түсіріледі.

Бірақ осы бар қабылданған іске қарамастан, халық арасында осы апатқа Нерон кінәлі деген өсек-әңгіме қарқынды таралады. Ал Неронның өзі болса бұл өртке кінәлі яхудейлер (иудеи), олардың бақылауындағы христиан-сектанттар деп жариялайды. Нерон оларды тауып өртеуші кінәлілер секілді өлтіруге бұйрық береді. Дегенмен неге екенін қайдам өздерінің «электоратын» (негізінен құлдар мен азат кедейлерден құралған) Архонттардың лас саяси интригаларына белсенді пайдаланған Петр мен Павел адамдарының орнына, Римде Неронның бұйрығын жамылғандар мүлдем жазықсыз адамдарды, Иса Ілімінің шын ізбасарларын кең ауқымда қудалайды. Және тек қудалау ғана емес, оларды тұтас, айуандықпен құрту жүргізіледі. Және тағы да бар жерде жазықсыз адамдарды өлтіру «бұйрығын» орындаушылар, бар жүрген жерлерінде бұл тапсырманы берген — Нерон деп есімін айтумен болады. Және бұл түсінікті де. Өйткені Архонттардың шешуші партиясы мерзімі жақындаған сайын, Нерон соншалықты (көп) билігінен айырыла бастайды, оған барған сайын көп адамдарды қарсы қояды. Және тіпті оның жанында болғандар да, алдыда келе жатқан оқиғаларға байланысты оның қарсыласының жағына өтуді таңдайды. Сонымен Неронды өртпен және кейінгі қудалаумен өте әдемі (епті) «жерге отырғызып кетеді». Және осы оқиғалардан кейін тіпті «азап шегуші» деген мұңды атақты «Еркін тас қалаушылардың» бақылауында болған, Пётр мен



Павел басқарған жамағатқа берудің ебін табады. Тарихты ақ жіптермен тікті деп айтпақшы.

Бірақ егерде «тарих» деп аталған осыны кімнің жазғанына зер салатын болса, барлығы өз орнына келеді. Мысалға бүгінде деректеріне сүйенетін беделді санайтын әлгі Тацит немесе Иосиф Флавий. Ал олар кімдер еді? Өздері толықтай басыбайлы болған қолдаушылары, ықпалды сенаторларға тиімді болғанды «талдаудан өткізбестен» жазған, сенаторлардың құйыршақтары. Ендеше қандай шындық туралы айтуға болады?

Яхудейлік-римдік тарихшы саналатын Иосиф Флавий біздің заманымыздың 37 жылы алғашқы пірәдарлар тұқымына жататын ақсүйек отбасында дүниеге келген. Жақсы білім алады. Гамалиил тобымен және Архонт адамдары қызметімен тікелей байланысты болады. Әр уақыттарда Иерусалим ғибадатханасындағы пірәдар міндетін және түрлі секталарға кіріп, Римде ақсүйек еврейлердің құқығын қорғайтын адвокат функциясында орындайды. Және тарихшы болуы да кездейсоқтық емес еді. 66 жылы басталып 73 жылға дейін созылған яхудейлер мен римдіктер арасындағы яхудейлік соғыста (иудейской войны), оны яхудейлер жағына әскери басшы ретінде тағайындайды. Ал Архонттар соғыстың көмегімен барлық саяси мәселелерін шешіп, өздерінің шахмат тақтасында жаңа пешкілерін қоя бастаған кезде, Иосифқа да өз «торы» табылады. Ал кейін тарихта Иосиф яхудейлердің бұл соғыста жеңілгенін көріп, тұтқынға берілген, ал кейін оны императорлық Флавий династиясы (императорской династии Флавиев) сарайының тарихнамашы қызметіне тағайындаған деп жазады.

— Енді иә, — деп Володя күлді. — Дұшпан еді, лезде досқа айналды. Бұл жерде сатқындықтың иісі шығып тұр.

— Қарапайым адамдар үшін иісі шығатын шығар, бірақ Архонттар үшін емес. Олар үшін кез келген соғыста кімнің жеңгені, кімнің жеңілгені және қанша адамның ажал құшқаны бәрібір. Олар үшін бастысы өз мәселелерін шешу және келесі

партияның ойластырған жүрісін іске асыру. Сонымен, сарай тарихнамашысы ретінде Иосиф Флавий, өзінің ықпалды қолдаушылары айтқанды ғана жазған.

Айтпақшы, әсіресе дін басындағы яхудейлік (иудей) элитаның ықпалын кеңейту үшін жасалған осы сәтсіз яхудейлік (иудей) соғыстан кейін, оған рим билігінің зардап шеккен яхудей (иудей) халқына деген жанашырлығын тудырып және яхудейзмнің (иудаизм) мәртебесін көтеру керек болады. Қазір Иосиф кітаптары «христиандықтың» пайда болуы тарихындағы құнды ақпарат көзі ретінде қаралады. Бірақ осы барша «құнды ақпарат көздерінің» артында кімдер тұрды? Архонттар.

Немесе басқа «мәртебелі» ежелгі тарихшы, «Ежелгі әлемнің атақты тарихшысы» деп санайтын — Публий Корнелий Тацитті алып қараңдар. Ол да Флавилер императорлық династиясына (императорскую династию Флавиев) жұмыс жасаған. Тациттің өзі болса атқа мінген тап тұқымынан шыққан және Римде жақсы риторикалық білім алған. Бірақ ол «адам қатарына» еніп жоғарғы мемлекеттік қызметке (сонымен бірге діни басшылар коллегиясына мүшелікке) тек атақты қолбасшы әрі көрнекі сенатор Агриколаның қызына үйленген кезде ғана қолы жетеді. Қалай ойлайсыздар, ол кімдердің мүддесін қорғады? Және ұзақ уақыт бойына көлеңкеде болған оның еңбектері, «Тарих» («Истории») және «Анналдар» («Анналы») атты екі шығармасын әлемдік атақ деңгейіне көтеруге кімдер мүдделі болды?

— «Анналдар» («Анналы»)? — деп Виктор ұйқысынан оянғандай қайталай сұрады. — Понтификтерде жазды емес пе Анна..., — деп сөзін толық аяқтамастан, күлді де: — Иә, іс екен... — деді.

— Айта кету керек, сол адамның «Анналдарында» Августтің өлімінен Неронның қаза табуына дейінгі рим тарихының оқиғалары баяндалады. Ал «Тарихта» (Истории) Флавилер билігі тұсындағы азаматтық соғыс айтылады. Айтпақшы, қазіргі тарихшылар римдік өрт және Неронның

«айуандық қылмыстары туралы» ақпараттарды дәл сол көзден алады. Және ең бастысы бұл екі шығарма бүгінгі миллиондаған аудиторияға толықтай емес, сол аудиторияға «сенуге» қажетті бөлігі ғана жетті. Одан артығы емес.

Және сол уақытпен байланысты Архонттардың жасаған ісінің салдарларының бірі болған тағы бір қызықты сәт бар. Яхудейлік соғыстан кейін Явне қаласында яхудейлік босқындарға деп аталған құрылады, ол кейін яхудейзмнің (иудаизм) академиясы мен орталығына тез айналады. 80-ші жылдардың басында-ақ явнандық синедрионды әлгі ғасыр басында Вавилоннан Иерусалимге келген бай яхудей Гиллельдің тұқымынан шыққан рабби Гамлиель II басқарады. Рим билігі Гамлиель II яхудей жамағатының басшысы ретінде ресми бекітіп және оған патриарх титулын иеленуге рұқсат береді. Және осы артықшылықтарын ол өлгенше пайдаланды. Міне сіздерге көру мүмкін болған оқиға, соғыс соғысымен, бірақ Архонттардың өз адамдарын орналастыруы — кесте бойынша.

— Иә, айтатын сөз жоқ, — деп Николай Андреевич басын шайқады.

— Бірақ әңгімемізге оралайық. Сол уақыттарда жалпылама айқай-шумен Иса Ілімінің көптеген шын ізбасарлары құртылады. Ал Павел болса осы жазалау фактысын өз «тобырын» (діншіл тобын) одан әрмен үрейлендіруге аргумент ретінде қолданады. Неронға жаман өсек-әңгімемен жала жабылады — Римді өртеуші және Пётр христиандарын зұлымдықпен «құртушы» ретінде айыпталады. Ал осы барша істі жүзеге асырған шын кінәлілер болса бұл істе өте көп пайда көреді.

— Түсінбедім, — деді Андрей. — Ал осының барлығынан қалайша көп ақша табуға болады?

— Әңгіме мынада, өртке дейінгі Рим тығыз және уақытша тұруға жалданған кішкене бөлмелері бар, ретсіз үлкен ағаш ғимараттармен салынған. Ал өрттен кейін Рим өлшеулі кварталдары, тұтас кең көшелері бар, биіктігі шектеулі, отқа төзімді тастардан салына бастайды. Мінекей, енді осындай

Римнің «тазалануына» кімнің мүдделі болғанын және кейін тамаша ғимараттардың қожасына кімдердің айналғанын болжаңыздар?

Сонымен биліктен құлату мақсатында Неронды өртпен беделін түсіру толық орындалмағандықтан оған қарсы 65 жылы қаскүнемдік ойластырады. Бұны сенаторлық «жазбашылар», ««эллинистикалық» Империя басқаруына сенеторлық таптың наразылық (қарсылық) білдіруі» деп атады. Ал шын мәнінде барлығы әдеттегідей — билік пен ақшаны кезекті бөлу. Бұл қастандыққа көптеген сенаторлар, салт аттылар, жауынгерлер тартылады. (Айтпақшы, осындай өздерінің саяси және экономикалық арандату қастандығына (заговор) барынша көп халықты тарту Архонттардың сүйікті әдістерінің бірі (бұны «Еркін тас қалаушылар» жиі пайдаланды). Себебі осындай тобырда шын бүлік бастаушының ізін өте оңай жасыра шатастырып, басқа адамдарды жерге отырғызып кетуге болады). Бірақ қастандық әшкереленіп, оған қатысқаны үшін өте көп адамдар өмірімен қош айтысады. Архонттардың билігі мен ықпалының күшеюінен қорыққан Нерон, болмашы күдік тудырғандардың барлығын өлім жазасына кескен.

— Заманындағы тура Сталин секілді екен, — деді Виктор байқампаздықпен.

— Тарих қайталанады, — деп Сэнсэй басын изеді. — Сен қалай ойлайсың, Сталин және соған ұқсас адамдар неліктен осындай іске барған? Барлығы қарапайым. Әңгіме мынада, осындай өршіл (амбициозные люди) адамдар билік басына шыққан кезде өздерін жұрт алдындағы жай ғана «пешкі» секілді пайдаланатынын, ал шын билік «пешкіні» жан-жағынан қоршаған Архонттардың «кеңесшілерінде» екендігін түсіне бастайды, міне сол кезде саяси репрессиялар басталады. Өйткені саяси репрессиялар — бұл «жұрт алдындағы пешкінің» Архонт адамдарының бақылауы мен билігінен жанұшыра шығуға деген жай ғана талпынысы. Және оған бұл жағдайда қанша адамның ажал құшатыны

**маңызды емес. Оны өз өмірі үшін хайуани қорқынышы жетелейді. Сондықтанда осыған ұқсас оқиғалар тарихта жетіп артылады.**

— Мда-а-а, — деп Николай Андреевич соза айтты да Сэнсэйдің сөздерін қайталады. — Тарих шыныменде қайталанады.

— Сәтсіз қастандықтан кейін сенаторлар бұл сұрақтың шешімін біршама ақылды ойластырады. Әуестігіне айналған әншілікке деген Неронның әлсіз екендігін біліп, олар императорды Римнен әрі жіберіп уақытша биліктен шеттетуді жоспарлайды. Ал оның жоқтығы кезінде нағыз саяси төңкерісті дайындауды. Осы жоспарды 66 жылы іске асыра отырып, Неронға грек қалаларынан толық бір делегация келеді. Олар императорға кифаредтердің құрметті алқағүлін (венки кифаредов) әкеледі.

— Нені, нені? — деп Женька қайталай сұрады. — Кифаредтердің? Мен қате естіп тұрған жоқпын ба? Бұл кездейсоқ «кифа» сөзінен емес пе?

— Жоқ, — деп Сэнсэй жымия жауап берді. — Бұл гректің «кифара», «китара» (kithara) сөздерінен. Осылай ежелгі гректердің ішекті шертпелі музыкалық аспабын және сәйкесінше әншіні кифаред деп атаған.

— Демек, «кифара» гитара аспабының арғы атасы болғаны?! — деді Женька өзіне кішкене жаңалық ашқандай.

— Иә.

— Міне саған! Білмеппін, тіпті ойыма да келмеппі.

— Енді білетін боласын, — деді Стас шыдамсыздана. — Тыңдауға мүмкіндік берші.

— Болды аузымды жаптым, — деді Женька кешірім сұрағандай үнімен.

Сэнсэй әңгімесін әрі қарай жалғастырды:

— Бұл делегация Неронды артығымен мақтап, мадақтайды. Ал құрметті түскі ас кезінде одан ән айтуын сұрап, қол шапалақтауларын аямайды. Дегенмен Неронның таланты да, еш

әншілік даусы да болған емес. Жалпы айтқанда қатты мақтауларымен император жүрегін баурап алады, яғни жасаулары керек нәрсені жасайды. Нәтижесінде осындай өзіне айтылған мақтау-мадақтаулар ағынынан Нерон бар шаруасын тастап олармен бірге Грекияға кетеді. Ол жерлерде императорды арнайы ұйымдастырылған қалалардағы кифаредтердің сайысына апарды және әрине әр жарыста жеңімпаз етіп, әр «жеңісін» ұлан-асыр той етіп мерекелейді. Императордың ойын-сауығы және осындай сайыстары үшін түрлі мезгілдегі мерекелер бір жылға кіргізіледі.

Жалпы айтқанда Нерон сауық-сайрандатып, өзінің мақтаныш сезімін жұбатып жүрген кезде, сенаторлар оны күтуге жақсылап дайындалады. Және 68 жылы ол Грекиядан Римге «жеңімпаздың» толы алқагүлімен келген кезде, ендігі империяның көптеген провинцияларында көтерілістер бұрқ етіп жатты. Ал Иудеяда 66 жылы тіпті көтеріліс соғыс өртіне өршіп кетеді. Ендігі билікті толығымен сенат бақылауда ұстады, олар Неронды қоғамның дұшпаны деп жариялап, ұятты өлімге кеседі. Нәтижесінде Нерон өзіне қол жұмсап өледі.

Бұл тарихты толыққанды айтып беруім, Архонттар мен «Еркін тас қалаушылар» қалай әрекет ететіндігін сіздер түсінсін деймін. Неронмен манипуляциялары — олар түрлі замандарда ойнататын комбинацияларының классикалық мысалдарының бірі.

\* \* \*

Енді тақырыбымызға қайта оралсақ, 66 жылы Архонттар саяси шиеленісті шыңына шығарады. Болашақ оқиғалардың ортақ қайнаған қазанында Гамалиил ұйымына да өз «электоратын» өздеріне «дін басшылары» (шопандары) көрсеткендерді қорғау мен ақтауға белсене кірісуіне дайындау болған белгілі бір рөл беріледі. Сондықтан Павел адамдары өздерінің избасарларын алда келе жатқан оқиғаларға қарқынды дайындап, Нерон бейнесінде Ібіліс келді деп үрейлендіреді.

Бірдей уақытта өздерінің уағыздарында Пётрды тіпті екінші Мессия ретінде көрсетуге тырысып, жасаған ғажайыптары мен адамдарды емдеп жазғаны туралы белсенді өсек-әңгімелерді таратады. Неронның Римде болмауының салдарынан бұл уағыз-әңгімелері шырқау шыңына жеткені соншалықты, Пётр өз «діншіл тобыры» алдында Жаратушыға көтеріліп үшінші күні тәнге келетінін, ондағысы «Оның еркін» баршаға жариялау деп жария уәде береді. Сол замандарда осындай пиардан артығын ойлап табу мүмкін емес еді.

Дегенмен «діни тобырға» Пётр аспанға көтерілді деп жарияланғаннан кейін, күтпеген жағдай орын алады. Ойластырған іске сай Пётр Римнен құпия шығып, кейін «тәнде» үш күннен кейін қайта оралуы керек болған, ондағысы «жоғарыдан айтылған ерікті» халыққа жариялау үшін. Бірақ Римнен шыққан кезде, өзінің «дін тобындағы» христиан адамдарымен кездейсоқ жолығып қалады. Және арасында Пётрді танитын адам бар болып шығады. Ол адам Пётрді танып бірінші болып оның өтірігін әшкерелеп, мына сөздерді айтқан: «Қайда барасың, пенде (адам)?» Өзіне жасанды жасағысы келген «құдайы» имиджін төмен түсіріп, Пётрды пенде (адам) деп атаған.

Бірақ кейін Павел мектебін ұстанушылар осы тарих негізінде Пётр ұзақ уақыт бойына күресіп ақыр соңында жеңіп шыққан, самарийлік бақсы-сиқыршы Симон (самарийском волхве-маге Симоне) туралы тұтас бір сюжетті жасап шығарды. Ең қызығы бақсы-сиқыршы Симонға Пётрдың бар жаман қасиеттерін, шын мәнінде Пётр Римде жасаған оның жалған атақшылдығын, Исаға жалған ұқсауын, яғни «ғажайыптар жасау», биікке көтерілуге деген талпыныс пен алдауларын таңады. Бұл бейнесіне тағы Симон басында ақшаға Пётрдан апостолдық абыройды сатып алғысы келген, бірақ Пётр ол сұрауын қабылдамаған деп қосты. Яғни, Пётрдың биографиясындағы болған тарихтың, ол Мария Магдалинадан апостолдық абыройды сатып алуға тырысқанының

интерпретациясы. Дәл осы аңызда, — деп Сэнсэй астын сызып айтты, — кейінірек Пётрдің «азап шегуі» апокрифтері (апокрифы «мученичества» Петра) туған «Пётрдың Ізгі істері» (Деяния Петра) апокрифінде алғаш сипатталған, дәл осы аңызда «діншілдер тобы» әлі күнге дейін «симония» терминін белсенді байланыстырып, шын мәнінде Пётрдың бар күнәлерін бақсы Симон кейіпкеріне аудара салады. Онымен қоса Пётр бақсыны «әшкерелеген сөзімен» өлтіргеннен кейін, Неронның ашуынан жапа шегіпті-міс. Олардың аңызы бойынша Пётр Неронның қаһарынан түнде жасырыну үшін Римнен шығар жолда Иса Мәсіхтің өзін жолықтырып, одан: «Құдайым, қайда барасың?» деп сұраған. Және жауапты естіген. «Римге, қайта ағашқа шегелену үшін». Және Пётр оның сөздерін және өз тағдырын (хәлін) түсініп, кері қайтып ұсталады да, ағашқа шегеленуге кесіледі-міс. Осы аңыз бойынша Пётр өзін басын төмен қарата ағашқа шегелеуін сұрайды екен, ондағысы тіпті өлімінде де Исаны кемсітпес үшін Оған ұқсауды қаламапты-мыс. Ағашқа шегелеулі болған кезде теріс қаратылған айқыш туралы бұл, күнә жасауымен құдайы реттілікті бүлдірген Адам (Ата) белгісі, ал тура (дұрыс) тұрған айқыш — алғашқы тәртіпті қалпына келтіруші Иса Мәсіх белгісі деген толық бір лекция оқиды. Бірақ бұл жазылған қосымшалардың барлығы анағұрлым кейін, христиандық жаппай мемлекеттік дінге айнала бастаған және айқыш (крест) оның жаңа символы болып құрмет тұта басталған кезде жасалды.

Ал шын мәнінде мен айтып кеткенімдей Пётрды (оның өтірік көкке көтерілуінен кейін), ол түн жамылып Римнен шығуға тырысқан кезде, өзінің «діни тобыры» христиандар ұстап алып әшкерелейді. Және дәл осы өтірігі үшін олар Пётрды — Антихрист деп атаған. Оны Римге сүйреп әкеліп, өтірігін барша халық көру үшін сол түні-ақ Иса Мәсіхке қарсы (тұрушы) ретінде Неронның циркіне және сол кездері «Еркін тас қалаушылардың» ордаларының бірі болған орынға жақын жерде, теріс (айналдырылған) қаратылған айқышқа (крест) керіп шегелейді.



Анағұрлым кейінірек сатанизмді ұстанатын секталарда Иса Мәсікке қарсы тұрушы символ ретінде теріс қаратылған айқыш (крест) атрибутикасы пайда болады... Пётрды Римде, дәлірек айтсақ бүгінде өзінің есімімен аталған Ватикандағы алаңда ағашқа шегелеген.

— А, «ине» ескерткіші тұрған жер емес пе, — деп Виктор осы тақырыпқа байланысты кешегі әңгімені есіне түсірді.

— Өте дұрыс. Және білмейтіндерге неліктен сол жерге «инені» орнатқаны туралы түрлі нұсқа айтылады. Ал «білушілер» үшін, мен ішкі шеңбер, Гамалиил адамдарының құпия жазбаларын білетіндерді меңзеп тұрмын, бұл орын үлкен мәнге ие. Пётр өлімінен кейін оның мүрдесінің қалдықтары Павел адамдарымен молаға жерленеді. Ең бастысы үш жүз жыл өткеннен кейін Пётр жерленіпті-міс деген орынға император Константинмен әулие Пётр базиликасы (базилика святого Петра) салынады. Бүгінде сол базилика орнында әулие Пётр ғибадатханасы. Назарларыңызды мынаған аударғым келіп тұр, осы ғибадатханада алтарь (шіркеудегі басты орын, бөлме) дәстүрлі христиан ғибадатханаларындағыдай шығысқа емес, батысқа қаратылған... Бірақ сол алғашқы салынған құрылыстардан бастап көптеген ғасырлар бойы адамдар арасында ол жерде кім жерленгені туралы аңызға айналған әңгімелер жүрді: антихрист, болмаса «апостол», ол жерде адам сүйегі, болмаса жыртқыштың.

— Иә, тарих осылай, — деп Николай Андреевич таңқалды.

— Бірақ бұл барлығы емес. Ең қызығы 66 жылдың 6-айында Пётрды теріс қаратылған айқышта шегелеген.

Бұның нені білдіретінін өздері түсінсін дегені анық, Сэнсэй үзіліс жасады.

— 666 санының шыққаны осы жерде ме! — деп бірінші болып Николай Андреевич түсінді. Күлді де: — Ал халық болса болашақ Антихристи, оның есімінің сандық мәнімен есептеп табуға тырысып жүр! — деп қосты.

Сэнсэй жымыды.

— Сонымен бұл «есептеулер» қайдан бастау алды? Грекше «Апокалипсис» деп аталған өзінің «Откровения» кітабындағы 13-тарауының 18-өлеңінде, аллегориялық түсіндірмесімен, «күтіндер, болады» деген секілді павелдік интерпретациядан кейін: «Бұл жерде даналық. Кімнің ақылы болса, сол жыртқыштың санын оқи алар, өйткені ол адами сан, оның саны алты жүз алпыс алты» деп жазған Иоаннан бастау алады. Ал адами сан...

— Дәл! — деп Сэнсэйдің ойларына таңқалған біздің психотерапевт іліп әкетті: — Бұл туралы ертерек қалайша өзім түсінбегенмін?! Бұл деген туылған немесе дүниеден өткен даталары емес пе! Демек үш алтылық — бұл Пётрдың өлген уақыты болғаны!

Сэнсэй басын изеп әрі қарай жалғастырды:

— Бірақ ең қызықтысы бүгінгі күні Антихрист есіміне математикалық көзқараспен келуге тырысқандар, сәйкес иерархиялық шеңберлерде (топтарда) ауыз ашуға болмайтын, анық «дін тобырының» құлағына арналмаған, біршама маңызды заттарды анықтады. Әңгіме мынада, Рим Папасының тиарасында...

— Немене? — деп Костя қайталай сұрады. — Тирар?

— Жоқ, тиара. Тиара — бұл Ұлы Понтификтің сотшы, заң шығарушы және құдай қызметшісі (дін қызметшісі) екендігін білдіретін үштік тәжі. Айта кетейін ежелгіде тиараны парсы және ассириялық патшалар киген және бұл сән сол жерден келген. Енді сол Рим Папасы тиарасында VICARIVS FILII DEI деп жазылған титул бар, ол латын тілінен аударғанда «Құдай Ұлының Уәкілі» (Наместник Сына Божьего) дегенді білдіреді. Ал латын тілінде грек тілі секілді кейбір қаріптер өзінің сандық мәніне ие. Егер осы титулдағы қаріптердің сандарын қосатын болса, онда 666 саны шығады. Яғни:

$$5(V)+1(I)+100(C)+0(A)+0(R)+1(I)+5(V)+0(S)=112;$$

$$0(F)+1(I)+50(L)+1(I)+1(I)=53;$$

$$500(D)+0(E)+1(I)=501;$$

112+53+501=666.

Бұған байланысты тіпті үлкен айқай-шулар болған. Папаны қорғаушылар VICARIVS сөзінде жай ғана грамматикалық қателіктер кеткен деп сендірді. Өйткені бұл сөздің дұрыс жазылуы VICARIUS еді, себебі латын білінде VS жалғауы жоқ, US жалғауы бар. Ежелгілер V мен U әрпін ажыратусыз шатастырған дейді, әйткенмен оны дұрыстауға ешкімнің асығатын түрі көрінбейді.

— Демек, бұл шын мәнінде қателік болмағаны ма? — деп сұрады Виктор.

— Әрине жоқ, ол замандарда Ұлы Понтификке біршама білімді адамдар жұмыс жасаған.

— Ал оларға бұл не үшін қажет?

— Бұл жай ғана папалар кімдердің ізбасарлары және кімдердің арқасында бүгінгі биліктері бар екендігі туралы естелік ретінде жазылған.

— Қызық, ал олар неліктен Павелдің емес, Пётрдың өлген уақытын жазған? — деп сұрады Костя.

— Пётр жұрт алдындағы тұлға еді және оған бәс тігілді. — Және кішкене үнсіздіктен кейін айтты: — Дегенмен Пётрдың шын өлген уақытын әлі күнге дейін жасыруға тырысады. Оны 64 жылмен байланыстырады, яғни Римдегі өрттен кейінгі Иса Ілімінің ізбасарларын қудалау болған кездермен; және 65, 67 жылдармен. Тарихшылардың ішінде 66 жылды көрсеткендер сирек. Ал Римде, ресми нұсқа бойынша Пётр мен Павелдің «шахит» болған уақыты 29.06.67 жыл деп саналады. — Және Сэнсэй иығын көтеріп ойлана айтты: — Бірақ осындай пенделік уақыттан осыншалықты құпияны жасаудың не қажеті бар. Өйткені Кифа жай ғана пенде (адам) және оның да Павелдің де жасағаны — жай ғана пенделік істер...

— Ал не, шыныменде Павелді Пётрмен бірге өлтірген бе? — деді Стас.

— Жоқ. Пётрмен болған әшкереден кейін Павелдің халық арасындағы танымалдылығы қатты түседі. Ол Пётрмен болған

жағдай өзімен қайталанбас үшін жасырынады. Ақыр аяғында Павел Римнен қашып кетеді. Бірнеше уақыттан кейін тағдыр оны қайта Иудеяға лақтырып, сол жерде соғыста қаза табады.

— Соғыста? Қандай? — деп Костя түсінбеді.

— Мен сіздерге айтқан азамат соғысында. Айтпақшы сол кезде Иса болжағандай Иерусалим ғибадатханасы қиратылады.

— Иә, өкінішті, — деді Николай Андреевич, — қайдағы бір болмашы монополистердің мүддесі үшін қаншама жазықсыз жандар жапа шекті.

— Ал сен Ариман әлемінен нені қалап едің?! Архонттардың билігі әрқашан құлдарының сүйегіне салынған (кұрылған).

Және Сэнсэй үнсіз қалған соң, өзінің ойларына батқаны анық Женька алған әсерін қорытындылауға кірісті:

— Демек, антихрист — бұл бөтен өркениеттің мүйізді, тұяқты құбыжығы емес, жай ғана Кифа болғаны ма?

— Иә.

— Тфу, ал мен ойласам! — деп жігіт көңілі қалғандай тұр танытты да, миығынан күлді.

— Мен бір нәрсені түсінбей тұрмын, — деді Виктор. — Ал Иоаннға не үшін Антихрист бейнесін болашаққа жабыстыру керек болды, оның келуіне байланысты осындай барлық бас ауыртар нәрселерді сипаттау. Бұл туралы тіпті еске салмай-ақ қойса жеңілірек болмас па еді?

— Бұл жерде Архонт адамдары қаншалықты ақылды жасағанын сен түсінбей тұрсың, — деп оған Сэнсэй жауап берді. — Себебі адамдардың үрейі — бұл соққысы халықты қорқынышқа түсіріп, күші мен еркін алып қоятын Архонттардың басты құл етер қамшысы. Ал болашақ алдындағы қорқыныш — бұл адам психикасына жай ғана екі еселенген соққы емес. Бұл нағыз методикалық құл ету. Адамға үнемі бүгін-ертең Антихрист келеді де, барша әлем оған тиесілі болады, оның ішінде сенде барсың деп иландырумен болады. Ал кейін Иса Мәсіх келіп Антихристпен шайқасады-мыс. Иса Мәсіх жеңіске

жетіп өзіне тек таңдаулыларды ғана алып, ал қалғандары геенна отында өледі. Және егерде сен сол таңдаулылар қатырында болғың келсе, қолыңда бардың барлығын шіркеуге бер, поптарға өмір бойы қызмет ет және өз тағдырыңды мойынсұнып күт дейді.

— Иә, стресстік фактормен үнемі әсер ету, қауіпті психологиялық жағдайға әкеледі, — деді байқампаздықпен Николай Андреевич.

— Сөзсіз. Азат ойлы болмыстың орнына адам еркі жоқ басқарулы құлға айналады. Бұл бір. Ал екіншіден, ішкі жан дүниесін реттеп және өзінің Хайуани негізін жеңудің орнына адам өз тағдырын іс-қимылсыз күтумен болмақ. Ал үшіншіден — адам Архонттардың идеологиясына толықтай тәуелді болып қалады.

— Ал олар үрейлендіретін геенна оты дегеніміз не? — деп сұрады Костя. — Бұл не, тозақ па?

— Олардың интерпретациясында — тозақ. Ал шындығында Геенна — бұл еврейше «Ге-гинном» деп естілетін, ал грек нұсқасында геенна болған «Еннома алқабы» (долины Енномовой). Бұл алқап Иерусалимнің батысында орналасқан және Сион тауынан Кедрон алқабына (долины Кедронской) дейін созылып жатыр. Ежелгі замандарда израильдіктер сол жерде Молох құдайға (інжілдік Молах, Мильком) балалары мен құлдарын әкеліп, құрбандық шалу орнында құрбандық ретінде өртеген. Молох — бұл финикийлық күннің күйдіретін сәулелерінің құдайы. Ал біздің заманымызға дейінгі 622 жылы Иосия патша өзінің реформасымен барлық культтерді жоққа шығарып, тек Яхваны қалдырады. Және отқа табынушылықты жою үшін бұл алқапты қоқыс-боқтыққа айналдырады. Сол жерлерден шыққан сасық иістен бұл алқапты тозақпен ұқсата бастайды.

— А-а-а, — деп Костя созды да әзілмен қосты: — Түсіндім! Демек, егер оларды тыңдамайтын болсаң, онда Израильге кетесің (түсесің).

Балалар күлді. Кішкене үнсіздіктен кейін Виктор сұрады:

— Ал жақсы, Антихрист түсінікті, ал заман ақырындағы катастрофалар мен катаклизмдер туралы Иоанның сәуегейлігі қалай болмақ?

— Катастрофалар мен катаклизмдерге қатысты айтатын болсақ, бұл ежелгі халықтардың көпшілігі білген белгілі бір Жер планетасындағы циклдармен байланысты. Тіпті Інжілде осындай сәттер өте көп жазылған: ежелгі діндер мен басқа халықтардың аңыздарынан алынған әлемнің пайда болуы және адам, болашақ туралы. Тек бұл жерде еврейлік діншілдер (басшылар) осының барлығын өздерінің ыңғайларына қарай бұрмалап алған.

Ал Иоаннға келетін болсақ оған бұл жұмысты орындау тапсырылады және ол жасады. Шын мәнінде ол аллегория тәсілін қолдану арқылы тек тарих қана емес, нәтижесінде Архонттардың болашаққа құрған жоспарлары да сипатталған «әмбебап Откровение» жасап шығарды. Павелдік мектептен өткен Иоанн осындай стилде жазбағанда кім жазады. Өйткені Павелге, әсіресе оның артында тұрғандарға, Архонттардың толық билігіне «өткеннен болашаққа көпірлер салушы», «сәулеткер» жобалаушы деп аталатындарға адамдардың психологиясы жақсы таныс болды. Олар өз уақытында оқиғалардың жылнамаларын жүргізіп, оларды ежелгі болашақты болжаулармен салыстырды, белгілі бір білімдерді білді, аңыздарды қайта жазды. Адамдардың назарын қалай аударуды және олардан ғасырлар бойы «тас қалаушыларына», сәйкесінше өздерінің барша құрылымына қызмет ететін құлдарды жасауды олар білмегенде кім біледі?.. Өздерінің дін тобырының көзіне қандай көзқапты (шоры) кигізіп, осындай қабылдау шекарасында қалай мықты ұстап тұрғандарына зер салыңыздар.

Слава Костядан тыныш қана сұрады:

— Көзқап (шоры) — бұл жылқының екі шеткі көз қалқан әбзелі ме?

— Иә. Көзге жақын тізгінде, — деп ол басын изеді.

— Демек Иоанн Откровениесі — бұл жай ғана дін тобырына арналған көзқап болғаны ма? — деді Виктор.

— Әрине. Иоанн Откровениесі адамдарды тек алдағы, өзінің болашағына қарауға мәжбүрлейді және Архонттармен белгіленген бұрыш бағытымен. Және осындай психологиялық көзқаптың арқасында алдағы болашаққа жеке уайымымен байланған адам, осындай арнайы шеткі көзқаптарды өзіне не үшін таққаны туралы ойланбайды, тіпті сол «болашаққа» өз иығында кімдерді алып бара жатқаныменде еш ісі жоқ.

— Қызықты трактовка, — деді Николай Андреевич ойлана. — Ал шынымды айтатын болсам, осындай көзқарас тұрғысынан бұл мәтінді еш талдап көрмеппін.

— Таңқаларлық емес, — деді Сэнсэй. — Себебі сенде басқа көптеген адамдар секілді Иоанн аллегорияларын болашақ секілді ойлап талдадың. Ал Архонттардың бар фокусы, Иоанның болашақ маскасында жазғаны, әлдеқашан болып қойған. Яғни ол өткен шақтың оқиғаларын сипаттады. Бұл оқиғалардың кейбірі өзінің заманына тиесілі болды, бірақ үлкен бөлігі ежелгі грек аңыздарынан, шығыстық діни түсініктерден, оның ішінде мысырлық және вавилондық аңыздардан еш ұялмастан көшірілді. Оның міндеті Архонттардың шын бағдарламасынан өткен көзқарастарды жазу болды. Ал адамдар өзінің қабылдауында ашылып, сенуі және пенделік қорқынышты шақыру үшін оны қалай безендіреді, — бұл енді фантазиясының қалықтауы, оның жеке мәселесі еді. Сөзсіз Иоанн ақылы ұтқыр болған Филон Александрийскийдің шаңына да жетпеді. Бірақ соңғысының аллегориялық трактовкасы (әсіресе гректік аңыздарды иудаизммен байланыстырған және нәтижесінде өзінің діни-философиялық ілімін шығарған) Иоанн еңбектерінде өнімін береді. Иоанн әрине дөрекі жазды. Бірақ ол нәзік ақылды талдауларды іздеген адамдарға емес, дін тобырының айтқан сөзді екі етпей құлдық кейіпте қалуына арналды. Дін тобырының интелектісінің қандай дамуын айтуға болады, егер оларды барлық жағынан шектеумен болса?! Олар әлемде өлместің күнін көріп, өмірдің өзі оларды ұмытып кеткен уайым толы адамдар еді. Салыстырып талдауды кім жасасын, егер Архонттар

өздерінің саяси мақсаттары үшін басқарулы «қара» (түнек) тобыр ретінде пайдаланған көпшілігінде сауатсыз (білімсіз) халық болса.

Николай Андреевич күлді де осындай салыстыруды өзіне жасап эзіл формасында айтты:

— Сен білесің бе, менің тәкаппарлығым өзін білімді адамдар қатарына жанталаса қойып, «қара тобырға» ұқсастыққа барынша қарсы тұрса да, бірақ шын мәнінде... Мен, мысалға ежелгі грек аңыздарымен жалпылама таныспын, сол Гомерді оқыдым, — деп Николай Андреевич соңғы сөзін айтты да күліп жіберді. — Енді иә, Гомерді... Бірақ мен ол туралы емес. Тек ежелгі грек аңыздары мен Иоанн Откровениесі арасындағы байланысты түсіне (таба) алар емеспін.

— Себебі мен қайталап айтамын, сен Иоаннды өткен шақпен емес, болашақ көзқараспен сипаттаған позицияда оқыдың. Мен қазір саған қарапайым мысалдарды келтіремін және сен барлығын түсінесің. Мысалға оның «Откровение» кітабының 12-тарауын алып қарайық. Ол жерде: «Және аспанда ұлы белгі (знамение) пайда болды — күнді киген (күнмен көмкерілген) әйел... Ол босанбақ болып, толғақтың ауруы мен азабынан айқай салды. Және аспанда басқа бір белгі пайда болды: бұл жеті басты, он мүйізді, оттай қызыл үлкен айдаһар екен... Айдаһар толғатып жатқан әйелдің алдында тосып тұрып, оның баласын туысымен-ақ жалмап қоймақшы болды. Осылай әйел ұлын дүниеге келтірді; Ол болашақта күллі халықтарға темір таяқпен билік жүргізетін болады. Нәресте тезірек Құдайға, Оның тағының алдына әкелінді. Ал әйел Құдаймен дайындалып қойған айдаладағы бір жерге қашып құтылды. Сол жерде әйелге бір мың екі жүз алпыс күн бойы қамқорлық жасалатын болады. Сонда көкте соғыс бұрқ ете түсті. Михайл мен оның Періштелері айдаһарға қарсы аттанды. Айдаһар өз нөкерлерімен бірге оларға қарсы шайқасты. Бірақ төтеп бере алмады. Бұдан былай оларға көктен орын берілмеді. Осылайша алып айдаһар — бүкіл әлемді алдап келген әрі шайтан есімді, ежелден бері келе жатқан жылан



көктен қуылып, бүкіл хабаршыларымен қоса жер бетіне лақтырылды... Айдаһар өзінің жерге лақтырылғанын білгенде, ұлды туған әйелдің соңына түсіп, оны қудалай бастады. Сонымен қанша соңына түсіп қуса да, ақыр аяғы ұстай алмайды. Ал ол болса шөл далаға қашып кетеді. «Және айдаһар әйелге долданып, оның өзге де ұрпақтарымен, яғни Құдайдың бұйрықтарына бағынып, Исаның шынайы хабарына адал болып жүргендермен, шайқасуға аттанады». Ал енді мен саған осындай сюжетті Иоанн қайдан алғанын айтып берейін. Зевстің дүниеге келуі, Кронос пен Зевс арасындағы соғыс туралы ежелгі грек аңыз есінде ме?

— Енді жалпылама, — деп Николай Андреевич жауап берді де, ал кейін сергектене айтты: — Демек бұл сол жерден алынғаны ма?!

— Иә. Бұл сол аңыздың қайта өңделген нұсқасы.

— Ал бұл қандай аңыз? — деп сұрады Андрей.

— Енді ол жерде құдайлардың патшасы Кронос, өзін балаларының бірі тақтан құлатады деген қарғыстан (лағынеттен) үрейленіп, әйелі Рея өзіне туып берген барлық сәбилерін жей бастайды. Ал ол алтыншы баласы — Зевсті туған кезде, ұлының орнына тасты жөргекке орап Кроносты алдайды. Зевс әлемнен жасырын Крит аралындағы үңгірде тамақтанады. Ал ол есейген кезде тақ үшін Кроноспен шайқасады. Қулықпен өзінің бауырлары мен әпке-қарындастарын Кронос азуынан босатады. Алған азаттықтары үшін олар оған күн күркіреу мен найзағайды иелікке береді. Кронос бастаған ескі құдайлармен Зевс бастаған жаңа құдайлар арасындағы соғыстан бар ғалам үлкен соғыс алаңына айналады. Ақыр соңында Зевс кезекті қулығымен Кроносты жеңіп, құдайлардың патшасы болады.

Қызығушылықпен әңгімені тыңдап отырған Женька әзілдеп сұрады:

— Мен бәрібір түсіне алмадым, олардың қайсысы жаман жігіт болды?

Володя күлді де, жауап берді:

— Билік ауысуының мәңгілік бітпес тарихы: егер тесік болса оны міндетті түрде жыртыққа ауыстыру.

Үлкен балалар күлді.

— Демек, Иоанн бұл аңыздарды ежелгілерден жай ғана көшіріп, қайта өндегені ме, — деді Николай Андреевич ойлана.

— Иә. Ол материалды ежелгі грек аңыздарынан алды. Оның ішінде Фазтонның апаты туралы да, аңызда тіркелген жер бетінде болған катаклизмдер де бар. Кейбір нәрселерді ескі өсиет кітаптарынан, мысалы Даниил пайғамбар кітаптарынан алды. Ал Даниил кітабы — бұл яхудейлердің (иудей) «откровение» мәтініне ұқсасты жасап шығаруға алғашқы тырысуларының бірі деп айтуға болады, себебі кітап яхудей халқының messiандық үмітіне толы болды... Мысалға «жыртқыш» (хайуан) бейнесін алып қараңыз. Даниил пайғамбар кітабында (7 тарауда) оның түсінде көрген болжамы туралы айтылады: «Және теңізден бір-біріне ұқсамаған үлкен төрт жыртқыш шықты». Әрі қарай біріншісі — арыстанға, екіншісі — аюға, үшіншісі — барысқа ұқсаған төрт басты, ал төртіншісі — барлығынан «қорқынышты» он мүйізді. Және Иоанн Откровениесіне қараңыз (13 тарау), осы бейнелерден қалайша өзінің «хайуан-жыртқышын» жасағанын. «Және теңіз құмында тұрғанымда жеті басты, он мүйізді теңізден шыққан жыртқышты көрдім... Мен көрген жыртқыш барысқа ұқсас болды; аяғы — аю аяғы секілді, ал аузы — арыстан аранындай...»

— Аю аяқты, арыстан ауызды барыс?! — деп күлді Женька. — Енді бұл еркектің қиялы басына хайям (Омар Хайямды меңзеп тұр) алмасы түскен Ньютондыкі секілді екен.

Женьканың осындай сөздерінен кейін ұжым күлкіден гүрс ете қалды. Сэнсэй болса барлығымен күлді де, кейін айтты:

— Бұл тарауларды салыстырыңыздар, сіздер мәтіннің қалай өңделгеніне көздеріңіз жетеді... Оның үстіне кейбір сәттері Иоаннмен вавилондық, парсылық аңыз-әңгімелерден алынған.

Николай Андреевич баяу айтты:

— Енді, Вавилон туралы түсінікті. Ал парсылық қандай аңыз-әңгімелер?

— Хазар туралы әңгімелер (аңыздар, ертегілер) (Сказание о хазаре), — деп Сэнсэй жауап берді.

— Не туралы? — деп Николай Андреевич түсінбеді.

— Мың жылға созылған хазар патшалығы туралы. Дегенмен бұл аңыз-әңгіменің алғашқыда рухани астары болған, бірақ кейін адамдар оны өздеріне ыңғайлы қылып бұрмалап өндеген. Мәтінге сай бұл патшалық Ормузд патшасының немесе оны басқаша — Ахура-Мазда деп атайды, келуін дайындау керек болған. Сен білетіндей зороастризмде бұл мейірімді құдайдың есімі. Сонымен, парсылардың ескі замандардан бергі түсінігінде тарих әрқайсысы пайғамбарлардың билігінде болатын эволюция қатары секілді қаралған. Әрбір пайғамбардың өз hazar-ы болған...

— Мыңжылдық патшалық? — деп Виктор нақтылай сұрады.

— Иә. Грекше бұл хилиазм деп естіледі. Осы бір ізді кезеңдерден Ормузд патшалығын дайындайтын оқиғалардың тіні (матасы, мазмұны, негізі) құралады. Аңыздарда заман ақырында мыңжылдық эволюция шеңбері сарқылып, адамдар бақытты өмір сүретін: жер, алқап болатын, барша адамдар үшін бір тіл, бір заң мен бір ғана үкімет болатын түпкілікті жұмақ орнайды деп айтылады.

— Барша адамдар үшін бір үкімет?! — деп тіпті таңғалысынан Николай Андреевичте қайталай сұрады. — Бұл идеяның еврейлерде қайдан пайда болғаны енді түсінікті болды!

Сэнсэй оның реакциясына жай ғана күлді де:

— Әділеттілік үшін айта кету керек, бұл идея одан да ертеректе, аккадтықтарда пайда болған. Сонымен парсылық аңыз-әңгімелерде бұл оқиғалардың алдында үлкен қайғы-қасіреттер болады. Дахак, яғни парсылық шайтан оны байланыстырған шынжырларды үзіп, ұлы келуді дайындайды, — деді.

— Мда, — деп Николай Андреевич басын шайқады, — ал мен ойласам... Менің білетінім жарамсыз деп айтпақшы.

Володя сөзімен келісті.

— Кім ақпаратқа ие болса, сол барша әлемді билейді деп бекер айтпайды емес пе.

Костя да өзінің «философиялық» сөзін қыстыруға тырысты:

— Дүние туралы ежелгі даналықта айтылғандай, ондағы барлық жаңа ескіден тігіледі.

Жігіттер кенет осындай «жауһарды» айтқан біздің Философқа таңғала қарады. Ал Костя жалпы халықтың назарына шомылып, езуін кең жайды.

— Ал Иоанн парсы аңыздарын қайдан білді? — деп сұрады Андрей.

Сэнсэй жауап берді:

— Парсы аңыздарына келетін болсақ, мен сіздерге айтып берген ол замандарда біршама танымал болған, өзінің бастауын парсылық зороастризмнен алған митраизм дінін ұмытпау керек. Және ол діннен христиан дінін құрушылар көп нәрсені алған.

Өз заманында яхудейлік дін қызметкерлері вавилондық діншілдерден кейбір діни көзқарастар мен рәсімдерді қабылдаған. Сондықтан мен айтып кеткендей інжілдік көптеген аңыздар, өз кезегінде сюжеті шумер-аккадтық аңыздардан алынған вавилондық шығармалардан бастау алады. Бұл деген әлемнің пайда болуы, күнәдан жерге түсірілу, Вавилондық мұнара, су тасқыны туралы аңыздар. Және Жаратушы туралы Вавилондық түсінікке дейін яхудейлерде барлығы қарапайым болғаны соншалықты, кейін яхудейлік діни қызметкерлер халқы үшін біршама күрделі діни концепцияларды дайындай бастайды. Айтпақшы, сенбіні қатаң мерекелеу және сол күні жасауға болмайтын дегенде өзінің бастауын Вавилониядан алады.

Николай Андреевич ойлана айтты:

— Иә, Інжілде соншалықты (көп) парадокстар...

Оған Сэнсэй жауап берді:

— Бұл қалыпты. Сіздер қалай ойлайсыздар, неліктен Інжілде, әсіресе Жаңа Өсиетте соншалықты парадокстар, айтылғаннан кейін (нақтылағаннан) жоққа шығару және керісінше жүреді? Сол баяғы мектеп. Себебі Павел дәріс алған «понтификтер», мен айтып кеткендей адамдардың психологиясын жақсы білді, көптеген ғасырлар бойы билік басында болып және өздерінің басқару (адамдарды) құпияларын ұрпақтан-ұрпаққа беріп отырған. Павел және оның адамдарының мысалы тыңдаушыларға манипуляция жасаулары, Архонт адамдарының тәсілдерінің бірі ғана... Егер Иса тәмсіл, мысал, нақылдармен арнайылап айтса, ондағы мақсаты адам ойланып үйренуі, мәнін түсініп саналы таңдау жасауы үшін болса, ал Павел өзінің айтқандары тек жалғыз ғана ақиқат деп адамды иландырып, манипуляцияның лақтырулы тактикасын қолданды (бросковой тактикой манипуляции).

— Түсінбедім, бұл қалай? — деп бұл сұраққа Виктор қызығушылық танытты.

— Енді, Иса айтылған ойдың мән-мағынасына тыңдаушыны реттілік (бір ізділік, біртіндеп), негізделген түсіндіру жолымен, тәмсіл, мысал, нақыл әңгіме сөздерімен мысал келтіре отырып қосымша ойлануға тартты. Ал Павел болса тіпті өзі айтқанды тыңдаушыларына ой елегінен өткізуге мүмкіндік бермеді. Бірден оларды өзінше бір қазусты шырмалған сөздерімен естен тандырды (шок). «Егер Құдай бізбен болса, ендеше бізге қарсы тұрушы кімдер?» немесе «Бірақ бұл рақым арқылы болса, ол істер арқылы емес; әйтпесе рақым бұдан былай рақым болмас еді. Ал егер бұл істер арқылы болса, онда бұл енді рақым емес; әйтпесе іс енді іс емес» болмаса «...кім өзін тұрмын деп ойласа, құлап қалудан сақтан» деген сөздерімен. Яғни адам «Ол не туралы айтып жатыр?» деп ұғынуға тырысып жатқан кезде Павел оның келісіміне уақыт жоғалтпастан, адамның абыржыған сәтін, сәйкесінше оның санасының ашықтығын пайдаланып, өзінің иландыруларын (сөздерін)

берген. Және ақыр соңында қалаған нәтижеге қол жеткізіп, адамды өзі айтқанның барлығына сенуге мәжбүр еткен.

— Ал бұл тәсіл Павелге де таныс болғаны ма? — деп Николай Андреевич таңқалды. — Қайта оқу керек екен... Ал мен бұл тәсілдерді тек арнайы қызметтер пайдаланады деп ойласам, — деді әзіл-шыны аралас.

— Енді иә, — деп Сэнсэй де оған осындай әзіл-шыны аралас үнмен жауап беріп күлді: — Ал бұл арнайы қызметтер өздерінің танымдарын қандай тарихтан алды екен?!

— Иә-ә-ә. Ежелгі заман қарапайым емес екен, — деп Николай Андреевич күле маңдайының терін сүртті.

— Ежелгінің бұл жерде еш қатысы жоқ! Тек адамдар сол баяғы қалпы өзгермеген. — Сэнсэй тағы да ауыр күрсінді де, әрі қарай жалғастырды: — Бірақ біздің заманымыздың 60 жылдарына қайта оралайық... Ол кезде болған оқиғаларға байланысты (осыншалықты Пётрдың сәтсіздігі, әлгі саяси сергелден, соғыс, павелдік ілімнің негізгі ұйымдастырушылары болған бірнеше тұлғалардың қаза табуы) жаңа дінді «ескі діндердін» ортасына енгізу процесі біршама тежеліп қалады. Бірақ тіпті осындай қиын-қыстау кездің өзі Архонттар мен олардың адамдарына жаңа діннің «діншіл тобырынан» ақша жасауларына кедергі келтірген емес. Және бұл біршама ұзаққа созылды, екі жүз жылдай. Адамдар біртіндеп сол жылдардың оқиғаларын ұмыта бастады, Иса дәуірін көзбен көргендер дүниеден өтті. Ендігі өз заманының қамымен жүрген жаңа буын ұрпақ дүниеге келді. Бірақ жаңарған Архонттар кланы бос жатпады. III ғасырдың ортасында-ақ Архонт адамдары Рим империясындағы христиан шіркеуін, кең жайылған иерархиялық құрылымы мен қатаң тәртіпке бағынған біршама қуатты ұйымға айналдыра алды. «Дінді ұстанушылардың» арқасында үлкен байлық жинап, айтарлықтай жеке мүлікке ие болған дін қызметкерлерінің (пірәдарлардың) кастасы пайда болды (гректің *kleros* — «жереме» (жребий), «мұраның бөлігі» (часть наследства), «енші» (сыбаға, үлес жер, удел) сөзінен шыққан,

клир деп аталатын). Бұл қастаның негізгі жұмысы жаңа ұрпаққа Павел ілімі түріндегі архонттық ескі иландыруларды барынша көп еріксіз таңу мен сауда және қаржылық операциялар арқылы өз байлықтарын арттыру болды.

— Ал оларға жас ұрпақ не үшін қажет болды? — деп Костя сұрады.

— Қалайша не үшін? Жастар — бұл жастық шақтың амбициясы мен жеке тәжірибиесінің жоқтығын ескере отырып, оңай басқаруға келетін белсенді әрекет етуші электорат емес пе. Ал Архонттардың басты мақсаты, әдеттегідей өздерінің ықпал ету сферасын кеңейту. Христиандыққа байланысты жағдайда олар бұл мақсатты ескі павел-петрлік тамырлары бар жаңа дінді танымал етумен іске асырды.

— Ага, — деп Стас мырс етті. — Иса ағашына паразитше жабысқан түрдегі... тамырлары.

Николай Андреевич білінер-білінбес күлді де айтты:

— Әзіл айтайын ба? Стас менің миымдағы ботаникалық ақпарат қабатымды қозғап жіберді. Негізінен біздің қоңыржай белдеуіміздің ормандарында өсетін сабынкөктер (семейства норисниковых) тұқымдасына жататын хлорофиллсіз шөптердің бір түрі бар. Олар «Петров крест» деп аталады. Енді мәні неде? Жобамен өмірінің 10-15 жылында бұл шөп жердің астында өсіп дамиды, тамырсабақтары айқыш (крестообразный) түрінде. Және ең бастысы бұл тамырсабақтар өзінің жабысқан тамырларымен қожайын-ағаштың (талдың) тамырларына еніп, яғни сол теректер мен қандыағаштардан қорек алады. Тек содан кейін ғана, дамып және күшейген кезде тармақтарын көтеріп жерден шығады. Жапырақтары өңсіз, егер менің жадым шатастырмаса алқызғыл-күлгін гүлдері бар.

— Мінекей, тіпті өсімдіктердің арасында да өзімшілдер бар! — деп өзінің адамды еріксіз күлдіретін күлкісімен Женька жымыды.

Ал Стас әзілдеп қосты:

— Енді өзі секілді сүйіктіні бұл өмірде бірдеңе қылып орналастыру керек болғаны.

Бұған байланысты Андрей болжамын жасады:

— Мүмкін сол оқиғаларға байланысты осындай жасырылған түрде болса да халықтың жадында сақталған шығар.

— Ал әлгі жадың қайда қашып құтылады?! — деп онымен Сэнсэй жымия келісті. — Адамдар өздеріне қай жерде өтірік, қай жерде шындық айтылғанын сезеді. Бірақ тіпті шындықты біліп тұрса да өздерінің бойына Архонттар үнемі енгізгісі келетін әлгі үрейден, дауыстап айтуға қорқады. Ал шын мәнінде егер адам қорқынышты сыпырып тастап, Архонттар еріксіз таңған бұл иллюзиялардан оянса, ол материя — бұл шаң-тозаң және өмір уақыты рухани мақсаттарға жету үшін берілгендігін түсінеді. Өйткені қорқыныш артында ешнәрсе тұрған жоқ, оның артында — Хайуани негізбен танымастай бұрмаланып өзгертілген бостық қана. Материя өмірі — қас-қағым, бірақ рух үшін — бұл қас-қағым, қанша созылса да — шын әлемге — Жаратушының мәңгілік шынайылығына кетуге болатын нағыз мүмкіндік.

— Иә, қанша айналдырсаң да, — деді Николай Андреевич ойлана, — бұл әлем турасында Ариман мен Архонттарға тиесілі екен. — Және ендігі Сэнсэйге қарап, сөзін қосты: — Сен білесің бе, қаншалықты біртүрлі естілсе де, бірақ сенің өткен шақ туралы айтқандарыңнан, мен қазіргі болып жатқанды тереңірек түсіне бастадым. Архонттардың әрекет ету принциптерін ескерсек, барлығы өз орнына келеді, жасырылған барша осы шынайылық, бұл әлем құрылымындағы «жасырылған Айдың келесі беті» және осы «демократиялық» сандырақ, ой-пікірді еріксіз таңу, теледидар экранынан ағын боп төгілген барша ластық.

— Бұл әлі де болады, — деді Сэнсэй ашына. — Сіздер Архонттар елімізді құлатып, өздерінің адамдары арқылы оны жікке бөліп, бауырлас халықтарды жанжалдастыруға тырысатынының куәгерлері боласыздар. Қиылысқан (Перекрестья) уақыт кезеңінің басталуымен... Архонттардың



әдіс-тәсілдері өзгермейді. Ол кезде де, қазір де. Сен қазір адамдардың санасын қалай улап жатқанына зер салып қара, оның ішінде жаңа пайда болған діндер мен секталар да бар. Ал бұл діндер мен секталардың қандай ерекшелігі бар? Біріншіден, өзінің дін тобына тек өздері ғана құтқарылады, ал қалғандары ажал құшады деп табанды иландыру. Екіншіден, бұл ұйымға кірмеген немесе оған қарсылық көрсеткендерді Ібілістің билігіндегілер деп жариялайды. Үшіншіден, әдетте ұйымның басшысы қылып, дін тобырға «Пайғамбар», «Әке», «Құтқарушы» және сол сияқты жарияланған адамды қояды, оған қорқыныш пен құлдық махаббат негізіндегі дін тобырының ерекше байланысын жасайды. Төртіншіден, өздерінің дінін ұстанушыларының санасын қатаң бақылауға қояды, сол адамдардың мүлігін жиі өздеріне иеленіп алады. Бесіншіден, әдетте ұйымның доктринасына сәйкес толық бір иерархиялық сатыларды жасап, таным деңгейіне сай ұйым туралы ақпаратты шектеулі береді. Ал егер осындай жаңадан пайда болған діни ұйымдардың шын құрылу мен тарау себебін талдайтын болса, барлығы біршама қарапайым: ықпал ету сферасын кеңейту, демек қосымша саяси электорат, билік пен ақша. **Архонттар өздерінің шын ниеттерін жасыру үшін адамдарды інжір жапырағы (жабушы қағаз) секілді қолданып, жай ғана адамдардың сенімімен ойнайды.** Қазір де, ол замандарда да осы принцип. Қарапайым, салыстырып талдап көріңіздер.

\* \* \*

Сэнсэй үзіліс жасады, бір нәрсе туралы ойланып, кейін айтты:

— Архонт тарихшылары сол жүз жылдықтарда христиандарға қандай қатыгез қудалаулар болғанын жарыса жазады, бірақ неге екенін қайдам сол қудалаулардың шын себебі туралы бірде-бір сөз айтпай, «ескі діншілдер» мен «христиандар арасындағы қарсылық туралы сүйікті

сөздерімен құтылып кетеді. Ал егер болған жағдайдың мәніне терең үңілетін болсақ, ендеше «тобыр» жай ғана өздерінің «шопандарының» артынан ерген болып шығады. Ал шопандарға өз отары аздық етті, олар жайылымдары мен отар қойларының көп бөлғанын аңсады. Себебі қаншалықты қой көбірек болса (егер сол павелдік ілімнің шеңберінде қарайтын болсақ), соншалықты олардан алынатын жүнде көп болмақ, сәйкесінше «шопандардың да» өмірі тәтті болады. Биліктегілерге әрине бұл ұнаған жоқ: менің мемлекетімде шопан боласың, бірақ пайдаңмен қалайша бөліспейсің? Биліктегі кейбірі осындай «арамтамақтыққа» шыдамдылық танытса, ал басқалары кезеңдетіп еш кінәсі жоқ «тобырдағы» адамдарға зәбір көрсетіп, «шопандарға» өздерінің «заңды» қағып-соғуларын жасады. Ал «шопандар» болса осы сәтті, өздерінің сенушілерінің өлімін пайдаланып, өздерін «кедей, бақытсыз, барлығы қудалаған» мүсәпір көрсетіп, халықтың жанашырлығын тудырды. Айтпақшы бұл Архонт адамдарының классикалық әдіс-тәсілдерінің бірі.

— Өздерін кедей, бақытсыз, барлығы қудалаған етіп көрсету ме? — деп Николай Андреевич күлді.

— Өте дұрыс. Олар өздерінің адамдарына, «тайпаластарына» қарсы бағытталған жанжалдарды өздері жасырын арандатып, бұл жанжалды екі басты нәтижеге қол жеткізуге болатындай үрлеп жібереді. Біріншіден, қатарлары тазарады, яғни өздеріне ыңғайсыздар құртылады. Екіншіден, әдетте осындай жасанды жасалған жанжалдар бүлікшілердің өздеріне атақ алып келеді. Олар осыны пайдаланып, адамдардың жанашырлығымен ойнап, ерекше қоғамдық пікірді қалыптастырады. Бұл ақыр соңында осы интриганың бүлікшілерімен биліктегі маңызды лауазымдар мен қоғамға шығын болған өздерінің капиталдарының өсуіне алып келеді... Осындай принциппен яхудей-христиан епископтары әрекет етті. Олар басында өз «дін тобырына» қарсы билікпен жанжалды арандатады. Ал кейін, осы жанжалдың құрбаны ретінде ойнап,

өздеріне қоғамдық пікірді қалыптастырды және бөтен адамдардың сүйегімен үлкен билік пен ықпалдарын кеңейтуге жол салды.

— Бұл әсіресе кейбір билік басындағылардың өздерінің сіріңке талының ұшқынынан әлемдік өртті тудыруға тырысқан бүгінгі күнге соншалықты ұқсас екен, — деді Володя.

— Ал сен қалай ойлап едің? Ол кезде де, қазір де солай. Біздің заманда кімдер маңызды лауазымда отыр және өздерін халық қинайды деп кімдер көбірек зар қақсайды?

— Ал басында христиандарды қудалаған да, ал кейін лезде қалайша құрметтеп шыға келген? — деп сұрады Руслан.

— Бұл ерекше тарих, — деп Сэнсэй жауап берді. — Жалғыз билік етуге ұмтылған адамның амбициясымен Архонттардың ниеттері қосылғаны туралы тарих.

— Ұлы Константин туралы ма? — деп Николай Андреевич түсінді де, күлкімен айтты: — Ниеттері мен амбициясы қосылғаны деймісің, хм, тыңдау қызықты болар еді.

— Бұл анық! Сэнсэй ол туралы айтып берші, — деп біздің жігіттер іліп әкетті.

— Иә, әйтпесе біздер ол туралы тиіп-қашып қана, — деді Виктор.

Женька лезде әзілмен қосты:

— М-да-сь. Енді біздерге толық бағдарламаға бір кездері пісіп-жетілетін кез болады емес пе!

— Енді, толық болса толық болсын, — деп Сэнсэй келісті де, кішкене үнсіздіктен кейін әңгімесін бастады: — Архонттар өздерінің билікпен манипуляция жасаулары, жанжалдарға арандатуларымен ақыр соңында Диоклетиан император басқарған кезде Рим империясындағы биліктің үшке бөлінуіне алып келді: басында Максимианмен, кейін батыс провинцияларды басқарған Констанций Хлормен және шығыс провинцияларды басқаруға қойылған Галериймен. Бұл 305 жылы биліктен Диоклетиан мен Максимианның бас тартуынан кейінгі дәл сол билікке қырғын таласудың уақытына алып келеді... 306

жылы Констанций Хлордың өлімінен кейін, батыс римдік провинциялардың «август-ті» (ежелгі рим императорларының титулы) болып оның ұлы Константин жарияланады.

— Бұл әлгі «Ұлы» деп атап кеткен адам ба?! — деп Костя маңызды болғандай сұрады.

— Өте дұрыс, — деп Сэнсэй басын изеді. — Және тек «Ұлы» ғана емес, «Әулие», «апостолдарға тең» (равноапостольным). Бұл тек оның «әулие», «апостолдарға тең» өмірінен еш хабары жоқтарға ғана солай. Шын мәнінде ол Нероннан да жаман болды. Бірақ Нерон Архонттардың билігін қолдаған жоқ, сондықтан оны тарихта қатыгез тиран ретінде әсіре жамандап көрсетті, антихрист тәндегі шайтанға теңеуге дейін барды. Ал Константин Архонттардың бар шарттарын орындады, сондықтан олар оны тірі кезінде-ақ әулиеліктің құрметімен қоршады.

Женька байғұсша созды:

— Ал біздер бай-ғұс қойлар олардың сөзіне сенеміз.

Балалар күлді, ал Стас сол бойда мысқылдады:

— Біздер емес, сенсің. Шатастырмауыңызды және жалпылай айтпауыңызды өтінемін.

— Саған қой емес, адам болуға ешкімде кедергі емес, — деп Сэнсэй Женькаға жауап берді. — Архонттар адамдарды оңай шатастырып олардан өздерінің «қойларын» жасауының себебі, адамдар ақпаратты білмейді және толықтай түсінуге де ұмтылыстары күшті емес. «Моя хата с краю, ничего не знаю» («өз үйім шетімен, қалғанында шаруам жоқ, жүре берсін бетімен») деген принципте өмір сүреді немесе иландырғанды шынайылық деп түсінеді. Сондықтан Архонт идеологиясының жетегінде өмірлерін кешеді. Бірақ барлығы адамдардың қолында.

— Және басында, — деп Николай Андреевич қосты.

— Әрине, — деп Сэнсэй келісті.

— Негізінде сенікі дұрыс. Мысалға мен Константин өмірі туралы аз білемін, тек оның Никейлік жиынмен (Никейским собором) байланысты болғаны болмаса, — деді Володя. — Бұл

сұрақта менің білімім үстіртін және өте шектеулі деп айтса болады...

— Дәл, дәл, — деп Женька іліп әкетті. Бұл тарихи тұлғаны тереңірек қазуды қалайтын едік.

— Енді қаласақ, демек қазамыз, — деп Сэнсэй жай ғана айтты да, сөзін қосты: — ұрпақтарға ғибрат болсын... Константин 272 жылы Наисста (бұл бүгінгі Сербиядағы Ниш қаласы) дүниеге келеді. Оның ата-анасы болашақ император Констанций Хлор және кейінірек ұлының билігінің арқасында ерекше августи (титул) болған, трактиршиктің қызы Елена. Константиннің әкесі өте үнемшіл, есепшіл болған және бұл барлығына қатысты болды: тұрмыс-тіршіліктен бастап саясатқа дейін. Империяны тең басқарушы лауазымына жеткен соң, ол әйелі Еленамен ажырасады, ондағы мақсаты император Максимианның өгей қызы — Феодораға есеппен үйлену. Тарихшылар кейін бұл Диоклетианның бұйрығымен болды деп жазады, дегенмен Констанций Хлор бұл идеяны белсенді қолдаған, себебі бұл өмірін жылдар алдыға прагматикалық есептеуімен сәйкес болған.

Оның ұлы Константин Диоклетианның резиденциясына қызметке жіберіледі. Ол жерде өмірінің ең жақсы он жыл жастық шағын интрига, ойнастық (зина) пен қатыгездік арасында өткізеді. Сол кездері-ақ ол билік үшін болашақтағы қарсыласы Галериймен беттесіп қалады, оның интригалары Константиннің өміріне бірнеше рет үлкен қауіп төндіреді. Диоклетиан мен Максимианның соңғы билік жылдарында христиандарға қарсы жаппай репрессияға бағытталған эдикт жарлығы шығады. Және осы жарғыны орындағандардың ішінде Константінде болды. Ол тіпті христиандардың өлім жазасына жеке қатысты, өз заманында өзіне осындай өлтірулерде «салмақты» абырой жинаған Павелден кем түспес үшін. Өмір бойы алдына қойған бір ғана мақсаты болды — ол толық бір билікке жету.

Билікте пертурбация басталып, Галерий жаңа «август» титулына белгіленген кезде (Диоклетиан мен Максимианның

отставкасынан кейін), қарт Констанций Хлор айлакерлікпен өзінің сенімді адамының көмегімен Галерийға хат жеткізіп, «өлім алдында қарт әкенің Константинді көріп қалсам деген жылап-жалбарынуы» хатымен Константинді «император тұтқынынан» алып шығады. Осының арқасында ұлы қысқа уақыт ішінде Шығыс провинциясынан, Константин басқарған Батыс провенциясына аман-есен жетеді.

Міне осы жерде Константин үшін үлкен биліктің мирасқорлығының нағыз мектебі басталады. Британиядағы қала-қорған (римдік легиондардың штаб-пәтерлерінің бірі) римдіктер өз мәнеріне салып Эборок (бұл анағұрлым кейінірек ағылшындар Йорк деп атаған, ал кейін оның құрметіне америкалық қала Нью-Йоркты атаған) деп атаған Кайр-Эбраукте орналасқан шал Констанций Хлор өмірінің соңғы жылдарында ұлына, биліктің су астындағы құпияларын ғана ашпайды. Ол ұлын осы аймақтарда Архонттардың мүдделерін қорғаған өте ықпалды адамдармен таныстырады. Константин оларға мінезі жағынан да, амбициясы жағынан және үлкен маңызды болған тегі жағынан да ұнап қалады (анасы Еленаның ұлты біршама маңызды рөл атқарған). Дәл осы таныстықтан кейін сол жылы Архонттардың Рим империясын қайта құру (реорганизация, қайта ұйымдастыру) жоспары жасақталады.

Константин мен Архонт адамдары арасында ерекше келісім жасалады, оған сәйкес олар оны жалғыз билік етуге әкеледі, ал ол Рим империясының жалғыз императоры болып олардың барлық айтқандарын орындайды. Соңғысының тізімінде христиан дінін (Павел ілімінің негізінде құрылған) мемлекеттік дін деңгейіне көтеру ғана емес, тіпті бүгінгі күнге дейін актуалды болған билік құрылымын толықтай қайта жасақтау (құру), саясатты өзгертіп және басқару жүйесінің жаңа принциптерін өзгерту де кірді. Бұл келісімдер екі жақты пайдалы болды. Константин келісті, себебі түптеп келгенде үлкен билікке қандай жолмен жету ол үшін бәрібір еді. Нәтижесінде Архонт адамдары өз сөздерінде тұрады. Және

Константинде әкесінің табанды, ал кейін анасының кеңес беруімен олардың бар талаптарын орындайды.

— Басқарудың жаңа принципі? — деп Николай Андреевич қызыға сұрады. — Ал қандай?

— Хм, біршама қызықты, — деді Сэнсэй күліп. — Өз заманында император Диоклетиан (өзін Иовий деп атаған) кейінірек қолдарында армияға шын билік етіп тұрған әскери ақсүйек басшылардан шыққан кішкене топ кеңесіне айналған, консисторий дегенді құрады. Бірақ идеяны Диоклетиан толық жүзеге асыра алмайды. Бұл органның құрамы тұрақты болмайды, жиындары жүйесіз және келесі жиынға сол адамдардың қайсысы қатысатынын тек император ғана шешті. Бірақ идеяның өзі Архонттарға ұнап қалады. Константин билігі кезінде Архонттар бұл идеяны мүлдем жаңа бейнеде жүзеге асырып бұл органды құпия серіктестік етеді — «comitatus» және оның мүшелері комиттер деп аталды. Оған іс жүзінде мемлекетті басқарған жақсы ұйымдасқан азаматтық та, әскери билік шыңындағылар да (императордың кеңесшілері) кірді. Константин бұл ұйымның тек формалды басшысы болды.

Ал бұл кеңесшілерің қандай лауазымдарға отыра бастады десеңші! Әкімшілік, сот, қаржылық функцияларды атқарған кеңестің төрағасы (кейін квестор, ал одан соң канцлер деп атай бастаған); қоғам қаржы министрі; ішкі қаржы министрі; ішкі әскердің әскери басшысы; азаматтық қызметтің басшысы; мемлекеттік хатшы. Ал соңғысы империяның құпия полициясы мен оққағарлар отрядының ресми басшысы. Бұл адамдардың бақылауында барлық мемлекеттік департаменттер мен орасан зор адамдардың штаты болды. Негізіне аримандық принцип қойылды: «бөліп ал да, билей бер». Кейінірек соңғы кезеңдегі Рим мемлекетінде осындай жүйенің үлкеюі көптеген департаменттер мен жүздеген қызметшілердің пайда болуына әкелді. Және нәтижесінде — мемлекеттегі жемқорлықтың дамуына соқтырды.

Сонымен, Архонт адамдары мен Константиннің келісімі арқасында болған саяси түрлендіруден бөлек, іс жүзінде құдіретті империяны екіге бөлген нәтижеге де қол жеткізеді. Салдарынан Римде діни билікті епископтар қолдарына алады, кейінірек толық папалық биліктің торын құрып, оны диктатураға дейін дамытып, Еуропадағы олардың озбырлығы мен билеп-төстеуіне алып келеді. Ал Константин болса оларға Римді беріп астанасын Шығысқа, Кіші Азиядағы Босфор жағалауындағы Византия қаласына көшіреді. Қаладан «Жаңа Римді» жасап, кейінірек қала Константинополь деп аталады. Көп ұзамай Византия — бұл Шығыс Рим империясы деп аталатын — тәуелсіз Византия империясына айналды. Кейінірек оны папалық (діни) Архонттардың сүйікті тәсілімен бір мемлекетті ұсақ бөліктерге бөліп талқандайды.

Ол замандарда ендігі Христиандық біршама күшті ұйымға айналған. Өз уақытында бұл дінді Константин билігінің иінітірегi ретінде жасап, Архонт адамдары оны халық массасына біршама кең тірек артқан және қатаң иерархиялы жоғарғы жағы бар пирамидалды деңгейдегі құрылымын жасаған еді... Бұл бәліштен Константінде аз емес алады. Біріншіден, Павел дінінің көмегімен ол қол астындағыларға тек бақылауды алып қана қоймай, шіркеу мен мемлекетті біріктірді — өз билігін «құдайы» дәріптеу мен мойындауды алды. Ал құлдық мемлекеттің бар жерінде болғандығын ескеретін болсақ, императорға қарсы шығу деген, Павел дінінің идеологиясына сай, бұл ендігі Құдайға қарсы шығу дегенді білдірді. Құлдардың көтерілуі — ендігі билікке бағынбау деп емес, Құдайдың өзіне бағынбау актысы ретінде қаралды. Барлығы Константин алдында тізе бүгуі керек болды, өйткені христиандарды осыншалықты қудалаудан кейін олардың қорғаушысы ретінде ол «Құдайдың өзімен таңдалған» деп жарияланды.

Ал Константинге өздерінің кітаптарында оған «құдайы дәрежемен» (божественный сан) мақтап-мадақтаған арнайы шіркеу-жазушылары беріледі. Олардың бірі кейінірек



Константиннің жақын үзенгілесіне айналған Евсевий Памфил болды (немесе оны тағы да Евсевий Кесарийский деп атайды) — епископ Кесарии Палестинский, шіркеу жазушысы, бүгінде өткен христиандықтың абыройлы тарихшылар қатарына кіреді. Сонымен бұл «тарихшы» «Евангелияға Дайындық» (Приготовление к Евангелию), «Шіркеу тарихы» (Церковная история) деген шығармаларымен (өзінен талап етілгенді жазып) 324 жылға дейінгі христиандықтың тарихын жазады. Ол әлі күнге дейін «дінді ұстанушыларға» айтылатын «Жизнь блаженного василевса Константина» деген аңыз әңгімені жазады. Біздер не екенін ұғыну үшін мен бірнеше сөздерін айта кетейін. Мысалы ол жерде: «Адал әрі мейірімді қызметші ретінде Константин жариялағанын жасады...»

— Енді иә, — деп күлді Володя. — Егер оның биліктегілерге берген уәдесін ескерсек...

— ...«Ол өзін құлмын деп ашық айтты, өзін Патшалардың Патшасына қызметші ретінде көрсетті (айтты); осынысы үшін көп ұзамай Құдай оны марапаттады... оны бұрын-соңды құлақ естіп, көз көрмеген василевс (мұрагерлік монарх дегенді білдіретін грек термині) етті, соншалықты Құдайды жақсы көретін жарылқаулы, тақуа және гүлденгенін көрсетті. Ол еш қиындықсыз бұрынғы билеушілер жете алмаған анағұрлым көп халықтарды алды және дүниеден өткенге дейін өз билігін сақтап қалды... Оған жақындап қандай да бір игілік алмағандардың болмағаны секілді, одан көмек күткендердің де жақсы үміті алданбады». Және әрине бұл «тақуа» Константин қандай қатыгез және деспоттық істер жасағаны туралы бірде-бір сөз айтылмады. Билікке ұмтылып оның қандай қылмыстар жасағаны да үнсіз қалды. Жеке дара билік етіп император болған кезінде ол өзінің тағына таласуы мүмкін деген жақын туыстарын қатыгез өлтіреді: халық арасындағы танымалдылығы үшін үлкен ұлы Криспты, әйелі Фаустаны. Бұл «барлығына азаттық пен ізгілікті беруші», «жарылқаушы» Константин, өзінің жарлықтарымен қарапайым халықтан тиынына дейін тартып алып, қосымша ондаған мың

азат адамдарды басыбайлы етіп, құлдықты үдетіп жіберді. Бірақ бұл барлығы емес. Константин өз мемлекетінде тек саяси билікті ғана емес, діни билікке ие болуды да қатты қалайды. Және ол Архонт адамдарын осыған көндіреді.

— Қызық, ал неліктен оған бұл билікті бере салды? — деп Николай Андреевич ойлана сұрады. — Себебі бұл идеологияның диктаты емес пе.

— Константин өз өміріндегі билік ету мерзіміне ғана есеп жасады, ал Архонттар жүз жыл алдыға ойластырады... Енді Константин ресми император, «ескі діннің» алғашқы пірөдар Ұлы Понтифигі титулы бар Жоғарғы дін басшысы бола тұра, сонымен бірге мемлекеттік дінді — христиандықты басқарды. Және барлық маңызды шіркеу лауазымдарына өз бетімен епископтарды тағайындап, христиан дінінің барша епископтарын басқаруға тырысты.

— Иә, — деп күлді Стас. — Өзімшіл мақтаныш сезімі өте-мөте болған екен!

— Енді сен нені қалайсың, — деп Сэнсэй иығын көтерді, — егер адам өзін құдайы болмыс (эулие) ретінде санап, өз құрметіне арналған ғибадатханаларды салса, бұл жерде тағы не айтуға болады? Айтпақшы ғибадатханалар туралы. Дәл осы Константин алғаш рет Пётр мен Павелдің құрметіне Рим мен Константинопольда ғибадатханалар салып, «эулие Пётрдың рухани мықтылығы» мен «эулие Павелдің ақылдылығын» мадақтап, олардың құрметіне мерекелік тойлауды орнатады.

— Анекдот! — деп Женька күлді.

— Дәл, — деді Володя жуан даусымен. — Бұл әлгілер ендігі өмірде жоқ, бірақ оларды емдеуде деп аталады...

Николай Андреевич сұрады:

— Сонда да, егер Константин барлық билікті басып алса, ендеше бұдан шіркеушілерге қандай пайда? Жарайды, жүз жыл алдыға ойластырған Архонттарға пайдасы түсінікті. Ал епископтарға Константинге шыдаудан қандай пайда болды?

— О, сен не! — деді Сэнсэй. — Епископтар Константиннің билігіне «куанғандардың» алғашқылары болды! Ол өзінің дәрежесін мойындағаны үшін оларға қорған болуға, байлық пен билік беруге кепілдік берді. Елдің мемлекеттік діні дегеніміз не? Бұл деген елдің барша халқын өздерінің «дін тобырына» еркін айналдыруға болады деген сөз, сәйкесінше шіркеуге келетін қомақты кіріспен қамтамасыз ету. Оның үстіне шіркеулерді, соборларды салу, олардың әл-ауқатына қамқорлық етуді, тіпті дін қызметкерлеріне көбірек азық-түлікті бөлуді, «қарындары» толған епископтардың қалтасынан емес, мемлекет өз мойнына алды.

— Әрине, мемлекеттің мойнында өмір сүруді кім қаламайды дейсің, — деп Володя әзілдеді.

— Константин христиандық діни басшылықтың дәрежесін көтеріп нығайтты, оларға қоғамдағы жоғары дәрежені беріп, қарапайым рим азаматтары орындаған міндеттемелерден босатты. Император өлген адамның өсиетнамасына сай Шіркеудің қайтқан адамның мұрасын алуға құқығын бекітті. Және өсиетнамада Шіркеуді айналып өту Құдайдың өзін ғайбаттағанмен тең болғандай етіліп, барлығы әдейілеп жасалды. Ал егер шіркеу басшылығының саясаты бір жерлерде «Құдай сөзінен» ауытқып және әділдікті орнатқысы келген адамдар пайда болса, ендігі шіркеу иерархиясы олармен саудаласып тұрмай сол адамдардың тағдырын тез әрі тиімді шешті — империяның жазалаушы аппаратының көмегімен. Барлығы басқаруда оңайырақ бола түсті: егер сен шіркеу саясаты және оның постулатымен келіспесең, демек сен — күпірсің (еретик, дінбұзар). Егер сен олармен бірге болмасаң, демек оларға қарсы болғаның, сәйкесінше олардың сөздеріне, Құдайға қарсысың. Айта кетейін, «еретик» сөзі (күпір, дін бұзар) (hairetikos) грек тілінен аударғанда «жақтас, қолдаушы» (сторонник), үстемдік еткен шіркеу жалған ілім деп есептеген қандай да бір сектаның жақтаушысы дегенді білдірген. Дегенмен

«ересь» (hairesis) сөзі «ерекше сенім (дін) оқуы» дегенді білдіреді...

Осындай артықшылықтарға иерархиялы христиан басшылары қуанбағанда! Осынысы үшін олар Константиннің басшылығы мен бассыздығына көз жұмып қана емес, оны күнітүні мадақтауға дайын болды. Оның үстіне ол өз заманындағы әкесі секілді өзіне де оларға да қызмет етіп, барлық нәрседен пайда көре алатын ақылды әрі сауатты саясаткер болды. Оның анасымен «рухтандыратын» (жігерлендіретін, животворящий) деп жарнамаланған айқышпен (крест) болған алаяқтықтың өзі неге тұрады.

— Айқышпен (крест)? — деп тіпті Викторда қайталай сұрады.

— Иә. Никей соборында 325 жылы Константиннің басшылығымен «шіркеу әкелері» «Сенім Белгісін» бекітеді — бұл дін ілімінің негізгі іргетасын құрған христиан шіркеуінің негізгі догматтарының қысқаша жиынтығы (свод). Және бұлардың барлығы дінді ұстанушыларға соқыр сеніммен қабылдансын деп есептелді... Анасының сыбырлап айтуымен Константин христиандықтың жаңа нышаны (белгісі) етіп — айқышты (крест) жасауға шешім қабылдайды.

— Ал оған дейін бұл христиандық белгісі болмағаны ма? — деп Костя таңқала сұрады.

— О, оянды, — деп күлді Женька.

— Әрине жоқ, — деп Сэнсэй жауап берді. — Мен сіздерге бір кездері айтып кеткенімдей айқыш (крест) бұл дінде тек IV ғасырдан бастап қана құрметтеле бастаған. Ерте христиандық дәуірде айқыш «ескі діндердің» (языческий) нышаны ретінде тіпті де қабылданбаған. Оның үстіне айқыш (крест) белгісі сол замандарда жазалау қаруы ретіндегі мағынаға ие болды. Ерте христиандықтың белгісі ретінде қозы (құрбандық қозысы), балық, лалагүл, от болған, бірақ айқыш (крест) емес.

— Айқыш (крест) «ескі діндердің» нышаны болғаны ма?! — деді Костя одан әрмен таңқалып.

— Және ол христиандыққа дейінгі мәдениеттерде кең таралып құрметтелген, — деп Сэнсэй солай болуы керектей айтты. Археологиялық мәліметтерді қарасаң сен жер шарының түрлі жерлерінде жоғарғы палеолит уақытынан-ақ айқыш (крест) қасиетті таңба ретінде құрметтелгенін көресің. Ежелгі халықтарда ол от нышаны ретінде қызмет еткен. Айқыш күн мен мәңгілік өмірдің негізгі тұмар нышаны болған.

— Ал неліктен егер оны басында қабылдамаса христиандықта құрметтей бастаған? — деп түсінуге тырысқан Костя еш басыла алмады.

— Енді қалай, бұл адамдардың, олардың интерпретациясының, ойлап тапқан саясатының ісі емес пе. Өйткені IV ғасырда дінді мемлекеттік шеңберде рәсімдеді. Өзінің діни нышаны керек болды, оның үстіне христиандық қатарды толықтыру үшін ол «ескі дінді» ұстанушыларға да қызықтырарлықтай болуы керек еді... Осылай айқышты (крест) алады. Константин не үшін айқышты (крест) таңдағанын түсіндіру үшін Евсевий Памфил-ге «халық үшін тарихты» жазу тапсырмасы беріледі. Ал ол (Константиннің көмегенсіз емес) шешуші шайқастарының бірінде Константин аспанда айқышты (крест) көрген деп жазады. Ал кейін Константинге Иса түсінде келіп императорлық тақ үшін оған жеңісті беріп, ұрыс туына өзінше бір айқышты (крест) салуына кеңес беріпті-міс. Және таңертеңгісін Константин солай жасайды да шайқаста жеңіске жетеді екен. Осы оқиғадан кейін Император Иса Мәсіхке сеніп, ықыласты христиан болады екен. Ал негізінде дұрыс ойлаушы тарихшылар үшін бұл тарих сымақ әлі күнге дейін күлкі мен әзіл тудыратын нәрсе.

Осы аңызға «сенімділік» бет-бейнесін беру үшін негізіне шыныменде 312 жылы болған тарихи оқиғаны салады. Әңгіме Римнен алыс емес жерде кішкене Константин әскері мен көп санды Максенцийдің (биліктегі бақталасы) «шешуші шайқасы» туралы. Осының барлығы ежелгі тарихшылармен ғажайыптың арқасында болған Константиннің ұлы жеңісі ретінде көрсетілді.

Бірақ шындығында бұл Константинді билікке жеткізу жоспарының жай ғана заңды нәтижесі. Тіпті қолда бар тарихпен бұл есептелген маневрді көру үшін жеті көзді болудың қажеті жоқ. Сол жылдары (біртіндеп оның негізгі бәсекелестері жанжалдасып, өлтірілген кезде) Константиннің әліптің артын баққан (күткен) саясатын және оның императорлық Рим тағына барар жолындағы «тез жеткен жеңістерін» салыстырса жеткілікті. Осы фактылерді ескере отырып, оның билікке бағытталған жолы, бәсекелестерін бопсалау, қоғамда керекті көңіл-күйді жасау және әскерді сатып алу секілді әдіс-тәсілдермен Архонт адамдарымен алдын-ала дайындалғаны түсінікті.

Бірақ осы біршама көзге көрінулі оңай жеңістермен есепті келісімдердің фактылерін жасыру, адамдар көзіне өзін батыр етіп көрсету үшін, оның ұлы жеңістері туралы аңыздар ойдан шығарылды. Әсіресе Константиннің Максенций әскерін талқандаған «ғажайып жеңісі», осыдан кейін Константин Иса Мәсікке сеніп және дәл осы «шешуші шайқаста» Құдай өзіне жеңіске жетуге көмек берді деген осындай батырлық тарихы қайдан алынды? Өзіне бір кездері әкесі айтқан тарихтан. Бір кездері Констанций Хлор қызмет етіп және императорлық ықыласына қол жеткізген, Аврелиан императормен болған тарихтан. Шығысқа жорықтарының бірінде 272 жылы Аврелиан әскері мен римдік шығыс провинцияларды тәуелсіз басқарған пальмирлік ханша (патшайым) Зенобия әскері арасында ұрыс болады. Жағдай ұқсас еді. Тек осындай белгісіз ұрыс жағдайында кенеттен Аврелиан әскері бұл шайқаста жеңіске жетеді. Осыдан кейін Аврелиан Эль-Габала ғибадатханасына салтанатты барып, барлығына осы сириялық күн құдайының арқасында жеңіске жеттім деп жариялайды. Ал кейін сол құдайды, құдайылық иерархиясында жоғары дәрежеге көтеріп, Жеңілмейтін Күн культін орнатады (культ Непобедимого Солнца) (Sol invictus). Күнге арналған ғибадатханаларды салады. Римдік әскерде біршама танымал Аврелиан императордың

осындай ісі көбінде саяси жағынан болды, себебі императорлық саясаттың тірегі әскер еді.

Аврелиан заманында және Константин уақытында негізгі римдік әскерді кімдердің құрғанына зер салыңыздар?! Сириялық садақ атушылар, азияттық салт аттылар және сол сияқты. Рим империясының құрамына кірген еуропалық, солтүстік-африкалық аймақтарындағы айтарлықтай әскери контингентті құраған, шығыс провенциялардан жиналған салт аттылар мен жаяу әскерлер. Әрине бұл адамдар әскери қызметін өтеген жерлерге таратқан өздерімен бірге діндерін де алып келгені қалыпты құбылыс. Және саясаткерлерде осы жағдайды пайдаланды. Сіздер сол Константиннің христиан нышаны ретінде алып жүрген монограммасына зер салыңыздар.

— Ал қандай монограмма? — деп сұрады Стас.

— Әлгі аңыз бойынша ол отрядтарының әскери жалаулары мен қалқандарына салғаны. Ол «Х» қарпі секілді көрінді, тек қиылысқан ортасы арқылы тағы жоғарғы «Р» секілді доғасы бар вертикалды сызық өтті. Және осының барлығы толықтай шеңберде болды. Ең қызығы кей кездері Константиннің өзі ойлап тапқан деп жазатын осы «монограмма», Күн барша әлемнің заң шығарушысы және барша шырақтардың патшасы деп саналған, халдей космологиясындағы (ол замандарда Шығыста өте кең таралған) күннің белгісі еді.

— А-а-а, — деп Николай Андреевич созды, — солай ма!

— Бұл жай ғана ойдан шығарылған саясат... Сонымен, айқышты (крест) христиандықтың негізгі символы ретінде жасау шешілген кезде, «дін тобыры» сену үшін бұл таңдауды өздерінің «фактылерімен» түсіндіру керек болады. Сұрақ оңай шешіледі. Келесі 326 жылы Константиннің анасы Елена Иерусалимге «қажылыққа» барып ол жақтан «мүлдем кездейсоқ» үш жүз жыл бұрын Иса шегеленіпті деген ағаш айқышты (крест) тауып алады. Және тек бір ғана емес, «ескі діндердің» ғибадатханасының астындағы үңгірде жасырылған үш айқышты табады.

Николай Андреевич күлді де айтты:

— Енді иә, ол замандарда ескі дінді ұстанушылар айқышты діни құрмет етсе...

— Өте дұрыс, — деп Сэнсэй басын изеді. — Бірақ ол ескі ағаш айқыштарды тауып алды дегенмен халықтың қызығушылығын оята алмайсың. Аңыз бойынша осы ағаш айқыштардың қайсысы шын екендігін білу үшін, Иерусалимдік патриарх Макарийдің кеңесімен айқыштарды бір сырқат әйелге кезекпен жақындата бастайды. Сырқат әйел үшінші айқыштың жақындатуында «лезде сауығып» кетеді. Және айқыштың қасиетті екендігіне түпкілікті көз жеткізу үшін олар оны өлген адамға жақындатады және сол бойда ол «қайта тіріледі». Осындай «ғажайып» туралы аймақтарға хабар таратылып, «барша сенушілер айқышқа қол тигізіп немесе қасиетті затты көруді» қалаған кезде, әлгі табылған айқышты барлығы көре алуы үшін ең жоғарғы жерге көруге қояды.

Айтпақшы өлім жазасы орындалған жердің «нақты» «ашылғаны» Константин император кезінде, Елена Иерусалимде болғанда болды. Және ол осыған дейін Венераға арналған орында.

— Біршама мүмкін, — деп Николай Андреевич болжамын жасады, — егер ол танымал орын болса, оны христиандық қылулары әбден мүмкін.

— Бұл қайсысы? Айқышқа шегелеген тау ма? Голгофа ма? — деп Андрей мәнін түсінуге тырысты.

— Сен бірде Голгофа арамейлік диалектіден «күмбез» (маковка), «бас сүйек» дегенді білдіреді деп айтқансың, — деп Володя Сэнсэйдің есіне салды.

— Иә. Осылай яхудейлер санаған, себебі оларда осы тауда Адам-Атаның бас сүйегі сақтаулы деген сенім болған. Ал латын тілінде бұл *salvarium* деп аталды, ол *salvus* сөзінен шыққан, «тақыр» (жалтыр, таз) дегенді білдіреді.

— Демек, «тақыр тау» болып шыққаны, — деді психотерапевт ойлана, — күштің орны...



Ал Сэнсэй әңгімесін әрі қарай жалғастыра берді.

— Осындай жарнамадан кейін, сол баяғы Еленаның тапсырмасымен бұл айқыш екі бөлікке араланып, бірі Иерусалимде қалдырылады, ал екіншісін өзімен бірге Константинопольге алып кетеді. Және осы айқышты аралау кезіндегі ағаш ұнтақтары мұқият жиналып, алтынмен араластырылып одан теңгелер соғылған деп жарияланады. Айта кетейін кейін осы теңгелерді «емдік тұмар» (талисман) ретінде көрсетіп сатумен шіркеудің бірнеше ұрпағы байиды.

Оның үстіне Еленаның тапсырмасымен, павелдік адамдардың айтуымен Иса өмірінде «маңызды» болған сол орындарда ғибадатханалар салынады. Мысалға Иерусалимнен алыс емес жердегі Вифлеем қаласындағы «ескі діннің» ғибадатханасы бұзылып, сол жерде Иса дүниеге келіпті-міс деп христиандық ғибадатхана салынады. Айтпақшы бұл ғибадатханалар, арасында иудаизмді ұстаған яһудейлер аз емес болған жергілікті халықты дінге тарту үшін салынған жоқ. Императоршы Еленаның Иерусалимге «қажылығынан» кейін мемлекеттік-діни машина «қасиетті жерлерге қажылық етуді» лезде танымал етіп, бұл іс-шараны тек халық арасында сәнге енгізіп қана қоймай, біршама кірісті іске де айналдырады. Және өздерінің уағыздарында шіркеу басшылары Жаратушының ғибадатханасы әр адамның ішкі жан-дүниесінде деген Исаның шын сөздерін ұмытып, ол жақта оқылған дұға әсіресе Құдайға жағымды деген иландыруларын белсенді таңа бастайды.

\* \* \*

— Бірақ күші ерекшеленетін «қасиетті жерлер» де болады емес пе, — деді Виктор, — яғни адам қосымша рухани күш алатын жерлер.

— Сөзсіз, ондай жерлердің бары хақ, — деп Сэнсэй растады. — Бірақ шындықты өтіріктен ажыратып алайықшы. Шыныменде күшке (рухани) ие жерлер бар, бірақ қандай да бір

оқиғалармен немесе белгілі бір дін өкілінің қызметімен байланысты да «қасиетті жерлер» бар. Бұл түсініктер арасындағы айырмашылық өте үлкен. Және күшке (рухани) ие жерлер әрқашан «қасиетті жерлермен» тұспа-тұс келмейді. Оның үстіне өкінішке орай діни қызметкерлер «қасиетті жерлер» түсінігімен жиі спекуляция жасайды. Адамға өз-өзімен шын рухани жұмыс жасаудың орнына, бар да «киелі орынға» дұға жаса (тағзым ет) (және ол көбіне өзінің жалқаулығынан онымен келіседі), сол кезде барлық күнәсі лезде кешіріліп, әрі қарай еш саспастан «күнә жасай беруіңе болады» деп иландырады. Бірақ шындығында адам өз-өзімен, терең ішкі жан дүниесімен жұмыс жасамаса, «қасиетті жерлерге» қанша барсада бойында еш нәрсе өзгермейді.

Ал (рухани) күші бар жерлерге келетін болсақ, олар болған және бола да береді. Кей кездері олар «қасиетті жерлермен» бірдей келіп қалады. Ондай жерлер христиандықтан біршама уақыт бұрындары белгіленіп, басқа сенімдер мен діндерде құрмет тұтылған. Көбінде діннің орнына басқа дін келген кезде осындай жерлердегі бұрынғы діннің құрылыстары бұзылып, басқа құдайларға тағзым ететін жаңасы салынған. Мысал келтіру үшін алысқа барудың қажеті жоқ. Міне біздің тарихты алып қарайық, Киевтік Руське (Орыс) христиандық келген кезде, капицалардың (ескі діндердің ғибадатханалары) бұзылып, олардың орындарына шіркеулер тұрғыза бастады.

— Капица? Осы сөзді қанша рет естісем де, әлі күнге дейін оның не екенін білмеймін, — деп Стас мойындады.

— Капица — бұл ескі славяндық бейне, мүсіндеу, мүсін (ескерткіш) дегенді білдіретін «капь» сөзінен пайда болған. Бұл діни құрылыс.

— Ал олар қалай салынған?

— Әртүрлі. Қарапайым капище қоршалған шеңберлі алаңды, жергілікті халық тағзым еткен қандай да бір славяндық құдайды білдіретін ағаш немесе тастан жасалған мүсіні бар, кішкене құрбандық шалатын діни орын орналасқан түрінде.

Ондай капишелер әдетте кішкене ауылдар үшін болған. Ал қалаларда біршама үлкен құрылыстар бой көтерген. Мысалға Киевтің орталығындағы қазіргі Владимирский көшесіндегі (атақты София соборынан алыс емес жерде) № 3-ші үйдің қасында әлі күнге дейін **дұрыс емес гүл** пішінді капище іргетасы сақталған. Бір кездері онда славяндық жоғарғы **жеті** құдайдың мүсіндері орналасқан еді: Перун (найзағай құдайы), Стрибог (аспан құдайы), Макошь (жер құдай-анасы), Семаргл (өсімдіктер мен тамырлардың құдайы), Дажьбог (ақ сәуле-жарық құдайы) және Хорс (күн құдайы). Құдай мүсіндерін орналастыру және безендірулері арқылы бұл құрылыс толық бір космогониялық жүйені білдірді. Бұл капище 983 жылы, яғни христиандықты қабылдауға дейін кінәз Владимир бұйрығымен көтерілген. Ал оны 1975 жылы археологтар табады.

— Владимир капище көтерген бе?! — деп Николай Андреевич таңғала сұрады. — Міне жаңалық! Ал мен ол тек киратумен айналысты деп жүрсем.

— Енді қалай, ондай да іс болған... Кінәз Владимир де жалғыз билік етуге ұмтылған. Ол тіпті киевтік таққа да өзімен ұйымдастырылған төңкеріс және сол уақытқа дейін Киевті басқарған туған бауыры Ярополкты өлтіру (өлтіруге бұйрық берген) нәтижесінде келген. Владимир 980 жылы таққа отырып, өзінің Киевтік Русьтегі билігін күшейтуді аңсайды. Ақылды саясаткер болғандықтан өзінің жеке-дара билік етуі мен державасын саяси-мемлекеттік бірлікке келтіру мақсатында, бір идеологиялық база керек екендігін түсінеді. Ал ол замандарда бұл дін еді. Билігінің алғашқы жылдарында-ақ ол ең жақсы деген діни бақыстарды жинап алдарына міндет қояды: славян құдайларының пантеоны арқылы өзінің кінәздік билігін нақтылау (күшейту). Және құдайлар арасындағы алғашқы жоғары құдай ретінде кінәздің жарылқаушысы саналған найзағай құдайы Перунды қою қажеттілігі. Осылайша басында Перун тұрған және барша жергілікті культтер (діндер) құрмет

тұтуы керек болған жалпы мемлекеттік культ (дін) құруы жоспарланды.

Кейінірек барлығы осы мақсаттар үшін жасалды, оның ішінде «мемлекеттік деңгейдегі» капище салынды. Дегенмен уақыт өте Владимирдің Перун культі үмітін ақтамады деген пікірі қалыптасады, әрине көбісі славян болмаған «кеңесшілерінің» көмегенсіз емес. Және бұлай болуы да заңдылық еді. Себебі кінязге славян халқына, кедейлерге де, байларға да ықпал ететін иін тіректі дін қажет болды. Ал славяндық дін өзінің құрылымында саясат пен мемлекеттік істерден шетте қалды. Оның философиясы ерекше болатын. Ол тіпті тарихшылар «пайда болып жатқан феодализмнің жаңа өндірістік қатынастары» деп аталатынды кейбір мағынасында тежеді. Оның үстіне славяндық дін сол кездегі алдыңғы елдердің идеологиясына мүлдем келмейтін. Ешқалай сыймады, себебі алдыңғы идеологиялардың артында Архонттар тұрды. Ал олар «жабайы ескі дінді» ұстанатын халықтар мен билеушілерге менсінбей (төменсіте) қарады. Бірақ осындай менсінбеушілік шын мәнінде дінге емес, алдыңғы діндерді халық санасын басқару үшін қолданған саясаткерлерде болды. Бұл Архонттардың ғаламдық бақылау жүйесіне кірмеген «ескі діншіл» халықтар мен елдерге өзінше бір ультиматум секілді еді. Ал славяндар — әлгі славян халқының болжамға келмейтін құпия жанынан (рухынан) тұратын олардың бітпес мәселесі болды.

Сонымен жеке билікке ұмтылған кіняз Владимирге алдыңғы монотистік діндерді ұстанушы сол баяғы «кеңесшілері» арқылы идея-ұсыныс, Архонттардың талабы жіберіледі. Ал шарттың мәні келесідегідей болды: егер ол үлкен саясатта өзінің державасымен тең сөйлесуді қаласа, ол «ескі діндерден» (язычества) бас тартып, мемлекеттік идеология ретінде өзіне ұсынған нұсқалардағы кез келген дінді таңдауы керек болды. Және кіняз Владимир осы үлкен саясат ойынын қабылдайды. «Халық үшін дінді» таңдауда Владимир ұстаған

«қалалық ақсақалдар» кеңесіне лайықты бағасын беру қажет. Олар өздеріне ұсынылған діндердің ішінен кейінірек славян халқының менталитетіне икемделген православ христиандығын таңдайды. Владимирдің өзінеде халықаралық абыройлы, күшті және географиялық жақын осындай Византия секілді мемлекетпен тығыз қарым-қатынаста болу өте пайдалы еді.

Бірақ дінді алмастыру біртіндеп болған емес және халықтың қалауынан алыста жатты, қысқа уақыт ішінде дін «от пен қару», зорлық-зомбылықпен орнатылды. Негізінен Киевтік Русьті әлемдік саясат аренасында сол заманның алдыңғы мемлекеттерімен бірдей деңгейде қойып, позициясын барынша тез күшейткісі келген Владимирдің амбициясының кесірінен болды. Бұл оқиғаларды біржақты талдауға әрине болмайды. Бір жағынан мемлекетке әлемдік аренаға шығу экономика тұрғысынан үлкен серпіліс болып, мемлекетті нығайтты. Ал басқа жағынан — ежелгі замандардан келе жатқан славяндық мәдениет құртылады және Архонттар зорлық-зомбылық арқылы славяндардың руханияты жойылады деп болжады. Бірақ руханиятына қатысты олар қателесті. Ол жоғалмақ түгелі керісінше уақыт өте одан әрмен күшейіп өзінің қабілетін іске асыруда жаңа формаға ие болады. Православия мен славяндық діндердің дәстүрі мен идеологиясының қосылуы арқасында ерекше бірегейлік пайда болды.

Енді, ол замандарда «ескі дін» (пұтқа табынушылық, жазықтас) құдайларының функциясын христиандық әулиелер алады. Христиандық ғибадатханалар бұрынғы капищелердің орнында, әсіресе халық арасында танымал болған жерлерге салынды. Мерекелердің атауын өзгертті, бірақ славяндық салт-дәстүрлер көбінде сақталып қалды. Мысалға христиандық Пасха мерекесі, Күн және Перун мерекелерімен қосылды. Ресейдің кейбір алыс аймақтарында қасиетті апта әлі күнге дейін «күркіреулі (найзағайлы) апта» деп аталады. Дәстүрлі орыс масленица мерекесі де (таза славяндық мереке) халық арасындағы танымалдылығына орай Ұлы ораза ұстау алдындағы

ет-май (мясопустная) аптасы ретінде күнтізбеге қосылды. Сол сәнденіп үй аралап, иесі мен үйдің алаңына бидаймен шашу шашып, ән айтқан, ал үй иесі қонақжайлық көрсетіп оларға сыйлық беруі немесе ас ұсынуы керек болған украиндық коляда мерекесі де, шоқыну (шоқындыру) мерекесіне (святки) қосылады. Өйткені христиандыққа дейінгі Орыс елі табиғаттың жаңарғанын тойлаған. Немесе ескі стилмен 8 қыркүйекте тойлаған Рождество Богородицы мерекесін алып қарайық. Славяндарда бұл ежелгі рожениц мерекесі болды.

— Шыныменде, осындай біріктірулердің орны бар, — деп Николай Андреевич сөзімен келісті.

\* \* \*

— Енді, өзіміздің Константинге оралсақ, — деп Сэнсэй есімізге салды. — Дәл осы Константиннің кезінде христиандық ғибадатханалар шығыстық сән-салтанатпен, көрер көзге әдемілікпен салына бастайды, епископтар тамаша киім орамасымен қапталып (киініп), көл-көсір салтанатты рәсімдер енгізіледі. Жаңа салтанатты рәсімдер, шерулер, яғни шіркеу барша рәсімділікпен театрланған көрініске айналып кетеді.

Артында биліктің иерархиялы құрылымындағы пайда табушы ғибадатханалар тұрған, нұсқалған (көрсетілген) «қасиетті жерлерге» қажылық (зират ету) ету ғана емес, үлкен коммерция жасалған «қасиетті» жәдігерлердің (реликвия) барлық түрі сәнге енеді. Яғни, адамның сенімін көзге көрінетін, материалды заттарға байлауға тырысты. Қасиетті жәдігерлердің толық бір өндірісі іске қосылды. Шіркеу «әулиелердің мүрделерін» өздерінің ғибадатханаларына алулары туралы ашық спекуляция жасап, яғни ғибадатханаларына келушілердің көбеюіне, сәйкесінше қайырымдылықтан кірістің көп түсуін есеп жасап қана қоймай, әлгі мүрделерден де сауда затын жасады.

Бұл «қасиетті жәдігерлермен» сауда жасаудың күшейіп сондай абсурдқа жеткені соншалықты, кез келген дүңгіршек еш қиындықсыз сатып алушының бар сұранысын қанағаттандырды. «Әулие» Павелдің тырнағы керек пе? Мархабат. Ал кез келген апостол болмаса дін үшін азап шеккеннің сүйегі ше? Еш мәселесі жоқ. Сұрақ тек сенің осының барлығы үшін қанша төлей алатыныңда ғана.

— Ессіздік дерсің, — деп Татьяна басын шайқады.

— Әрине ессіздік... Айтпақшы, сол замандарда епископтардың осындай жарнамаларды асқындыра жасағанынан, өздері жарнамалаған «әулиелердің» шаштары, тістері, сүйектерімен сауда жасаушылардың соншалықты көбеюінен, оларға тіпті 381 жылы халық арасында осындай сауда жасауға тиым салуларына тура келеді. Бірақ бұл тиым салу ұзаққа созылмайды. Бірнеше жылдан кейін барлығы қайтадан жанданып, ендігі одан да үлкен күшпен іске қосылады. Ал ол орта ғасырда қандай салдарға соқтырғаны туралы мен тіпті үнсіз қалайын. Мемлекеттік шіркеу бұдан үлкен бизнес жасады. Зират (қажылық) етушілер оларға орасан зор кіріс әкелді. Арнайы «әулие мүрделері» үшін орасан зор тас табыттар салынды. Мүрделерге ғажайып әсер етуші қасиет таңылды. Оларға құрмет көрсету үшін үлкен зират етушілер топтары жиналған арнайы мерекелік күндер бекітілді. Осы қасиетті жәдігерлерге тағзым етіп олар ауқымды садақаларын берді. Тағы да Константин заманынан бері енгізілген иконаға (христиан дініндегі сыйыну нышаны: Құдайдың немесе әулиелердің көркем бейнесі) сыйыну (құрметтеу) уағыздалды... Ойдан шығарылған ескі ережелерге бар сыртқы діни мишурасымен жаңалары қосылды: қалай киіну керек, қалай тағзым ету керек, саусақты қалай ұстау қажет (перст), нені оқу керек, атрибутиканы қалай дұрыс тағу керек.

Татьяна қызыға сұрады:

— Маған да әлі күнге дейін шіркеу ережелерінің кейбір сәттері түсініксіз. Мысалы не үшін шіркеуге кірген барлық

әйелдердің міндетті түрде бастарында орамал болуы керек? Бұл не дәстүрлерді құрметтеу ме?

— Дұрысы бұны иудаизм дініне құрмет деп айтсақ болады. Өңгіме мынада, иудаизм дінінің рәсіміне сәйкес, тұрмыс құрған әйелдер үйлерінен орамалсыз шыға алмайды. Ал Павел болса «ескі діндегілер» үшін жаңа дінді ойластырған кезде, барлық әйел затына мұны міндетті ереже қылып қана емес, егер әйелдер бұған мойынсұнбаса, онда періштелердің құрметінен айырылады, олардың «жақсы емес» ниетін оятады деп қорқытады. Оның осы «үрейлендірулерінен» әйелдерді шіркеуге орамалсыз жібермеу «дәстүрі» және жесірлер мен монах әйелдерді орамалмен жабу басталған.

— Міне саған жаңалық! — деп Женька күлді. — Жақсы емес ниетін?! Періштелердің жынысы жоқ емес пе!

— Иә, бұл Павелдің әйелдерге қатысты нақты мәселесі болғаны анық, — деді Виктор.

— Бұл дәл! — деп үлкен балалар күле іліп әкетті.

— Бірақ егерде осы бар атрибутика мен діннің жалған қаптамасы көпшілік «дін ұстанушыларға» енгізілген болса, — деп Сэнсэй жалғастырды, — көбінде сауатсыз және дүниелікке батқандарға, ал өзін дінге қызмет етуге арнап, Иса Ілімін түсінуге тырысқан білімділер үшін, IV ғасырдың соңында канондық ретінде бекітілген кітаптар енген «Қасиетті мәтіндер» (жазулар, шығармалар) берілді. Гректің канон (kanon) сөзі «норма», «ереже» дегенді білдірді, ал канонизация (kanonizo) — «заңдастыру» («узаконивать») дегенді. Бұл оларға не үшін қажет болды? Бақылау мен билік үшін. Ал не болды? Павел қарапайым Иса Ілімін күрделендіріп, оны архонттық догмалармен араластырып, бұрмалады. Осының кесірінен сонымен бірге адамдар арасында Иса шәкірттерінің насихаттары жазылған ескі мәтіндердің болуынан, қоғамда философиялық спекуляция толқыны басталды. Бірі шыныменде мәнін түсінуді қаласа, ал басқалары жалпы шуыл ішінде барлығын өздерінің ойларымен интерпретациялап, жеке



секталарын құрды. Сондықтан шындығында христиандық өзінің алғаш дін болып туылғанынан бастап ешқашан бірегей болған емес. Константин кезінде христиандықты мемлекеттік дін ретінде жасап, «Қасиетті мәтінді» дүниеге әкелу шешіледі және оны «құдайы ашылудың (айтылудың) тауары», «абсолютті бұлжымас ақиқаттың кайнар көзі» ретінде нақтылайды.

— Қызык, ал неліктен Інжілге басқалары емес, дәл осы кітаптар таңдалынып алынған? — деп Руслан сұрады. — Кездейсоқ па?

— Олай емес. Сен жай ғана Інжілдің канондық кітаптарына, оларды кімдердің жазғанына еш пішімсіз зер сал, сол кезде осы кітаптарды «заңдастыру» инициативасы қандай топтардан шыққаны саған түсінікті болады. Басқа кітаптар арасында яхудеизм дінінің қасиетті алғашқы кітаптарына кіретін, «Мұсаның Бес кітабы» (Пятикниже Моисеево) деп аталатын сол «Ескі Өсиетте» (Ветхий Завет). Гамалиил тамырларынан шыққан адамдармен, ал шын мәнінде сол баяғы Архонт шеңберімен жазылған «Жаңа Өсиет» (Новый Завет). «Ескі Өсиетте» яхудейлік дін басшылармен өздерінің жеке діндерін рәсімдеу үшін ежелгі өркениеттердің тартымды фоны қолданылғандай, «Жаңа Өсиетте де» Павел ілімін айтқан және Пётрды мадақтаған жалпы фонында жүректі тебірентер Иса Ілімінің дәндері де пайдаланылды... Бірақ бұл жай ғана адамдардың ісі, одан артығы емес... Сондықтан дәл осы кітаптардың канонға айналуы, бұл істің артында шын мәнінде кімдердің тұрғанын көрсетеді. Және Павелдің айтқандары ғасырларға қалайша саяси белсенді іске қосылды десеңші, әсіресе дін мемлекет негізіне айналған кезде! Католиктік шіркеу: «Кім біздермен болмаса, ол бізге қарсы тұрушы» деген «ұранмен» үстемдік еткен орта ғасырларды алып қарайық. Олардың «күпір» (дінге қарсы, дін бұзушы) деп айыптауларынан қанша миллион адам ажал құшты. Ал іс

жүзінде бұл нағыз зорлық-зомбылық, билік үшін күрес болды. Аримандық демократия: «Кім күшті болса, сол дұрыс».

Бірақ осының барлығына қатысты менің айтқым келетіні. Адамдар Иса Ілімін айналдырып, одан дін жасап, Ол айтқанның көбісін бұрмаласа да, рәсімдер мен дүниелік заттарға тағзым етуді жасаса да, осыншалықты үлкен бизнестің лас иерархиясы мен саясаттың батпағына қарамастан, бұл дінде Исаның көрегендігі мен даналығының арқасында, Оның Ілімінің шын дәндері тек сақталып қана қойған жоқ. Осы дәндердің арқасында кейін көптеген адамдар осы дін арқылы шын құтқарылуға ие болды. Себебі адам Жаратушыны қалай атаса да, Оған қандай жолмен жүрсе де, бірақ ол Оның алдында ашылатын болса, бар жаны, жүрегімен демекші, дүниелік әлемнің ластығы мен батпағында өзінің лотос гүлі секілді тазалығында ашылатын болса, оның Құтқарылуына кедергі болатын ешқандай бөгет жоқ. Құдайы ұшқын деп аталатын — рух (жан), тек рухани тазалықта ғана ашылады. Ал сол тазалыққа жету үшін, Махаббат пен Мейірімділік үстемдік еткен Болмысқа, жай ғана Адамға айналу жеткілікті.

Николай Андреевич кішкене үнсіздіктен кейін, байқампаздықпен айтты:

— Мен Ілімнің дінге трансформациялану сұлбасы негізінен біркелкі (бірдей) екенін байқап тұрмын. Басында әдетте Бодхисатваның немесе рухани жетілген Адамның Ілімі жүреді, ал кейін ол культ пен рәсімділікке өседі.

Сэнсэй басын изеп, сөзін қосты:

— Істің неде екенін түсінесің бе, Шамбала Бодхисатвасының Ілімі таза түрінде ұйқыда жатқан көптеген адам рухын оятуға қауқарлы, ал пісіп-жетілген рух үшін — бұл ішкі серпіліс, адамды материядан көбелек коконын жарып шыққандай арылтатын, сол зоосмос. Бірақ тіпті адамдар Ілімді дінге айналдырса да, дін құрылған сол шын Ілімнің дәні адамдарға рухани пайда әкеледі. Ал культ пен рәсімділікке келетін болсақ...

Мысалы сол Константинді алып қарайық. Ол мемлекеттік дінді құрудағы сұлбаны өзінің понтификтерінен, антикалық және шығыс діндерінен, яғни христиан дінінің ұйымдастырушылары «ескі дін» (пұтқа табынушылық) деп атап, үнемі жамандаған діндерден алған. Ал сол діндерде рәсімділік, сән-салтанатты шерулер және тамаша ғибадатханалардың сәулетті құрылыстары, дін қызметшілерінің жоғары дәрежесі болған. Бірақ егерде осындай діни сыртқы жасандылық не үшін қажет деп, осы сұрақты тереңірек қазатын болса, Ариманның Вавилонда, Эсагиланы басқарып тұрғандағы айтқан қарапайым ақиқаты түсінікті болады: «Ұлылық пен құпиялық халық үшін ең тартымды».

Өйткені бүгінгі күннің адамдарына зер салып қарашы! Жаратушыға, жалғыз ғана тілегі — осы ластық материядан өз рухын құтқару болған, Оған ішкі Махаббаты арқылы өз бетімен келетіндер аз. Көбісінде адамдар дүниеге белшесінен батып, өздерінің күнделікті жеке мәселелері, күн көрісінің қамымен жүр. Олардың біршамасы сүйікті болған өздеріне аяушылықпен қарап өмір кешеді, тәкаппарлықтарын жұбатып, бір мезгілде өзі секілділерге қандай да бір билік ету үшін күреседі. Және мұндай адамдарды Хайуани негіз толқынынан алып шығу қиын. Жаратушыны тек материалды тәндерінде ауыр мәселелер туындағанда ғана еске алады немесе қиын жағдайларға тап болған кезде. Және бұл бүгінде көптеген адамдар білім алып, өркениеттің техникалық мүмкіндігінің арқасында ақпараттарға қол жеткізіп, түрлі халықтардың өткен рухани мұрасымен танысуға мүмкіндік алған кезде. Олардың салыстырып талдауға, ең болмағанда азда болса Жаратушыны сезінуге, бұл материалды әлемге адам не үшін салынғанын түсінуге мүмкіндігі бар. Осы мүмкіндігі бола тұра көптеген адамдар бұл туралы тіпті де ойланғылары келмейді, ерінеді. Оларға Архонттардың дайындап қойғанымен өмір сүру оңайырақ, сондықтан өмірлерінің басына «барлығы қалай өмір сүрсе, менде солай өмір кешемін» деген Архонттардың анықтап

берген өмірлік критериілерін қояды. Және осы үшін күштерін сарп етіп, бос байдарка секілді мұхитта, Хайуани негіздің үрлеген толқынында сенделумен болады.

Сэнсэй үнсіз қалды. Стас ауыр күрсініп, мойнында тағулы тұрған Иса шегеленген өзінің айқышын (крест) айналдырды да:

— Демек осы айқышты мойында тағу арқылы мен Иса Мәсіхті шегелегенімен келіскенім бе? Мен шын мәнінде Исаға емес, Оны сатып кеткен Иудаға, Оны сатып кеткен — Пётрға, Оның Ілімін бұрмалаған — Павелге тағзым еткенім бе? — деді.

— Олай емес, — деп Сэнсэй қарсылық білдірді. — Иса Мәсіхті шегелеген символ ретінде айқышпен әрине олар артық кетті. Бірақ тағы да осының барлығы саяси есеп пен олардың догмаларына сәйкес жасалды. Дегенмен мен сіздерге айқыш символы туралы айта кетейін. Әңгіме бұл символ мен айтып кеткенімдей, яһудейлер «ескі діндер» (пұтқа табынушылық) деп атаған басқа діндерден, ал ол өз кезегінде адамдарға өте ерте замандарда берілген білімдерден алынған еді. Және христиан дінін құрушылар символдың шын құндылығы мен мағынасын түсінбестен, бұл символ «ескі діндердің» (язычества) арасында танымал болғандықтан, өз діндеріне барынша көп адамды тарту үшін негізгі символ еткен.

Бірақ шын мәнінде айқыш (крест) — бұл киелі (сакралды) құндылықтар символының бірі. Мысалы егер сол квадрат пен шеңберді алып қарасақ, бұл символдардың мәні ішкі және сыртқы кеңістіктің шекарасын көрсетеді. Ал айқыш (крест) ортасына, барлық негізгі бағыттар **іштен сыртқа** бағытталған формуласы бойынша. Ежелгі замандардан-ақ айқыш (крест) адам моделі секілді трактоқаланған, себебі адам мәнінде өзінше бір орталық болды. Адам өз тандауында еркін. Және ол өзінің ішкі жан дүниесінде нені жасайтын болса, оның тағдырының сыртқы көрінісі де соған байланысты. Көптеген халықтар мәдениетінде айқыш (крест) материя мен рухтың бір болуының нышаны, өмір иероглифтерін білдіруші, сонымен бірге мәңгілік өмірдің, «ерекше назар аударарлық» белгісі ретінде, өлім иероглифі,

қиылысқан (перекрестья), эволюциядағы шекара бағанасы символы болуы бекер емес. Оның үстіне айқыш Ежелгі Мысырда адамның жасаған ісі мен ойлары, яғни оның өмірінде жиналған рух еркі мен тілек-қалаулары таразыға түсетін, Осирис сотының таразы символы болған. Сондықтан балалар мұның барлығы тектен-тек емес.

Кейбір адамдардың ілімді дінге айналдырулары — бұл жай пенделік істері. Өйткені еш ызақорлығы жоқ таза адамдар ақиқатты жүрегімен (жанымен) сезінеді. Ондай адамдар артық сөзге, дәлелдеулер мен ғажайыптарға мұқтаж емес. Олар жай ғана Жаратушыға барлығы үшін ішкі Махаббат пен Шүкіршілікте (Благордарности) өмір сүреді және өзінің ісі мен ойларында Жаратушыға өздерінің нағыз Адам деген атқа лайықты адамдар екенін көрсетуге ұмтылады.

Сэнсэй әңгімеде ұзақ үзіліс жасағандықтан, бұл тақырыптың жалғасын күте алмаған Виктор сөз бастады:

— Иә, біршама таңқалдыратын тарих екен, егер одан артығы болмаса...

— Айтпа, — деді Женька. — Қаншама игілік менің жарқын басыма кірді десейші.

— Игілендірмегенде! — деп Стас миығынан күлді. — Сенің шөлді алқабыңа осындай жаңбыр кеп төгілсе!

Балалар күлді, ал Женька сол бойда досының сөздерін дарытпай:

— Менің қаттымды қайдағы жоқтымен суарғанша, дұрысы құрғақшылықта өмір сүрген жақсы! — деді.

— Енді оған дейін барудың қажеті қанша? — деп Сэнсэй жымыды. — Танымды барынша үлкейткен дұрыс, тек нені танып жатқаныңды ойлау қажет.

— Иә, осыншалықты көп жаңалықтар, — деп жалпы таңғалыс толқынын Андрей іліп әкетті. — Осындайды мен қайдан еститін едім?

— Мүмкін сіздер үшін бұл жаңалық шығар, — деп Сэнсэй иығын көтерді. — Дегенмен егер көбірек жақсы кітаптарды оқитын болсаңыздар, азырақ таңқалатын боласыздар.

— Сэнсэй енді сенде, — деп Николай Андреевич қарсылық білдірді. — Бұл жерде тіпті эрудиттерге де дұрыстап ойланатын жеткілікті. Оқуын оқыдық. Бірақ оқылғанды осындай ерекше бұрыш көзқарасымен талдау деген, бұл шыныменде кітаптарда жазылғаннан да көбірек білу емес пе.

— Бұл нақты! — деп Володя сөзімен келісті.

Женька «жай» саусақтарын қытырлатып, ұяла айтты:

— Мен әрине эрудит емеспін және есімім «білмеуші», бірақ енді барша Архонттарға менің атымнан үлке-е-н балалайка!

Ұжым тағы да күлді.

— Иә, иә, біздің балалаечник! — деп Стас мысқылдады. — Иә, сен оларға не істейсің?

— Босқа күлесің, сен менің музыкалық қабілеттерімнің барлығын білмейсің, — деп Женька балалардың күлкісімен айтты да кейін біршама салмақты үнімен: — Имхотептің қолынан келді емес пе, менің қолымнан келмейді деп кім айтты?! — деді.

— Имхотеп? Ал сен тым биікке қол созып тұрған жоқсың ба?

— Дұрыс Женька! — деп жігітті Николай Андреевич қолдады. — Әлгі өлең шумақтарындай,

Әр сапар қадамнан басталар,  
Ал қадамың жүруге деген тілектен туар,  
Кім бастаса ізгі ісін кішкенедең,  
Көп ұзамай үлкеніне жетіп қалар.

— О! Ақылды адамның айтып тұрғанын естідің бе, — деп досына басын сілтеп Женька риза болғандай айтты. Және сол бойда маңызды кейіпке еніп Сэнсэйге қарады: — Сэнсэй, сен Грааль-ға байланысты не айтып едің?

Женькаға қарап үлкен балалар күлсе де, бірақ осы тақырыпқа байланысты көтерген инициативасын қолдады. Ал Сэнсэй сағатына қарап айтты.

— Бұл ұзақ тарих... Ал ертең ерте тұру керек. Оның үстіне отын да жанып бітіпті.

— Бары осы-ақ па?! — деп Женька күлді.

Ұжым әзілмен көңілдері түсіп шуылдап кетті.

— Сэнсэй, еш алаңдама, — деп Виктор жалпы пікірді жеткізді. — Отынға бұталарды қазір-ақ тауып әкелеміз, шайды да қайнатып жібереміз.

Осы ұжымдық «көндіруге» Николай Андреевичте өз сөзін қосты:

— Ұйқыны үйде де қандыра аламыз. Шыныменде Грааль туралы көбірек білуді қатты қалап тұрмыз. «Маңызды» тақырыпта сенімен осындай емен-жарқын әңгіме құру мүмкіндігі енді қашан түседі.

— Ал сыбайластар, — деп Сэнсэй күлді. — Жарайды, ендеше кеттік отынға ағаштар іздеуге.

— О, біздер әп-сәтте! — деп Женька қолына жарық шамын алып атып тұрды.

Ұжым әуреленіп қалды. Көп ұзамай үлкен балалар бір жерлерден бұталар мен құрғақ қамыстарды сүйреп әкелді. Және біздің сөнген отымыз қайта жанды. Суды қайнаттық. Бірақ шайды Сэнсэй мен Николай Андреевич қана ішті. Ал біздер түн біршама салқын болғандықтан жылы нәрселерге оранып, жанған отты айналып отырумен ғана шектелдік.

\* \* \*

— Сонымен, Исаның арқасында Грааль қайтадан осы әлемге әкелінеді, — деп Сэнсэй әңгімесін жалғастырды.

— Грааль — бұл Дыбыс па? — деп сол бойда Костя нақтылауға тырысты.

— Иә. Грааль — бұл Алғашқы Дыбыстың икемделген формуласы. Қарапайым сөзбен айтатын болсақ, негізгі матрицаға өзгертулер енгізу жолымен материяны түрлендіруге қауқарлы, орасан зор күштің қайнар көзі болып табылатын дыбыстардың күрделі байланысуы, — деп Сэнсэй түсіндірді де, әңгімесін жалғастырды. — Сонымен, мен айтып кеткенімдей Исаның қамауға алынар алдындағы жасырын кеште (кездесуде) әлі күнге дейін құнды құпия болып қалған шыныменде өте маңызды оқиға болады. Дәл сол кездесуде Иса Мария Магдалинаға Грааль-ды береді. Ал ол келесідегідей болады.

Иса Өзін ендігі сатып кеткенін және сатқындардың сол кеште болғанын біледі. Сондықтан ол шәкірттеріне Өзі жоқта нені жасаулары керектіні айта бастайды. Бірақ араларында Исаның оң жағында отырған Мария Магдалина да бар олардың мұнданған жүздерін көрген кезде Ол: «Сіздер не үшін мұнаясыздар, менің Тәнім үшін бе» деп айтады. Және өзінің ағаш ыдысына нанды бөліп, Ол шәкірттеріне: «Жендер, өйткені бұл да Менің тәнім секілді» (Ешьте, ибо это есть то же, что и плоть Моя) деген сөздерімен тарата бастайды. Шырынды өзінің ағаш кесесіне құйып, оны шәкірттеріне: «Ішіндер, өйткені жақын арада бұл кеседе Менің қаным болады» деген сөздерімен ұсынады. Ал кейін: «Сіздермен Менің сенімім барда, Мен сіздермен бірге боламын» дейді. Айтпақшы кейін Павелдік ілім бұл сөздерді мүлдем басқаша түсіндіріп, мәнін бұрмалайды.

— Демек Иса, Өзін қамауға алатынын білгені ме? — деді Юра таңғала.

— Білген.

— Ендеше қамаудан жалтару үшін оның қашып кетуге мүмкіндігі болды емес пе.

— Олай жасамады. Себебі Оның осы адамдар әлеміне келуінің, Оның Миссиясы, хайуани және рухани ниеттерінің арасындағы адамдардың жеке таңдауына құрылған еді... Енді сол кешкі бас қосу жалғасып жатқан кезде, Иса пышақтың көмегімен өзі нан таратқан ағаш ыдысының ішіне мың жыл



өткен соң — «Грааль» деп аталған, Алғашқы Дыбысты білдіретін формуланы қашап жазады. Және кешкі ас біткен кезде барлығы Исаның Мария Магдалинаға, нанға арналған ағаш ыдыстың үстіне қойылған, шарап құюға арналған ағаш кесесін бергенін көреді. Осыны Мария Магдалинаға беріп, Ол мынадай сөздерді айтады: **«Бұл менің Әкемнің атына көп адамдар үшін сұрайтын және көп нәрсені алған Менің шіркеуімнің Магдаласы. Менің Әкеме сенетін әрбір адам осы күндерде және алдағы күндерде оның киелілігінің жемісінен рухпен тамақтанады және оның атына сұрағандардың бәрі марапатталады»** («Сие есть Магдала Церкви Моей за многих просящая во имя Отца Моего, многое получившая. И будет всякий верующий в Отца Моего питаться духом от плода святости её и в эти дни и последующие, и всякому просящему во имя её воздастся»).

Жалпы айтқанда Иса көрегендікпен іс қылды. Өйткені мен айтып кеткенімдей кешкі аста достары да, дұшпандары да болған. Исаның Мария Магдалинаға орасан зор күшке ие қандай да бір құпияны беретіндігін жақын шәкірттері білген. Бірақ ол қандай құпия және Ол оны қалай жасайтыны сұрақ күйінде қалған. Иса өзіне шырын құюға арналған кесемен жапқан, ағаш ыдыста жазылғанның қаншалықты құнды екенін, сол Білімдерді білген Мария Магдалина ғана түсінді.

Исаның кеменгерлігі сол, Ол осы ісімен Марияның өзін бәледен алып шықты. Себебі көбісі «Ұлы Құпия» осы шырын құятын кесемен байланысты деп ойлады. Ал кейін Иса ағашқа шегеленіп, осы тостағанға Иса қанының бірнеше тамшылары түскен кезде, көбісі Иса меңзеген дәл осы деп сенеді. Оның үстіне осы тостаған қолына түскен Иосиф Аримафейский осы оқиғадан кейін өзімен осы затты алып, Иудея территориясынан асығыс шығып кетеді. Кейін «Еркін тас қалаушылар» оның артынан толық бір қуғыншылықты жасап, әлемге билік етуді беретін, Иса меңзеген әлгі күш деп болжам жасайды.

Шын мәнінде «Грааль» Мария Магдалинада қалды. Ол оның күшімен өзіне кез келген сәтте Құдай әлеміне кетуге мүмкіндік берген тек ішкі күшін (рухани) ғана ашып қойған жоқ. Марияның ұлылығымен рухының тазалығына, ол өзіне орасан зор жауапкершілікті алып және азап шеккен (аңсаған, қиын жағдайдағы) адамдарға көмектесу үшін сыртқы күшін де ашқанына лайықты бағасын беру қажет. Мария Магдалина Тандауы — бұл аса үлкен рухани ерлік. Өйткені жоғарғы әлемді танып, Адамнан биік Болмысқа айналып, ол Жерде қалды. Қиналған миллиондаған адамдарға көмектесу үшін әлемдер арасында, осы тозақта қалды. Және осының арқасында қиналған адамдарға Мария бикеш арқылы әлі күнге дейін өте үлкен рухани күш берілуде. Екі мың жыл бойына ол адамдарға келуде. Егер бұл сұраққа тереңірек бойлайтын болсаңыз, сол баяғы христиандыққа, ендеше сіз сенімдегілердің көмегі мен дұғасына Мария бикештің жиі келетіндігі және оны жекелей де, топпен де адамдардың көбісі шыныменде көретіндігі туралы көптеген айғақтарды көресіз. Тіпті әулиелердің бірі дүние салып Аспан Патшалығына көтеріліп, өмірінде өзіне және адамдарға көмегіне рақмет айту үшін әулиелер арасында Мария бикешті іздегені туралы аңыз әлі күнге дейін сақталған. Бірақ Аспан Патшалығында оны таба алмай әулиелерден (жұмақтағылардан) оның қайда екенін сұрайды. Оған әулиелер (жұмақтағылар) оны Аспан Патшалығынан іздеме, өйткені ол әлі күнге дейін қиналған адамдарға көмектесіп жерде жүр деп жауап берген.

— Мария Исаның анасы деп саналатын сияқты еді, — деді Стас.

— Саналады. Себебі Мария Магдалина адамдарға жаппай көріне бастаған кезде шіркеушілерге бұны қалайда түсіндіру керек болады. Оның үстіне олар Мария Магдалинаны «дін ұстанушылардың» көзінде төмендетіп ол туралы естеліктерді таптау үшін оны жүргіш әйел, тәубе етуші күнәһар етіп көрсетті. Бірақ Мария сенушілерге көрінуін жалғастыра

бергендіктен, Мария бикеш Құдай-ана, Исаның анасы деген түсінік кең тарай бастайды. Бірақ бұл ендігі адамдардың трактовкасы, адамдар барлығын өздерінше өзгертуді жақсы көреді. Дегенмен Мария Магдалинаны, Мария бикеш, Исаның анасы деп атағаннан ештеңе өзгермейді. Марияның одан көмегі еш азайған жоқ. Өйткені барлық мәні ол алған құдайы күш пен әйелдік негізінде еді.

Николай Андреевич байқампаздықпен сыпайы айтты:

— Бірақ маған белгілі болғандай ежелгі христиандық дәуірде Құдай-ана культі тіпті болмаған.

— Ол Архонттық заңдарға сәйкес еркектік негіз үстемдік еткен, Гамалиил адамдары ұйымдастырған және Павелдік дінге негізделген христиан жамағаттарында болған жоқ. Ал Исаның шын шәкірттері, Оның Ілімінің шын ізбасарларында, Иса үйреткендей еркектік және әйелдік негіздердің (бастаулардың) үйлесімділігі болған. Оларда грек тілінен аударғанда «махаббат кештері» (вечери любви) дегенді білдіретін агапалар өткізілген. Бұл өз уақытында Иса шәкірттерімен өткізген бірлескен құпия кештер болатын. Айтпақшы ол жерде әйелдік негіз доминациясы қолдау тапқан.

— Агапалар?! Қызықты, ал Агапит есімі бұл түсінікпен байланысты емес пе? — деп мен сұрағымды қойдым.

— Агапит есімі грек тілінен аудармасында «Махаббатта болушы» (перебывающий в Любви) дегенді білдіреді.

— Түсінсем бұйырмасын, Иса осыншалықты мағына беретіндей әйелдік негізде соншалықты не бар? — деп Виктор қызығушылықпен сұрады.

— Әйелдік негізде өмірлік күштің қайнар көзі жасырулы. Және егер оны ашатын болса, ал оны тек рухани аспектіде, Махаббаттың жоғары деңгейі көрінісінде ашуға болады, онда игі істерге пайдалануға болатын өте үлкен күш пайда болады және ол Нирванамен жанасуға мүмкіндік береді. Неліктен ежелгі түрлі халықтардың аңыз-әңгімелерінде осы өмірлік күшті мәңгілік өмірмен байланыстырған? Себебі бұл жасампаз Аллат күші! Осы

өмірлік күштің қайнар бастауы алғашқы әлемді құруда, Ғаламды орналасқан болмыстарды дүниеге әкелуде, сол Жерді және оның басты жасампаз күші — суды жасауда іске қосылған. **Осы өмірлік күштің қайнар көзінің арқасында адамзат тегінің алғашқы өкілі болып әйел жаратылған. Және тек анағұрлым кейін ғана әйелдерден алғашқы еркек туылған.** Және бұл біршама дәлелдеуге келеді. Генетика ғылымының дамуымен ерте ме, кеш пе ғалымдар әйелдік хромосомалар, мен астын сызып айтамын, еркектік хромосомалардан жасы бойынша анағұрлым үлкен екендігіне келетін болады. Және осыған байланысты кейінірек генетика мен адам эволюциясында бірнеше маңызды жаңалықтар ашылады. Оның үстіне тіпті қазір де **адам эмбрионы** (генетикалық кодқа сәйкес құралатын, болашақ әйел немесе еркек жынысы болатындығына қарамастан) ұрықтанғаннан кейін **алғашқы апталарда әйелдік ағза** (женская особь) ретінде дамитаыны ешкімге құпия емес!

Сондықтан әйелдік негізде өмірлік күштің өте қуатты қайнар көзі жасырылған. Және осыны білген Ариман адамдарды осы қайнар көзге жібермес үшін қолынан келгеннің барлығын жасайды, сол себептен осы білімдер мен әйелдік негіздің маңыздылығы туралы бұрмалап, барынша қарсы тұрады. Және осы жерде қол шокпарлары бар мүмкіндікті пайдаланды: адамдарды құрбандыққа шалу мен қорқынышын үдету арқылы адамдар арасына қанішер құдай-әйелдер культін енгізуден бастап, патриарх культін көтеріп, әйелдерді адамзаттың барлық қайғы-қасіретіне кінәлі ең төмен деңгейдегі болмыс ретінде төмендетуге дейін. Және әдетте осындай... Ариманның «профилактикалық іс-шаралары» Архонттармен адамзат қоғамында жаппай әрі көрсетіле жасалып тұрды...

— Жаппай әрі көрсетіле, — деп Николай Андреевич ойға шомды, — түсінікті. Үрей, ыза және ауырсыну... плюс үнемі қорқытып-үркіту және нәтижесі — массалық психикалық ауру. Есірмелі психоздар, сана мен түпсананың жарылуы...

Осы сәтте Николай Андреевич қандай да бір идеяға оянғандай мүдірді де, Сэнсэйге сұрақ көздерімен қарады.

— Өте дұрыс, — деп Сэнсэй растады. — Және біздер тағы да адами бейсана аймағына ораламыз, ол жерден сәйкесінше мәселелер.

Сэнсэйдің бұл коментарийі біздерге түсініксіз болды. Бұған дейін Николай Андреевичпен адам бейсанасы тақырыбында қандай да бір ерекше әңгімесі болғаны анық.

— Иә-иә-иә, — деп Николай Андреевич асығыс айтты. — Себебі бейсаналық (бейсана) адам психикасының көлемі бойынша үлкен бөлігін алып жатқан және айтарлықтай ықпал ететін бөлігі, ерлерде әйел бейнесінде, әдетте сүйген (сүйікті) әйелі образында көрінетін тенденцияға ие. Аналитикалық психология ондаған мың эмперикалық тәжірибилерге (имперических опытов), түстерді, фантазиялар мен символдарды зерттеулерге негізделген айғақтарға толып жатыр. Осындай образды қатаң басып тастаудан, ақыр аяғында агрессияға әкелетін ішкі конфликт пайда болады...

Сэнсэй бұған назарын аударғысы келмегендей жай ғана басын изеді де, әңгімесін әрі қарай жалғастырды:

— Бірақ Ариманның барлық жасауларына қарамастан, өмірлік күшті осы қайнар көзі туралы шын білімдер адамзат қоғамында әрқашан болған. Тіпті қандай да бір себептермен жоғалып кетсе де, әлемге Шамбала Бодхисатвалары немесе олардың көмекшілері — Межаниндер, Сокровенниктер, Вежандармен қайта әкелініп отырған. Тек осы білімдердің спецификасына және Архонттардың белсенді қарсы тұруларына байланысты олар құпия сақталған және қабылдауға рухани дайын адамдарға құпия беріліп отырған.

Бірақ осы құпия ілімдердің негізінде ізбасарлары массалық культ құрған екі жағдай болған. Оған түрлі замандарда өмір сүрген, дегенмен Алғашқы Дыбыс формуласына иелік ету құрметі берілген екі әйелдің рухани таңдауы серпіліс болады. Мысалы біздің заманымызға дейінгі IV мыңжылдықта Вежа

Инанна дәуірінде, шумерлік Урук қаласында ұйымдастырылған құпия қауымдастықтан өскен, шумерлік Инанна құдай-әйелі («аспан әміршісі») культінің пайда болуы. Бұл құпия ұйымның символы ретінде көп жапырақты гүлөрнек түріндегі лотос болды. Ал олардың пиктографиялық идеограмма-белгісі ретінде қазіргі ғалымдар оның шын мәнін білместіктен Инанна құдай-әйелі есімін білдіреді деп жазып жүрген, шаш бұрыммен сақина болды. Бұл ұйым өзіне кіргендердің жеке рухани жетілуінен бөлек, Ариман өздеріне шықпастан бұрын адамдар арасына кейбір алғашқы білімдерді таратып үлгереді, оның ішінде «Лотос гүлі де» болды. Және рухани жұмыс біршама нәтижелі болады. Ол адамдардың жүрегінде орын алғаны соншалықты, осы танымал қозғалыс идеологиясын қайта құрып және шатастыру үшін (бұрмалап) Ариманға жақсылап еңбек етуіне тура келеді. Оның еңбегінің арқасында Инанна мифологиялық кейіпкерге айналып, шумерлік жемістілік (құнарлылық), тәндік махаббат пен жанжал (соғыс, распрей) құдай-әйеліне айналады. Және осы қозғалыс пайда болғаннан уақыт ұзақтай берген сайын, құдай-әйелге соншалықты пенделік мінез-құлықтары мен істері таңыла бастайды. Кей кездері жақсы еместері, осылайша барлығы пайда болған оның рухани дәнінен алшақтатты.

Немесе тағы да мынадай мысал бар, одан да анағұрлым ежелгі Бодхисатва Осириспен байланысты болған, бір кездері Исида есімді шын прототипі болған, Исида құдай-әйелі... Ежелгі Мысырда білім дәндері анағұрлым ұзақ сақталды, себебі Имхотеп секілді адамдардың арқасында адамдардың көбі ұзақ уақыт бойы руханиятқа бағыт алды. Сондықтан Исида культі Мысырдың өзінде мыңжылдықты еңсеріп қана қоймай, тіпті ендігі төмен (қарапайым) деңгейде болса да грек-рим әлемінде де кең танымалдылыққа ие болады.

Николай Андреевич Сэнсэйді тыңдап айтты:

— Иә, біздің дәстүрлі еркектік негіз таразысына бұрылған қоғамдағы басымдылықпен, осындай ғасырлық қабаттағы ақиқатты көру қиын болмақ.

— Енді, бұл бірінші кезекте көрушінің ой тазалығына байланысты, — деп Сэнсэй жауап берді. — Енді Исаға оралсақ. Ол өзінің шәкірттерінің арасында бірінші кезекте жасампаздық көмегімен таза ілімдерді түсіну ашылатын кілт ретінде әйелдік негіз үлкен мәнге ие, еркін қоғамды құрады. Оның Мария Магдалинаны раушан гүліндегі тіршілік тамшысына, лалагүлге, лотос бутонының (гүл қауызы, түйнегі) тазалығы мен күшіне теңеуі бекер емес. — Және кішкене үнсіздіктен кейін, Сэнсэй: — Айтпақшы, егер сол кездегі Понтий Пилаттың араласуы болмағанда, онда Марияның «Грааль» иегері ретіндегі жердегі тағдыры мүлдем басқаша болар еді. Себебі Иса, мен айтып кеткендей алдағы өзіне қарсы дайындалып жатқан қастық пен сатқындықты біліп, Марияға шәкірттер шеңберін басқаруды тапсырады. Егер барлығы Иса ойлағандай болса, ендеше бүгінде Иса Шіркеуінің басында (мүмкін әлемдік деңгейде соншалықты дами алмайтын шығар) әйел тұратын еді, яғни рухани дамыған адамдар қауымдастығында болуы керектей, жасампаздық етуші (созидательница).

— Егер солай айтуға болса демек Иса тұтас бір рухани революция жасаған болғаны және сол қоғамдағы әйелдердің жағдайын есептесек, әйелдерге де байланысты көзқарасқа да (қарым-қатынасқа), — деді Николай Андреевич.

— Иса жай ғана ақиқатты айтты. Ал адамдар әдеттегідей барлығын өздерінше бұрмалады, әрине Архонттардың көмегінсіз емес.

— Нәтижесінде біздер нанымдарға толы (алалаушылыққа толы) адамзат өркениетін алдық!

— Барлығы адамдардың қолдарында... Айтпақшы, тарихымыздағы тағы бір маңызды фактыге сіздердің назарларыңызды аударғым келеді. Себебі славян халқының ерекшелігі неде? Христиандық енгізілген кезде славяндар үшін ол тек Иса Мәсіх діні ғана емес, Құдай-Ана (Богоматери) дініне, яғни әйелдік негізге айналады. Айта кетейін Орыс (русь) еліндегі алғашқы тастан салынған ғибадатхана 989 жылы Киевте

Владимирмен іргесі қаланады. Және бұл Шіркеудің ондығы деп аталған ғибадатхана (себебі Владимир оған сый ретінде кірісінің оннан бірін беріп отырған), Қасиетті Құдай-анаға арналды (Пресвятой Богородице). Егер сіздер шіркеу құрылысының тарихын қарайтын болсаңыздар, ендеше Орыс елінде бірнеше ғасырлар бойына көбінде Құдай-Ана құрметіне арналып салынған шіркеулердің болғанын байқайсыз (Рождественские, Введенские, Успенские және басқалары). Бұл жағдай кездейсоқтықтан әлдеқайда алыста жатыр. Және бұл тарихшылар есептегендей жайдан-жай пайда болған жоқ, ол әйелдік жемістілік (құнарлылық) культін ұстаған славяндардың арғы аталары, неолиттік дәуірден созылған, ежелгі тамырдан бастау алады. Бұның барлығы Батыс үшін құпия болған славяндық рухтың (жанның) әлгі кең қамбасынан шыққан, осының арқасында славяндар өздерін қандай тарихи шеңберлерге қымтасада, дұрыс рухани қозғалыс бағыты мен рухани жасампаз жолын түпсана деңгейінде таңдайды. Сондықтан Православия Орыс елінде тек сіңіп қана қоймай, оның бөлінбес рухани бір бөлшегіне айналады. Және осындай әйелдік негіз культі, славяндардың Шын Иса Ілімі мен Оның шын рухани мұрасының мирасқорлары (жалғастырушылары) екенін көрсетеді.

— Біршама қызықты, — деді Николай Андреевич.

— Шыныменде, — деп онымен Виктор да келісті. — Бұрындары көзге көрініп тұрғанды қалай байқамағанмын?!

— Себебі сен әлемге өзіңе Архонттармен таңылған дүниетаным көзқарасымен қарадың, — деді Сэнсэй. — Сол себептен анықты көрмедің. Ал бұл пердең жоғалған кезде рухың үшін маңызды болған әлемнің шын құндылықтарын байқай бастайсың.

— Бұл анық, — деп Николай Андреевич Сэнсэйдің жауабы өзіне де қатысты болғандай басын изеді.

— Сондықтан, Мария Магдалина Грааль арқасында алған күшке әлі күнге дейін ие. Дегенмен мың жыл салып Грааль



әлемге Агапит Бодхисатвамен қайта әкелінеді. Және тағы да таңдау еркі беріледі. Дегенмен Грааль-ға ие адамдар Мария Магдалина секілді оның сыртқыға билік күшін іске қосуға тәуекел етпейді. Олар тек ішкі күшті ашты. Бірақ пайда болған (Грааль арқасында) ерекше мүмкіндіктерін пайдалана отырып, өздерінің ұйымдары мен сол замандарда мүлдем жаңа формациядағы, рухани мақсаттар басым болған қоғамды дамытып, Марияның ізгі істеріне қызмет етуді шешеді. Дәл осы адамдармен Орден құрылып, кейін ол Тамплиерлер деген атауға ие болады.

\* \* \*

— Мен толық түсінбедім, — деді Андрей. — Ал бұл адамдар қалайша Грааль-ға ие болған? Агапит оларға өзі әкеліп берген бе?

— Жоқ. Агапит Бодхисатва ретінде әлемге Грааль-ды әкелген, бірақ ол адамдарға жеке өзі емес. Егер Иса Грааль-ды Марияға нақтылы берсе, ал Агапит солай болуы керек болғандай «жеребе лақтырған». Таяу Шығыста болған кезінде, ол бір кездері Соломон ғибадатханасы мен сарайы болған Мориа тауының ежелгі жерасты үңгірлерінің тастарына Грааль-ды жазып қалдырады. Және бұл «Қасиетті Дыбыс» формуласын төрт бөлікке бөледі. Грааль-ды іздеушіге бұл бөліктерді іздеп табу үшін аз емес еңбек етуі керек еді және бастысы бұл формулаларды дұрыс құрастыру... Агапит Афонда болған кезінде кейбір руханияты жоғары болған ақсақалдарға Грааль күшін иеленген Мария туралы білімдерді ғана емес, қазіргі Грааль-дың да орналасқан жерін берген... Әділеттілік үшін айта кету керек Афон Агапиттің, нақтырақ сол жерге әкелген білімдерінің арқасында Афон болады.

— Агапиттің арқасында... және Грааль күшін иеленуші Марияның, — деп Николай Андреевич ойлана айтты. Және лезде басына келген ойымен бөлісті. — Ал шыныменде Афон, Мария

Бикеш ерекше батасын берген жер болып саналады... Кейін дәл сол Афон православты монахтық өмірдің (монашества) әлемдік орталығына айналған. Осындай әлемдік атақ бос жерде тумайды емес пе?! Құдай-ана (Богородица) қасиетті Тауға барып және кейін Афон оның ерекше қамқорлығында болған деген аңыздан емесі нақты. Бұл нұсқа ендігі осы жердің атағының үлкеюіне байланысты болғаны анық. Өйткені Исаның анасы аңыздарға сәйкес басқа да аймақтарға барған. Жоқ, бұл жерде бірнәрсе дұрыс емес... Егер Афон осындай әлемдік танымалдылыққа ие болса, оның негізінде шыныменде қандай да бір маңызды білімдердің жатқаны.

Сэнсэй талқылауын тыңдап, жай ғана басын изеді:

— Дұрыс бағытта келесіз, құрметті жолдас деп айтпақшы.

— Ал неліктен осы білімдерді сақтау үшін Агапитпен дәл сол Афон таңдалған, неге басқа жерлер болмаса қала емес? — деп Виктор қызығушылықпен сұрады.

— Афон — бұл қарапайым жер емес. Бір кездері ол кудалаудан жасырынған Шын Иса Ілімі ізбасарларының панасына айналған. Кейін оларға арабтар артына түскен Мысыр мен Шығыстың аскеттері қосылады. Кейінірек уақыт ағысында сақталған алғашқы ілімдердің бөлшектерін (қалдықтарын) қасиетті болғандай сақтаған, өзінше бір оқшау жамағат пайда болады. Ал Афон монахтық өмір мен тәуелсіз монахтық мемлекет ретінде IX ғасырдың соңында жарияланады. Дегенмен өзінің әдеттегі билік құрылымдары болмауына байланысты оны мемлекет деп атауға келмейтін. Алғашқы уақыттарда бұл барша монастырьлармен бір жылға сайланатын Прот лауазымы бар, барлығы құрметтейтін рухани ақсақал басқарған монахтардың жамағаты болды. Яғни, бұл монахтардың өздерінің үстінен епископ түріндегі шіркеулік басшылықтары болмады және византиялық императорға да номиналды бағынды. Бірақ Агапиттің ол жерде қалдырған білімдері тудырған рухани серпілістен кейін бұл жер туралы атақ-даңқ адамдар арасында кең тарай бастайды. Ал бұл өз кезегінде Архонттардың назарын

аударарды. Олардың жасаған істерінің салдарынан Афондағы билікке деген қатынас та біртіндеп өзгере бастайды. Ал 1313 жылы Афон ендігі Ғаламдық Патриархқа бағынышты болады.

— Тағы да 13 және 13! — деп Женька күлді.

— Агапит Афонда болған кезде ол жерде бірнеше рухани мықты (күшті) ақсақалдар өмір сүріп жатты. Міне оларға Бодхисатва Агапит Грааль-дың орналасқан жері туралы мағлұматты сеніп тапсырады. Сол адамдар оны лайықтыларға беруі керек болған.

— Жай ғана беру ме? Ал неліктен олар бұл білімдерді өздері пайдаланбаған? — деп Виктор түсінбей сұрады.

— Агапит Грааль-ды қай жерден қалай іздеу туралы көрсетуін айтқан, яғни жазылған төрт тас туралы. Одан артығы емес. Және Граальды іздеуге аттану үшін, тіпті Агапит қалдырған білімге ие болсаңда, біріншіден аз емес ара қашықтықты физикалық еңсеру қажет болды. Себебі Агапит Граальды ешкімнің іздеуге батылы бармас үшін — Палестинаға, Мориа тауының шыңында орналасқан ежелгі тау асты үңгірлеріне жасырған. Екіншіден, ол замандарда Мориа тауының шыңы мұсылмандардың қасиетті орны деп саналған және мұқият күзетіліп, үлкен тас қабырғамен қоршалған еді.

— Палестинада? Ал бұл жерде мұсылмандардың не қатысы бар? — деп Стас түсінбей сұрады.

— Ал Мориа тауы қайда орналасқан? — деп Андрей сұрады.

— Иерусалимде, — деп балаға Николай Андреевич түсіндірді. — Иудейлік аңыздарға сәйкес бір кездері ол жерде Соломон Ғибадатханасы тұрған, өсиет кемесі сақталған (ковчег завета).

— Енді, егер осы тау туралы, оның адамдарды ерекше тартып тұратындығы туралы сөз қозғайтын болсақ, ендеше ол жерде ұзақ уақыт бойына болған және мысырлықтармен біздің заманымызға дейінгі IV мыңжылдықта шығыс беткейінде сақталғаны анағұрлым маңыздырақ, яғни бұл

жерлерді яхудейлермен жаулап алудан біршама ұзақ уақыт бұрын, — деді Сэнсэй. — Бірақ қазір ол туралы емес. Арабтар бұл территорияны біздің заманымыздың 637 жылы жаулап алады, — деп Стастың сұрағына жауап берді. — Омар халифтың бұйрығымен олар Ғибадатхана тауында (Мория тауын осылай атаған) Сүлеймен ғибадатханасының көне қалдықтарының орнына «Жартас мешітін» салған. Оны тағы да арабша «Куббат ас-Сахра» деп естілетін «Күмбезді жартас» деп атайды. Бұл маңыздылығы жағынан Мекке мен Мәдина (Медине) қалаларынан кейінгі үшінші қасиетті орын. Ал осы мешіттің қасынан олар Мария Бикешке арналған жартылай қираған христиан базиликасын қалпына келтіріп, одан Аль-Акса мешітін жасайды. Мұсылмандық сенім бойынша дәл осы жерде Жебрейіл періште Мұхаммедті оның түнгі саяхатында аспанға көтерген.

— Ол жерде Құдай-анаға арналған базилика болғаны ма?! — деп ендігі Николай Андреевич таңқалды. — Ал мен бұны білмеппін.

— Иә. Бұл базилика біздің заманымыздың VI ғасырында, византиялық император Юстиниан I-нің арқасында салынады. Және ол ежелгі жерасты бөлмелерінің тас қалауларының үстіне көтерілген. Ғибадатхананың көлемі мықты қосымша тас сеңдері платформасын салу арқылы кеңейтіледі.

— Демек, мұсылмандар үшін бұл жерлер де қасиетті болғаны, — деп өзіне Стас қорытынды жасады. — Ендеше оны ерекше мұқияттылықпен күзеткені таңғаларлық емес.

— Егер Иерусалимде арабтар болса, ол жаққа христиандарға бару мүмкін болмаған шығар, — деп Виктор қорытындысын жасады.

— Не үшін мүмкін емес, — деп Сэнсэй қарсы сөзін айтты. — Христиандар да Иерусалимде өмір сүрген. Және христиандық зират (қажылық) етушілерде сол қасиетті жерлерге барған. Себебі ол замандарда Иерусалимді арабтар басып алған кезде, Омар халиф христиан халқының қауіпсіздігі мен дәрежесін

қамтамасыз еткен арнайы құжатты жариялайды. Ал ХІ ғасырда ол жерлерге зират (қажылық) етушілердің қатты өсуі болады.

— Қызық, ал ол немен байланысты? — деп сұрады Николай Андреевич.

— Бұл Грааль орналасқан жермен байланысты ма? — деді Виктор да.

Сэнсэй үнсіз жымыды да, сұрақтарды жауапсыз қалдырып, әңгімесін жалғастырды.

— Сондықтан Ғибадатхана тауының жерасты бөлмелеріне жету аз болғандай ол жерден қажетті жазуларды тауып, оның үстіне тексеріс пен керекті комбинацияларды есептеуге аз емес уақыт жоғалтып бұл төрт Грааль бөлігін дұрыс құрастыру керек болады... Және тек бір нұсқасы ғана дұрыс, тек сол ғана орасан зор күшті ашатын кілтті береді. Бірақ бар күшті алып кететін жалған нұсқасы да бар. Ал қалған нұсқалары бос, көңілсіздіктен басқа ештеңе бермейді. Бұл формуланың артында жоқтықтан (ештенеден) пайда болатын күш жасырулы. Кілттің басы басында. Ақымақ үшін — бұл жай жазу, ал кеменгер үшін — құдіреттілікке кілт. Сондықтан Агапит Грааль-ді көзге көрінулі, бірақ білмеушілердің қолы жетпейтіндей етіп жасыруға тырысты, жай ғана ағаштағы жазу секілді, ал кеменгер үшін әлемнің барлық байлығынан қымбат.

— Ал Агапиттің мағлұматтары тамплиерлер қолына қалай түскен? — деп Стас қызыға сұрады.

— Нақтырақ айтатын болсақ, Агапиттің мағлұматы тамплиерлер қолына түскен жоқ, себебі ол кездері бұл ұйым болған емес. Олар Агапиттің Грааль туралы қалдырған білімінің көмегімен, Тамплиерлер Орденін құрады, — деп сөздерін Сэнсэй дұрыстады. — Қазір ол туралы айтып беремін. Тек сіздер мәнін ұғыну үшін барлығын реттілікпен айтайық. Әлемде Граальдің пайда болуымен ХІ ғасырда Архонттардың қызметі айтарлықтай белсенді бола түседі және бұл біршама қауіпті деңгейге жетеді.

— Несімен қауіпті? — деп Володя нақтылауға тырысты.

— Монаданы төңкеру, яғни барша әлемдегі билікті толық өз қолдарына шоғырландыру, өздерінің көпірлерінің құрылысын аяқтау. Енді адамзат үшін осындай катастрофаны жібермес үшін, билік шымылдығының артқы жағында біршама ерекше, байқаусыз фигура пайда болады. «Көлеңке» аз уақыт ішінде барлық дерлік маңызды халықаралық, саяси және экономикалық сұрақтардың шешіміне қатыса бастайды. Дәл осы адамның женкешті қызметінің арқасында Архонттардың аңсаған мақсаттарына жету жоспарлары біршама бұзылып, кейінірек бірнеше негізгі тіректерінің қирауына әкеледі.

Бұл адам қасиеттінің қасиеттісі — Грааль құпиясы білімімен таныс, Афоннан шыққан монах болды. Еуропа мен Шығыстың белгілі элиталы топтарында оны Ақ Монах (Белый монах) деген есіммен білді. Сол адаммен зұлымдықтың барлық көрінісіне (құпия да, жасырын да) белсенді қарсы тұрған екі қуатты ұйым құрылады және олардың арқасында сол замандарда маңызды болған Архонттардың тіректері құлайды. Осы ұйымдардың бірі Тамплиерлер Ордені болды.

— Ал екіншісі? — деп сұрады Виктор.

— Ал екінші ұйымның бүгінгі тақырыбымызға қатысы жоқ. Мүмкін ол туралы сіздерге бір кездері айтып берермін. Сонымен Еуропада Ақ Монахты өте шектеулі адамдар тобы ғана білді. Олардың арасында біршама талантты әрі дарынды жас жігіт, граф де Блуа-Шампань (де Блуа и Шампани) кіші ұлы — Гуго болады. Айта кету керек бұл отбасы Франция корольдігіндегі беделді Шампань және Блуа графствасындағы көптеген бай жерлерге иелік етті.

Айтпақшы «Грааль» сөзінің атауының өзі, кейбір мағынасында Ақ Монахтың арқасында болады. Әңгіме мынада, ол Гуго Шампанскийге осы «Қасиетті Дыбыс» формуласының алдыңғы иегері — Мария Магдалина, құпия кеште болған оқиғалар туралы тарихты айтқан кезде, ол Иса пышақпен белгіні ойып қалдырған жалпақ ағаш ыдысты — Грааль деп атаған. Және бұл қандай да неологизм, Ақ Монахтың жаңадан ойлап

тапқаны емес еді. Тек XI ғасырда ең ауқатты адамдардың сән-салтанаттары мен астарында үстелдегі ыдыс-аяқтарды дайындау үшін пайдаланылған, жалпақ табақтардың (ыдыстардың) саналуандылығын білдіретін сөз, француз диалектісінде осылай естілген. Бұл жайпақ (жалпақ) табақ французша «graal» және «Gradalis», «gradale» деп аталды. Және Гуго Шампанский өзінің сенімді адамдарын Алғашқы Дыбыс құпиясымен таныстырған кезде, оны «Грааль» деп атаған. Оның үстіне ол замандарда «грааль» сөзі аз қолданысқа ие тұғын және тіпті ол сөзді білетіндердің де тұрмыс-тіршіліктен басқа ешқандай ассоциативті ойын туғызбайтын.

— Енді, егер өздерінің арасындағы әңгімелерін шифрлау жағынан болса, шыныменде ақылды ойлап табылған екен, — деді Володя байқампаздықпен. — Әдетте тұрмыстық затты білдіретінге бөтен назар аударушылар аз болады.

— Өте дұрыс, — деп Сэнсэй нақтылады. — Сонымен, Гугоға «Грааль» туралы білім сеніп тапсырылады. Осыған байланысты 1093 жылы (Гуго өзінің бауыры дүние салғаннан кейін Шампанидің бас қаласы Труаны мұрагерлікке алады) Гугоның сенімді он екі адамы Иерусалимге құпия миссияға аттанады. Зират етушілер (қажылық етуші, паломников) бірі саудагер, бірі қайыршы кейпінде жасырынады, кейбірі тіпті кезбелерді (қаңғыбастарды) қабылдайтын үйге көмекші кейпінде (помощников в странноприимном доме)...

— Кезбелерді (қаңғыбастарды, Странноприимном) қабылдайтын, бұл қалай? — деп Руслан қызыға сұрады.

— Қалай, қалай, — деп Женька әзілдеді, — Мұны сен білмегенде кім біледі? Саған анық айтылды емес пе: қаңғыбастарды қабылдайтын үйге көмекші ретінде.

Және соңғы сөзіне (қаңғыбастарды) екіұдайлы мағына беріп акцент жасады.

— Сенде бір, мен шын сұрап тұрмын.

— Мен де салмақты, — деді Женька.

Ол тағы да бір нәрселерді қосқысы келіп еді, бірақ Сэнсэй жауабымен алдын орап кетті:

— Көбінде Еуропадан шыққан христиан топтары өмір сүрген осындай үйлер болған. Олар науқастар мен зақым алған жиһанкездерге қамқорлық еткен (күтіп-баққан). Адамдар оларды «эулие Иоанн госпитальшылары» («госпитальеры святого Иоанна») деп атаған, себебі олар тұрған үйлердің жанында екі кішкене шіркеу тұрғызылған (часовня). Оның бірі ерлер шіркеуі болған, өмірінде ізгі істерімен аты шыққан канонға айналған патриарх Александрийский, Иоаннға арналған еді. Ал екіншісі Мария Магдалинаға.

— Мария Магдалинаға?! — деп Костя көп мәнді сұрады.

Бір мезетте аз емес таңқалған Андрей:

— Госпитальшылар (Госпитальеры)?! — деді.

— Бұл латынның «hospitalitas» сөзінен пайда болған, «қонақжайлық» (гостеприимство) дегенді білдіреді. Кейін бұл атауды Мальтийлік орденге (Мальтийский орден) дейін өскен, католикалық ордендердің бірінің рыцарьлары өздеріне алған. Бірақ оның әңгімемізге қатысы жоқ... Сонымен граф Гуго Шампанский адамдары Иерусалимге келіп, Мориа тауында орналасқан объекті туралы мүмкін болған ақпараттарды жан-жақты жинай бастайды. Түнгі мезгілдерде объектінің өзін зерттеуге талпыныстар жасайды, оған баратын мүмкін болатын барлық сыртқы және жерасты жолдарын. Өздерінің серіктесі түнгі «жорықтарының» бірінде араб күзетімен өлтірілгенге дейін, осылай олар бір жылға жуық жұмыстарын атқарады. Бұл оқиға өздеріне арабтардың керексіз күмәнін тудырады. Және Гуго адамдарына Еуропаға қайтуларына тура келеді.

Жыл бойы жиналған ақпараттар құнды, бірақ көңіл жұбатарлық емес еді: қасиетті Ғибадатхана тауының территориясына кіріп, жерасты бөлмелерінде ұзақ уақыт іздеу жұмыстарын айтпағанда, араб күзеті көзіне көрінбеу өте қиынға түседі. Бірақ бұл қиындық іздеушілерді Грааль-ды табуға одан әрмен мақсаттандырады.



Бұл уақытта 1094 жылы Римде, Климент III-шімен ұзақ жылғы Жоғарғы Понтифик лауазымы үшін күрестен кейін, папалық таққа түпкілікті Урбан II (шығу тегі француз) отырады. Ақ Монах жіберген құзіретті тұлғалардан Урбан II «кездейсоқ» Грааль-дің орналасқан жері туралы ақпаратты біледі. Исаның Ұлы Құпиясы туралы кез келген адамнан артық ақпаратты алып, бойында билік пен күшті жасырғанды білген Ұлы Понтификтің қандай жағдайда болғанын елестете аласыз ба?! Әрине ол «жұмақ пен тозақтың» жалғыз иегері ретінде толық билікке ие болуды армандап, Грааль-ды алу үшін қолынан келгеннің барлығын жасайды.

Мақсатына жету үшін Урбан II-ші, өзінің алдындағы Григорий VII рим папасы 1074 жылы Иса Мәсіх әскерін Шығысқа аттануға үндеп, Византияға қасиетті Палестина жерлерін соғыспен қайтарып берейік деп ұран тастаған, он екі жыл бұрынғы ескі идеясын қолданады. Бірақ ол кездегі Папаның үндеуін рыцарьлар еш назарларына алмаған. Ендігі Урбан II біршама тұрақсыз аймақтың саяси және экономикалық тиімді екендігіне ықпалды епископтарды сендіру үшін қолынан келгеннің барлығын жасайды.

Римде әлі де жеткілікті абыройы болмағандықтан, ол француздар мен герман епископтарынан болған өзінің сенімді адамдарына иек артады. Және белгілі бір тұлғалардың рыцарьлық жасақтарға қатысуы туралы іс жүзіндегі келісімі алынған кезде, Урбан II 1095 жылдың соңында Римде емес, Францияның Клермон қаласында, Палестина жерлерін жаулап алу туралы үндеуін айтып, шіркеудің жиналысын жасайды. Бұл іс-шараның ресми ұраны былай естілді: «Құдай Табытын Азат ету» («Освобождение Гроба Господня»). 1096 жылдың наурыз айында-ақ Солтүстік және Орталық Франция, Фландрия, Лотарингия, Германия мен Англиядан шыққан алғашқы әскер жасақтары Шығысқа қарай қозғалады. Олар шығыс Жерорта теңізі жерлерін жаулап, жолдарында кездескен қалаларды қаңыратып отырған. Крест жорықшылары Иерусалимге 1099

жылдың маусым айында ғана жақындайды, бірақ тек бір айдан кейін ғана (шілдеде) қаланы жаулап алады. Айта кету керек оларға ең табанды қарсылық көрсеткен Аль-Аксаны қорғаған арабтар болды.

Иерусалимді алғаннан кейін бірнеше оқиғалардың «құпия» тізбегі орын алады. Қаланы жаулап алғаннан екі апта өткен соң, ақыр аяғы Иерусалим қаласының алынғаны туралы хабарды естіместен аяқ-асты Урбан II қаза табады. Ал бір жылдан кейін осы крест жорығын бастағандардың бірі болған, кейін іс жүзінде Иерусалим корольдігін, Иерусалимді басқарған герцог Готфрид Бульонский 39 жасында дүниеден өтеді. Оның патшалық тағын бауыры Бодуэн I Эдесский «мұрагерлікке алады». Оның мұрагері Бодуэн II емес, дәл сол адам таққа отырысымен граф Гуго Шампанский адамдарына, олардың өмір сүрулері үшін Мориа тауындағы бұрынғы Аль-Акса мешітінің бөлмесінің бірі болған орынды жариясыз беріп, жомарт сыйлығын жасайды. Бұл ертеректе Құдай-Ана ғибадатханасы тұрған, ежелгі тас іргесінде орналасқан жер еді. Сонымен қоса оларға ғимараттың жерасты бөлігі мен жолдарын да толық береді. Оның ішінде «Соломон атқорасы» (Соломоновыми конюшнями) деп аталған ежелгі кең бөлмені де. Кейін Жаратушы ғибадатханасының (Соломон ғибадатханасының орнына салынған «Куббат ас-Сахра» мешітін крест жорықшылары басып алғаннан кейін осылай атаған) канониктері (католик шіркеуінің пірәдарлары) оларға өздерінің ғимараты мен Соломон ғибадатханасының арасында орналасқан үлкен ауласын берген.

Осыншалықты маңызы бар орынды, осындай жомарт сыйлықты беру сол кездегі билік басындағылардың түсінбеушілігін тудырмауы мүмкін емес еді. Оның үстіне бұрынғы Құдай-Ана (Богородица) ғибадатханасының астында белгісіз адамдар түсініксіз қазба жұмыстарын жүргізіп жатыр деген қауесет те тарайды. Артық әңгімелерді тию үшін король Бодуэн бұл адамдар (олардың санының аз болуына қарамастан) теңіз жағалауынан Иерусалимге дейінгі және қайтардағы

жолдарында христиандық зират (қажылық) етушілерді қорғауға ниеттенген жай ғана «Иса Мәсіхтің кедей жауынгерлері» және олар жылқыларын сол жерде ұстау үшін өз күштерімен «Соломон ат қорасы» аумағын тазартуда деген сөздерді таратады. Кейінірек оларды (әзіл үні жоқ емес) «Соломон ғибадатханасының кедей жауынгерлері» («бедными воинами храма Соломона») деп атап кетеді. Ал анағұрлым кейінірек ешкіммен байланыспаған және біршама оқшау жасырын өмір сүрген осы біртүрлі адамдардың арасында аксүйек рыцарьлар көрініп қалған кезде, оларды «Ғибадатхананың кедей рыцарьлары» («бедными рыцарями Храма») деп атай бастайды.

Ал шындығында бұл адамдар Грааль-ды қарқынды іздеу жұмыстарын жүргізді және біршама сәтті. 1104 жылы олар жерастындағы тастардың бірінде қашалып жазылған формуланың алғашқы бөлігін табады. Және Граф Шампанскийге сенімді адамы бұл жаңалықты жеткізген кезде, ол сырт көзге Иерусалимге саяхат түрінде көрінген өзінің көптеген рыцарьларымен дереу жолға шығады. Араларында жасырын Ақ Монах та (Белый Монах) болды. Иерусалимде олар кейінгі төрт жыл бойына өмір сүреді. Осы кездің ішінде тағы екі жазу табылады. Трагедияда айналып өтпейді. Соңғы бөлікті іздеу барысында іздеу тобының тағы бір адамы үйінді астында қаза тапқан. Бірақ соңғы бөлігін еш таба алмайды. 1108 жылы граф Шампанский Еуропаға қайтады. Тек алты жылдан кейін ғана оның адамдары соңғы бөлігін табуға қолдарын жеткізеді.

— Ого! — деп Володя ысқырып жіберді. — Осыншалықты ұзақ іздейтіндей Агапит оны қайда жасырған?

— Ең күлкілісі жазудың соңғы бөлігі есік алдында көзге көрінетін жерде жасырылғаны. Ал Гуго адамдары мұқият іздеумен болады, тіпті жасырынған бөлмелерге мүмкін болған барлық жаңа жолдарды қазбалайды.

— Міне үнемі осылай, — деп күлді Виктор. — Іздейсің, іздейсің, ал қарасаң қақ алдында тұрады.

— 1114 жылы граф Шампанский тағы да асығыс Иерусалимге келеді. Бірақ Грааль-ды табу — бұл істің жартысы. Ендігі оны дұрыс құрастырып және ашу керек болады. Ал бұл айтарлықтай уақытты қажет етеді. Грааль-ды ашу оңай іс емес болып шықты. Формуланы құрастырушылардың бірі кездейсоқ ажалды комбинация жасап, онымен жұмыс жасағаннан кейінгі отыз үш күн өткен соң, қасында болғандардың көз алдында қысқа уақыт ішінде дүние салады. Оның тәнімен біртүрлі метаморфоздар болып, ол бұл құбылыстың куәгерлерін қатты таңқалдырған. Бірнеше минуттар ішінде тәнінен құдды бір суды сорып алғандай кепкен мумияға, өте қарт шалға айналып кетеді.

— Ал керек болса! — деп Виктор таңғалды. — Мұндайда мүмкін болғаны ма?!

— Грааль — бұл орасан күш. Дыбыстық комбинацияны дұрыс емес құрастырғанда кері эффект алуға болады... Бірақ бұл адамдардың барлығы қандай тәуекелге баратындықтарын білді және тек жолдастарына адалдық пен достық серті үшін ғана емес, өздері ойлаған ұлы іс үшін де осындай ажалды комбинацияға кез келгені дайын болды.

Бірақ шын комбинация ашылған кезде сол формуламен жұмыс жасаған адаммен ғажап (таңқаларлық) түрлену болады... Айта кетейін, Грааль-дің рухани күшімен жанасқан адамда өзінше бір бөліну болады. Бір жағынан ол осы жерде қабыршақта, тәнде өмір сүретінін ұғынса, материяда өзіне берілген өмірді соңына дейін кешуі міндетті екенін түсінсе, яғни ол көлеңкені көреді; ал басқа жағынан ол Жаратушының кім екенін ұғынады, оған шын өмір ашылады, себебі ол шынайлықты (нағыз) көреді. Яғни өзінше бір бөліну болады. Және Грааль-ды иеленген адамға осының барлығы ашылған кезде, жалпылама айтқанда оны бұл әлемде ұстап тұрушы ештеңе болмайды.

Алдын ала айта кетейін алғашқы тамплиерлердің мөрінде бір атқа мінген екі салт аттының бейнесінің болуы да кездейсоқтық емес. Білім адамдары үшін «егіздер» символы адамның Алғашқы Дыбыспен, яғни Грааль-мен байланысқаннан

кейінгі екіге бөлінуін көрсететін жоғары рухани танымды білдірген. Ал жылқы қозғалысты білдіреді. Дегенмен түрлі замандарда жылқының орнына басқа да нышандарды қолданған, мысалы кеме немесе құстар, аққулар, сұңқар, яғни рухани жолдағы қасиетті мәні жасырылған, қарапайым адамның жүрісіне қарағанда жылдам қозғалатынды.

Бұл туралы естеліктер бейнелеуде және мифологиялық аңыз-әңгімелерде қалған, тіпті кейбір дастандық (эпикалық) жырлардағы батырлардың есімдерінде. Мысалы ретінде парсылық батыр Джамшидті алып қарайық. Оның есімі «егіз-патша» дегенді білдіреді. Бірақ аңыздарда ежелгі ирандық Йима деп аталған (есімі «егіздер, «сыңар» (двойник) дегенді білдіреді), кейінірек парсылық аңыз-әңгімелерде Джамшид аталып кеткен адам, өз заманында Фарн күшін іздеп тауып пайдалана алған. — Және Сэнсэй сол бойда түсіндірді: — Грааль сол алыс замандарда «Фарн» деп аталып, қарапайым адамдар арасында нұрдың (сәулелі, шуақты), сәулелі негіз, құдайы оттың оның материалдық эманациясында интерпретацияланды. Ол туралы қасиетті негіз, күшті беруші және көбейтуші, билік пен құдірет сыйлаушы, адам жанын жұмаққа апаратын көпірден өтуге көмектесетін деп айтылды.

Егер үнді-еуропалық аңыздарды алып қарасаңыз, сол ведалық және индуистік аңыздарда («Ригведе») сіздер ежелгі ашвиналар (ашвинах) туралы естеліктердің қалдықтарын таба аласыздар. Ашвиналар өздерінің бауырлары — Күн қызына қамқорлық жасаған, «аспан ұлдары», егіз-бауырлар деп есептелді. Аңыз бойынша олар құдайы болмыстарға жатқан. Олар жекелеп дүниеге келген деп саналды, бірі — түн ұлы, басқасы — таң ұлы. Орындары екі әлемде де. Уақыттың білімпаздары, құдай емшілері (врачевателями) болды. Оларға «барлығын білуші» қасиеті сыйланды. Бірақ олардың басты функциясы — бұл адамдарды құтқару еді. Зұлым рухтарға қарсы тұрып, қиындықта қалған адамдарға көмекке келген. Оларды әртүрлі бейнеледі, бірақ көбінде жас, күшті, әдемі алтын түсті

жарқыраған жарық нұрмен, лотостан жасалған гирляндалармен әшекейленген бейнеде суреттелді. Бұның барлығы ежелгі болған оқиғалар мен Қасиетті Дыбыстың құнды білімдері мен күшіне ие болғандар туралы білімнің жаңғырығы ғана. Тек осы білімдердің құпиялығына байланысты барлығы аңыздар, мифтермен көмкерілді... Бірақ адамдардың жадында жоғалып үлгермеген Мориа тауындағы оқиғаларға қайта оралсақ.

Грааль-дың ашылған кезінде болған осы барша адамдарды ендігі тек қасиетті құпия ғана емес, оларды бір-бірлеріне бауырлардан да артық жақындатқан ұлы рухани күш біріктірді. Әлемді мүлдем басқаша қабылдауды және жасампаздықтың шын күшін сезініп, шын мәнінде ақ батаны алып, олар бұл әлемде тәнде өмір сүріп тұрғанда Жаратушыға қызмет етіп, Мария бикештің қасиетті игі істеріне адал болуға, адамдарға көмектесуге ант етеді.

Және айта кетуім керек, осы адамдармен Грааль-ды ашумен болған рухани серпіліс, олардың мүлгімес сенімдері өздері құрған ұйымдарына айтарлықтай ықпал етеді. Тіпті әскери қимылдарында да бұл Орденнің мүшелері мінсіз жауынгердің ерекше қасиетіне ие болады. Батырлықтары мен мүлдем үрейсіз (жаужүректіліктері) болуларынан дұшпандарының өзі таңдай қаққан. Олардың батырлығы ең күшті қарсыластарының да құрметін туғызған. Өздерінен он есе көп жауға төрт адаммен қарсы шауып және жеңіске жеткен. Ұрысқа дайындығы мен тіпті шайқаста қаза табу туралы ниет-тілектерінен, сол замандарда барлығы сескенген нағыз жауынгерлер болды.

— Шайқаста қаза табуды қалаған?! — деп Андрей таңқала қайталай сұрады.

— Иә. Әлем қарапайым адам үшін бір нәрсені білдіреді. Ал анағұрлым Жоғарыны сезініп түсінгендер үшін, ойлап шығарылған мәселелері бар бұл әлем күлкілі көрінеді. Ондағы тән тек жоғары мақсаттарға апаратын жай ғана арба. Онымен сен қандай жолмен жүресің — жақын немесе ұзақ, — сенің

шешімің... Негізгі идеясы Жаратушы мен Софияға қызмет ету, яғни олар Мария Магдалинаны Даналық деп осылай атаған. Орденге тамплиерлер адал әрі жанқиярлықпен жай ғана қызмет етіп қойған жоқ. Олардың өмір сүруіндегі күшті стимулы мен басты мақсаты, бұл өз рухтарын құтқару еді. Және бұл стимул Ілімдерге негізделген абсолютті Сеніммен нығайтылды.

Тамплиерлердің тағы бір маңызды ерекшеліктері (айырмашылықтары) болды. Олар өлімнен қорыққан емес. Және мен айтып кеткенге тағы да қайта ораламыз. Қарапайым адамдар үшін бұл сұрақ өте маңызды. Себебі әрбір адам өзінің ұстанған діні (сенімі) немесе атейстік көзқарасына қарамастан, түпсана деңгейінде әрбір өткен күнін өліміне басқан қадам екенін сезінеді. Ал өзі міндетті түрде жолығатын оның артында тұрған қорқынышты белгісіздік, адамды одан әрмен ауырлыққа (уайымға) салады. Бұл түпсаналық қорқынышы адамды қатты басып, өзінің негізінде өмірмен байланысты көптеген басқа да қорқыныштарды тудырады... Ал бұл сұраққа тамплиерлердің көзқарасы мүлдем басқаша болды. Ішкі шеңбердің құпиясын тану (білу) арқылы, олар Магдаланың қолынан кез келген қорқыныш жамылғысын сыпырушы Даналық және Білімді алды. Және өткен әрбір күні өздерін мәңгілікке, шын үйлеріне, Құдайға жақындатты.

— Ал бұл қандай ішкі шеңбер? — деп Стас сұрады.

— Олардан кейін Грааль-ді кімдер мұралыққа алды? — деді Костя да.

— Грааль күшін тікелей қолданғандар, осы Орденнің басында тұрған құрушылар болды, алғашқы тамплиерлер деп айтсақ та болады. Грааль олармен бірге кетіп, әлемнен жоғалады. Бірақ Грааль-ды ашумен өздері тудырған орасан зор рухани серпіліс (жарық), қастерлі Білімдер ішкі шеңберінде қалады. Кейінірек бұл адамдар тамплиерлердің ядросына айналып, осының арқасында барша әлемде олардың күші мен ықпалы артады. Алғашқы құрушылар айтқан Орденнің ұраны да кездейсоқ емес: «Vive Dieu Saint Amore!», бұл «Жаратушы

Қасиетті Махаббат жасасын!» («Да здравствует Бог Святая Любовь!») дегенді білдіреді. Ал бұл рухани күштің қаншалықты орасан болғанын сіздер менің әңгімемнен түсінесіздер.

— Тоқтай тұр, — деп Володя түсінуге тырысты, — егер Грааль бұл әлемнен жоғалса, ендеше Гитлер қандай тастарды іздеген?

Руслан да оны қолдағандай:

— Иә, менде ол кезде дұрыс түсінбедім, Грааль — бұл жазулары бар төрт тас екенін Гитлер қайдан білген?

Сэнсэй күлді.

— Тәк, қанекей реттілікпен... Көптеген адамдар тамплиерлер Ұлы құпияны сақтағанын білген. Бұл сұраққа қатысты біршама өсек-әңгімелер мен шатасулар болған. Бірісі тамплиерлер Исаның қаны құйылған кесені сақтаған деп те санаған. Бұл сұрақта біршама хабары бар адамдар тамплиерлер Исаның Марияға берген жазуы бар ыдысты (табақты) сақтаған деп ойлайды. Бірақ Архонттар сол кездегі әлемдегі Грааль-дың қандай екенін білді. Сондықтан «Еркін тас қалаушылар» орденінің мүшесі Ұлы Понтифик Урбан II, крест жорығы түрінде өз адамдарын Агапиттің төрт тасын іздеуге жіберген. Архонттардың жалғыз есепке алмағаны бұл жорықта Ақ Монахтың да адамдарының болғаны еді.. Бірақ Орден Архонттармен тас-талқан етіліп, тамплиерлердің «қазынасы» еш табылмағанымен, оны кейінгі іздестіру тоқтаған емес. Дегенмен мен айтып кеткендей әлемде ендігі Грааль болмады. Есесіне тамплиерлерде ішкі шеңберге тиесілі шын «қазынадан» кристалл болды. Оның Білім адамдары үшін маңыздылығы аз емес екенін айта кеткен жөн. Дәл осы затты олар архонттық қуғыншылардан мүқият жасырады...

Ал Гитлерге келетін болсақ, «Еркін тас қалаушылардың» бұл тәрбиеленушісі нені іздегенін білген. Қазір оның Грааль-ды іздеуін, Гитлер мистицизмге жақын болды-мыс деп аударып және бұл сұраққа Архонттардың өздерінің қызығушылығы болғандығы туралы қазанның қақпағын жылы жауып қояды. Ал



шындығында сіздер білесіздер олар Гитлердің қаржыгерлері болды және өздерінің ақшалары қайда жұмсалып жатқанын бақылап отырған. Байқасаңыз, Гитлер билікке келісімен Граальды іздеуді күшейтеді. Бұл тақырыппен айналысуға көптеген ақылды адамдар іске тартылған: тарих саласындағы абыройлы профессурадан, тек осы сұрақпен ғана шұғылданған арнайы СС командаларына дейін. Және іздеу жұмыстары көбінде тамплиерлердің бұрынғы иелік еткен жерлерінде болады. Оның үстіне соғыс кезінде РСХА-дан шыққан эсэстік арнайы топтар басып алған елдердегі архивтер, шіркеулер (монастырь), ғибадатханалар, ескі қамалдар мен мұражай қоймаларына мұқият тексерулер жүргізген. Бұл топтарда Грааль туралы кез келген естелікті мақсатты түрде іздеген адамдар болған.

Ал 1940 жылы Пиренеи тау жүйесінің франциялық бөлігіне Граальды іздеумен байланысты Отто Скорцени бастаған ерекше экспедиция жіберіледі. Олар Граальды ақыры таба алмайды, бірақ тамплиерлердің физикалық және рухани дайындығындағы, кейбір практикалар жазылған қолжазбаны табады. Кейін бұл білімдер әлемнің қалаған нүктесінде Рейхтің жоғарғысында отырғандардың кез келген арнайы тапсырмасын орындауға қабілетті, «III Рейх-тің әмбебап жауынгері», супердиверсанттарды жасауда қолданылады. СС рейхсфюрер Генрих Гимлердің бұйрығымен 1942 жылы Фриденталь қамалында Отто Скорцени осындай адамдарды дайындаумен шұғылданған. Айта кетейін нацистердің Пиренеиге құпия экспедициясымен антигитлерлік коалициядағы барша дерлік мемлекеттердің арнайы қызметтері қызығушылық танытқан. Және осы сұраққа байланысты әлі күнге дейін бірде-бір құжаттың құпиясы ашылмаған (жария етілмеген). Соғыстан кейін Отто Скорцени де «жазадан» оңай құтылып және ұзақ уақыт бойы Мадридте өмір сүреді, тіпті көпшілік оқырман үшін мемуарын да жазғанын айта кетейін. Бірақ Архонттардың мүддесімен байланысты оның негізгі құпия қызметі, ақыр аяғы жасырулы қалады.

— Иә, іс екен, — деп Володя басын шайқады.

Сэнсэй бұған назарын аудармастан негізгі тақырыпқа ауысты.

\* \* \*

— Сонымен, біздің сұраққа оралсақ... Грааль-ды ашқаннан кейін бұл адамдар өздерінің тамплиерлер деп атаған Орденін құрады. Бұл сөз француздың temple — «храм» (ғибадатхана) деген сөзінен пайда болған. Басқаша айтқанда Храмшылардың Ордені. Бұл атауы мен айтып кеткендей сонау Грааль-ды іздеу замандарынан, бұл адамдарды «Соломон храмының (ғибадатханасының) рыцарьлары» немесе «храмшы-рыцарьлар» деп атағаннан бастап өздігінен пайда болған.

Орденнің формальді басшысы рыцарь Гуго де Пейн болады. Бұл іздеу тобында және Грааль күші ашылғанда болған адамдардың бірі еді. Ол Шампани ақсүйегіне (дворяндығына) жатты және граф Шампанский жасағына кірген вассал болды. Ал Орденді іс жүзінде Еуропадан басқарған граф Гуго Шампанский еді. Ол белгілі уақытқа дейін көлеңкеде жасырын басшылық етіп, Орденге ресми анағұрлым кейін кіреді. Бірақ Гуго Шампанскийдің бар шешімінің артында одан да маңызды фигура — Ақ Монах (Белый Монах) тұрған... Орденнің алғашқы бастауында тұрған адамдар аз болды. Бірақ сіздер білетіндей бұл адамдар қарапайым емес еді. Грааль-дің арқасында олар өте үлкен жеке ықпал ету күшіне ие болған.

— Жеке ықпал ету күшіне?! — деп Костя қызығушылықпен қайта сұрады.

— Иә. Өздеріне Грааль-ды ашқан адамдар ерекше тылсым күшке ие болады. Мысалға осы күштің иесінің кез келген еркін орындау үшін адамға бір ғана көзқарас жеткілікті болды.

— Ал керек болса! — деп біздің жігіттер таңғалды.

— Вербальды емес деңгейде дистанциондық әсер ету? — деп өз кезегінде психотерапевт сұрағын қойды.

— Дәл солай! Бірақ дәрігер бұл әсер етудің механизмін түсінуге тырыспай-ақ қойыңыз. — Оның ойға батқан (әбіржіген) жүзін көрген болуы керек, Сэнсэй сөзін қосты: — Және бұл гипнозды әсер ету емес... Бұл күште Хайуани негіз жай ғана жасқанып қоймай, күшке ие адамның еркіне бағынады. Ғылым үшін бұл әсер ету әзірге жеті мөрдің артындағы құпия болып қала береді. — Және ендігі балаларға қарап, Сэнсэй жалғастырды: — Енді былай, Грааль-ды ашқандардың жаңа мүмкіндіктерінің бұл жай болмашы бөлігі еді. Қолдарында осындай құдіреттің болғандығын түсінген бұл адамдар аримандық құндылықтарға өздерінің Хайуани негіздерін еліктірмеу үшін кедейлік антын (обет бедности) береді. Өздерін осы әлемнің зұлымдығымен күресуге, адамдар үшін аспан-жердегі ізгі істерінде Мария Магдалинаға көмектесу, Жаратушыға қызмет ету жолына арнайды. Олар өздерінің осы мақсаттарына келетінді ғана емес, рухани жолмен жүрушіге де сенімді тірек болатын ұйымды құруға шешім қабылдайды. Бірақ біздер материалды әлемде өмір сүреміз. Осындай ұйымды құрып, өздерінің бастамаларын жалғастыратын оның қызметіне жаңа мүшелерді тарту үшін, ұйымдастырушылардың жеке қаражаты жеткіліксіз болады. Өйткені сол замандарда бұл іс үшін үй-жай, (бірінғай, обмундирование) киім-кешек, жылқылар, қару және сол сияқтылар керек болды. Осындай маңызды жоба үшін өз қаражаттары анық жетпегендіктен, Гуго адамдары «Робин Гуд жолымен» жүрді деп айтсақ болады.

— Қандай мағынасында? — деп Руслан түсінбеді. — Садақ жебесін алып орманға тірлікке кеткен бе?

Сэнсэй күлді.

— Енді, солай деп айтсақ та болады. Тек жебенің орнына олар жеке ықпал (әсер) ету күшімен жарақтанды. Ал орманның орнына әлемнің мықтыларына, Еуропаға тікесінен салып тұрды. Әрине олар өздерінің жаңа мүмкіндіктерін өте сақтықпен пайдаланды, сұрауларында ақыл шеңберінен шықпай өте шектеулі. Нәтижесінде жолдастарымен бірге Гуго де Пейн

жоғарғы ақсүйек қатарына қабылданып қана қоймай, ауқатты адамдардың өз еркімен қайырымдылығы түріндегі Орденге көптеген қаржыны жинайды. Ал сіздер білесіздер адамдардың байлыққа көзқарасы (қатынасы) уақыт өте өзгермейтінін. Жайдан жай ешкім ештеңе бермейді. Ал бұл адамдарға тіпті ерекше ықыласпен берген. Және қайдағы бір вассал-ға бай адамдардың осыншалықты жомарттық жасаған фактысіне тарихшылар әлі күнге дейін таңқалады.

Ал біршама уақыттан кейін Орден күшейіп және адамдар олардың ниеттерінің тазалығы мен қызметтерінен жақсылықты іс жүзінде көре бастаған кезде, бұл Жарық нұрға көбелектер секілді рухани жолмен жүріп, адамдарға арам ойсыз көмек қолын созуды аңсағандар келе бастайды. Орденге кедей рыцарьлар да, рухани азық пен ерлікті аңсаған «алтынды жастар да» (байдың балалары, золотая молодёжь) тартылады. Орденнің екі жүз жылдық өмір сүруінде Браки, Клермон, Арманьяки, Шабо, Монморанси секілді және басқа да атақты фамилиялар болды. Испания, Франция, Англияның ақсүйектері өздерінің жерлері, қамал-сарайлары, қожалықтары, ақшалары мен қымбат заттарын Орденге сый ретінде ұсынып, жеңіл бере салған.

— Мда-а, ауқатты адам осындай қадамға баратындай бұған шыныменде сендіру (иландыру) күшінен да артық нәрсенің болуы керек, — деп Николай Андреевич сөзімен келісті.

— Ұйымдастырушылардың осындай рухани күшінің арқасында, Орден тек қарқынды дамып, саны ұлғайып қана қоймай, әскери және экономикалық та қуатын күшейте бастайды. Жалпы алғанда Орден танып-білушілердің екі шеңберіне бөлінді — ішкі және сыртқы. Ішкі шеңберге білімдерді сақтап және қызмет еткен, рухани күштің «генераторлары» деп айтуға болатындар кірген. Ал сыртқы шеңберге Орден мүшелерінің көбісі енген. Ол замандардың дәстүріне сәйкес Орден рыцарьлар, капеллан-дар (дін қызметкері, кейбір елдерде әскердегі діни қызметкер), қару асынушылар (атқосшы, оруженосец), қызметшілерге бөлінді.

Сыртқы шеңбер адамдар қатаң тән дисциплинасы арқылы ішкі рух дисциплинасын қалыптастыратын өзінше бір рухани мектеп еді. Және бірінші кезекте ой дисциплинасы тұрды...

Бүгінде тарихшылар Орденді Архонттармен толық талқандаудан және ол туралы барлық дерлік маңызды құжаттарды құртудан қалған болмашы естеліктердің қалдықтарына сүйеніп, Орденді әскери-монахтық деп атайды. Тамплиерлерді әскери-монахтық деп тек бір жағынан ғана айтуға болады. Бұл жерде әрине кейбір монахтық элементтердің көрінісі болды, мысалға сол кедейлік анты (обет бедности). Бірақ әйелдерге келетін болсақ, ендеше тамплиерлер әйелдерді үйлесімділік пен сұлулықтың мінсіз шыңына көтерді, өйткені өздері Марияның ұлы игі істеріне қызмет ететін. Және бүгінде көптеген адамдардың түсінігіндегі олардың толық «монахтық өмір сүру салты» болған емес. Әрине олардың ұйымдары әскери іс-шаралардың салдарынан таза еркектік болды. Дегенмен бұл адамдар әйелдермен және әйелдер қауымымен де (қауымдастығымен) байланысты болды (мысалы рыцарьлармен бірге өмір сүрген «конкубиналармен»). Басында осындай әйелдер қауымы жасырын, ал кейін ашық өмір сүрді.

Мысалға тамплиерлер билігінің нығаюымен 1170 жылы Брананттағы «Бегунки» деп аталған такуа (благодетельная) әйелдер қауымы өркендей бастайды. Бұл әйелдер науқастарға, қарттар мен жетім балаларға көмектесіп, қайырымдылықпен айналысады. Олар ешқандай ант берген жоқ, орден жарғысына бағынған емес. Кез келген уақытта тұрмысқа шығып, қауымнан шығуына мүмкіндігі болды. Яғни олардың сол заманға біршама ерекше болған еркіндіктері бар еді. Өздерінің философиясында бұл әйелдер шіркеу мен зайырлы билікті мойындамай *via media* дегенмен жүрді, яғни орта жолды ұстанды: Иса айтқан өсиеттермен өмір сүруге ұмтылды, бірақ көпшіліктен оқшауланбай, қайта оларға көмек қолын созады. Айтпақшы осындай орта жолдың тамыры ерте христиандық практикалардан бастау алады... Тамплиерлердің жасырын қолдауларының

арқасында бұл әйелдер қауымы біршама үлкен әрі ықпалды болады. Кейінірек бұл қозғалыс Нидерландия, Франция, Германия, Солтүстік Италия, Польша, Богемияға таралып, оған тек тамплиерлерді «қасиетті инквизициямен» құрту процесі басталған XIV ғасырдың басында ғана тиым салынады. Және тамплиерлер секілді «Бегинки-ларда», өздерінің ерекше еркіндіктерін кешіре алмаған (олар тамплиерлер билікте болғандағы еркіндіктерін) және ізіне түсулерін осы прогрессивті әйел қауымының «бұзылғандығына» аударып салған инквизиция репрессиясы мен қудалауынан қашып құтылмайды.

Сондықтан тамплиерлер де «монах» болған емес (бұл терминнің көптеген адамдардың түсінігіндегі). Олардың тақулығы басқалай еді, ол Махаббат күшінің тазалығына, қатаң дисциплинаға, тәнінің қиырлығына қатаң қараған, ойды тәртіпке келтіруге негізделген, ерекше философия түрінде болды. Оның үстіне рухани және физикалық осындай үйлесімділіктің арқасында адам ар-намыс, әдептілік (өнегелік), айбындылық, ерлік, абсолютті адалдық секілді жеке адамгершілік қасиеттерін дамытты. Ал соңғы қасиеттеріне байланысты тіпті келесідегідейді айта кетейін. Себебі кейін Орден Еуропадағы ең үлкен қазынашылықтардың біріне айналып айтарлықтай қаражатқа ие болған кезде де, тамплиерлердің жеке қаражаттары болмаған. Өйткені олардың философиясы солай еді, себебі адалдығы мен адамгершілігін олар барлығынан жоғары бағалады.

— Егер жеке қаржылары болмаса, ендеше оларға бұл байлықтың не керегі болған? — деп Руслан көңілі қалып сұрады.

— Бұл байлықты өздеріне емес, әлгі Архонттарға, олардың жүйесі мен зұлымдыққа қарсы тұру үшін, адамдарға шын көмек үшін жұмсаған. Олар патшаларға қарыз беріп саясаттың әлемін өзгертті, қаражатты қайта үлестіріп экономиканың келбетін қайта жасады. Кедей рыцарьларға, ақшаға мұқтаж болғандарға көмек қолын созды. Олар өсіммен ақша берді, түрлі іс-шараларды, сауда келесімдерін (контракты) субсидиялады.

Адамдар тамплиерлерге тек сенімді, жаужүрек жауынгерлер болғаны үшін емес, «өте жоғары» салықтарды жинамайтын адал заманауи қазынашылық институты ретінде де сенім артуға болатынын білді. Мысалға Орденнен 10% қарыз алуға болатын еді, ал ол кезде өсімқор-еврейлер 40%-дық үстеме ақымен қарыз беретін. Айтпақшы дәл осы тамплиерлер алғашқы векселдерді ойлап тапқан. Осының арқасында жолда және саяхатта толған ақшаларды өзіңмен бірге алып, қауіпке басынды тігудің керегі болмады. Ақшанды тамплиерлерге сақтауға беріп, кейін олардың векселімен басқа қалада керекті қаржыңды алатын едің.

Тамплиерлер қарапайым адамдарға көмектесті. Олар өз үйлерінде кедейлерді тамақтандыруды Адамгершілік (Абырой, Ар-намыс) ісі деп есептеді. Олар аштық кезінде де адамдардың аман қалуына жәрдем етті. Тарихтан іздеп таба алатын мінекей сіздерге мысал. Мостерде аштық уақытында спекулянттар бидайға бағаны 3 тен 33 суға (валюта атауы) көтерген кезде, тамплиерлер күн сайын еш арам ойсыз мыңға дейін адамды тегін тамақтандырған. Әрине осындай шын, арам ойсыз адамдарға көмегімен, олар халық арасындағы нағыз құрметке ие болады.

Оның үстіне Орден соборлар мен ғибадатханалар көтерді, жол құрылысымен айналысты. Соңғысы бойынша айта кетейін ол замандарда жолдар негізінен нашар болғанымен қоса, қайдағы бір кішкене ұсақ феодалдар әрбір көпір немесе міндетті жол өткелінен, қарақшылардың шабуылынан қауіпсіздікке еш кепілдік берместен баж салығын алуға тырысқан. Осындай жағдайда тамплиерлер Ордені мүлдем ерекше құбылыс болды. Жақсы жолдар мен тоғысқан жол тораптарында жолаушылардың жағдайы үшін түнеуге ғимараттар салғаны аз болғандай, қарақшылардан өз жолдарын күзетеді. Және бастысы осы жолдармен жүргені үшін ешқандай кедендік баж алынбады, ол заманда бұл мүлдем ерекше жағдай болды.

Тамплиерлер Архонттарға қарсы таразы салмағы ретінде әлемдегі ең ірі Халықаралық қаржы корпорациясын құрады (кейін банктік жүйенің прототипі болған) және оны пайда көру

үшін емес, рухани принциптерге негізделген мүлдем басқаша философияны басшылыққа алып, екі жүз жылдай басқарады. Және осындай қызметінің арқасында, Архонттардың бірнеше маңызды тіректерін құлатып қоймай, әлемдік үстемдікке жоспарларын белгісіз мезгілге дейін әрі шегеріп және маңыздысы — таразыны тепе-теңдік қалпына келтіреді.

— Ал не, Архонттар мақсаттарына соншалықты жақын болды ма? — деп Виктор сұрады.

— Өкінішке орай. X–XI ғасырларда Архонттар өздерінің құрылымдарының бірі — папалықты қайта ұйымдастырып және оның статусын көтеру арқылы, «ғаламдық» әмбебап құзіретке үміткер бола бастайды. Олар өздерінің қолқуыршақтары Папаны, Яғни Жоғары Понтификті барлық зайырлы монархтар мен билеушілердің басшысы етіп және осылайша өркениетті әлемнің жалғыз диктаторы болғысы келді. Оның үстіне абсолютті билік мүмкіндігін беретін Грааль-дың өзі әлемге келді. Және жұмыстарының қызған осы кезінде тамплиерлер пайда болады.

— Тамплиерлер Папаның қол астында болған секілді еді, — деді Николай Андреевич байқампаздықпен.

— Олай емес. Бұл Орден папалықтың қолдауымен емес, оған қарамастан пайда болады. Егер сен сол замандар туралы тек жұртшылыққа жария құжаттарды зерттейтін болсаң, тамплиерлердің папалықпен байланысты (және тек онымен ғана емес) шебер жүргізгенін көресің. Ал олар біршама үлкен күшке жетіп адамдар арасында танымал болған кезде, папалық тамплиерлердің шешімі мен пікіріне амалсыз құлақ асады. Және Осындай тәуелсіздік, әсіресе Орденнің байлығы Ұлы Понтификтердің қатты шамдарына тиген. Папалық бұлла-ларды жариялаған (шығарған) қаншама жағдайлар болды...

— Бұл бұйрық мағынасында ма? — деп Стас нақтылай сұрады.

— Иә. Бұл латын тілінен «шар» (түйіршік, шарик) деген мағына білдірген, bulla деп аталған дөңгелек металды мөрге



(мөрмен) бекітілген, латын тілінде жазылған үндеу, қаулы, жарлық түріндегі папалық актылер. Енді тамплиерлерге пайдалы папалық булла-ны шығарып өзінің оларға деген жомарттығын кең жарнамалап, Ұлы Понтифик лезде артынан алдыңғы жарлығына кереағар қаулы-актылерде жариялауы қаншама рет болды. Әскери іс-қимыл кезінде папалық оларға жасанды кедергілер мен қиыншылықтар тудырудың қаншама фактысы тіркелген. Сондықтан папалар реті келген әр сәтте Орденнің аяғын шалуға тырысқан.

Оның үстіне тамплиерлер өздерінің Орденінің ішінде құрғаны (жасағаны) қалған әлемнен айтарлықтай ерекшеленді және бұл көптеген адамдарды қызықтырды. Өйткені бұл басында жәй ақылды адамдар тұрған, қандай да бір мемлекеттің бақылауынан тыс тәуелсіз ұйым ғана емес, рухани мұраты бар, адамгершілігі жоғары тұлғалар көшбасшылық еткен, мемлекеттен де биік (надгосударственная) формация болды. Бұл бірегей (бір) идеалы Құдай, Махаббат, Ар-намыс және Абырой (Адамгершілік) болған рухани негізде түрлі адамдарды біріктірген ұлттан да жоғары (ұлтшылдықтан, сверхнациональный) қауымдастық еді.

— Архонттар үшін бұл белден төмен соққы болғаны анық!  
— деп күлді Володя.

— Олай болмағанда! Грааль тамплиерлердің қолында болғаны аз болғандай, олардың «ұлы жоспарлары» құлап, осы Орденмен және оның өмір сүргендегі салдарымен күресуге олар бірнеше жүзжылдықтарын жұмсайды. Оларға тамплиерлердің «жүрегіне» жетіп және оларды құрту үшін үлкен күш жұмсауға тура келеді. Себебі адамдарының, ақшаға сатылмайтындығы, кристаллдай тазалығы, адамгершілігі және бастысы олардың ойлары мен ұмтылыстары көптеген тілек-қалаулары бар бұл әлемге тиесілі болмағанынан, Архонттарға бұл Орденді өздерінің ықпалына көндіру мүмкін болмайды. Өйткені тамплиерлер тек Құдайға ғана қызмет етті. Сол себепті бұл Орденді бағындыра алмай, Архонттар оны зұлымдықпен жоюға

шешім шығарады. Және осындай мүмкіндік тек XIV ғасырдың басында олар билікке Папа Климент V әкелген кезде ғана мүмкін болады.

Бұл арандату мұқият жоспарланып әрі дайындалады. Осы ниеттеріндегі Архонттардың орталық ойыншысы болып тарихқа Сұлу Филипп (Филипп Красивый) деген есіммен кірген Францияның екпінді корольі Филипп IV таңдалған. Оның үстіне кезінде тамплиерлер Филипп IV және туыстарының Орденге кіру туралы екі рет өтініштерін қабылдамаған. Архонттар Филиппті өздерінің «кеңесшілерімен» қоршап, біртіндеп жоспарлы әрі кәсіби түрде санасын өңдей бастайды. Дәл сол адамдар Филипптің қаржыға қатты қысылуын жасайды, ондағы мақсаттары патшаның Орденнің бар байлығын өзіне алу ниетін ояту үшін. Ал оны кезінде Архонттар Неронның абыройын түсіру үшін пайдаланған, ежелден мақұлданған ақшаны құнсыздандыру әдіс-тәсілі көмегімен жасайды. Өз заманында ежелгі Рим императорына айтылғанды Архонт «кеңесшілері» Филиппке идея қылып айтады, ескі теңгелерді күмісі аз жаңа теңгелерге қайта құю, осылайша теңгенің санын көбейту. Филипп бұл идеяны іске асыруға кіріседі. Бірақ бұл Неронмен болған жағдай секілді жақсы емес аяқталады. Ақыр соңында Филипп өзіне күтпеген жерден патшалығының күміс валютасын құнсыздандырып алады. Теңге санын көбейтеді, ал іс жүзінде ол инфляцияны үдетіп жібереді, себебі ендігі әрбір теңгенің сатып алу мүмкіндігі (құндылығы) аз болды.

Осы әдіс-тәсілден кейін жоғалғанды ең болмағанда азда болса қалпына келтіру үшін француз валютасын реформалау туралы басқа да «кеңестер» айтылады. Бірақ бұл одан әрмен нашар нәтижеге апарады. Ал әрі қарай Филиппке шіркеуге салық салу, ломбардияның ауқатты саудагерлерінің тауарларын тартып алу және сол сияқты радикалды істер жасау керектігі туралы сыбырлап жеткізіледі. Бірақ Филипп не жасасада өте үлкен ақша санына деген сұраныс тек ұлғая береді. Енді Филипп IV үмітсіздік түбіне жеткізіп, соңғы аргумент ретінде оған батыл

жоспар ұсынылады: тамплиерлердің байлығын тартып алу және Орденді құртып жіберу.

1307 жылы Филипп Тамплиерлер Орденін қатаң айыптаған құпия жарлығын шығарады. Архонттар папа Климент V көмегімен тамплиерлердің Ұлы Магистрі Жака де Моле-ні Папаның және тамплиерлердің кейбір қаржылық шаруаларымен айналысуды сылтауратып Францияға алдап шақырып алады (ол оған дейін Кипрдегі штаб-пәтерінде болатын). Ұлы Магистр Францияға келе салысымен Филипп IV агенттері тамплиерлерге еш соғыс жарияламастан барша Францияда Орденнің көшбасшыларын қамауға алып, күтпеген рейд жүргізеді. Бұл 1307 жылдың 13 қазанында жұма күні орын алады, айтпақшы адамдар арасында 13 күнге келген жұманы «қара күн» деген наным осыдан бастау алған.

Орденді басшысыз қалдырып, Архонттар тамплиерлерге қарсы тұтас бір сөздік соғыс бастап кетеді, оларды жұрт алдында түрлі қылмыстарға кінәлаған жалған жала жабуларымен ластап, халық алдында өлім жазаларына кеседі. Бұл өтірікті үрмелеп, Архонттар халықтың Орденге деген жеккөрушілігі мен қорқынышын таңуға тырысады. 1312 жылы-ақ Климент V арқасында Орден ресми жойылып, оған қатысты көптеген құжаттар құртылады. Ал тамплиерлерді жаппай өлім жазасына кесуден кейін, 1313 жылдың 18 наурызында Париж қасындағы Сена өзенінің кішкене аралында Ұлы Магистр Жак де Моле мен оның серіктесі өртеледі. Орденді басқарған негізгі адамдар құртылғаннан кейін Папа Климент V мен Филипп IV Орденнің бай мүлігі мен ақшасын бөліске салу бойынша дауласуға кіріседі. Бірақ бұл іске Архонттардың өз жоспарлары болды. Ордендегі маңызды адамдарды басқалардың қолымен өлтіріп, өздерін осы іспен және негізгі ойыншылармен байланыстырушылардан тез құтылады. Сонымен 1314 жылы «кенеттен» Папа да, король де дүниеден өтеді.

— Иә, шыныменде солай, Сэнсэй сен ақиқатты айтып тұрсың: егер қандай да бір оқиға орын алса, көбіне сол оқиғалардың инициаторы жұрт алдында жүргендер емес, бұл оқиғалардан шын пайда көретіндер болып шығады, — деді Виктор.

Оған Сэнсэй жауап берді:

— **Уақыт айна секілді, барлық шындықты көрсетеді (шағылыстырады).** Сол оқиғалардың кейбір шын инициаторлары көрініп қалған кезде де осылай болады. Тамплиерлер Ордені құлағаннан кейінгі қаржылық және коммерциялық вакуум, шіркеу және үкіметпен емес, солтүстік қала-мемлекеттер: Пиза, Флоренция, Венеция, Верон және Генуя-ның (Архонттардың ықпалды қалған тіректерінің бірі) отбасыларымен (әулеттері) тез толтырады. Осы отбасылар тәуелсіз жаңа банктік мекемелерді құрады. Айтпақшы «банк» сөзінің шығу тегі де италиялық. Тікелей аударғанда «үстел», «орындық» дегенді білдіреді. Өйткені алғашқы ақша саудагерлері базарларда үстелдерді қойып, осы «тіректерде» өздерінің қаржылық операцияларын жасаған. Кейінірек бұл сөз басқа да еуропалық тілдерге енген.

«Адамдарға көмек үшін» болған тамплиерлердің ізгі мақсаттарынан айырмашылығы, бұл банкирлер тек бір ғана мақсатты — Архонттардың негізгі принциптерінің бірі болған, жеке басының пайдасы үшін табыс табуды ғана ойлады. Осы қаржылық операциялардан олардың жақсы көтерілгені соншалықты, көп ұзамай бұл банкирлер Қытайдан Суданға, Үндістаннан Скандинавияға дейінгі сауда операцияларын қаржыландыра бастайды. Осының арқасында Архонттар қайтадан әлемді қармағымен орауға кіріседі.

Бірақ қаржылық жағы — бұл зұлматтың (бәленің) жартысы ғана. Орденнің жойылуымен өзінің агрессивті көрінісінде Архонттардың «тазалауы» болған «қасиетті инквизиция» қарқынды дамиды. Көбінде тамплиерлердің қызметінің арқасында қоғамда пайда болған осындай рухани

серпілістен кейін, Архонттар инквизиторлық өртеудің көмегімен адамдарды қайтадан өмірлері үшін үрейленген хайуани тобырға, түнерген ақымақ халыққа айналдыруға тырысады. Басқаша ойлайтын, тамплиерлерге жанашырлық білдірген және олардың рухани философиясы мен өмірінің ізбасарлары болуға тырысқан жүздеген мың адам отқа өртеледі. Адамзат өркениетінің ядросында Махаббаттың орнына қорқыныш, бауырластықтың орнына жеккөрушілік, Ар-намыс пен Адамгершіліктің (Абыройдың) орнына өтірік, алдау келген қайтадан материалдық негіздің руханиятқа үстемдік етуі орнайды.

Бірақ айбынды рыцарьлар туралы естелік адамдар арасында сөнбейді және тіпті жүз жыл өтсе де Орденге деген қызығушылық жоғалмаған. Сол кезде Архонттар алдын алған қадамдарын жасайды. XVIII ғасырда «Еркін тас қалаушылардың» арқасында Батыс Еуропада «Тамплиерлер Ордені» деген атаумен бірнеше ұйым құрылады, алайда тек масондық идеологияға негізделген. Ал осы идеологиялық бұрмалауды жасыру үшін олар назарды ішкіден сыртқыға алаңдатады — атрибутика, рәсімдер, оған кірген атақты фамилиялы адамдардың есімдері. Әсіресе Ұлы Магистрлердің ұрпақтарының арқасында бұл Орден құпия сақталған деген қауесет таратылады. Өсек әңгімелерінің шынайылығы үшін өздерінің масондық «Тамплиерлер Орденіне», бір кездері ата-бабалары шыныменде тамплиерлер болған танымал отбасылардың адамдарын тартады.

— Жоқ, егер бұл адамдар шыныменде Орденде қызмет еткендердің ұрпағы болса, мүмкін оларға бабаларының руханияты мұрагерлікпен берілген шығар, — деп Костя болжамын жасады.

Сэнсэй жауап берді:

— Бұл жерде мұрагерліктің еш қатысы жоқ. Адамның руханияты өзі түскен отбасымен емес, жеке рухани дамуымен анықталады... Адамдар көбіне ата-бабалары үшін мақтанумен шектеліп, басқа адамның рухани жетістігімен мақтану —

өзіңмен рухани жұмыс жасаудан алыс екенін ұмытып кетеді. Ол адамның еңбегі — өзіңмен жұмыс жасау үшін жай ғана стимул.

Сонымен «Еркін тас қалаушылар» екі жүз жыл бойы өздерінің «масондар» деген жаңа тақтайшасы бар жаңарған ұйымдары, бастауын тамплиерлер Орденінен алады деп белсенді дәлелдеуге тырысады. Және ақыр аяғында бұл ой адамдардың басына қонып сене бастайды. Осылайша сырттай идеологияны өзгертудің арқасында Архонттар адамдардың көзқарасын өзгертеді. Атақты тамплиерлер секілді рухани жолмен жүргісі келгендер, нәтижесінде масондардың секталарына түсіп, бір кездері шын тамплиерлер Орденін жойған ұйымдарға қызмет еткенін тіпті де білмей қалды.

Идеология — бұл біршама қуатты қару. Егер Архонт билігінің құрылымын қазатын болсаң, негізінде аримандық идеология жатқанын көресің. Және бұл Архонттардың мақсаты мен оны жүзеге асыруларының негізін құрады. Осының көмегімен Архонттардың қол шоқпарлары көз тартар сыртқы жылтырағымен өздерінің шын мүдделерін жасырып, саяси және діни концепциялар, доктриналар, бағдарламалар жасайды. Ал кейін осы дайындағандары адамдардың үлкен және кіші топтарына билікті ұстап тұрған бақылауларындағы түрлі мемлекеттік институттар, діни және саяси ұйымдары арқылы қоғамға белсенді таратылады. Бұқаралық ақпарат құралдары арқылы адамдардың санасына белгілі бір дүниетаным жүйелері, идеялар, нормалар, тенденция, иландыру мен сенімдер таңыла бастайды. Және осының барлығына, адамдардың көпшілігіне тән болған жалпылама мінез, таңдау мен қалаулары (міс) деп айтылады. Бірақ шындығында бұқара үшін бұл, халыққа жаппай өзі билік етуді қалаған, қоғамның дамуына өздерінің аримандық өлшемімен баға беруін адамдар санасына енгізіп, оның бағытын өзгертуді реттеген, болмашы Архонттар тобының тапсырысымен жасалған жай ғана идеология. Олардың идеологиясы бірінші кезекте адамның Хайуани негізін қоздыратын, ой бейнесі, жүріс-тұрысы мен ісін сусындатады. Ал

жалпылай алғанда, ол адамды (ал көбінде — тұтас бір халықтарды) осы идеология шеңберіндегі іс-қимылға бағыттайды. Бірақ тек адам, адамдар ғана шешім қабылдайды: осы бағытта жүру немесе жүрмеу, бұл идеологияны өзіңе қару ретінде қабылдау немесе қабылдамау. Ал бұл өз кезегінде әрбір адамның бойында ненің үстем болғанына байланысты: Хайуани негіздің қажеттіліктері немесе Рухани негіздің қажеттіліктері. Және біздер тағы да әрбір адамның ішкі таңдауындағы бұл негізгі анықтаушыға қайта ораламыз.

Мен бүгін сіздерге соңы (салдары) тұтас бір халықтардың тағдырын өзгерткен түрлі замандардағы, әртүрлі адамдардың ішкі таңдау жасағанына көптеген мысалдарды келтірдім... — Сэнсэй үзіліс жасап бір нәрсе туралы ойланды да, кейін ерекше шабыт үнімен айтты: — **Мейірімділік (Жақсылық) сабағына (бүршігіне) Зұлымдықтың қатты қабығын тесіп шығу өте қиын. Бірақ мәні де осында! Сабақ (бүршік) өзінде болашақ күдіретті Ағаштың күшін алып жүреді. Зұлымдықтың қабығын жарып өте, ол Ағаш өзінің өмірінде қаншама құнды жеміс бере алатынын, шаршаған жолаушылардың шөлі мен аштығын басып панасына алатындығын, олардың туған Үйлеріне барар жолында күштерін қалпына келтіретінін тіпті де болжай алмайды.**

Грааль-ды ашумен алғашқы тамплиерлер туғызған әлгі рухани серпіліс, олардың Жаратушыға қызмет ету үшін дүниеліктен бас тартқан жеке ерліктері мен адамдарға көмектері, адамдардың дүниетанымын өзгертудегі үлкен серпіліс қана емес, бірнеше ұрпаққа сақталған рухани толқынның көтерілуіне де себеп болады! Ол замандарда тамплиерлер шыныменде жақсы, пайдалы істерді көп жасады. Және Архонттардың Ордендерін құлатып, олар туралы ешқандай естелік қалдырмауға тырысқан барша әрекеттеріне қарамастан, біршама өзгертілген (жасырын) түрде болса да, қасиетті Грааль және мейірбан рыцарьлар туралы естеліктер халық жадында сақталып қала берді. Және оны ең жақсы сақтаушы орын көркем әдебиет кітаптары болды.

— Ал неліктен көркем әдебиет? — деп Костя таңқалды.

— Себебі бұл білімдерді сақтаудың ең ыңғайлы формасы, оның ішінде құпия білімдерді де. Ақылды түсінеді, ақымақ ренжімейді. Ақылды болмашы тұспалдаудан-ақ астарының жасырын мәнін ұғынып, көре алады. Ал егер жасырылған білімді арнайы жеткізу тәсілі қолданылса, мысалы энигма түрінде (ainigma грек тілінен аударғанда — «құпия», «жұмбақ»), бұл адамды тек жай ғана оқып қоймай, кітапта берілген бағыт бойынша ізденуіне де алып келеді. Сол фолианттарда жасырылған мәңгілік Ақиқат, ізденістер сөзсіз ішкі жан дүниесіне, өз болмысыңа саяхаттауға алып келеді, демек бұл адамды оның Рухына және Құдайға одан бетер жақындатады. Өйткені Шын білімдер таза тау суымен мінсіз тазартылған (жылтыраған) гранит секілді, көркем (әдебиет) стилінің «су» қалыңдығында ақымақты үркітіп және Рухына жеке Храмын салу үшін, күшті Ақиқатқа мұқтаждардың қорқынышсыз назарын аудару үшін, өзінің келбетін аздап өзгертуі мүмкін.

Айтпақшы Грааль туралы кейбір мағлұматтар тамплиерлер заманында-ақ ізденісте болған адамдар үшін көркем әдебиет қаптамасында оралып, энигматикалық формада болған. Және бұл циклдің алғашқы бастаушысы XII ғасырдың аяғында өзінің атақты «Грааль хикаяты» («Повесть о Граале») шығармасын жазған Кретьен де Труа болды. Ол Труа қаласының тумасы болған, талантты, жақсы білімді, ақын (поэт). Кретьен шығармашылығының қолдаушылары солтүстік-шығыс Франция мен Фландрияның ықпалды тұлғалары еді, оның ішінде Шампанский отбасы да бар. Бұл адам жаңа типтегі адамды, бейбіт замандағы рыцарьлардың ерлігін, барлық көрінісіндегі таза Махаббатты жырлауға ерекше көңіл бөледі, оның үстіне шығармаларына бір қарағанда еш байқаусыз болған ақпараттарды да салады. Бірақ бұл тек бір қарағанда ғана солай. Мысалы ол Грааль-ды табақ ыдыс ретінде айтты. Және анағұрлым кейін оның кітаптары таралып және басқа авторлар оны толықтырған кезде, түрлі діни көзқарастармен араластырып, Грааль потир



(христиандық діни рәсім кесесі), кесе ретінде түсіндіріле бастайды. Сэнге айналған Грааль толқынын, ол кезде көптеген жазушылар іліп әкеткен. Бірақ олардың арасында білімдердің кейбір жаңғырығын білген Кретьен секілді адамдар да болды. Сондықтан бұл жерде барлығы қарапайым емес.

\* \* \*

— Грааль-ді іздеу барлық заманда да еш тоқтаған емес, — деді Сэнсэй. — Ол туралы жазды, оны іздеді және ол туралы сұрақ әрқашан актуалды болды. Және Қиылысқан (Перекрестья) замандар уақыты қаншалықты жақындаған сайын, Грааль тақырыбы алауы одан әрмен от алып, Грааль-ды іздеуге адамдарды оятатын осы тақырыпқа байланысты көптеген кітаптар мен кино-фильмдер шығады. Ақыр аяғында бұл тақырыптың танымал болатындығы соншалықты, әлемдегі сантүрлі елдерден, мүлдем өзгеше (бөлек) адамдардың ол туралы сөз қозғап, дауласып, қызығушылық танытуы жаппай орын алады. Және бұл серпіліс жайдан-жай болмайды. Өйткені мен айтып кеткенімдей Қиылысқан (Перекрестья) заманда (уақытта) адамдардың таңдауына Грааль жетінші рет беріледі. Оған кім иелік етеді және қалай пайдаланатынына барша адамзаттың болашағы байланысты.

Володя Сэнсэйге мұқият қарады және оның назары шабыттанғандай.

— Қиылысқан замандар (Времена Перекрестья)? Сен бұл біздің өмірімізде-ақ болады деп айтқын келіп тұр ма?!

— Және әркімнің осындай мүмкіндігі болады, — деп Сэнсэй құпия қайталады.

Үлкен балалар көп мәнді қарады. Сөзсіз жүзімізден ұжымның таңқалғанын айтқан осындай ұзақ үнсіздіктен кейін, Стас сөз бастады:

— Иә... Қиылысқан заман (времена Перекрестья). Ал Грааль-ды қайдан іздеу керек? Тамплиерлердің жолы болды.

Оларға Агапит тұспалын қалдырып кетті. Ал бұл жерде... Және Архонттардың осындай қайнаған қызметінде...

Балалар көңілсіз бастарын изеді. Бірақ Сэнсэй иығын көтеріп, сөз арасында айтқандай болды:

— Барлығы сенің қолыңда.

Үлкен балалар тағы да Сэнсэй жаққа абайлай назарларын салды. Бірақ ол ендігі ештеңе айтпағандықтан, Виктор:

— Жоқ, барлығы біздің қолымызда екені әрине түсінікті жәйт. Бірақ... бұл дегенің: қайда баратыныңды білмей жүру, нені қалайтыныңды білмей іздеумен пара-пар. Бұл әлемде ендігі Грааль қандай түрде болады? Осы жер шарында ең болмағанда оны қайдан іздеу керектіні түсіну үшін тірек болар нүктесі қайсы? — деді.

— Басында.

— Басында? — деп Виктор таңқалды. — Түсінбедім, қандай басында?

Сэнсэй Татьяна екеуміз жаққа қарап күлді де, Виктор жаққа көңілді басын изеді:

— **«Соқыр ғана құпияның мәнін көрмей,  
Барлық жерден бір нәрсе іздей бастар.  
Кемеңгер Аспанның кілтке нұсқауын түсініп,  
Ол оны күн шуағындай нұрландырар.  
Әлемді жариялайтын,  
Басында ол құпия үнді табады.  
Және сол кілтпен салыстырып,  
Іздегенін басқадан алады».**

**«Лишь слепец, не видя тайны суть,  
Начнёт везде искать хоть что-нибудь.  
Мудрец поймёт намёк Небес на ключ,  
Что озарит его, как солнца луч.  
В начале он отыщет голос тайны,  
Что возвещает о мирозданье.  
И сопоставив с тем ключом,  
Найдёт искомое в другом».**

Дұрыс па қыздар?

Біздер жауап бергендей басымызды изедік, бірақ Сэнсэй мұнысымен нені айтқысы келгенді толық түсінген жоқпыз. Осы кезде Костя өзінше талқылауға кірісті:

— Токтай тұр, тоқтай тұр, Сэнсэй, мен сенің айтқың келіп тұрғанды түсінген сияқтымын! Барлығы сендердің қолдарыңда! Тамплиерлер секілді адамдарға көмек беру үшін таза ниет пен пейіл керек, жақсы істерді барынша көбірек жасау қажет. Мың сөзден, бір жақсы іс Құдайға жағымды деп айтпақшы. Сол кезде тағдырдың өзі Грааль-ды қайдан іздеу керегін айтады! Солай ма, Сэнсэй?!

— Әрине, — деп көңілді айтты. — Тағдыр белгілерді береді, тек оны көретіндер аз. Кейде сенің іздегенің сен ойлағаннан да жақын болып шығады.

— Бұл дұрыс, — деп Николай Андреевич қолдады.

— Сондықтан, балалар, мен не үшін бүгін осындай «қызықты еместі» сіздерге айтып бердім, бұл әлемнің қандай екенін, оның неден тұратынын және бұл жерде нағыз Адам қалай өмір сүруі керектіні сіздер түсінсін деп айттым. Өлім дәмін тататын тәннің назына шығындалуға өмір өте қысқа. Сіздерге Архонттар таңуға тырысатын, осылайша сіздерден топас құлдарды жасауға ұмтылатын иллюзия (сағым) мен қорқынышқа берілудің қажеті жоқ. Бұл әлемдегінің барлығы ерте ме, кеш пе бостыққа айналады. Ендеше Мәңгіліктің алдында ендігі жоқ болғаннан қорқудың қажеті бар ма? Рухани жолды таңдап, еш жалтақтаусыз Құдайға еріңіз және ештеңеден қорықпаңыз, өйткені бұл әлемде барлығы уақытша және өткінші.

Естерінде сақтаңдар, сіздер ұлы Еркіндік үшін туылғансыздар! Және сіздердің жеке таңдау еркіндіктеріңіз бар. Хайуани негіздің құлына айналу немесе өз Рухтарыңызбен бірігіп, басқалар үшін Жарықты жасау сіздердің қолдарыңызда! **Адам болу, ұлы рухани мақсаттар үшін өмір сүру, адамдарға барынша жәрдемдесу — осы әлемде алуға болатын және онымен Мәңгілікке кетуге болатын міне шын құндылықтар.**

**Бұл әлемде барлығының Басы мен Соңы бар. Бірақ ойлары мен істері арқылы Ұлыны (Жоғарғыны) алушыларға ғана, Ақыры Басы болмақ.**

**Быть Человеком, жить во имя высших духовных целей, оказывать посильную помощь людям — вот настоящие ценности, которые можно обрести в данном мире и уйти с ними в Вечность. Всеу в этом мире есть Начало и Конец. Но только для тех, кто своими мыслями и делами обретает Высшее, Конец становится Началом.**

